ХАЗРЕТІ МҰХАММЕД
алейһиссаламның
ӨМІРІ

Бірінші басылым

Түркістан Kiman Үйі
Алматы - Қазақстан
Қазыбек би көшесі, 90/533 үй, 2 пәтер
Сейфуллин даңғылының қиылысы
Тел: +7(727) 293-55-98

Алматы - 2012

УДК 2
ББК 86.38
А 15

Проф. Др. Рамазан Айваллы
ХАЗРЕТІ МҰХАММЕД алейһиссаламның ӨМІРІ. - Алматы, 2012. 548 бет.

ISBN 9965-9100-9-X

Бұл кітап, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның мүбәрәк өмір-баянын хикаялайды. Кітапты мұқият оқығандардың жүрегіне Аллаһу та'аланың елшісіне деген таңданыс пен мақтаныш ұялап, әлемнің мырзасына деген махаббаты артып, оның адамзатқа ғибрат боларлық өмірінен нәр алары сөзсіз.

Бұл кітап үлкен-кіші, барша оқырманның қызыға оқитын тарихтың алтын дәуірлерінен сыр шертеді. Ол тек мұсылман оқырмандарға ғана емес, өзге дін өкілдері мен дін тарихын зерттеушілерге Мұхаммед алейһиссаламның өмірлік жолын, пайғамбарлық қасиеттерін білуде құнды дереккөз болмақ.

Рухани әлеміміздің көркеюіне үлкен септігін тигізетін бұл кітап, үйіңіздің қуанышына айналғай.

ISBN 9965-9100-9-X **© Рамазан Айваллы, 2012**



THE RELIGIOUS ADMINISTRATION OF KAZAKHSTAN MUSLIMS

الادارة الدينية لمسلمي قزاقستان

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

Қазақстан Республикасы, 050016 Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 12. тел.: 397 63 84

№ 25/0299 "27" 06 2012 ж.

Мейірімді, Рахымды Алланың атымен бастаймын!

«ТҮРКІСТАН МӘДЕНИЕТ ҚОРЫНА» ҚАРАСТЫ «ТҮРКІСТАН КІТАП ҮЙІ» БАСПАСЫНЫҢ КІТАПТАРЫ ТУРАСЫНДА

«Түркістан кітап үйі» баспасынан шыққан діни-танымдық кітаптар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптауынан мұқият өтеді. Ақидасы, яғни сенімі жағынан Қазақстан мұсылмандары ұстанатын ханафи мәзһабына сай, ал, мазмұны терең, әрі бай. Қалың оқырман ізденіп тауып, сүйсіне оқиды. Бұл кітаптарды әліміз бойынша таратудың мән-маңызы зор. Оны қалың оқырмандармен қатар мешіт діндарлары мен сауат ашу курстарының шәкірттері де кеңінен пайдаланады.

Баспа ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Кітаптары дәйім сұраныста. Жаңа кітаптар шығара берсін, күтеміз.

Ізгі тілекпен,

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, НАИБ МУФТИ

ШЕЙХ МУХАММАД ХУСЕЙН ҚАЖЫ АЛСАБЕКОВ

Орындаушы: С. Еншібай.
тел: 3976397.

Алғы сөз

Берген нығметтері, жақсылықтары үшін Аллаһу та'алаға мыңда бір шүкір. Оның сүйікті пайғамбары, адамдардың барлық тұрғыдан ең көркемі, ең жақсысы болған Мұхаммед алейһиссаламға және оның әсем жүзін көрген, пайдалы сөздерін естіген, осылайша барлық адамдардың ең қадірлісі болған сахабалардың барлығына және солардың жолында жүргендерге дұғаларымыз бен сәлемімізді жолдаймыз.

Тарихта надандық (жаһилийа) дәуірі деген кезең бар. Бұл кезеңде Араб түбегінде адамдар пұтқа табынып, тоқтаусыз ішімдік ішетін, құмар ойнайтын. Әл-ауқаты мықтылардың істегені әрдайым заңды деп саналатын, әйелдер сауда заты сияқты алынып-сатылатын, қыз балалар тірідей жерге көмілетін. Тек Араб түбегі ғана емес, бүкіл жер беті қараңғылықта болатын. Азия, Африка және Еуропада да жағдай бұдан кем еместі. Әрине, бұл жағдайға қиналып, жүрегі қан жылаған зейінді адамдар аз да болса бар болды, олар Хақ та'алаға жалбарынып, осындай надандық қараңғылығынан құтқаруды тіледі.

Адамдарға мейірімділік еткен Аллаһу та'ала әр түрлі кезеңдерде, әр түрлі жерлерде өмір сүрген адамдарға бірқатар пайғамбарлар жіберген, ал соңғы нәби және расул болған хазреті Мұхаммед алейһиссаламды осы қараңғылыққа сәуле шашу үшін соңғы пайғамбар етіп таңдады.

Хақ та'ала тағы да мейірімділік таныта отырып, бізді Оның үмметі ету арқылы ең үлкен нығметке қауыштырды. Оған бағыну керек екендігін айқын түрде көрсетті. Раббымызға осындай нығмет бергені үшін қанша шүкір етсек те аз болады.

Әһли сүннет ғалымдары былай дейді: «Әр пайғамбар өз кезеңінде, өз мекенінде, өз қауымынан барлық жағынан жоғары тұрады. Ал, Мұхаммед алейһиссалам болса, барлық кезеңде, барлық жерде, яғни әлем жаратылған күннен бастап қияметке дейін келген және енді келетін бүкіл қауымдардан барлық тұрғыдан жоғары тұрады. Ешкім ешқандай тұрғыдан Одан жоғары бола алмайды».

Аллаһу та'ала еш нәрсе жаратпастан бұрын Мұхаммед алейһиссаламның нұрын жаратты. Құран кәрімде пайғамбарымызға арналып: **«Сені әлемдерге рақымдылық ретінде жібердік»** делінген. Хадис құдсиде **«Сен болмағанда, сен болмағанда әлемдерді жаратпас едім»** делінген.

Иманның негізгі шарты – хубби филлаһ буғды филлаһ, яғни Аллаһу та'аланың достарын жақсы көру, дұшпандарын жақсы көрмеу. Бұл болмайынша ешқандай ғибадат қабыл болмайды, иесінің бетіне кері қайтарылады. Сол себептен бізге әлемдердің мырзасын жақсы көру және Оған деген сүйіспеншілікті жүрегімізге орнатуымыз және Оның көркем мінезін бойымызға сіңіруіміз әмір етілген.

Осы сүйіспеншілікті жалғастыру үшін ғасырлар бойы пайғамбарымыздың өмірі туралы қаншама кітаптар жазылды, әлі де жазылып келеді. Біз де әһли сүннет ғалымдарының кітаптарын пайдалана отырып, әлемдердің сұлтаны - Расулуллаһтың (алейһиссалам) қасиетті өмірі туралы жазуға күш салдық. Хақ та'ала бәріміздің жүрегімізді пайғамбарымызға деген сүйіспеншілікке толтырып, біздерді әһли сүннет ғалымдары көрсеткен тура жолға салсын! Әмин.

Профессор Рамазан Айваллы

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз....4

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ НҰРЫ....10
Киелі нұрының жаратылуы....11
Нұрының таза маңдайлардан өтуі....12
Пайғамбарымыздың шығу тегі....13
Атасы хазреті Абдулмутталиб....14
Абдуллаһты құрбан ету талабы....16
Әкесі хазреті Абдуллаһ....18
Қасиетті нұрының анасына өтуі....19
Пілоқиғасы....20
Сүйіншіхабарлар....21
Жаһилийа (надандық) дәуірі....22

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ....25
Туған түнінде болған оқиғалар....27
Мәуліт түні....29
Сүтанағаберілуі....30
Көкірегініңжарылуы....33
Анасының қайтыс болуы....35
Атасының қасында....36
Нәжрандық поп....37
Атасыныңқайтысболуы....38
ӘбуТәліптіңқамқорлығында....39
Дінбасы Бахираның айтқандары....39

ЖАСТЫҚ ШАҒЫ ЖӘНЕ ҮЙЛЕНУІ....42
Керуен....43
Үйленуі....47
Зәйд бин Хариса....49
Дау-жанжалдарды шешуге төрелік етуі....51

ПАЙҒАМБАРЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДІНГЕ ШАҚЫРУЫ....52
Оқы....54
Уағызжүргізубұйрығының келуі....55
Алғашқы мұсылмандар....57
Жақын туыстарын дінге шақыруы....61

Күнді оң қолыма қойсаң да... 65
Қорлық, қастандық және зұлымдық.....67
Сахабалар көрген азаптар.....75
Темірден көйлек.....77
Естен танғанша азаптау... 79
Дар-улӘрқам.....80
Алғашқы шәһид.....81
Әбу Зәрр-ил-Ғифаридың мұсылман болуы.....83
Қағбада ашық түрде Құран кәрімнің оқылуы.....86
Туфәйл бин Амрдың мұсылман болуы.....86
Жәрмеңкелерде дінге шақыру.....89
Мүшріктердің Құран кәрімді тыңдауы.....92
Халид бин Саидтің иманы.....96
Мусаб бин Умәйрдің мұсылман болуы.....98

ХАБӘШСТАНҒА КӨШУ.....99
Хазреті Хамзаның мұсылман болуы.....100
Хазреті Омардың мұсылман болуы.....102
Хабәшстанға екінші көш.....109
Қоршаудағы қайғылы жылдар.....115
Айдың екіге бөлінуі.....121
Раббым сендерге тура жолды нәсіп етсін!.. 122
Қайғылы жыл.....123
Хазреті Хадиша анамыздың қайтыс болуы.....125
Қолы қимылсыз қалды.....126
Таифтықтарды иманға шақыруы.....127
«Ла илаһә иллаллаһ» деп құтылыңдар... 130

МИҒРАЖ.....133

ХИЖРЕТ.....150
Бірінші Ақаба анты және Мәдинадан туған күн.....151
Екінші Ақаба анты.....155
Хижрет.....158
Ислам дінін қабыл етпейінше... 164
Сүйінші! Сүйінші! Әлемнің сұлтаны келе жатыр!.....166

МӘДИНА МУНАУУАРА ДӘУІРІ.....169
Ансар мен мұхажирлердің бауыр болуы.....170
Пайғамбар мешіті “Мәсжид-үн-Нәби”.....173

Құрма ағашының боздауы.....174
Хазреті Айшаға үйленуі 175
Мұхаммед алейһиссаламның азаны.....176
Сахабаларым көктегі жұлдыздардай.....177
Асхаб-ыСуффа.....178
Жибрил оқиғасы.....180
Салман Фарисидің мұсылман болуы.....183
Періштелер тыңдау үшін келетін.....188
Хижреттің бірінші жылында орын алған кейбір оқиғалар.....191
Алғашқы жазбаша келісім.....191
Ей, сүйікті құлым! Ренжіме!.....192
Алғашқы жасақтар.....195
Мәсжид-үл-Қыблатәйн.....197

БӘДІР СОҒЫСЫ.....198
Періштелердің көмекке келуі.....204
Әбу Жәһлдің өлтірілуі... 213
Жеңіс имандылардікі... 216
Хазреті Әли мен хазреті Фатиманың үйленуі.....223
Ка’б бин Әшрәфтің өлтірілуі.....229
Бәни Қайнуқа яһудилері.....231

УХУД СОҒЫСЫ.....233
Хазреті Әлидің қаһармандығы.....246
Талха бин Убәйдуллаһтың батырлығы.....251
Хамра-ул әсад жорығы.....261
Рәжи оқиғасы.....262
Бир-и Маъунә оқиғасы.....267
Бәни Надр яһудилері.....268
Хазреті Фатима бинти Әсадтің қайтыс болуы.....269
Бәни Мусталық соғысы.....271

ХАНДЕК СОҒЫСЫ.....272
Бәни Құрайза яһудилері.....289
Са’д бин Муаздың шәһид болуы.....293

ХУДӘЙБИЙА КЕЛІСІМІ.....296
Ридуан анты.....300
Құтқарыңыз мені, Йа Расулаллаһ!.....304

ШАҚЫРУ ХАТТАРЫ.....309
Билеушілерге жіберілген хаттар.....309

ХАЙБӘРДІҢ АЛЫНУЫ.....324
Хазреті Әлидің ерлігі.....330

УМРАТУЛ-ҚАЗА САПАРЫ.....335
МУТӘ СОҒЫСЫ.....340
МЕККЕНІҢ АЛЫНУЫ.....350
Кімде-кім Мәсжид-ул-Харамға сыйынса... 353
Хақ келді, жалғандық жойылды... 358

ХУНӘЙН СОҒЫСЫ.....361
ТАИФ ЖОРЫҒЫ.....364
ТӘБҮК ЖОРЫҒЫ.....366
Тұзақ.....370
Дырармешіті.....371

УӘДА (ҚОШТАСУ) ҚАЖЫЛЫҒЫ.....373
УӘДА ХҰТБАСЫ.....375
ҚАЙТЫС БОЛУЫ.....378
Діннен шығу әрекеттері.....393

ҚАБІР ӨМІРІ.....396
Қабірінде тірі болуы.....396
Пайғамбарымызды көру.....399
Пайғамбарымыздың қабірін зиярат ету.....404
Тәуәссул.....412
Салауат айтудың мәні мен ізгілігі.....419

ХИЛЙА-И САДЕТ.....424
Есімдері мен күниелері.....424
Хилйа-и саадет.....425
Пайғамбарымыздың көркемдігі.....431

ҮСТЕМДІКТЕРІ.....436
Өнегелі мінез-құлқы.....436
Фазилеті (Ізгіліктері).....446
Истиғфары.....452
Шапағаты.....454

МҰҒЖИЗАЛАРЫ.....460
ӘҺЛИ БӘЙТ.....465
Мүбәрәк үй халқы.....465
Мүбәрәк әйелдері.....467
Балалары.....471
Әһлибәйті.....474
Расулуллаһтың сахабалары.....477

РАСУЛУЛЛАҺТЫҢ КЕЙБІР ЗӘУАИД СҮННЕТТЕРІ.....481
Мүбәрәк сақалы мен шаштары.....481
Расулуллаһтың жатуы, ұйықтауы.....483
Расулуллаһтың отырысы.....485
Расулуллаһтың тамақтануы.....486
Расулуллаһтың үй ішіндегі және сырттағы жағдайлары.....497
Пайғамбарымыздың киген киімдері.....503
Ка'б бин Зухәйрге берген бешпенті.....507
Нәжаши жіберген алтын жүзік.....509
Пайғамбарымыздың төсегі.....511
Расулуллаһтың аса таяғы.....512
Пайғамбарымыздың алып жүрген жеті нәрсесі.....513
Тәртіпке, реттілікке үлкен мән беретін.....514
Пайғамбарымыздың қылыштары.....515
Пайғамбарымыздың садақтары, қалқандары.....516
Расулуллаһтың тулары мен байрақтары.....517
Пайғамбарымыздың мінген аттары.....518
Расулуллаһтың түйелері.....519
Пайғамбарымыздың тәбәрік үйі.....520
Расулуллаһтың қорға салған мүліктері.....521

ИСЛАМ ДІНІ.....523
Иман.....524
Ғибадаттар.....537
Ахлақ.....538
Мұхаммед алейһиссаламға бағыну.....539
Хронология.....544
Пайдаланылған әдебиеттер.....546

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ НҰРЫ

Мұхаммед алейһиссалам - Аллаһу та’аланың сүйікті құлы, жаратылған барлық адамдар мен басқа жаратылыстардың барлық тұрғыдан ең үстемі, ең көркемі және ең қадірлісі. Аллаһу та’ала мадақтаған, бүкіл адамзат баласы мен жындарға пайғамбар ретінде таңдап жіберген соңғы және ең үстем пайғамбары болып табылады. Ол әлемдерге рақымдылық ретінде жіберілген, барлық нәрсе оның құрметіне жаратылған. «Қайта-қайта мадақталған», «өте көп мақталған» деген мағынаны беретін **Мұхаммед** алейһиссаламның **Ахмед, Махмуд, Мұстафа** сияқты есімдері де бар. Әкесінің аты Абдуллаһ. Өзі хижреттен 53 жыл бұрын рәбиул-әууәл айының 12-жұлдызында дүйсенбі күні түнде, таңға жақын Мекке-и Мукаррамада дүниеге келді. Тарихшылар бұл күннің милади жыл санағы бойынша 571 жылдың сәуір айының 20-сына дәл келетінін айтады.

Дүниеге келуінен бірнеше ай бұрын әкесі Абдуллаһ, алты жасында анасы Әмина қайтыс болды. Сол себептен де пайғамбарымызға **Дүрр-и йетим** (жетімдердің гауһары) деген лақап тағылған. Сегіз жасына дейін атасы Абдулмутталибтің, ол қайтыс болған соң көкесі Әбу Тәліптің қасында болды. Жиырма бес жасында Хадиша Кубра анамызға үйленді. Одан туған тұңғыш баласының аты Қасым болатын. Арабтарда кісінің атын тұңғыш ұлының атымен қосып атайтын. Сондықтан пайғамбарымыз Әбул Қасым, яғни Қасымның әкесі деп аталды.

Қырық жасында оған бүкіл адамзатқа және жындарға пайғамбар болғандығы Аллаһу та’ала тарапынан білдірілді. Үш жылдан кейін барлық адамдарды иманға шақыра бастады. Елу екі жасында Миғраж оқиғасы орын алды. Милади 622 жылы, 53 жасында Меккеден Мәдинаға көшті. 27 рет соғыс өткізді. Хижри 11 (м. 632) жылы рәбиул-әууәл айының 12-сінде дүйсенбі күні сәскеде 63 жасында Мәдина-и Мунауурада қайтыс болды.

Аллаһу та’ала барлық пайғамбарларды есімдерімен атаса, Оны **хабибім** (сүйіктім) деп атаған. Хақ та’ала бір аятта: **«Сені әлемдерге рақымдылық етіп жібердік»** (Әнбия сүресі, 107) және бір хадис

құдсиде: **«Сен болмағанда, сен болмағанда еш нәрсені жаратпас едім»** деген.

Әрбір пайғамбар өз заманында, өз мекенінде, өз қауымынан барлық тұрғыдан жоғары тұрады. Ал, пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам болса, дүние жаратылған күннен қияметке дейін барлық кезеңде, барлық жерде, келген-кеткен және келетін барлық қауымдардың ең қадірлісі, ең үстемі болады. Ешкім ешқандай тұрғыдан одан жоғары бола алмайды. Хақ та’ала оны солай жаратқан.

Киелі нұрының жаратылуы

Аллаһу та’ала ешнәрсе жаратпастан бұрын пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның киелі нұрын жаратты. Тәфсир және хадис ғалымдарының көпшілігі: «Хақ та’ала өз нұрынан әсемдік пен бір негіз жаратып, одан бүкіл жаратылысты кезегімен пайда етікізді. Бұл негіз **«Нұр-ул-Мухаммади»** - Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)-нің нұры деп аталады. Барлық рух пен дененің бастауы мен шығу көзі осы негіз болып табылады» деп хабар берген.

Сахабалардан Жабир бин Абдуллаһ бір күні: «Йа, Расулаллаһ! Аллаһу та’ала ең әуелі нені жаратты?» деп сұрағанда **«Бәрінен бұрын сенің пайғамбарыңның, яғни Менің нұрымды өз нұрынан жаратты. Ол кезде ләуһ, қалам, жұмақ, тозақ, періште, көктер мен жер, күн, ай, адамдар мен жындар жоқ болатын»** деген.

Мұхаммед алейһиссаламның нұры Адам алейһиссаламның жүрегі мен денесі жаратылғаннан кейін оның екі қасының арасына қонды. Адам алейһиссалам өзіне рух берілгеннен кейін маңдайында Шолпан жұлдызы сияқты жарқырап тұрған бір нұр бар екенін сезді.

Адам алейһиссалам жаратылған кезде Хақ та’ала оған **«Ей Әбу Мұхаммед, яғни ей Мұхаммедтің әкесі»** дегенін жүрекпен түсініп, «Йа, Раббым! Маған неге Әбу Мұхаммед дедің?» деп сұрағанда Аллаһу та’ала: **«Ей, Адам! Басыңды көтер»**,- деді. Адам алейһиссалам басын көтеріп қараған кезде Арш-и а’лада пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) нұрдан жазылған Ахмед деген есімін көреді. Сонда «Йа, Раббым! Бұл кім?» деп сұрайды. Аллаһу та’ала **«Бұл сенің тегіңнен шығатын бір пайғамбар. Оның есімі көктерде Ахмед, ал жерде Мұхаммед. Егер ол болмағанда сені жаратпас едім. Жер мен көкті де жаратпас едім»** дейді.

Нұрының таза маңдайлардан өтуі

Адам алейһиссалам жаратылғаннан кейін маңдайына пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның нұры қонды. Ол нұр оның маңдайында жарқырай бастады. Құран кәрімде көрсетілгеніндей Адам алейһиссаламнан бастап таза аталар мен аналардан өтіп, пайғамбарымызға дейін келіп жетті. Мұны Аллаһу та'ала аятта былай көрсеткен: **«Сен, яғни сенің нұрың әрдайым сәжде жасайтындардан өтіп, саған жеткен».** (Шу'ара, 219). Хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала адамдарды жаратты. Мені адамдардың ең жақсы бөлігінен пайда етті. Сосын осы бөліктердің ең жақсысын** (Арабстанда) **таңдады. Мені осылардың ішіне қойды. Сосын үйлерден, жанұялардан ең жақсысын таңдап, мені солардан келтіріп шығарды. Олай болса, менің рухым мен тәнім жаратылғандардың ішіндегі ең жақсысы. Менің ата-бабаларым ең жақсы адамдар»** делінген.

Тағы бір хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала барлық нәрсені жоқтан бар етті. Барлық нәрсенің ішінен адамдарды жақсы көрді, қадірлі етті, адамдардың ішіндегі таңдағандарын Арабстанға қоныстандырды. Арабстандағы таңдалған адамдардың ішінен мені таңдады. Мені барлық замандарда таңдаулы адамдардың арасында болғызды. Олай болса, Арабстанда маған бағынатындарды жақсы көретіндер оларды мен үшін жақсы көреді. Оларға дұшпандық жасағандар маған дұшпандық жасаған болып саналады»** делінген.

Жаратылған ең алғашқы адам болған Адам алейһиссалам Мұхаммед алейһиссаламның кішкентай бір зересіне ие болғандықтан маңдайында оның нұры жарқырап тұрды. Бұл кішкентай бөлшек хазреті Хауаға, одан Шит алейһиссаламға, осылайша таза ер адамдардан таза әйелдерге, таза әйелдерден таза ер адамдарға өтті. Мұхаммед алейһиссаламның нұры да кішкентай зере мен бірге маңдайлардан маңдайларға өтті. Періштелер Адам алейһиссаламның бетіне қарағанда Мұхаммед алейһиссаламның нұрын көріп, оған истиғфар оқитын.

Адам алейһиссалам қайтыс болатын кезде ұлы Шит алейһиссаламға айтады: «Балам! Мына маңдайында жарқыраған нұр – соңғы пайғамбар Мұхаммед алейһиссаламның нұры. Оны иманды

және таза әйелдерге тапсыр және кейін балаңа да осылай өсиет айт». Мұхаммед алейһиссаламға жеткенге дейін барлық әкелер балаларына осылай өсиет айтып келді. Барлығы осы өсиетті орындап, ең жақсы, ең ибалы қыздарға үйленді. Киелі нұр таза адамдардан өтіп, иесіне жетті. Расулуллаһтың аталарының бірінің екі баласы болса немесе бір тайпа екіге бөлінсе, пайғамбарымыздың нұры олардың ішіндегі қайырлысының жағынан табылатын. Барлық ғасырда оның тегінің адамдары жүзіндегі нұрларынан белгілі болатын. Оның нұрын алып жүретін таңдаулы тайпа барлық ғасырларда халық арасында бір ер азаматының өте көркем және нұрлы жүзділігімен ерекшеленіп тұратын. Осы нұр қай жерде және кімде болса, сол азамат бауырларының ішінде таңдаулысы болып, оның қауымы да басқа қауымдардан жоғары, қадірлі болатын. Пайғамбарымыз бір хадис шәрифінде: **«Менің аталарымның ешқайсысы зинақорлық жасаған емес. Аллаһу та'ала мені жақсы әкелерден, таза аналардан дүниеге келтірді. Ата-бабамның бірінің екі ұлы болса, мен олардың ең қайырлысында, ең жақсысында болатынмын»** деген.

Адам алейһиссаламнан бері ұрпақтан ұрпаққа жеткен бұл нұр Тарухқа, одан баласы Ибраһим алейһиссаламға, одан ұлы Исмаил алейһиссаламға өткен. Оның күндей жарқыраған нұры балаларынан Аднанға, одан Мә'адқа, одан Низарға жеткен. Низар туылғанда әкесі Мә'ад баласының маңдайындағы нұрды көріп, қуанып, халыққа үлкен дастархан ашады. «Мұндай бала үшін мұндай дастархан аз» дегендіктен баласының аты Низар («аз нәрсе» деген мағынада) болған. Бұдан кейін нұр кезекпен өзінің негізгі иесі пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламға жеткен.

Пайғамбарымыздың шығу тегі

Пайғамбарымыз бір хадис шәрифінде былай дейді:

«Мен - Абдуллаһ, Абдулмутталиб, Хашим (Амр), Абду Мәнаф (Муғира), Қусай (Зәйд), Килаб, Мүррә, Ка'б, Лүүәй, Ғалиб, Фихр, Малик, Надр, Кинанә, Хузәйма, Мудрикә (Амир), Ильяс, Мудар, Низар, Мә'ад, Аднанұлы Мұхаммедпін. Араларында мен болған жамағат қай кезде екіге бөлінсе, Аллаһу та'ала мені міндетті түрде олардың ең қайырлысында ұстайтын...»

Тағы бір хадис шәрифте: **«Аллаһу та’ала Ибраһим ұлдарынан Исмаилды таңдады. Исмаил ұлдарынан Кинанә ұлдарын таңдады. Кинанә ұлдарынан Құрайышты таңдады. Құрайыштан Хашим ұлдарын таңдады. Хашим ұлдарынан Абдулмутталиб ұлдарын таңдады. Абдулмутталиб ұлдарынан мені таңдады»** деген.

Атасы хазреті Абдулмутталиб

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құрайыш тайпасының Хашим ұлдарынан шыққан. Әкесі - Абдуллаһ. Оның әкесі – Шәйба. Пайғамбарымыздың атасы болған Шәйба әкесі Хашим қайтыс болған кезде әлі жас бала болатын. Бір күні Мәдинада нағашысының үйінің алдында достарымен садақ атуды үйреніп жүреді. Оларды қызықтап тұрған үлкендер Шәйбаның маңдайында жарқыраған нұрдан оның қадірлі адамның баласы екенін шамалап, таңданысады. Садақ ату кезегі Шәйбаға келген кезде садағын керіп, нысынаға оқ атады. Оқ дәл тиген кезде қуанып, «Мен Хашимнің баласымын. Әрине, оғым нысанаға дәл тиеді» дейді. Оның бұл сөздерінен меккелік Хашимнің баласы екендігі белгілі болады. Ол кезде Хашим қайтыс болып кеткен болатын. Абдуманаф ұлдарының бірі Меккеге қайтқан кезде Хашимнің бауыры Мутталибке «Мәдинадағы немере іниіңіз Шәйба өте ақылды бала. Маңдайында жұртты таң қалдыратын нұры бар. Осындай баланы қасыңызда ұстамауыңыз дұрыс па?» дейді. Осыдан кейін Мутталиб дереу Мәдинаға барып, Шәйбаны Меккеге алып келеді. Мекке көшелерінде «Бұл бала кім?» деп сұрағандарға **«құлым»** деп жауап беретін. Осыдан кейін Шәйбаның аты «Мутталибтің құлы» деген мағынаны беретін **Абдулмутталиб** болып аталып кетті.

Абдулмутталиб көкесі Мутталиб қайтыс болғанға дейін оның жанында болды. Абдулмутталибтің денесінен хош иіс шығып тұратын. Маңдайында Аллаһу та’аланың сүйікті құлы Мұхаммед алейһиссаламның нұры жарқырап, айналасына жақсылық пен береке тарататын. Қай кезде Мекке аймағына жаңбыр жаумай жұт болса, меккеліктер Абдулмутталибті Сәбир тауына шығарып, дұға етуін сұрайтын. Ол ешкімнің көңілін қалдырмай, Аллаһу та’аладан жаңбыр тілейтін. Хақ та’ала Абдулмутталибтің маңдайында жарқыраған пайғамбарымыздың нұрының құрметіне тілегін қабыл

етіп, мол жауын жіберетін. Осылайша, Абдулмутталибтің қадірі күннен-күнге арта түсті. Меккеліктер оны өздеріне басшы етіп таңдайды. Оған ешкім қарсы келмейтін, оның қол астына кірген адам рахат пен тыныштыққа қауышатын. Сол кездің билеушілері де Абдулмутталибтің адамгершілігі мен ұлылығын мойындайтын. Тек Иран патшасы оны көре алмайтын, ашық та, жасырын түрде де оған дұшпандық жасайтын.

Абдулмутталиб Ханиф дінін ұстанатын салих мұсылман еді. Бұл дін аталары Ибраһим алейһиссаламның діні болатын. Сол себептен ешқашан пұтқа табынған емес, тіпті жанына да жоламаған. Қағбаның маңайында Аллаһу та’алаға дұға етіп, ғибадатын жасайтын.

Бір күні түсінде біреу: «Ей, Абдулмутталиб! Тұр, Тайибаны қаз» деп көзден ғайып болады. Ертеңіне «Тұр, Бәррәні қаз» дейді. Үшінші күні сол адам «Тұр, Маднунаны қаз» деп бұйырады. Түс осылай жалғаса береді. Төртінші күні тағы сол адам «Ей, Абдулмутталиб! Тұр, Зәмзәм құдығын қаз» дегенде Абдулмутталиб: «Зәмзәм деген не? Құдық қайда?»- деп сұрайды. «Зәмзәм деген су, ол ешқашан таусылмайды және түбі жоқ. Дүниенің түкпір-түкпірінен келген қажыларға жетеді. Ол Жәбрейіл алейһиссалам қанатымен ұрған жерден шыққан су. Аллаһу та’аланың Исмаил алейһиссалам үшін жаратқан суы. Шөлдегендерді қандырады. Аштарды тойдырады. Ауруларға шипа болады. Орнын айтайын. Елдер құрбан шалған кезде қалдықтарды бір жерге төгеді. Сен сол жерде тұрғанда қызыл тұмсықты қарға келеді. Тұмсығымен жерді шұқиды. Қарға шұқыған жерден бір құмырсқаның илеуін көресің. Міне, сол жер Зәмзәмнің орны» дейді. Абдулмутталиб таңертең қасына баласы Харисті ертіп, Қағбаға барады. Алаңдап, күтіп отырады. Бір кезде қызыл тұмсықты қарға келіп, сол жердегі бір шұңқырға қонып, тұмсығымен жерді шұқи бастайды. Астынан құмырсқаның илеуі шығады. Абдулмутталиб пен баласы Харис дереу сол жерді қаза бастайды. Біраз қазғаннан кейін құдықтың аузы көрінеді. Абдулмутталиб мұны көріп, «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар» деп тәкбір айта бастайды. Құдықтың қазылуын басынан бастап көріп жүрген Құрайыштықтар оған: «Ей, Абдулмутталиб! Бұл бабамыз Исмаилдің құдығы. Онда біздің де ақымыз бар. Бізді де бұл іске араластыруың керек»,- дейді. Абдулмутталиб бұған қарсы шығып, «Жоқ, бұл іс тек маған ғана тапсырылған іс» деп жауап береді. Құрайыштықтар «Сенің бір балаңнан басқа кімің бар? Жалғыз басыңмен біздей ұлдары көп қауымға қарсы тұрам деп ойлайсың

ба?» дейді. Сонда ол қатты толқиды. Өйткені оның шынымен жалғыз ұлынан басқа ешкімі жоқ еді. Қолын жайып: «Йа Раббым! Маған он ұл бере-гөр. Егер осы тілегімді қабыл етсең, олардың біреуін Қағбада құрбандыққа шаламын» деп жалбарынады.

Абдулмутталиб қазу ісінің рулар арасында қақтығыстарға себеп болайын деп тұрғанын көріп, келісімге келеді. Істі бір төрешіге шештірмек болып төреші іздейді. Қарсыластары Шамда (Дамаск) тұратын бір көріпкел бар, соған барайық, іске төрелік етсін дейді. Сөйтіп Құрайыштың алдыңғы қатарлы адамдарымен бірге барлығы жолға шығады. Жолда аштық пен шөлден азап шеккен керуен ары қарай жүре алмайды. Бір тамшы су үшін жан беруге даяр жағдайға жетеді. Алайда, қаңырaған шөлдің ортасынан су табу мүмкін емес еді. Бәрінің үміті үзілген сәтте Абдулмутталиб оларға «Келіңдер, келіңдер! жиналыңдар! Сендерге де, малдарыңа да жететін су таптым» деп айқайлайды. Мұхаммед алейһиссаламның қасиетті нұры маңдайында жарқыраған Абдулмутталиб су іздеп жүргенде түйесінің аяғы бір тасқа соғылып, тас ұшқан жерден су шыққан екен. Бәрі жүгіріп келіп, судан ішіп жан шақырады. Абдулмутталибтің осы ұлылығының алдында ұялған Құрайыштықтар «Ей Абдулмутталиб, енді біздің саған айтар сөзіміз жоқ. Зәмзәм құдығын қазуға лайықты адам – сенсің. Бұл мәселеде енді сенімен тартыспаймыз. Енді төрешіге барудың да қажеті жоқ, кері қайтайық» деп, Меккеге қайтысады. Абдулмутталиб маңдайында жарқыраған нұрдың құрметіне Зәмзәм құдығын қазып, су шығарады.

Абдуллаһты құрбан ету талабы

Абдулмутталибтің Зәмзәм құдығын қазғаннан кейін атақ-даңқы арта түсті. Арада бірнеше жылдар өтті. Хақ та'ала Абдулмутталибтің шын жүрегімен тілеген тілегін қабыл етіп, оған Харистен басқа он ұл, алты қыз береді. Ұлдарының есімдері: Қусам, Әбу Ләһәб, Хажл, Муқауым, Дирар, Зубәйр, Әбу Талиб, Абдуллаһ, Хамза және Аббас. Қыздары: Сафия, Атикә, Үммү Хаким Бәйда, Бәррә, Үмәймә және Әруа. Абдулмутталиб балаларының ішінде Абдуллаһты қатты жақсы көретін. Өйткені, маңдайындағы нұр енді сонда жарқырай бастаған болатын.

Абдулмутталибке бір күні түсінде «Ей Абдулмутталиб! Атаған садақаңды орында» делінді. Таңертең Абдулмутталиб бір қошқарды құрбандыққа шалады. Түнде түсінде «Одан үлкенін сой» деген

бұйрық келеді. Ертеңіне сиыр сояды. Сонда да түсінде «Одан да үлкенін сой» деген бұйрық келгенде «Одан үлкен не?» деп сұрайды. «Сен ұлдарыңның бірін құрбандыққа шаламын деген уәдең бар еді. Айтқаныңды орында» дейді.

Ертеңіне Абдулмутталиб балаларын жинап, көптеген жылдар бұрын тілеген тілегін айтады. Сосын балаларына олардың бірін құрбандыққа шалуы керек екенін айтады. Балалары қарсылық білдірмейді. Қайта «Әке, айтқаныңызды орындаңыз» деп разылықтарын білдіреді. Абдулмутталиб жеребе тастап, құрбандыққа шалынатын баласын анықтайды. Жеребе ең жақсы көретін баласы, маңдайында Аллаһу та'аланың сүйікті құлы Мұхаммед алейһиссаламның нұры жарқыраған Абдуллаһқа түседі. Абдулмутталиб біраз толқып, көзі жасқа толады. Алайда, Аллаһу та'алаға берген сөзін орындауы керек болатын. Бір қолына пышағын, бір қолына сүйікті ұлы Абдуллаһты алып, Қағбаға барады. Көзінен жас парлаған әке Абдуллаһты құрбандыққа шалуға дайындалады. Сол кезде Құрайыштың алдыңғы қатарлы адамдары таңданыспен қарап тұрады. Олардың ішінен Абдуллаһтың нағашысы «Ей, Абдулмутталиб! Тоқта, біз сенің балаңды союыңа рұқсат бермейміз. Егер олай істейтін болсаң, бұл Құрайыш тайпасы арасында әдетке айналады. Барлығы баласын құрбан етіп шалатын болады. Мұндай іске бастау болма! Сен Раббыңды басқа жолмен разы ет» деп ұсыныс айтады. Абдулмутталиб осы сөзден кейін Хайбәрдегі Қутба (немесе Сәжак) деген кахинге (көріпкелге) барып, болған жағдайды айтады. Көріпкел «Сендерде бір адамның құны қанша?» деп сұрайды. «Он түйе» деген жауап алғаннан кейін, «Он түйе мен балаңыздың арасына жеребе тастаңыз. Жеребе балаңызға шықса, он түйе тағы да қосып, қайтадан жеребе тастаңыз. Жеребе түйелерге түскенге дейін осылай арттыра беріңіз» дейді. Абдулмутталиб дереу Меккеге қайтып, көріпкелдің айтқанын істейді. Он түйе қосып отырып, қаншама рет жеребе тастайды. Бәрінде Абдуллаһ шығады. Түйенің саны жүзге жеткенде ғана жеребе түйелерге түседі. Нақтылау үшін тағы екі рет тастайды. Екеуінде де түйелерге түседі. Абдулмутталиб қуанғанынан «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтып, түйелерді құрбандыққа шалады. Етін өзі де, балалары да алмай, барлығын кедейлерге таратады.

Адам алейһиссаламнан бері Исмаил алейһиссаламның да құрбандыққа шалыну оқиғасы бар. Пайғамбарымыздың тегі Исмаил алейһиссаламға баратындықтан ол **«Мен екі құрбандықтың баласымын»** деген.

Әкесі хазреті Абдуллаһ

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның нұры маңдайында жарқыраған Абдуллаһ дүниеге келген кезінде кітапты кәпірлер (әһли кітап) бір-біріне ақырзаман пайғамбарының әкесі Меккеде дүниеге келгенін хабарлайды. Исраил ұлдарында жүннен тоқылған бір шапан бар болатын, бұл шапан Яхья алейһиссаламның шапаны болып, ол шәһид болған кезде қаны осы шапанға жұққан болатын. Кітаптарында «Қай кезде осы қатқан қан қайта тама бастаса, сол кезде ақырзаман пайғамбарының әкесі дүниеге келеді» деп жазылған болатын. Кітапты кәпірлер осы белгіге қарап, Абдуллаһтың туылғанын білген еді. Бірақ көре алмаушылық етіп, оны қанша өлтіруге тырысса да Аллаһу та'ала Абдуллаһты маңдайындағы нұрдың құрметіне қорғады.

Абдуллаһ балиғатқа толғанда жақсы мінез-құлқымен, көркемдігімен көзге түсетін жігіт болатын. Алыс-жақын адамдар қыздарын оған беруге асығатын. Қаншама билеушілер Абдулмутталибке барып, қыздарын Абдуллаһқа алуын ұсынатын еді. Бірақ, Абдулмутталиб оларды орынды сөздер айтып, қайтаратын. Абдуллаһ он сегіз жасқа толғанда айтып жеткізгісіз көркем жігіт болады. Маңдайындағы нұр күндей жарқырап, көрген қыздардың көңілі бір көргеннен оған ауатын. Көркі мен атағы Мысырға дейін жетіп, екі жүзге жуық қыз Меккеге дейін келіп, оған өздерін алуды ұсынады. Ал, Абдулмутталиб ұлына заманның ең инабаттысы, сұлуы болған және Ибраһим алейһиссаламнан бері ұстанатын Ханиф дініне бағынатын иманды қызды іздейді.

Кітаптарында көрсетілген ақырзаман пайғамбарының өз қауымдарынан шықпайтынын түсінген Исраил ұлдары қызғанышпен Абдуллаһты өлтіруге ант ішіседі. Осы үшін қарулы жетпіс адамды Меккеге жібереді. Олар мүмкіндік тауып, қолайлы сәтті күтіп жүреді. Бір күні Абдуллаһ қырға шыққан кезде ешкім көрмей тұр деген сәтте қылыштарын алып оған ұмтылады. Сол күні жаратқанның хикметі - Абдуллаһтың туыстарынан Уәхб бин Абди Манаф та бірнеше досымен аң аулауға шыққан екен. Олар Абдуллаһқа қарай ұмтылған Исраил ұлдарын көреді. Туыстық жанашырлығымен Абдуллаһты құтқармақшы болады. Бірақ, дұшпандар өте көп болатын. Бұл шайқасуда өздерінің жеңілетіні анық болғандықтан, барып сөзбен тоқтатайық деп шешеді. Оларға жақындаған кезде бұл әлемде ешкімге ұқсамайтын, қара аттарға мінген, қолдарында қылышы

бар көп адамның ғайыптан найзағайдай түсіп, тәкбір айтып Исраил ұлдарына қарсы шабуыл жасағанын және бәрін қырып, көзден ғайып болғанын көреді. Уәхб бұған қатты таңырқап, Абдуллаһтың қалай аман қалғанын және оның Аллаһу та'аланың алдындағы қадірін түсінеді. Үйіне барып, болған оқиғаны әйеліне айтып береді. Екеуі де қыздарына тең жігіттің Абдуллаһ екеніне көздері жетіп, Әминаны соған беруге шешім қабылдайды.

Ал, Абдулмутталиб болса, Бәни Зухра тайпасының үлкені Уәхбтің қызы Әминаның сұлулығын, ізеттілігі мен арлылығын, дініне беріктігін естіген болатын. Шығу тектері жағынан да туыс болатын және рулары бірнеше атадан кейін бірігетін. Ұлы Абдуллаһқа осы қызды алу үшін Уәхбтің үйіне барады. Абдулмутталиб Уәхбтің қызын баласына сұраған кезде Уәхб: «Ей, туысқан! Біз бұл ұсынысты сендерден бұрын қабылдаған едік» деп, бұрын көрген оқиғасын айтып берген соң: «Әминаның анасы бір түс көріпті. Айтуы бойынша үйімізге бір нұр кіріп, сәулесі жер көкті жарқыратыпты. Мен де бүгін түсімде атамыз Ибраһим алейһиссаламды көрдім. Маған «Абдулмутталибтің ұлы Абдуллаһ пен қызың Әминаның некесін мен қидым. Сен де мұны қабыл ет!»,- деді. Бүгін таңертеңнен бері түсімнің әсерінен арыла алмай отыр едім» дейді. Бұл сөздерді естіген Абдулмутталибтің тілінен «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар» деген кәлималар өз-өзінен шыға бастайды. Осылайша Абдуллаһты Уәхбтің қызы Әминаға үйлендіреді. Әмина мен Абдуллаһтың үйленуі туралы басқа риуаяттар да бар.

Қасиетті нұрының анасына өтуі

Пайғамбарымыздың қасиетті нұры анасына өткен кезде жан-жануарлар бір-біріне «Әлемдердің мырзасының дүниеге келетін уақыты жақындады. Ол - жер бетінің басшысы, заманының күні» деп сүйіншіледі. Сол түні Қағбадағы барлық пұттар құлады. Ол кезде Меккеде жұт болатын. Жылдар бойы жаңбыр жаумаған болатын. Ағаштарда көгерген жапырақ та жоқ еді. Адамдар қиналып, не істерін білмейтін жағдайға жетеді. Пайғамбарымыздың қасиетті нұры хазреті Абдуллаһтан хазреті Әминаға өткеннен кейін мол жаңбыр жауады, сол жылы көп өнім жиналып, ол жыл молшылық жылы деп аталып кетеді.

Әмина анамыз жүкті кезінде күйеуі Абдуллаһ сауда жасауға Шамға кетеді. Қайтар жолында ауырып, Мәдинаға барғаннан кейін

нағашылары Нәжжар ұлдарының қасында 18 немесе 25 жасында қайтыс болды. Бұл хабар Меккеге жеткен кезде бүкіл қала халқы қатты қайғырды. Сахаба Абдуллаһ ибн Аббас (радиаллаһу анһ) былай дейді: «Пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһ баласы дүниеге келместен қайтыс болғанда періштелер «Ей, Раббымыз! Расулың жетім қалды» дейді. Аллаһу та'ала **«Оның қорғаушысы да, көмекшісі де менмін»** деген».

Піл оқиғасы

Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) туылуына екі айдай уақыт қалған болатын. Осы арада Піл оқиғасы орын алды. Адамдардың жан-жақтан ағылып келіп, Қағбаны зиярат етулеріне тосқауыл қоюды қалаған Йемен басшысы Абраха, Византия императорының көмегімен Шамға үлкен шіркеу салдырады. Адамдардың осы шіркеуге барғанын қалайды. Арабтар болса бұрыннан Қағбаны зиярат ететіндіктен, Абраханың салдырған шіркеуіне еш көңіл бөлмейді. Тіпті, іштерінен біреуі барып шіркеуді ластап кетеді. Бұл жағдайға ашуланған Абраха Қағбаны қиратуға шешім қабылдап, бұл іске үлкен әскер жасақтап, Меккеге қарай жолға шығады. Абраханың әскері Меккеге жақындаған кезде жайлаудағы Құрайыштың мал-мүлкін талан-таражға сала бастайды. Абдулмутталибтің екі жүз түйесіне де қол салады. Абдулмутталиб Абрахаға барып, түйелерін сұрайды. Абраха «Мен сендердің қасиетті Қағбаларыңды қиратуға келдім. Сен оны қорғаудың орнына өз түйелеріңді сұрап тұрсың ба?» дейді. Абдулмутталиб «Мен түйелердің иесімін. Қағбаның да өз иесі бар. Қағбаны Сол қорғайды» дейді. Абраха «Менен оны қорғап қалатын ешкім жоқ» деп, Абдулмутталибтің түйелерін өзіне қайтарады. Сосын Қағбаға шабуылдауға әскеріне бұйрық береді. Абраханың әскерінде ең алда жүретін, сол арқылы жеңіске жететінін ырым қылған Мамуд деген бір пілі бар болатын. Абраха Қағбаға бет бұрғанда бұл піл жерге шөгіп, тұрмай қояды. Басын Йеменге бұрса жүгіре жөнелген піл, Меккеге қарай бір адым да тастамайды. Осылайша, Меккеге жақындап, шабуылдауға күші жетпеген Абраханың әскеріне Аллаһу та'ала Әбәбил деп аталатын құстарды (тау қарлығашы) жібереді. Бұл құстардың әрқайсысы ноқаттың үлкендігіндей үш тасты аузымен және екі аяғымен әкеліп, әскердің үстіне тастайды. Тастар әскерлердің басынан аяғына дейін тесіп өтіп жатады. Тас тиген әскерлер қырыла бастайды. Ая кәримәда

көрсетілгеніндей әскерді күйе жеген егіннің жапырағындай етті. Мұны көрген Абраха сасқалақтап, қашуға тырысады. Бірақ, қаша алмайды. Тастардың негізгі нысанасы сол болатын. Тас оған да тиеді. Қашқан сайын денесі паршаланып, тесіледі. Бұл оқиға Құран Кәрімнің «Фил» сүресінде былай көрсетілген:

«(Ей, Расулым! Қағбаны қиратқысы келген) **піл иелеріне** (пілдермен жабдықталған Абраха әскеріне) **Раббыңның не істегенін көрдің бе? Олардың** (Қағбаны қирату туралы) **айлаларын текке кетірмеді ме? Үстеріне құстар жіберді. Ол құстардың әрқайсысы олардың үстіне балшықтан жасалған және отқа күйдірілген тас атты. Аллаһу та'ала оларды күйе жеген егіннің жапырағындай етіп, жойып жіберді.** (Құрттар кеміріп, туралған егін жапырағы сияқты етті)**».**

Сүйінші хабарлар

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның келетіндігі Адам алейһиссаламнан бастап барлық пайғамбарларға және олардың үмметтеріне білдіріліп, дүниеге келетін уақыты жақындаған сайын болатын оқиғалар туралы сүйінші хабарлар берілген.

Мұса алейһиссаламға келген, кейіннен өзгертілген Тәуратта былай деп жазылған: «Ол сондай қасиетті жан, өте мейірімді, көмекшіл. Кедейлердің қалаулы адамы, байлардың емшісі. Ол көркемдердің көркемі, тазалардың тазасы. Сөйлескенде жылы сөзді, бөлістіру ісінде әділ, барлық әрекетте адал. Кәпірлерге қатал. Үлкендерді құрметтейді, кішілерге рақымдылық көрсетеді. Аз нәрсеге шүкіршілік етеді. Тұтқындарға жанашырлық танытады. Әрдайым жылы жүзді және күлімдеп жүреді. Күлімдеуі күлімсіреу кейпінде, қарқылдап күлмейді. Оқу жазуды білмесе де оған барлық нәрсе білдірілген. Ол – Аллаһу та'аланың расулы. Жаман мінезді, қатал жүректі адам емес. Базарларда бар даусымен айқайламайды. Оның үмметінің мінез-құлқы жақсы. Олар биік жерлерде тұрып Аллаһу та'аланың есімін естеріне алады. Азаншылары мұнараларда халықты намазға шақырады. Дәрет алып намаз оқиды. Намазда сап құрап тұрады. Түнде олардың тәсбих айтқан дауыстары бал арасының дауысы сияқты естіледі. Меккеде дүниеге келеді. Мәдинадан Шамға дейінгі жер оның билігінде болады. Есімі – Мұхаммед, оған Мүтәуәккил деген есім бердім. Бұзылған діндерді жойып, дұрыс дінді орнықтырмайынша оны дүниеден шығармаймын. Ол халықты

хаққа шақырады, Оның берекесімен көрмейтін көздер ашылады, көреді, естімейтін құлақтар естиді. Жүректерден ғафлет (жаңсақтық) кетеді...»

Дәуіт алейһиссаламға келген кейіннен өзгертілген Зәбүрде: «Ол - өте жомарт адам. Ешқашан ашуланбайды. Өте жұмсақ. Көркем мінезді, жылы сөзді, нұрлы жүзді. Адамдардың емшісі. Көп жылап, аз күледі. Аз ұйықтап, көп ойланады. Сөздері көңілді жаулап алады, рухтарды жайландырады. Ей, сүйіктім! Бар күшіңмен кәпірлерден кек аласың. Әсем сөздермен менің мадағымды жер бетіне жаясың. Барлық кәпірлердің бастары сенің алдыңда иіледі...» деп жазылған.

Иса алейһиссаламға келген, кейіннен өзгертілген Інжіл кітабында да: «Ол көп жемейді. Сараң емес. Қулық жасамайды. Ешкімді жамандамайды, асықпайды. Өзі үшін өш алмайды. Жалқау емес. Ешкімнің артынан ғайбаттамайды.» деп көрсетілген.

Інжілде тағы да былай деп жазылған: «Раб тарапынан шығып келетін Ол – Мүнхаменна, Раб тарапынан шығып келетін Ол қасиетті рух келген болса, Ол маған куә болар еді. Сендер де куә боласыңдар. Өйткені, бұрыннан бері менімен бірге болып келесіңдер. Мен бұларды сендерге күмәнданбасын, қателеспесін деп айтып отырмын». Бұл жердегі Мүнхаменна сөзі сурияни тілінде Мұхаммед дегенді білдіреді.

Жаһилийа (надандық) дәуірі

Пайғамбарымыз туылмастан бұрын бүкіл әлем рухани тұрғыдан құлдыраған жағдайда болатын. Адамдар қатты азғындаған еді. Аллаһу та'аланың жіберген діндері ұмытылып, илаһи үкімдердің орнын адамдардың ойлап шығарған түсініктері басқан болатын. Барлық жаратылыс адамдардың тағылығы мен зұлымдығына душар болған еді. Жер бетіндегі барлық халықтар Аллаһу та'аланы ұмытып, тыныштықтың, бақыт пен қуаныштың көзі болған Тәухид сенімі жоғалған болатын. Күпірлік азғындығы жүректердегі иманды суырып алып, көңілдерде Аллаһу та'алаға деген сенімнің орнына пұттарға табыну түсінігі орын алған еді. Мұса алейһиссаламның әкелген діні ұмытылып, Тәурат өзгерген болатын. Иса алейһиссалам әкелген христиан діні де толығымен өзгертіліп, дінмен ешқандай байланысы қалмаған еді. Тәслис, яғни үш тәңірлік түсінігі тараған еді. Інжілдің түпнұсқасы жоғалып, шіркеу пірәдарлары оны қалағандарынша өзгерткен болатын. Екі кітапта да Аллаһтың сөзі дейтін ештеңе

қалмағанды. Мысырда өзгертілген Тәураттың үкімі, ал Византияда өзгертілген христиан діні орнаған еді. Иран отқа табынатын. Отқа табынушылардың оты мың жылдан бері сөндірілмеген болатын. Қытайда Конфуций, Үндістанда Буддизм сияқты ойдан шығарылған діндер үстемдік құрған болатын.

Арабстанның адамдары одан да қатты адасқан еді. Олар Аллаһу та'ала қадірлі еткен Қағбаға үш жүз алпыс пұт орналастырды. Қағба аршта перштелер зиярат ететін Бәйти Мамурдың дәл соның үлкендігіндей үлгісі еді. Кімде-кім Қағбаға құрметсіздік танытса, Аллаһу та'ала соны қысқа уақыт ішінде құртатын. Жүрхүм тайпасы зинақорлық жасауға қатты беріледі. Бұл тайпаның өте жаман қылықтарын көрген билеушілері оларға «Ей, жүрхүмдер! Аллаһу та'аланың Мәсжиди Харамын (Қағбаны) сыйлаңдар. Сендерден бұрын келген Худ, Салих және Шұғайыбтың (алейһимуссалату уәссалам) үмметтерінің басына келген жағдайлар мен олардың қалай құрығанын білесіңдер. Бір-біріңе жақсылық жасаңдар, жамандықты тыйыңдар. Өткінші күштеріңе сеніп, алданбаңдар. Меккеде Хақ та'аладан теріс айналудан және зұлымдықтан сақтаныңдар. Өйткені, зұлымдық адамдардың құруына себеп болады. Аллаһу та'алаға ант етіп айтамын, бұл аймақта тұратын адам зұлымдық жасап, Хақ та'аладан теріс айналғанда Аллаһу та'ала олардың тегін жойып, орнына басқа тайпа әкелген жоқ па? Азғындық жасаған және Хақ та'аладан теріс айналған Мекке халқы үшін бұл жерде тұрақтап қалу жоқ. Сендерден бұрын бұл аймақта тұрған, сендерден ұзақ жасаған, сендерден де күшті, сендерден де көп және бай болған Тасм, Жадис және Амалика тайпаларының басына не төнгенін білесіңдер, олардың Мәсжиди Харамға жеңіл қарап, Хақ та'аладан теріс айналып, зұлымдық әрекеттерге салынуы олардың осы киелі жерден шығарылуларына себеп болды. Аллаһу та'ала кейбірлеріне кішкентай құмырсқалар жіберіп, кейбірін жұт арқылы, кейбірін қылышпен қырғанын көріп, естіңдер» деп оларға насихат айтты. Бірақ, олар тыңдамады. Нәтижеде Аллаһу та'ала оларды да осы азғындықтары себепті тып-типыл етті.

Міне, осындай кезде жер бетінің орталығы болған қасиетті Меккеде күпірлік селдей тасып, Бәйтуллаһтың ішіне «Лат, Узза, Мәнат» сияқты жүздеген пұттар кіргізілген болатын. Халық зұлымдықтың шегіне жетіп, әдепсіздік абырой болып саналды. Арабстан діни, рухани, қоғамдық және саяси тұрғыдан қараңғылық, надандық, азғындаушылық кезеңді кешіп жатты. Жаһилийа дәуірі деп аталатын

бұл кезеңде адамдар көшпенді өмір сүретін, қауымдарға бөлінетін. Әрдайым қақтығыста жүретін Араб қауымдары қысым көрсету мен тонауды күнелтудің көзі деп санайтын. Арабстанда ешқандай саяси тәртіп, қоғамдық реттілік деген түсінік қалмаған болатын. Сондай-ақ, ішімдік, құмар ойындары, зинақорлық, ұрлық, зұлымдық, өтірік пен әдепсіздік барынша таралды. Күштілер әлсіздерге қарсы аяусыз, жантүршігерлік түрде зұлымдық шектіріп, әйелдер қолдағы зат сияқты сатылатын еді. Біразы қыз баланың дүниеге келуін ұят тірлік, масқаралық деп санайтын. Бұл азғындықтарының да шектен шығуы соншалық, қыз балаларын шұңқыр қазып ішіне тастап, "әкешім, әкешім" деп мойындарына жабысуына және шыңғырып жылауларына қарамастан, үстеріне топырақ тастап тірідей көметін. Бұған арождандары сыздамайтын, тіпті мұны батылдық деп санайтын. Қорыта айтқанда ол заманның адамдары арасында мейірім, жақсылық және әділет сияқты игі қасиеттер жоқ дерлік жағдайда еді.

Алайда, осы дәуірде арабтар арасында назар аударарлық бір жағдай бар еді. Ол әдебиет пен шешендіктің қадірі артып, шарықтау шегіне жетуі еді. Ақын мен өлеңге үлкен мән беріліп, тіл шеберлігі үлкен мақтаныш деп саналатын. Күшті ақын өзі үшін де, тайпасы үшін де үлкен абырой болып есептелетін. Белгілі уақыттарда жәрмеңкелер құрылып, өлең мен шешендік жарыстары өткізілетін. Ең жақсы өлеңдер мен шешендік сөздер Қағбаның қабырғасына ілінетін. Жаһилийа дәуіріндегі Қағба қабырғасына ілінген ең атақты жеті өлең «Әл-Муаллақа-тус-сабъа» деп аталды.

Ол кезде Арабстандағы адамдар сенім тұрғысынан да бірнеше топқа бөлінетін. Бір бөлігі толығымен ешнәрсеге сенбейтін, дүниелік өмірден басқа ештеңені қабылдамайтын. Бір бөлігі Аллаһу та'ала мен ахирет күніне сенетін, бірақ пайғамбардың келетініне сенбейтін. Бір бөлігі Аллаһу та'алаға сенетін, ахиретке сенбейтін. Қалған үлкен бір бөлігі пұттарға табынатын. Мүшріктердің әр қайсысының үйінде бір-бір пұттан болатын. Бұлардан басқа хазреті Ибраһим көрсеткен дін бойынша жүретін **Ханифтер** деп аталатын адамдар да бар болатын. Олар Аллаһу та'алаға сенетін және пұттарға жоламайтын. Пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһ, әкесі Абдулмутталиб, анасы және тағы біраз адамдар осы дінді ұстанды. Ханифтерден басқа барлық топтар қате жолды ұстанып, қараңғылық кезеңді басынан кешірді.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ

Әлем надандықтың тұңғиығына батып, жан-жақты зұлымдық қаптап, адамдар барлық нәрсенің жаратушысы болған Аллаһу та'алаға иман келтіруді және ғибадат жасауды тоқтатқан еді. Адамдар ғаламда болып жатқан құбылыстар мен Хақ та'ала жаратқан нәрселерге және өз қолдарымен жонып тас пен ағаштан жасаған пұттарына табынатын еді.

Әлемді, барлық болмыстарды, жүректерді қайғы басқан еді. Аллаһу та'аланың күллі жаратылыстардан үстем етіп жаратқан адамдардың тозақтан құтылуларына себеп болатын бір тұлға керек еді. Оның туылуына аз ғана уақыт қалған еді. Әлем Адам алейһиссаламнан сол күнге дейін таза маңдайлардан өтіп жеткен нұрдың иесін қарсы алуға дайындалып жатқан еді. Адамдар мен жындарға мәңгілік бақытты көрсететін теңдессіз ұлы адам келе жатыр еді! Мейірім мен шапағаттың қайнар бұлағы болған ұлы адам келе жатыр еді!

Ұлы шапағатшы, әлемнің тірегі, болмыстардың негізі, адамдардың мырзасы келе жатыр еді! Махшар күнінде көмек беруші, пайғамбарлардың сұлтаны келе жатыр еді! Аллаһу та'аланың сүйікті құлы, әлемдерге рақымдылық етіп жіберілген пайғамбарымыз келе жатыр еді... Саллаллаһу алейһи уә сәлләм!

Жеті қат көк, жеті қат жер, қысқаша бүкіл ғалам үлкен құрметпен, қуанышпен Сәйидул-Мүрсәлин, Хатәмул-Әнбия, Хабиби-Худа болған пайғамбарды күтуде еді. Бүкіл жаратылыс «Қош келдіңіз йа, Расулаллаһ!» деуге әзір еді. Хижреттен 53 жыл бұрын, Піл оқиғасынан екі ай өтіп, рәбиуләууәл айының 12-сі дүйсенбі күні түнде таңға жуық Меккенің Хашим ұлдары ауданында Сафа тауы маңындағы бір үйде көптен күткен Аллаһу та'аланың нұры Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) дүниеге келді. Оның туылуымен әлем қайтадан жанданды. Қараңғылыққа нұр төгілді.

«Мәдариж-ун-нубууә» кітабында былай делінген: «Ең ұлы құрметке ие болған бақытты ана Әмина жүктілігі туралы былай әңгімелеген: «Оған жүкті кезімде ешқандай қиындық шекпедім. Жүкті екенімді сезбейтінмін. Тек алты айдан кейін бір күні ұйқылы ояу кезімде біреу маған «Сен кімге жүкті екеніңді білесің бе?»,- деді. «Білмеймін»,- дедім. Ол «Біліп ал, ең соңғы пайғамбарға

жүктісің»,- деді. Босанатын уақыт жақындағанда сол адам тағы да келіп, «Ей, Әмина! Бала туылған соң атын Мұхаммед қой»,- (басқа риуаятта Ахмед) дейді.» Хазреті Әмина босанған кезі туралы былай дейді: «Босанатын сәт келген кезде айбатты бір дауыс естідім. Қорқа бастадым. Сосын бір ақ құс көрдім, келіп қанатымен мені сипады. Қорқынышым басылды. Сол сәтте қатты шөлдедім, қатты ыстықтадым. Қасымнан сүттей аппақ бір кесе шербет көрдім. Сол шербетті маған ішуге берді. Іштім, балдан тәтті және салқын еді. Шөлім қанды. Сосын үлкен бір нұр көрдім, үйімнің іші нұрланғаны соншалық, сол нұрдан басқа ештеңе көре алмадым. Сол кезде айналамды қоршап, қызмет етіп жүрген көптеген әйелдерді көрдім. Бойлары ұзын, жүздері жарқын еді. Олар Әбді Манаф тайпасының қыздарына ұқсайтын. Олардың аяқ астынан пайда болғанына таң қалдым. Олардың бірі «Мен перғауынның әйелі Асиямын», келесі бірі «Мен Мәриям бинти Имранмын. Мыналар жұмақтың хор қыздары»,- деді. Сол кезде түсі ақ, көктен жерге дейін созылған ұзын жібек мата көрдім. «Оны адамдардың көзінен жасырыңдар»,- деді. Сол сәтте бір құстар пайда болды. Тұмсықтары асыл тастан, қанаттары жақұттан еді. Қорыққаным соншалық терлеп кеттім. Сол кезде көзімнен пердені алды. Барлық жер бетін шығыстан батысқа дейін көрдім. Жан-жағымды періштелер қоршаған еді. Мұхаммед алейһиссалам туыла сала басын сәждеге қойып, сұқ саусағын көтерді. Сосын көктен оны бүркеген, ақ бұлт түсті. Бір дауыс естідім: «Оны батыстан шығысқа дейін барлық жерді аралатыңдар. Барлық әлем оны есімімен, денесімен және сипатымен көрсін. Оның есімінің Махи екенін, яғни Аллаһу та’ала ол арқылы пұттарды жоқ ететінін білсін»,- деді. Ол бұлт та көзден ғайып болып, Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ақ жүнді матаға ораулы жатқанын көрдім. Сол кезде жүздері күндей жарқыраған үш адам келді. Бірінің қолында күміс құман, бірінің қолында асыл тастан жасалған шылапшын, бірінің қолында жібек мата бар еді. Құманнан хош иіс тарап тұрған еді. Баламды шылапшынға салып, басын, аяғын жуып, жібек матаға орады. Басына хош иіс септі, көзіне сүрме жақты да көзден ғайып болды».

Мұхаммед алейһиссалам туылған кезде Хазреті Әминаның жанында Абдуррахман бин Ауфтың анасы бибі Шифа, Осман бин Әбил Астың анасы бибі Фатима және пайғамбарымыздың әпкесі бибі Сафия бар еді. Олар да көрген нұрлары мен басқа жағдайлар туралы айтып берді. Бибі Шифа былай дейді: «Мен сол түні Әминаның

жанында болып, оған көмектестім. Мұхаммед алейһиссаламның туыла сала дұға еткенін көрдім. Ғайыптан **«Ярхамукә Раббукә»** деген дауыс келді. Сосын бір нұр шығып, айналаны жарқыратқаны соншалық шығыстан батысқа дейінгі барлық жер көрініп кетті». Бұдан басқа оқиғаларға да куә болған Шифа ханым «Кейінірек оған пайғамбарлығы білдірілген кезде еш ойланбастан алғаш иман келтіргендердің бірі мен болдым» дейді.

Бибі Сафия былай дейді: «Мұхаммед алейһиссалам туылған сәтте жан-жаққа нұр төгілді. Ол туыла сала сәжде жасады, басын көтеріп, анық тілде **«Ла иләһә иллаллаһ инни расулиллаһ»,-** деді. Оны шомылдырғалы жатқанымда «Біз оны шомылдырып жібердік» деген дауыс келді. Кіндігі кесілген, сүннеттелген халде алдымызда көрініс тапты. Сәжде жасаған кезде ақырын бір нәрселерді айтты, құлағымды оның ауызына тостым. Ол «**Уммәти, уммәти** (ұмметім, ұмметім)» деген еді».

Пайғамбарымыз туылған кезде атасы Абдулмутталиб Қағбаның қасында Аллаһу та’алаға жалбарынып дұға етіп отырады. Осы кезде сүйінші хабар келеді. Мұхаммед алейһиссаламның туылған күнінде бірқатар құбылыстарды көрген Абдулмутталиб бұл хабарға қуанып, «Бұл баламның мәртебесі, қадірі өте үстем болады»,- дейді.

Абдулмутталиб осындай бақытты жағдайды атап өту үшін жеті күннен кейін Мекке халқына үш күн дастархан жайды. Сондай-ақ, қаланың әр жерінде түйелер сойып, таратты. Сол кезде «Балаңа қандай ат қойдың?» дегендерге «Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) деген ат қойдым»,- дейді. «Неге аталарының бірінің атын қоймадың?» дегендерге «Аллаһу та’аланың және адамдардың оны мадақтауларын қалағандықтан» деп жауап береді. Басқа бір риуаят бойынша Мұхаммед деген есімді Әмина ханымның қойғаны білдірілген.

Туған түнінде болған оқиғалар

Расулуллаһтың алейһиссалам дүниеге келуінің алдында және туылған кезінде оның келетінін сүйіншілейтін бірқатар оқиғалар орын алған. Сол кездің танымал тұлғалары пайғамбарымыз дүниеге келместен бұрын ғажайып түстер көрген. Түстерін көріпкелдер мен сол кездің атақты ғалымдарына жорытқан кезде, олар бұл түстерді Мұхаммед алейһиссаламның келетініне жориды. Пайғамбарымыздың

атасы Абдулмутталиб былай деген: «Бір жолы ұйықтап жатып түсімнен шошып ояндым. Дереу бір көріпкелге барып, жорытайын деп ойладым. Оған барғанымда ол бетіме қарап «Ей, Құрайыш басшысы! Саған не болды? Жүзіңнен әлдебір беймазалық көрініп тұр. Әлде бір нәрсе болып қалды ма?»,- деді. «Иә, бір түс көрдім, бұл туралы әлі ешкімге тіс жарған жоқпын» деп оған айтып бердім: Бүгін түсімде өте үлкен бір ағаш көрдім. Бір ұшы аспанға жетіп тұр, бұтақтары шығыс пен батысқа таралған. Ол ағаштан сондай бір нұр шашырайды, күн оның қасында жай нәрсе болып қалады. Бірде көрініп, бірде жоқ болады. Адамдар соған бет бұрған еді. Барған сайын нұры арта түсті. Құрайыш тайпасының кейбір адамдары сол ағаштың бұтақтарына жабысуда, кейбіреулері де ағашты кесуге ұрынуда еді. Бір жас адам ол ағашты кескісі келгендерге тосқауыл болды. Ол адамның жүзі әсем, бүкіл денесінен де хош иіс тарап тұр еді. Ондай адамды мен өмірімде көрген емеспін. Мен де әлгі ағаштың бір бұтағынан ұстағым келді, бірақ қолым жетпеді»,- дедім. Түсімді айтып болғаннан кейін оның өңі бозарып, «Ол саған бұйырмайды»,- деді, мен «Кімге бұйырады?» дегенімде «Сол ағаштың бұтағынан ұстағандарға»,- деді. Сосын «Сенің тегіңнен бір пайғамбар келеді, барлық жаққа үстемдік жүргізеді, адамдар соның дініне кіреді»,- деді. Сосын қасымдағы балам Әбу Тәліпке қарап, «Бұл оның көкесі болып қалар»,- деді. Әбу Тәліп бұл оқиғаны пайғамбарымызға пайғамбарлығы білдірілген кезде айтқан және «Міне сол ағаш - Әбул Қасым Әл-Әмин Мұхаммед алейһиссалам» деген.

Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам дүниеге келген түні бір жұлдыз туды. Мұны көрген яһуди ғалымдары Мұхаммед алейһиссаламның туылғанын түсінді. Сахаба Хассан бин Сабит (радиаллаһу анһ) айтады: «Мен сегіз жаста болатынмын. Бір күні таңертең бір яһуди «Ей, яһудилер!» деп айқайлап жүгіріп жүрді. Яһудилер «Не болды, неге айқайлайсың?» деп оның қасына жиналған кезде ол «Хабарларың болсын, Ахметтің жұлдызы осы түні туды. Ахмет осы түні дүниеге келді»- деп жауап берді».

Расулуллаһ туылған түні Қағбадағы пұттардың барлығы қирады. Уруәтубнуз Зубейр жеткізеді: «Құрайыштық бір топтың бір пұты бар болатын. Олар оны жылына бір рет тауап етіп, түйелер сойып, шарап ішетін. Тағы да солай бір күні пұттың жанына барған кезде оның жерде құлап жатқанын көреді. Оны тұрғызса, ол қайтадан құлайды. Бұл жағдай үш рет қайталанады. Сосын оның жан-жағына жақсылап

тіреулер қойып, сүйеп қойған кезде бір дауыс келеді: «Бір адам туылды, жер бетінде барлық нәрсе қимылға келді. Қанша пұт бар болса барлығы құлады. Патшалар қорқыныштан қалтырады». Бұл оқиға дәл Мұхаммед алейһиссаламның туылған түніне сәйкес келеді.

Мәдаин қаласындағы Иран шахының сарайының он төрт мұнарасы қирады. Сол түні гүрілдеген дауыстан шошып оянған патша мен оның халқы көрген қорқынышты түстерін жорытқанда мұның үлкен бір өзгерістің белгісі екенін түсінді.

Сондай-ақ, сол түні мәжусилердің (отқа табынушылардың) мың жылдан бері жанып тұрған үлкен оттары кенеттен сөніп қалды. Олар оттың сөнген күнін белгілеп қойды. Ол шах сарайының мұнаралары құлаған күнге сай келеді.

Сол кезеңде қасиетті деп саналатын Сауа көлінің суы да сол түні бір сәтте тартылып кетеді.

Шам жақта мың жылдан бері суы ақпай тұрған және кеуіп қалған Сәмауа өзенінің арнасы сол түні толып аға бастады.

Мұхаммед алейһиссалам туылған түннен бастап шайтан мен жындар енді Құрайыш көріпкелдеріне оқиғаларды хабарлай алмайтын болды. Көріпкелдік амалы тоқтады.

Пайғамбарымыз өмірге келген түнде және одан кейінгі күндерде әлемде сол кезге дейін болмаған оқиғалар орын алды. Бұлардың барлығы соңғы пайғамбардың дүниеге келуінің белгілері еді.

Мәуліт түні

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) туылған түн «Мәуліт түні» деп аталады. Мәуліт – туылған сәт дегенді білдіреді. Қадір түнінен кейінгі ең қасиетті түн және бұл түні пайғамбарымыздың туылғанына қуанғандар кешіріледі. Бұл түні пайғамбарымыз туылған кезде болған оқиғаларды, мұғжизаларды оқу, тыңдау, үйрену үлкен сауап. Пайғамбарымыздың өзі де мәуліт түнінде сахабаларына бұларды айтатын. Сахабалар да осы түні бір жерге жиналып, сол күнді еске алып, ол туралы оқып, түсіндіретін. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі мұсылмандар жыл сайын бұл түнді Мәуліт түні ретінде тойлайды. Барлық жерде Мәуліт қасидалары оқылып, әлемнің сұлтанын еске алады. Әр пайғамбардың үмметі өз пайғамбарының туған күнін мерекелейді. Осы күн мұсылмандардың мерекесі болып есептеліп, қуаныш және шаттық күні болып саналады.

Сүт анаға берілуі

Әмина анамыз нұрлы сәбиін қолына алғанда күйеуі хазреті Абдуллаһтың өлім қайғысын ұмытқандай болатын. Тоғыз күн емізгеннен кейін Әбу Ләхәбтің күңі болған Суәйбә ханым бірнеше күн сүт анасы қызметін атқарды. Суәйбә ханым бұрын хазреті Хамзаны, одан кейін Әбу Сәләмәні емізген болатын. Хафиз ибн Жәзри айтады: «Әбу Ләхәб түсіме кіріп, одан халін сұрағанда «қабір азабын шегудемін. Бірақ, жыл сайын рәбиуләууәл айының он екісіне азабым жеңілдейді. Екі саусағымның арасынан шыққан салқын суды сорып, рахат табамын. Бұл түні Расулуллаһ дүниеге келгенде Суәйбә деген күңім осыны айтып сүйіншілеген еді. Мен қуанғанымнан оны азат етіп, оған сүт ана бол деп бұйырған едім. Сол үшін де осы түні азабым жеңілдейді»,- деді».

Ол кезде Мекке халқы әдет бойынша балаларын бір сүт анаға беретін. Ауасы таза, суы дәмді жерлердегі жайлаудағы үйлерге жіберілген балалар біраз уақыт сүт аналарымен бірге болатын. Бұған Меккенің ыстық ауасы себеп болатын. Жыл сайын осы мақсатта Меккеге көптеген әйелдер келетін. Олар емізуге балалар алып кететін. Балалары өсіп, оларды әкеп ата-аналарына кері тапсырғаннан кейін көп ақша мен сыйлықтар алатын.

Пайғамбарымыз туылған жылы да Бәни Са'д тайпасының бірнеше әйелі сүт ана болу ниетімен Меккеге барады. Емізуге балалар алады. Бәни Са'д тайпасы Мекке маңындағы тайпалардың ішінде абырой, жомарттық, кішіпейілділік және араб тілін жетік білуі тұрғысынан танымал болатын. Құрайыш тайпасының алдыңғы қатарлы адамдары балаларын көбіне осы тайпаға беруге тырысатын. Сол жылы Бәни Са'д тайпасының мекенінде қатты құрғақшылық болып, жұт болады. Осы тайпаның өкілі Халима ханым бұл жағдайды былай әңгімелеген: «Мен сол жылы қырды кезіп, шөп жинап, оны тапқаным үшін Аллаһу та'алаға шүкіршілік ететінмін. Кейде үш күнге дейін ешнәрсе жемейтінмін. Осылай жүріп балалы болдым. Бір жағынан аштық, екінші жағынан босанудың ауыртпалығы бар еді. Аштықтан жер мен көкті, күндіз бен түнді айыра алмаған кездерім де болды. Бір түні ұйықтап қалыппын. Түсімде бір адам мені сүттен ақ бір судың ішіне батырып, «Осы судан іш»,- деді. Мен қанғанша іштім. Сосын іш деп тағы да қинады. Іше бердім, іше бердім, су балдан да

дәмді еді. «Сүтің көп болсын, ей Халима! Мені таныдың ба?»- деп сұрады. Танымайтынымды айтқанымда «Мен сенің қиналған кезіңде айтқан шүкіршілігіңмін. Ей, Халима! Меккеге бар. Сол жерде саған бір нұр жолдас болады, береке келеді. Бұл түсті ешкімге айтпа»,- деді. Оянған кезімде омырауым сүтке толып, аштық пен қиналыстың жойылғанын сездім».

Жұтқа байланысты ақыға бала емізіп, күнкөріс қамын жасау үшін басқа жылдарға қарағанда сол жылы Меккеге әйелдер көп барады. Барлығы да бай отбасыларынан алуға тырысады. Қалаға ертерек келген әйелдер біраз балаларды алып қойған еді. Бірақ, пайғамбарымыз жетім болғандықтан аз ақы аламын деген оймен оны ешкім қаламайды. Бұл әйелдердің ішінде инабаттылығы, тазалығы, кішіпейілділігі және жақсы мінезімен танылған Халима ханым да бар еді. Мінген жануарлары әлсіз болғандықтан Меккеге бәрінен кейін жетіп келген еді. Бірақ, бұл кешігу оларға үлкен пайда әкелді. Күйеуі екеуі Меккені аралап, бай үйдің балаларының алынып қойғанын көреді. Бірақ, бос қайтқылары да келмейді. Бала алып қайтқылары келеді. Ақыры жылы жүзді, тартымды бір адамға кездеседі. Ол Меккенің басшысы Абдулмутталиб болатын. Олардың ниеттерін түсінгеннен кейін ол өзінің немересін алуды ұсынып, сол арқылы үлкен дәулет пен бақытқа қол жеткізетіндерін айтады. Абдулмутталибтің тартымдылығы оларды баурап алып, оның ұсынысын қабылдайды. Сосын қарт ата Халима ханымды хазреті Әминаның үйіне алып барады. Халима ханым былай дейді: «Баланың қасына барған кезімде құндаққа оралған, жасыл жібектен тоқылған жамылғының үстінде ұйықтап жатыр еді, одан хош иіс аңқып тұрды. Таң қалып, оған мейірімім ауғаны соншалық оны оятқым келмеді. Қолымды көкірегіне қойғанымда ол оянып, маған қарап жымиды. Менің бұл жымиысқа есім ауғандай болды. Сосын анасы осыншалықты әсем баланы маған бермей қояр деп бетін жауып, көтеріп алдым. Оң омырауымды бердім, ол еме бастады. Сол омырауымды беріп едім ембеді. Абдулмутталиб маған қарап, «Сүйінші, әйелдердің ішінде сен сияқты нығметке қол жеткізген әйел жоқ»,- деді. Әмина ханым да маған сүйкімді баласын бергеннен кейін «Ей, Халима! Үш күн бұрын «сенің балаңа сүт беретін кісі Бәни Са'д тайпасының Әбу Зуәйб тегінен шыққан бір әйел болады» деген дауыс естідім»,- деді. Мен оған «Мен Бәни Са'д тайпасынанмын, әкемнің аты Әбу Зуәйб»,- дедім». Халима ханым сөзін жалғастырып былай дейді: «Әмина

ханым маған көп нәрселер айтып, насихаттар берді. Мен де Меккеге келместен бұрын көрген түсімді және келе жатқанда оң жағымнан, сол жағымнан «сүйінші, ей, Халима! Әлемдерді жарқырататын нұрды емізу саған бұйырды» деген дауыстар естігенімді айттым.

Үлесімізге түскен бұл нұрдай сәбиді алып хазреті Әминаның үйінен шықтым. Күйеуімнің қасына барғанымда қолымдағы баланы көріп, таңданып «Ей, Халима! Өмірімде мынадай нұр жүзді сәби көрген емеспін»,- деді. Оны үйімізге алып кеткеннен кейін шаңырағымызға келген берекені көріп, «Әй, Халима! Сен не деген қасиетті және қадірлі бала алғансың» дейтін. Мен «Менің де тілегім дәл осындай берекелі сәби болатын, тілегім орындалды»- дейтінмін».

Халима ханым күйеуімен бірге Мұхаммед алейһиссаламды алып, Меккеден шыққан кезден бастап, қасиетті сәбидің берекесі байқала бастайды. Азып-тозып кеткен, зорға жүрген есектері аттай жорғалай бастаған еді. Өздерімен бірге келген керуендері олардан бұрын жолға шығып, өте алыстап кеткеніне қарамастан оларға жетіп алып, тіпті озып та кетеді. Бәни Са’д еліне барғаннан кейін оларды бұрын соңды болмаған молшылық пен береке қаптады. Аз сүт беретін малдарының желіндері сүтке толды. Мұны көрген көршілері таңданып, бұл берекенің сыры емізуге әкелген балада екенін ашықша байқаған еді.

Бір ара олар мекен еткен елде құрғақшылық болды. Сусыздықтан қатты қиналған халық жаңбыр дұғасына шығуға бел буады. Мұхаммед алейһиссаламды қастарында алып барып, Жаратқанға дұға етеді. Соның құрметіне мол жауын жауып, шартараптың барлығы берекеге қауышады.

Пайғамбарымыз сүт анасы Халима ханымның оң омырауын еміп, сол омырауын ембейтін. Оны сүт бауырына қалдыратын. Ол екі айында еңбектеді. Үш айында аяқта тұра алатын болды, төрт айында қабырға жағалап жүре алатын болды. Бес айлығында жүрді, алты айында нық басып тез жүре алатын болды. Жеті айлығында барлық жерге бара алатын болды. Сегіз айынан бастап былдырлап сөйлеп, тоғыз айында анық сөйлейтін болды. Он айында оқ атып үйрене бастады. Халима ханым былай дейді: «Алғаш сөйлей бастағанында «Ла илаһə иллаллаһу уаллаһу әкбар. Уәл-һамдулилләһи раббил аләмин»,- деді. Сол күннен кейін Аллаһу та’аланың есімін айтпастан ешнәрсені ұстамайтын. Сол қолымен ешнәрсе жемейтін. Жүре бастаған кезінде балалар ойнаған жерден алысырақ тұрып, «Біз бұл үшін жаратылған емеспіз» дейтін. Күн сайын оны күннің сәулесі

сияқты бір нұр қаптап, кейін қайтып ашылатын. Аймен сөйлесетін, оған белгі бергенде ай қозғалатын.

Мұхаммед алейһиссалам екі жасқа толғанда оны емшектен шығардым. Сосын анасына беру үшін күйеуім екеуміз Меккеге қарай жол тарттық. Бірақ, бұл береке бұлағы болған сәбиден айрылып қаламыз, оның нұрлы жүзін енді көрмейміз деген ой бізді қатты қынжылтып жатқан еді. Оның ғажайып халдері жайлы анасына айтып бердім. Әмина ханым «Менің баламның үлкен даңқы бар»,- деді. Мен «Ант етемін мен бұл баладан да қасиетті ешкімді көрген емеспін»,- дедім. Сосын баланы тастап кетуге қия алмай, бірнеше сылтаулар тауып, Әмина ханымнан баланың тағы біраз уақыт бізбен бірге болуын сұрадым. Ол бізді ренжіткісі келмей, рұқсат берді. Оған қайта қауышқанымызға төбеміз көкке жетіп, құшағымызға ала салып елімізге қарай асықтық. Соның арқасында үйімізге тағы да береке кіріп, малымыз, мүлкіміз, мәртебеміз артты, шексіз нығметтерге бөлендік».

Көкірегінің жарылуы

Халима ханым айтады: «Мұхаммед алейһиссалам бір күні: «Күндіз бауырларым көрінбейді. Себебі неде?»- деп сұрады. «Қой бағуға кетті, үйге түнде келеді»- дедім. Ол: «Мені де солармен бірге жіберіңізші. Мен де қой бағамын»,- деді. Түрлі сылтаулар тауып айттым. Ақырында көңілін қалдырмау үшін: «Жарайды»,- дедім. Ертеңіне шашын тарап, киіндіріп, сүт бауырларымен бірге жібердім. Бірнеше күн барып-келіп жүрді. Бір күні сүт бауыры Шәйма қырдан келген кезде: «Көзімнің қарашығы балам Мұхаммед қайда?»,- деп сұрадым. «Далада»,- деді. «Ыстыққа қалай шыдап жүр» дегенімде «Ей, анашым! Оған ешқандай зиян келмейді. Өйткені, бір бұлт әрдайым оның үстінде жүреді. Оны күннен қорғайды»,- деді. «Не айтып тұрсың? Шын айтып тұрсың ба?»- дегенімде ол ант етті. Тек сонда ғана жаным жай тапты. Бір күні тал түсте сүт бауыры Абдуллаһ терлеп-тепшіп жүгіріп келіп: «Анашым! Тез жүріңіз! Құрайыштық бауырыммен бірге қой бағып жүргенбіз. Кенеттен жасыл киінген үш адам келіп, бауырымды таудың басына алып кетті. Шалқасынан жатқызып, қарнын пышақпен жарды. Олар сол жерде қалды. Бауырымның қандай жағдайда екенін білмеймін»,- деді. Сол сәтте қаным басыма шапшып, жүгірген күйі сол жерге бардық. Дереу

көтеріп, басынан сүйіп: «Не болды? Кім тиісті?»- деп сұрадым. Ол: «Үйден шыққанда жасыл киінген екі адамды көрдім. Бірінің қолында күміс құман, екіншісінің қолында жасыл тастан жасалған шылапшын бар болатын. Шылапшын қардан да ақ бір нәрсеге толы болатын. Мені таудың басына алып барып, шалқамнан жатқызды. Көкірегімді кеудеме дейін жарды, бірақ менің еш жерім ауырған жоқ. Қолын салып ішіндегілерді алды. Жаңағы ақ нәрсемен жуып, қайта салды. Бірі екіншісіне: «Тұр, мен де міндетімді орындайын» деп қолын салып жүрегімді алып шықты. Екіге бөліп, ішінен қара нәрсені алып тастады. «Сенің денеңде шайтанның нәсібі осы еді. Оны алып тастадық. Ей, Аллаһу та'аланың сүйікті құлы! Сені күмәннан, шайтанның айласынан таза еттік» деп, жүрегімді өздеріндегі жұмсақ нәрсемен толтырды. Нұрдан жасалған мөрмен мөр басты. Әлі кезге дейін сол мөрдің салқындығы барлық денемде сезіледі. Олардың бірі қолын жараға қойған кезде ол жер жазылды. Сосын мені үмметімнен он адаммен таразыға тартты, мен ауыр бастым. Мың адаммен тартты, тағы да ауыр болдым. Сосын олардың бірі: «Енді тартпай-ақ қой. Уаллаһи, оны бүкіл үмметімен тартсаң да ауыр басады»,- деді. Сосын олар менің қолымды, бетімді сүйіп, мені осы жерге қойып кетіп қалды»,- деді. Көкірегінде жарылған жердің белгісі бар еді.

Пайғамбарымыздың басынан өткен және Құран кәрімнің «Иншірах» сүресінің 1-ші аятында көрсетілген бұл оқиға **Шаққы садр**, яғни көкірегінің жарылуы деп аталады.

Мұхаммед алейһиссаламға пайғамбарлығы білдірілгеннен кейін кейбір сахабалар: «Йа, Расулаллаһ! Бізге өзіңіз туралы айтасыз ба?» дегенде **«Мен атам Ибраһимнің дұғасымын. Бауырым Исаның сүйіншісімін. Ал, анамның көрген түсімін. Ол маған жүкті кезде Шам сарайларын жарқыратқан бір нұрдың өзінен шыққанын көрген болатын... Мен Са'д бин Бәкір ұлдарының қасында өстім»,-** деді. Халима ханым оны төрт жасқа толғаннан кейін Меккеге апарып, анасына тапсырды. Атасы Абдулмутталиб бибі Халимаға көп сыйлықтар берді. Халима ханым оны Меккеге қалдырып кеткеннен кейінгі қайғысын: «Жаным мен көңілім сонымен бірге Меккеде қалып қойғандай болды» деп білдірген.

Анасының қайтыс болуы

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) алты жасына дейін анасының қасында өсті. Алты жасында анасы және Үммү Әймән деген күңмен бірге туыстарын барып көру және әкесі Абдуллаһтың мазарын зиярат ету үшін Мәдина қаласына барады. Ол жақта бір ай болады. Пайғамбарымыз Мәдинада Нәжжар ұлдарының көлшігінде жүзуді үйренеді. Сол кезде бір яһуди білгірі оның арқасындағы пайғамбарлық мөрді байқап қалады. Қасына барып, есімін сұрайды. «Ахмед» деген кезде ол адам: «Мына бала ақыр заман пайғамбары болады» деп айқайлады. Сол жердегі кейбір яһуди ғалымдары да ондағы пайғамбарлық белгісін көріп, жақында шығатын пайғамбардың осы бала болатыны жайлы өз араларында әңгімелесіп қалады. Олардың қызғаныш пен қызығу аралас айтып жатқан сөздерін естіген Үммү Әймән, қорқып жағдайды дереу хазреті Әминаға хабарлайды. Бибі Әмина балаға бір зиян келмесін деген уайыммен оны алып, тезірек Меккеге қайту үшін жолға шығады. Бірақ Әбуа деген жерге барған кезде хазреті Әмина аяқ астынан әлсіреп, ауырып қалады. Барған сайын ауруы асқынып, жиі-жиі есінен тана береді. Қасынан айрылмай жасты көздерімен қарап тұрған ұлы Мұхаммед алейһиссаламға қарап: «Ей, атылған өлім оғынан Аллаһу та'аланың көмегі арқасында жүз түйе құнымен аман қалған адамның ұлы! Аллаһу та'ала сені аман қылсын. Егер түсімде көргендерім тура шығатын болса, сен мейірімді, рақымды Аллаһу та'ала тарапынан адамзат баласына харам мен халалды үйретуші ретінде жіберілесің. Хақ та'ала сені көне ғасырлардан бері әр түрлі ру-тайпалардың ұрпақтан ұрпаққа өткізуімен жалғастырып келе жатқан пұттарынан және пұтқа табынушылықтан сақтап, қорғайды» деп, мына өлеңді оқиды:

Ескіреді жаңа тән, өлер барлық тірі жан,
Таусылады бар болған, қалған ба жас сақталған?

Мен де өлермін жетіп бір абыройға бұйырған,
Саған ана болуды нәсіп етті Жаратқан.

Мен артымда қалдырдым нұрдай қайырлы ұрпақ,
Енді рахат көз жұмам, торқа болар топырақ.

Атым қалғай әрдайым дастан болып тілдерде,
Ал сенің махаббатың мәңгілік көңілдерде.

Сосын анасы көз жұмады. Сол жерге жерленеді. Әмина анамыз қайтыс болғанда жиырма жаста болатын. Үммү Әймән жас кезінде ата-ана мейірімінен бірдей махрұм қалған әлемдердің сұлтаны болған пайғамбарымызды қасына алып, бірнеше күндік жолдан кейін Меккеге әкеліп, атасы Абдулмутталибке тапсырады.

Атасының қасында

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әкесі мен анасы Ибраһим алейһиссаламның дінін ұстанған мүмин, иманды кісілер болатын. Ислам ғалымдары олардың Ибраһим алейһиссаламның дінінде болғанын және Мұхаммед алейһиссаламға пайғамбарлығы білдірілгеннен кейін де оның үмметінен болулары үшін тірілтіліп, кәлимаи шахадатты есітіп айтқандарын және осылайша осы үмметтен болғандықтарын айтқан.

Мұхаммед алейһиссалам сегіз жасқа дейін атасының жанында болды. Атасы Абдулмутталиб Меккеде абыройлы және біраз істерді басқаратын беделді адам болып, айбатты, сабырлы, шыншыл, жомарт қасиеттерге ие еді. Кедейлерді тойдырып, тіпті аш-сусыз қалған жануарларды да ішкізіп-жегізетін. Аллаһу та'алаға және ахиретке сенетін. Жамандықтардан сақтанып, жаһилийа деп аталатын сол қараңғы дәуірдің әр түрлі жаман әдеттерінен бойын аулақ ұстайтын. Меккеде зұлымдық пен заңсыздықтарға кедергі болып, келген қонақтарды күтетін. Рамазан айында Хира тауына шығып, итикаф ету (халықтан бөлек қалып Хақ пен болу) оның әдетіне айналған еді. Өте балажан және мейірімді болған Абдулмутталиб жақсы көретін немересін бауырына басып, күндіз-түні жанынан айырмайтын. Қағбаның көлеңкесінде тек өзінің отыруына арналған бір көрпешесі болатын. Оған басқа ешкім отыра алмайтын. Абдулмутталиб сол орнына немересімен бірге отыратын. «Ол орынға тек қана қала басшысы отыру керек-қой» деп кедергі болғысы келгендерге: «Жіберіңдер баламды, оның даңқы жоғары» дейтін. Пайғамбарымызға қарайтын күтуші әйел Үммү Әймәнға қайта-қайта оған жақсылап қарауды тапсыратын. «Балама жақсылап қара. Әһли кітап (яһуди және христиандар) менің балам туралы "осы үмметтің пайғамбары болады" дейді» дейтін. Үммү Әймән айтады: «Оның кішкентай кезінде қарным ашты, шөлдедім дегенін естіген емеспін. Таңертең Зәмзәм суынан бір ұрттам ішетін. Оған тамақ берейін десем

"Керегі жоқ, тоқпын" дейтін». Абдулмутталиб ұйықтап жатқанда және бөлмесінде жалғыз отырғанда одан басқа адамға кіруге рұқсат бермейтін. Оны бауырына басып, басынан сипап, оның сөздері мен әрекеттеріне риза болатын. Дастархан басында оны қасына алып, тізесіне отырғызатын, тамақтың ең жақсысын, ең дәмдісін оған беретін және ол келместен бұрын дастархан басына отырмайтын.

Абдулмутталиб бұл немересі жайлы көп түс көріп, бірқатар оқиғаларға куә болды. Бір жолы Меккеде құрғақшылық болып, жұт болады. Абдулмутталиб көрген түсіне орай Мұхаммед алейһиссаламның қолынан ұстап, Әбу Қубәйс тауына шығып: «Аллаһым! Мына баланың құрметі үшін бізді берекелі жаңбырмен қуанта гөр» деп тілейді. Дұғасы қабыл болып, мол жаңбыр жауады. Сол кездің ақындары бұл оқиғаны өлеңдеріне қосып жырлаған.

Нәжрандық поп

Абдулмутталиб бір күні Қағбаның қасында отырғанда Нәжрандық бір христиан дінбасы оның қасына барып, оны әңгімеге тартады. Сөз арасында: «Біз мына Исмаил ұлдары тайпасынан шығатын соңғы пайғамбардың сипаттары жайлы кітапта жазулы екенін көрдік. Осы Мекке қаласы оның туылатын жері болмақ. Сипаттары мынадай, мынадай»- деп айта бастайды. Осы кезде пайғамбарымыз олардың қасына барады. Нәжрандық дінбасы оған мұқият қарап, көздеріне, арқасына, аяғына қарап, толқып: «Ол міне, осы адам. Бұл бала сенің тегіңнен бе?»- деп сұрайды. Абдулмутталиб: «Балам» деген кезде Нәжрандық дінбасы: «Кітаптардан оқығанымыз бойынша оның әкесі тірі болмауы керек»,- дейді. Абдулмутталиб: «Бұл марқұм ұлымның баласы. Әкесі ол туылмастан бұрын, анасы жүкті кезде қайтыс болған» деген кезде дінбасы: «Міне енді дұрыс айттың»,- деді. Осыдан соң Абдулмутталиб ұлдарын қасына жинап: «Бауырларыңның баласы – жиендерің туралы айтылған сөздерді екі құлақтарыңа құйып алыңдар да, оны өмірлеріңнің соңына дейін бақылап, қорғаңдар»,- деді.

Атасының қайтыс болуы

Абдулмутталиб қайтыс болар алдында балаларын жинап: «Енді дүниеден ахиретке көшетін уақытым жетті. Бар ойым мына жетім балада. Әттең, өмірім ұзақ болғанда бұл қызметті қуана-қуана атқарар едім. Бірақ, қолдан не келеді? Өмір мәңгілік емес. Қазір осы баланы ойлап, ішім қан жылайды. Бұл маржандай асыл баланы біреуіңе аманат етіп қалдырсам деп едім. Қайсысың оны қолдап, қорғай аласыңдар?» дегенде Әбу Ләхәб тізесін бүгіп отырып: «Ей, арабтың мырзасы! Егер бұл аманатты тапсыру үшін өзіңіз көздеп қойған адамыңыз бар болса не шара, жоқ болса бұл қызметті мен атқарайын»,- деді. Абдулмутталиб оған: «Сенің малың көп. Бірақ, сенің жүрегің қатты, мейірімің аз. Ал, жетімнің жүрегі жаралы және нәзік болады. Тез ренжиді»,- деді. Қалған ұлдары да өз қамқорлықтарына ала алатындарын айтып, тілектерін білдірді. Абдулмутталиб олардың әрқайсысына өз мінез, ерекшеліктерін айтып, қабылдамады. Кезек Әбу Тәліпке келген кезде: «Мен мұны бәрінен де қатты қалаймын. Бірақ, үлкендер тұрғанда алға озу дұрыс болмас. Малым аз, бірақ менің адалдығым басқалардан артығырақ»,- деді. Абдулмутталиб: «Дұрыс айтасың. Бұл қызметке лайық адам сенсің. Бірақ, мен барлық істе онымен кеңесіп, соның қалауымен әрекет жасаймын. Бәрінде де оң нәтижеге қол жеткіздім. Бұл мәселеде де онымен кеңесейін. Қайсысыңды қаласа мен де соны қабылдаймын»,- деді. Сосын немересіне қарап: «Ей, көзімнің нұры. Саған тоя алмай, сенің сағынышыңмен ахиретке кетіп барамын. Мына көкелеріңнің қайсысын қалайсың»- деп сұрады. Пайғамбарымыз орнынан тұрып, Әбу Тәліптің мойнына асылып, тізесіне отырды. Абдулмутталиб сонда қатты қуанып: «Аллаһу та'алаға шүкір. Менің де қалағаным осы еді»,- деді. Сосын Әбу Тәліпке қарап: «Ей, Әбу Тәліп! Бұл бала ата-ана мейірімін көрмеген. Осыны ескере отырып мәміле ет және рақымды бол. Сені басқа ұлдарымнан да артық көремін. Мен саған өте үлкен және өте құнды аманатты тапсырып отырмын. Өйткені, сен оның әкесімен бір анадан тудыңдар. Оны өз жаныңдай қорға. Бұл өсиетімді қабылдайсың ба?»- деп сұрады. Ол: «Қабылдаймын» деген кезде Абдулмутталиб пайғамбарымызды құшақтап, басынан сүйіп, иіскеді. Сосын «Бәрің куә болыңдар, мен өмірімде бұдан да жағымды иіс иіскеген емеспін және бұдан асқан көркем келбет көрмедім»,- деді.

Әбу Тәліптің қамқорлығында

Атасы қайтыс болғаннан кейін пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сегіз жасынан бастап көкесі Әбу Тәліптің қасында, соның қамқорлығында өсті. Ол кезде Меккеде Әбу Тәліп те әкесі Абдулмутталиб сияқты қалаулы, құрметті, беделді адам болатын. Ол да пайғамбарымызға жақсы қарап, мейірімділік көрсетті. Оны өз балаларынан да жақсы көріп, қасына алып жатпаса ұйықтамайтын, онсыз ешқайда бармайтын. «Сен өте қайырлысың, өте қасиеттісің» дейтін. Ол қолын созбаса тамақ жеуді бастамайтын, алдымен оның бастағанын күтетін. Кейде оған арнайы дастархан жайдыртатын. Таңертең оянған кезде оның жүзінің айдай жарқырап тұратынын, шашының таралып тұрғанын көретін. Әбу Тәліптің малы көп болмағанымен, отбасында адам көп болатын. Пайғамбарымызды өз қолдарына алғаннан кейін ол үйге береке ұялап, молшылық кірді. Меккедегі жұтқа байланысты халық қатты қиналған кезде Әбу Тәліп оны Қағбаның жанына апарып, дұға оқиды. Оның берекесімен мол жаңбыр жауады. Халық құрғақшылық пен жұттан құтылады.

Дінбасы Бахираның айтқандары

Пайғамбарымыз он екі жас шамасында бір күні Әбу Тәліптің сауда үшін сапарға дайындалып жатқанын көреді. Әбу Тәліптен: «Бұл қалада мені кімге тастап кетесіз? Не әкем жоқ, не бір жанашырым жоқ» дейді. Бұл сөз Әбу Тәліпке қатты әсер етеді. Оны өзімен алып кетуге бел байлайды. Сауда керуені ұзақ жол жүріп, Бусра қаласындағы христиандардың бір монастырының маңына тоқтайды. Бұл монастырда **Бахира** деген дінбасы тұратын, бұрын яһуди ғалымы болып, кейіннен христиандықты қабылдаған бұл білімді дінбасыда қолдан-қолға жетіп сақталған бір кітап бар болатын және ол сұрақтарға сол кітапқа қарап жауап беретін. Құрайыш керуені бұрын бұл жерден қаншама рет өтсе де оған еш көңіл аудармайтын. Күнде таңертең монастырдың шатырына шығып, керуен келетін жаққа қарап, бір нәрсені іздегендей болатын. Бұл жолы Бахира ерекше жағдайға тап болады. Өйткені, Құрайыш керуені алыстан көрінген кезде олардың үстінде бір бұлттың солармен еріп келе жатқанын байқайды. Бұл пайғамбарымызға көлеңке түсіріп келе

жатқан бұлт болатын. Керуен тоқтаған кезде Бахира, пайғамбарымыз саялаған ағаштың бұтақтары оның үстіне қарай иілгенін көріп, қатты таңырқап қалады. Тез арада дастархан жайдырады. Сосын адам жіберіп, Құрайыш керуеніндегілердің барлығын тамаққа шақырады. Керуендегілер пайғамбарымызды заттарының қасына қарауыл етіп қалдырып, дінбасының мекеніне қонаққа барады. Бахира келгендерге мұқият қарап: «Ей, Құрайыштықтар! Араларыңда тамаққа келмей қалған адам бар ма?»- деп сұрағанда олар: «Иә, бір адам бар»,- дейді. Өйткені, құрайыштықтар келсе де әлгі бұлт орнынан қозғалмаған еді. Дінбасы осы белгіні көріп керуеннің қасында біреудің қалғанын түсінген еді. Сондықтан Бахира қоймай оны да шақыртады. Ол келген кезде оған мұқият қарап, қызыға бастайды. Әбу Тәліптен: «Мына бала сенің әулетіңнен бе?»- деп сұрайды. Әбу Тәліп: «Балам» деген кезде Бахира: «Кітаптарда бұл баланың әкесі тірі еместігі жазылған, ол сенің балаң емес»,- дейді. Сонда Әбу Тәліп: «Бұл менің бауырымның баласы»,- дейді. Бахираның: «Әкесіне не болды?» деген сұрағына: «Әкесі бұл туылмастан бұрын көз жұмған»- деп жауап береді. Бахира: «Дұрыс айтасың, анасына не болды?» дегенде Әбу Тәліп: «Ол да қайтыс болды» деп жауап береді. «Дұрыс айтасың» деген Бахира пайғамбарымызға қарап, пұттардың атынан ант береді. Сонда кішкентай Мұхаммед Бахираға: «Пұттардың атымен ант берме! Дүниеде олардан асқан менің дұшпаным жоқ. Мен олардан жиіркенемін»,- дейді. Бахира сол кезде Аллаһу та'аланың атымен ант беріп: «Ұйықтайсың ба?» деп сұрайды. Бала: «Көздерім ұйықтайды, бірақ жүрегім ұйықтамайды»,- дейді. Бахира оған бірнеше сұрақ қойып, жауап алады. Алған жауаптары бұрын оқыған кітабындағыларға сай келген еді. Сосын пайғамбарымызға қарап, Әбу Тәліптен: «Мына көздеріндегі қызарған түс тумысынан ба әлде кейде пайда бола ма?»- деп сұрайды. Әбу Тәліп: «Тумысынан» деп жауап береді. Бахира бұл белгінің де сәйкес келгенін көргеннен кейін көңілі жай табуы үшін енді пайғамбарлық мөрін көргісі келеді. Пайғамбарымыз әдептілігінен арқасын ашқысы келмейді. Әбу Тәліп: «Ей, көзімнің нұры! Бұл тілегін де орында» деген кезде арқасын ашады. Бахира екі күрегінің арасындағы пайғамбарлық мөрді таңданыспен тамашалайды. Оны тебіреніп сүйген кезде көзінен жас ыршиды. Сосын: «Мен куәлік етемін, сен Аллаһу та'аланың Расулысың»,- дейді. Дауысын көтеріп: «Міне, әлемдердің мырзасы! Міне, күллі ғалам Раббысының Расулы... Міне, Аллаһу та'аланың әлемдерге

рақымдылық ретінде жіберген ұлы пайғамбары.»,- дейді. Сол жердегі құрайыштықтар таңданып: «Мұхаммедтің мына дінбасының алдындағы қадірі неткен жоғары»,- дейді. Бахира Әбу Тәліпке қарап: «Бұл – пайғамбарлардың ең соңғысы және ең қадірлісі. Мұның діні бүкіл жер бетіне таралады және ескі діндерді жояды. Бұл баланы Шам (Дамаск) қаласына алып барма. Өйткені, Исраил ұлдары оған дұшпан. Оған қандайда бір зиян келтіріп қоюларынан қорқамын. Бұл туралы көптеген уәде, келісімдер бар.»,- дейді. Әбу Тәліп: «Ол қандай келісімдер?»- деп сұрайды. «Аллаһу та'ала барлық пайғамбарлардан және ең соңынан Иса алейһиссаламнан өз ұрпақтарының ішінен пайғамбары келетінін білдірулері туралы уәдесін алған»,- деді. Әбу Тәліп Бахираның осы сөздерінен кейін Шамға барудан бас тартып, алып келе жатқан сауда заттарын Бусрада сатып, Меккеге қайтады. Бахирадан естіген нәрселері оның құлағында өмір бойы жаңғырып тұрды. Пайғамбарымызды одан да қатты жақсы көрді. Оны өлгенінше қорғап, барлық ісінде көмектесуге тырысты.

Барлық жағынан көркемдік иесі болған пайғамбарымыз өсіп, он жетіге толған еді. Осы кездерде Йеменге сауда жасауға барып-келіп жүрген көкесі Зубәйр, саудасы берекелі болу үшін оны өзімен бірге ертіп жүреді. Бұл жолы да неше түрлі ғажайып жағдайлары байқалды. Меккеге қайтып келген кездерінде оның бұл жағдайлары туралы айтылып, құрайыштықтардың арасында «Оның мәртебесі жоғары болады» деген сөздер тарай бастайды.

ЖАСТЫҚ ШАҒЫ ЖӘНЕ ҮЙЛЕНУІ

Барлық тұрғыдан адамдардың ең үстемі болған Мұхаммед алейһиссалам жас кезінде Мекке халқы арасында құрдастарына қарағанда үлкен беделге ие болған. Жақсы мінезі, адамдармен өте жақсы қарым-қатынас жасауы, байсалдылығы, әдептілігімен халықтың көңілінен шығатын. Адамдар оның осындай қасиеттеріне қарап таңданатын. Мекке халқы оның турашылдығы мен адалдығына байланысты оны **Әл-Әмин** (өзіне әрдайым сенуге болатын адам) деп атаған. Осылайша, ол жас кезінде осы атымен халық арасында танымал болды.

Пайғамбарымыздың жастық шағында арабтар надандықтың шыңырау түбінде өмір сүріп жатқан болатын. Пұтқа табыну, ішімдік, құмар, зинақорлық, өсімқорлық және басқа да бірқатар жаман істер кеңінен таралған еді. Мұхаммед алейһиссалам олардың осындай бұзық әрекеттерінен қатты жиренетін, өзі барлық жаман қылықтардан бойын аулақ ұстайтын. Бүкіл Мекке халқы оның бұл қасиетін біліп, оған таң қалатын. Пұттардан жиренетіні соншалық, олардың қасына мүлдем жақындамайтын. Пұттар үшін шалынған құрбандықтардың етін жемейтін. Балалық және жастық шағында өзінің қойларын Жияд тауының маңында бағып күнелтетін. Осылайша, шектен тыс бұзылған қоғамнан алыс тұратын. Бір жолы сахабаларына: **«Қой бақпаған ешқандай пайғамбар болмаған»,-** дейді. «Йа, расулаллаһ! Сіз де бақтыңыз ба?»- дегендерге: **«Иә, мен де бақтым»-** деп жауап береді.

Пайғамбарымыздың жиырма жас шамасында Меккенің жағдайы қатты нашарлаған еді. Зұлымдық кеңінен таралып, жан, мал, ар-намысты сақтау мүмкін емес халге келеді. Меккенің жергілікті халқы сауда жасауға және Меккені зиярат етуге келген басқа жақтың адамдарына зұлымдық жасайтын. Зұлымдыққа ұшыраған адамдар ақыларын қайтаруды талап ететін жер таппайтын. Осы кезеңде сауда үшін Меккеге келген йемендік бір саудагердің заттарын Ас бин Уәил деген бір меккелік адам күштеп тартып алады. Осы оқиғаға байланысты йемендік саудагер Әбу Қубәйс тауына шығып, айқайлап, ақысын қайтару үшін тайпалардан көмек сұрайды. Зұлымдықтың шегіне жеткен осындай оқиғаларға байланысты Хашим және Зүхре ұлдары мен басқа тайпалардың алдыңғы қатарлы адамдары Абдуллаһ

бин Жуданның үйіне жиналады. Жергілікті халық пен бөтен ешкімге зұлымдық жасамауға, жауыздыққа тосқауыл қоюға және зұлымдық көрген адамдардың ақыларын қайтаруға шешім қабылдайды. Осы мақсатта бір әділет қоғамын құрады. Пайғамбарымыз жас кезінде қатысқан және құрылуына үлкен ықпалын тигізген бұл қоғам **Хилфул фудул** деп аталды. Одан бұрын Фадл деген екі адам және Фудайл деген бір адам тарапынан да осындай қоғам құрылған болатын. Олардың бұрын құрған қоғамдарының құрметіне осы атау қолданылған еді. Бұл қоғам зұлымдықтың алдын алып, Меккедегі бұзылған тәртіпті қайтадан қалыптастырды. Ықпалы ұзақ уақытқа дейін жалғасты. Пайғамбарымыз өзіне пайғамбарлық білдірілгеннен кейін сахабаларға **«Абдуллаһ бин Жуданның үйінде жасалған анттасуға мен де қатысқан болатынмын. Маған сол анттасу қызыл түсті түйелерге (байлыққа) ие болудан артық болған. Қазір де мені сондай бір ұйымға шақырса, келісер едім»-** деген.

Керуен

Меккеліктер бұрыннан саудамен айналысып, күнкөріс напақаларын сонымен табатын. Пайғамбарымыздың көкесі Әбу Тәліп те саудамен шұғылданатын. Пайғамбарымыз жиырма бес жас шамаларында Меккеде күн көру қиындығы артқан еді. Сол себептен меккеліктер Шам (Дамаск) қаласына мал апаратын үлкен керуен дайындауға кірісіп кетті. Осы кездерде Әбу Тәліп пайғамбарымызға келіп: «Қымбатты інім! Кедейлік өршіп барады. Жұтпен күресуде өткізген соңғы жылдарымызда қолымызда ешнәрсе қалмады. Құрайыш керуені сан-алуан тауарларын артып Шам қаласына қарай шыққалы тұр. Хадиша ханым да керуенмен зат жіберіп жатыр. Ол міндетті түрде осы керуенді аманат етіп тапсыратын бір сенімді адам іздейді. Сен сияқты адал, таза, турашыл адамды қалайтыны сөзсіз. Барып сөйлесіп, сенің өкіл ретінде керуеннің басында баруыңды ұсынсақ, сені таңдайтыны күмәнсіз. Негізінде мен сенің Шамға барғаныңды қаламаймын. Өйткені, ол жердегі яһудилер саған бір зиян келтіре ме деп қорқамын. Бірақ, мына жұттан құтылу үшін басқа амал да жоқ»,- дейді. Пайғамбарымыз оған: «Сіз қалай қаласаңыз солай болсын»,- дейді.

Хазреті Хадиша Арабстанда сұлулығы, даналығы, ибалығы, арлылығы және әдептілігімен танылған бай әйел еді. Сондықтан да

жан-жақтан оның қолын сұрап келушілер, үйленгісі келетін беделді және атақты кісілер көп болды. Бірақ, бұл ибалы әйел бір көрген түсінен кейін ешкімге жылы қабақ танытпаған болатын. Түсінде көктен бір ай түсіп, қойнына кіреді, айдың нұры қолтығынан шығып, бүкіл әлемге сәулесін төккен болатын. Таңертең бұл түсті жорыту үшін туысы Уарақа бин Нәуфәлге айтады. Уарақа: «Ақырзаман пайғамбары дүниеге келіпті. Сағаң үйленіп, сенің дәуіріңде оған уahи түседі. Дінінің нұры әлемге төгіледі. Оған ең алдымен иман келтіретін сен боласың. Ол пайғамбар Құрайыштан және Бәни Хашимнен шығады» дейді. Хазреті Хадиша бұл жауапқа қатты қуанып, сол күннен бастап пайғамбардың келуін сағынышпен күтеді.

Хазреті Хадиша сауда-саттықпен айналысып, келісім жасасқан адамдарымен серіктес болып жан-жаққа керуендер жіберетін. Әбу Тәліп хазреті Хадишаға сол керуендердің біріне басшылық етуге немере інісі болған пайғамбарымызды ұсынып, жағдайды айтады. Хазреті Хадиша пайғамбарымыздың өзін көріп, сөйлесіп-келісіп алу үшін үйіне шақырады. Пайғамбарымыз келгенде оған үлкен құрмет және сый-сияпат көрсетеді. Оның кішіпейілдігін, пәк дидарын көріп, қайран қалады. Пайғамбарымызға: «Турашыл, сенімді, жақсы мінезді екеніңізді білемін. Сізге бұл іс үшін әлі ешкімге бермеген еңбек-ақының бірнеше есе артық мөлшерін беремін...»,- дейді. Сөйтіп бұл жұмысқа керек болатын киімдер беріп, көңілі орнығып, оны шығарып салады.

Хазреті Хадиша өзі оқымысты христиан болған көкесінің ұлы Уарақа бин Нәуфәлден пайғамбарлықтың белгілерін сұрап біліп алған еді. Пайғамбарымыздың осы келісінде оның пайғамбарлық сипаттарын көрген еді. Сондықтан Мәйсәра деген құлына: «Керуен Меккеден шығатын кезде түйенің ноқтасын Мұхаммед алейһиссаламға бер, меккеліктер бір өсек таратпасын. Қаладан шығып, көзден алыстағаннан кейін мына қымбат киімдерді оған кигіз»,- деді. Сосын ең әдемі түйесін сұлтандарға лайықты етіп жабдықтады. Мәйсәраға: «Оны осы түйеге үлкен құрметпен мінгізіп, ноқтаны қолыңа ал, өзіңді соның қызметкерімін деп біл. Оның рұқсатынсыз ешнәрсе істеме және оны қорғау үшін жаныңды аяма. Барған елдеріңде көп тұрақтамай, тез қайтыңдар. Әйтпесе Хашим ұлдарының алдында ұятқа қаламыз. Егер осы айтқандарымды толық орындасаң, сені азат етіп, өзіңе қалағаныңша мал-мүлік беремін»,- деді.

Керуен дайындалып, меккеліктер жақындарымен қоштасу үшін топталып жиналды, пайғамбарымыздың туыстары, көкелері және Хашим ұлдарының ұлылары да сол жерге жиналған еді. Пайғамбарымыздың бір қызметші киімін киіп, түйенің ноқтасын ұстап тұрғанын көрген әпкесі өзін ұстап тұра алмай тізерлеп отырып қалды. «Ей, Абдулмутталиб! Ей, Зәмзәм құдығын қазған ұлы адам! Ей, Абдуллаh! Қабірлеріңнен бастарыңды көтеріп, мына киелі аманаттарыңа қараңдаршы» деп өксіп жылады. Әбу Тәліптің ішінде де осындай аянышты сезім айналып жатқан еді. Пайғамбарымыздың хақты көретін қасиетті көздерінен жас ыршып: «Мені ұмытпаңдар. Бөтен елде қайғы шегетінімді естеріңнен шығармаңдар»,- деді. Бұл сөздерді естігендердің барлығы жыласты. Көктегі періштелер де бұл жағдайға мұңданып: «Ей, Раббымыз! Бұл Өзіңе сүйікті етіп таңдаған, ең ұлы мақамды берген – Мұхаммед алейһиссалам ғой. Оның мына қызметші жағдайына түсуінің сыры (хикметі) неде?»- деп сұрады. Аллаh та'ала оларға: **«Иә, Ол менің хабибім, сүйіктім. Бірақ, сендер махаббаттың сырын біле алмайсыңдар. Сүйген мен сүйікті арасындағы сырларға жете алмайсыңдар. Бұл мәртебені ешкім біле алмайды. Бұл құпиядан ешкім ештеңе түсіне алмайды»,-** деді.

Сөйтіп, керуен жолға шығып, Меккеден қашықтағаннан кейін Мәйсәра өзіне берілген бұйрық бойынша қымбат киімдерді пайғамбарымызға кигізді. Әр түрлі маталармен әшекейленген әдемі түйеге мінгізді. Түйенің жібін өз қолына алды.

Бұл сапарда керуендегілер әлемге рақымдылық ретінде жіберілген пайғамбарымыздың үстінде оған көлеңке түсіріп келе жатқан бір бұлт пен құс кейпіне енген екі періштенің бірге келе жатқанына куә болысты. Жолда жүре алмайтындай дәрежеде шаршап, керуеннен қалып қойған екі түйенің аяқтарын қолымен сипағанда олардың тұрып тез жүріп кеткенін көрген соң керуендегілер оны жақсы көріп, оның беделінің жоғары болатынын түсінді. Керуен Бусра деген қалаға жеткен кезде монастырға жақындау бір жерге қонды. Бірқатар белгілеріне қарап, Оның соңғы пайғамбар болатынын айтып кеткен дінбасы Бахира ол кезде қайтыс болып, орнына Настура деген поп келген еді. Монастырдың қасына келіп қонған Құрайыш керуеніне қарап отырған поп Настура жақын жердегі бір қураған ағаштың астына біреу келіп отырған кезде әлгі ағаштың көгергенін көргенде Мәйсәрадан: «Ана ағаштың астына барып отырған адам

кім?»- деп сұрады. Мәйсәра: «Бұл Құрайыш тайпасының Харем халқынан шыққан адам»,- деді. Дінбасы: «Осыған дейін бұл ағаштың астына пайғамбарлардан басқа ешкім отырған емес»,- деді. Сосын: «Оның көзінің қызылы бар ма?»- деп сұрады. Мәйсәра: «Иә, бар, көзінен еш кетпейді»,- деді. Настура: «Иса пайғамбарға Інжілді жіберген Аллаһқа ант етемін мына кісі соңғы пайғамбар болады. Мен оған пайғамбарлық бұйырылған кезге жетсем екен»,- деді...

Мұхаммед алейһиссалам Бусра базарында Хадиша ханымның заттарын сатқан кезде онымен сауда жасасқан бір яһуди оған сенбей: «Лат» және «Узза» деген пұттардың атымен ант бер, сонда сенемін»,- деді. Мұхаммед алейһиссалам: «Мен ол пұттардың атымен ешқашан ант бермеймін. Олардың қасынан өткен кезде жүзімді басқа жаққа бұрамын»,- деді. Ондағы басқа да ғажайып белгілерді көрген яһуди: «Уаллаһи, бұл пайғамбар болатын адам. Ғалымдарымыз кітаптарда дәл осы адамның сипаттары жайлы жазылғанын айтқан»- деп, таңданысын жасыра алмады.

Мәйсәра пайғамбарымыздан көрген және ол туралы естіген нәрселерін зейініне тоқып, оған деген таңданысы мен махаббаты барған сайын арта түскен еді. Енді оған шын ықыласымен қызмет етіп, оның әрбір айтқан нәрсесін бар жігерін салып орындай бастады.

Керуенмен апарылған заттар сатылып, пайғамбарымыздың берекесімен пайда бұрынғыдан бірнеше есе артық түскен еді. Керуен елге қарай жолға шықты. Мәрруззахран деген жерге жеткен кезде Мәйсәра сүйікті пайғамбарымызға Меккеге сүйінші хабарды сіз жеткізсеңіз деген ұсыныс білдірді. Пайғамбарымыз разы болып, керуеннен ажырап Меккеге қарай түйесін жылдамдатты.

Нәфисә бинти Мунийә ханым әңгімелейді: «Керуеннің келетін уақыты болып қалған еді. Бибі Хадиша күнде қызметшілерімен бірге сарайының шатырына шығып, керуеннің жолын көздейтін. Тағы да сондай күндердің бірінде мен де Хадиша ханымның қасында едім. Кенеттен алыстан түйеге мінген бір адам көрінді. Үстінде бір бұлт және құс кейпіне енген екі періште оған көлеңке түсіріп, пайғамбарымыздың маңдайындағы нұр айдай жарқырап келе жатты. Бибі Хадиша келе жатқан адамның кім екенін түсініп, көңілі жайланды. Бірақ, өзін білмегенге салып: «Мынадай ыстық күнде келе жатқан кім болды екен?»- деп сұрады. Қызметшілер: «Бұл Мұхаммедке (алейһиссалам) ұқсайды» десті. Біраздан кейін пайғамбарымыз Хадиша ханымның үйіне келіп жетіп, жағдайдан

хабардар етті. Әкелген сүйінші хабарларымен оны қатты қуандырды.»

Арадан біраз уақыт өтіп керуен Меккеге кіріп келді. Мәйсәра хазреті Хадишаға жолда пайғамбарымызға бір бұлттың көлеңке түсіргені, дінбасы Настураның айтқандары, әлсіз түйелердің қалай жорғалап кеткені және соған ұқсас таңқаларлық оқиғаларды біртіндеп айтып берді. Пайғамбарымызды барынша мақтап-мадақтады. Хазреті Хадиша бұларды білетін, бірақ бұл сөздер оның сенімін арттыра түсті. Мәйсәраға: «Көргендеріңді ешкімге айтпа»- деп ескертті.

Хазреті Хадиша осы естігендерін хабарлау үшін Уарақа бин Нәуфәлдің үйіне асықты. Айтылғандарды таңырқап тыңдаған Уарақа: «Ей, Хадиша. Егер осы айтқандарың рас болса, Мұхаммед алейһиссалам осы үмметтің пайғамбары болады»,- деді.

Пайғамбарымыз 12 жасында көкесі Әбу Тәліппен бірге сауда-саттық үшін керуенмен Бусраға дейін, 17 жасында көкесі Зубәйрмен бірге Йеменге, 20 жасында Шамға, ал 25 жасында болса Хадиша ханымның затын сату үшін тағы да Шамға барып, өмірінде барлығы төрт рет сапарға шыққан еді. Осыдан кейін ол ешқайда сапар шеккен жоқ.

Үйленуі

Хазреті Хадишаның Уарақа бин Нәуфәл берген сүйінші хабардан кейін пайғамбарымыздың жақсы қасиеттерін көріп, оның әйелі болуға, оған қызмет етуге құштарлығы артты. Нәфисә бинти Мунийә бұл жағдайды сезіп, араға түсті. Осы ниетпен пайғамбарымызға барып: «Йа, Мұхаммед! Үйленуіңізге не кедергі болып жүр?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз: «Үйлену үшін қолымда жеткілікті ақша жоқ»,- деді. Бибі Нәфисә: «Йа, Мұхаммед! Егер арлы, абыройлы, танымал, сұлу әйелге үйленгіңіз келсе қызметіңізге әзірмін»,- деді. Пайғамбарымыз: «Ол әйел кім?» деп сұрағанда «Хадиша бинти Хууәйлид (радиаллаһу анһа)»,- деді. Расулуллаһ: «Бұл істе араға кім түседі?» дегенде «Бұл істі мен атқарамын»,- деді де, хазреті Хадишаға барып сүйінші хабарды жеткізді. Хазреті Хадиша туысы Амр бин Әсад пен Уарақа бин Нәуфәлді шақырып, жағдайды айтты. Сөйтіп, пайғамбарымызға адам жіберіп, келуін сұрайды. Әбу Тәліп пен бауырлары да дайындықтарын жасап, пайғамбарымызбен бірге барады.

Хазреті Хадиша бұл құтты оқиға үшін үйін безендірді. Осы күннің құрметіне барлық әшекей бұйымдарын қызметшілеріне сыйлады. Сосын оларды азат етіп жіберді, пайғамбарымыз Хадиша ханымның үйіне көкелерімен бірге келді. Әбу Тәліп: «Жаратушымызға шүкіршілік, бізді Ибраһим алейһиссаламның ұрпағынан және Исмаилдың тегінен таратты. Бізді Бәйтуллаһтың қорғаушысы етті. Адамдардың қыбласы және әлемдер тауап ететін сол қасиетті орынды, барлық жамандықтан қорғаған Харамы шәрифті бізге сыйлады. Бауырым Абдуллаһтың ұлы Мұхаммед Құрайыштықтардың кез келгенінен үстем келетін жігіт. Мал-мүлкінің аз екені рас, бірақ мал-мүлік басты нәрсе емес. Өйткені мал-мүлік көлеңке секілді, қолдан-қолға өтіп кете береді. Немере інімнің беделі, үстемдігі бәріңізге мәлім. Енді Хадиша бинти Хууәйлидті қалыңдыққа сұрап отыр. Қанша мәһр сұрайсыз? Ант етемін Мұхаммедтің мәртебесі жоғары»,- деді. Уарақа бин Нәуфәл бұл сөздерді растады. Бибі Хадишаның көкесі Амр бин Әсад: «Куә болыңдар, Хадиша бинти Хууәйлидті Мұхаммед алейһиссаламға қалыңдыққа бердім»,- деді. Осылайша, неке келісімі аяқталды. Бір риуаят бойынша мәһр 400 мысқал алтын, бір риуаят бойынша бес жүз дирхам, тағы бір риуаят бойынша 20 түйе деп айтылған. Әбу Тәліп тойға арнап бір түйе сойып, көз көріп құлақ естімеген той жасады. Үйлену рәсімі өткізілді. Хазреті Хадиша барлық дүние-мүлкін пайғамбармызға сыйлап: «Бұлардың барлығы сіздікі және сізге ғана лайық. Ал мен сізге мұқтажбын және қарыздармын»,- деді. Хазреті Хадиша бүкіл өмірі бойы пайғамбарымызға қызмет етіп, оның көмекшісі болды. Пайғамбарымыздың бұл отбасылық өмірі Хадиша ханым қайтыс болғанға дейін, жиырма бес жылға созылды. Оның он бес жылы пайғамбарлық білдірілгенге дейін, он жылы білдірілгеннен кейін болатын. Пайғамбарымыз алғашқы әйелі болған хазреті Хадишаның тірі кезінде басқа ешкіммен үйленген жоқ. Екі ұл, төрт қыз, барлығы алты бала сүйді. Олар – Қасым, Зейнеп, Руқаййә, Үммү Гүлсім, Фатима және Абдуллаһ (Тайиб немесе Тахир). Пайғамбарлығы білдірілгеннен кейін үйленген хазреті Марийәдан да Ибраһим есімді бір ұлы болған. Басқа әйелдерінен баласы болған жоқ. Зейнеп – қыздарының үлкені болатын. Ең кіші қызы Фатима - әкесінің ең сүйікті қызы еді. Хижреттен он үш жыл бұрын дүниеге келді. Ер балалары кішкене жастарында қайтыс болып, хазреті Фатимадан басқа қыздарының барлығы Өзінен бұрын дүниеден

өтті. Хазреті Фатима пайғамбарымыздан алты айдан кейін қайтыс болды. Ол хазреті Әлимен тұрмыс құрған болатын. Пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның тегі хазреті Фатима арқылы жалғасты.

Пайғамбарымыз хазреті Хадишаға (радиаллаһу анһа) үйленгеннен кейін де саудамен айналысты. Тапқан табысына қонақ күтіп, жетімдер мен кедейлерге көмек беретін.

Зәйд бин Хариса (радиаллаһу анһ)

Зәйд бин Хариса (радиаллаһу анһ) бала кезінде анасы Судамен бірге туыстарының еліне барған болатын. Осы жерде олар басқа бір тайпаның шабуылына тап болады. Шабуылдаған тайпа Зәйдті тұтқынға алып, Меккедегі Сук-ул Указ деген жәрмеңкеге сатуға қояды. Хазреті Хадишаның немере інісі Хаким бин Хизам Зәйдті 400 дирхамға сатып алады да әпкесі хазреті Хадишаға, ал ол пайғамбарымызға сыйға тартады. Ол күндерде пайғамбарымыздың хазреті Хадишаға үйленген кезі болатын. Расулуллаһ оны азат етіп, үйінде алып қалды. Өйткені, азат болған Зәйд бин Харисаның баратын жері жоқ, сондай-ақ оған пайғамбарымыздан артық қарайтын адам да жоқ-тын. Сондықтан ол расулуллаһтың жанында қуана-қуана қалды.

Зәйд бин Хариса (радиаллаһу анһ) пайғамбарлығы білдірілместен бұрын да әділдік, ынсаптылық, мейірімділік, жылыжүзділік, жомарттық, сөзінде тұрушылық, сенімділік, көмекшілдік, кішіпейілділік, бауырмашылдық, балажандылық, турашылдық, шыншылдық, әдептілік, адамдарды жақсы басқару, батырлық сияқты барлық жақсы қасиеттерді шыңына жеткізу үшін жіберілген, жаратылған және жаратылатын күллі махлұқтан барлық тұрғыдан үстем болған, барлық адамның сенімін ақтап «әл-Әмин» деген лақапқа ие болған пайғамбарымыздан көрген жұмсақ мәміленің арқасында оны өз ата-анасынан да қатты жақсы көріп, оның жанынан кеткісі келмейтін.

Бұл арада ұлдарынан айрылып қалған Зәйд бин Харисаның ата-анасы оның қайда екенін, оған не болғанын білмей, оны уайымдап, жан-жақтан іздеу салып жүрген еді. Йеменнен әр түрлі елдерге баратын туыстары мен таныстарына қайта-қайта тапсырып, ұлы Зәйдтен бір хабар болса әкелулерін сұрап, жоқтап көз жастарын төгеді.

Исламнан бұрын Бәни Кәлб тайпасынан Қағбаға зияратқа келген адамдардың біразы Зәйдті көріп танығаң, хазреті Зәйд оларға: «Жанұямның мені уайымдап, қайғыға салынатынын білемін, оларға менің жағдайымның жақсы екенін жеткізіңдер»,- дейді.

Бұл хабарды естіген Хариса қатты қуанады. Бауыры Ка'б екеуі мол ақша алып, Меккеге жол тартады. Меккеге барғанда расулуллаһтың үйін сұрап тауып: «Ей, Құрайыш тайпасының көсемі! Ей, Абдулмутталибтің немересі! Ей, Бәни Хашим әулетінің баласы! Сендер Харем-үл-шәрифтің көршісісіңдер. Қонақтарды күтіп, тұтқындарға жақсылық жасап, оларды құлдықтан құтқарасыңдар. Құлдықтарыңда жүрген баламызды босатуға қанша ақша сұрайсыңдар? Қанша сұрасаңдар да берейік, біздің тілегімізді қайтармаңдар!»,- дейді. Пайғамбарымыз: «Зәйдті шақырып, оған жағдайды айтайық. Оны босатайық. Егер сендерге баруды қаласа ешқандай ақша бермей-ақ алып кетулеріңе болады. Егер мені таңдаса, менің жанымда қалғысы келсе Аллаһқа ант етемін, мені таңдаған адамды тастамаймын, жанымда қалады»,- дейді.

Хариса мен бауыры пайғамбарымыздың бұл жауабына қатты қуанып: «Сен біздің қайғымызды аса әділдікпен, ынсаптылықпен қабыл алдың»,- дейді.

Расулуллаһ Зәйдті шақырып: «Мыналарды танисың ба?» деп сұрайды. Ол: «Иә, бірі - әкем, екіншісі - көкем»,- деді. Пайғамбарымыз оған: «Ей, Зәйд! Сен менің кім екенімді білдің. Саған деген шапағатымды, мейірімділігімді көрдің. Бұлар сені алып кетуге келіпті. Олай болса не менімен қал, не олармен бірге бар»,- дейді.

Әкесі мен көкесі «Зәйд бізді таңдайды, алып кетеміз»- деп ойлап тұрған болатын. Зәйд: «Мен сізден басқа ешкімді таңдамаймын. Сіз менің әрі көкем, әрі әкемнің орнындасыз. Сіздің жаныңызда қалғым келеді»,- дейді.

Әкесі мен көкесі мұндай күтілмеген жауапқа таңданып, тұрып қалады. Әкесі ашуланып, Зәйдке: «Ей бала! Сонда сен құлдықты азаттықтан, анаңнан, әкеңнен, көкеңнен артық көріп тұрсың ба?»,- дейді. Зәйд әкесіне: «Әкешім! Мен бұл кісіден ешкімнен көрмеген көп жақсылық пен мейірімділік көрдім. Сондықтан мен үшін ешбір тірі жан бұл кісіден артық бола алмайды»,- дейді.

Пайғамбарымыз Зәйдті қатты жақсы көретін. Оның өзіне деген сүйіспеншілігін көргеннен кейін, оны Қағбадағы Хижр деген жерге алып барып: «Куә болыңдар ей халайық, бұдан былай Зәйд – менің

ұлым. Ол менің мұрагерім, мен де оның мұрагерімін»,- деді. Әкесі мен көкесі бұл жағдайға куә болғаннан кейін жүректері жұмсарып, ашулары тарқап, көтеріңкі көңіл-күймен елдеріне қайтты. Сахабалар осыдан кейін Зәйдті Зәйд бин Мұхаммед (Мұхаммедтің ұлы Зәйд) деп атай бастады. Кейіннен Аллаһу та'аланың «Ахзаб» сүресінің 5-ші және 40-шы аяттарындағы **«Ұлдарыңды өз әкелерінің есімімен шақырыңдар, осылай жасау Аллаһтың алдында ең дұрысы.» «Мұхаммед** (алейһиссалам) **сендерден** (Зәйд секілді) **ешбір ер адамның әкесі емес.»** деген бұйрықпен асырап алынған баланың әке атын ауыстыруына шек қойылған соң хазреті Зәйд қайта өз әкесінің атымен, яғни Зәйд бин Хариса (Харисаның ұлы Зәйд) деп атала бастады.

Дау-жанжалдарды шешуге төрелік етуі

Пайғамбарымыз отыз бес жасқа толған кезінде Қағбаға төрелік жасады. Бұл кезде ұзақ жылдардан бері жауған жауын мен селден Қағбаның қабырғалары әбден тозған еді. Оның үстіне аяқ астынан шыққан өрт, Қағбаны қарап болмайтын халге түсірген-ді. Ғимаратты қайта көтеру керек болатын. Осыған байланысты Құрайыш тайпасы Қағбаны Ибраһим (алейһиссалам) пайғамбардың қалаған іргетасына дейін бұзып, қайтадан сала бастады. Әр тайпаға жұмыстың бір бөлігі беріліп, төрт қабырға жаңадан көтеріле бастады. Ежелден меккелік тайпалар Қағбаның бір тасын болса да орнына қоюға аса үлкен және киелі бір міндет деп қарайтын. Сондықтан Қағба ғимараты құрылысында кезек Хажәр-ул-әсуәд тасын (Қағбаның сыртқы бір бұрышында тұратын жаннаттан түсірілген тас) орнына қою мәселесіне келгенде келіспеушілікке түсісті. Әрбір тайпа бұл киелі міндетке тек өздерін лайықты деп білгендіктен, араларында дау-жанжал шықты. Абдуддар ұлдары: «Бұл істі бізден өзгесі жасайтын болса қан төгеміз»- деп ант ішті. Төрт-бес күнге созылған осы талас-тартысқа байланысты құрылыс тоқтап қалған, Меккеде қан төгілгелі тұр еді. Осы кезде Абдулмутталибтің нағашысы және қарт кісі болған Хузәйфә бин Муғира: «Ей, Құрайыш қауымы! Келісе алмаған ісіміздің үкімін беру үшін мына есіктен алғаш кіретін адамды төреші етіңдер» деп, Қағбаға ашылатын Бәни Шәйба дарбазасын көрсетті. Таласып жатқан тайпалар бұл ұсынысты қуана қабылдады. Осындай нәзік сәтте шиеленісіп тұрған мәселені шешетін адам кім болар

екен деген қызығушылықпен барлығы Бәни Шәйба дарбазасына қараған күйі алғаш кіретін адамды күте бастады. Соңында есіктен турашылдығымен, жақсы мінез-құлқымен танылған және әл-Әмин, яғни сенімді деген атқа ие болған Мұхаммед алейһиссаламның кіріп келе жатқанын көрді. Барлығы бір ауыздан: «Міне, әл-Әмин! Міне шыншылдықтың атасы! Оның айтатын үкіміне сөзсіз келісеміз»,- деді. Жағдай расулуллаһқа түсіндірілген соң ол бір мата алып келулерін сұрады. Матаны жерге төсеп, тасты оның ортасына қойып: «Әр тайпадан бір адам бір ұшынан ұстасын»,- деді. Тасты қоятын жеріне дейін апартты. Сосын өзі тасты құшақтап көтеріп, орнына қойды. Осылайша, шыққалы тұрған үлкен қақтығыстың алды алынғанын көрген тайпалар бұл іске көңілдері толып, расулуллаһқа мадақ-мақтау айтысты. Құрылыс тоқтап қалған жерінен жалғасып, Қағба ғимараты толығымен құрылып бітірілді.

ПАЙҒАМБАРЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДІНГЕ ШАҚЫРУЫ
(Биъсәті және дағуаты)

Әлемдердің мырзасы “саллаллаһу алейһи уә сәлләм” отыз жеті жасында ғайыптан «Йа Мұхаммед!» деп өзін шақырған дауыстарды еститін. Отыз сегіз жасқа аяқ басқанда оған бірқатар ғажайып нұрлар көріне бастады. Ол кездері өзінің жағдайын тек хазреті Хадишаға ғана айтатын еді. Мұхаммед алейһиссаламға пайғамбарлығы білдірілуге жақын қалғанда сол кездің атақты ақындарының бірі Қуус бин Саидә Указ жәрмеңкесінде түйенің үстінде тұрып, көпшілікке арнап оқыған хұтбасында оның келетінін сүйіншілеген болатын. Пайғамбарымыз да бұл хұтбаны тыңдағандардың арасында еді. Қуус бин Саидә осы мәшһүр хұтбасының бір бөлімінде былай деген:

«Ей адамдар! Келіңдер, тыңдаңдар, күтіңдер, ғибрат алыңдар! Әрбір тірі жан өлім табады, өлген жоғалады, жазмыш орындалады!... Құлақ салып, тыңдаңдар! Көкте хабар бар, ал жерде ғибрат алатын нәрселер бар!... Аллаһтың дәргейінде бір дін және Аллаһтың жіберетін бір пайғамбары бар. Ол пайғамбардың келуіне өте аз уақыт қалды. Көлеңкесі сендерге түсіп тұр. Оны тыңдағандар және Оған иман келтіргендер қандай қасиетті жандар. Оған қарсылық көрсеткендер неткен бедбахт адамдар. Өмірлері бос өткен үмметтердің жағдайы құрысын...»

Бұл кезде Арабстанда адамдар діни өлшемдерден алыстап, бай-кедей, күшті-әлсіз, қожайын-құл сияқты сыныптарға бөлінген болатын. Алдыңғылар кейінгілерді езгіге салып, оларды адам қатарында санамайтын. Әлсіздердің малдары талан-таражға түсетін және бұл қарақшылыққа «қой» дейтін адам табылмайтын. Адамзат Аллаһу та’алаға деген иманнан туындайтын ар-намыс, ұят пен қорқыныштан мақрұм болып, адамгершіліктен барынша алыстаған еді. Әр түрлі адамға жат қылықтар, намысты аяққа таптайтын арсыз істер халықтың көзінше істелініп, құмар, ішкілік, жезөкшелік тұрмыстың мәніне айналған еді. Адам өлтірулер, зинақорлық, зорлық-зомбылық пен қарақшылық кеңінен таралып, қорланған адамдардың шырылдаған дауыстары көкке жеткен еді. Елдер ұятсыздық пен сауатсыздық батпағына батқан, әйелдер мал сияқты алып-сатылып, қыз балалар тірідей жерге көмілетін. Ең жаманы қатал жүректі, қырсық және мейірімнен жұрдай бұл адамдар өз қолдарымен жасаған, пайдасы да, зияны да тимейтін пұттарға табынуды үлкен абырой деп санайтын.

Адам алейһиссаламнан бері әлемде мұндай дәрежеде жабайылық, бұзақылық, ұятсыздық, күпіршілік және төмендік болмаған еді. Адамдар хайуанға айналғандай, бір-біріне жау болып, қоғам кез-келген сәтте жарылуға дайын қайнаған қазандай еді. Адамдардың бұл пәлекеттерден құтылып тыныштыққа, рахаттыққа жетулері үшін осындай қараңғылықта бақыттылық күнінің тууы керек еді. Сол бақыттылық таңы атса, күпіршіліктің орнын иман, зұлымдықтың орнын әділет, надандықтың орнын ілім иеленіп, адамдар дүниеде және ахиретте мәңгілік бақытқа қауышар еді.

Сол күндерде сүйікті пайғамбарымызға алдымен шынайы, садық түстер көрсетіле бастады. Хадис шәрифте уаһидың алғаш рет шынайы түс көрінісінде басталғандығы айтылған. Көрген түстері өңінде дәлме-дәл шығып жатты. Бұл жағдай алты ай жалғасын тапты. Уаһидың келер уақыты жақындағанда «Йа, Мұхаммед!» деген дауыстар көбейе бастады. Содан кейін ол оңаша қалуды қалап, адамдардан алыстап, Хира тауындағы бір үңгірде осы түстері жайлы ойланатын және терең тәфәккурге шоматын болды. Кейде Меккеге түсіп Қағбаны тауап ететін. Сосын үйінде біршама демалып, қасына бір-екі азық алып, қайтадан Хира тауындағы үңгірге шығатын. Ол жерде тәфәккур мен ғибадатқа берілетін. Кейде сол үңгірде бірнеше күн қалып қоятын. Ондай кездерде хазреті Хадиша тамақ жіберетін немесе өзі алып баратын.

Оқы!

Пайғамбарымыз қырық жасында бір рамазан айында тағы да Хира тауына барып, оңаша отырып, тәфәккурге шомған еді. Рамазанның 17-сі дүйсенбі түні, түн ауа атын шақырған бір дауыс естіді. Басын көтеріп, айналасына қараған кезінде сол дауысты тағы естіп, кенеттен айналасын бір нұрдың қаптағанын көрді. Содан кейін Жәбрейіл алейһиссалам келді де: **«Оқы!»,-** деді. Пайғамбарымыз оған: **«Мен оқымағанмын»**,- деді. Сол кезде періште оны құшағына алып, қатты қысып: «**Оқы!»,-** деді. Ол тағы да: «**Мен оқу білмеймін»-** деп жауап берді. Жәбрейіл алейһиссалам тағы да құшақтап қысып: **«Оқы!»,-** деді. Тағы да: «**Оқыған емеспін»-** деп жауап берді. Ол тағы да қысып босатты да: **«Жаратушы Аллаһтың атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратты. Оқы, Аллаһ өте қайырымды. Ол қаламмен үйретеді, білмегендеріңді үйретеді»-** деген мағынадағы Алақ сүресінің алғашқы бес аятын әкелді. Мұхаммед алейһиссалам да онымен бірге оқыды. Алғашқы уаһи осылай келді және бүкіл әлемді жарқыратқан Исламның күні осылайша туды.

Пайғамбарымыз “саллаллаһу алейһи уә сәлләм” қатты толқып, Хира тауындағы үңгірден шығып, төмен түсе бастады. Таудың ортасына келген кезінде бір дауыс естіді. Жәбрейіл алейһиссалам: **«Йа, Мұхаммед! Сен Аллаһу та’аланың расулысың, мен Жәбрейілмін»-** деп, өкшесімен жерді тепті. Тепкен жерінен су шығып, сол сумен дәрет ала бастады. Пайғамбарымыз оған мұқият қарап тұрды. Жәбрейіл алейһиссалам дәрет алып болғаннан кейін пайғамбарымызға көргеніндей етіп дәрет алуды сұрады. Пайғамбарымыз дәрет алып болғаннан кейін Жәбрейіл алейһиссалам имам болып екеуі екі рәкат намаз оқыды. Содан соң Жәбрейіл алейһиссалам: «Йа, Мұхаммед! Раббың саған сәлем айтты» деп артынан Аллаһтың: «**Сен менің жындар мен адамдарға жіберген Расулымсың. Олай болса оларды тәуһидке шақыр»-** деп бұйырғанын айтып көкке көтерілді. Сүйікті пайғамбарымыз осылайша Жәбрейіл алейһиссаламды көзімен көріп, сөйлесті.

Пайғамбарымыз үйіне жеткенше жолдағы тастар мен ағаштардың «Әссәләму аләйкә йа Расулаллаһ»- деп тұрғанын естіді. Үйіне барып: **«Менің үстімді жабыңдар! Менің үстімді жабыңдар!»-** деп үрейі басылғанша оранып демалып жатты. Сосын көргендерін Хадиша

анамызға айтып берді. **«Жәбрейіл алейһиссалам көзімнен ғайып болды. Бірақ оның айбаты мен қорқынышы әлі мені тәрк етпеді. Халықтың мені жындыға шығарып тіл тигізіп мазақтауларынан қорқтым»,-** деді. Осы жағдайды және осы күнді көптен күткен хазреті Хадиша: «Аллаһу та’ала сақтасын! Хақ та’ала сізге жақсылық береді және қайырдан басқа ешнәрсе тілемейді. Құдай үшін осы үмметтің пайғамбары болатыныңызға сенемін. Өйткені, сіз қонақты жақсы көресіз. Шындықты айтасыз, сенімдерді ақтағансыз. Әрқашан әлсіздерге көмектесіп, жетімдерді қорғайсыз. Мінезіңіз жақсы, бұл қасиеттердің иесінде қорқыныш болмайды»,- деді.

Сөйтіп бұл жағдай туралы сұрау үшін Уарақа бин Нәуфәлге барды. Уарақа Расулуллаһтың айтқандарын тыңдағаннан кейін: «Сүйінші, ей Мұхаммед алейһиссалам Аллаһу та’алаға ант етемін, сен хазреті Иса хабар берген соңғы пайғамбарсың! Саған көрінген періште сенен бұрын Мұса алейһиссаламға келген Жәбрейіл алейһиссалам, әттең жас болсам ғой. Қауымың сені Меккеден қысып шығарған кезеңге дейін жетсем, саған көмек берсем ғой. Қысқа уақыт ішінде саған уағыздау және жиһад жасау бұйрығы келеді»- деп, пайғамбарымыздың қолын сүйді. Көп уақыт өтпей Уарақа бин Нәуфәл қайтыс болды.

Уағыз жүргізу бұйрығының келуі

Пайғамбарымызға пайғамбарлығы білдірілген алғашқы уаһи осылай келген болатын. Уаһи осыдан кейін тоқтап, үш жылға дейін келмеді. Осы арада Исрафил алейһиссалам деген періште келіп, біраз нәрселер үйретті. Бұлар уаһи емес болатын. Осы кезең ішінде кей кездері пайғамбарымызды мазасыздық басатын. Пайғамбарымыз ренжіген кезде Жәбрейіл алейһиссалам көрініп: «Ей, Хабибаллаһ! Сен Аллаһу та’аланың пайғамбарысың»- деп жұбататын. Пайғамбарымыз былай дейді: **«Уаһи тоқтаған кез болатын. Хира тауынан түсіп келе жатқанда кенеттен көктен бір дауыс естідім. Көкке қарадым. Жәбрейіл алейһиссаламды көрдім. Ол жер мен көктің арасындағы бір орында отыр екен. Мен қорықтым. Үйге барып, мені бір нәрсемен жабыңдар дедім. Хақ та’ала уаһи жіберді «Ей бүркенген пайғамбар! Тұр да** (қауымыңды Аллаһу та’аланың азабымен) **қорқыт.** (Иман келтірмесе азапқа ұшырайтындықтарын хабарла). **Раббыңды тәкбір ет. Киіміңді таза**

ұста» (деген мағынадағы) **Мүддәссир сүресінің алғашқы аяттарын жеткізді. Бұдан кейін аяттар үзілмеді.»**

Пайғамбарымыз адамдарды Исламға шақырып, Аллаһу та'аланың бұйрықтары мен тыйымдарын уағыздай бастады. Жәбрейіл алейһиссалам уаһи әкелгенде кейде адам кейпіне еніп, сахабалардан Дыхья Кәлбидің түрінде келетін. Кейде пайғамбарымыздың жүрегіне білдіретін. Пайғамбарымыз оны көрмейтін. Кейде түсінде, кейде қорқынышты гуіл болып келетін. Уаһидің ең ауыры осы болатын. Бұл сәттерде суық күннің өзінде пайғамбарымыздың маңдайынан тер сорғалайтын. Түйенің үстінде болса уаһидің ауырлығынан түйе жерге жата кететін. Жанындағы сахабалар да уаһидің ауыр болып келгенін сезінетін. Жәбрейіл алейһиссалам бірнеше рет өзінің кейпінде келді.

Аллаһу та'ала періштесіз және пердесіз, яғни ешқандай аралық құралсыз да пайғамбарымызға уаһи айтқан. Бұл Миғраж оқиғасында орын алды.

Алғашқы уаһидің келуімен пайғамбарлық қызметін бастаған Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Исламды уағыздауды жиырма үш жыл жалғастырды. Оның он үш жылы Меккеде, он жылы Мәдинада өтті.

Құран кәрім 22 жыл 2 ай 22 күн мерзімде уаһи болып түсіп біткен.

Мұхаммед алейһиссалам «**үмми**» болатын. Яғни, кітап оқымаған, жаза алмаған, ешкімнен сабақ алмаған. Меккеде туылып, белгілі адамдардың арасында өскен. Солай бола тұра ол Тәурат пен Інжілде грек және римдіктер кезеңінде жазылған кітаптардағы мәліметтерден хабар берген. Исламды тарату үшін хижреттің алтыншы жылында Кіші Азия, Иран және Хабәш (Эфиопия) билеушілеріне және басқа да араб патшаларына хаттар жіберді. Оған алпыстан астам шетел елшісі келген. Бұл жағдай Құран кәрімде: **«Сен бұл Құран кәрім келместен бұрын бір кітап та оқыған жоқсың. Жазу жазбадың. Оқып-жаза алатын болсаң басқалардан үйрендің деулері мүмкін еді»**- деп хабарланған (Анкәбут сүресі, 48). Хадис шәрифте де: **«Мен үмми пайғамбар Мұхаммедпін. Менен кейін пайғамбар келмейді»** деген. Сондай-ақ, Құран кәрімде былай делінген: **«Ол** (Мұхаммед алейһиссалам) **өздігінен ешнәрсе айтпайды. Оның сөздері оған уаһимен білдіріледі, үйретіледі».** («Нәжм» сүресі, 3,4)

Алғашқы мұсылмандар

Пайғамбарымызға алғашқы уаһи келгеннен кейін алғаш иман келтірген хазреті Хадиша анамыз болды. Ешқандай да сенімсіздік танытпастан Исламды дереу қабылдап, алғашқы мұсылман болу құрметіне ие болды. Расулуллаһ хазреті Хадишаға Жәбрейіл алейһиссалам үйреткендей етіп дәрет алуды үйретті. Сосын пайғамбарымыз имам болып екеуі екі рәкат намаз оқыды. Хазреті Хадиша (радиаллаһу анһа) пайғамбарымыздың әр сөзіне, әр бұйрығына толығымен бағынды. Осылайша, Аллаһу та'аланың дәргейінде үлкен дәрежелерге көтерілді. Пайғамбарымыз қайғырса, қарсы шыққандарға ренжісе, оны жұбатып, қайғысына ортақтасатын. Ол былай дейтін: «Йа, Расулаллаһ! Еш ренжімеңіз, қайғырмаңыз. Ақыр соңында дініміз күшейіп, мүшріктер құриды. Қауымыңыз сізге бағынады». Хадиша анамыздың осындай қолдау көрсетуінің сияпаты ретінде бір күні Жәбрейіл періште келіп, **«Йа, Расулаллаһ! Хадишаға Аллаһу та'ала сәлем айтып жатыр»,-** дейді. Пайғамбарымыз **«Ей, Хадиша! Міне, Жәбрейіл алейһиссалам саған Аллаһу та'аланың сәлемін алып келді»-** деген. Пайғамбарымыз бір жолы **«Аллаһу та'ала Хадишаға жаннатта інжуден бір үй бергені жайлы сүйіншілеуімді бұйырды. Ол жерде ауру, мұң және бас ауруы жоқ»-** деген.

Хазреті Хадишадан кейін ересектер арасында алғаш мұсылман болған кісі расулуллаһтың жақын жолдастарының бірі хазреті Әбу Бәкір еді. Хазреті Әбу Бәкір жиырма жыл бұрын бір түс көрген болатын: «Аспаннан толған ай түсіп, Қағбаға келген екен, бөлшектеніп, әр бөлігі Меккедегі әр үйдің төбесіне түсіп, сосын бұл айдың бөлшектері қайтадан жиналып, бірігіп көкке көтеріліпті. Ал, Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһ) үйіне түскен бөлшегі көкке көтерілмей қалады. Мұны көрген Әбу Бәкір дереу үйдің есігін жауып, бұл айдың кетуіне кедергі жасайды».

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) оянып, таңертең дереу бір яһуди ғалымына барып түсін айтып береді. Ол ғалым «Бұл шатасқан түстердің бірі. Сондықтан оны жоруға болмайды»,- дейді. Бірақ, бұл түс Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһ) ойынан кетпей, яһудидің жауабына қанағаттанбайды. Бірде саудаға барғанында жолы дінбасы Бахираның өлкесіне түскен болатын. Көрген түсін Бахирадан жорып беруді сұрағанда, Бахира «Сен қайдансың?»- деп сұрады. Хазреті

Әбу Бәкір «Құрайыштанмын» дегенде, Бахира «Сол жерден бір пайғамбар шығады және тура жолының нұры Меккенің барлық жеріне таралады. Сен оның уәзірі, қайтыс болғаннан кейін халифасы боласың»,- деді. Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) бұл жауапқа қатты таңырқады. Бұл түсі туралы ол расулуллаһтың пайғамбарлығы білдірілгенге дейін ешкімге айтпады. Мұхаммед алейһиссалам пайғамбарлығын жариялаған кезде хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) дереу пайғамбарымызға жүгіріп барып, «Пайғамбарлардың өздерінің пайғамбар екендіктеріне дәлелдері болады, сенің дәлелің не?»- деп сұрады. Расулуллаһ: «Бұл пайғамбарлығыма дәлел сенің көрген түсің, ол түсті сен яһуди ғалымына жорытуды қаладың. Ол ғалым «Шатасқан түс, жорылмайды»,- деді. Сосын дінбасы Бахира дұрыс жорып берді»- деп, хазреті Әбу Бәкірге қарап «Ей, Әбу Бәкір! Сені Аллаһқа және Расулына шақырамын»,- деді. Сол кезде Әбу Бәкір «Куәлік етемін, сен Аллаһу та'аланың расулысың, сенің пайғамбарлығың ақиқат және әлемді жарқыратқан нұр»- деп мұсылман болды.

Тағы бір риуаят бойынша хазреті Әбу Бәкір расулуллаһқа пайғамбарлығы білдірілместен бұрын сауда мақсатында Йеменге барған. Сол сапарында Йемендегі Әзд тайпасынан көп кітап оқыған бір қарт адамға жолығады. Бұл қария хазреті Әбу Бәкірге қарап: «Сен Мекке халқынансың ғой шамасы»,- дейді. Хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) «Иә, солай» деп екеуі әңгімені былай жалғастырады:

- Сен Құрайыштансың ба?
- Иә.
- Бәни Тәмимненсің бе?
- Иә.
- Тағы бір белгі қалды.
- Ол не?
- Ішіңді аш, көрейін...
- Мақсатыңыз не, айтыңыз.
- Кітаптардан оқыдым, Меккеден бір пайғамбар шығады. Оған екі адам көмектеседі. Бірі жас, екіншісі егде адам. Жасы небір қиындықтарды жеңілдетеді. Көптеген бәле-жалаларды жояды. Ал егде адам болса ақ құба, ашаң тұлғалы, қарнында бір қара меңі бар болады. Мен сол адамды сен деп ойлаймын. Ішіңді аш, көрейін.

Содан соң хазреті Әбу Бәкір ішін ашады, кіндігінің үстіндегі қара меңді көргенде «Уаллаһи сол адам сенсің» деп, Әбу Бәкірге көп

насихаттар айтады. Хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) жұмысын бітіргеннен кейін қоштасуға жаңағы адамға барады. Пайғамбарымыз туралы өлең оқуын сұрайды. Ол кісі он екі шумақтан тұратын өлең оқиды. Хазреті Әбу Бәкір оларды жаттап алады.

Хазреті Әбу Бәкір сапардан Меккеге оралғанда Уқбә ибн Муайт, Шәйба, Әбу Жәһл, Әбул Бухтәри сияқты Құрайыштың алдыңғы қатарлы адамдары оның үйіне барады. Әбу Бәкір оларға «Бір жағдай болды ма?»- деп сұрайды. Олар «Бұдан асқан масқара болмас, Әбу Тәліптің жетімі пайғамбармын деп жар салуда, сендер және ата-бабаларың бұрыс (қате) дінненсіңдер дейді. Егер сен болмағаныңда оны бұл кезге дейін тірі қалдырмас едік. Сен оның жақын досысың. Бұл істі сен өзің шеш»,- дейді. Хазреті Әбу Бәкір оларды жіберіп, расулуллаһтың хазреті Хадишаның (радиаллаһу анһа) үйінде екенін сұрастырып білді. Барып есігін қақты. Пайғамбарымыз оны қарсы алғанда «Йа, Мұхаммед! Сен туралы айтылып жүргендер не?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Мен Хақ та'аланың пайғамбарымын. Саған және бүкіл адамзат баласына жіберілдім, иман келтір, сонда Аллаһу та'аланың ризалығын аласың және жаныңды тозақтан қорғайсың»,-** деді. Хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) «Бұған дәлелің бар ма?»- деп сұрады. Расулуллаһ **«Ана Йеменде көрген қарт адамың туралы оқиға менің дәлелім»,-** деді. Хазреті Әбу Бәкір «Мен Йеменде көптеген қарт пен жас адам көрдім»,- деді. Пайғамбарымыз **«Ол қарт саған он екі шумақтық өлеңді аманат етіп, маған жіберді»-** деп, сол өлеңдерді оқыды. Хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) «Мұны саған кім айтты?»- деп сұрағанда **«Менен бұрынғы пайғамбарларға келген періште айтты»,-** деді. Осыны естігеннен кейін хазреті Әбу Бәкір «қолыңды берші» деп, пайғамбарымыздың қолынан ұстап **«Әшһәду ан лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһү уә Расулуһү»-** деп мұсылман болды. Өмірінде алғаш рет сезініп тұрған қуаныш сезімімен үйіне мұсылман болып оралды. Бір хадис шәрифте: **«Кімге иман туралы айтсам, бетін тыржитып, сенімсіздікпен қарайтын. Бірақ, хазреті Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) иманды қабылдауда еш сенімсіздік танытпастан қабылдады»** делінген.

Пайғамбарымыз бір күні хазреті Хадиша екеуі намаз оқып тұрғанда оларды хазреті Әли көрді. Ол кезде ол 10-12 жастарда болатын. Намаздан соң «Бұл не?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз: **«Бұл Аллаһу та'аланың діні. Сені де осы дінге шақырамын. Аллаһу та'ала**

бір. Серігі жоқ. Сені бір болған, теңдесі жоқ Аллаһқа иман етуге шақырамын»,- деді. Хазреті Әли «Алдымен әкеммен ақылдасайын» дегенінде Расулуллаһ оған **«Исламға кірмесең бұл сырды ешкімге айтпа»,-** деді. Хазреті Әли ертеңіне таңертең пайғамбарымызға барып «Йа, Расулаллаһ! Маған Исламды үйретіңіз!» деп, мұсылман болды. Хазреті Әли – мұсылман болғандардың үшіншісі.

Зәйд бин Хариса да (радиаллаһу анһ) алғаш иман келтіргендердің бірі. Хазреті Хадиша, хазреті Әбу Бәкір және хазреті Әлиден (радиаллаһу анһум) кейін төртінші, азат болған құлдардың ішінде алғашқы болып мұсылман болды. Онымен бірге әйелі Үммү Әймән да мұсылман болды.

Хазреті Әбу Бәкір мұсылман болғаннан кейін дереу жақсы көретін жолдастарына барды. Оларды да мұсылмандыққа шақырды. Сахабалардан Осман бин Аффан, Талха бин Убәйдуллаһ, Зубәйр бин Ауууам, Абдуррахман бин Ауф, Са'д бин Әбу Уаққас сияқты ұлы тұлғалар хазреті Хадишадан кейін мұсылман болғандар еді. Бұл сегіз кісі **Сабиқун-и Ислам**, яғни алғашқы мұсылмандар деп аталды.

Хазреті Осман қалай мұсылман болғанын былай әңгімелейді: «Менің бір көріпкел нағашы әпкем бар болатын. Бір күні соған бардым. Маған «Сағаң бір әйел нәсіп болады. Бірақ сен одан бұрын ешқандай әйел көрмейсің, ол да сенен бұрын басқа еркек көрмейді. Ол сұлу, тақуа әйел және ұлы пайғамбардың қызы болса керек»,- дейді. Мен әпкемнің бұл сөзіне таң қалдым. «Әпке, мұндай нәрсе туралы қалада айтылып жатқан жоқ. Бұл туралы ашып айт»,- дедім. Сонда әпкем «Мұхаммед бин Абдуллаһқа пайғамбарлық келді. Жақында ол халықты дінге шақырады. Қысқа уақыттың ішінде әлем соның дінімен нұрланады және оған қарсы келгендердің басы шабылады»,- дейді.

Әпкемнің бұл сөздері маған қатты әсер етті. Алаңдай бастадым. Хазреті Әбу Бәкір екеуміздің арамызда жақын достық қатынас бар болатын. Бір-бірімізден ажырамайтынбыз. Осы мәселені талқылау үшін екі күннен кейін хазреті Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһ) бардым. Әпкемнің айтқандарын айтқанымда ол маған «Йа, Осман! Сен ақылды адамсың. Еш көрмейтін, есітпейтін, ешнәрсеге пайдасы да, зияны да жоқ тастар қалайша тәңір бола алады?»,- деді. Мен «Дұрыс айтасың, әпкемнің сөзі дұрыс»,- дедім».

Хазреті Әбу Бәкір хазреті Османға (радиаллаһу анһ) Исламды түсіндіргеннен кейін оны пайғамбарымыздың қасына ертіп барды.

Расулуллаһ хазреті Османға былай деді: **«Йа, Осман! Хақ та'ала сені жұмаққа қонаққа шақырады. Сен бұл шақыруды қабыл ет. Мен барлық адамдарға хидаят жолын (тура жолды) көрсетуші ретінде жіберілдім»**. Хазреті Осман Расулуллаһтың таңғажайып халдерімен жылы жүз және тәтті сөздеріне әсерленіп, шексіз қуанышпен **«Әшһәду ан лә илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһү уә Расулуһү»-** деп, мұсылман болды.

Расулуллаһ пайғамбарлықтың алғашқы үш жылында адамдарды Исламға жасырын түрде шақырды. Адамдар әсте-әсте, бірте-бірте мұсылман болып жатқан еді. Бұл мерзімде мұсылмандардың саны отызға әрең жеткен еді. Олар да ғибадаттарын үйлерінде тығылып орындайтын, Құран кәрімнің түскен аяттарын жасырын оқып, жаттайтын.

Жақын туыстарын дінге шақыруы

Пайғамбарымыз **«Мүддәссир»** сүресінің түсуімен адамдарды Ислам дініне дағуат ете (шақыра) бастаған еді. Бұл шақыру ісін жасырын түрде жүргізді. Біраз уақыттан соң **«Жақын туыстарыңды Аллаһу та'аланың азабымен қорқытып, оларды хақ дінге шақыр»** («Шуара» сүресі, 214) деген мағынадағы аят түсті. Сондықтан Мұхаммед алейһиссалам туыстарын дінге шақыру мақсатымен хазреті Әли арқылы хабар салып, барлығын Әбу Тәліптің үйіне шақырды. Алдарына бір адамға жететіндей тамақ және сүт қойды. Алдымен өзі "бисмилләһ" деп бастап, келген туыстарына ұсынды. Келгендердің саны қырық адам болатын. Алайда, қойылған тамақ бәріне жетті және азаймады. Келгендер бұл мұғжизаға таңырқап, қайран қалды. Тамақтан кейін пайғамбарымыз туыстарын Исламға шақыру үшін сөзін бастағалы тұрғанда көкесі Әбу Ләхәб дұшпандық етіп: «Біз сиқырдың мұндай түрін көрмеген едік. Ей Құрайыш тайпасы, мына туыстарың бәріміздің аузымызды ашып сиқыр көрсетіп жатыр. Ей, бауырымның ұлы! Мен өмірімде сен сияқты жамандық бастап келген бірде-бір адам көрген емеспін.» деп пайғамбарымызға жаман сөздер айта бастады. Расулуллаһ Әбу Ләхәбқа қарата: **«Маған Құрайыш пен барлық араб тайпаларының жасай алмайтын жамандығын сен жасадың»,-** деді. Жиналғандардың ешқайсысы мұсылмандықты қабылдамастан үй-үйіне тарап кетті. Осы оқиғадан қысқа уақыт өткен соң расулуллаһ тағы туыстарын хазреті Әли

арқылы қонаққа шақыртты. Бұрынғысынша алдарына ас қойылды. Пайғамбарымыз тамақтан кейін орнынан тұрып: **«Әртүрлі hамдмадақ тек Аллаhу та'алаға тән. Әртүрлі көмекті де тек Аллаhтан сұраймын. Оған сеніп, Оған сүйенемін. Аллаhу та'аладан басқа илаh жоқ екеніне күмәнсіз сенемін және растаймын. Аллаh – бір. Оның серігі мен теңдесі жоқ»,-** деді де сөзін былай жалғастырды: **«Сендерге зередей де өтірік араласпаған шындықты айтып тұрмын. Сендерді өзінен басқа тәңір болмаған жалғыз Аллаhу та'алаға иман келтіруге шақырамын. Мен Оның сендерге және күллі адамзат баласына жіберген пайғамбарымын. Уаллаhи** (Аллаhқа ант етемін)**, барлығың уақыт жеткенде ұйқыға жатқандай өлесіңдер және бір күні ұйқыдан оянғандай болып тірілесіңдер. Жасаған барлық істерің үшін сол күні есеп бересіңдер. Жақсылықтарың үшін марапатталасыңдар, жамандықтарың үшін жазаланасыңдар. Марапаттарың – жаннатта мәңгі қалу, ал жазаларың - жаhаннамда мәңгі жану болмақ. Адамдар арасында ахирет азабымен ең алғаш болып қорқытқан адамдарым – сендерсіңдер».** Әбу Тәліп бұл сөздерді тыңдағаннан кейін: «Ей, қымбатты інім! Мен үшін саған көмектесуден артық міндет жоқ. Насихаттарыңды ұнатып, қабылдадық, сөздеріңді шын жүрекпен мойындадық. Қазір бұл жерде жиналғандар – атаң Абдулмутталибтің ұрпақтары. Мен де солардың бірімін. Сенің қалаған нәрсеңе ең алдымен мен жүгіремін. Сені қорғаудан қашпайтынима уәде беремін. Сен өзіңе әмір етілген міндетіңді атқара бер. Бірақ, ескі дінімді тастау мәселесінде нәпсім мені тыңдар емес»,- деді. Әбу Ләхәбтан басқа сол жердегі туыстарының бәрі жылы сөздер айтты. Бірақ Әбу Ләхәб: «Ей, Абдулмутталиб ұлдары! Оған өзгелер кедергі болмай тұрып сендер кедергі болыңдар. Егер бүгін оның айтқандарын қабылдайтын болсаңдар, қорлық пен сорлыққа тап боласыңдар. Оны қорғауға тырысатын болсаңдар, барлығың өлтірілесіңдер...» деп бопсалады. Әбу Ләхәбқа пайғамбарымыздың апасы: «Ей, інім! Бауырымыздың ұлын және оның дінін көмексіз қалдыру саған жараса ма? Аллаhқа ант етемін, заманымыздың данышпандары Абдулмутталибтің тегінен бір пайғамбардың шығатынын айтуда. Сол пайғамбар міне – осы.»,- деді. Әбу Ләхәб бұл сөздерге де мән бермей пайғамбарымызды жамандауын жалғастырды. Сонда Әбу Тәліп Әбу Ләхәбқа ашуланып: «Ей, қорқақ! Ант етемін, біз көзіміз тірі болса өміріміздің соңына дейін оны қолдап, қорғаймыз»,- деді. Мұхаммед алейhиссаламға

қарап: «Ей, бауырымның ұлы! Адамдарды Раббыңа иманға шақыруды қашан бастайтыныңды айт, қаруланып сенімен бірге шығайық»,- деді. Сосын пайғамбарымыз қайтадан сөз алып: **«Ей, Абдулмутталиб ұлдары! Аллаhтың атымен ант етемін, арабтар ішінде өз қауымының дүниесі мен ахиретіне менің әкелгенімнен** (бұл діннен) **де артығын және пайдалысын әкелген адам болған емес. Мен сіздерді тілге жеңіл, мизанда** (таразыда) **ауыр басатын екі сөзді айтуға шақырамын. Ол – Аллаhтан басқа илаh** (тәңір) **жоқ екеніне және менің Оның құлы және расулы екеніме куәлік етулеріңіз. Аллаhу та'ала сіздерді осыған шақыруымды бұйырды. Олай болса, қайбіріңіз менің осы шақыруымды қабылдап, маған осы жолда көмекші боласыздар?»,-** деді. Ешкім дыбыс шығармай бастарын салбыратып отырып қалды. Пайғамбарымыз бұл сөзін үш рет қайталады. Әр айтқанында хазреті Әли орнынан тұрды. Үшінші ретінде: «Йа, Расулаллаh! Жиналғандар ішінде ең кішісі мен болсам да сізге өмір бойы жәрдемші болуға дайынмын»,- деді. Пайғамбарымыз хазреті Әлидің қолынан ұстады. Қалғандары таңырқаған қалпында тарқасты.

Аллаhу та'аланың хабибі – сүйіктісі "саллаллаhу алейhи уә сәлләм" туыстарының бұл қылығына қатты ренжіді. Бірақ, олардың тозақтан құтылулары, мәңгілік бақытқа қауышулары үшін иманға шақыруын тоқтатпады.

Пайғамбарлығының төртінші жылында «(Ей Хабибім - Сүйіктім) **Саған бұйырылғандарды** (әмір мен тыйымдарды) **баяндап жеткіз, ақиқат пен жалғанның арасын айыр. Мүшріктерден бетіңді бұр!»** деген **«Хижр»** сүресінің 94-ші аяты түскенде пайғамбарымыз меккеліктерді Исламға ашық түрде дағуат ете бастады. Бір күні Сафа төбесіне шығып: **«Ей, Құрайыш халқы! Мұнда жиналып, сөздерімді тыңдаңдар!»,-** деді. Тайпалар жиналғаннан кейін: **«Ей, қауымым! Менен бір рет болса да жалған сөз естіп пе едіңдер?»**,- деді. Олардың барлығы бірден: «Жоқ, естіген жоқпыз»,- деді. **«Аллаhу та'ала маған пайғамбарлық берді және мені сендерге пайғамбар етіп жіберді»**,- деді. Сосын «(Ей Сүйіктім!) **Оларға айт: Ей, адамдар! Мен сендердің барлықтарыңа жіберілген Аллаhу та'аланың елшісімін. Ол Аллаhу та'ала жерлер мен көктердің иесі, билеушісі. Одан басқа ғибадатқа лайықты ешкім жоқ. Барлық жандыны өлтіретін де, тірілтетін де Сол...»** деген мағынадағы **«Араф»** сүресінің 158-ші аят кәримәсын оқыды. Тыңдап

тұрғандардан көкесі Әбу Ләхәб ашуланып: «Мына бауырымның ұлы жынданған! Ей халайық, біздің пұттарымызға табынбайтын, дініміздің шыққан адамның сөзін неге тыңдап тұрсыңдар?!»- деп айқайлады. Бұл айқайды естігендер пайғамбарымыздың турашыл, жақсы мінезді екенін біле тұра иман келтірмей тарап кетті және барлығы Аллаһ елшісінің дұшпанына айналды.

Тағы бір күні Аллаһу та'аланың **«Саған бұйырылған нәрсені түсіндір»** деген бұйрығын орындау мақсатымен, қайтадан Сафа төбесіне шықты. Дауыстап: **«Йа, сабахах! Мұнда келіңдер! Жиналыңдар! Сендерге маңызды хабарым бар!»-** деп жар салды. Адамдар жиналды. Барлығы таңырқап, күтіп тұрды. Келмегендер де адам жіберіп, не үшін жиналып жатқанын білгісі келді. Келгендердің бір тобы: «Ей, Мұхаммедул әмин! Бізді бұл жерге неге жинадың? Не айтайын деп едің?»,- деді. Ол: **«Ей, Құрайыш тайпалары! Менімен сендердің жағдайларың жауды көріп, үйіне хабар беруге асыққан және жаудың өзінен бұрын бала-шағасына жетіп, зиян келтіруінен қорқып «Йа сабахах (жау қоршады! Таң атты. Дереу соғысуға дайындалыңдар) деп айқайлаған адамның халіне ұқсайды. Ей, Құрайыш қауымы! Мен сендерге мына таудың ар жағында жаудың әскері бар, сендерге шабуыл жасағалы тұр» десем, маған сенесіңдер ме?»,-** деді. Олар «Иә, сенеміз. Өйткені осы күнге дейін сенен өтірік сөз естіген жоқпыз»,- деді.

Сосын Құрайыш тайпаларының әрбірін «**Ей, Хашим ұлдары! Ей, Абдуманаф ұлдары!»-** деп жеке-жеке атап: **«Мен сендердің бастарыңа әлбетте келетін ауыр азаптың хабаршысымын. Аллаһу та'ала маған ең жақын туыстарымды ахирет азабымен қорқытуды бұйырды. Сендерді «Лә илаһә иллаллаһу уаһдаһу лә шәрикәләһ** (Аллаһ жалғыз, Одан басқа илаһ жоқ) **деп иман келтіруге шақырамын. Мен Оның құлы және пайғамбарымын. Егер осы айтқандарыма иман келтірсеңдер жаннатқа барасыңдар. Сендер «Лә илаһә иллаллаһ» демейінше менің сендерге дүниеде де, ахиретте де ешқандай пайдам болмайды»,-** деді. Тыңдап тұрғандардың ішінен тағы да Әбу Ләхәб: «Бізді не осы үшін жинадың ба?»- деп, жерден тас алып пайғамбарымызға лақтырды. Басқалар ол бедбахтқа ермесе де өз араларында сөйлесіп, ешбірі иман келтірмей тарап кетті.

Күнді оң қолыма қойсаң да...

Пайғамбарымыз алейһиссалам осы дағуаттарынан кейін қай жерде жалғыз немесе жиналған адамдарды көрсе, оларға Исламды уағыздады. Шынайы бақыттың және құтылудың – нәпіске еруден, зұлымдықтан, әділетсіздіктен және де бүкіл жаман істерден аулақ болуда, Аллаһу та'алаға иман етуде екенін түсіндірді. Нәпсілерінің қолында ойыншық болғандар, шәһуаттарының құлы болғандар, кедейлер мен әлсіздерді қорлайтындар және бұзақылықты кәсіпке айналдырғандар Расулуллаһтың айтқандарына қатты қарсылық көрсетті. Олар күнделікті әдетке айналдырып істеп жүрген бұл азғын әрекеттеріне тоқтау салынатынын көріп, Мұхаммед алейһиссаламның айтқандарына қарсы шықты. Оған және иман келтіргендерге жау болды.

Алғашында мүшріктер Расулуллаһты мазақ ететін. Пайғамбарымыздың оларға мән бермегенін көріп ашықтан зорлық-зомбылық жолына өтті. Мұсылмандарды езіп, Исламның нұрын сөндіргілері келді. Олардың бастарында Әбу Жәһл, Утбә, Шәйба, Әбу Ләхәб, Уқбә бин Әбу Муайт, Ас бин Уәил, Әсуәд бин Мутталиб, Әсуәд бин Абди Йағуәс, Уәлид бин Муғира... сияқтылар бар болатын.

Бір күні Утбә, Шәйба және Әбу Жәһл үшеуі Әбу Тәліпке: «Сен біздің көсемімізсің. Біз сені әрқашан сыйлап, құрметтейміз. Ініңнің ұлы жаңа бір дін құрды. Пұттарымызға тіл тигізіп, бізді кәпір деп айыптауда. Онымен сөйлес, бұл тірліктерін доғарсын. Егер қайтпайтын болса, не істейтінімізді өзіміз білеміз...»,- деді. Әбу Тәліп оларды тыныштандырып шығарып салды. Бірақ бұл жағдайды ренжітіп алармын деген оймен пайғамбарымызға айтпады. Біраз уақыт өткен соң мүшріктер қайта жиналып Әбу Тәліпке келді де: «Саған бұдан алдын да келіп, жағдайды түсіндірген едік. Сөзімізге құлақ аспадың. Ол әлі де пұттарымызды жамандауын қоймады. Болды, шыдамымыз таусылды. Екеуіңмен де қасық қанымыз қалғанша күресеміз. Меккеден не ол, не біз кетеміз»,- деді. Әбу Тәліп оларды райынан қайтарғысы келіп еді, бірақ олар айтқандарынан қайтпады. Әбу Тәліптің пайғамбарымызды ренжіткісі келмегенімен қатар қауымының өзіне дұшпан болуын да қаламады. Сондықтан пайғамбарымызға барып: «Ей, Мұхаммед! Қауымымыз саған қарсы бірігіп, маған сені шағымданып келді. Туыс арасында қастасу жақсы нәрсе емес. Олар сенің оларды кәпір демеуіңді және адасқандықтарын

айтып, жамандамауыңды талап етуде.»,- деді. Аллаһтың Сүйіктісі: **«Ей, көке! Бір нәрсені жақсы біліп алыңыз: Олар менің оң қолыма күнді, сол қолыма айды алып кеп берсе** (не істесе де) **де, мен бұл діннен және оны уағыздаудан бас тартпаймын. Я Аллаһу та'ала бұл дінді жер жаһанға жайып, менің міндетім аяқталады, яки бұл жолда жанымды пида етемін»-** деп, орнынан тұрды. Мүбәрәк көздері жасаурап кеткен еді. Пайғамбарымыздың ренішін көрген Әбу Тәліп айтқанына өкініп қалды да оны құшақтап: «Ей, інімнің ұлы! Міндетіңді жалғастыр, қалағаныңды істей бер. Мен тірі болсам, қашанда сені қорғап, қолдаймын»,- деді.

Әбу Тәліптің пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламды қамқорлығына алғанын естіген мүшріктердің басшыларынан он адам, қастарына Умарә бин Уәлидті ертіп Әбу Тәліпке барды. Оған: «Ей, Әбу Тәліп! Мына Умарә Мекке жастарының ең көркемі, ең күштісі, ең жақсы мінездісі екенін білесің. Сонымен қатар ақындығы да бар. Бұл жігітті саған берейік, өз істеріңе пайдалан. Умарәның орнына бізге Мұхаммедті бер, біз оны өлтірейік. Саған бір адам орнына бір адам береміз, бұдан артық не керек?»,- деді. Әбу Тәліп бұл сөзге қатты ашуланып: «Сендер маған алдымен өз ұлдарыңды беріңдер, мен оларды өлтірейін. Сосын інімнің ұлын беремін.»,- деді. Мүшріктер жағдайдың шиеленіскенін түсініп: «Біздің ұлдарымыз сенің ініңе ұқсап пұттарымызға тіл тигізіп жатқан жоқ қой...»,- деді. Әбу Тәліп: «Ант етемін, інімнің ұлы сендердің ұлдарыңның барлығынан да артық және үстем. Демек, маған өз ұлдарыңды беріп, асыратасыңдар да, менің жан-жігерімді алып өлтіресіңдер, солай ма?... Екеш түйе де тек өз ботасын қорғайды. Бұл айтып отырғандарың – ақыл мен қисыннан алшақ іс. Болды! Басқа шығып кеттіңдер! Кімде-кім менің жан-жігерім Мұхаммедке "алейһиссалам" дұшпандық етсе, ол менің де дұшпаныма айналады! Ендеше қолдарыңнан келгенін аямаңдар!»,- деді. Әбу Тәліптің бұл сөзін естіген мүшріктер ашу-ызаға булығып орындарынан тұрып кетіп қалды. Әбу Тәліп дереу Хашим ұлдары мен Абдулмутталиб ұлдарын жинады. Оларға жағдайды түсіндіріп, барлығын туыстары сүйікті пайғамбармыз Мұхаммед саллаллаһу алейһи уәсәлләмға көмектесуге көндірді. Расулуллаһқа қол көтергеннің қолы, қастандыққа тырысқанның басы шабылатын болып келісілді. Хашим ұлдары мен Абдулмутталиб ұлдары осы мәселе бойынша мүшріктерге қарсы бірікті. Бұл келісімге тек Әбу Ләхәб қана қосылмады. Әбу Тәліп оларға: «Ей, жігіттер! Ертең барлығың

қылыштарыңды алып менің артымнан келесіңдер»,- деді. Ертеңіне Әбу Тәліп пайғамбарымыздың үйіне барды. Барлығы бірге жиналып, қасиетті Қағба орналасқан Харам Шәриф алаңына қарай жүрді. Хашим ұлдарының жігіттері олардың артынан жүрді. Олар Қағбаға барып, мүшріктердің қарсы алдына шықты. Әбу Тәліп мүшріктерге: «Ей Құрайыш қауымы! Інімнің ұлын өлтіруге бел байлағандарыңды естідім. Мына артымда тұрған жастардың қолдарына қылыш алып, сабырсыздықпен бұйрығымды күтіп тұрғанын білесіңдер ме? Ант етемін, Мұхаммедті өлтіретін болсаңдар еш қайсысыңды да тірі қалдырмаймын!...»,- деді де пайғамбарымызды мадақтайтын өлеңдер оқи бастады. Әбу Жәһл бастаған мүшріктер ол жерден тарап кетті.

Қорлық, қастандық және зұлымдық

Құрайыштың алдыңғы қатарлы мүшріктері пайғамбарымызды жалғыз кездестіріп қалған жерлерінде түрткілейтін, балағаттайтын, тіпті ұруға да тырысатын еді. Ал сахабаларды бас салып алып кетіп қинап, қорлап, жәбірлеулерін қоймайтын еді. Бір күні Құрайыштың абыройлы мүшріктері Қағбаның жанына жиналып отырып пайғамбарымыз жайлы әңгіме қозғады: «Оған шыдағанымыздай басқа ештеңеге шыдаған емес едік. Бізді жындыға шығарып, тәңірлерімізге тіл тигізіп, жамандайды, дінімізді айыптайды. Қауымымызды бір-бірінен бөлсе де сабыр сақтап ештеңе демедік...» Сол кезде пайғамбарымыз Қағбаны зиярат етуге келді. Хажәри әсуәдті сүйіп, Қағбаны айналып тауап ете бастады. Олардың жанынан өтіп бара жатқанында мүшріктер пайғамбарымызға тіл тигізіп, балағаттай бастады. Расулуллаһ мүшріктердің бұл қылығына қатты ренжіді. Бірақ ештеңе деместен тауап етуін жалғастыра берді. Үшінші рет қастарынан өтіп бара жатқанда тоқтап: **«Ей, құрайыштықтар! Мені тыңдаңдар! Жаным қолында тұрған Аллаһу та'алаға ант етемін, маған сендердің біреуің қалмай құрдымға кететіндерің білдірілді...»** дегенінде отырған мүшріктер не істерін білмей дал болып қалды. Бір ауыз да сөз айта алмады. Тек Әбу Жәһл ғана пайғамбарымыздың қасына барып: «Ей, Әбул Қасым! Сен бізге бөтен адам емессің. Біздің дөрекі қылықтарымызға қарама, ғибадатыңды жалғастыра бер. Сен бізбен бір болатындай надан емессің ғой...»- деп жалынып, Расулуллаһтың көңілін аулауға тырысты. Осыдан соң пайғамбарымыз ол жерден кетіп қалды.

Ертеңіне мүшріктер тағы да сол жерге жиналды. Өз араларында пайғамбарымызды жамандап әр нәрсе айта бастады. Сол кезде ол жерге пайғамбарымыз келді. Ызасы келіп отырған мүшріктер Аллаһтың сүйіктісін көре сала ортаға алып, бассалды. Іштеріндегі ең бедбахт болғаны Уқбә бин Муайт пайғамбарымыздың мүбәрәк жағасынан алып, мойнынан тұншыққанша буындырды. Сол сәтте сол жерге келген хазреті Әбу Бәкір: «Менің құдайым Аллаһ деген адамды өлтіресіңдер ме? Ол сендерге әлемдердің Раббысынан аят әкелді...»- деп айқайлап, Расулуллаһты қорғау үшін араларына түсті. Мүшріктер пайғамбарымызды қойып, хазреті Әбу Бәкір Сыддыққа жабылып кетті. Оның мүбәрәк басынан жұдырықтап ұрып, тепкіге ала бастады. Утбә бин Рәбиа деген бедбахт хазреті Әбу Бәкірдің мүбәрәк бетін аяқ киімімен ұрып, қан жоса етті. Оны адам танымайтындай халге жеткізді. Тәйм ұлдары келіп араша түспегенде өлгенше ұратын еді. Қауымдастары әлсіреп аяққа тұра алмайтындай жағдайға жеткен хазреті Әбу Бәкірді матаға салып үйіне алып барды. Хазреті Әбу Бәкірді үйіне тастап дереу Қағбаға оралып, мүшріктерге: «Егер Әбу Бәкір өлетін болса, ант етеміз, біз де Утбәні өлтіреміз»- деп, хазреті Әбу Бәкірдің үйіне қайтып кетті.

Әбу Бәкір радиаллаһу анһ біраз уақыт есін жинай алмай жатты. Әкесі мен қауымы - Тәйм ұлдары оны емдеп айығуына көп күш салды. Ол тек кешке қарай ғана есін жиа алды. Көздерін аша сала: «Расулуллаһ не істеп жатыр? Оның жағдайы қалай? Мүшріктер оған тіл ұзатып, балағаттап еді» деуге шамасы келді. Қасындағылар хазреті Әбу Бәкірдің анасы Үммүл-Хайрға: «Сұрап көрші, бір нәрсе жеп, ішкісі келе ме екен?»,- деді. Әбу Бәкірдің радиаллаһу анһ еш тәбеті жоқ еді, ешнәрсе ішіп-жегісі келмеді. Үйде адамдар азайғаннан кейін анасы хазреті Әбу Бәкірден: «Не ішесің? Не жейсің?»- деп сұрады. Ол көздерін ашып: «Расулуллаһ не халде? Не істеп жатыр?»,- деді. Анасы: «Уаллаһи, досың туралы ешнәрсе білмеймін»,- деді. Хазреті Әбу Бәкір: «Хаттабтың қызы Үммү Жәмилге барып, Расулуллаһтың жағдайын содан сұрап көріңізші»,- деді. Үммү Жәмил радиаллаһу анһа хазреті Омардың қарындасы болатын, ол мұсылмандықты қабылдаған еді. Үммүл-Хайр орнынан түрегеліп Үммү Жәмилдің үйіне кетті. Үммү Жәмилге: «Балам Әбу Бәкір сенен Мұхаммед алейһиссаламның жағдайын сұрап жатыр. Ол қандай халде екен?»,- деді. Үммү Жәмил: «Менің Мұхаммед алейһиссаламнан да, Әбу Бәкірден де ешқандай хабарым жоқ, қаласаңыз екеуміз бірге барып

білейік»,- деді. Сөйтіп екеуі хазреті Әбу Бәкірдің жанына барды. Үммү Жәмил Әбу Бәкір Сыддықтың радиаллаһу анһ осындай ауыр жағдайда жатқанын көріп: «Сізге бұлай жасаған қауым – нағыз азғынның өзі! Аллаһу та'аладан тілейтінім, осы істегендерінің жазасын тартсын»,- деді. Хазреті Әбу Бәкір Үммү Жәмилден: «Расулуллаһ не істеп жатыр? Халі қалай?»- деп сұрады. Үммү Жәмил оған: «Мұнда анаңыз бар, айтқанымды естіп қояды»- дегенінде хазреті Әбу Бәкір: «Одан саған ешқандай зиян келмейді, сырыңды жаймайды»,- деді. Үммү Жәмил: «Расулуллаһ тірі, жағдайы жақсы»,- деді. Хазреті Әбу Бәкір: «Ол қазір қайда?»- деп сұрады. Үммү Жәмил: «Әрқамның үйінде»- деп жауап берді. Хазреті Әбу Бәкір: «Уаллаһи, Расулуллаһты барып көрмейінше ешнәрсе жеп-ішпеймін»,- деді. Анасы: «Сен біраз күте тұр, адамдар ұйқыға кетіп, айнала саябырсысын»,- деді. Барлық адам жатып, тыныштық орнағаннан кейін хазреті Әбу Бәкір анасымен Үммү Жәмилге сүйеніп, жайлап жүріп, Расулуллаһтың жанына барды. Оны құшақтап сүйді. Қасындағы мұсылман бауырларымен де құшақтасып көрісті. Хазреті Әбу Бәкірдің радиаллаһу анһ бұл жағдайы пайғамбарымызды қатты қамықтырды. Хазреті Әбу Бәкір: «Йа, Расулаллаһ! Ата-анам сізге құрбан болсын! Ол бұзақы адамға менің жүзімді осындай адам танымас жағдайға келтіргені үшін ғана ренжідім. Мына қасымдағы мені дүниеге әкелген анам – Сәлма. Оған дұға етуіңізді сұраймын. Аллаһу та'ала сіздің құрметіңізге оны тозақ отынан сақтайды деп үміттенемін» деп өтінішін білдірді. Расулуллаһ Сәлма ханымның мұсылман болуы үшін Аллаһу та'алаға дұға етті. Пайғамбарымыздың дұғасы қабыл болған еді. Осылайша Үммүл-Хайр да тура жолға қауышып, мұсылман болды және алғашқы мұсылмандардың қатарында болу мәртебесіне қауышты.

Пайғамбарымыздың үйі Әбу Ләхәб пен Уқбә бин Муайт деген екі қанипезер мүшріктің үйлерінің арасында болатын. Олар әр мүмкіндік туған жағдайда пайғамбарымызды қорлауға тырысатын. Тіпті, түнде малдардың өлекселерін Расулуллаһтың есігінің алдына лақтыратын. Көкесі Әбу Ләхәб мұнымен шектелмей, көршісі Адыйдың үйінен оған тас лақтырып қастандық жасайтын. Әйелі Үммү Жәмил де одан қалыспайтын, тікені бар ағаш бұтақтарын пайғамбарымыздың жүретін жолына әкеп тастайтын. Әбу Ләхәб бір күні әкелген қоқыстарын Расулуллаһтың есігінің алдына төгіп жатқанында оны хазреті Хамза көріп қалып, жүгіріп барады да оны ұстап алып, әкелген қоқысын өзінің басына төгіп жібереді.

Әбу Ләхәб пен әйелінің осындай әрекеттерінен кейін олар туралы **«Әбу Ләхәбтің қолдары құрысын, онсыз да құрыды...»** деп басталатын Тәббәт сүресі түсті.

Әбу Ләхәбтің әйелі Үммү Жәмил өздері туралы сүре түскенін естіп, Расулуллаһты іздей бастады. Қағбада отырғанын сұрастырып біліп, қолына үлкен тас алып, сонда барды. Хазреті Әбу Бәкір ол кезде пайғамбарымызбен сөйлесіп отырған болатын. Үммү Жәмилдің тас алып келе жатқанын көрген хазреті Әбу Бәкір: «Йа, Расулаллаһ! Үммү Жәмил келе жатыр. Ол өте жауыз әйел, сізге бір зиян келтіре ме деп қорқамын. Бір қиянатқа душар болып қалмауыңыз үшін, бір паналау жерге өтсеңіз»,- деді. Расулуллаһ: **«Ол мені көре алмайды»,-** деді. Үммү Жәмил хазреті Әбу Бәкірдің төбесінен төніп: «Ей, Әбу Бәкір! Тез айт, досың қайда? Мені және күйеуімді әжуалап, жазғырыпты. Ол ақын болса, мен де, күйеуім де ақынбыз. Мен де оны әжуалаймын. Біз оған қарсымыз, пайғамбарлығын қабылдамаймыз және дінін ұнатпаймыз. Ант етемін, егер оны көретін болсам, басын мына таспен ұрамын...» деп жағымсыз сөздер айтты. Хазреті Әбу Бәкір: «Ол ақын емес, ол сені әжуалаған жоқ» деген соң Үммү Жәмил кетіп қалды. Хазреті Әбу Бәкір пайғамбарымызға қарап: «Йа, Расулаллаһ! Ол сізді көрген жоқ па?»- деп сұрады. «Мені көрген жоқ. Аллаһу та'ала оның көзін мені көрмейтіндей қылып перделеді»,- деді.

Пайғамбарымыздың мүбәрәк қыздарынан хазреті Үммү Гүлсім Әбу Ләхәбтің ұлдарынан Утәйбәмен, хазреті Руқаййә Утбәмен атастырылып, әлі үйленбеген болатын. «Тәббәт» сүресі түскеннен кейін тозақтық Әбу Ләхәб, әйелі және Құрайыштың көсемдері Утбә мен Утәйбәға: «Оның қыздарын алып, жүгін жеңілдеттіңдер. Енді қыздарымен ажырасып, оны қиын жағдайға түсіріңдер. Сендерге Құрайыштан қалаған қыздарыңды әперейік»- деп ұсыныс жасады. Олар: «Жарайды, оның қыздарына үйленбейміз» деп келісімдерін берді. Утәйбә одан да асыра сілтеп, пайғамбарымызға барып: «Ей, Мұхаммед! Мен сені және дініңді мойындамаймын. Қызыңды да алмаймын. Енді бір-бірімізді жек көретін боламыз! Бір-бірімізбен араласпаймыз...»- деп жаман сөздер айтты. Сөйтіп, пайғамбарымызға ұмтылып, жағасына жабысып, балағат сөздер айтты. Көйлегін жыртты. Расулуллаһ: **«Йа, Раббым! Мынаны жыртқыштарыңның біріне тап қыла гөр»-** деп кері дұға жасады. Утәйбә болған жәйттарды әкесіне барып айтқанда Әбу Ләхәб: «Мұхаммедтің балама жасаған дұғасынан қорқамын»,- деді.

Бірнеше күннен кейін Әбу Ләхәб баласы Утәйбәны сауда үшін Шамға жіберді. Ішінде Утәйбә болған керуен Зәрқа деген жерге қонуға тоқтайды. Керуен тоқтаған жерде бір арыстан айналып жүреді. Утәйбә оны көре сала: «Ойбай, ант етемін, Мұхаммедтің (алейһиссалам) қарғысы орындалды. Бұл арыстан маған тап береді. Мұхаммед өзі Меккеде болса да, менің өліміме себепші сол болады»,- деді. Арыстан біраздан кейін көзден ғайып болды. Жатар уақытта қасындағылар Утәйбәні биіктеу бір жерге жатқызды. Түнде арыстан тағы да келді. Ол керуендегілерді біртіндеп иіскеп, Утәйбәның жанына барды. Оның үстіне секіріп мініп қарнын жарып тастады, басына жабысып, адам шошитындай етіп тістеп, шаруасын бітірді. Утәйбә жан тапсырып жатып: «Мен сендерге Мұхаммед адамдардың ең шыншылы деген жоқ па едім?»- деп айқайлап жатты. Баласын арыстан жарып тастағанын естігенде Әбу Ләхәб та: «Мен сендерге Мұхаммедтің қарғысынан қорқамын демеп пе едім?» деп жылады.

Пайғамбарымыз "саллаллаһу алейһи уә сәлләм" адамзат баласын мәңгілік бақытқа шақырып, Аллаһу та'аланың бар екенін, бір екенін уағыздап, тозақта жанбаулары үшін тырысып жатқан еді. Ал мүшріктер болса «Ата-бабаларымыздың діні осы» деп, пұтқа табынуды жалғастырып жатты. Пайғамбарымыз оларды адамша өмір сүруге, абыройлы, қадірлі болуға, қадірсіздіктен құтылып жоғары дәрежелерге шақырды. Ал олар қырсықтықтарында табан тіреп, Расулуллаһқа қиянаттарын жалғастырды. Әбу Ләхәб қиянат етушілердің басында тұрды. Расулуллаһты үнемі аңдып, адамдарды Оны тыңдаудан бастартқызуға, олардың көңілдеріне күмән салуға тырысты. Адамдар жиналған жерлерде, жәрмеңкелерде пайғамбарымыз: **«Ей, адамдар! Лә иләһә иллаллаһ десеңдер құтыласыңдар»** дегенде Әбу Ләхәб артынан келіп: «Ей, адамдар! Бұл сөйлеп тұрған – менің інімнің баласы. Оның сөзіне сенуші болмаңдар! Одан аулақ болыңдар!»- дейтін.

Мұхаммед алейһиссалам бір күні Қағбада намаз оқып отыр еді. Құрайыштың алдыңғы қатарлылары - Әбу Жәһл, Шәйба бин Рәбиа, Утбә бин Рәбиа және Уқбә бин Әбу Муайт бастаған бір топ мүшрік пайғамбарымызға жақын бір жерге барып отырды. Сол жерде бір күн бұрын сойылған түйенің ішек-қарны мен қалдықтары жатқан болатын. Қара ниетті Әбу Жәһл: «Кім мына түйенің ішек-қарнын алып, Мұхаммед сәждеге барған кезде иығына тастайды»- деп жиіркенішті ұсыныс айтты. Сол жердегілердің

ішіндегі ең залымы, ең мейірімсізі, ең бедбахты болған Уқбә бин Әбу Муайт: «Мен істеймін»- деп орнынан тұрды. Ішек-қарынды ішіндегілерімен қоса пайғамбарымыз сәждеге барған кезде мүбәрәк иығына тастап жіберді. Мұны көріп отырған мүшріктер қарқылдап күле бастады. Пайғамбарымыз сәждесін созып, мүбәрәк басын көтермеді. Сол кезде сахабалардан Абдуллаһ бин Мәсуд (радиаллаһу анһ) мұны көрді. Ол бұл туралы былай дейді: «Расулуллаһтың бұл жағдайын көргенде ашудан қаным басыма шапшыды. Бірақ менің мүшріктерден қорғайтын қауымым жоқ еді. Ешкімім жоқ еді, әлсіз едім. Ол кезде мүшріктерге қарсы тіпті сөйлеуге де күшім жоқ еді. Пайғамбарымыздың халіне күйінішпен қарап тұрдым. Әттең сол кезде менің мүшріктерден қорғанатын күшім (адамдарым) болғанда, Расулуллаһтың мүбәрәк иығына тастағандарын алып тастар едім. Мен солай қарап тұрғанымда Расулуллаһтың қызы хазреті Фатимаға хабар жетті. Ол кезде Фатима (радиаллаһу анһа) кішкентай болатын. Жүгіріп келді де әкесінің үстіндегілерді алып тастады. Мұны жасағандарға қарғыс айтты, ауыр сөздер айтты. Пайғамбарымыз еш нәрсе болмағандай намазын оқып бітіргеннен кейін үш рет: **«Аллаһым! Құрайыштың мына тобын Саған тапсырамын. Аллаһым! Әбу Жәһл Амр бин Хишамды Саған тапсырамын. Аллаһым! Уқбә бин Рәбианы Саған тапсырамын. Аллаһым! Шәйба бин Рәбианы Саған тапсырамын. Аллаһым! Уқбә бин Муайтты Саған тапсырамын. Аллаһым! Уәлид бин Утбәні Саған тапсырамын. Аллаһым! Умәййә бин Халәфті Саған тапсырамын. Аллаһым! Умарә бин Уәлидті Саған тапсырамын»,-** деді. Бұл бед-дұғаны естіген мүшріктер күлкілерін тоқтатып, қорқа бастады. Өйткені, Бәйтуллаһта жасалған дұғаның қабыл болатынына барлығы сенетін еді. Пайғамбарымыз Әбу Жәһлге: **«Уаллаһи, я сен бұдан бас тартасың, яки Аллаһу та'ала басыңа бір пәлекет жібереді»,-** деді. Аллаһу та'алаға ант етемін, Расулуллаһ аттарын атап айтқан бұл адамдардың барлығының Бәдір соғысында өлтірілгенін, ыстықта сасыған өліктертерінің Бәдір шұңқырына тасталғанын көрдім».

Бір күні Әбу Жәһл Бәйтуллаһта Құрайыш мүшріктеріне: «Ей, Құрайыш қауымы! Мұхаммедтің дінімізді айыптап, пұттарымыз бен оларға табынған ата-бабаларымызға тіл тигізуін, бізге ақымақ деп қарауын тоқтатпай жүргенін көріп жүрсіңдер. Алдарыңда тұрып ант етіп айтамын, ертең өзім зорға көтеретін ауыр тасты апарып, ол намаз оқып жатқанда басына тастаймын. Содан кейін мені Абдулмутталиб

ұлдарынан қаласаңдар қорғаңдар, қаламасаңдар қорғамаңдар, өздерің білесіңдер. Оны өлтіргеннен кейін туыстары маған қалағанын істесін...»,- деді. Оны тыңдап тұрған мүшріктер: «Ант етеміз, біз сені қорғаймыз және ешкімге де бермейміз. Сен оны өлтірсең болды»- деп арандатты. Ертесіне таңертең Әбу Жәһл қолына үлкен тас алып, Қағбаға келді. Мүшріктердің қасына отырып Расулуллаһты күте бастады. Сүйікті пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уәсәлләм күндегісінше Бәйтуллаһқа келіп, намазын оқи бастады. Әбу Жәһл орнынан тұрып, әкелген үлкен тасын қолына алып Расулуллаһқа қарап жүрді. Мүшріктердің барлығы не болады екен деп қызыға қарап отырды. Әбу Жәһл расулуллаһтың қасына жақындаған кезде кенеттен дірілдей бастады. Қолындағы тасы жерге түсіп кетті. Беті күл түтеніп, үлкен үреймен кері шегінді. Мүшріктер таңданыспен Әбу Жәһлдің қасына барып: «Ей Амр бин Хишам! Саған не болды?»- деп сұрады. Әбу Жәһл: «Оны өлтірейін деп қолымды көтере бергенімде алдымнан бір құтырған түйе шықты. Ант етемін, өмірімде ондай үлкен сирақты, өткір тісті алып түйе көрген де, естіген де емеспін. Егер тағы сәл жақындасам ол мені өлтірер еді»,- деді.

Тағы бір күні Әбу Жәһл мүшріктерді жинап: «Абдуллаһтың жетімі осы жерде намаз оқып, бетін жерге сүрмей ме?»- деп сұрады. Олар «Иә» деп жауап қайтарды. Осы жауапты күтіп тұрған Әбу Жәһл: «Егер оның солай еткенін көрсем, басын аяғыммен еземін»,- деді. Бірде пайғамбарымыз Қағбада намазда тұр еді. Әбу Жәһл де жолдастарымен бірге отырған болатын. Орнынан тұрып, Расулуллаһқа қарай жүрді. Оған жақындап қалған кезінде бірден қолымен бетін сипап қаша бастады. Мүшріктер оның қасына барып: «Не болды?»- деп сұрағанда Әбу Жәһл «Арамызда бір от құдығы пайда болды. Бір адамдардың маған ұмтылып келе жатқанын көріп кері қаштым»- деп жауап берді.

Уәлид бин Муғира, Әбу Жәһл, Амр бин Хишам, Әсуәд бин Мутталиб, Умәййә бин Халәф, Әсуәд бин Абдуяғуәс, Ас бин Уаил, Харис бин Қайс сияқты мүшріктердің алдыңғы қатарлары пайғамбарымызды көрген кезде: «Мына бейшара да өзін пайғамбармын деп жүр-ау. Жәбрейіл де адам құрығандай соған келеді екен...» деп мазақ ететін. Сондай күндердің бірінде Расулуллаһ тағы ренжіген болатын. Сол кезде Жәбрейіл алейһиссалам көрініс беріп, кейбір аяттарды әкелді. Мағынасы: **«Ант болсын,** (ей Расулым!) **Сенен бұрын жіберілген пайғамбарлар да мұқатылды.**

Пайғамбарларды мұқатып, мазақ еткендерге бұл қылықтарына жаза ретінде оларды бәле мен азап жан-жақтан қоршап алды» («Әнам» сүресі, 10). **«Шындығында біз сені мазақ еткендер үшін жеткіліктіміз. Олар Аллаһу та'аламен бірге басқаларды да тәңір деп білді. Олар жақында** (бастарына келетін азаптарды) **білетін болады. Олардың сөздеріне** (серік қосуларына, Құран кәрімге тіл тигізулеріне және саған айтқан мазақ сөздеріне) **өкпең тарылып, жаныңның қысылатынын анығында біліп тұрмыз.»** («Хижр» сүресі, 95-97)

Пайғамбарымыз бір күні Қағбаны тауап етіп жүргенде Жәбрейіл алейһиссалам келіп, «Мен олардың (мазақ еткендердің) жазасын беруге бұйрық алдым»,- деді. Біраздан соң олардың қастарынан Уәлид бин Муғира өтті. Жәбрейіл алейһиссалам: «Мына өткен қандай адам?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз: **«Ол Аллаһу та'аланың ең жаман құлдарының бірі»,-** деді. Жәбрейіл алейһиссалам Уәлидтің аяғын көрсетіп, «Жазаңды бердім»,- деді. Біраздан кейін Ас бин Уәил өтті. Жәбрейіл алейһиссалам Расулуллаһтан ол туралы да сұрап дәл сондай жауап алған соң, оның ішін көрсетіп: «Бұл да бәлесін тапты»,- деді. Әсуәд бин Мутталиб өткенде саусағымен көзіне, Абдуяғуәсті көргенде оның басына нұсқады. Харис бин Қайс өткенде қарнына нұсқады да: «Йа, Мұхаммед (алейһиссалам)! Аллаһу та'ала олардың жамандығынан сені құтқарды. Жақында бұлардың барлығы бір апатқа ұшырайды»,- деді. Олардың ішінде Ас бин Уәилдің аяғына тікен кіріп, қандай ем жасаса да емдеп жаза алмады. Ақырында аяғы түйенің мойнындай болып ісіп «Мұхаммедтің Аллаһы мені өлтірді» деп айқайлап жатып жан тапсырды. Әсуәд бин Мутталибтің көздері соқыр болып қалды. Жәбрейіл алейһиссалам оның басын ағашқа соқтырып, өлтірді. Әсуәд бин Абдуяғуәс «Бады сәмум» деген жерде жүргенде кеудесі мен беті қап-қара болып кетті. Үйіне келгенде ешкім танымай қуып шықты. Ашуланып басын есікке ұра-ұра өлді. Харис бин Қайс тұзды балық жеген болатын. Ыстығы көтеріліп, қанша су ішсе де шөлі қанбады. Ақырында су іше-іше қарны жарылып өлді. Уәлид бин Муғираның балтырына темір паршасы кіріп, жарасы жазылмай, көп қан жоғалтты. «Мұхаммедтің Аллаһы мені өлтірді» деп айқайлап жатып жан тапсырды. Осылайша барлығы жасаған істерінің жазасын алған болды. Бұдан бөлек мүшріктердің мәңгі тозақта қалатыны аяттармен білдірілді.

Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уә сәлләм бір күні Хакем бин Әбул Асқа жолығысады. Қасынан өтіп кеткеннен кейін Хакем пайғамбарымызды артынан аузы-мұрнын қисайтып, әртүрлі қылықтар жасап мазақтады. Расулуллаһ оның істегендерін пайғамбарлық нұрымен көріп, солай болып қалуы үшін дұға еткенде, Хакем бір сілкініп өмірінің соңына дейін аузы-мұрны қисайып, денесі ойнаған күйі қалды.

Сахабалар көрген азаптар

Мүшріктер тек пайғамбарымызға ғана емес, оның қадірлі сахабаларына да жәбір көрсетіп, зорлық-зомбылық жасайтын. Әсіресе, кедей, ешкімі жоқ сахабаларға ойларына келген нәрселерді тартынбай істеп, ақылға сыймайтын қиянаттар мен азаптар көрсететін. Сондай жәбірленушілердің бірі Біләл Хабәши (радиаллаһу анһ) болатын. Умәййә бин Халәф деген бір мүшріктің құлы болып жүрген хазреті Біләл Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) арқылы мұсылмандықты қабылдаған еді. Умәййә он екі құлының ішінен Біләлді қатты жақсы көргендіктен, оны пұтхананың күзетшісі етіп қойған болатын. Хазреті Біләл мұсылман болғаннан кейін пұтханадағы барлық пұттарды сәжде еткізіп жатқызып қойды. Бұл хабар Умәййәге жеткенде ол жынданып кете жаздады. Хазреті Біләлді алдына шақырып: «Сен мұсылман болыпсың. Мұхаммедтің Раббысына сәжде етеді екенсің, солай ма?»- деп сұрады. Хазреті Біләл: «Иә, ұлық және үстем болған Аллаһу та'алаға сәжде етемін»,- деді. Умәййә хазреті Біләлдің бұл жауабына шыдай алмай, оны азаптап, қинай бастады. Тал түсте, күн дәл төбеге келген кезде оны шешіндіріп, күннің ыстығында жата беріп ысып қалған тастарды оның денесіне қойып күйдіретін болды. Оттай ыстық тастарды арқасына, ішіне қойғаннан кейін «Ислам дінінен қайт!... "Лат" пен "Узза" пұттарына иман келтір»- дейтін. Хазреті Біләл (радиаллаһу анһ) болса «Аллаһ – бір. Аллаһ – бір.» деп табандылық көрсететін. Умәййә бин Халәф оның бұл сабырлы қалпын көргенде одан сайын жынданып, оны тікендердің үстімен сүйреп, денесін жаралап, азапқа салатын. Хазреті Біләл денесінен сорғалаған қанға да қарамай: «Аллаһым! Сенен келген барлық нәрсеге разымын. Аллаһым! Сенен келген барлық нәрсеге разымын!» деп иманда қайсарлық көрсететін.

Хазреті Біләл бұл жағдайын өзі былай әңгімелейді: «Ол жауыз Умәййә мені күннің аптаған ыстығында байлап қойып, тоқтамай күн демей, түн демей азаптайтын. Сондай күндердің бірі еді. Күн жанып тұр. Әдетінше тағы азаптауына бастады. Исламнан қайтару үшін: «Пұттарымызға табын! Мұхаммедтің Аллаһына қарсы шық!» дегенінде мен ылғи: «Аллаһ бір! Аллаһ бір!» дейтінмін. Өшін алу үшін сол күні кеудемді өте үлкен бір таспен басып қойды. Мен дәл сол кезде есімнен танып қалдым. Есімді жиғанымда үстімдегі тастың құлап, күн бұлт арасына кіріп кеткенін көрдім. Аллаһу та'алаға шүкіршілік етіп, өз-өзіме: "Ей, Біләл! Хақ та'аладан келген барлық нәрсе жақсы, жағымды"»,- дедім».

Умәййә бин Халәф тағы бір күні Біләл Хабәшиге (радиаллаһу анһ) қорлық көрсетейін деп сыртқа шығарған болатын. Киімдерін шешіп, тек іш киімімен қалдырып, ыстық құмның үстіне жатқызып, үстіне тастар қойды. Мүшріктер жиналып, оны қинап: «Дініңнен шықпасаң сені өлтіреміз» деп жатыр еді. Біләл осыншалықты аяусыз қорлықтарға шыдап: «Аллаһ – бір! Аллаһ – бір!» деуден жаңылмады. Сол кезде пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уәсәлләм сол маңнан өтіп бара жатқан болатын. Хазреті Біләлдің бұл жағдайын көріп, қатты ренжіп: **«Аллаһу та'аланың есімін айту сені құтқарады»,-** деді.

Расулуллаһ үйіне барғаннан кейін біраздан соң жанына хазреті Әбу Бәкір келді. Пайғамбарымыз хазреті Біләлдің шеккен азабын хазреті Әбу Бәкірге айтып: **«Қатты ренжідім»,-** деді. Хазреті Әбу Бәкір орнынан тұрып дереу сол жерге барды. Мүшріктерге: «Біләлді бұлай азаптаумен не пайда табасыңдар? Оны маған сатыңдар»,- деді. Мүшріктер хазреті Әбу Бәкірге: «Ат басындай алтын берсең де сатпаймыз. Бірақ, сен құлың Амирді бізге беруге көнсең, соған айыр бастаймыз»,- деді. Амир хазреті Әбу Бәкірдің сауда істерін атқаратын, көп табыс түсіретін құлы еді. Өзінде жеке малынан басқа он мың алтыны бар болатын. Хазреті Әбу Бәкірге көмектесіп, оның барлық істерін жүргізетін. Бірақ ол кәпір болатын және имансыздығынан қайтпайтын. Хазреті Әбу Бәкір: «Амирді барлық малымен, ақшасымен сендерге бердім»,- деді. Умәййә бин Халәф пен қасындағы мүшріктер қуанып: «Әбу Бәкірді алдап соқтық»,- десті. Хазреті Әбу Бәкір Біләл Хабәшидің үстіндегі тастарды алып, орнынан тұрғызды. Біләл Хабәши (радиаллаһу анһ) көрген азаптарынан кейін қатты әлсіреген болатын. Қолынан ұстап, тіке пайғамбарымыздың

алдына барды. «Йа, Расулаллаһ! Біләлді бүгін Аллаһ разылығы үшін азат еттім»,- деді. Сүйікті пайғамбарымыз қатты қуанды. Хазреті Әбу Бәкірге көп дұға етті. Сол кезде Жәбрейіл алейһиссалам Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһ) тозақтан алыста екенін сүйіншілеген Ләйл сүресінің 17-ші және 18-ші аяттарын әкелді. Ият кәримәлардың мағынасы**: «**(Хазреті Әбу Бәкір сияқты) **үлкен тақуа иесі болып,** (ширк пен күнәдан сақтанып) **малын Аллаһу та'аланың дәргейінде пәк болу үшін қайырлы жолда жұмсаған адам одан** (тозақтан) **алыстатылды».**

Темірден көйлек

Хаббаб бин Әрат та дінінен қайтуы үшін азапталғандардың бірі. Хазреті Хаббабтың ешкімі жоқ және ол Үммү Әнмар деген мүшрік әйелдің құлы болатын. Оның қорғайтын бір туысы болмағандықтан мүшріктер жиналып, оны шешіндіріп үстін тікенмен тырнайтын. Кейде жалаңаш денесіне темірден киім кигізіп, күннің астына тастайтын. Күнге қызған немесе өздері отта қыздырған тастармен жалаңаш денесіне басып: «Дініңнен қайт! Лат пен Уззаға табын!» дейтін. Хаббаб та иманына берік болып: «Лә иләһә иллаллаһ Мухаммәдун расулуллаһ»- деп оларға қарсылық білдіретін. Бір күні мүшріктер жиналып, бір жерге от жақты. Хазреті Хаббабты байлап сол жерге алып келді. Шешіндіріп, оттың үстіне жатқызды. Олар Хаббабты (радиаллаһу анһ) я дінінен қайтаратын яки отта жағып өлтіретін еді. Оттың ортасына шалқасынан жатқызылған хазреті Хаббаб: «Аллаһым! Халімді көріп тұрсың, жағдайымды білесің. Жүрегімдегі иманымды берік қыла гөр, мол сабыр ихсан ете гөр!»- деп дұға етуде еді. Мүшріктердің бірі келіп аяғымен хазреті Хаббабтың (радиаллаһу анһ) кеудесін басты. Бірақ, олар Аллаһу та'аланың иман еткендерді қорғайтынын білмейтін еді. Бірнеше жылдардан кейін бұл туралы Хаббабтан сұрағанда ол арқасын ашып, күйіктің іздерін көрсетіп: «Олар мені тірідей өртеу үшін от жақты, сосын мені сүйреп әкеп отқа тастады. Ол отты тек менің етім сөндірді»,- деді.

Хазреті Хаббабқа сыртта осылай азап көрсетіліп жатқанда иесі Үммү Әнмар да оны дінінен шығару үшін темірді қыздырып, басын қызған темірмен күйдіретін. Хаббаб (радиаллаһу анһ) діні үшін осындай қорлықтардың барлығына шыдап, дінінен қайтпайтынын білдіретін еді.

Бір күні хазреті Хаббаб пайғамбарымызға келіп: «Йа Расулаллаһ! Мүшріктер мені көрген жерлерінде отқа тастап, күйдіріп қинай береді. Үйде қожайыным да басымды қызған темірмен күйдіреді. Дұға етуіңізді сұраймын»,- деді. Сосын басы мен арқасындағы күйіктің іздерін көрсетті. Расулуллаһтың оның бұл халіне қатты жаны ашыды. Пайғамбарымыз бұл жағдайға қатты ренжіп, оның азап тартуына шыдай алмай: **«Йа, Раббым! Хаббабқа жәрдем ет!»-** деп дұға етті. Хақ та'ала Расулының бұл дұғасын қабыл етіп, Үммү Әнмарды азапты бас ауруына шалдықтырды. Үммү Әнмар басы ауырып, таң атқанша ыңырсып шығатын болды. Біреулер оған шара ретінде басын қызған темірмен күйдіруін айтты. Ақырында Хаббабты шақырып, басына қызған темірді басуын бұйырды... Хазреті Хаббаб (радиаллаһу анһ) оның басын қызған темірмен күйдіретін...

Исламның алғашқы күндерінде мүшріктер Хаббаб бин Әраттың (радиаллаһу анһ) жағдайына онша көңіл бөлген жоқ болатын. Бірақ күн өткен сайын имандылардың саны артып жатты. Сондықтан мүшріктер бұл іске шындап кірісуге мәжбүр болды. Нәтижесінде хазреті Хаббабқа қысымдарын арттыра түсті. Оны бұрынғыдан да көп ұратын, жаралап, қорлап, зорлық-зомбылық көрсететін болды.

Осылардың барлығына қарамастан хазреті Хаббаб иманынан зерделей де ауытқымады. Бірақ оған көрсетілген азаптар мен қорлықтар адам төзгісіз дәрежеге жеткен еді. Басынан өткізген азаптарын пайғамбарымызға айтып: «Йа, Расулаллаһ! Шеккен азаптарымыздан құтылуымыз үшін, дұға етесіз бе»,- деді. Сонда пайғамбарымыз алейһиссалам: **«Сендерден бұрынғы үмметтердің ішінде сондай берік адамдар бар еді, олардың темір тарақпен терілерін, еттерін сыпыратын еді, бірақ осындай қорлықтар да оларды дінінен қайтара алмайтын. Арамен төбесінен екіге бөлінетін, бұл қорлықтар да оларды дінінен қайтара алмайтын еді. Аллаһу та'ала әрине бұл істі** (Исламды) **толықтырады. Барлық діндерден үстем етеді. Сондай кезеңдер болады, жануарына мініп, Санадан Хадрамутқа жалғыз кетіп бара жатқан адам Аллаһу та'аладан басқа ешкімнен қорықпайды, қойлары жайлы қасқырдың жеп кетуінен басқа ешнәрседен қорықпайды. Бірақ сендер асығудасыңдар»-** деп, арқасын сипап, дұға етті. Расулуллаһтың рухтарға азық және шипа болған бұл сөздері Хаббабтың күйінішін басқан еді.

Хазреті Хаббабтың әсіресе азғын мүшрік Ас бин Уәилден біршама алашағы бар болатын. Соны сұрауға барды. Ас бин Уәил Хаббабқа: «Мұхаммедке сенбеймін деп айтпасаң алашағыңды қайтармаймын» дегенде хазреті Хаббаб: «Уаллаһи, мен өлген соң қабірімнен тұрғанда да өмірімдегі сияқты пайғамбарымызды теріске шығара алмаймын. Барлық нәрседен бас тартсам да, оған сенбеймін деп айта алмаймын»,- деді. Оның бұл сөзін Ас бин Уәил мазақ етіп: «Не, өлгеннен кейін тірілеміз бе әлі? Егер ол рас болса, онда маған мал-мүлкім мен бала-шағам қайта беріледі емес пе? Онда қарызымды саған сол кезде қайтарамын»,- деді.

Ас бин Уәилдің осы сөздеріне байланысты Аллаһу та'ала Құран кәрімде «Мәриям» сүресінің 77-79-шы аяттарында былай деді: «(Ей Хабибім!) **Енді мына аяттарымызды теріске шығарған және «Әлбетте маған** (қиямет күні) **мал мен бала беріледі» деген адамды** (Ас бин Уәилді) **көрдің бе? Оған ғайыптан бір хабар келіпті ме, жоқ әлде Рахманның құзырында бір уәде алып па? Жоқ, олай емес! Біз оның айтқанын жазамыз.** (Қиямет күні соған қарай азапқа тартамыз) **және азабын үсті-үстіне арттырамыз».**

Естен танғанша азаптау...

Мүшріктер мұсылмандарды азаптап-қинағанда әйел немесе еркек деп бөліп қарамайтын. Алғашқы мұсылмандардың бірі және ешкімі жоқ Зиннирә ханым (радиаллаһу анһа) да бір күн болатын. Оның мұсылман болғанын білген мүшріктер оған да азап көрсетуден тайынбады. Зиннирә ханымды «Лат» пен «Узза» пұттарына табындыру үшін қинап, тұншыққанша буындырып, есінен танып қалғанша қинайтын еді. Соған қарамастан ол дінінен шықпады, олардың айтқандарын істемеді. Әсіресе, оны Әбу Жәһл қатты азаптайтын. Осыдан соң Зиннирәнің (радиаллаһу анһа) көздері көрмей қалды. Бір жолы Әбу Жәһл оған: «Көрдің бе? Лат пен Узза сенің көзіңді көр етті»- дегенде Зиннирә ханым имандылығын көрсетіп: «Ей, Әбу Жәһл! Уаллаһи, бұл сенің айтқаныңдай емес. Лат пен Узза деп отырған пұттарың ешқандай іске жарамайды, өздеріне табынғандарды да, табынбағандарды да білмейді. Менің Раббымның көзімнің нұрын беруге және мені бұрынғы қалпыма келтіруге әрине құдыреті жетеді»,- деді. Әбу Жәһл хазреті Зиннирәнің берік иманына қайран қалды. Аллаһу та'ала Зиннирәнің (радиаллаһу

анһа) дұғасын қабыл етіп, көзі бұрынғысынан да жақсы көретін болды. Әбу Жәһл мен Құрайыш мүшріктері бұл жағдайды көре тұра, қырсықтықтарында табан тіреп, иман келтірмеді. Жауап ретінде: «Бұл да пайғамбарларының сиқырларының бірі. Мұхаммедтің артынан ерген ақымақтарға таңданбайсың ба? Егер олардың жолы ақиқат және қайырлы болса, алдымен біз оған бағынар едік. Демек, бізден бұрын бір күң тапқан екен ғой дұрысты?»,- деді олар. Осы оқиғаға орай Аллаһу та'ала Ахқаф сүресінің 11-ші аятын түсірді. Мағынасында былай делінеді: **«Ол кәпірлер иман келтіргендер туралы «Егер онда** (Исламда) **бір қайыр бар болса, бұл мәселеде олар** (кедейлер, байғұстар) **біздің алдымызға шығып, бізден бұрын оған ере алмас еді»,- деді. Алайда, олар онымен** (Құран кәрім мен мүминдер сияқты) **тура жолға қауышпағандықтан** (Құран кәрімді теріске шығару үшін) **«Бұл Құран кәрім** (Мұхаммедтің шығарған) **ескі замандардан қалған жалған нәрсе»,- дейді».**

Дар-ул Әрқам

Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уә сәлләм мүшріктердің сахабаларға (радиаллаһу анһум) жасаған зұлымдықтары мен қастандықтарына қатты ренжитін. Исламның таралуы және үйретілуі үшін сенімді бір мекен қажет еді. Пайғамбарымыз мұндай қасиетті іске хазреті Әрқамның үйін таңдады. Бұл үй Сафа қырының шығысында, тар бір көшеде және биіктеу бір жерде болатын. Бұл жерден Қағба анық көрінетін еді. Үйдің кіріп-шығатын жері өткен-кеткендерді бақылауға да қолайлы болатын. Сонымен қатар хазреті Әрқам Меккенің алдыңғы қатарлы және беделді адамдарының бірі болатын. Расулуллаһ осы үйде сахабаларына исламды үйретететін. Жаңадан мұсылман болатындар осы жерге келіп Исламды қабылдап, Расулуллаһтың көңілдерге дауа болған мүбәрәк сөздерін тыңдаумен мәртебеленетін еді. Олар пайғамбарымызды басына құс қонып, оны ұшырып алмайын деген адамдай тыныш, үнсіз, беріле тыңдайтын. Мүбәрәк сөздерін біртіндеп, айтқанын-айтқанындай етіп жаттап алатын еді. Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уә сәлләм таңертеңнен кешке дейінгі уақытын хазреті Әрқамның үйінде сахабаларын жетілдіруге арнайтын. Бұл жер мұсылмандардың алғашқы ордасы, яғни алғашқы «Дар-ул-Ислам» еді. Алғашқы мұсылмандар осы

жерге жиналып, мүшріктердің әр түрлі жамандықтарынан қорғанған болатын.

Аммар бин Ясәр (радиаллаһу анһума) әңгімелейді: «Дар-ул-Әрқамға барып, Расулуллаһты көріп, мұсылман болуды қаладым. Есіктің алдында хазреті Сухәйбті (радиаллаһу анһ) жолықтырдым. «Бұл жерде не істеп жүрсің?»- деп сұрағанымда ол да маған осы сұрақты қойды. Мен: «Хазреті Мұхаммедтің қасына барып, сөздерін тыңдап, мұсылман болғым келеді»,- дедім. Ол: «Мен де сол үшін келген едім»,- деді. Пайғамбарымызға екеуіміз бірге кірдік. Ол бізге Исламды түсіндірді. Біз қуана-қуана мұсылман болдық».

Аммар (радиаллаһу анһ) мұсылман екендігін ашықша айтудан тартынбайтын мүжаһидтердің бірі болатын. Дінінен қайтпау үшін ең ауыр қастандықтарға да шыдайтын. Мүшріктер оны жалғыз кездестіріп қалса «Рамда» елді мекеніне немесе Меккенің таулы-тасты жерлеріне апарып, зорлықпен киімдерін шешіп, темірден киім кигізіп, ыстық күннің астына қоятын. Оны осылайша қинайтын. Кейде арқасын отқа күйдіріп, ауыр азаптар шектіретін. Осылай әр қинағандарында оған: «Исламнан қайт!... Исламнан қайт!... Лат пен Уззаға табын да құтыл...»- дейтін. Хазреті Аммар осындай адам төзгісіз азаптарға сабыр етіп: «Раббым – Аллаһ, пайғамбарым – Мұхаммед алейһиссалам»- деп, оларға қарсылық білдіретін. Мүшріктер одан сайын ашуланып, кеудесіне ыстық тастарды қойып, кейде құдыққа тастап суға тұншықтыруға тырысатын. Аммар бин Ясәр (радиаллаһу анһ) пайғамбарымызға бір келгенінде: «Йа, Расулаллаһ! Мүшріктердің бізге көрсетіп жүрген азаптары шектен шығып барады»,- дейді. Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уәсәлләм хазреті Аммардың бұл халіне жаны ашып: **«Сабыр етіңіз, ей Якзанның әкесі!»** дейді де: **«Йа, Раббым! Аммардың жанұясынан ешкімге тозақ азабын тартқызба»-** деп дұға етеді.

Алғашқы шәһид

Хазреті Аммардың әкесі Ясәр, анасы Сумәййә, бауыры Абдуллаһ бүкіл жанұя болып мұсылмандықты қабылдаған еді. Мүшріктер хазреті Аммардың анасына, әкесіне және бауырына Аммардың өзіне көрсеткеннен де көп азап көрсететін. Азаптау кезінде оларға күпірлік сөздерді айтқызғылары келетін, бірақ олар: «Терімізді сыпырсаңдар да, етімізді тілім-тілім етіп кессеңдер де сендерді

тыңдамаймыз»- деп жауап беріп: «Лә иләһә иллаллаһ Мухаммәдән Расулуллаһ»- дейтін. Сондай күндердің бірінде Батха деген жерде Ясәрдің жанұясына мүшріктер тарапынан қорлық көрсетіліп жатқанда Расулуллаһ алейһиссалам сол маңнан өтіп бара жатады. Сахабаларының бұл жағдайын көріп, қатты ренжиді. Хазреті Ясәр: «Йа, Расулаллаһ! Уақытымыз тек осындай азаптармен өте ме?»- деп сұрағанда пайғамбарымыз: **«Сабыр етіңдер, ей Ясәр жанұясы! Қуаныңдар ей Аммардың жанұясы! Күмәнсіз, сендердің сый алатын орындарың жұмақ»,-** деді.

Тағы да бір күні Мекке мүшріктері Аммарды отпен азаптап қинап жатқан еді. Пайғамбарымыз сол жерге барып: **«Ей, от! Ибраһимге** (алейһиссалам) **қандай болсаң, Аммарға да сондай салқын және жағымды бол!»-** деп бұйырды. Кейіннен Аммардың арқасын ашып көргенде күйіктің іздері бар еді. Бұл із Расулуллаһтың дұғасынан бұрын қалған еді.

Ясәр жанұясына жәбір көрсетіліп жатқан күндердің бірінде, мүшріктер құтырып, бұл жанұяның басшысы хазреті Ясәр мен Абдуллаһ деген бір ұлын садақпен атып қинаймын деп шәһид етті. Әбу Жәһл марқұм Ясәрдің әйелі хазреті Сумәййәнің мүбәрәк аяқтарын жіппен байлатты. Байланған екі аяғындағы жіптердің ұштарын екі түйеге байлатты да түйелерді екі жаққа айдап, хазреті Сумәййәні бөлшектеп, шәһид етті. Мейірімсіз, қатыгез, залым Әбу Жәһл мен қасындағы мүшріктердің Ясәрдің жанұясын аяусыз қорлықпен шәһид еткендерін естіген Расулуллаһ пен сахабалар қатты ренжіді. Бұл оқиға сахабалардың бір-біріне одан да жақын болуларына және бекемдесулеріне себеп болды.

Сахабалар (радиаллаһу анһум) намаз оқитын кезде ешкім жоқ жерге барып, ғибадаттарын жасырын орындайтын. Сондай күндердің бірінде Са'д бин Әбу Уәққас, Саид бин Зәйд, Абдуллаһ бин Мәсуд, Аммар бин Ясәр, Хаббаб бин Әрат (радиаллаһу анһум) Мекке тауларының арасында «Әбу Дуб» деген жерде намаз оқып жатыр еді. Оларды аңдып келген Ахнәс бин Шәрик пен басқа да мүшріктер, олардың қастарына келіп ғибадаттарын мазақ ете бастайды. Бұған шыдай алмаған хазреті Са'д бин Әбу Уәққас пен жолдастары мүшріктерге қарсы ұмтылады. Хазреті Са'д қолына түскен бір түйенің сүйегімен кәпірлердің бірінің басын ұрып жарады. Мұны көрген мүшріктер қорқып қашып кетеді. Осылайша, мұсылмандар алғаш рет кәпір қанын төккен еді.

Әбу Зәрр-ил-Ғифаридың (радиаллаһу анһ) мұсылман болуы

Адамдар біртіндеп тура жолға түсіп, Исламның нұры Меккенің сыртына да таралып, әлемге сәулесін төге бастаған еді.

Ал мүшріктер болса, Исламның таралуына бөгет болу жолдарын іздестіріп жатты. Бұл хабар Бәни Ғифар тайпасына да жетті. Әбу Зәрр-ил-Ғифари бұл хабарды есіте сала бауыры Унәйсті Меккеге жіберіп, жағдайды анықтап біліп келуді тапсырды. Унәйс Меккеге барып, пайғамбарымыздың сұхбатына қатысты. Таңданып, кері қайтты. Бауыры Әбу Зәрр хазреттері: «Қандай хабар әкелдің?»- деп сұрағанда «Уаллаһи, тек жақсылық пен қайырды әмір ететін және жамандықтардан тыйылдыратын ұлы адамды көрдім»,- деді. Әбу Зәрр-ил-Ғифари: «Жарайды, адамдар ол туралы не дейді?»- деген кезде сол дәуірдің танымал ақыны болған бауыры Унәйс: «Оны ақын, сиқыршы, көріпкел дейді. Бірақ, оның сөздері көріпкелдің, сиқыршының сөзіне ұқсамайды. Сондай-ақ, оның айтқандарын ақындардың әр түрлі өлеңдерімен салыстырдым. Оларға да ұқсамайды. Теңдесі жоқ бұл сөздер ешкімнің сөзімен салыстыруға келмейді. Уаллаһи, ол адам ақиқатты айтады, шындықты айтады. Оған сенбегендер өтірікшілер және адасқандар»- деп жауап берді.

Әбу Зәрр-ил-Ғифари бауырының бұл айтқандарынан кейін Меккеге баруға және пайғамбарымызды көріп, мұсылман болуға шешім қабылдады. Біраз азық алып, Меккеге қарай жолға шықты. Меккеге барғанда не үшін келгенін ешкімге айтпады. Өйткені, мүшріктер пайғамбарымызға және жаңадан мұсылман болып жатқандарға қастандық жасап, қорлықтарын күннен-күнге арттырып жатқан еді. Әсіресе мұсылман болған, ешкімі жоқ адамдарға қатты азаптар көрсететін. Әбу Зәрр Меккеде ешкімді танымайтын. Сондықтан ешкімнен ештеңе сұрамады. Қағбаның жанында күні бойы Расулуллаһты көруге мүмкіндік іздеп, оның қайда екенін білуге тырысты.

Кешке қарай бір көшенің бұрышына барып отырды. Хазреті Әли үйіне қайтып бара жатып бір бұрышта отырған Әбу Зәррға көзі түсті. Барар жері жоқ жат елдің адамы болса керек деп, оны үйіне алып барды. Кім екенін сұрамағаны үшін Әбу Зәрр да тіс жарып ештеңе айтпады. Таңертең қайтадан Қағбаға барды. Кешке дейін жүрсе де

ойлағанына жете алмай, кешегі отырған жеріне қайта барып отырды. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) сол күні кешке тағы да сол жерден өтіп бара жатып «Бұл байғұс әлі барар жерін таппапты ғой»- деп, тағы да ертіп кетті. Таңертең тағы да Бәйтуллаһқа барып, сол бұрышқа барып отырады. Хазреті Әли тағы да үйіне шақырды. Бұл жолы қайдан, не үшін келгенін сұрады. Әбу Зәрр: «Егер маған жасырмай шындықты айтатыныңа уәде берсең айтамын»,- деді. Хазреті Әли: «Айт, ешкімге айтпаймын»,- деді. Әбу Зәрр-ил-Ғифари: «Осы жерден бір пайғамбар шықты деп естідім. Сонымен кездесуге, Оған қауышуға келдім»,- деді. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ): «Сен туралықты таптың, ақылдылық жасадың. Қазір мен сол кісіге бара жатырмын. Менің соңымнан ер, мен кірген үйге сен де кір. Егер жолда саған біреудің зиян келтіретінін сезсем аяқ киімді жөндеп белгі беремін. Сол кезде мені күтпей, менің қасымнан өтіп кет»,- деді. Әбу Зәрр-ил-Ғифари (радиаллаһу анһ) хазреті Әлидің артынан жүріп отырды. Ақыры ол пайғамбарымыздың мүбәрәк жүзін көру құрметіне ие болды. «Әссәләму алейкум»- деп сәлем берді. Бұл сәлем Исламдағы алғашқы сәлем және Әбу Зәрр-ил-Ғифари алғаш сәлем берген адам болып саналды. Пайғамбарымыз оның сәлеміне: **«Аллаһу та'аланың рақымы жаусын»**- деп жауап берді. Пайғамбарымыз: **«Сен кімсің?»**деп сұрағанда «Мен Ғифар тайпасынанмын»,- деді. **«Қашаннан бері осындасың?»**- деп сұрады. «Үш күн, үш түннен бері осындамын»- деп жауап берді Ғифари. **«Саған кім тамақ берді?»** дегенде «Зәмзәмнан басқа ішетін, жейтін ештеңе таппадым. Зәмзәмді ішкен соң қарным ашпады, шөлдемедім»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Зәмзәм суы қасиетті. Ашты тойдырады»**,- деді. Содан соң Әбу Зәрр-ил-Ғифари пайғамбарымызға: «Маған Исламды үйретіңіз»,- деді. Пайғамбарымыз оған шаһадат кәлимасын оқыды, ол да оны қайталап, алғашқы мұсылмандардың қатарына қосылды.

Әбу Зәрр-ил-Ғифари мұсылмандықты қабылдағаннан кейін пайғамбарымызға: «Йа, Расулаллаһ! Сізді хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етемін, мен иман еткенімді мүшріктердің арасында ашық түрде айтамын»,- деді. Қағбаның жанына барып: «Ей, Құрайыш қауымы! Әшһәду ан лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһү уә Расулуһү – Аллаһтан басқа илаһ жоқ. Мұхаммед алейһиссалам Оның құлы және расулы екеніне куәлік етемін» деп айқайлады. Мұны естіген мүшріктер оған қарай ұмтылды. Таспен, таяқпен, сүйектермен ұрып, денесін қанға бояды. Мұны

көрген хазреті Аббас: «Жіберіңдер бұл адамды, өлтіресіңдер. Ол сендердің сауда керуендерің өтетін жолдағы тайпаның адамы. Енді ол жерден қалай өтесіңдер?»,- деді. Сөйтіп, Әбу Зәррді мүшріктердің қолынан құтқарып алды. Әбу Зәрр (радиаллаһу анһ) мұсылман болғандығына қуанып, шаттанып бір орында тұра алмады. Ертеңіне тағы да Қағбаға барып бар даусымен шаһадат кәлимасын айтты. Мүшріктер оны бұл жолы да соққыға жықты. Ол жерге құлады. Тағы да хазреті Аббас келіп құтқарып алды.

Әбу Зәрр-ил-Ғифари хазреттеріне пайғамбарымыз алейһиссалам еліне қайтып, адамдарды Исламға шақыруын тапсырды. Пайғамбарымыздың осы тапсырмасымен ол өз жеріне барып, Аллаһу та'аланың бір екендігін, Мұхаммед алейһиссаламның Оның расулы екенін түсіндірді. Айтқандарының ақиқат екенін, олардың табынған пұттарының бос, мағынасыз нәрселер екенін айтты. Өзін тыңдап тұрған топтың ішінен біразы қарсылық білдіре бастады. Осы кезде тайпаның басшысы Хаффаф айқайлағандарды басып: «Тоқтаңдар, тыңдап көрейік, не айтар екен тағы?»,- деді. Әбу Зәрр былай жалғастырды: «Мен мұсылман болмастан бұрын бір күні Нухәм пұтының қасына барып, алдына сүт қойдым. Бір иттің келіп сүтті ішіп, пұттың үстіне зәрін шашып ластағанын көрдім. Пұттың бұған қарсы келе алмайтынына анық көзім жетті. Иттің өзі қорлап, кемсіткен пұтқа табыну сендерге қалайша ұнайды? Бұл ақымақтық емес пе? Міне, сендердің табынған нәрселерің». Барлық адам үнсіз тыңдап тұрды. Іштерінен бірі: «Ал, сенің айтқан пайғамбарың не білдірді? Оның шындықты айтатынын қалай білдің?»- дегенде Әбу Зәрр даусын көтеріп: «Ол Аллаһу та'аланың бір екенін, Одан басқа илаһ жоқ екенін, Оның барлық нәрсенің иесі, жаратушысы екенін білдіруде... Адамдарды Оған иман келтіруге (сенуге) шақырады... Жақсылыққа, жақсы мінезге, өзара көмектесуге шақырады. Қыз балаларды тірідей көмудің, жасаған басқа да жамандықтарыңның, зұлымдықтарыңның жаман нәрселер екенін және мұндай нәрселерден тыйылуды айтады»,- деді де Исламды ұзағынан түсіндірді. Тайпасының жасап жүрген жаман қылықтарын да айтып өтті. Сосын олардың зиянын, жамандығын түсіндірді. Оны тыңдап тұрғандардың арасынан тайпа басшысы Хаффаф пен өз бауыры Унәйс бастаған көптеген адам мұсылман болды.

Қағбада ашық түрде Құран кәрімнің оқылуы

Сахабалар (радиаллаһу анһум) бір күні оңаша бір жерге жиналып: «Уаллаһи, Расулуллаһтан басқа мына құрайыштық мүшріктерге Құран кәрімді ашықтан-ашық оқып, тыңдата алатын адам шықпады. Оларға ашық түрде Құран кәрімді оқып, тыңдататын адам бар ма?»- деп өзара әңгімелесіп отырды. Сол жерде Абдуллаһ бин Мәсуд хазреттері де бар болатын. «Мен тыңдатамын»,- деді ол. Сахабалардың біразы: «Ей, Абдуллаһ! Саған мүшріктер бір зиянын тигізе ме деп қорқамыз. Біз керек кезінде өзін мүшріктерден қорғай алатын тайпасы мен қауымы бар адамды қалаймыз»- дегенде «Сіздер маған рұқсат беріңіздер, барып көрейін. Хақ та'ала мені қорғайды»- деп табандылық танытты. Ертеңіне Абдуллаһ бин Мәсуд хазреттері сәске уақытында Қағба маңайындағы мақами Ибраһим деген жерге барды. Мүшріктер сол жерде жиналып отырған болатын. Абдуллаһ бин Мәсуд (радиаллаһу анһ) түрегеп тұрып «бисмилләһ» айтып, «Рахман» сүресін оқи бастады. Мүшріктер бір-біріне: «Үммү Абтың баласы не айтып тұр? Мұхаммедтің әкелген нәрселерін оқып тұрған шығар» деп оған бассалды. Жұдырықтап, ұрып-соғып бет-аузын адам танымастай етті. Бірақ, ол сонда да оқи берді. Жара-жара болып сахабалардың қасына оралды. Сахабалар бұған қатты ренжіді. «Біз сенің осындай жағдайға ұшырауыңнан қорққан едік. Ақыры солай болды»,- деді олар. Бірақ, Абдуллаһ ибн Мәсуд (радиаллаһу анһ) еш ренжіген жоқ: «Аллаһу та'аланың дұшпандарын мен сол күнгідей әлсіз екенін көрмедім. Қаласаңдар ертең тағы да сонша тыңдата аламын»,- деді. Сахабалар «Жоқ, саған осы да жетеді. Ол азғын кәпірлерге қаламаған нәрсесін тыңдаттың»,- деді.

Туфәйл бин Амрдың (радиаллаһу анһ) мұсылман болуы

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Меккеде күндіз-түні адамдарға ашық түрде дағуат жасап, насихат айтып, оларды Ислам дініне шақырып жүрген еді. Меккелік мүшріктер пайғамбарымыздың бұл әрекеттерін текке шығаруға күш салатын. Оның айтқандарын қабылдап, иман келтіргендерге әр түрлі жалалар жауып, азаптар мен қорлықтар көрсететін еді. Пайғамбарымызбен

кездескен, сөйлескен адамды көрсе дереу ол адамның қасына барып, Расулуллаһты тыңдамауы үшін, оның айтқандарына сенбеуі үшін әр түрлі өтіріктер айтып, айла-амалдар қолданатын. Сырттан Меккеге келгендерді пайғамбарымызбен кездестірмеу үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасайтын.

Мұсылмандар қатты қиналып, кәпірлерден азап шеккен бір кезеңінде Туфәйл бин Амр әд-Дәуси Меккеге келген болатын. Оны көрген мүшріктердің көсемдері қасына барып: «Ей, Туфәйл! Сен біздің жерімізге келдің. Арамызда пайда болған Абдулмуттәлибтың жетімінің таңқаларлық қылықтары бар. Айтқан сөздері сиқыр сияқты. Ұлды әкесінен, ағайынды ағайыннан, күйеуді әйелінен ажыратады. Айтқан пікірлерімен адамдардың арасында дау туғызуда. Оның сөзін тыңдаған бала әкесіне қарамайды, соған барып бағынады. Ешкім бір-бірін тыңдамай мұсылман болуда. Біздің басымызға келген бұл бөліну бәлесі сені мен қауымыңның басына да келе ме деп қорқамыз. Саған берген ақылымыз болсын, онымен мүлдем сөйлеспе. Оның сөзін тыңдама да, оған ешнәрсе айтпа да. Айтқандарына құлақ аспа. Өте абай бол. Бұл жерде ұзақ қалмай, дереу еліңе қайт»,- деді. Бұдан кейінгісін Туфәйл бин Амр (радиаллаһу анһ) былай айтып берген: «Ант етемін, бұл сөзді қайта-қайта айта бергені соншалық Расулуллаһпен сөйлеспеуге, сөзін тыңдамауға бел будым. Тіпті, Қағбаға кірген кезімде сөздерін естіп қоймайын деп құлағыма мақта да тығып алдым. Ертеңіне таңертең Қағбаға бардым. Расуллаһтың сол жерде намаз оқып отырғанын көрдім. Оған жақын барып тұрдым. Хақ та'аланың хикметімен оқыған кейбір сөздері құлағыма шалынды. Естіген сөздерім не деген керемет сөздер еді. Өз-өзіме: «Мен жақсы мен жаманды ажырата алмайтын адам емеспін. Әрі ақынмын. Мұның сөздерін неге тыңдамасқа? Сөздерін дұрыс деп тапсам қабылдаймын, ұнамаса қабылдамаймын»,- дедім де бір жерге жасырынып, пайғамбарымыз намазын бітіріп үйіне кеткенше күтіп тұрдым. Сосын оның артынан жүріп отырдым. Ол үйіне кіргенде мен де артынан кіріп: «Йа, Мұхаммед алейһиссалам! Мен бұл өлкеге келгенімде сенің қауымың маған солай-солай деді. Сенен аулақ болуымды сұрады. Қорқып, сенің сөзіңді естімеу үшін құлағыма мақта тығып алдым. Бірақ, Аллаһу та'ала сенің сөздеріңнің біразын маған естіртті. Олар өте жақсы сөздер екен. Енді сен маған не айтасың? Қабылдауға дайынмын»,- дедім. Пайғамбарымыз маған Исламды түсіндіріп, Құран кәрімді біраз оқыды. Ант етемін, өмірімде одан артық сөз

естіген емеспін. Дереу кәлима айтып, мұсылман болдым.

Сол кезде: «Йа, Расулаллаһ! Мен өз тайпамның сөзі өтетін, беделді адамымын. Ешкім менің сөзімді жерге тастамайды. Барып оларды да Ислам дініне шақырайын. Дұға етіңіз, Аллаһу та'ала мен үшін керемет жасасын. Осылайша сол керемет, тайпамды Исламға шақырғанда маған оңайлық, көмек әкелсін». Бұл өтінішіме Расулуллаһ: **«Ей, Аллаһым! Ол үшін бір керемет жарат»-** деп дұға етті.

Осыдан соң өз жеріме қайттым. Қараңғы түнде, тайпам тұратын жердегі судың басына қарайтын төбеге шыққанымда маңдайымда бір шырақ сияқты нұр пайда болып жарық бере бастады. Сол кезде дұға етіп: «Ей, Аллаһым! Бұл нұрды маңдайымнан басқа жерге көшір. Дәус тайпасының надандары көріп, «дінінен шыққандықтан Аллаһ оның маңдайына жаза ретінде осыны қойды»- деп ойламасын»,- дедім. Ол нұр дереу қолымдағы қамшының ұшына келіп, шырақ сияқты ілініп тұрды. Тайпамның мекеніне жақындап, төмен түсе бастағанымда сол жердегілер қамшымдағы нұрды бір-біріне көрсете бастаған еді. Солайша үйге бардым. Қасыма ең алдымен әкем келіп, мені көрді. Мені жақсы көретіндіктен мойнымнан құшақтады. Әкем өте қарт адам болатын. Оған: «Әке! Бұрынғы қалпыңда қалатын болсаң мен сенен емеспін, сен де менен емессің»,- дедім. Бұл сөзіме таң қалған әкем «Мұның себебі не?»- деп сұрады. Оған: «Мен енді Мұхаммед алейһиссаламның дініне кіріп, мұсылман болдым»,- дедім. Әкем маған: «Балам, мен де сенің кірген дініңе кірдім. Сенің дінің менің де дінім болсын» деп, дереу кәлима айтып, мұсылмандықты қабылдады. Содан кейін оған Ислам дінінен білетіндерімді үйреттім. Сосын ол жуынып, таза киімдер киді. Бір кезде қасыма әйелім келді. Оған да сол сөздерді айттым. Ол да қабылдап, мұсылман болды.

Таң атқаннан кейін Дәус тайпасының арасына барып, Исламды түсіндірдім. Оларды да дінге шақырдым. Бірақ олар дінді қабылдауға қиналды. Тіпті, біраз уақытқа дейін қарсылық білдірді. Күнә болған жаман істерінен бас тартпады. Әр-түрлі қылықтар жасап мені мазақ етті. Өсімқорлық пен құмар ойындарына берілгендіктерінен сөздерімді тыңдамады. Исламға бағынудан қашты. Аллаһ пен Расулына қарсы келді.

Біраз уақыттан соң Меккеге барып, қауымым туралы пайғамбарымызға шағымданып: «Йа, Расулаллаһ! Дәус тайпасы Аллаһу та'алаға қарсы келді. Исламға кіруге шақырғанымды

қабылдамады. Олар үшін дұға етіңіз»,- дедім. Барлық адамға мейірімді болған пайғамбарымыз қолын жайып: «Йа, Раббым! Дәус халқына тура жолды көрсете гөр. Оларды Ислам дініне кіргізе гөр»- деп дұға етті. Маған: «Қауымыңа қайт. Оларды жылы жүзбен, әсем сөзбен Исламға шақыруды жалғастыр. Олармен жылы қатынас жаса»,- деді. Дереу еліме қайтып, Дәус халқын Исламға шақырудан шаршамадым».

Жәрмеңкелерде дінге шақыру

Жыл сайын Арабстанның әртүрлі аймақтарынан адамдар белгілі бір күндерде Қағбаны зиярат ету үшін Меккеге келетін. Бұл күндерде Меккеде бірқатар жәрмеңкелер ұйымдастырылатын. Пайғамбарымыз келгендерді күтіп алып, оларға Исламды түсіндіріп, Аллаһу та'аланың бір, өзінің хақ пайғамбар екенін және құтылу жолының Исламда екенін айтып түсіндіретін. Бір күні Уәлид бин Муғира мүшріктерді жинап, «Ей, Құрайыш қауымы! Тағы да Қағбаны зиярат ету маусымы келді. Мұхаммедтің дауысы әлемге жайылды. Араб тайпалары жанына барып, оның тәтті сөздеріне еріп, дініне кіреді. Бұған бір шара ойластыру керек. Бәріміз әуелі келісіп алайық, ол туралы әрқайсысымыз әр түрлі нәрсе айтып, сөзіміз келіспей, өтірігіміз жария болып жүрмесін»,- деді. Құрайыштықтар: «Ей, Абдишәмстің әкесі! Ішіміздегі көрегеніміз сенсің. Сен не айтайық десең біз соны айтамыз»,- деді. Уәлид: «Жоқ, сендер айтыңдар. Мен тыңдайын» дегенде олар: «Оны көріпкел дейік»,- деді. Уәлид бұған қарсы шығып: «Жоқ, ант етемін ол көріпкел емес. Біз көптеген көріпкелдерді көрдік, олар шынды да, өтірікті де еш тартынбастан айта береді. Мұхаммедтің оқыған (айтатын) нәрселері көріпкелдердің ойдан шығарған нәрселеріне ұқсамайды. Сосын, біз осы күнге дейін Мұхаммедтен ешқандай өтірік сөз естіген емеспіз. Егер оны көріпкел дейтін болсақ, бізге ешкім сенбейді»,- деді. Сосын Құрайыштықтар: «Жынды, есінен адасқан дейік»,- деді. Уәлид тағы да қарсы болып: «Жоқ, ант етемін ол жынды да емес, есінен де адасқан емес. Біз есінен адасқан, жынды адамды да, олардың белгілерін де білеміз. Мұхаммедтің жындылар секілді дірілдеп, қояншығы ұстамайды. Оны жынды, есінен адасқан дейтін болсақ бәрі бізді теріске шығарады, өтірігіміз ашылып қалады.»,- деді. Сосын құрайыштықтар: «Ақын дейік...»,- деді. Уәлид тағы да қарсы болып: «Жоқ, ол ақын да емес.

Біз өлеңнің барлық түрін жақсы білеміз. Оның оқығандары өлеңге еш ұқсамайды»,- деді. «Онда сиқыршы дейік»,- деді Құрайыш қауымы. Уәлид: «Ол сиқыршы емес. Біз сиқыршылар мен олардың сиқырларының талайын көрдік. Оларды біз білеміз. Мұхаммедтің сөздерінде сиқырдың белгісі жоқ. Оның сөздері бүкіл әлемді жаулап алды. Белгісіз біреу де емес. Халықты одан айырып, сөйлесулеріне кедергі бола алмаймыз. Сосын шешендік, әсем, мәнерлі сөйлеуде замандастарынан үстем. Біз ол туралы не айтсақ та халық біздің сөзіміздің өтірік екенін біліп қояды»,- деді. Құрайыштықтар айтатын еш нәрсе таба алмағаннан соң: «Ішіміздегі ең жасы үлкен және көпті көргеніміз сенсің, сен не десең біз соған келісеміз»,- деді. Уәлид бин Муғира біраз ойланғаннан кейін: «Бәрібір де біз оны сиқыршы дейік, ақылға қонымдысы сол. Өйткені, оның сөздері адамды қауымынан және туыстарынан айырады, бауыр мен бауырдың, дос пен достың арасын суытады» деп, айналасындағыларды көндірді. Құрайыштықтар дереу тарап, Меккеге жиналған адамдарға: «Мұхаммед – сиқыршы...» деп халық арасына сөз таратты. Қағбаны зиярат етіп келе бастаған тайпалардың алдынан шығып, оларды пайғамбарымызбен кездесуден сақтандыра бастады.

Мүшріктердің осындай әрекеттері кері әсер етіп, Исламның келгені жайлы хабар бүкіл араб елдеріне жария етіліп, адамдардың ой-саналарында пұттарға деген күдік және сенімсіздік пайда болды.

Аллаһу та’ала Уәлид бин Муғираға ауыр азаптар беретінін білдірген аяттар түсірді. Мүддәссир сүресінің 11-ші аятынан бастап «(Ей, Расулым!) **Ол жалғыз басына жаратылған адамның** (байлықтан мақрұм болып туылған Уәлид бин Муғира сияқты кәпірдің) **ісін** (жазасын) **маған тапсыр.** (Одан өш алуға өзім жетемін. Ол имансызды Мен жараттым) **және оған көп мал бердім.** (Ешнәрсесі жоқ ол ашкөзді көп нығметтерге қауыштырдым. Бау-бақшалар, мал-мүліктер ихсан еттім.) **Жанында** (өзімен бірге Меккеде өмір сүрген) **аузына қарап тұрған ұлдар бердім.** (Барлығы бірге молшылықта өмір сүрді.) **Өмірін созып, атағын өз қауымы арасында танымал еттім.** (Меккеде билікке қауышты. Мекке мен Таиф арасында түрлі-түрлі бау-бақшаларға қол жеткізді. Соның арқасында «Райханәт-ул-араб» деген атаққа ие болды. Ол өзін қауымына таңдаулы адам етіп танытты. Бүкіл осы нығметтерге шүкіршілік етуі керек емес пе еді? Осыларды берген Аллаһу та’аланы растап, Оған сенуі керек емес пе еді?) **Сонда да** (ол ашкөз, көрнемек адам) **бергенімізді** (малы

мен әулетін) **тағы да арттыруымызды қалайды,** (қолындағы нығметтердің қадірін біліп, шүкіршілік жасауды ойлап та көрмейді. Бұл не деген дүниеқұмарлық, бұл не деген ашкөздік?) **Жоқ!** (Ол ашкөз, тойымсыздың бұл тілегі қабылданбайды. Оның малы мен әулеті арттырылмайды.) **Өйткені, ол біздің аяттарымызға** (Құран кәрімге) **қарсылық білдірді, теріске шығарды.** (Расулымның шыншыл екенін, пайғамбар екенін ожданымен біліп тұрса да, қырсықтығының кесірінен оған қарсы келуге, сенбеуге бел байлады. Бұл не деген оңбайтын адасушылық!) **Ол мүнкір имансызды «сауд» азабына душар етемін...** (Осы аятта келген сауд азабына қатысты хадис шәрифте былай делінген: **«Сауд – тозақтағы бір тау. Оған кәпір жетпіс жылда ғана шыға алады. Сосын ол жерден құлайды. Бұл осылайша жалғаса береді.»**) **Сосын ол мүнкір адам** (Расулуллаһтан естіген Құран кәрімге қалай тіл тигізсем деп) **ойлады.** (Өзінше бір) **өлшем қойды** (айтатын сөз дайындады.) **Оған лағнет болсын,** (Құран кәрім туралы) **қалайша өз ақылымен таразға салып, үкім кесті. Оған қайта-қайта лағнеттер болсын, қалайша өлшем қойды. Сосын** (қауымының жүзіне немесе Құран кәрім туралы не дейтініне) **қарады. Сосын** (ызаланғандықтан және Құран кәрім туралы айтатын сөз таппай) **қастарын керіп, бетін бүрістірді. Сосын** (Аллаһу та’алаға және Расулына иман келтіруден) **бас тартып, тәкаппарланды. “Бұл** (Мұхаммедтің айтқаны) **тек сиқыршылардан үйреніп көрсеткен бір сиқыр ғана. Шынында бұл - Құдайдың емес, адамның сөзі”,- деді.** (Алайда, ол адам Құран кәрімнің тамаша сөз екенін, адам мен жындардың сөзіне ұқсамайтынын әуелі өз қауымының арасында мойындаған болатын. Сосын ол мүнкір адам қауымының көңілін табу үшін сөзін өзгертіп, Құран кәрімге лайық келмейтін жалалы сөздер айтты. Осылайша өзін илаһи азапқа душар етті. Аллаһу та’ала:) **Мен оны Сәқарға, Жаһаннамға тастаймын. Сәқардың, жаһаннамның не екені жайында саған не білдірді? Және ол жаһаннам денесінен ешнәрсе қалдырмайды** (құртады)**, әрі бұрынғы қалпына келтіріп,** (сол азапты) **жалғастырады».**

Мүшріктердің Құран кәрімді тыңдауы

Мүшріктердің беделді адамдары әр түрлі айлалармен, зұлымдықтармен адамдардың иман келтіруіне кедергі келтіретін. Мекке халқының Мұхаммед алейһиссалам оқыған аяттарды тыңдауларына кедергі болатын. Ал өздері болса, түнде жасырын түрде Мұхаммед алейһиссалам отырған үйдің жанына барып, бір бұрышқа тығылып, пайғамбарымыздың оқыған аяттарын тыңдайтын. Таң атып, айнала жарық бола бастағанда әрқайсысы тығылып отырған жерлерінен бір-бірін көріп қойып, «Мұсылман болмаймыз дейсіңдер, ал өздерің жасырынып Құран тыңдауға келесіңдер» деп айыптайтын. Кейін «Ендігәрі бұлай істемейік, қайталанбасын» деп уәделесетін. Бірақ, ертеңіне кеш қарайғанда шыдай алмай тағы да бір-біріне білдірместен барып, тыңдайтын. Таң атқанда тығылып отырған орындарында бір-бірін көріп, «бізге не болған өзі» дегендей таңданысатын. Әрқайсысы енді бұлай істемеуге ант ішіп, тарқайтын, бірақ бәрібір бұдан бас тарта алмайтын. Сондай болуына қарамай, олар нәпсілеріне еріп, кісіленіп, басқа мүшріктердің айыптауынан қорқып, тағы да бірқатар бос уайымдарға беріліп иман келтірмеді. Өзгелердің де иманға келулеріне кедергі болды. Бұл да жетпегендей көшелерде: «Мұхаммед сиқыршы» деп шу көтеріп, жар салды.

Бір күні кешке мүшріктер Қағбаның айналасына жиналып: «Мұхаммедті шақырып, бұл мәселе туралы кеңесіп алайық. Кейін жұрттар бізді айыптап жүрмесін»- деп, Расулуллаһқа саллаллаһу алейһи уәсәлләм хабар жіберді. Пайғамбарымыз Қағбаға барып, мүшріктерге қарсы қарап отырды. Мүшріктер: «Ей, Мұхаммед! Сені бұл жерге шақыруымыздың себебі сенімен келісіп алу болатын. Ант етеміз, Арабтарда сен сияқты өз қауымының басына осыншама қиыншылық түсірген адам болған емес. Сен біздің дінімізді теріске шығардың. Тәңірлерімізге тіл тигіздің. Қой десек те қоймадың. Бірлігімізді бұзып, бірімізді бірімізге айдап салдың. Басымызға салмаған бәлең қалмады. Егер сен бұл іс-әрекеттеріңнің барлығын байлық үшін істеп жүрген болсаң, біз саған қалағаныңнан артық мал-мүлік жинап берейік. Атақ, даңқ үшін істеп жүрген болсаң, сені басшы етіп сайлайық. Патша болғың келсе, патша екеніңді жариялап, саған бағынайық. Егер жаман бір нәрсенің ықпалында жүрген болсаң, сені ол бәледен құтқарайық. Жындардан бір ауру тиген болса, бар малымызды төгіп емдетейік!...»,- деді.

Әлемдердің мырзасы оларды сабырмен тыңдағаннан кейін мынадай ғибратты бір жауап қатты: **«Ей, Құрайыш қауымы! Бұл айтқандарыңның ешқайсысы ойымда да жоқ. Сендерге әкелген бұл дін арқылы мал-мүліктеріңе қол жеткізуді немесе атақ-даңқ пен патшалыққа ұмтылуды көздеген жоқпын. Мен бұл нәрселер үшін келген жоқпын. Керісінше Аллаһу та'ала мені сендерге пайғамбар етіп жіберді және маған бір Кітап түсірді. Сендерді** (қабылдағандарыңды) **жаннатпен сүйіншілеуші және** (қабылдамағандарыңды) **жаһаннаммен қорқытушы болуымды әмір етті. Мен сендерге Раббымның осы әмірін уағыздап, насихаттап жеткіздім. Егер әкелген нәрсемді қабыл алсаңдар ол сендерге дүниеде және ахиретте несібе мен азық болады. Егер қабылдамай, теріске шығарсаңдар, Аллаһу та'ала сендермен арамызда бір үкім бергенге дейін, менің міндетім Хақ та'аланың бұйрығын орындау үшін барлық қиындыққа төзу...»**

Әбу Жәһл, Умәййә бин Халәф және басқа да мүшріктер: «Йа, Мұхаммед! Күнкөріс жағынан бізден ауыр шарттарда өмір сүретін ешбір ел жоқ екенін білесің. Анық пайғамбар болсаң Раббыңнан, бізді қиындыққа душар ететін, күн көрісімізді ауырлататын мына тауларды жоқ қылсын деп тілеші! Жерімізді кеңейтіп, Шам мен Ирак өзендері сияқты өзендер ағызсын. Сондай-ақ, Қусай бин Килаб сияқты ұлы бабаларымыздың кейбіреуін тірілтсін. Қусай бин Килаб турашыл, ұлы адам болатын. Сенің айтқандарыңның рас-өтірігін содан сұрайық. Егер ол сені растаса және сен біздің осы айтқандарымызды орындайтын болсаң, біз де сені растаймыз. Әрі осылайша Раббыңның алдындағы сенің беделіңді де білетін боламыз. Егер біздің бұл қалауларымызды орындай алмасаң, онда Раббыңнан саған дәлел бола алатын нәрселерді сұра. Айтқандарыңның шын екенін растайтын, сені бізден қорғайтын бір періште жіберуін сұра. Сондай-ақ Раббың саған бақшалар, үйлер, қазыналар беріп, күнкөріс қиындығынан құтқарсын. Өйткені, сен де біз сияқты күнкөру қамында жүрсің...»,- деді.

Расулуллаһ алейһиссалам оларға: **«Мен сендерге бұлар үшін жіберілген емеспін. Аллаһу та'ала мені немен жіберсе мен тек Хақ та'ала тарапынан сендерге соны әкелдім. Сендерге соны уағыздадым. Мен** (мал-мүлік берсін деп) **Раббымнан тілек тілейтін адам емеспін... Аллаһу та'ала мені** (әкелгендерімді қабылдағандарды жаннатпен) **сүйіншілеуші және** (қабылдамай

теріске шығарғандарды жаһаннаммен) **қорқытушы етіп жіберді. Егер әкелген нәрсемді қабыл алсаңдар ол сендерге дүниеде және ахиретте несібе мен азық болады. Егер қабылдамай, теріске шығарсаңдар Аллаһу та'ала сендермен арамызда бір үкім бергенге дейін, менің міндетім Хақ та'аланың бұйрығын орындау үшін барлық қиындыққа төзу...»,-** деді. Мүшріктер тағы да: «Егер Раббыңның қалаған нәрсесін істей алатыны рас болса, мына көкті бөлшектеп үстімізге жаудыруын сұрашы, көрейік... Сен осыны істемегенше біз саған сенбейміз»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Бұл іс Аллаһу та'алаға тән. Ол сендерге мұны жасағысы келсе әрине жасайды»,-** деді. Бұдан соң мүшріктер одан сайын арсыздық етіп: «Ей, Мұхаммед! Сенің Раббың біздің сенімен отыратынымызды, сенен не сұрайтынымызды, сенен талап ететіндерімізді білмеді ме, неге саған алдын ала хабар беріп, ақыл үйретпеді? Сенің бізге айтқан уағыздарыңды біз қабылдамаған жағдайда бізге не істейтінін неге білдірмеді?... Сөздеріңнің рас екендігіне періштелерді куәгер ретінде бізге жібермейінше саған сенбейміз... Енді сенің алдыңда ешқандай жауапкершілігіміз жоқ... Ант етеміз, енді біз сені бостан бос жіберіп қоймаймыз. Я біз сенің көзіңді құртамыз, я сен біздің...»,- деді. Олардың мәмілеге келіп, имандылыққа бет бұрудың орнына толығымен бас тартып, табан тірегенін көрген пайғамбарымыз ол жерді тәрк етті.

Меккелік мүшріктердің пайғамбарымыздан түбегейлі түрде бас тартуларына Аллаһу та'ала Жәбрейіл алейһиссалам арқылы уаһи жіберіп, аят кәримәлармен жауап берді. Олардың тартатын ауыр азаптарын білдірді. Ән'ам сүресінің 4-ші аятынан 11-ші аятына дейінгі жерінде былай делінді: **«Раббыларының аяттарынан оларға қашан бір аят келсе** (Құран кәрімнің аяттарынан бір аят, дәлелдерінен бір дәлел немесе мұғжизаларынан бір мұғжиза келсе) **бәріне мүнкір болып, бас тартты. Міне солар, Хақ** (Құран кәрім) **өздеріне келген кезде теріске шығарды. Бірақ жақында оларға нені әжуалап, мазақ еткендерінің хабары** (жазасы) **келеді.** (Мекке халқы) **өздерінен бұрын қаншама нәсілдерді жойғанымызды көрмеді ме? Білмеді ме? Оларға сендерге бермеген барлық мүмкіндіктерді берген едік. Көктен үстілеріне мол жаңбыр жіберген едік.** (Бау-бақшаларының және сарайларының) **астынан өзендер ағыздық. Сосын олардың** (осы нығметтерге шүкіршілік етпегендері үшін) **және күнәлары үшін көздерін жойдық. Олардың орнына басқа-басқа нәсілдер жараттық.**

Егер Біз саған жазулы дайын бір кітап түсірген болғанымызда, олар да өз қолдарымен оны ұстап көрген болғанда, бәрібір ол кәпірлер қырсығып: «Бұл барып тұрған сиқырдан басқа ештеңе емес» дер еді. Сондай-ақ олар: «Оған (Мұхаммед алейһиссаламға біз де көре алатын) **бір періште жіберілсе** (ол періште бізге оның пайғамбар екенін айтса) **не болар еді»,- деді. Егер біз бір періште жібергенімізде** (олар тағы да иманға келмесе) **әрине іс біткен болар еді** (барлығының құрдымға кетуіне үкім берілген болар еді.) **Сосын оларға бір сәт уақыт та берілмес еді. Егер оны** (пайғамбарды) **періште етіп жібергенімізде, әрине оны оларға ер адам** (кейпінде) **көрсетіп, өздері түскен күмәнға тағы түсірер едік. Ант болсын, сенен бұрынғы пайғамбарлар да мазақ етілді, мазақ еткендерінің жазасы болған бәле мен азап оларды** (мазақ еткендерді) **қоршап алды.** (Оларға) **айт: «Жер бетін аралаңдар, сосын қараңдар. Пайғамбарларды өтірікшіге шығарғандардың ақыры не болыпты?»**

Фурқан сүресінің 7-ші және 10-шы аяттарында: **«Кәпірлер: "Бұл қандай пайғамбар? Біз сияқты ішіп-жейді, көшелерде жүреді. Пайғамбар болса, оған періште келер еді. Көмекшілері болып, олар бізге де хабар беріп, жаһаннаммен қорқытар еді. Немесе Раббысы ақша жіберер еді, бау-бақшасы, егістігі болар еді, қалағанын жер еді" деді. Ол залымдар бір-біріне былай деді: "Егер сендер бұған бағынсаңдар сиқырланған адамға ерген боласыңдар."** (Ей Хабибім!) **Назар сал, сен туралы қандай жаман мысалдар беріп, тура жолдан тайды, адасты. Енді олар адасушылықтарынан шығып, тура жолды таба алмайды. Аллаһу та'аланың құдіреті қандай күшті, Ол қаласа саған** (бұл дүниеде) **бұлардан да артық етіп астынан өзендер ағатын бау-бақшалар беріп, сен үшін сарайлар салдырады»** делінді.

21-ші аяти кәримасында: **«Бізге қауышуды үміт етпегендер: "Бізге періштелер түсірілсе** (Мұхаммедтің айтқандарының тура екендігін растаса) **немесе Раббымызды көрсек болмас па еді" деді. Ант болсын, олар нәпсілерін жоғары қойып, азғындауда шектен шықты...»** деп бұйырылды.

Сәбә сүресінің 9-шы аяти кәримасында: **«Егер біз қаласақ оларды** (ашық аяттарымызды көріп өтірікке шығарғандары үшін, Қарун сияқты) **жерге батырар едік немесе көктен төбелеріне от жаудырар едік»** деп бұйырылды.

Исра сүресінің 97-ші аяти кәримасында: **«...Біз оларды қиямет күні соқырлар, тілсіздер, кереңдер етіп, етпетінен тірілтеміз! Олардың баратын жері – жаһаннам, оның оты бәсеңдегенде біз оның отын алаулатамыз»** деп бұйырылды.

Мүшріктер өздері туралы келген аяттарды естіп, дұшпандықтарын одан әрі арттыра түсті. Әсіресе Убәй бин Халәф пен бауыры Умәййә Расулуллаһ алейһиссаламды қатты ренжітетін. Бедбахт Убәй шіріген сүйекті ұстап, пайғамбарымызға келіп: «Ей, Мұхаммед! Мына сүйекті шірігеннен кейін сенің Аллаһың тірілтеді екен, солай ма? Демек, сен шірігеннен кейін бұны Раббың тірілтеді деп ойлайсың ғой.»,- деді де сүйекті ұсақтады (уатты). Сосын тозаңын пайғамбарымызға қарай үрлеп: «Йа, Мұхаммед! Мынаны шірігеннен кейін кім тірілте алады?»,- деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): **«Иә, Аллаһу та'ала сені де, оны да өлтіреді... Сосын сені тірілтіп, жаһаннамға тастайды.»,-** деді. Осы оқиғаға байланысты Хақ та'ала мына аяти кәрималарды түсірді: **«Ол** (мүнкір) **адам, өзін бір ұрықтан жаратқанымызды көрмеді ме, білмеді ме? Солай бола тұра анық қарсыласушы болды. Өз жаратылысын ұмытып, бізге: "Шіріген бұл сүйекті кім тірілтеді?" деп мысал келтірді.** (Ей Расулым!) **Айт: "Оларды** (олар жоқ кезде) **алғаш рет жаратқан** (Аллаһу та'ала) **тірілтеді және Ол** (Аллаһу та'ала) **барлық жаратылғандарды өздерінен жақсы біледі. Ол сендерге жап-жасыл ағаштан от шығарады, сендер одан от жағасыңдар. Көктер мен жерді жаратқанның солар сияқтыларды жаратуға күші жетпей ме? Әлбетте оған күші жетеді. Ол барлық нәрсені жаратушы, барлық нәрсені білуші...»** («Ясин» сүресі, 77-81)

Халид бин Саидтің (радиаллаһу анһ) иманы

Исламға шақырудың алғашқы жылдарында Халид бин Саид (радиаллаһу анһ) бір түс көрген еді. Түсінде: "жаһаннамның бір шетінде тұрғанда әкесі оны итеріп құлатқысы келеді. Дәл сол кезде пайғамбарымыз оның белінен ұстап, тозаққа түсіп кетуден құтқарғанын" көрді. Ол қуанып, оянды да өзіне-өзі: «Уаллаһи, бұл түс шын»,- деді. Сыртқа шыққанда кездесіп қалған хазреті Әбу Бәкірге көрген түсін айтып берді. Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) оған:

«Түсің – ақиқат. Бұл адам – Аллаһу та'аланың пайғамбары. Дереу бар да, оған бағын! Сен оған бағынып, әкелген дініне кіріп, онымен бірге боласың. Ол да сені түсіңде көргеніңдей жаһаннамға түсуден құтқарады. Ал, әкең жаһаннамда қалады»,- деді. Хазреті Халид бин Саид көрген түсінен қатты әсерленген еді. Уақыт жоғалтпастан дереу «Әжйад» деген жерге пайғамбарымызға барды. «Йа, Мұхаммед! Сен адамдарды неге шақырып жүрсің?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз: **«Мен адамзатты серігі мен ұқсасы жоқ жалғыз Аллаһқа және Мұхаммедтің** (алейһиссалам) **Оның құлы және пайғамбары екеніне сенуге және естімейтін, көрмейтін, ешқандай пайда мен зиян келтіре алмайтын, өзіне табынғандарды да, табынбағандарды да білмейтін тастарға табынудан бас тартуға шақырамын»,-** деді. Осыдан кейін Халид бин Саид (радиаллаһу анһ) дереу: «Мен де Аллаһу та'аладан басқа табынатын илаһ жоқ екеніне куәлік етемін және сен Аллаһу та'аланың пайғамбарысың»- деп мұсылман болды. Оның мұсылман болуы пайғамбарымызды қатты қуантты. Одан кейін оның әйелі Үмәййә да мұсылман болу абыройына қауышты.

Хазреті Халид бин Саид бауырларының да мұсылман болуларын қалап, соған бар күшін салатын. Бауырларынан Омар бин Саид та мұсылман болған еді. Қатал Ислам дұшпаны болған әкесі Әбу Ухайха Халид пен Омардың мұсылман болғанын және Меккенің бір оңаша жерінде намаз оқитындарын естіп, мұсылман болмаған ұлдарын жіберіп, ол екеуін жанына шақырып алды. Сосын оларға кірген діндерінен шығуды талап етті. Оларды айыптап, жазғырып, ұра бастады. Сосын Халидке: «Сен Мұхаммедке бағындың ба? Бірақ, сен оның өз қауымына қайшы әрекет жасап жүргенін және әкелген нәрсесімен пұттарымыз бен ата-бабаларымызды қорлағанын көріп жүрсің емес пе?»,- деді. Халид бин Саид: «Аллаһқа ант етемін, Мұхаммед алейһиссалам хақты айтады. Оған бағындым. Өлсем де дінімнен қайтпаймын» дегенде әкесі одан әрі ашуланды. Қолындағы таяқ сынғанша ұрғаннан кейін: «Ей, қарғыс атқыр бала! Қалаған жеріңе бар. Ант етемін енді мен сені асырамаймын»,- деді. Хазреті Халид: «Сен менің напақамды үзсең де, Аллаһу та'ала әлбетте ризығымды береді»,- деді. Әкесі басқа ұлдарына: «Егер сендерден бірің онымен сөйлесетін болса, оған жасамағанымды жасаймын» деп қорқытты. Хазреті Халидті (радиаллаһу анһ) үйдің төлесіне қамап, үш күн бойы Меккенің ыстық күнінде аш, сусыз қалдырды. Халид бин Саид бір есебін тауып, әкесінің үйінен қашып кетті. Әкесі қатты

ауруға шалдықты. Әбу Ухайха ауырып төсек тартып жатса да Исламға деген дұшпандығынан: «Аурудан айығып, аяқ басып тұратын болсам Меккедегі барлық адам пұттарымызға табынатын болады. Ешкім олардан басқа нәрсеге ғибадат жасамайтын болады...» деп жатты. Хазреті Халид әкесінің хақ дінге деген дұшпандығының жойылуы және мұсылман бауырларына бір зиян келтірмеуі үшін қолын жайып: «Ей, әлемдерді жаратқан Аллаһым! Әкемді осы аурудан тұрғызба» деп дұға етті. Хақ та'ала оның дұғасын қабыл етіп, Әбу Ухайха ауруынан жазылмай өліп кетті.

Мусаб бин Умәйрдің (радиаллаһу анһ) мұсылман болуы

Мусаб Құрайыштың текті және бай әулетінен шыққан адам еді. Пайғамбарымыздың сөздерін естігеннен кейін оның жүрегінде үлкен сүйіспеншілік пайда болды. Оған тезірек жету арманымен күйіп жанды. Ақыры Дарул-Әрқамға барып, мұсылман болды. Мұны естіген әке-шешесі оған жәбір көрсете бастады. Дінінен қайтару үшін үйлеріндегі жертөлеге қамап, қаншама күн аштықта ұстады. Арабстанның аптаған ыстығында ауыр және төзімсіз қинауларға салды. Барлық қиындықтарға діні үшін төзімділік танытқан Мусаб бин Умәйр Исламнан бас тартпады.

Хазреті Мусаб мұсылман болмастан бұрын жанұясы бай болғандықтан шаттық пен молшылықта өмір сүрген болатын. Адамдар оған әуеспен, қызығып қарайтын. Мұсылмандықты қабылдағаннан кейін жанұясы одан барлық нәрсесін алып қойып, оны әр түрлі азаптарға душар етті. Барлық қиындықтарға тек діні үшін шыдамдылық танытқан Мусаб бин Умәйр (радиаллаһу анһ) бір күні Расулуллаһтың қасына барды. Оның бұл келуін хазреті Әли былай айтып берген: «Расулуллаһпен бірге отыр едік. Осы кезде Мусаб бин Умәйр келді. Үстінде жамау-жамау киімі бар болатын, түрі аянышты еді. Оның бұл халін көрген Расулуллаһтың саллаллаһу алейһи уәсәлләм мүбәрәк көздері жасқа толды. Мусабтың тартқан азабы мен кедейшілікке бой алдырмай, дінінен қайтпағандығы туралы пайғамбарымыз: **«Жүрегін Аллаһу та'ала нұрландырған мына адамға қараңдаршы! Ата-анасының оны ең жақсы тағамдармен, сусындармен баққанын көрдім. Аллаһу та'ала мен Расулына деген сүйіспеншілік оны осы жағдайға жеткізді»,-** деді.

ХАБӘШСТАНҒА (Эфиопия) КӨШУ

Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) пайғамбарлығының бесінші жылында мүшріктердің жасаған қастандық әрекеттеріне қарамастан мұсылмандардың саны артып жатқан еді. Бірақ, мүшріктер де жауыздық әрекеттерін көбейтіп, қолдарынан келген қиянаттың бәрін жасап жүрді. Пайғамбарымыз сахабаларының аяусыз қастандықтарға ұшырағанына, аяқтарының жіппен байланып, түйелермен тартылып, денелерінің бөлшектенуіне қатты қайғырды. Мұндай жауыздық әрекеттер бара-бара артып, Расулуллаһтың мейірімге толы жүрегі бұларға шыдай алмай жатты. Бір күні сахабаларды (радиаллаһу анһум) жинап: **«Ей, Сахабаларым! Енді жер бетіне таралыңдар. Аллаһу та'ала жақында сендерді тағы да бір жерге жинайды»,-** деді. Сахабалар: «Йа, Расулаллаһ! Қайда барамыз?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз қолымен нұсқап: **«Әне, ана жаққа! Хабәш жеріне барыңдар! Өйткені, онда қасындағыларға ешқандай зұлымдық жасамайтын бір билеуші бар. Әрі ол жер туралықтың елі. Аллаһу та'ала шеккен қиыншылықтарыңнан құтылудың жолын ашқанға дейін сендер сол жерде болыңдар»-** деп бұйырды. Әлемдердің ұлысы Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу алейһи уәсәлләм осылайша сахабаларының азаптардан, қиындықтардан құтылуына және меккелік мүшріктерге қарсы күресті жалғыз жалғастыруға шешім қабылдаған еді. **«Үмметім! Үмметім!»** деп туылған сүйікті пайғамбарымыз сахабаларын құтқару үшін өзін пида етіп жатыр еді. Оның осы рұқсатына байланысты сахабалардың бір бөлігі елдерінен кетіп, көшкен болатын... Бірақ, олар пайғамбарымыздан айрылып бара жатқандары үшін де қатты мұңаюда еді.

Осы алғашқы көшке хазреті Осман мен оның әйелі хазреті Рукаййә бинти Расулуллаһ, Әбу Хузайфа мен әйелі Сәхлә бинти Сухәйл, Зубәйр бин Аууам, Мусаб бин Умәйр, Абдуррахман бин Ауф, Әбу Сәләмә бин Абдуләсад пен әйелі Үммү Сәләмә, Хатиб бин Амр, Амир бин Рәбиа және әйелі Ләйла бинти Әби Хасмә, Осман бин Мазун, Әбу Сәбра бин Әби Рүһм мен әйелі Үммү Гүлсім бинти Сухәйл, Сухәйл бин Бәйда және Абдуллаһ бин Мәсуд (радиаллаһу анһум) қосылды.

Пайғамбарымыз алейһиссалам хазреті Осман туралы: **«Күмәнсіз, Осман - Лұт пайғамбардан кейін әйелімен бірге хижрет еткен**

(көшкен) **алғашқы адам»** деген. Сахабалардың бір бөлігі көлікпен, бір бөлігі жаяу, жасырын түрде Меккеден шығып кетті. Саудагерлерге ақысын беріп, кемелермен Қызыл теңізден Хабәшстан жағалауына жетті. Мүшріктер мұны біліп қойып, соңдарына түсті, бірақ олардың бұл әрекеттері босқа кетіп, үміттерін үзіп кері қайтты.

Хабәш билеушісі Нәжаши (Негус) мұсылмандарды жылы қабылдады. Еліне қоныстандырды. Сахабалар Хабәшстан туралы: «Біз бұл жерде жақсы көрші және пана көрдік. Дінімізге ешкім тиіскен жоқ, бізді ешкім ренжітпеді. Жағымсыз бірде-бір сөз естіген жоқпыз. Тыныштықта Аллаһу та'алаға құлшылық жасадық»,- деді. Мүшріктер көшіп кеткен сахабалардың Хабәшстанда паналанғанынан үрейленіп, қорқып қалды.

Хазреті Хамзаның (радиаллаһу анһ) **мұсылман болуы**

Ислам күн өткен сайын адамнан-адамға жайылып, жан-жаққа тарала бастаған еді. Бұл жағдай Құрайыш мүшріктерінің ызасын тудырып, бірақ олар қанша тырысқанымен Исламның жайылуына кедергі келтіре алмай жатқан болатын.

«Дәлаил-ун-нубууә» мен **«Мәариж-ун-нубууә»** атты кітаптарда былай делінген: Мүшріктерде Уәлид деген кісінің бір пұты бар болатын. Олар **Сафа** төбесіне жиналып, осы пұтқа ғибадат жасайтын. Бір күні пайғамбарымыз олардың жанына барып, оларды иманға шақырды. Кәпір болған бір жын сол пұттың ішіне кіріп, пайғамбарымызға лайық болмаған сөздер айтты. Расулуллаһ алейһиссалам қатты ренжіді. Тағы бір күні көрінбейтін біреу пайғамбарымызбен сәлемдесіп: «Йа, Расулаллаһ! Кәпір жын сізге лайық болмаған сөздер айтыпты. Мен ол жынды тауып өлтірдім. Ертең Сафа төбесіне барсаңыз?! Сіз оларды тағы да Исламға шақырсаңыз, мен сол пұттың ішіне кіріп, Сіз туралы мақтау сөздер айтар едім»,- деді. Пайғамбарымыз Абдуллаһ деген бұл жынның ұсынысын қабыл етті.

Сүйікті пайғамбарымыз ертеңіне Сафа төбесіне барып, мүшріктерді тағы да иманға шақырды. Әбу Жәһл де сол жерде болатын. Мұсылман жын мүшріктердің қолындағы пұттың ішіне кіріп, пайғамбарымыз бен Ислам туралы жақсы сөздер мен өлеңдер айтты. Мұны естіген мүшріктер қолдарындағы пұтты сындырып, пайғамбарымызға бассалды. Мүбәрәк шашының ұйпа-тұйпасын

шығарды. Мүбәрәк жүзі қанға боялды. Расулуллаһ олардың бұл азабына шыдамдылық танытып: **«Ей, Құрайыштықтар, мені ұрып жатырсыңдар. Бірақ, мен сендердің пайғамбарларыңмын»,-** деді. Содан кейін ол жерден кетіп, үйіне келді. Бұл оқиғаны бір қызметші қыз бастан-аяқ көрген еді.

Осы уақытта хазреті Хамза тауда аң аулап жүрген еді. Бір киікті атайын деп тұрғанда киікке тіл бітіп: «Йа Хамза! Мені атқанша бауырыңның баласын өлтірейін деп жатқандарды атсаң жақсы болар еді»,- деді. Бұл сөздерге таң қалған хазреті Хамза, тез үйіне қарай бет алды. Әдеті бойынша аңнан қайтқанда тауап ету үшін мәсжиди Харамға (Қағбаға) соғып, үйіне сосын баратын. Сол күні тауап жасап жатқанда, қызметші қыз оның қасына барды. Әбу Жәһлдің Мұхаммед алейһиссаламға жасаған қиянаттарын айтты. Хазреті Хамза пайғамбарымызға қастандық істелгенін естіп, қатты ашуланды. Қаруларын алып, мүшріктердің отырған жеріне барды. «Бауырымның баласына жаман сөздер айтқан, оны ренжіткен сенсің бе? Мен де оның дініндемін, ал қайтесің? Қолыңнан келсе оған жасағандарыңды маған істе, көрейік» деп иығындағы садақпен Әбу Жәһлдің басын ұрып жарды. Сол жердегі кәпірлер хазреті Хамзаға бассалып ұмтылып еді, бірақ Әбу Жәһл: «Тимеңдер, Хамзаның айтқандары дұрыс. Немере інісіне жаман сөздер айттым»,- деді. Хамза (радиаллаһу анһ) ол жерден кеткеннен кейін Әбу Жәһл жанындағыларға: «Оған тиюші болмаңдар. Бізге ашуланып мұсылман болып жүрер. Сосын Мұхаммед күшейіп кетеді»,- деді. Ол хазреті Хамзаның мұсылман болмауы үшін басының жарылуына да разы еді. Хазреті Хамзаның күші мен абыройын білетін еді. Хамза (радиаллаһу анһ) пайғамбарымызға барып: «Йа, Мұхаммед! Әбу Жәһлден өшіңді алдым. Оны қанға боядым. Ренжіме, қуан»,- деді. Сүйікті пайғамбарымыз: **«Мен мұндай нәрселерге қуанбаймын»,-** деді. Хазреті Хамза: «Сені қуандыру, реніштен арылту үшін не қаласаң да істейін» деген кезде пайғамбарымыз: **«Мен тек сенің иманға келіп, құнды денеңді тозақ отынан құтқарғаныңа ғана қуанамын»,-** деді. Хазреті Хамза дереу мұсылман болды. Ол туралы аяти кәрима түсті. Хазреті Абдуллаһ ибн Аббастың айтуынша Құран кәрімде «Ән'ам» сүресінің 122-ші аятында тірілтілгені және нұрландырылғаны туралы айтылған адам – хазреті Хамза, ал сол аятта қараңғылықта адасқаны туралы айтылған адам - Әбу Жәһл.

Хазреті Хамза мүшріктерге барып, мұсылман болғандығын және Аллаһу та’аланың сүйікті құлы Мұхаммед алейһиссаламды өз жанындай қорғайтынын айтып, өлең шумақтарын оқыды. Оқыған өлеңінде «Жүрегімді Исламға және ақиқатқа бағыттағаны үшін Аллаһу та’алаға хамд болсын. Бұл дін құлдарының барлық жасаған істерін білетін, барлық адаммен жақсы мәміле жасайтын, барлық нәрсеге құдіреті жететін, әлемдердің Раббысы – Аллаһу та’ала тарапынан жіберілген. Құран кәрім оқылған кезде жүрегі ояу, ақылы толық адамдардың көзіне жас келеді. Құран кәрім әсем тілмен берілген аяттар түрінде Мұхаммед алейһиссаламға жіберілген. Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) ішіміздегі сөзі өтімді, қадірлі, қасиетті адам. Ей, мүшріктер! Ақылдарыңнан адасып, ол туралы ауыр, дөрекі сөздер айтпаңдар. Егер мұндай ойға келетін болсаңдар, бізді, яғни мұсылмандарды басып өтпестен, ешкім оған тиісе алмайды»,- деді.

Хазреті Хамзаның мұсылман болғанына пайғамбарымыз қатты қуанды. Мұсылмандар өздерінің қатарларына оның қосылуымен күшейе түсті.

Хазреті Хамзаның (радиаллаһу анһ) мұсылмандықты қабылдауымен жағдай өзгерді. Өйткені, меккеліктер хазреті Хамзаның батыр, жомарт, ер жүрек, палуан және қаһарман екенін білетін. Сондықтан да Құрайыш мүшріктері мұсылмандарға себепсіз жаман әрекеттер жасамайтын, себепсіз жаман мәміледе болмайтын болды. Олар әсіресе хазреті Хамзаның қылышынан аяқ тартты.

Хазреті Омардың (радиаллаһу анһ) **мұсылман болуы**

Ислам діні күн сайын таралып, Құран кәрімнің нұры рухтарға жарық шашып, нәрлендіріп жатқан еді. Қараңғылық ішіндегі адамдар Аллаһу та’аланың ихсанымен иманға келіп, тура жолға түсіп жатты. Сахаба болу құрметіне ие болған бұл мүбәрәк адамдар (радиаллаһу анһум) бірігіп, бір-бірін қолдап, қуаттап пайғамбарымыздың айналасына жиналып жатты. Расулуллаһтың кішкентай бір өтінішін, қалауын үлкен бұйрық деп біліп, оны орындауға жарысып, тіпті сол жолда жандарын пида етуге дайын еді. Ал мүшріктердің болса мазалары кетіп, үрейлері арта түсті. Өйткені сол дәуірдің ержүрек

қаһармандарының бірі болған хазреті Хамза да мұсылман болып, пайғамбардың жанынан орын алған еді. Бұл күтпеген оқиға мүшріктерді қатты алаңдатты. Осы себепті Хаттабұлы Омар (әлі мұсылман болмаған кезінде) бір күні “Мұхаммедті көрген жерімде өлтіремін” деген оймен үйінен шықты. Сүйікті пайғамбарымызды мәсжиди Харамда (қағбада) намаз оқып отырған жерінен көрді. Намазын бітірсін деп, тыңдап тұрды. Расулуллаһ Әл-Хаққа сүресін оқып тұрған болатын: **«Болатыны анық қиямет!.. Ол хақ болған қиямет деген не? Ол келетіні белгілі қияметті саған қандай нәрсе білдірді? Сәмуд және Ад** (қауымдары), **үрейінен** (қорқынышынан) **жүректер дірілдейтін қияметті жоққа шығарды. Сәмуд қауымы азғындықтарының себебінен** (Жәбрейіл алейһиссаламның қаһарлы даусымен) **жоқ етілді.**

Ал Ад қауымы, олар да ысқырып, гүілдеген, құйындаған дауылмен жоқ етілді. Оларға бұл дауылды Аллаһу та’ала жеті түн, сегіз күн үздіксіз жіберді. (Сондай аласапыран халге түскені соншалық, ол жерде болсаң) **олардың тамырынан жұлынып жерге төселген іші бос құрма ағаштары сияқты қалай өліп, қирағанын көрер едің! Қазір олардың артынан қалған бірде-бір адамды көре аласың ба?**

Перғауын да, одан бұрынғылар да астаң-кестең болған мекендердің халқы да (Лұт қауымы)**, барлығы сол қатені** (ширк пен қарсы келушілікті) **қайталады... Осылайша, Раббыларының пайғамбарына** (Лұт алейһиссаламға және басқа пайғамбарларға) **қарсы шықты. Сондықтан да оларға бұрынғы үмметтерге келген азаптан да ауыр азап төнді... Шынында біз, (**Нұх топанында) **барлық жерді су басқан уақытта, сендерге ғибрат болсын және оны естігендер де есінде сақтасын деп,** (тіршіліктеріңе себеп болған аталарыңды) **кемеде алып қалдық.**

Сурды бір рет үрлеген кезде жер беті мен таулар орындарынан қозғалып, сілкінеді. Сол күні қиямет болады, көк күшінен айрылып, жарылып, ыдырайды және періштелер көктің айналасында болады. (Раббыларының әмірін күтеді) **Ол күні Раббының аршын** (көктің айналасында тұрғандардан) **сегіз періште көтереді. Ол күні Аллаһу та’алаға есеп беруге келесіңдер. Сендердің** (дүниеде жасырдым деп ойлаған) **барлық сырларың,** (Аллаһу та’алаға) **жасырын болмайды.**

Міне сол уақытта кітабы оң қолына берілген адам (қуанып) **айтады: «Алыңдар, кітабымды оқыңдар! Өйткені,**

мен есепке тартылатынымды білдім.» Міне ол (адам) **разылық білдірілген өмірде. Жоғары жұмақта...** (жемістері) **тез жиналатын жақындықта.** (Оларға айтылады:) **«Өткен күндерде** (дүниеде) **істеген салих амалдарың үшін жеңдер, ішіңдер, ас болсын».**

Кітабы сол қолына берілген адам болса: «Ah! Әттең, менің кітабым берілмегенде ғой... Есебімнің де не болғанын білмегенімде ғой... Ah! Әттең, сол (өлімім өмірімнің) **соңы болғанда ғой** (тірілмегенімде ғой)! **Мал-мүлкім маған пайда бермеді.** (Барлық) **билігім** (күш-қуатым, дәлелім, барым, жоғым) **менен ажырап жоқ болып кетті!...» деп айтады.** (Аллаһу та'ала тозақта міндет жүктелген періштелерге бұйырады:) **«Ұстаңдар, оны да** (қолдарын мойнына) **байлаңдар!... Сосын оны алаулаған отқа тастаңдар. Одан кейін оны жетпіс аршын ұзындықтағы шынжыр ішінде, сол жерге** (қайтадан) **тастаңдар!... Өйткені, ол Ұлы Аллаһу та'алаға сенбейтін еді. Жоқ-жітіктерге тамақ** (беру былай тұрсын, басқалардың да) **бергенін қаламайтын еді. Сондықтан да бүгін бұл жерде оған** (жаны ашитын) **ешқандай жақыны** (және досы) **жоқ. Ғислиннен** (тозақтықтардың қан араласқан іріңдерінен) **басқа жейтін азығы да жоқ. Оны** (біле тұра) **қателік жасағандардан** (кәпірлерден) **басқа ешкім жемейді...»**

Хазреті Омар пайғамбарымыздың оқығандарын таңдана тыңдап тұрды. Өмірінде осыншалықты әсем сөздерді естіген емес еді. Бұл туралы кейін өзі былай деп айтып берген: "Тыңдаған осы сөздердің шешендігіне, ұйқас-мәнеріне қайран қалдым. Өз-өзіме: «Ант етемін бұл Құрайыштықтардың айтқанындай бір ақын болса керек»,- дедім. Осы кезде пайғамбарымыз аяттарды оқуын жалғастырды: **«Көргендеріңмен және көрмегендеріңмен ант етемін, күмәнсіз ол** (Құран кәрім) **Аллаһу та'аланың құзырында өте қадірлі бір Расулдың** (Раббысынан) **әкелген кәламы** (сөзі)**. Ол ақынның сөзі емес. Сендер қандай сенбейтін адамсыңдар!..».»"**

Хазреті Омар: "Тағы да өз-өзіме: "Бұл бір көріпкел болса керек. Өйткені, менің ойымды біліп қойды…",- дедім. Расулуллаһ сүресін оқып тұрған еді: **«Ол көріпкелдің де сөзі емес. Сендер қандай таяз ойлайтын адамсыңдар!... Ол** (Құран кәрім) **әлемдердің Раббысынан** (Мұхаммед алейһиссаламға Жәбрейіл алейһиссалам арқылы) **түсірілген. Егер** (пайғамбар біз айтпаған) **кейбір сөздерді бізге қарсы өздігінен шығарған болса әрине оның оң қолын** (күш-қуатын) **алып, сосын еш күмәнсіз оның жүрек тамырын суырар** (өмір сүргізбейтін) **едік! Ол кезде сендерден ешқайсысың**

бұған тосқауыл бола алмас та едіңдер! Күмәнсіз ол (Құран кәрім) **тақуалар үшін нақты насихат. Іштеріңде оны** (растағандардың бар болғаны секілді) **терiске шығаратындардың бар екенін біз әрине білеміз. Ақиқат, ол** (Құран кәрім ахиретте оны қолдағандарға берілетін нығметтерді көретін) **кәпірлер үшін** (құтыла алмайтын) **қасірет. Ақиқат, ол** (Құран кәрім) **хаққул йақин.** (Өзіне бағынып, бұйрықтары мен тыйымдарына мойынсұнып әрекет еткен адамды хаққул йақин дәрежесіне қауыштырады.) **Олай болса, Ол ұлы Раббының есімін тәсбих ет!»** Хазреті Омар: "Расулуллаһ сүренің барлығын оқып болғаннан кейін жүрегімнің Исламға бейімделгенін байқадым",- деді.

Хазреті Хамза мұсылман болғаннан үш күннен кейін Әбу Жәһл мүшріктерді жинап: «Ей, Құрайыш! Мұхаммед пұттарымызға тіл тигізді. Бізден бұрын өткен ата-бабаларымыздың тозақта азап көріп жатқанын, біздің де сол жерге баратынымызды айтты... Оны өлтіруден басқа амал жоқ!... Оны өлтірген адамға жүз қызыл түйе мен сансыз алтын беремін!...»,- деді. Бір кезде Хаттабұлы Омардың жүрегінен Исламға деген ынта жоғалып, орнынан атып тұрып: «Бұл істі Хаттабұлынан басқа кім істей алады!»,- деді. Қасындағылар: «Ал, Хаттабтың ұлы! Көрейік сені...» деп қолдау көрсетті. Ол қылышын асынып, жолға шықты. Жолда Нуайм бин Абдуллаһты кездестірді. Нуайм бин Абдуллаһ одан: «Мынадай құлшыныспен қайда барасың?»- деп сұрады. Хазреті Омар: «Халықтың арасына іріткі салған, бауырды бауырға дұшпан еткен Мұхаммедті өлтіруге бара жатырмын»,- деді. Нуайм: «Ай Омар, бұл өте қиын іс. Сахабалары оған ешнәрсе болмасын деп айналасынан шықпайды. Оларға жақындау өте қиын. Оны өлтірген күніңде де Абдулмутталиб ұлдарынан құтыла алмассың.»,- деді. Хазреті Омар Нуаймның бұл сөздеріне қатты ашуланып: «Әлде сен де солардансың ба? Онда әуелі сенің шаруаңды бітірейін...» деп қылышына ұмтылды. «Йа, Омар! Мені жайыма қалдыр! Одан да қарындасың Фатима мен күйеуі Саид бин Зәйдке бар, олар да мұсылман болды...»,- деді. Хазреті Омар бұл сөзге сенбеді. «Сенбесең, барып сұра! Сонда білерсің шындықты»,- деді Нуайм.

Хазреті Омар бұл істі істейтін болса, діни бөлінушілік жойылар еді, алайда арабтардың әдеті болған қан дауы туындап, Құрайыш екіге бөлініп, үздіксіз, бітпейтін қырқысулар басталар еді. Осылайша, тек Омар ғана емес, бүкіл Хаттаб ұлдары өлтірілер еді. Алайда, Омар бин Хаттаб өте күшті, қызуқанды және ызалы болғандықтан бұл

туралы ойламады. Қарындасы туралы ойлап, дереу олардың үйіне барды. Ол кезде «Таха» сүресі жаңадан түсіп, Саид пен Фатима (радиаллаһу анһума) оны жаздырып, хазреті Хаббаб бин Әрат деген сахабаны үйлеріне әкеліп, оқытып отырған болатын. Хазреті Омар есіктен олардың дауысын естіді. Есікті қатты қақты. Оның қылыш асынған, ашулы түрін көрген үйдегілер, жазуды тығып, хазреті Хаббабты жасырды. Сосын барып есікті ашты. Хазреті Омар ішке кіріп: «Не оқып отырдыңдар?»- деп сұрады. Олар: «Ешнәрсе»- деп жауап берді. Ол одан сайын ашуланып: «Естігенім рас болса, сендер де оның сиқырына алданыпсыңдар» деп, хазреті Саидты жағасынан алып, жерге ұрды. Қарындасы күйеуін құтқарам деп ұмтыла бергенде, оның да бетіне реніш шапалағы сарт ете қалды. Бетінен қан аққанын көргенде хазреті Омардың қарындасына жаны ашып кетті. Фатиманың беті қанға боялған еді. Бірақ, иманның күші оны мойытпастан ол Аллаһу та'алаға сыйынып, хазреті Омарға: «Ей, Омар! Неге Аллаһу та'аладан ұялмайсың? Аяттар мен мұғжизалармен жіберген пайғамбарына неге сенбейсің? Міне, мен күйеуім екеуміз мұсылман болу мәртебесіне қауыштық. Басымызды кесіп алсаң да бұл жолдан қайтпаймыз» деп, кәлима айтты. Хазреті Омар қарындасының осыншалықты иманын көріп, бірден басылып, жерге отырып қалды. Бәсең дауыспен: «Жаңа оқып отырған кітаптарыңды шығарыңдаршы»,- деді. Фатима: «Сен тазаланбайынша оны саған бермеймін»,- деді. Хазреті Омар бой дәрет алды. Одан соң Фатима (радиаллаһу анһа) Құран кәрімнің беттерін алып келді. Хазреті Омардың қырааты өте күшті болатын, яғни мәнерлеп оқу өнерінде шебер еді. «Таха» сүресін оқи бастады. Құран кәрімнің шешендік шеберлігі, мағынасы оның жүрегін елжіретіп әкетті. **«Көктерде және жер бетінде және олардың арасындағы және** (жеті қабат) **топырақтың астындағы нәрселердің барлығы Онікі»** (Таха сүресі, 6) деген аятты оқыған кезде терең ойға батты. «Йа, Фатима! Осы ұшы-қиырсыз болмыстардың барлығы сендер табынатын Аллаһтікі ме?»- деп сұрады. Қарындасы: «Иә, солай! Күмәнің бар ма?»,- деді. «Йа, Фатима, алтыннан, күмістен, қоладан, тастан ойылған мың бес жүз шақты әшекейлі мүсіндерден тәңірлеріміз, пұттарымыз бар. Бірақ олардың ешқайсысының жер бетінде бірде-бір мүлкі жоқ» деп таңырқауын жасыра алмады. Тағы да оқыды: **«Аллаһу та'аладан басқа құлшылық жасалатын ақиқат илаһ, мабуд жоқ. Ең әсем есімдер Оған тән»** деген аятты оқыды (Таха сүресі, 8). «Шынымен өте дұрыс айтылған»,- деді. Хаббаб бұл сөзді естігеннен кейін шыдап

отыра алмай, тығылған жерінен шығып, тәкбір айтып «Сүйінші, ей Омар! Расулуллаһ Аллаһу та'алаға дұға етіп: **«Йа, Раббым! Бұл дінді Әбу Жәһлмен немесе Омармен күшейт»** деген болатын. Міне, бұл бақ саған бұйырды»,- деді. Осы аят кәримә мен осы дұға хазреті Омардың жүрегіндегі дұшпандықты жойып, шайып кетті. Ол дереу «Расулуллаһ қайда?»- деп сұрады. Жүрегі Расулуллаһқа берілген еді. Ол күні Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хазреті Әрқамның үйінде сахабаларға насихат айтып отырған болатын. Сахабалар жиналып, оның нұрлы жүзін көріп, жылы, әсерлі сөздерін естіп, ләззат алып, рухтарын жайландыратын.

Хазреті Омар (радиаллаһу анһ) Әрқамның үйіне келді. Ол өзі айбатты, күшті болып, қылышымен барғандықтан сахабалар Расулуллаһты қоршап тұрды. Хазреті Хамза: «Омардан тартынатын несі бар, жақсылықпен келсе, қош келіпті. Әйтпесе, қылышын қолына алмастан бұрын басын ұшырамын» деген кезде Расулуллаһ: **«Жол беріңдер, ішке кірсін»**,- деді.

Жәбрейіл алейһиссалам алдын ала хазреті Омардың иман келтіру үшін келе жатқанын хабарлап қойған еді. Расулуллаһ алейһиссалам хазреті Омарды күлімсіреп қарсы алды. **«Жіберіңдер, оған жол беріңдер»,**- деді. Хазреті Омар Расулуллаһтың алдына тізерлеп отыра қалды. Расулуллаһ оның қолынан ұстап: **«Иманға кел, йа Омар»**,- деді. Омар таза көңілмен кәлима келтірді. Сахабалар қуанғандарынан тәкбір айтып, дауыстары көкке тарады.

Хазреті Омар мұсылман болғаннан кейін өзі туралы былай деп әңгімелеген: «Мұсылмандықты қабылдаған кезімде сахабалар әлі мүшріктерден тығылып, құлшылықтарын жасырын орындайтын. Олардың бұл жағдайы маған қатты батты. «Йа, Расулаллаһ! Біз хақ жолда емеспіз бе?»,- дедім. Пайғамбарымыз: **«Иә. Жаным құдірет қолында болған Аллаһқа ант етемін, өлсеңдер де, тірі болсаңдар да хақ жолдасыңдар»**,- деді. Пайғамбарымыздың бұл жауабына: «Йа, Расулаллаһ, егер біз хақ жолда болсақ, мүшріктер қате жолда болса, неліктен дінімізді жасырамыз? Уаллаһи біз Ислам дінін күпірлікке қарсы уағыздап, насихаттауға бәрінен де лайықпыз. Аллаһу та'аланың діні Меккеде барлық діннен күмәнсіз үстем болады. Қауымымыз бізге жақсы қарым-қатынас жасаса, қандай жақсы, ал асып-тасатын болса олармен күресеміз»,- дедім. Расулуллаһ: **«Біздің санымыз өте аз»**,- деді. «Йа, Расулаллаһ! Сізді хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етемін, еш тартынбастан және қорықпастан Исламды

бірде-бірін қалдырмай барлық мүшрік қауымына жеткіземін. Енді еңсемізді көтерейік»,- дедім. Расулуллаһ менің сөзімді мақұлдағаннан кейін сыртқа шығып, екі сап болып Харам мешітіне қарай бет алдық. Саптың бірінің басында Хамза, екіншісінің басында мен болдым. Нық қадамдар басып, Харам мешітіне кіріп келдік. Құрайыштық мүшріктер біресе маған, біресе Хамзаға қарады. Біздің бұл жағдайымыз Құрайыш мүшріктерін абыржытқаны сонша, мен өмірімде олардың бұндай үмітсіздікке түскенін көрген емеспін.»

Хазреті Омардың бұлай келуіне қарап Әбу Жәһл: «Йа, Омар! Бұл не жағдай?»,- деді. Хазреті Омар еш саспастан: «Әшһаду ән лә илаһә иллаллаһ уә әшһаду әннә Мұхаммәдән абдуһү уә Расулуһү»,- деді. Әбу Жәһл не дерін білмей тұтылып, сілейіп тұрып қалды. Хазреті Омар мүшрік қауымға қарап: «Ей, Құрайыш!.. Мені танитындар қандай адам екенімді жақсы біледі. Танымайтындар бар болса, онда біліп алсын, мен Хаттабұлы Омармын... Әйелін жесір, балаларын жетім қалдырғысы келген адам бері шықсын! Қозғалғаныңды қылышпен шауып түсіремін...» дегенінде, құрайыштық мүшріктер жандарын сақтау үшін ол жерден дереу жан-жаққа тарап кетті. Расулуллаһ пен сахабалар сап түзеп, дауыстап тәкбір айтты. Меккенің аспаны сахабалардың «Аллаһу әкбар!.. Аллаһу әкбар!..» деген дауысына тұнып тұрды. Осылайша, алғаш рет Харам мешітінде ашық түрде намаз оқылды.

Хазреті Омар мұсылман болғаннан кейін «Әнфал» сүресінің 64-ші аяты түсті. Ол аятта: **«Ей, Пайғамбарым! Саған көмекші болуға Аллаһу та'аламен сенің жолыңда жүрген мүминдер жетеді»-** деп бұйырылды. Екі ойлы болып жүрген біраз адамдар да хазреті Омардың мұсылмандықты қабылдағанын көріп, Исламды таңдап, сахаба болу абыройына қауышты. Осы оқиғадан кейін мұсылмандардың саны күн сайын жылдам еселене берді.

Хабәшстанға екінші көш

Хабәшстандағы мұсылмандар «Меккеде мүшріктер мен мұсылмандар келісім жасасыпты» деген жалған хабар алғаннан кейін, оларға «Біздің хижретіміз (көшуіміз), жеріміз бен елімізді тастап кетуіміз мүшріктердің дұшпандығы кесірінен болатын. Енді олардың дұшпандығы достыққа айналыпты. Олай болса, барып Расулуллаһқа қызмет етейік» деген ой келді. Сөйтіп, Хабәшстан билеушісінен рұқсат алып, Меккеге келді. Алған хабарларының жалған екенін білді. Сосын пайғамбарымызға барып, Хабәшстанның суының, ауасының және жемістерінің нәрлі, күш беретінін, төрт ғибадатхана бар екенін, күнде ол жерде түйелер, қойлар сойылатынын, кедей-ғаріптер шақырылып, оларға жақсы мәміле көрсетілетінін, билеушілердің келіп жағдай сұрап тұратындығын және қиыншылықтарының жойылғанын ұзақ отырып әңгімелеп, Хабәшсанға көңілі толатындықтарын білдірді.

Сахабалар (алейһимурридуан) Меккеге барғаннан кейін мүшріктер қайтадан қастандық әрекеттері мен зұлымдықтарын бастады. Жәбірлерін күннен-күнге арттырып, тартынбай ойларына келген нәрселерін істеді. Бір күні хазреті Осман: «Йа, Расулаллаһ, Хабәшстан жақсы бір сауда орны. Бір айлық сауда көп пайда әкеледі. Аллаһу та'ала көшетін жерді белгілегенге дейін мұсылмандар үшін одан асқан жер жоқ. Ең болмағанда мүминдер Құрайыштықтардың көрсететін жәбірінен құтылады. Нәжашидің бізге жасаған жақсылықтары көп»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Қайтадан Хабәшстанға қайтыңдар, Аллаһу та'аланың есімімен қорғаласыңдар»**,- деді. Хазреті Осман «Йа, Расулаллаһ, егер сіз ол жерге барсаңыз, бәлкім олар да мұсылман болып қалатын шығар. Әһли кітап болғандықтан Исламға оңай келеді және көмектерін аяп қалмайды» дегенде, пайғамбарымыз: **«Маған тыныштық пен рахат бұйырылған жоқ. Көшу мәселесі бойынша Аллаһу та'аланың бұйрығын күтудемін. Не бұйырылса сонымен амал етемін»**,- деді.

Бір риуаят бойынша, жүз бір адамнан тұратын топ екінші рет Хабәшстанға қарай жолға шықты. Бұл топтың басшысы ретінде Жафәр бин Әби Талиб сайланып, аман-есен Нәжашидің еліне барды. Хабәшстанда көргендерін пайғамбарымыздың әйелі Үммү Сәләмә былай әңгімелеп берген: «Хабәшстанға барған кезімізде ол жерде өте жақсы көршіге кез болдық. Бұл көрші Нәжаши патша болатын. Ол біздің барлық тілегімізді орындады. Дініміздің бұйрықтарын

қалағанымызша орындай алдық. Аллаһу та’алаға еркін құлшылық жасадық, ешқандай азап көрген жоқпыз. Ешқандай жаман сөз естімедік».

Меккелік мүшріктер бұл жағдайды естіп, Хабәшстан патшасына екі елші жіберуге шешім қабылдады. Нәжашиге бағалы сыйлықтар дайындады. Нәжашидің жақсы көретін Меккенің иленген терілерінен көп мөлшерде дайындады. Оның дін және мемлекет қызметкерлеріне де арнап сыйлық жасалды. Бұл іске Абдуллаһ бин Әби Рабиа мен Амр бин Ас тағайындалды.

Бұл екі елшіге Нәжашимен қалай сөйлесу керектігі үйретілді. Оларға: «Билеушімен сөйлеспестен бұрын оның дінбасылары мен қолбасшыларына сыйлықтарды беріңдер. Сосын Нәжашидің сыйлығын беріңдер. Содан кейін сол жердегі мұсылмандарды сендерге беруін сұраңдар. Нәжашидің мұсылмандармен кездесіп, сөйлесуіне мүрсат бермеңдер»- делінді. Елшілер Хабәшстанға келді. Мемлекет адамдарымен кездесіп, сыйлықтарын бергеннен кейін оларға «Біздің арамыздан бірқатар адамдар шықты. Олар сіз бен біз білмейтін жаңа дін шығарды. Осы келген адамдарды елдеріне алып кеткіміз келеді. Билеушілеріңмен олар туралы сөйлескенде келген адамдармен сөйлеспестен бізге беруге күш салыңыздар. Ол адамдармен ең көп айналыса алатын адамдар - олардың өздерінің ата-аналары мен көршілері. Олар бұларды өте жақсы біледі»,- деді. Дінбасылар бұл ұсыныстқабылдады. Сосын меккелік елшілер Нәжашидің сыйлықтарын ұсынды. Нәжаши патша сыйлықтарды алып, оларды шақырып сөйлесті. Елшілер Нәжашиге былай деді: «Мәртебелі патша! Арамыздан біраз адамдар сіздің еліңізді паналапты. Бұл келген адамдар өз діндерін тәрк етті, бірақ сіздердің діндеріңізге кірмепті. Өздерінің ойлап тапқан бір діндері бар. Олардың ойлап тапқан дінін сіздер де білмейсіздер, біз де білмейміз. Бізді сізге сол халықтың алдыңғы қатарлы адамдары жіберді. Олар - осы сіздерді паналаған адамдардың әкелері мен туыстары. Олар келген адамдардың қайтарылуын сұрап жатыр. Өйткені, олар бұл адамдардың халдерін жақсы біледі. Олардың өз діндерін ұнатпайтындықтарын жақсы біледі.» Абдуллаһ бин Әби Рабиа мен Амр бин Астың ең қатты қалап тұрған нәрсесі – Нәжашидің осы сөздерді тыңдап, олардың айтқандарына сай бір әрекет жасауы еді. Елшілер сөздерін аяқтағаннан кейін Нәжашидің дінбасылары олардың сөздерін жалғастырып: «Бұлар өте дұрыс айтады. Бұлардың халқы

олармен жақсырақ айналыса алады. Сондықтан сіз бұл адамдарды беріңіз, бұл кісілер оларды өз елдеріне алып кетсін»,- деді.

Нәжаши патша бұл сөздерге қатты ашуланды. «Ант етемін, жауабым – “жоқ!”. Мен бұл адамдарды бермеймін. Мені паналаған, еліме келген адамдарға мен қиянат жасай алмаймын. Сондықтан, келген мұхажирлерді сарайыма шақырып, олардан мына адамдардың сөзіне не дейтінін сұрап, жауаптарын тыңдаймын. Егер мұхажирлер осылардың айтқанындай болса, оларды осы келген адамдарға беріп, өз елдеріне қайтарамын. Егер олай болмаса, оларды қорғап, елімде тұрғанынша оларға жақсылық жасаймын»,- деді. Бұрындары Нәжаши сәмәуи кітаптарды зерттеген болатын. Мұхаммед алейһиссаламның келетін уақытының жақындағанын, қауымының өтірікші деп оған сенбейтінін және оны Меккеден шығарып тастайтынын білетін еді.

Нәжаши (Негус) меккелік елшілерден: «Олардың сенетін адамдары кім?»- деп сұрады. Олар: «Мұхаммед»- деп жауап берді. Нәжаши бұл есімді естіген кезде ол кісінің пайғамбар екенін түсінді, бірақ мұны басқаларға білдірмеді. Келгендерден қайтадан: «Оның діні не? Жолы қандай, жұртты неге шақырады?»- деп сұрады. Амр: «Оның жолы жоқ»- деп жауап берді. Нәжаши: «Жолын, ойын, дінін сұрап білмей тұрып, мені паналап келген адамдарды қалай сендерге тапсырамын? Мәжіліс өткізейік. Оларды да шақыртайық. Сендермен беттестірейік. Кімнің кім екенін анықтайық. Олардың дінін білейік»,- деді. Сөйтіп мұсылмандар сарайға шақырылды. Мұсылмандар алдымен өз араларында ақылдасып: «Хабәш билеушісіне көңілінен шығатын не айтсақ болады» деп кеңесті. Хазреті Жафар: «Біздің бұл мәселеде білгендеріміздің барлығы пайғамбарымыздың бізге бұйырған нәрселері ғана. Барымызды айтамыз. Нәтижесі қалай болса да ризамыз»,- деді. Барлығы мұны мақұлдап, мұсылмандар атынан тек хазреті Жафардың сөйлейтініне келісіп, Нәжашидің алдына барды. Билеуші Нәжаши де өз ғалымдарын жинаған еді. Үлкен кеңес ашылды. Сосын мұхажирлерді шақырды. Мұсылмандар келген кездерінде сәлем берді, бірақ сәжде жасамады. Нәжаши олардан: «Неге сәжде жасамадыңдар?» деп сұрағанда: “Біз Аллаһу та’аладан басқа ешкімге сәжде жасамаймыз. Пайғамбарымыз бізге Аллаһу та’аладан басқа ешкімге сәжде жасамауды бұйырып: **«Сәжде тек Аллаһу та’алаға тән»** деген” деп жауап берді.

Нәжаши мұхажирлерге «Ей, алдыма келіп тұрған қауым! Маған еліме не үшін, не мақсатта келгендеріңді айтыңдаршы. Саудагер

емессіңдер. Ешнәрсе сұрамайсыңдар да. Сендердің жақында пайда болған пайғамбарларың кім? Неге сендердің сәлемдерің елдеріңнен келген басқа адамдардың сәлеміне ұқсамайды?» деп сұрақ астына алды. Жафар (радиаллаһу анһ): «Мәртебелі билеуші! Мен әуелі үш нәрсе айтамын. Егер дұрыс айтсам мені мақұлдаңыз, өтірік айтсам өтірік деңіз. Ең алдымен мына адамдардың (Құрайыштық елшілердің) тек біреуі ғана сөйлесін, қалғандарының тыныш тұруын әмір етіңіз!»,- деді. Амр бин Ас: «Мен сөйлейін»,- деді. Нәжаши: «Ей, Жафар, алдымен сен сөйле»,- деді. Хазреті Жафар: «Менің үш сөзім бар. Мына адамнан сұраңыз. Біз ұсталып, иелеріне қайтарылатын құлмыз ба?»,- деді. Нәжаши: «Ей, Амр! Мыналар құл ма?»- деп сұрады. Амр: «Жоқ, олар құл емес, азат адамдар»- деп жауап берді. Хазреті Жафар: «Әлде біз жазықсыз біреудің қанын төгіп, қашып жүрген адамдармыз ба, ұстап оларға тапсырылатын?»,- деді. Нәжаши Амрден: «Бұлар жазықсыз біреуді өлтірді ме?»- деп сұрады. Амр: «Олар бір тамшы да қан төккен жоқ, патшам»- деп жауап берді. Хазреті Жафар Нәжашиден: «Біз өзгенің мүлкін орынсыз тартып алып, біреуге қарыз болып қалып па едік?»,- деді. Нәжаши: «Ей, Амр! Егер бұлардың қарыздары қаншама көп алтын болса да, оларды мен төлейін, айтыңдар»,- деді. Амр: «Жоқ, бұлардың бір қырат (ақша мөлшері) та қарыздары жоқ»,- деді. Нәжаши Амрден: «Онда сендерге бұлардан не керек?» деп сұрағанда Амр: «Олармен біз бір дінде және бір жолда едік. Бұлар дініміз бен жолымызды тастап, Мұхаммед пен оның дініне еріп кетті»,- деді. Нәжаши Жафардан: «Сендер діндеріңді тастап, неге басқа дінді қабылдадыңдар? Қауымдарыңның дінінен шықсаңдар, менің де дінімді қабылдамасаңдар, сендердің діндерің қандай? Осы туралы айтыңдаршы»,- деді.

Хазреті Жафар: «Ей, билеуші! Біз надан халық болатынбыз. Пұттарға табынатынбыз. Өлген малдың етін жеп, әр түрлі жаман нәрселерді істейтінбіз. Туыстарымызбен байланысымызды үзіп, көршілерімізбен жақсы қарым-қатынаста болмайтынбыз. Күштілеріміз әлсіздерімізге зұлымдық жасап, мейірімділіктің не екенін білмейтін едік. Аллаһу та'ала бізге өз арамыздан туралығымен, адалдығымен, тазалығымен, арлылығымен, тектілігімен танылған пайғамбар жібергенге дейін осындай жаман халде едік. Ол пайғамбар бізді Аллаһу та'аланың бар және бір екеніне сенуге, Оған құлшылық етуге, ата-бабаларымыз заманынан бері табынып келе жатқан тастар мен пұттарды тастауға шақырды. Шыншыл болуды, аманатқа қиянат

жасамауды, туысқандық ақыларын сақтауды, көршілермен жақсы қарым-қатынаста болуды, күнәлардан және қан төгуден аулақ тұруды бұйырды. Әр түрлі жаман іс-әрекеттерден, өтірік айтудан, жетімдердің мал-мүлкіне қол салудан, ары таза әйелдерге жала жабудан қайтарды. Бізге Аллаһу та'алаға серік қоспай құлшылық жасауды бұйырды. Біз бұларды қабылдап, Аллаһу та'аладан әкелгендерінің барлығына сендік және айтқандарын орындадық. Аллаһу та'алаға құлшылық еттік. Оның бізге харам еткенін харам, халал (адал) еткенін адал деп біліп, солай амал еттік. Сол себептен қауымымыз бізге дұшпан болып, зұлымдық жасады. Бізді дінімізден қайтарып, Аллаһу та'алаға құлшылықтан бас тартқызып, тек пұттарға табындыру үшін түрлі қинауларға салып, азаптар берді. Бізге зұлымдық жасап, қатты қысымға алды. Бізді дінімізден айырмақшы болды. Осындай зорлық-зомбылықтардан кейін біз дінімізді-иманымызды сақтап қалу үшін елімізді, жерімізді тастап, сіздің еліңізді паналадық. Сіздің әділетіңізге жүгініп келдік. Сіздің қамқорлығыңызға, сіздің жаныңызда зұлымдыққа, жауыздыққа ұшырамайтынымызға үміт атрып келдік»,- деді.

Хазреті Жафар сөзін одан ары былай жалғастырды: «Ал сәлем беру мәселесіне келетін болсақ, біз сізге Расулуллаһтың сәлемімен сәлем бердік. Біз бір-бірімізге де солай сәлем береміз. Жаннаттағылардың да осылай сәлемдесетінін пайғамбарымыз алейһиссалам хабар берді. Сондықтан сізге солай сәлем бердік. Пайғамбарымыз адамдарға сәжде етпеуді бұйырғандықтан, Аллаһу та'аладан басқа біреуге сәжде жасаудан Аллаһқа сыйынамыз». Нәжаши: «Сен Аллаһтың жіберген бұйрықтарынан аз болса да жатқа білесің бе?»- деп сұрады. Хазреті Жафар (радиаллаһу анһ): «Иә» дегенде Нәжаши: «Оны маған оқышы»,- деді. Хазреті Жафар «Мәриям» сүресінің алғашқы аяттарын оқи бастады. («Анкәбут» және «Рум» сүрелерінен оқығандығы туралы да айтылған). Нәжаши аяттарды есітіп, жылап жіберді. Көздерінен аққан жастан сақалы да суға малынғандай болды. Сол жерде тұрған христиан поптары да өздерін ұстап тұра алмады. Қыраат үні тынғанда Нәжаши мен дінбасылар: «Ей, Жафар! Мына әсем сөздеріңнен тағы да оқышы»,- деді. Хазреті Жафар «Кәхф» сүресін басынан бастап оқыды: **«Кәпірлерді ең ауыр азаппен** (жаһаннаммен) **қорқыту, салих амалдар істеген мүминдерді ішінде мәңгі қалатын әсем сыймен** (жаннатпен) **сүйіншілеу, «Аллаһ балалы болды» дегендерді**

қорқыту үшін сөзінде бір қате, мағынасында бір қайшылық болмаған дұп-дұрыс кітапты (Құран кәрімді) **құлына** (Мұхаммед алейһиссаламға) **түсірген Аллаһу та'алаға хамд болсын! Олардың** (Аллаһу та'ала балалы болды дегендердің) **да, аталарының да** (ол сөзге) **қатысты ешқандай ілімдері жоқ. Ауыздарынан шыққан бұл сөз – үлкен күпірлік** (ширк) **болды. Олар тек өтірік айтады.**

(Ей, Расулым!) **Осы Құран кәрімге сенбесе уайым мен қайғыдан солардың артынан өзіңді де құртасың ба. Біз жер бетіндегілерді** (кендерді, аңдар мен өсімдіктерді) **жер бетіндегілердің қайсысының әрекеті дұрыс** (қайсысы дүние қалауларын тәрк еткен екен), **сынап көрейік деп безендірдік...»** Осы жерде Нәжаши өзін ұстай алмай: «Аллаһқа ант етемін, бұлардың бәрі бір шырақтан тараған нұрдай. Мұса мен Иса да алейһимуссалам дәл осымен келген еді»,- деді. Құрайыштың елшілеріне қарап: «Барыңдар, мен сендерге оларды ешқашан бермеймін де, олар туралы жаман ойламаймын да»,- деді. Абдуллаһ бин Әби Рабиа мен Амр бин Ас Нәжашидің алдынан шығып кетті.

Амр Абдуллаһқа: «Ант етемін, олардың бір айыбын тауып, Нәжашидің алдында ашып беремін, оларды түбірімен жоямын»,- деді. Досы Амрға: «Олар бізге қарсылық жасаса да жақсылы-жаманды туыстығымыз бар, олай істеме!»,- деді. Амр: «Олардың Иса алейһиссаламды бір құл деп білетіндерін Нәжашиге айтамын»,- деді. Ертеңіне Нәжашиге барып: «Ей, патшам! Олар Мәриямұлы Иса алейһиссалам туралы ауыр сөздер айтады. Оларға адам жіберіп, Иса алейһиссалам туралы не дейтіндерін сұратыңыз»,- деді. Нәжаши хазреті Иса алейһиссалам туралы пікірлерін сұрау үшін мұсылмандарға адам жіберді. Мұсылмандар сарайға қайта алып келінді. Ішке кірмей тұрып бір-бірімен: «Иса алейһиссалам туралы сұраса не дейміз» деп ақылдасып алды. Хазреті Жафар: «Хазреті Иса туралы Аллаһу та'ала не бұйырған болса және Расулуллаһ бізге не жеткізген болса, содан басқасын айтпаймыз»,- деді.

Нәжашидің алдына барғандарында Нәжаши олардан: «Сендер Мәриямұлы Иса алейһиссалам туралы не айтасыңдар?»- деп сұрады. Хазреті Жафар (радиаллаһу анһ): «Біз Иса алейһиссалам туралы пайғамбарымыздың бізге Аллаһу та'аладан жеткізгенін айтамыз. Оның Аллаһу та'аланың құлы және расулы екенін, дүние мен ер адамдардан баз кешіп, тек Хақ та'алаға бар көңілімен берілген абыройлы қыз хазреті Мәриямға Аллаһу та'аланың жібергенін

білеміз. Аллаһу та'ала хазреті Адамды топырақтан жаратқаны секілді Иса алейһиссаламды да әкесіз жаратқан деп айтамыз» деп жауап бергенінде, Нәжаши жерге қолын созып, бір шөпті алып: «Ант етемін, Мәриямұлы Иса сендердің айтқандарыңнан артық ешкім емес. Арада мына шөптей де айырмашылық жоқ»,- деді. Нәжаши мұны айтқан кезде қасындағы қызметкерлері мен қолбасшылары өз араларында сыбырласа бастады. Нәжаши оларға: «Сендер не десеңдер де, дей беріңдер. Ант етемін мен бұлар туралы тек жақсы ойдамын»,- деді. Сосын мұсылман мұхажирлерге бұрылып: «Сендерді және сендердің басшыларыңды құттықтаймын! Мен оның Аллаһтың елшісі екеніне сендім. Біз оны Інжілден көрген болатынбыз. Ол туралы Мәриямұлы Иса да айтқан. Аллаһ атымен ант етемін егер ол осы жерде болғанда, барып оның заттарын тасып, аяқтарын жуып, оған қызмет етер едім. Барыңдар! Елімнің ешкімнің қолы тимеген ең таза аймақтарында озбырлық пен жауыздықтан ұзақта, тыныштықта өмір сүріңдер. Сендерге жамандық жасағандарды құртамын. Маған таудай алтын берсе де сендердің ешқайсысыңды ренжітпеймін»,- деді. Нәжаши осыдан кейін Құрайыш елшілерінің әкелген сыйлықтарын: «Менің бұл нәрселерге мұқтаждығым жоқ. Басқалар тонап алған мына мемлекетімді Аллаһу та'ала маған қайтарып бергенде және халықты маған бағындырғанда менен пара алған жоқ» деп кері қайтарды. Құрайыш елшілері Нәжашидің елінен ешнәрсе тындыра алмастан бос қол қайтып кетті. Бағы бар патша Нәжаши Исламды таңдап, сахабаларды қуантқан еді.

Қоршаудағы қайғылы жылдар

Мүшріктер Исламның көңілдерден орын алуына, ықпалына және таралуына тосқауыл болу үшін бар күштерін салып жатқан еді. Осыған қарамастан, күн өткен сайын мұсылмандардың саны арта берді. Мұсылмандарға жасалған қастандықтар мен зұлымдықтар оларды жолдарынан мүлдем қайтармай, керісінше, бір-біріне деген қамқорлықтарының, бірліктерінің нығая түсуіне себеп болды. Ешқайсысы дінінен қайтпай, Расулуллаһтың жолында жандарын құрбан етуден де таймады. Мұны естіген Мекке тысындағы тайпалардың қызығушылығы артып, Исламның нұры алыс жерлерге дейін таралып жатыр еді. Мүшріктер Хабәшстанға жіберген елшілері мақсаттарына жете алмай бос қайтқанын, тіпті Нәжаши Әсхамәнің

мұсылмандықты қабылдап, мұсылмандарды қорғап, олармен жақсы мәміледе болғанын естіп, ызаланғандарынан қаны бастарына шапты. Осы ашу-ызаларының кегін артығымен қайтару үшін және Исламды түп-тамырымен жою үшін олар мынадай шешім қабылдады: «Мұхаммед алейһиссаламды кім қай жерде көрсе өлтірсін!...» Кәпірлер осы келісімдеріне қайта-қайта ант етіп, уәде алысты.

Мүшріктердің бұл шешімін естіген Әбу Тәліп қатты ренжіді. Мүбәрәк немере інісінің өмірін ойлап, мазалана бастады. Өз қауымын жинап, оларға әлемнің сұлтанын – расулуллаһ алейһиссаламды құрайыштық мүшріктерден қорғауды бұйырды. Хашим ұлдары туысқандық сезіммен осы бұйрықты орындауға бірауыздан келісті. Осы мәселеге байланысты Расулуллаһ пен оған сенетін барлық сахабаларды Меккенің солтүстік жағындағы Қағбадан үш шақырым қашықтықта орналасқан төбедегі Шиъб-и Әбу Тәліпке, яғни Әбу Тәліп ауданына шақырды. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сахабаларын жинап, Шиъбте күте бастады. Хашим ұлдарынан тек Әбу Ләхәб қана пайғамбарымызды қорғауға қарсы шығып, Шиъбке бармады. Онымен мүшріктер де бірігіп, пайғамбарымызды өлтіру үшін мүмкіндік іздей бастады.

Мүшріктер Расулуллаһ пен оның сахабаларының Әбу Тәліп ауданында жиналғанын көріп, қайтадан өз-ара жиналды. Сосын мынадай шешім қабылдады:

«Мұхаммед алейһиссалам өлтірілу үшін құрайыштықтарға тапсырылмайынша: Хашим ұлдарынан қыз алынбайды!... Оларға қыз берілмейді!... Оларға ешнәрсе сатылмайды!... Олардан ешнәрсе сатып алынбайды!... Олармен ешкім сөйлеспейді, кездеспейді!... Олардың үйлеріне, аудандарына ешкім бармайды!... Олардың бітімге келу ұсыныстары қабылданбайды!... Оларға ешқашан, ешқандай жағдайда жанашырлық танытылмайды!...» Мансұр бин Икримә деген мүшрік тарапынан бір қағазға жазылған бұл шешімге мөр басылды. Барлық адам көріп, оқысын деп Қағбаның қабырғасына ілініп қойылды.

Бұл хабарды сүйікті пайғамбарымыз естігенде қатты ренжіп, дұға етті. Дұғасы дереу қабыл болып, бедбахт Мансұрдың қолдары бір сәтте жансызданды. Мүшріктер сасқалақтап, бір-біріне «Қараңдар, Хашим ұлдарына жасаған зұлымдығымыздан Мансұрдың қолдары жансызданып, сорлап қалды» десті. Бұл оқиғадан ғибрат алудың орнына олар одан сайын азғындай түсті. Шиъбке баратын жолға

күзетшілер қойды. Ол жерге азық-түлік пен киімнің жіберілуіне тосқауыл болды. Меккеге келген сатушылардың Шиъбке кірмеулерін, тауарларын ол жерге апармауларын, қажет болса қымбат бағаға болса да өздерінің сатып алатындығын айтты. Осылайша, Шиъбтегілерді аштан өлтіретіндіктерін немесе Хашим ұлдарының өкініп, Расулуллаһты өздеріне тапсыратындығын болжады. Бұл жағдай жыл сайын Қағбаны зиярат ету мерзіміне дейін осылайша жалғасатын. Салт-дәстүрлер бойынша бұл мерзімде қан төгілмейтін. Сол себептен Хашим ұлдары Меккеге барып, сауда жасап, бір жылдық қажет нәрселерін дайындап алуға тырысатын. Олардың бірі саудагердің қасына бір зат алуға келсе мүшріктердің көсемдерінен Әбу Жәһл мен Әбу Ләхәб сияқтылар дереу саудагерлерге: «Ей, саудагерлер! Мұхаммедтің сахабаларына бағаларыңды өсіріңдер. Бағасының қымбаттығынан олар ешнәрсе сатып ала алмасын. Затымыз өтпей қалып кетеді дейтін болсаңдар, қалған заттарыңды біз алуға дайынбыз» дейтін. Олар бағаларын қымбаттатып, мұсылмандар ешнәрсе ала алмай кері қайтатын...

Бұл жолда пайғамбарымыз, хазреті Хадиша анамыз және Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) бар мал-мүлкін жұмсады, балалардың аштықтан шырқыраған дауысын шығармауға тырысты. Қолда бар нәрселер таусылғаннан кейін шөптерді, ағаштың жапырақтарын жеп аштықтың бетін қайтаруға тырысты. Аштықтан жылаған балаларды жұбату үшін терілерді сулап, отқа пісіріп жегізді. Пайғамбарымыз бастаған сахабалар аштықтан мүбәрәк қарындарына тас байлап жүрді. Балаларын аштықтан құтқару үшін барын салып жүрген аналардан тері мен сүйек қана қалған еді. Мүшріктерден жаны ашыған бірі жасырын түрде жейтін бір нәрсе әкелсе, қалған мүшріктер оны ұрып, таяққа жығатын. Осылайша, сыртпен қарым-қатынас үзіліп, мұсылмандар қиын жағдайда қалған еді.

Мүшріктер осы аяусыз зұлымдығымен Хашим ұлдарының сөзге келіп, Әбу Тәліптің пайғамбарымызды өздеріне тапсыратынын күтіп жүрді. Әбу Тәліп болса бұған керісінше өз ауданындағы мұсылмандармен пайғамбарымызды қорғап, оған зиян тиіп кетпесі үшін барлық шараны қолданды. Әбу Тәліп кездейсоқ жағдайдың орын алуынан сақтандырып, Расулуллаһтың жататын жеріне кезекпен күзетшілер қоятын немесе оны өз үйінде жатқызатын. Пайғамбарымыз еш тартынбастан Аллаһу та'аланың бұйрығын орындау үшін, Исламды тарату үшін бір сәтті де бос жібермей,

адамдарды дінге шақырып, олардың жаһаннамнан құтылуларына себеп болуға тырысып, осы жолда сабырлылықпен насихаттарын жалғастырды. Оны сиқыршыға шығарып, айтқандарына сенбеген құрайыштық мүшріктерге аштықтың дәмін таттыру үшін бір күні Расулуллаһ: **«Ей, Аллаһым! Оларға да Юсуфтың** (алейһиссалам) **заманындағы жеті жылдық жұт сияқты жеті жұттық азап беріп, маған көмектесе гөр»** деп дұға етті. Осыдан кейінгі күндерде аспаннан бір тамшы да жаңбыр жаумай қойды. Топырақ кеуіп кетті. Жерде бірде-бір көгерген нәрсе табылмас болды. Құрайыштық мүшріктер не болғанын білмей қалды. Аштықтан өлген малдардың өлекселерін, сасыған иттің терілерін жеп өлмеудің жолын қарастыра бастады. Олардың да балаларының аштықтан шырқыраған дауысы шықты. Көбісі аштан қырылды. Аспанға қараса аштықтан аспанды түтін қаптағандай болып көретін. Өздері де қиналғаннан кейін ақылдары кіріп, жасаған зұлымдықтарының қандай екенін түсінгендей болды. Араларынан Әбу Суфйанды Расулуллаһқа жіберді. Әбу Суфйан барып: «Ей, Мұхаммед! Сен өзіңнің әлемдерге мейірімділік ретінде жіберілгеніңді айтасың, бізге Аллаһқа сенуді, туысқандық қатынасты үзбеуді бұйырасың. Алайда, қауымың аштық пен шөлден қырылуда. Бұл бәледен арылу үшін Раббыңа бір дұға ет! Аллаһ сенің жасаған дұғаңды қабыл етеді. Егер осылай дұға ететін болсаң бәріміз иман келтіреміз...» деп ант су ішті.

Осылайша жасаған зұлымдықтарымен дұшпандықтарын бір шетке жинастырып қойып, ашаршылық бастарына түскені үшін өздері Расулуллаһқа жалына бастаған еді. Пайғамбарымыз олардың жасағандарын беттеріне баспай, «иман келтіреміз» деген сөздерін есітіп, қолын жайып, Хақ та’алаға дұға етеді. Аллаһу та’ала сүйікті құлының дұғасын қабыл етіп, Меккеге жауын жібереді, топырақ суға қанып, өсімдіктер көгере бастайды. Мүшріктер аштық пен шөлден құтылғаннан кейін берген сөздерін ұмытып, күпірліктерінен қайтпады...

Аллаһу та’ала оларға жауап ретінде түсірген аят кәримәларында: **«Бірақ, олар** (Құран кәрім мен қайта тірілу мәселесінде) **күмәнданып,** (сені) **мазақ етеді. Ондай жағдайда** (Ей Хабибім) **көктің ашық түтін әкелетін күнін бақыла. Ол түтін барлық адамдарды басады; “Бұл өте жаман азап! Ей, Раббымыз! Бізді бұл азаптан құтқара-гөр, біз иман келтірейік” дейді. Оларда ғибрат алу қайда? Оларға ақиқатты түсіндіретін бір пайғамбар келсе**

де одан теріс айналды. Оған “үйретілген, жынды” деді. Біз бұл азапты (түтін немесе аштықты) **біраз** (немесе аз бір уақыт) **аламыз. Алайда, сендер тағы да күпірліктеріңе қайтасыңдар. Қатты азапты** (оларға) **жіберетін күні** (Бәдр күні) **әрине, біз** (олардан) **кек аламыз.**

Жалал сипатыммен ант етемін, біз олардан (Құрайыш қауымынан) **бұрын Перғауын қауымын** (көп мал-мүлік беру арқылы) **сынағанбыз. Оларға бізден қадірлі бір пайғамбар келді** (Мұса алейһиссалам)**. Ол оларға былай деді: “Аллаһтың құлдарын** (Исраил ұрпақтарын) **маған беріңдер.** (Оларды менімен жіберіңдер. Оларды босатыңдар, азаптамаңдар). **Шынында мен Аллаһу та’ала тарапынан сендерге уаһимен жіберілген сенімді пайғамбармын. Аллаһу та’алаға күпірлік сөздер айтпаңдар. Өйткені, мен сендерге ісімнің тура екенін көрсететін дәлелдермен, айқын мұғжизалармен келдім. Біліңдер, мен маған тас лақтыруларыңнан, өлтірулеріңнен, менің және сендердің Раббыларың болған Аллаһу та’алаға сыйынамын, Ол мені қорғайды. Егер мені қолдап, иман келтірмейтін болсаңдар, онда мені өз халіме қойыңдар.** (Жақсылықтарыңнан кештім, ең болмағанда зияндарыңды тигізбеңдер.” Олар иман етпегендері, пайғамбарды өтірікшіге шығарғандары жетпегендей, оған бірқатар қорлық пен зомбылық көрсете бастағандарында) **Мұса** (алейһиссалам) **Аллаһқа дұға етіп: “Йа, Раббым! Бұлар күпірліктен қайтпайтын бір қауым” деді. Аллаһу та’ала Мұса** (алейһиссаламға) **уаһи жіберіп: “Құлдарыммен** (Исраил ұрпақтарымен) **түнде** (Мысырдан) **шығып кет! Перғауын мен көмекшілері сендердің шыққандарыңды естігеннен кейін соңдарыңа түседі** (олар міндетті түрде сендерді аңдиды)**. Қауымыңмен теңізден өткеннен кейін оны сол күйінде қалдыр** (Аса таяқты жерге қайта ұрып ашылған су жолын жаппа, ашық күйінде қалдыр)**. Өйткені, Перғауын мен әскері сол жолға түсіп, суға батады».** («Духан» сүресі, 9-24)

Мүшріктер «Иман келтіреміз» деген сөздерінде тұрмай, қайтадан зұлымдық әрекеттерін жалғастыра бастады. Аллаһу та’ала бір күні пайғамбарымызға уаһи арқылы Қағбада ілініп тұрған параққа бір ағаш құртын жібергенін, ол құрттың Аллаһу та’аланың есімінен басқа барлық жазуларды жеп қойғанын білдірді. Пайғамбарымыз Әбу Тәліпке: **«Ей Көке! Менің Раббым болған Аллаһу та'ала Құрайыштықтардың парағына ағаш құртын жіберді. Аллаһу**

та’аланың есімінен басқа барлық нәрсені жойды»,- деді. Әбу Тәліп: «Мұны саған Раббың білдірді ме?» деп сұрағанда пайғамбарымыз: **«Иә»**- деп жауап берді. Сонда Әбу Тәліп «Мен сенің тек шын сөйлейтініңе куәлік етемін»,- деді. Дереу киініп, Қағбаға барды. Мүшріктердің үлкендері сол жерде отыр еді. Әбу Тәліптің келгенін көріп, «Мұхаммедті бізге беруге келе жатқан шығар...» десті. Әбу Тәліп қастарына барып: «Құрайыш қауымы! Ешқашан жалған сөйлемеген бауырымның ұлы жазған парақтарыңдағы Аллаһу та’аланың есімінен басқа барлық жазуды ағаш құрты жеп қойғанын айтты. Ендеше, бізді жамандап жазған парақтарыңды әкеліңдер, көрейік... Егер бұл сөз рас болса, ант етемін, бәріміз өлгенше оны қорғап өтеміз. Сендер де мына зұлымдықтарыңды, зорлық-зомбылықтарыңды қойыңдар...»,- деді. Мүшріктер бұл күтілмеген хабарға далбырап, Қағбаның қабырғасынан парақты алып келді. Әбу Тәліп: «Оқыңдар» деген кезде парақты ашып оқымақшы болған адам «Бисмикә Аллаһумма» деген сөзден басқа барлық жазулардың өшіп қалғанын көрді. Мүшріктер не айтарларын, не істерлерін білмей, қатты сасқалақтап қалды. Біразының көңілі жібіп үш жылдан бері бір ауданға қамап жәбірлеген мұсылмандарды қоршаудан босатса да, бәрібір іштеріндегі дұшпандықтарын қоя алмады. Исламның таралуына кедергі болу үшін ойларына келген барлық тәсілдерді қолданды. Олардың осындай табанды әрекеттеріне қарамастан Ислам шапшаң таралып, пайғамбарымыз надандықтың зұлымдығынан адамдарды бір-бір құтқарып, оларды шынайы бақытқа қауыштырып жатты. Осындай бақытқа қауышқандар бұған шүкіршілік етіп, мүшріктердің көрсеткен азаптары мен жауыздықтары алдында мүлдем мойымады. Мұхаммед алейһиссаламның мұғжизалары мен мұсылмандардың діндері үшін көрсетіп жатқан сабырлылық пен шыдамдылықтарын көрген қаншама көңілдер Ислам нұрына қауышып, қараңғылықтан құтыла берді.

Айдың екіге бөлінуі

Пайғамбарымыздың мұғжизаларының бірі айдың екіге бөлінуі. Әбу Жәһл мен Уәлид бин Мұғира бастаған мүшріктер тобы Расулуллаһқа: «Егер сен шынымен пайғамбар болсаң айды екіге бөліп, бір жартысын Куайкиан тауының, екінші жартысын Әбу Құбәйс тауының үстінен көрсет-ші...»,- деді. Расулуллаһ алейһиссалам: **«Егер айтқандарыңды істесем иман келтіресіңдер ме?»**- деп сұрады. Олар: «Иә, әрине иман келтіреміз»,- деді. Расулуллаһ айдың екіге бөлінуі үшін Аллаһу та’алаға дұға етті. Жәбрейіл алейһиссалам сүйікті пайғамбарымыздың жанына келіп: «Ей Мұхаммед! Осы түнде меккеліктерді мұғжизаны көруге шақыр»,- деді. Пайғамбарымыз айдың он төртіне, яғни ай толған түні ғибрат алғысы келетіндердің айдың екіге бөлінетінін көрулерін сұрады. Сол түні сүйікті пайғамбарымыз мүбәрәк саусағымен айды нұсқаған кезде, ай екіге бөлінді. Бір жартысы Әбу Құбәйс, екінші жартысы Куайкиан тауының үстінен көрінді. Сосын қайтадан бірікті. Расулуллаһ сахабаларына **«Ей, Әбу Сәләмә бин Абдул-әсад, Әрқам бин Әбил-Әрқам! Куә болыңдар!»**,- деді. Қасындағы басқа сахабаларға да: **«Куә болыңдар!»**,- деді. Мүшріктер өз көздерімен тағы бір айқын мұғжизаны көрді. Бірақ, сөздерінде тұрмай иман етпегендерімен қоймай, сонымен қатар басқалардың иман келтіруіне кедергі болу үшін: «Бұл тек Мұхаммедтің бір сиқыры ғана... Бірақ, барлық адамды бірдей сиқырлай алу мүмкін емес қой... Басқа аймақтардан келген адамдардан да сұрап көрейік. Олар да осы жағдайға куә болыпты ма екен? Егер олар да көрген болса, Мұхаммедтің пайғамбармын деген сөзі рас. Кері жағдайда бұл бір сиқыр ғана...»,- деді. Келген адамдардан сұрады, тіпті басқа жерлерге (аймақтарға) адам жіберіп те сұрастырды. Сұрастырғанның барлығынан: «Иә, сол түні айдың екіге бөлінгенін көрдік» деген бірдей жауап алды. Мүшріктер тағы да қыңырлыққа басты. Олардың басында Әбу Жәһл бар болатын. Адамдардың имандылыққа бет бұрмауы үшін: «Әбу Тәліптің жетімінің сиқыры аспанға да әсер етті...» деп, жүректерді азғындады. Оның бұл қыңырлық сөздеріне Аллаһу та’ала аяттар түсірді: **«Сағат** (қиямет) **жақындады және ай жарылды** (екіге бөлінді)**. Олар** (Құрайыш кәпірлері Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбарлығына дәлел болатын) **бір мұғжиза көретін болса,** (оны тәфәккур етуден және иман келтіруден) **теріс**

айналады және «үздіксіз (бірінен соң бірі келетін, қуатты) **сықыр» дейді. Және олар** (пайғамбар мен мұғжизаны) **жоққа шығарды, өз нәпістеріне** (нәпістерінің қалауларына және тілектеріне) **бағынды, мойынсұнып кетті. Алайда,** (жаннат иелеріне жақсылықтан, жаһаннам иелеріне жамандықтан тағдыр етілген) **барлық нәрсе іске асады** (жаннат иесі жаннатқа, жаһаннам иесі жаһаннамға кіреді)**. Ант болсын, оларға** (Мекке мүшріктеріне Құран кәрімде өмірден өткен үмметтер мен ахирет жағдайлары туралы өздерін күпірлік пен адасудан қатаң түрде) **бас тартқызатын қаншама маңызды хабарлар келді, кемелдікке жеткен толық даналық сөздер.** (Егер оны қолдамаса) **ескертуші** (жаһаннам азабымен қорқытқан) **расулдар** (оларға) **еш пайда тигізе алмайды. Олай болса,** (ей, Хабибім! Оларға пайғамбарлығыңды уағыздап, хаққа шақырғаннан кейін) **сен де олардан теріс айнал. Ол шақырушының** (Исрафил немесе Жәбрейілдің кәпірлерді, нәпістердің) **қарсы шыққан нәрсесіне** (есепке) **шақырған күні** (ауыртпалығынан) **көздері көр түрде** (қорқыныш пен үрейден қайда барарларын білмей) **таралған шегірткелер сияқты қабірлерінен шығады. Кәпірлер** (бастарын иіп) **сол шақырушыға қарай жүгірердей болып, «Бүгін біз үшін қандай ауыр, қиын күн» деп айтады».** («Қамар» сүресі, 1-8)

Раббым сендерге де тура жолды нәсіп етсін!..

Мүшріктердің мұсылмандарға жасаған үш жылдық қоршауы аяқталғаннан кейін Нәжраннан бір топ адам Расулуллаһқа келеді. Бұл келген жиырма шақты адам Хабәшстанға көшкен сахабалардан Ислам туралы естіп, Исламды үйреніп, Расулуллаһты көру бақытына қауышу үшін Меккеге келген болатын. Қағбаның қасында пайғамбарымызбен кездесті. Көптеген сұрақтар қойып, күткендерінен де жақсы және қанағаттандырарлық жауаптар алды. Құрайыштық мүшріктер де оларды айналасынан бақылап жүрген еді. Әлемдерге рақымдылық ретінде жіберілген пайғамбарымыз оларға Құран кәрімнің біраз аяттарын оқып берді. Олар бұған қатты әсерленіп, көз жастарына ерік берді. Олар пайғамбарымыздың дағуатына шын көңілден разы болып, үлкен қуанышпен кәлима келтіріп, мұсылман болу мәртебесіне ие болды. Елдеріне қайтуға рұқсат сұрағанда Әбу Жәһл олардың қастарына барып: «Сендердей ақымақ адамды көрмедік!... Оның қасында азғантай отырып діндеріңді тастадыңдар, оның айтқандарын мақұлдадыңдар!...» деп аузына келген балағат

сөздерін жаудырды. Жаңадан сахаба болған бұл адамдар: «Аллаһу та’аланың сізге де тура жолды нәсіп етуін тілейміз. Бізге жасаған бұл бассыздық пен надандықты біз сізге жасамаймыз. Шынында біз сіздің ешқандай ақыңызды жеген жоқпыз. Бірақ, мынаны жақсылап біліп алыңыз: бірнеше наданның сөзіне қарап қолымызға түскен бұл нығметтен айрылуды қаламаймыз, бұл хақ діннен шықпаймыз!»- деп жауап берді.

Аллаһу та’ала осы оқиғаға байланысты жіберген аяттарында былай деген: **«Бұдан** (Құран кәрімнен) **бұрын өздеріне кітап берілген қаншама адамдар бар, олар бұған** (Құран кәрімге) **сенеді. Оларға** (Құран кәрім) **оқылған кезде: “Бұған сендік. Күмәнсіз, бұл Раббымыздан** (келген) **бір ақиқат. Шынында біз бұдан бұрын да Исламды қабылдаған адамдар едік” деді. Міне, осыларға сабыр мен** (шыдамдылық) **көрсеткендері себебінен сыйлары екі есе етіп беріледі. Олар жамандықты жақсылықпен қуады. Өздеріне берген ризықтарымызды** (жақсылыққа) **жаратады. Олар жаман сөз естіген кезде одан теріс айналады да: “Біздің амалдарымыз бізге, сендердің амалдарың сендерге тән. Сендерге сәлемет болсын, біз надандарды іздемейміз** (достығын да қаламаймыз)” **дейді».** («Қасас» сүресі, 52-56)

Қайғылы жыл

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үлкен ұлы Қасым он жеті айлық кезінде шетінеп кеткен еді. Бұл қайғылы оқиғадан біршама жыл өткеннен кейін тағы бір ұлы Абдуллаһ (радиаллаһу анһ) та қайтыс болды. Расулуллаһ алейһиссалам мүбәрәк көздерінен жас парлап тұрған күйде тауға қарап: **«Ей, тау! Менің басыма түскен іс сенің басыңа келсе шыдай алмай қирар едің!»** деп қайғысын білдірді. Хазреті Хадиша анамыздың: «Йа Расулаллаһ! Олар қазір қайда?» деп сұрағанда, пайғамбарымыз: **«Олар жұмақта»**- деп жауап берді. Әлемдердің сұлтаны – сүйікті пайғамбарымыздың екі ұлының да қайтыс болғанына мүшріктер қатты қуанды. Әбу Жәһл сияқты кәпірлер мұны оңтайлы сәт деп есептеп: «Енді Мұхаммед тексіз, оның ұрпағы кесілді. Тегін жалғастыратын ер баласы қалмады. Өзі өлген соң аты да, даңқы да өшеді» деп жар салды. Осы жағдайға орай Аллаһу та’ала «Кәусар» сүресін түсіріп, Расулын жұбатты: **«Ақиқатында, біз саған Кәусарды бердік** (Кәусар хауызын, көптеген жақсылықтарды жараттық)**. Олай болса, Раббың үшін**

намаз оқы. Құрбандық шал. Дұрысы саған (тегі кесілді) **деп тіл тигізген адамның өзі қайырсыз және тексіз** (Саған тексіз деген адамның өзі тексіз, намыссыз және оның аты өшеді. Саған келетін болсақ Хабибім, сенің пәк ұрпағың, атағың мен абыройың қиямет күніне дейін жалғасады. Ахиретте де саған ойға келмейтін ғажайып даңқтар беріледі)**».**

Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ұлдары қайтыс болғаннан кейін Әбу Тәліп науқастанып, күн сайын ауруы асқына берді. Мұны естіген құрайыштық мүшріктер: «Әбу Тәліп тірі кезінде Мұхаммедтің қамқорлығына көп күш салған еді. Енді кететін уақыты таяды. Соңғы уақтында да болса, барып хал-жағдайын сұрайық. Өйткені, теңдесі жоқ араб батыры - Хамза, палуандығы мен жүректілігі жер жарған – Омар мұсылман болды. Күн өткен сайын араб тайпаларынан адамдар келіп, топтасқан түрде оған бағынып жатыр. Осылайша, мұсылмандар күннен-күнге көбеюде және дауыстары жаһанды жаруда. Осыған байланысты, я біздің оларға бағынуымыз керек немесе соғысуға дайын болуымыз керек. Әбу Тәліпке барып, жағдайды айтайық, арамызды шешіп берсін. Оның дініне тиіспейік, ол да біздің дінімізге тиіспесін...» деген оймен Әбу Тәліпке барды. Уқбә, Шәйба, Әбу Жәһл, Умәййә бин Халәф сияқты танымал мүшріктер Әбу Тәліптің қасына барып отырып былай деді: «Сенің көсемдігіңе сеніп, үстемдігіңді қабылдаймыз. Сондықтан да саған еш қарсылық әрекет көрсетпедік. Сен өлгеннен кейін Мұхаммед бізге дауласып, арамыздағы жаулық жалғаса береді деп қорқамыз. Бізді татуластыр, бір-біріміздің дінімізге тиіспейік»,- деді. Әбу Тәліп пайғамбарымызды шақыртып: «Құрайыштың барлық көсемдері сенен олардың дініне араласпауыңды сұрап жатыр. Мұны қабыл етсең, сенің бұйрығыңмен жүреді, саған көмектеседі»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Ей Көке! Мен оларды тек бір сөзді айтуға ғана шақырамын, ол сөзбен бүкіл Арабтар соларға бағынады. Араб болмағандар жизийа** (салық) **төлейді»,**- деді де Құрайыштың көсемдеріне қарап: **«Иә! Сендер маған бір сөзді айтсаңдар барлық Арабтардың басшысы боласыңдар. Араб болмағандар да сендерге бас иеді.»**,- деді. Әбу Жәһл**:** «Әрине айтамыз, тіпті он рет айтайық. Ол қандай сөз?»**,**- деді. Расулуллаһ алейһиссалам: **«"Лә илаһә иллаллаһ" десеңдер және Аллаһу та'аладан басқа табынып жүрген пұттарыңды тастасаңдар»** деген кезде мүшріктер дереу: «Сен бізден бұдан басқа нәрсе сұра» деп жауап қайтарды. Пайғамбарымыз: **«Сендер күнді әкеліп қолыма берсеңдер де мен**

сендерден бұдан басқа ешнәрсе қаламаймын»,- деді. Мүшріктер «Йа, Мухаммед! Өте қызық ұсыныс жасап отырсың. Біз сенің көңіліңе қарап отырмыз, сен біздің көңілімізге қарап та жатқан жоқсың»,- деді де орындарынан тұрып кетіп қалды. Олар кеткеннен кейін Әбу Тәліп пайғамбарымызға: «Сенің Құрайыштардан қалаған нәрсең өте орынды. Дұрыс айттың»,- деді. Көкесінің бұл сөзі Расулуллаһты үміттендірді. Расулуллаһ Әбу Тәліптің иман келтіретінін түсініп: **«Көке! Бір рет «Лә илаһә иллаллаһ» де! Мен саған қиямет күні шапағат етейін»**,- деді. Әбу Тәліп: «Халықтың "Өлімнен қорқып мұсылман болды" деп айыптауларынан қорқамын. Әйтпесе, сені ренжітпес едім» деп нәпсіне ауыр тигенін айтты. Әбу Тәліптің күн өте ауруы асқынып, қайтыс болды.

Хазреті Хадиша анамыздың қайтыс болуы

Расулуллаһтың қиыншылықтағы ортақтасы, жиырма төрт жыл өмірлік досы болған – мүбәрәк хазреті Хадиша анамыз да, дерт пен қайғылармен өткен үш жылдық қоршаудан кейін, хижреттен үш жыл бұрын рамазан айының басында, 65 жасында дүниеден қайтты. Пайғамбарымыз хазреті Хадишаны өз мүбәрәк қолдарымен жерледі. Одан айырылғанына қатты қайғырды. Сол жылы хазреті Хадишаның және көкесі Әбу Тәліптің қайтыс болуы пайғамбарымызға ауыр соққы болып тиді. Сондықтан бұл жыл «сәнәтул хузн», яғни қайғылы жыл деп аталды.

Хазреті Хадиша анамыздың өлімі пайғамбарымызды қатты қайғыртқан еді. Өйткені, ең бірінші болып иман келтірген және пайғамбарымызды қолдаған хазреті Хадиша болатын. Сондай-ақ, оның ең үлкен сүйеніші мен жұбанышы еді. Барлық адам өзіне дұшпан болған кезде ол бар көңілін пайғамбарымызға ашып, сүйіспеншілікке толтырған еді. Бар мал-мүлкін, байлығын Ислам жолына жұмсап, сүйікті пайғамбарымыздың қызметін көру үшін бар жігерін салған еді. Расулуллаһты ешқашан ренжітпеген, тіпті көңілін де қалдырып көрмеген еді. Пайғамбарымыз бұл туралы анда-санда айтып, мүбәрәк әйелдерінің үстемдіктерін еске түсіретін. Бір күні хазреті Хадиша пайғамбарымыз сыртта болғанда оны іздеп шығады. Жәбрейіл алейһиссалам адам кейпіне еніп, хазреті Хадишаға көрінді. Хазреті Хадиша одан пайғамбарымызды көрген-көрмегенін сұрағысы келеді, бірақ дұшпандарының бірі болар деп кері қайтады. Сүйікті пайғамбарымызды үйден көрген кезде болған оқиғаны

айтып берді. Әлемдердің сұлтаны болған пайғамбарымыз: **«Сенің көріп, мені сұрағың келген адамның кім екенін білесің бе? Ол Жәбрейіл** (алейһиссалам) **болатын. Саған сәлемін айтуымды сұрады. Жаннатта сен үшін маржандардан жасалған бір ғимарат дайындалғанын да айтуымды қалады. Әрине, ол жерде мұндай қайғы, қиындық пен бейнет болмайды»,**- деді.

Қолы қимылсыз қалды

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамдардың ең таңдаулылары болған сахабаларына теңдессіз даналық насихаттарын айтып, олардың жүректерін нұрландыратын еді. Келген аяттарды түсіндіріп, ешнәрсені түсініксіз қалдырмайтын. Осы арада мүшріктердің де жиналған жерлеріне барып, олардың иман келтіруі үшін жалықпастан, мойымастан дағуат жасайтын. Бұған Әбу Жәһл мен Уәлид бин Мұғира қатты ашуланып: «Бұлай кете берсе Мұхаммед барлық адамды өз дініне тартып, пұтқа табынатын ешкімді қалдырмас» дейтін. Олар бір күні бұл істі бітірудің жалғыз шарасы – Расулуллаһты өлтіру, деген шешімге келді. Әбу Жәһл Уәлид бин Мұғираны және Маһзум ұлдарынан бірнеше жігітті ертіп, Бәйтуллаһқа барды. Ол кезде сүйікті пайғамбарымыз намаз оқып отырған болатын. Әбу Жәһл қолына тас алып, алға ұмтылды. Расулуллаһты ұрайын деп тасты көтерген кезде, қолдары сол күйінде ауада әрекетсіз қатып қалды. Ол ешнәрсе істей алмай сасқалақтады. Сол қалпында келген жеріне кері қайтты. Қолы мүшріктердің қасына келген кезде ғана әрекет ете бастады да, қолындағы тасы жерге түсті. Сол тасты Маһзум ұлдарының бірі алып: «Көресіңдер, оны мен өлтіремін...» деп, пайғамбарымызға қарай беттеді. Жақындаған кезде көзі бірден соқыр болып, айналасын көре алмас болды. Мұны көрген Маһзум ұлдары, пайғамбарымызға қарай бірігіп бет алды. Расулуллаһқа жақындаған кездерінде оны көре алмайтын болып қалды. Оның тек мүбәрәк дауысын ғана естіді. Дауыс шығып жатқан жерге қарай жүргенде дауыс арттарынан, арттарына бұрылғанда, әуелгі шыққан жақтан шыға бастады. Осы жағдай бірнеше рет қайталанды. Соңында әбігерге түсіп, ешнәрсе істей алмаған мүшріктер ол жерден кетіп қалды. Бұл оқиғаға байланысты Аллаһу та'ала аят кәримә түсіріп: **«Олардың алдарына қорған қойдық. Көздерін перделедік. Енді көре алмайды»** деп бұйырды. («Ясин» сүресі, 9)

Таифтықтарды иманға шақыруы

Мүшріктер сүйікті пайғамбарымыздан көптеген мұғжизалар көрсе де қыңырлыққа салынып, иман келтірмегендерімен қоймай мұсылмандықты қабылдаған балаларына, бауырларына, туыстары мен достарына жәбір көрсетіп, зұлымдық жасаудан тайынбайтын. Олардың бара-бара арта түскен бұл зорлық-зомбылықтарына Расулуллаһ қатты ренжіді. Меккеге жақын орналасқан Таиф қаласына барып, жергілікті халықты Исламға шақыруды ойлады. Қасына Зәйд бин Харисаны ертіп, Таифқа барды. Таиф көсемдері болған Амрдың ұлдары Абди Йалил, Хабиб және Мәсудпен кездесті. Оларға Исламды түсіндіріп, Аллаһу та'алаға иман келтіруін сұрады. Олар иман келтірмегендерімен қоймай, жаман сөздер айтып: «Аллаһу та'ала пайғамбар жіберу үшін сенен басқа ешкімді таппады ма? Елімізден шығып кет, қайда барсаң онда бар! Бұл жерге өз қауымың айтқандарыңды қабылдамаған соң келіп тұрсың ғой. Ант етемін, біз де саған жақындамаймыз. Сенің ешқандай қалауыңды қабылдамаймыз» деп Расулуллаһқа тіл тигізді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) олардың қасынан ренішпен кетті. Сақиф тайпасын он күн немесе бір ай бойы Исламға шақырды. Бірақ, ешқайсысы иман келтірмей, оны мазақ етіп, жәбір көрсетті. Расулуллаһ жүретін жолдың бойына балалар мен жастарды тізіп қойып, оған тас жаудырды. Таифтық жастардың атқан тастарына хазреті Зәйд денесін тосып, пайғамбарымызға зиян келтірмеуге тырысты. Зәйд хазреттері Расулуллаһтың айналасында айналып, ұшқан тастардың оған тиіп кетпеуі үшін бар күшін салып жатты. Расулуллаһтың мүбәрәк денесіне тимесін деп, өз денесіне тиген тастарға мән бермеді. Жанын Расулуллаһтың жолында құрбан ету үшін осындай мүмкіндіктерді іздеп жүрген жоқ па еді? Міне, әлемдердің мырзасына тас лақтырып, зорлық-зомбылық көрсетіп, өз елдерінен шығаруға тырысып жатты.

Хазреті Зәйд пайғамбарымызды қорғау үшін оң жағына бір шығып, сол жағына бір шығып жүргенде тастар өзінің басына, денесіне, аяқтарына арты-артынан тиіп жатты. Осы тастардан хазреті Зәйдтің барлық жері қанға боялған еді. Сүйікті пайғамбарын қорғау үшін жанталасып жүріп, тас лақтырып тұрған залымдарға жан даусымен: «Қойыңдар!.. Ұрмаңдар!... Ол - әлемдердің мырзасы. Ол – Аллаһтың елшісі!... Менің денемді паршалай беріңдер, бірақ пайғамбарыма зиян тимесін!...» деп айқайлап жатты. Зәйд бин

Харисадан өтіп пайғамбарымызға тиген тастар оның мүбәрәк аяқтарын қанға бояды.

Пайғамбарымыз ренжулі, шаршаңқы және жаралы халде Утбә және Шәйба деген ағайындылардың бағына жақындады. Ол жерде күллі мұсылман ол үшін жанын құрбан етуге дайын болған – Расулуллаһ мүбәрәк аяқтарынан аққан қанды сүртіп, дәрет алып, ағаштың астында екі рәкат намаз оқыды. Сосын мүбәрәк қолын жайып, Аллаһу та'алаға жалбарынды.

Мұны бақтың иелері көріп тұрған болатын. Олар пайғамбарымыздың басына келген қиын жағдайға куә болған еді. Мейірімділік сезімдері оянып, Аддас деген құлдары арқылы оларға жүзім беріп жібереді. Пайғамбарымыз жүзімді жеген кезде «бисмиллəһ» айтып жеді. Жүзімді әкелген құл христиан болатын. «Бисмиллəһ» деген сөзді естігенде ол таң қалды. «Қаншама жылдардан бері осы аймақтамын. Ешкімнен мұндай сөз естіген емеспін. Бұл қандай сөз?»- деп сұрады.

Расулуллаһ ол құлдан: **«Сен қайдан боласың?»**- деп сұрады. Аддас: «Нинәуәданмын»- деп жауап берді. Расулуллаһ: **«Юнус** (алейһиссаламның) **елінен екенсің ғой»**,- деді. Аддас: «Сіз Юнусты қайдан білесіз? Оны бұл жерде ешкім білмейді»,- деді. Расулуллаһ: **«Ол – менің бауырым. Ол да мен сияқты пайғамбар болған»,**- деді.

Аддас: «Мына әсем келбеттің, мына жылы сөздердің иесі өтірікші болуы мүмкін емес. Мен сенің Аллаһтың елшісі екеніне сендім»,- деді. Сөйтіп ол мұсылман болды. «Йа, Расулаллаһ! Жылдар бойы мына өтірікшілерге, залымдарға құл болып келемін. Олар адамдардың ақысын жейді. Жұртты алдайды. Ешқандай жақсы жақтары жоқ. Дүние жинау үшін және өз шаһуаттарын қандыру үшін барлық жаман іске баруға дайын. Олардан жиренемін. Сізбен бірге кетіп, сізге қызмет ету мәртебесіне қауышқым келеді. Сіздің мүбәрәк денеңізді надандар мен ақымақтардың көрсететін жәбірінен өз денемді тосып қорғағым келеді. Осы жолда жанымды құрбан етуге дайынмын»,- деді.

Расулуллаһ алейһиссалам күлімдеп: **«Әзірше қожайындарыңның қасында қал. Аз уақыттан соң атымды барлық жерден еститін боласың. Маған сол кезде кел»**,- деді. Біраз демалып, Меккеге қарай бет алды. Меккеге екі күндік жол қалғанда бір бұлттың өздеріне көлеңке болып келе жатқанын көрді. Мұқият қараған кезде бұл бұлттың Жәбрейіл алейһиссалам екенін байқады.

Бұл оқиғаны пайғамбарымыз Айша Сыддық анамызға (радиаллаһу анһа) айтып берген.

«Сахих-и Бұхариде» және Ахмет бин Ханбалдың «Мүснəд» атты кітабында былай делінген: Бір күні хазреті Айша анамыз: «Йа, Расулаллаһ! Сіздің басыңыздан Уһуд күнінен де ауыр күн өтті ме?» деп сұрайды. Пайғамбарымыз: **«Уаллаһи сенің қауымыңнан сондай қатты жапа шектім, Уһуд соғысындағы кəпірлерден ондай жапа шеккен жоқ едім. Ибн Абди Йалил бин Күлалға өзімді танытқанымда** (яғни пайғамбарлығымды білдіріп, оны дінге шақырғанымда) **ол қабылдамады. Олардың қасынан қатты ашынып шыққаным соншалық, сонау Қарн-ы Сəалиб деген жерге жеткенше өз-өзіме келе алмадым. Сол жерде басымды жоғары көтердім. Бір бұлттың маған көлеңкесін түсіріп тұрғанын көрдім. Бұлттың ішінде Жəбрейіл** (алейһиссалам) **тұрды. Ол маған былай деп дауыстады: "Йа, Мұхаммед! Хақ та'ала қауымыңның сен туралы айтқан сөздерін және сені қорғағылары келмейтіндіктерін естіді. Саған таулардың əміршісі болған мына періштені жіберді, не қаласаң осы періштеге əмір етесің." Ол періште де маған дауыстап сəлем бергеннен кейін: "Йа, Мұхаммед! Хақ та'ала Жəбрейілдің айтқанындай таулардың періштесі болған мені саған жіберді, қалағаныңды айт! Бұйрығыңды орындаймын. Егер мына екі таудың** (Куайкиан мен Əбу Құбəйс тауы) **меккеліктерді баса-жанша бір-біріне жабысуын** (және мүшріктерді толықтай езуін) **қаласаң, əмір ет, жабыстырайын" деді. Мен келіспей: "**(Жоқ, Мен əлемдерге рақымдылық ретінде жіберілдім.) **Аллаһу та'аланың осы мүшріктердің тегінен тек Хақ та'алаға ғибадат жасайтын, Аллаһу та'алаға ешнəрсені серік етіп қоспайтын бір ұрпақ шығаруын тілеймін" дедім».**

Пайғамбарымыз Таифтан Меккеге қайтып келе жатып, Нахлə деген жерде біраз демалды. Біраздан кейін намаз оқуға тұрды. Нусайбин жындарының бір тобы сол жерден өтіп бара жатып, пайғамбарымыз оқып тұрған Құран кəрім аяттарын естіп, тоқтап тыңдады. Содан кейін олар Расулуллаһпен жолығып мұсылман болды. Пайғамбарымыз оларға: **«Қауымдарыңа барғандарыңда менің иманға шақырғанымды оларға да айтыңдар. Оларды да иманға шақырыңдар»**,- деді. Ол жындар қауымдарына барып, мұны айтқанда естіген жындардың барлығы иман келтірді. Бұл жағдай Құран кəрімнің «Жын» сүресінде және **«Бұхари»** және **«Мүслим»** атты мəшһүр хадис кітаптарында көрсетілген. Осы оқиғадан кейін Расулуллаһ Меккеге қарай бет алды.

«Лә илаһә иллаллаһ» деп құтылыңдар...

Қадірлі пайғамбарымыз Мутим бин Адидың қамқорлығымен Меккеге келді. Адамдарды хақ жолға шақыруын жалғастырды. Бұған байланысты мүшріктер бұрынғыдан бетер азғындап, зорлық-зомбылық пен зұлымдықтарын арттыра түсті. Хақ та'ала Расулуллаһқа Қағбаны зиярат ету маусымында зияратқа келген Араб тайпаларымен кездесіп, оларды Исламға шақыруын бұйырды. Сүйікті пайғамбарымыз осы бұйрық бойынша Мекке маңында құрылған Зүлмәжаз, Указ және Мәжәннә жәрмеңкелеріне барып, тайпаларға Аллаһу та'аланың бір екендігін айтып, Оған ғибадат етуге шақырып, өзінің пайғамбар екенін қабылдауын уағыздайтын еді. Айтқандарын қабыл ететін болса, Аллаһу та'ала оларға жаннатты беретінін білдіретін. Пайғамбарымыздың жалбарына жасаған бұл дағуаттарына өкінішке орай ешкім құлақ аспайтын. Тіпті кейбіреулері дөрекі сөйлеп, жаман қылықтар көрсететін, кейбірі болса бетімұрнын тыржитып жаман сөздер айтатын. Құрайыш мүшріктері де оны бақылап, келген тайпаларды азғыртатын.

Имам Ахмет, Бәйһақи, Табарани және Ибн Исхақтың білдіргендері бойынша Рабиа бин Аббад былай риуаят еткен: «Жас болатынмын. Әкеммен бірге Мина тауына бардық. Расулуллаһ Араб тайпаларының тұрақтаған жеріне барып: **«Ей пәленше ұлдары! Табынып жүрген мына пұттарыңды тастап, Аллаһу та'алаға ешқандай серік қоспастан ғибадат етулеріңді, маған сеніп, мені растауларыңды, Хақ та'ала тарапынан жіберілген міндетімді білдіріп, орындағанға дейін мені қорғауларыңды сендерге бұйырған Аллаһу та'аланың елшісімін!...»** деп айтатын. Көзі – қыли, шашы өрілген бір адам: «Ей пәленше ұлдары! Бұл сендерге пұттарымыз Лат пен Уззаға табынуға тыйым салып, өзі шығарған бір дінге шақырып тұр!... Сақ болыңдар!... Оны тыңдамаңдар, оған бағынбаңдар!...» дейтін. Мен әкемнен: «Мына адамды бақылап тұрған кім?»- деп сұрадым. Әкем: «Көкесі Әбу Ләхәб»- деп жауап берді.

Табарани, Тариқ бин Абдуллаһтан былай риуаят еткен: «Расулуллаһ алейһиссаламды Зүлмәжаз жәрмеңкесінен көрген болатынмын. Адамдар естісін деп, айқайлап: **«Ей, адамдар! Лә илаһә иллаллаһ** (Аллаһтан басқа құдай жоқ) **деңдер де құтылыңдар»** дейтін. Оған қарап тұрған бір адам қолына тас

алып оның аяғына лақтырып: «Ей, жамағат! Сенбеңдер!... Одан сақтаныңдар!... Өйткені, ол - өтірікші!...» дейді. Тиген тастар аяғын қанатса да, Расулуллаһ мойымай, шаршамай дағуатын жалғастыратын. Айналадағылар: «Бұл жас жігіт кім?»- деп сұрады. Бірі: «Абдулмутталиб ұлдарының ішінен шыққан жігіт»- деп жауап берді. «Тас атқан кім?» дегенде «Көкесі Әбу Ләхәб»,- деді.

Имам Бұхаридің **«Тарихул-Кәбир»** және Табаранидің **«Мужәмул-Кәбир»** атты кітаптарында былай делінеді: «Мүдрик бин Мүнип әкесінен, ол атасынан нақл етіп былай деген: "Әкеммен бірге Мина тауына барып қондық. Ол жерде бір топ адамды кездестірдік. Бір адам оларға: **"Ей, адамдар! "Лә илаһә иллаллаһ" деп айтып құтылыңдар"** деді. Қасындағы адамдардың біразы оның көркем жүзіне түкірді, біразы басына топырақ шашты, біразы балағат сөздер айтты. Бұл жағдай түске дейін жалғасты. Осы кезде бір қыз бала қолында су толы ыдысымен сол жерге келді, әлгі адамның халін көріп жылай бастады. Ол адам су ішкеннен кейін қызға қарап: **"Ей, қызым! Әкең тұзаққа түсіп өлтіріледі, қорлыққа ұшырайды деп қорқпа!"-** деді. "Бұл адам мен қыз кім?"- деп сұрадық. "Бұл Абдулмутталиб ұлдарынан Мұхаммед (алейһиссалам), қасындағы қызы Зейнеп (радиаллаһу анһа)" десті».

Саид бин Яхия бин Саид Әл-Әмәуи **«Мәғази»** кітабында әкесінен, ол Әбу Наимнен, Абдуррахман Амириден, ол бірнеше адамнан риуаят етті. Олар былай дейді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір күні Указ жәрмеңкесіне барды. Амир ұлдарының тайпасына барып оларға "**Ей, Амир ұлдары! Сендерде сендерді паналаған адамдарға қандай қолдау көрсетіледі?"** деп сұрады. Олар: «Бізге ешкім тиісе алмайды, білдірмей отымызға да жылына алмайды!...»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Мен Аллаһу та'аланың елшісімін. Қастарыңа келген кезімде Раббымның маған тапсырған пайғамбарлық міндетін адамдарға жеткізгенге дейін мені қорғайсыңдар ма?»**,- деді. Олар: «Сен құрайыштықтардың қайсысынансың?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз: **«Абдулмутталиб ұлдарынанмын»** дегенде, олар: «Егер Абдулмутталиб ұлдарынан болсаң, олар неге сені қорғамайды?»,- деді. Расаулуллаһ: **«Мені теріске шығарғандардың басында солар болды»**,- деді. Амир ұлдарының тайпасы: «Ей, Мұхаммед! Біз сені қайтармаймыз да, айтқандарыңа иман да келтірмейміз. Бірақ, сен пайғамбарлық міндетіңді адамдарға жеткізгеніңше біз сені қорғаймыз»,- деді. Мұны естіген пайғамбарымыз олардың қасына отырды. Осы кезде

Амир ұлдарының көсемдерінің бірі Бәйхара бин Фарис жәрмеңкедегі саудасын бітіріп, сол жерге келді. Қасындағыларға Расулуллаһты нұсқап: «Бұл кім?»- деп сұрады. Олар: «Мұхаммед бин Абдуллаһ»,- деді. Бәйхара: «Сендердің онда қандай шаруаларың бар? Ол неге қастарыңда отыр?»,- деді. «Бізді паналап келді, Аллаһтың елшісі екенін айтты және пайғамбарлық міндетін адамдарға уағыздағанға дейін өзін біздің қорғауымызды сұрады»,- деді. Сонда Бәйхара Расулуллаһқа бұрылып: «Сені қорғау деген сөз, бүкіл Арабтардың оғына көкірегімізді тосу деген сөз»,- деді де қауымына: «Еліне дәл сендердей жаман нәрсе алып қайтқан қауым жоқ. Демек, сендер бүкіл Арабтармен соғысып, олардың оғына өз денелеріңді тосады екенсіңдер ғой, иә?!... Егер өз қауымы одан бір жақсылық көргенде, өздері қорғайтын еді. Сендер өз қауымы өтірікке шығарып, қуып шыққан адамды паналатып отырсыңдар. Оған жәрдем етпексіңдер!... Өте қатты адасып тұрсыңдар!...»,- деді. Содан соң пайғамбарымызға қарап: «Тез бұл жерден кетіп, қауымыңа қайт!... Ант етемін, қауымымның арасында болмағаныңда, осы жерде сенің мойныңды суырар едім!...» деп бетпақтанды. Осы сөздерден кейін Расулуллаһ үлкен ренішпен түйесіне мінді. Жаңағы жауыз Бәйхара пайғамбарымызды түйесінен құлатты. Мұны көрген сахабалардан (радиаллаһу анһум) Дабаа бинти Амир деген әйел айқайлап: «Аллаһу та'аланың хабибіне (сүйікті құлына) мынадай істерді қалай істейсіңдер? Мен үшін Расулуллаһты мыналардың қолынан құтқаратын адам жоқ па?» деп туыстарына қарады. Туыстарынан үш адам Бәйхараға бас салды. Бәйхараның қауымынан екі адамның оған көмектескісі келді, бірақ әлгі үшеуі оларды да жұлмалап ұрып тастады. Бұл жағдайды көріп тұрған пайғамбарымыз өзі үшін төбелескен үш адам үшін: **«Йа, Раббым! Мына адамдарға берекеңді ихсан ете гөр!»**,- деді. Бәйхара мен оның көмекшілері үшін: **«Йа, Раббым! Мыналарды рақымдылығыңнан алыстата гөр!»** деп дұға етті. Жақсылық тілеген адамдары мұсылмандықты қабылдады, Бәйхара мен жәрдемшілері кәпір болып жан тапсырды. Амир ұлдары тайпасының өкілдері елдеріне қайтқанда еліндегі сәмәуи кітапты оқыған бір қарт адамға Меккеде басынан кешірген оқиғаларын айтып берді. Ол қарт адам пайғамбарымыздың атын естіген кезде: «Ей, Амир ұлдары! Сендер не істеп қойдыңдар?! Исмаил ұлдарының ешқайсысы осыған дейін пайғамбармын деп жалған айтқан емес. Әлбетте, ол адам шындық пен ақиқатты айтты. Енді бұл істеген қателіктеріңді өмір-бақи жөндей алмассыңдар» деп оларды айыптады.

МИҒРАЖ

Сүйікті пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кездестірген тайпаларының барлығына Исламды түсіндіріп жүрді. Аллаһу та'аланың әмірлерін жаю жолында адамдардан өзіне қамқор және көмекші болуларын сұрады. Бірақ тайпалар мұсылмандықты да қабылдамай, оған да қамқорлық танытпады. Тіпті, оны мазақ етіп, оған ауыр сөздер айтып, тіл тигізетін. Пайғамбарымыз қатты шаршаңқы, аш, сусыз, ренжулі және қайғылы халде еді. Күндізгі уақыттар осылай өтіп, бұл хал түннің жарымына дейін жалғасатын. Меккелік мүшріктер келген адамдардың мұсылман болуына жол бермегенімен қоймай, Расулуллаһқа қайтсе де бір зиян-зақым тигізуден жалықпады. Бұдан кейін пайғамбарымыздың баратын жері де қалмаған еді. Жан-жақтың бәрі дұшпан болатын. Сол түні көкесі Әбу Тәліптің қызы Умми Ханидың Әбу Тәліп ауданындағы үйіне барды. Умми Хани ол кезде иман келтірмеген болатын. Пайғамбарымыз келіп, есігін қақты. Іштен: «Кім бұл?» деп сұралғанда Расулуллаһ: **«Көкеңнің ұлы Мұхаммедпін. Қабылдасаң, қонақ болып келдім»**,- деді.

Умми Хани: «Сіздей тура сөзді, әділ, қадірлі қонаққа жанымыз құрбан болсын. Тек келетініңізді алдын ала айтқаныңызда, бір нәрселер дайындап қояр едім. Қазір дастарханға қоятын ештеңем жоқ»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Жейтін ештеңе керек емес. Ниетім тамақ емес. Раббыма құлшылық жасап, жалбарынатын орын болса маған жеткілікті»**,- деді.

Умми Хани пайғамбарымызды ішке кіргізіп, бір төсеніш, шылапшын және құман берді. Келген қонақты құрметтеу, оны дұшпаннан қорғау арабтар үшін ең абыройлы міндет болып саналатын. Бір үйдің қонағына зиян келсе, сол үйдің иесі үшін үлкен масқара болып есептелетін. Умми Хани: «Мұның Меккеде дұшпандары көп. Тіпті, өлтіргісі келетіндер де бар. Ұятқа қалмау үшін азанға дейін оны күзетейін» деп ойлады. Әкесінің қылышын алып, үйді айналып жүре бастады.

Расулуллаһ сол күні қатты ренжулі еді. Дәрет алып, Раббысына жалбарынып, кешірім сұрап, құлдардың иманға келіп, бақытқа қауышулары үшін дұға ете бастады. Қатты шаршаңқы, аш және жабырқаулы еді. Төсенішке жатып ұйықтап кетті.

Сол сәтте Аллаһу та’ала Жәбрейіл алейһиссаламға: **«Сүйікті пайғамбарымды қатты ренжіттім. Мүбәрәк денесіне, нәзік жүрегіне ауыртпалық түсірдім. Ол сонда да маған жалбарынуда. Менен басқа ештеңе ойламайды. Бар да, оны алып кел. Жаннатымды, жаһаннамымды көрсет. Оған және оны жақсы көретіндерге дайындаған нығметтерімді көрсін. Оған сенбегендерге, сөздерімен, әрекеттерімен, жазуларымен оны ренжіткендерге дайындаған азаптарымды көрсін. Оны мен жұбатамын. Оның нәзік жүрегінің жарасын мен емдеймін»** деп бұйырды.

Жәбрейіл алейһиссалам Расулуллаһтың жанына барғанда, ол тәтті ұйқыда жатқан болатын. Оятуға қимады. Адам кейпінде барған еді. Расулуллаһтың мүбәрәк аяғының астын сүйді. Жүрегі, қаны жоқ болғандықтан суық еріндері пайғамбарымызды оятып жіберді. Ол Жәбрейіл алейһиссаламды дереу танып: **«Ей, Жәбрейіл бауырым! Беймезгіл уақытта неге келдің? Әлде қате бірдеңе істеп қойдым ба? Раббымды ашуландырдым ба? Маған жаман хабар әкелдің бе?»** деп, Раббысын ренжітіп алдым-ау деген оймен қатты қорқты.

Жәбрейіл алейһиссалам: «Ей, күллі жаратылыстың үстемі! Ей, Жаратушының сүйіктісі, ей пайғамбарлардың мырзасы, жақсылықтардың қайнар бұлағы болған қадірлі, ұлы пайғамбар! Раббыңыз сізге сәлем айтты және сізді өзіне шақыруда. Тұрыңыз, барайық!»,- деді.

Пайғамбарымыз дәрет алды. Жәбрейіл алейһиссалам Расулуллаһтың басына нұрдан сәлде кигізді, үстіне нұрдан киім кигізді, мүбәрәк беліне жақұттан белдік тақты. Мүбәрәк қолына төрт жүз маржанмен безендірілген асыл тастан жасалған аса таяқ берді. Әрбір маржан Шолпан жұлдызындай жарқырап тұр еді. Мүбәрәк аяғына асыл тастан аяқ киім кигізді. Сосын қол ұстасып, Қағбаға келді. Бұл жерде Жәбрейіл алейһиссалам сүйікті пайғамбарымыздың көкірегін жарып, жүрегін алды. Оны Зәмзәм суымен жуып, даналық пен иман толы ыдыс әкеліп, жүрегіне құйып, көкірегін жапты.

Сосын Жәбрейіл алейһиссалам жұмақтан әкелген Бурақ деген ақ жануарды нұсқап: «Йа, Расулаллаһ мынаған мініңіз! Барлық перштелер жолыңызды күтіп отыр»,- деді. Осы кезде Расулуллаһты мұң басып, ойға шомды. Сонда Аллаһу та’ала Жәбрейіл алейһиссаламға: «Ей, Жәбрейіл! Хабибімнің неге ренішті екенін сұра!»,- деді. Жәбрейіл алейһиссалам пайғамбарымыздан сұрағанда

ол: **«Мен осыншалықты ізет пен құрмет көрдім. Қиямет күні әлсіз болған үмметімнің жағдайы не болатыны есіме түсті. Елу мың жыл Арасат алаңында мұншалықты күнәларын қалай көтеріп тұрады және отыз мың жылдық жол болған Сыраттан қалай өтеді?»,-** деді. Сол кезде Аллаһтан: «Ей, Хабибім! Көңілің алаң болмасын. Сенің үмметің үшін елу мың жылдық уақытты бір сәттік уақыт етемін. Қайғырма!» деген хабар келді.

Пайғамбарымыз Бураққа мінді. Бурақ өте шапшаң жүретін, бір сәтте көз жетпес алыс жерлерді басып өтетін. Жолда Жәбрейіл алейһиссалам Расулуллаһқа кейбір жерлерде түсіп намаз оқып алуын айтты. Пайғамбарымыз үш рет түсіп намаз оқыды. Жәбрейіл алейһиссалам Расулуллаһтан түсіп намаз оқыған жерлерін білген-білмегенін сұрады. Жауабын өзі айтып, бірінші түскен жерінің Мәдина екенін және осы жерге хижрет (көш) ететіндігінен хабардар етті. Қалған жерлердің де хазреті Мұса Аллаһу та’аламен бағыт-бағдарсыз және белгісіз түрде сөйлескен жері – Тур Сина тауы екенін, соңғысы Иса алейһиссалам дүниеге келген Бәйт-и Лахм екенін айтты. Сосын Құдыстағы Ақса мешітіне келді.

Ақса мешітіне келгенде Жәбрейіл алейһиссалам бір тасты саусағымен тесіп, Бурақты байлады. Өткен пайғамбарлардың кейбірінің рухтары адам кейпіне еніп, жиналған еді. Жамағатпен намаз оқу үшін Адам, Нұх және Ибраһим пайғамбарларға (алейһимуссалам) имам болулары ұсынылды. Олар кешірім сұрап, бұл ұсынысты қабылдамады. Жәбрейіл алейһиссалам: «Сіз барда басқа ешкім имам бола алмайды» деп пайғамбарымызды алға тартты.

Пайғамбарымыз басқа пайғамбарларға имам болып, екі рәкат намаз оқыды. Бұдан кейінгі жағдайды былай жеткізді: **«Жәбрейіл** (алейһиссалам) **маған бір ыдыспен жұмақ сусынын және бір ыдыспен сүт әкелді. Сүтті алдым. Жәбрейіл (**алейһиссалам) **маған: “Жаратылысты таңдадыңыз”** (екі дүние бақытын таңдадыңыз) **деді. Сосын тағы екі ыдыс ұсынды, бірі су, екіншісі бал болатын, екеуінен де іштім. Жәбрейіл: “Бал үмметіңіздің қияметке дейін жалғасатынына, ал су үмметіңіздің күнәларынан тазаруына белгі” деді. Сосын екеуміз бірге көкке көтерілдік. Жәбрейіл** (алейһиссалам) **есікті қақты.**

- **Сен кімсің? – деді** (есіктің ар жағынан)**.**
- **Мен Жәбрейілмін** (алейһиссалам)**.**
- **Қасыңдағы кім?**

- Ол – Мұхаммед (алейһиссалам)**.**

- Оған (көкке шығу үшін уаһи мен Миғраж шақыруы) **жіберілді ме?**

- Иә, жіберілді.

- Сәлем бердік келген адамға. Бұл келген адам қандай жақсы жолаушы! – деді. Дереу есік ашылып, Адам (алейһиссаламмен) **кездестім. Менімен сәлемдесіп, дұға етті...**

Бұл жерде көптеген періштелерді көрдім. Барлығы қиямда (иіліп) **хушу және худумен** (ықыласпен)**: "Суббухун қуддусун раббул мәлаикати уәр рух" зікірін айтып тұрды. Жәбрейілден "Бұл періштелердің ғибадаты осы ма?" деп сұрадым. «Иә, олар жаратылғаннан бастап қияметке дейін қиямда болады. Хақ та'аладан тілеңіз, осы ғибадатты үмметіңізге нәсіп етсін" деді. Хақ та'аладан тіледім, дұғамды қабыл етті. Намаздағы қиям – сол қиям.**

(Ол жақта) **бір жамағатты көрдім. Періштелер олардың бастарын аямай езеді,** (бастары) **қайтадан қалпына келеді. Тағы ұрады, тағы да бұрынғы қалпына келеді. "Бұлар кімдер?" дедім. "Жұма мен жамағатты тәрк еткендер. Руку мен сәжделерді толық орындамағандар" деді.**

Бір жамағатты көрдім. Олар аш және жалаңаш еді. Тозақ періштелері оларды тозақта жайылымға алып барады. "Бұлар кімдер?" дедім. "Кедейлерге мейірімділік көрсетпегендер және зекет бермегендер" деді.

Бір жамағатты көрдім. Алдарына жақсы тағамдар қойылған. Бір жақтарында өлексе тұр. Олар жақсы тағамдарға қарамай, сол өлексені жеп жатты. "Бұлар кімдер?" деп сұрадым. "Бұлар халал нәрсені тастап, харамға бейімделген еркектер мен әйелдер. Халал мүліктері бар кезде харам жеген адамдар" деді.

Арқасындағы жүктің көптігінен қимылдауға шамалары қалмаған бір (топ) **адамды көрдім. Сонда да халыққа қарап, үстіне тағы да жүк салуларын сұрап жатты. "Бұлар кімдер?" дедім. "Бұлар – аманатқа қиянат еткендер. Адамдардың ақысын жеп, оның үстінен тағы да зұлымдық жасағандар" деді.**

Өз еттерін кесіп жеп отырған бір топ адамды көрдік. "Бұлар кімдер" дедім. Жәбрейіл (алейһиссалам)**: «Бұлар ғайбат еткендер және сөз тасығандар" деді.**

Беттері қара, көздері көк, үстіңгі еріндері маңдайларына жеткен, астыңғы еріндері аяқтарына дейін салбыраған, ауыздарынан қан мен ірің аққан бір топ адамды көрдім. Оларға оттан жасалған ыдыстармен жаһаннамда ағатын улы қан мен ірің ішкізілуде, ал олар есек сияқты ақыруда еді. "Бұлар кімдер?" дедім. "Бұлар арақ ішкендер" деді.

Тағы бір топ адамды көрдік, олардың тілдері бастарына тартылған, түрлері өзгертіліп доңыз кейпіне ендірілген түрде азап тартуда еді. Жәбрейіл (алейһиссалам)**: "Бұлар жалған куәгер болғандар" деді.**

Тағы бір қауымды кезіктірдік. Қарындары ісіп, төмен қарай салбыраған, реңдері көгерген, қол-аяқтары байланған, орындарынан тұра алмайды. Жәбрейілден (алейһиссалам) **бұларды сұрадым. "Бұлар пайыз жегендер" деді.**

Бір топ әйелді кездестірдік. Беттері қарайған, көздері көк. Оттан киім кигізілген. Періштелер оларды оттан жасалған шоқпармен ұрады. Олар ит пен доңыз сияқты айқайлайды. "Бұлар кімдер?" дедім. Жәбрейіл (алейһиссалам)**: "Бұлар зинақорлық жасағандар және күйеулерін ренжіткен әйелдер" деді.**

Бір жамағат көрдім. Өте көп адамнан тұрады екен. Жаһаннам аңғарларында қамалған. От оларды жағады, олар қайтадан тіріледі, қайтадан жағады. "Бұлар кімдер?" дедім. "Бұлар әкелеріне қарсы шыққандар" деді.

Тағы бір жамағатты кезіктірдім. Егін егеді, ол бір сәтте өсіп шығып, өнім береді. "Бұлар кімдер?" дедім. Жәбрейіл (алейһиссалам)**: "Аллаһу та'ала үшін ғибадат жасағандар" деді.**

Бір дарияға бардым. Бұл дарияның ғажайып жағдайын айтып жеткізу мүмкін емес. Сүттен ақ, толқындары таудай еді. "Бұл қандай дария?" деп сұрадым. "Бұл дарияның аты - Өмір теңізі. Хақ та'ала өлгендерді тіріліктетін кезде осы дариядан жаңбыр жаудырады. Шіріген, ыдырап кеткен денелер тіріліп, шөптің өскені сияқты мазардан тұрады" деді...

Сосын екінші қабат көкке шықтық. Жәбрейіл (алейһиссалам) **тағы да есікті қақты.**

- Сен кімсің? – деген дауыс шықты.

- Мен Жәбрейілмін (алейһиссалам)**.**

- Қасыңдағы кім?

- Ол – Мұхаммед алейһиссалам

- Оған (yaһи мен Миғраж шақыруы) **жіберілді ме?**

- Иә, жіберілді – деді.

- Сәлем бердік келген адамға. Бұл келген адам қандай жақсы жолаушы – деп айтылды да дереу есік ашылды. Апалы-сіңілінің балалары болған Иса мен Яхия бин Зәкәрияның (алейһимуссалам) **қастарынан шықтым. Олар менімен сәлемдесті және дұға етті...**

Бір топ періштелерді кезіктірдім. Сап құрап тұрған еді. Барлығы рукуда болатын. Өздеріне тән бір тәсбихтері бар еді. Әрдайым рукуда тұрады, бастарын көтеріп, жоғары қарамайды. Жәбрейіл (алейһиссалам)**: "Бұл періштелердің ғибадаты осындай. Хақ та'аладан бұл ғибадатты сіз де сұраңыз, ұмметіңізге нәсіп болсын" деді. Дұға еттім. Қабыл болып, Раббым намаздағы рукуді ихсан етті.**

Сосын үшінші қабат көкке көтерілдік. Тағы да сол сұрақтар қойылып, сол жауаптар айтылғаннан кейін Юсуф (алейһиссаламды) **көрдім. Оған сұлулықтың жартысы беріліпті. Менімен сәлемдесті және дұға етті...**

Көптеген періштелер көрдім. Сап түзіп, бәрі сәжде жасауда еді. Жаратылғаннан бері сәждеде болып, өздеріне тән тәсбихтерін айтады екен. Жәбрейіл (алейһиссалам)**: "Бұл періштелердің ғибадаты осындай. Аллаһу та'аладан бұл амалды ұмметіңізге нәсіп етуін сұраңыз" деді. Хақ та'аладан тіледім. Қабыл болып, намазда сендерге нәсіп етті.**

Төртінші қабат көкке көтерілдік. Таза күмістен жасалған, нұрлы есігі бар еді. Нұрдан құлып салынған. Құлыпқа "Лә иләһә иллаллаһ Мухаммәдун расулуллаһ" деп жазылған. Бұрынғы қабаттарда сұралған сұрақтар мен жауаптардан кейін есіктер ашылып, алдымда Идристі (алейһиссалам) **көрдім. Менімен сәлемдесіп, дұға етті. Аллаһу та'ала ол туралы: "Біз оны жоғары орынға көтердік" деген.** (Мәриям сүресі, 57)

Бір періште көрдім. Өзі бір тақта отыр, қайғылы және ренішті еді. Айналасында өте көп періштелер бар болатын, олардың санын тек Хақ та'ала ғана біледі. Оң жағында нұрлы періштелерді көрдім. Жасыл киінген, хош иісті еді. Олар өте көрікті болатын. Сол жағында ауыздарынан от шашқан періштелерді көрдім. Алдарында оттан жасалған найзалар мен қамшылары бар. Көздеріне қарауға ешкімнің батылы жетпейді.

Тақтың үстінде отырған періштенің басынан аяғына дейін көздері бар. Әрқашан алдындағы дәптерге қарап отырады, бір сәт көзін одан алмайды. Алдында бір тал бар еді. Әр жапырағына бір адамның аты жазылған. Алдында шылапшын сықылды бір нәрсе бар. Кейде оң қолымен одан бір нәрсе алып, оң жағындағы нұр періштелеріне береді, кейде сол қолымен бір нәрсе алып, сол жағындағы зұлмет (қараңғылық) періштелеріне береді. (Бұл) **періштеге қарағанымда жүрегіме қорқыныш ұялады. Жәбрейілден: "Бұл періште кім?" деп сұрадым. "Ол - Әзірейіл, оған қарап тұруға ешкімнің жүрегі дауламайды" деді де оның қасына барып: "Ей, Әзірейіл! Мынау ақырзаман пайғамбары және Аллаһу та'аланың сүйікті құлы" деді. Әзірейіл** (алейһиссалам) **басын көтеріп күлімсіреді. Орнынан тұрып маған тағзым жасады: "Сәлем бердік. Хақ та'ала сенен мәртебелі (қадірлі) ешкімді жаратқан жоқ. Ұмметің де басқа барлық ұмметтерден үстем. Сенің ұмметіңе олардың ата-анасынан да қатты жаным ашиды" деді. "Сенен бір өтінішім бар. Ұмметім өте әлсіз. Олармен жұмсақ мәміледе бол. Рухтарын оңай әрі қинамай ал!" дедім. "Сені ең соңғы пайғамбар етіп жіберген және өзінің сүйікті құлы еткен Аллаһ үшін айтайын, Аллаһу та'ала күндіз-түні жетпіс рет: "Мұхаммедтің ұмметінің рухтарын жұмсақ және оңай етіп ал және амалдарына аяушылықпен қара" деп бұйырады. Сондықтан да мен сенің ұмметіңе өз ата-аналарынан да көп шапағат етемін" деді.**

Сосын бесінші қабат көкке көтерілдік. Ол жерде Харунмен (алейһиссалам) **кездестік. Менімен сәлемдесіп, қайырлы дұға жасады.**

Бесінші қабаттың періштелерінің ғибадаттарын көрдім. Барлығы түрегеп тұрып, аяқтарының ұшына қарап тұрады, басқа жерге мүлдем қарамайды. Дауыстап тәсбих айтып тұрды. Жәбрейілден (алейһиссалам)**: "Бұл періштелердің ғибадаты осылай жасала ма?" деп сұрадым. "Иә, Аллаһу та'аладан тілеңіз, осындай ғибадатты сіздің де ұмметіңізге нәсіп етсін" деді. Дұға еттім. Хақ та'ала ихсан етті.**

Сосын алтыншы қабат көкке көтерілдік. Ол жерде Мұса (алейһиссалам) **мен кездестік. Менімен сәлемдесіп, қайырлы дұға жасады. Сосын жетінші қабат көкке көтерілдік, дәл сондай сұрақ-жауаптардан кейін Ибраһимнің** (алейһиссалам) **Бәйті**

Мамурға арқасын сүйеп отырғанын көрдім. Ол Бәйті Мамурға күн сайын жетпіс мың періште кіреді (кезектері екінші рет қайталанып келмейді)**. Ибраһимге** (алейһиссалам) **сәлем бердім. Сәлемімді қабыл алып: "Саған да сәлем, ей салих пайғамбар, ей салих ұл!" деді.** (Сосын) **"Йа, Мұхаммед! Жаннаттың жері өте керемет, жұмсақ және топырағы таза. Үмметіңе айт, ол жерге көп ағаш ексін" деді. "Жаннатқа қалай ағаш егіледі?" деп сұрағанымда: "Лә хаулә уә лә қууәтә иллә билләһ"** (бір риуаят бойынша **"Субханаллаһи уәлхамдулилләһи уә лә илаһә иллаллаһу уаллаһу әкбар"**) **тәсбихін оқу арқылы" деді. Жәбрейіл** (алейһиссалам) **сосын мені Сидрәтул-мунтәхаға апарды. Оның жапырақтары пілдің құлақтары сияқты, жемістері мұнаралар сияқты еді. Ол Аллаһу та'аланың кез-келген бір бұйрығына кезіксе өзгеріп, көріктенетіні соншалық, Аллаһу та'аланың жаратқан махлұқтарының ешқайсысы оның әсемдігін айтып жеткізе алмайды.**

Жәбрейіл (алейһиссалам) **Сидрәтул-мунтәханың арғы жағына өткізіп, менімен қоштасты. Мен: "Ей, Жәбрейіл! Мені жалғыз тастап барасың ба?" дедім. Жәбрейіл** (алейһиссалам) **сескеніп, Хақ та'аланың айбатынан қорқып, дірілдеп: "Йа, Мұхаммед! Егер** (тағы) **бір қадам аттайтын болсам, Аллаһу та'аланың құдіретімен құримын. Бүкіл денем жанады, жоқ болады" деді».**

Расулуллаһ осы жерге дейін Жәбрейіл алейһиссаламмен бірге келген еді. Жәбрейіл алейһиссалам осы жерде өзінің жаратылған қалпын, қанаттарын ашып, әр қанатынан маржандар, жақұттар шашып тұрғанын пайғамбарымызға көрсетті. Сосын сәулесі күннен де жарық «Рафраф» деп аталатын жұмақтың жасыл кілемі келді. Оның үздіксіз Аллаһу та'аланы зікір еткенінен, тұрған әлемі зікір жаңғырығымен толатын.

Пайғамбарымызға сәлем берді. Расулуллаһ Рафрафтың үстіне отырып, бір сәтте биіктерге көтеріліп, «Хижаб» деп аталатын жетпіс мың пердеден өтті. Әр хижабтың арасы өте ұзақ болатын. Әр пердеде қызметші періштелер бар еді. Рафраф пайғамбарымызды сол перделерден біртіндеп өткізді. Осылайша күрсі, арш және рух әлемдерінен асып өтті.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әр пердеден өткен кезде **«Қорықпа! Йа Мұхаммед! Жақында, жақында»** деген бұйрықтарды естіді. Жақындағаны соншалық **Қабә-каусәйн**

мақамына жетті. Белгісіз, түсініле алмайтын, түсіндіріле алмайтын халде Аллаһу та'аланың қалаған биіктіктеріне жетті. Мекенсіз, уақытсыз, бағытсыз, сипатсыз түрде Аллаһу та'аланы көрді. Көзсіз, құлақсыз, құралсыз, кеңістіксіз түрде Раббымен сөйлесті. Ешқандай жаратылыс біле алмайтын, түсіне алмайтын нығметтерге қол жеткізді.

Имам Раббани хазреттері «Мәктубат» атты кітабында былай дейді: «Расулуллаһ алейһиссалауату уәсәлләм Миғраж түнінде Раббыны дүниеде көрген жоқ. Ахиретте көрді. Өйткені, Расулуллаһ ол түні уақыт пен мекен шеңберінен шықты. Әзәли және әбәди (басы мен соңы жоқ) сәтке енді. Бастауы мен соңын бір нүкте етіп көрді. Ол түні жаннатқа баратындардың мыңдаған жылдардан кейін жаннатқа бара жатқандарын және жаннаттағы сәттерін көрді. Міне, сол дәрежедегі көру дүниедегі көру сияқты емес. Ахиреттік сипатта көрді».

Пайғамбарымызға **«Раббыңды мадақта!»** деп бұйырылғанда Ол дереу **«Әттахияту лилләһи уәссалауату уәттайибат»** (яғни, барлық тілмен болатын мадақтар мен мақтаулар, денемен жасалатын қызметтер мен ғибадаттар, мал-мүлікпен жасалатын жақсылықтар мен ихсандар Аллаһу та'ала үшін болсын) деді. Алдымен Аллаһу та'ала хабибіне көзсіз, құлақсыз, құралсыз, мекенсіз түрде: **«Әссәләму аләйкә әйуһәннәбию уә рахматуллаһи уә бәракәтуһ»** (Ей, расулым! Сәлемім, берекем мен рақымым саған болсын) деп, сәлем берді. Пайғамбарымыз: **«Әссәләму алейна уә ала ибадиллаһиссалихин»** (Йа, Раббым! Бізге және салих құлдарыңа да сәлем болсын) деп жауап берді. Мұны естіген періштелер бәрі бір ауыздан: **«Әшһәду ән лә илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһу уә Расулуһуһ»** (Аллаһтан басқа илаһ жоқ екеніне көзіммен көргендей білемін және сенемін, Мұхаммед алейһиссалам Оның құлы және расулы) деді.

Пайғамбарымыз: **«Әссәләму алайнә..»** дегенде Аллаһу та'ала: **«Ей, сүйікті құлым! Бұл жерде екеуімізден басқа ешкім жоқ. Неге "алейнә"** (бізге) **дедің?»**- деп сұрады. Пайғамбарымыз: **«Йа, Илаһи! Үмметімнің денелері шынында менімен бірге емес. Бірақ, рухтары менімен бірге. Ойым мен жігерім соларда. Маған сәлем бердің, мені барлық жамандықтардан сақтандырдың. Ақыр заманның қиындығына шалдыққан сол кедей, дертті үмметімді осындай үлкен сый мен жақсылықтардан қалайша құр қалдырамын? Мұндай нығметтен оларды қалайша нәсіпсіз етемін»**- деп жауап берді.

Аллаһу та’ала: **«Ей, хабибім! Бұл түні менің қонағымсың. Менен не тілейсің?»**,- деді. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): **«Үмметімді тілеймін** (Йа Раббым)**»**,- деді.

Риуаят бойынша осылайша Хақ та’ала бұл сұрақты жеті жүз рет қайталады. Расулуллаһ бәріне: **«Үмметімнің ғафу етілуін сұраймын»**- деп жауап берді. Аллаһу та’ала: **«Әрдайым үмметіңді сұрайсың»** дегенде Расулуллаһ: **«Йа, Раббым! Менің ісім тілеу, ал беру Сенің қалауыңда. Бүкіл үмметімді маған тапсыра-гөр»** деп тіледі. Хақ та’ала: **«Егер үмметіңнің барлығын осы түнде сен үшін кешіріп жіберсем менің рақымдылығым мен сенің қадіріңе, ұлылығың білінбей қалады. Бір бөлігін бүгін саған бағыштадым. Екі бөлігін кейінге қалдырдым. Қиямет күні сен тілейсің, мен беремін. Менің рақымдылығым мен сенің қадіріңе белгілі болсын»** деп бұйырды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадис шәрифінде былай дейді: **«Сол түні** (Миғраж түні) **Аллаһу та’аладан бүкіл үмметімнің есебін маған тапсыруын сұрадым. Хақ та’ала былай деп бұйырды: “Йа, Мұхаммед! Мұндағы мақсатың – үмметіңнің қателіктерін ешкім білмесін дейсің. Менің мақсатым – сен шапағатты пайғамбарсың, басқаларға білінбегені сияқты саған да айыптары мен жаман істері білінбесін. Йа, Мұхаммед! Сен олардың жол көрсетушісісің. Мен олардың Раббысымын. Сен оларды енді көрдің. Мен әуелден (ежелден) мәңгілікке дейін оларды көрдім және көремін. Йа, Мұхаммед! Егер сенің үмметіңмен сөйлесуді қаламағанымда, қиямет күні оларды есепке тартпас едім. Үлкен, кіші ешқандай күнәларын сұрамас едім”».**

«Аллаһу та’ала айтты: “Йа, Мұхаммед! Мүбәрәк көзіңді аш, аяғыңның астына қара.” Қарадым, бір уыс топырақ көрдім. Аллаһу та’ала былай деп айтты: “Барлық болмыс – сенің аяғыңның астындағы топырақ. Сол топырақты досыңның алдына әкелдің бе? Достың етегіне жабысқан шаңды кешіруден, маған сенің үмметіңді кешіру оңайырақ.”»

Пайғамбарымыз бір хадис шәрифінде былай дейді: **«Хақ та’алаға бірнеше сұрақтар қойдым. Жауаптарын алдым. Сол сұрақтарды сұрағаныма өкіндім.** (Ол сұрақтардың кейбірі мыналар:) **“Йа, Раббым! Жәбрейілге алты жүз мың қанат бердің. Маған осындай беретін жақсылығың не?”** Аллаһу та’ала былай

деп бұйырды: “**Сенің бір қылың маған Жәбрейілдің алты жүз мың қанатынан да жағымды. Сенің бір қылыңның құрметіне мен мыңдаған күнәһарды қиямет күні азаптан босатамын. Жәбрейіл қанатын ашса шығыс пен батыстың арасын толтырады. Сен шапағат етсең шығыс пен батыстың арасы күнәһарға толы болса, бәрін саған сыйға тартамын.” Мен айттым: “Атам Адамға** (алейһиссалам) **періштелерді сәжде еткіздің. Осы сияқты маған сыйың не?”. Хақ та’ала айтты:** “**Періштелердің Адамға сәжде етулері сенің нұрыңның оның маңдайында болуына байланысты еді. Йа, Мұхаммед! Саған одан артық нәрсе бердім. Есіміңді есіміме жақын еттім және Арши а’ланың үстіне жаздым. Ол кезде Адам жаратылмаған болатын, аты мен заты да жоқ еді. Сенің есіміңді көктердің есігіне, перделердің үстіне, жаннаттардың есігіне, сарайлар мен ағаштарға, жаннаттың барлық жеріне жаздым. Жаннатта бетіне “Лә илаһә иллаллаһ Мухаммәдун расулуллаһ” деп жазылмаған еш нәрсе жоқ. Бұл мәртебе Адамға берілген мәртебеден жоғары”.**

“Йа, Раббым! Нұхқа (алейһиссалам) **кеме бердің. Осы сияқты маған не бердің?” Аллаһ былай деді: “Саған Бурақты бердім, бір түнде жерден Аршқа көтердім. Жаннат пен жаһаннамды көрдің. Үмметіңе мешіттер бердім, қиямет күні кемелерге мінген сияқты үмметің сол мешіттерге мініп, Сыраттан көзді ашып жұмғанша өтіп, тозақтан құтылады.”**

“Йа, Раббым! Исраил ұлдарына жаннаттан құдірет халуасы мен бөдене етіне ұқсайтын құстың етін түсірдің.” Аллаһу та'ала былай деді: “Саған және үмметіңе дүние мен ахиреттің нығметін ихсан еттім. Исраил ұлдарының түрлерін адамнан ау, маймыл және доңыз кейпіне айналдырдым. Сенің үмметіңнің ешқайсысына олай жасамадым. Солардың істегендерін істесе де бұларды оларға істемедім. Йа, Мұхаммед! Саған бір сүре бердім, ондай сүре Тәурат пен Інжілде жоқ. Ол – Фатиха сүресі. Кімде-кім ол сүрені оқыса денесі тозаққа харам болады. Ол адамның ата-анасының азабын жеңілдетемін. Йа, Мұхаммед! Мен сенен артық (құрметті, абыройлы, үстем) **ешкімді жаратпадым. Саған және үмметіңе түнде және күндіз елу уақыт намазды парыз еттім.**

Йа Мұхаммед! Кімде-кім менің бір екенімді қабылдаса және маған серік қоспаса жаннат сол адамдікі. Мұндай үмметіңе жаһаннамды харам еттім. Сенің үмметің үшін рахметім (мейірімділігім) **ашуымды асып түсті.**

Йа Мұхаммед! Менің алдымда барлық адамнан қадірлісің, абыройлысың. Қиямет күні саған соншама сыйлар жасаймын, бүкіл әлем таң қалады. Ей Хабибім! Сен жаннатқа кірмейінше басқа пайғамбарлар мен үмметтеріне кіруге тыйым салынады. Сенің үмметің кірмейінше басқа үммет кірмейді. Йа, Мұхаммед! Сен және үмметің үшін не дайындағанымды көргің келе ме?" "Көргім келеді, Йа Раббым!" дедім. Исрафилге қарап: "Ей, Исрафил! Сенімді құлым және елшім болған Жәбрейілге айт, Хабибім болған сүйікті құлымды жаннатқа апарып, Хабибім мен үмметіне не дайындағанымды көрсетсін. Көңілі жайлансын" деп бұйырды.»

Әлемдердің мырзасы болған – сүйікті пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Исрафил алейһиссаламмен бірге Жәбрейіл алейһиссаламның қасына келді. Аллаһу та'аланың бұйрығын орындау үшін Жәбрейіл алейһиссалам Расулуллаһ алейһиссаламды жаннатқа апарды. Періштелер қолдарына жұмақ киімі мен нұр толы табақтар ұстап күтіп тұр еді. Жәбрейіл алейһиссалам: «Йа, Расулаллаһ! Бұл періштелер Адам алейһиссаламнан сексен мың жыл бұрын жаратылды. Олар осы орындарында табақтағыларды сізге және сіздің үмметізге шашу үшін тағатсыздана күтуде. Қиямет күні сіз және үмметіңіз Аллаһу та'аланың бұйрығымен жұмақтың есігінен аттағанда осы періштелер табақтарындағы жауһарды үстеріңізге шашады»,- деді. Оларды жаннатта қызмет атқаратын Ридуан деген періште күтіп алды. Расулуллаһқа сүйіншілер айтып: «Хақ та'ала екі бөлігін сіздің үмметіңізге, біреуін басқа үмметтерге беру үшін жұмақты үшке бөлді»,- деді және жұмақтың барлық жағын аралатты.

Пайғамбарымыз былай дейді: **«Жаннаттың ортасында бір өзен көрдім. Арштың жоғары жағынан өтетін бұл өзеннен су, сүт, хамр** (жаннат шарабы) **және бал бір-бірімен араласпай ағады. Ол өзеннің жағасы хризолиттен жасалған. Ішіндегі тастар асыл, балшығы хош иісті, шөптері гүлдерден еді. Айналасына күміс ыдыстар қойылған, саны көктегі жұлдыздардан да көп болатын. Маңында құстар жүрді, мойындары түйенің мойнындай еді. Кім сол құстардың етін жеп, сол өзеннің суын ішсе Хақ та'аланың разылығын алады. Жәбрейілден: "Бұл қандай өзен?" деп сұрағанымда: "Кәусәр. Хақ та'ала оны сізге берді. Сегіз жаннатта болған бақшаларға су осы Кәусардан ағады" деді. Ол өзеннің жағасынан шатырлар көрдім. Барлығы маржандар мен**

жақұттардан жасалған еді. Жәбрейілден сұрағанымда: "Сіздің әйелдеріңіздің орны" деді. Ол шатырларда хурилерді (жаннат қыздарын) **көрдім. Жүздері күндей жарқырағаң, барлығы қосылып бәсең дауыспен өлеңдер айтып отырды. Олар: "Біз қуаныштымыз. Бізге ешқандай да қайғы келмейді. Біз жасанып алғанбыз, ешқашан көріксіз болмаймыз. Біз жастармыз, ешқашан қартаймаймыз. Біз көркем мінездіміз, мүлдем ашуланбаймыз. Біз әрдайым осылаймыз, ешқашан өлмейміз" дейді. Бақыт сарайлары мен талдарына дейін жетіп, олардың дауыстары барлық жерге таралады. Әсемдігі соншалық, ол дауыс егер дүниеге келсе дүниеде ешқандай өлім мен қиыншылық болмас еді. Жәбрейіл: "Бұлардың жүздерін көргіңіз келе ме?" деп сұрады. "Иә" дедім. Бір шатырдың есігін ашты. Қарадым. Сондай көркем келбеттерді көрдім, олардың сұлулығын өмір бойы айтып өтсем де тауыса алмаймын. Жүздері сүттен ақ, беттері жақұттан қызыл және күннен де нұрлы еді. Терілері жібектен жұмсақ, айдай жарқыраған, иістері хош еді. Шаштары қара, біразынікі өрілген, кейбірінікі жиналған, кейбірінікі бос жіберілген, отырса шатырдай төгіледі, тұрса аяғына дейін жетеді. Әр қайсысының алдында бір қызметші бар еді. Жәбрейіл "Бұлар сіздің үмметіңіз үшін" деді».**

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)**: «Сегіз жаннаттың бау-бақшасын және әр түрлі нығметтерін көрдім. Жаһаннам мен оның қабаттарын да көрсем деп ойладым. Жәбрейіл** (алейһиссалам) **қолымнан ұстап, тозақтың ең үлкен періштесі Маликке апарды. "Ей, Малик! Мұхаммед** (алейһиссалам) **дұшпандардың жаһаннамдағы орнын көргісі келеді** (Оған жаһаннамды көрсет)**" деді. Малик жаһаннамның қабаттарын ашты. Жеті қабат**(тың барлығын) **көрдім. Жетінші қабат «Хауиа» деп аталады. Оның азабы басқа қабаттардан қаншама есе ауыр болады. Маликтен: "Бұл қабатта қай тайпа азапталады?" деп сұрадым. Малик: "Перғауын, Қарун және сенің үмметіңнің мұнафиқтары азапталады" деді. Алтыншы қабат «Лази деп аталады. Ол жерде мүшріктер** (еш діні болмағандар) **азапталады. Бесінші қабат «Хутамә» деп аталады. Ол жерде отқа, сиырға табынғандар, буддисттер азап көреді. Төртінші қабат «Жахим» деп аталады. Ол жерде күнге, жұлдыздарға табынғандар азапталады. Үшінші қабат «Сақар» деп аталады. Ол жерде**

христиандар азапталады. Екінші қабат «Саир» деп аталады, онда яһудилер азапқа тартылады. Бірінші қабат «Жаһаннам» деп аталады, оның азабы басқаларынан жеңіл. (Соған қарамастан) **ол жерде оттан жасалған жетпіс мың дария бар. Дариялардың үлкендігі соншалық, жер мен көкті сол дарияға тастап, бір періштеге табу әмір етілсе, мың жыл іздесе де таба алмас еді. Зәбанилер** (жаһаннамда қызмет атқаратын періштелер) **өте үлкен болатын. Егер олардың бірі жер мен көкті аузының бір ұртына салса да білінбес еді. Ол дариялар толқынданып, қорқынышты дауыстар шығаратын еді. Егер сол дауыстан дүниеге кішкене дауыс жетсе, барлық жанды болмыстар жойылар еді. "Бұл қабат қай тайпа үшін?" деп сұрадым. Малик жауап бермеді. Қайта сұрадым. Ол үнсіз қалды...**

Жәбрейіл Маликке: "Сенен жауап күтіп тұр" деді. Ол: "Мені кешіріңіз" деп өтінді. Мен "Не болса да айт, егер бүгін білуіміз мүмкін болса, бәлкім алдын алып үлгерерміз" дедім. Малик "Йа, Расулаллаһ! Сіздің ұмметіңіздің күнәһарларына арналған, оларға мұндай қорқынышты жерден өздерін қорғасын деп насихат етіңіз. Денелерін осындай азапқа тартатын нәрселерден аулақ етсін. Ол күні мен күнәһарларға мейірімділік танытпаймын. Ақ сақалды қарттарына да, жастарына да шапағат етпеймін" деді.»

Расулуллаһ жылай бастады. Мүбәрәк басынан сәлдесін шешіп, шапағат сұрауға және Аллаһу та'алаға жалбарына бастады. Ұмметінің әлсіздігін және олардың мұндай азапқа шыдай алмайтынын айтып көп жылағаны соншалық, Жәбрейіл алейһиссалам мен басқа періштелер де қосылып жылады. Сол кезде Аллаһу та'аладан дауыс келді: **«Ей, Хабибім! Сенің құрметің мен қадірің менің дәргейімде өте жоғары, дұғаң қабыл болды. Көңілің алаң бомасын. Сені мақсатыңа жеткіздім. Саған көптеген күнәһарларды шапағатыңмен, сен жетеді дегенше кешіретін мақам** (дәреже) **беремін. Ей, Хабибім! Кімде-кім менің бұйрығымды орындаса, азап пен жазадан құтылады, рақымдылығыма қауышады. Жаннатта мені көру құрметіне ие болады. Саған және ұмметіңе күндіз бен түнде елу уақыт намаз парыз еттім».**

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сөзін жалғастырып былай деді: **«Ол мақамнан (кейін) Аршқа жеттім. Сәмәуаттан** (аспандардан) **өтіп, Мұса** (алейһиссаламның) **мақамына бардым. Маған: "Хақ та'ала саған және ұмметіңе нені парыз**

етті?" деді. Мен: "Күнде күндіз-түні елу уақыт намазды парыз етті" дедім. «Раббыңа қайтып барып, біраз жеңілдетуін сұра. Өйткені, ұмметің мұны көтере алмайды. Мен Исраил ұлдарын сынап көрдім" деді. Осыған орай Раббыма қайтып барып: "Йа, раббым! Ұмметіме (бұл бұйрықты) **біраз жеңілдете гөр" дедім. Осыдан кейін елу уақыттан тек бес уақытын ғана қысқартты. Мұса** (алейһиссаламға) **оралып: "Бес уақытын қысқартты" дедім. Ол: "Раббыңа қайтып барып, біраз жеңілдетуді сұра. Өйткені, ұмметің мұны да орындай алмайды" деді. Осылайша, Мұса** (алейһиссалам) **мен Аллаһу та'ала арасында бірнеше рет барып келдім. Ақырында Аллаһу та'ала: "Бұл намазды бес уақытқа түсірдім. Әр намаз үшін он сауап жазылады. Осы тұрғыдан елу намаз болады. Кімде-кім бір сауапқа ниеттеніп, бірақ орындай алмаса оған бір сауап жазылады. Орындаса бір іске он сауап жазылады. Бірақ, бір күнә істі ойлап, жасамаса ешнәрсе жазылмайды. Жасаса бір күнә болып жазылады" деп бұйырды. Сосын Мұса** (алейһиссаламға) **барып жағдайды айттым. Мұса алеһиссалам тағы да: "Барып тағы жеңілдетуін сұра" деді. Мен оған "Раббымнан көп нәрсе сұрағандықтан енді ұяламын" дедім.»**

Аллаһу та'ала осылайша Расулуллаһтың тартқан қиыншылықтарымен жараланған жүрегін жұбатты. Ешбір махлұқына бермеген, ешкімнің түсіне алмайтын, біле алмайтын нығметтерді оған ихсан етті.

Пайғамбарымыз бір сәтте Құдысқа, ол жерден Мекке Мүкәррамаға Үммү Ханидің үйіне келді. Жатқан жері әлі суымаған, шылапшындағы дәрет алған суы әлі қозғалып тұр еді. Сыртта жүрген Үммү Хани ұйықтап қалған болатын, сондықтан ешнәрсені сезбеді. Пайғамбарымыз Құдыстан Меккеге келе жатқанда Құрайыш керуенін көрді. Керуендегі бір түйе үркіп, құлаған болатын. Таң атқанда Қағбаға барып Миғражын айта бастады.

Кәпірлер «Мұхаммед ақылынан адасыпты» деп мазақ етті. Мұсылман болуды ойлап жүргендер де екі ойлы болып қалды. Мүшріктердің кейбірі қуанып, Әбу Бәкірдің үйіне барды. Өйткені, оның ақылды, тәжірибелі саудагер екенін жақсы білетін. Есікті ашып сыртқа шыққан хазреті Әбу Бәкірден: «Ей, Әбу Бәкір! Сен Құдысқа сан мәрте барып келдің. Жақсы білесің, Меккеден Құдысқа барып келуге қанша уақыт кетеді?»- деп сұрады. Хазреті Әбу Бәкір «Жақсы білемін, бір айдан көп уақыт кетеді»- деп жауап берді.

Бұл сөзге қуанған кәпірлер: «Ақылды, тәжірибелі адамның сөзі осындай болады»,- деді. Күліп, мазақ етіп: «Сенің мырзаң Құдысқа бір түнде барып келдім дейді, ақылынан әбден алжыды»,- деді. Ендігі хазреті Әбу Бәкір де өздерін қолдайды деген оймен оған сүйіспеншілік пен құрмет көрсетті.

Хазреті Әбу Бәкір Расулуллаһтың мүбәрәк есімін естіген кезде: «Егер ол айтса дұрыс! Бір сәтте барып келгеніне мен де сендім» деп ішке кіріп кетті. Кәпірлер: «Әй, Мұхаммед неткен сиқыршы едің, Әбу Бәкірді сиқырлап тастапты» деп кері қайтты.

Хазреті Әбу Бәкір дереу Расулуллаһтың жанына барды. Көп тобырдың ішінен дауыстап: «Йа, Расулаллаһ! Миғражыңыз құтты болсын! Бізді сіз сияқты ұлы пайғамбарға қызметші етумен абыройландырғаны және мүбәрәк жүзіңізді көрумен, көңілдерді алатын, рухтарды тартатын көркем сөздеріңізді естумен ниғметтендіргені үшін Аллаһу та'алаға шексіз шүкір етемін. Йа, Расулаллаһ! Сіздің сөзіңіздің барлығы рас! Сендім. Жаным сізге құрбан болсын!»,- деді. Хазреті Әбу Бәкірдің сөздері кәпірлерді таң қалдырды. Айтарға сөз таба алмай тарап кетті. Хазреті Әбу Бәкірдің бұл сөздері күмәнданып жүрген, иманы әлсіз біраз адамның жүрегіне қуат берді. Расулуллаһ сол күні хазреті Әбу Бәкірді «Сыддық» деп атады. Осы атты алумен оның дәрежесі тағы да көтерілді.

Бұл жағдайға қатты ашуланған кәпірлер, мүминдердің қуатты иманына, пайғамбарымыздың барлық сөзіне дереу сенетіндіктеріне, оның айналасында қолдап-қорғап жүретіндіктеріне шыдай алмады. Олар пайғамбарымызды ұялтып, жеңеміз деген оймен сынай бастады:

«Йа, Мұхаммед! Құдысқа бардым дейсің. Айтшы қане, мешіттің қанша есігі, қанша терезесі бар?» деген секілді сұрақтар қойды. Расулуллаһ алейһиссалам олардың әр сұрағына біртіндеп жауап берді. Пайғамбарымыз жауап беріп жатқанда хазреті Әбу Бәкір «Дәл солай, Йа Расулаллаһ» деп растап отырды. Алайда Расулуллаһ алейһиссалам өзінің әдептілігінен, ұяттылығынан алдындағы адамның бетіне де қарамайтын. Ол былай деді: **«Ақса мешітінде жан-жағыма қараған жоқ едім. Олардың сұраған нәрселерін көрген жоқ болатынмын. Сол сәтте Жәбрейіл** (алейһиссалам) **Ақса мешітін көз алдыма әкелді.** (Теледидар сияқты) **Терезелерін көріп, санап сұрақтарына жауап беріп отырдым.»** Пайғамбарымыз жолда түйелі жолаушыларды көргенін айтып: **«Құдай қаласа сәрсенбі күні келеді»**,- деді. Сәрсенбі күні күн батарда керуен Меккеге жетті.

Керуендегілерден сұрағанда олар дауыл соққандай болғанын, бір түйенің жығылғанын айтты. Бұл жағдай мұсылмандардың имандарын қуаттандырды. Кәпірлердің дұшпандығы арта түсті.

Хижреттен бір жыл бұрын Рәжәп айының 27-сі жұма күнінің түнінде болған бұл мұғжиза «Миғраж» деп аталады. Расулуллаһ миғражға рух және денесімен ояу халде шықты. Миғраж түнінде оған көптеген иланһи ақиқаттар көрсетілді және бес уақыт намаз осы түні парыз етілді. Бұдан бөлек Бақара сүресінің соңғы екі аяты ихсан етілді. Миғраж Құран кәрімде «Исра» және «Нәжм» сүресінде және кейбір хадис шәрифтерде білдірілген.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) миғраждан кейін сахабаларына жаннат туралы айтып отырып, былай деді: **«Йа Әбу Бәкір! Сенің зәулім сарайыңды көрдім. Қызыл алтыннан жасалған еді. Сен үшін дайындалған нығметтерге куә болдым.»** Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ): «Сол сараймен оның иесі сізге құрбан болсын, Йа Расулаллаһ»,- деді. Пайғамбарымыз хазреті Омарға бұрылып: **«Йа, Омар! Сенің зәулім сарайыңды көрдім. Жақұттан жасалған еді. Онда көп хурилер** (жаннат қыздары) **бар еді. Бірақ, ішіне кірмедім. Сенің қызғанышыңды ойладым»**,- деді. Хазреті Омар көп жылады. Көз жасымен: «Ата-анам, жаным сізге құрбан болсын, Йа Расулаллаһ, сізден қызғануға бола ма екен?»,- деді. Сосын хазреті Османға былай деді: **«Йа, Осман! Сені барлық көктен көрдім. Жаннатта зәулім сарайыңды көріп, сені ойладым.»** Хазреті Әлиге былай деді: **«Йа, Әли! Сенің бейнеңді төртінші қабат көктен көрдім. Жәбрейілден сұрағанымда, ол: "Йа, Расулаллаһ! Періштелер хазреті Әлиді көруге ынтызар болды. Хақ та'ала оның кейпінде бір періште жаратты. Ол періште төртінші көкте тұрады, өзге періштелер оған келіп берекеленеді" деді. Сосын сенің сарайыңа кірдім. Бір талдың жемісін иіскедім. Одан бір хури шықты, бетін пердемен жапты. "Сен кімсің және кімдікісің?" дедім. "Көкеңнің ұлы Әли үшін жаратылдым йа Расулаллаһ" деді.»**

Миғраж түнінің ертесіне Жәбрейіл алейһиссалам келіп, Расулуллаһқа бес уақыт намазды уақыттарымен өзі имам болып оқытты. Хадис шәрифте былай делінген: **«Жәбрейіл** (алейһиссалам) **Қағба есігінің жанында екі күн маған имам болды. Екеуміз** (фәжр) **таң атқанда бамдат намазын, күн төбеден ауғанда бесін намазын, барлық нәрсенің көлеңкесі өз бойымен бірдей болғанда екіндіні, күн батарда** (күннің үстіңгі бөлігі көзден таса болғанда)

ақшамды және қараңғы түскенде құптанды оқыдық. Екінші күні бамдат намазын дала жарық болған кезде, бесінді барлық нәрсенің көлеңкесі өз бойынан екі есе ұзарғанда, екіндіні осының артынша, ақшамды ораза бұзылғанда (ауыз ашатын уақытта)**, құптанды түннің үштен бірі болғанда оқыдық. Сосын "Йа, Мұхаммед! Сенің және өткен пайғамбарлардың намаз уақыттары – осы. Үмметің бес уақыт намаздың әр қайсысын осы оқыған екі уақыттың арасында оқысын." деді»**.

Намаз уақыттары осылай білдірілгеннен кейін Хабәшстанға да хабар жіберіліп, бес уақыт намаз оқулары және намаз парыз етілген кезден бастап осыған дейінгі оқылмаған намаздарды да қаза етіп оқулары білдірілді.

ХИЖРЕТ

Пайғамбарымыз жыл сайын Қағбаны зиярат етуге келген тайпаларды дінге шақырып, олардың тозақ отынан құтылып, мәңгілік бақытқа қауышулары үшін күш салып, әр түрлі зұлымдықпен азаптарға мойымастан, пайғамбарлық міндетін атқаруды жалғастырып жүрді. Тайпалардың, керуендердің қонған жеріне барып, келгендерге: **«Аллаһу та'аланың пайғамбарлық міндетін орындап болғанға дейін маған пана болып, дұшпандарымнан қорғап тұра алатын және көмек беретін кім бар?** (Осылайша) **оған жаннат берілсін»** дейтін, бірақ пана болатын да, жәрдем беретін де ешкім табылмайтын.

Пайғамбарлығының он бірінші жылы болатын. Жәрмеңкеде Қағбаны зиярат етуге келген Мәдина халқының бір тобын кездестірді. Олардан **«Сендер кімсіңдер?»** деп сұрағанда олар өздерінің мәдиналық Хазрәж тайпасынан екендіктерін айтты. Расулуллаһтың атасы Абдулмутталибтің анасы Селма ханым да Хазрәж тайпасының Нәжран ұлдарынан шыққан еді. Пайғамбарымыз Хазрәждік бұл алты адаммен біраз отырып, оларға «Ибраһим» сүресінің 32-52-ші аяттарын оқып беріп, Исламды түсіндірді. Оларды осы дінге кіруге шақырды. Тайпаларының көсемдерінен және Мәдинада тұратын яһудилерден жақында бір пайғамбардың келетінін естіген бұл адамдар Расулуллаһ оларды дінге шақырған кезде бір-біріне қарады. Сосын: «Яһудилер айтқан пайғамбар – осы» деп өз араларында сөйлесті.

Мәдинада Әус және Хазрәж тайпалары бұрыннан бері яһудилерге дұшпан болатын, мүмкіндік туа қалса, бір-біріне бас салатын. Мұсылмандықты яһудилерден бұрын қабылдап, Ислам дінімен абыройланса, олардан басым түсетіндіктеріне және оларды Мәдинадан шығарып тастай алатындықтарына сенетін. Сол себептен де олар дереу Расулуллаһтың алдында кәлима айтып, мұсылман болды. Пайғамбарымызға: «Йа, Расулаллаһ! Біз тайпамызды яһудилермен соғысатын жағдайда қалдырып кеттік. Аллаһу та'ала оларды да сіздің арқаңызда иман келтіретін жағдайға жеткізеді деп үміттенеміз. Біз бара сала оларды сіздің пайғамбарлығыңызды қабылдауға шақырамыз. Осы діннен қабылдаған нәрселерімізді оларға да түсіндіреміз. Егер Аллаһу та'ала оларды осы дінге біріктірсе, сізден артық, қадірлі және абыройлы адам болмас»,- деді.

Бұл алты адам шынайы сенген, Аллаһу та'аланың пайғамбарымызға айтқандарын шын жүректерімен қабыл етіп, растаған еді. Елдеріне қайтуға Расулуллаһтан рұқсат алып, жолға шығып кетті. Жаңадан мұсылман болған бұл алты адам Укбә бин Амир, Әсад бин Зурарә, Ауф бин Харис, Рафи бин Малик, Қутбә бин Амир, Жабир бин Абдуллаһ (радиаллаһу анһум) болатын.

Бірінші Ақаба анты және Мәдинадан туған күн

Мұсылман болған алты адам Мәдинаға, өз қауымдарының жанына барғаннан кейін Ислам мен пайғамбар туралы айтып, халықты Ислам дініне кіруге шақыра бастады. Бұл іске олар бар күштерін салғаны соншалық, Мәдинада пайғамбарымыз бен Ислам туралы айтылмаған бір де бір үй қалмады. Осылайша, Ислам Хазрәж тайпасы арасында таралғанындай, Әус тайпасынан да біраз адамдар мұсылмандықты қабылдады.

Ақабадағы осы кездесуден кейін келесі жылы Әсад бин Зурарә мен оның Исламды қабылдаған он екі досы қажылық маусымында Меккеге барды. Ол жылы мүшріктер мұсылмандарға өткен жылдардағыдан да қатты қысым жасап, жапа шектіріп жатқан еді. Расулуллаһ алейһиссаламды әрдайым бақылап жүріп, онымен сөйлескен адамдарды ұрып-соғатын. Мұны естіген мәдиналықтар пайғамбарымызбен түнде Ақабада кездесуге келісті. Олар түнде кездесті. Пайғамбарымызға бағынатындықтарын білдіріп, барлық бұйрықтарын орындайтындықтарына серт берді. Бұл келісімде

Аллаһу та’алаға серік қоспайтындықтарына, зинақорлық жасамайтындықтарына, ұрлық жасамайтындықтарына, жала жабудан сақтанатындықтарына айыпталудан қорқып және ризық жетпейді деп балаларын өлтірмейтіндіктеріне міндеттелді. Екеуі Әус тайпасының, қалғандары Хазрәж тайпасының адамдары болған осы он екі адамның басшысы Әсад бин Зурарә (радиаллаһу анһ) еді. Пайғамбарымыз осы он екі адамды өз тайпаларына елші етті. Олар тайпаларына Исламды түсіндіріп, олардың атынан Расулуллаһқа кепіл болатын еді. Әсад бин Зурарә (радиаллаһу анһ) бәрінің атынан өкіл болып сайланды. Алғашқы Ақаба сертіне қатысқандар: Малик бин Нәжжар ұлдарынан Әсад бин Зурарә, Ауф бин Харис, Муаз бин Харис, Зурәйк бин Амир ұлдарынан Рафи бин Малик, Зәкуан бин Абдиқайс, Ғанм бин Ауф ұлдарынан Убадә бин Самит, Ғусайна ұлдарынан Язид бин Саләбә, Ажлан бин Зәйд ұлдарынан Аббас бин Убадә, Харам бин Ка’б ұлдарынан Уқбә бин Амир, Сәуад бин Ғанм ұлдарынан Қутбә бин Амир, Абдуләшхәл бин Жушәм ұлдарынан Әбул-Хәйсәм Малик бин Тәйихан және Амр бин Ауф ұлдарынан Уәйм бин Саидә.

Осы келісімнен кейін Мәдинаға қайтқан хазреті Әсад пен оның жолдастары тайпаларына күндіз-түні Исламды түсіндіріп, оларды хақ дінге шақырды. Осы дағуаттардың нәтижесінде Ислам Мәдинада жылдам тарала бастағаны соншалық, бұрын бір-біріне қас дұшпан болған Әус және Хазрәж тайпалары бірігіп, Исламды терең меңгеру үшін Расулуллаһтан бір (үйретуші) мұғалім сұрады. Расулуллаһ саллаллаһу алейһи уә сәлләм Құран кәрім мен Исламды үйретуі үшін Меккедегі сахабаларынан хазреті Мусаб бин Умәйрді ұстаз ретінде Мәдинаға жіберді. Хазреті Мусаб (радиаллаһу анһ) хазреті Әсад бин Зурарәның үйінде тұрды. Онымен бірге үй-үйді аралап, барлық адамды Исламға шақырды. Расулуллаһқа деген сүйіспеншілікті және оны барлық дұшпандарынан қорғауға бар күштерін салуға сөз берулерін сұрады. Оларды Расулуллаһқа ант беру ісіне дайындады.

Әсад бин Зурарәнің тайпасының басшысы Са’д бин Муаз болатын, ол екеуі туысқан еді. Ол кезде арабтар арасында туысқанға қарсы келмеу әдет болғандықтан әлі иман келтірмеген Са’д бин Муаз Әсад бин Зурарәнің үйіне барып, бұл іске тосқауыл болуға тырыспады. Бір тайпаның басшысы ретінде бұл істі тікелей өзі шешуге кіріскісі келмеді. Сондықтан тайпасының алдыңғы қатарлыларының бірі болған Усәйд бин Худайрға: «Меккеден келген адамды көріп кел, оған не істесең істе. Әсад менің бөлем болмағанда бұл істі саған тапсырмас

едім»,- деді. Осыған орай Усәйд бин Худайр найзасын алып, Мусаб бин Умәйр жататын үйге барды. Ол жерге барып дауыс көтеріп «Бізге не үшін келдің? Адамдарды алдап жүрсің. Өлгің келмесе бұл жерден тез арада кет»,- деді. Оның бұл ашулы түрін көрген Мусаб бин Умәйр (радиаллаһу анһ) оған: «Біраз отыр, сөзімізді тыңда. Мақсатымызды түсін, ұнатсаң қабылдарсың. Ұнамаса тосқауыл қоярсың...» деп, жылы сөздер айтты. Усәйдтің сабасы басылып: «Дұрыс айтасың»,- деді де найзасын жерге қойып, отырды. Ол хазреті Мусабтың жылы сөздері мен адамның жүрегіне әсер ететін жағымды дауысымен оқыған Құран кәрімнің аяттарын тыңдады. «Бұл қандай керемет нәрсе!» дегенін өзі де сезбей қалды. Сосын: «Бұл дінге кіру үшін не істеу керек?»- деп сұрады. Оған не істеу керектігі түсіндірілді. Усәйд бин Худайр (радиаллаһу анһ) шаһадат кәлимасын айтып, мұсылман болды. Қуанып, бір орында тұра алмаған хазреті Усәйд: «Мен барып сендерге біреуді жіберейін. Егер ол мұсылман болса, Мәдинада оның тайпасынан иман келтірмеген ешкім қалмайды...» деп дереу орнынан тұрып кетті. Тікелей Са’д бин Муазға барды. Са’д бин Муаз оны көргенде: «Ант етемін, Усәйд бұл жерден кеткен қалпында келе жатқан жоқ»,- деді. Сосын: «Не істедің, Йа Усәйд?»- деп сұрады. Хазреті Усәйд бин Худайр Са’д бин Муаздың мұсылман болуын қатты қалағандықтан: «Әлгі адаммен (Мусаб бин Умәйрмен) сөйлестім, олардың ешбір жамандығын көрмедім. Тек, Бәни Хариса ұлдары бөлең Әсадтың осындай адамды үйінде тұрғызып жатқанына күмәнданып, оны өлтіруге күш салғанын естідік»,- деді. Бұл сөз Са’д бин Муазға қатты тиді. Өйткені, бірнеше жыл бұрын болған бір соғыста Бәни Хариса ұлдарын жеңіп, оларды Хайбәрге барып тығылуға мәжбүр еткен еді. Бір жылдан кейін кешіріп, еліне қайтуларына рұқсат берген болатын. Осыған қарамастан олардың менмендікке салынып, осындай әрекетке барып отырғандары Са’д бин Муазды қатты ашуландырды. Бірақ, шындығында мұндай ештеңе болған жоқ еді. Усәйд бин Худайр осындай айланы қолдана отырып, Са’д бин Муаздың нағашы әпкесі мен бөлесі Әсад бин Зурарәге, одан соң Мусаб бин Умәйрге зиян келтіруін тежегісі келген еді. Осылайша, олардың жағына өтуіне және мұсылман болуына жағдай дайындады.

Са’д бин Муаз Усәйд бин Худайрдың (радиаллаһу анһ) осы сөздерінен кейін орнынан ұшып тұрып, хазреті Әсад бин Зурарәға барды. Ол жерге барған кезінде Әсад пен Мусаб бин Умәйрдің (радиаллаһу анһум) тыныштықта сұхбаттасып отырғанын көрді.

Жандарына барып: «Ей, Әсад! Арамызда туыстық болмағанда сен бұларды жасай алмас едің!...»,- деді. Бұл сөздерге хазреті Мусаб бин Умәйр жауап беріп «Ей, Са'д! Сәл тоқтай тұр, отырып, бізді тыңда. Сөзіміз ұнаса аларсың, ұнамаса біз саған мұны ұсынбаймыз. Тұрып кете бересің»,- деді. Са'д бин Муаз мұндай жұмсақ, жылы сөздерден кейін екпінін басып, отырып тыңдай бастады.

Мусаб бин Умәйр хазреттері Са'д бин Муазға алдымен Исламды түсіндірді. Исламның негіздерін айтты. Сосын жылы, әсем даусымен біраз Құран кәрім оқыды. Оқыған сайын Са'д бин Муаздың халі өзгеріп сала берді. Құран кәрімнің теңдессіз сөз шеберлігінен жүрегі елжіреп, үлкен әсерде қалды. Өзін ұстай алмай: «Сендер бұл дінге кіру үшін не істейсіңдер?»- деп сұрады. Мусаб бин Умәйр (радиаллаһу анһ) дереу шаһадат кәлимасын үйретті. Са'д бин Муаз: «Әшһәду ан лә илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһү уә Расулуһ» деп мұсылман болды. Ол мұсылман болу арқылы алған бақыты мен қуанышынан алып-ұшып бір орында тұра алмады. Дереу үйіне барып, үйренгені бойынша бой дәретін алды. Сосын тайпасының жиналуына бұйрық берді. Усәйд бин Худайрды ертіп, халқының жиналған жеріне барды. Абдуләшхәл ұлдарына қарап: «Ей, Абдуләшхәл ұлдары! Сендер мені кім деп білесіңдер?» деп дауыстады. Олар бір ауыздан: «Сен біздің басшымызсың, үлкенімізсің, біз саған бағынамыз»- деп жауап берді. Са'д бин Муаз осы сөзден кейін: «Олай болса бәріңе айтамын. Мен мұсылман болу құрметіне ие болдым. Сендердің де Аллаһу та'алаға және оның елшісіне иман келтірулеріңді қалаймын. Егер иман келтірмесеңдер сендердің ешқайсыларыңмен сөйлеспеймін де, көріспеймін де...»,- деді.

Абдуләшхәл ұлдары басшылары Са'д бин Муаздың мұсылман болғанын және өздерін Исламға шақырғанын есті сала барлығы мұсылмандықты қабылдады. Сол күні олар кешке дейін Мәдинаның аспанын шаһадат кәлимасымен және тәкбірмен жаңғыртты. Осы оқиғадан біраз уақыттан соң бүкіл Мәдина халқы, Әус және Хазрәж тайпалары Исламды қабылдады. Әрбір үйге Исламның нұры төгілді. Са'д бин Муаз бен Усәйд бин Худайр (радиаллаһу анһум) тайпаларының барлық пұттарын қиратты. Бұл хабар сүйікті пайғамбарымызға саллаллаһу алейһи уәсәлләм жеткенде, ол қатты қуанды. Меккелік мұсылмандар қуанышты еді. Осы себептен ол жыл (м.621) «сәнәтус-сурур» (қуанышты жыл) деп аталды.

Екінші Ақаба анты

Расулуллаһ алейһиссаламның пайғамбарлық міндетін атқарғанына 13 жыл болған еді. Меккелік мүшріктердің мұсылмандарға жасаған зұлымдығы шектен шығып, шыдау мүмкін емес жағдайға келген-ді. Мәдинада болса Әсад бин Зурарә мен Мусаб бин Умәйрдің (радиаллаһу анһума) қызметтерінің арқасында Әус және Хазрәж тайпалары мұсылмандарға құшақ жайып, оларды бауырына басып барлық көмекті көрсететіндей дәрежеде сүйіспеншілік пен ынтада еді. Пайғамбарымыздың да тезірек Мәдинаға көшуін сұрап, ол үшін мал-жандарын құрбан ететіндіктеріне сөз беруде еді. Қажылық маусымы келген болатын. Мусаб бин Умәйрмен бірге мәдиналық 73 еркек және 2 әйел мұсылмандар Меккеге келді. Қажылықтан кейін барлығы тағы да Ақабада пайғамбарымызбен кездесті. Әсад бин Зурарә мен оның 12 өкілі, тайпаларының атынан пайғамбарымыздың Мәдинаға көшуін ұсынды. Расулуллаһ оларға Құран кәрімнен біраз аяттар оқығаннан кейін өз жандарын, өз бала-шағаларын қалай қорғаса, оны да солай қорғайтынына олардан уәде талап етті.

Әлі мұсылман болмаған Расулуллаһтың көкесі Аббас та сол жерде болатын. Ол топқа қарап: «Ей, мәдиналықтар! Бұл – бауырымның ұлы. Адамдардың ішіндегі ең жақсы көретінім де сол. Егер оны растап, Аллаһтан әкелгендеріне сеніп, өздеріңмен бірге алып кеткілерің келсе, мені қанағаттандыратындай сөз берулерің керек. Мұхаммед алейһиссалам біздің адамымыз. Біз оны оған сенбейтін адамдардан қорғадық. Ол біздің арамызда адамгершілігімен, абыройымен қолдау көріп келеді. Ол осылардың барлығына қарамастан сендерге қосылып кетуге шешім қабылдады. Егер бүкіл араб тайпалары бірігіп сендерге шабуыл жасағанда оларға қарсы тұра алатындай күшке ие болсаңдар ғана бұл іске кірісіңдер. Бұл жайлы араларыңда жақсылап келісіп алыңдар, кейін бір-біріңнен бөлініп кетіп жүрмеңдер. Берген сөздеріңде тұрып, оны дұшпандарыңнан қорғай аласыңдар ма? Қорғай алсаңдар жақсы. Жоқ, Меккеден шыққаннан кейін оны жалғыз қалдыратын болсаңдар, қазірден бас тартыңдар, ол өз елінде абыройымен қорғалған түрде өмір сүрсін»,- деді.

Хазреті Аббастың бұл сөзіне мәдиналық мұсылмандар ренжіді. Оның сөздері мәдиналықтарға Расулуллаһты (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) елдеріне алып барып, мүшріктерден қорғай алмайтындай,

қиналған кезде оны тастап кететіндей болып тиді. Мәдиналық сахаба Әсад бин Зурарә пайғамбарымызға қарап: «Йа, Расулаллаh! Рұқсат етсеңіз бір ауыз сөзім бар»,- деді. Пайғамбарымыз рұқсат бергеннен кейін хазреті Әсад (радиаллаhу анh): «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаh! Әр дағуаттың жұмсақ және қатты әдісі бар. Қазір сіз бізді адамдардың қабылдауы қиын нәрсеге шақырып тұрсыз. Өйткені, адамдардың бұрыннан табынып келе жатқан пұттарын тастап, Исламды қабылдауы өте қиын нәрсе. Осыған қарамастан біз Исламды шын көңілімізбен қабылдадық. Және де мүшрік туыстарымызбен байланысты үзуді бұйырдыңыз, шын ниетпен оны да қабылдадық. Мұны қабылдау да қиын екенін білесіз. Тіпті көкелеріңіз сізбен қатынасын тоқтатқанда, біз құшақ жайып, сізді қорғаудай мәртебелі міндетті өз мойнымызға міндет деп білдік. Бәріміз берген сөзімізде келістік. Аузымызбен не айтқан болсақ, сол айтқанымызды жүрегімізбен растаудамыз. Өз бала-шағамызды қалай қорғасақ, сізді де қасық қанымыз қалғанша қорғауға ант береміз. Егер бұл антымызды бұзсақ, Аллаhу та’алаға берген сөзімізде тұрмай шақилер (тозақтықтар) тобына кірген болайық. Йа, Расулаллаh! Біз осы сөзімізге берікпіз, сөзімізде тұрамыз. Аллаhу та’ала ісімізді оңғарсын»,- деді. Содан соң «Йа, Расулаллаh! Бізден өзіңіз үшін не қалайтыныңызды айтып, шарт қоя аласыз» деп жалғастырды. Пайғамбарымыз оларды Исламға үндеді. Құран кәрім оқыды. **«Сендерге Раббым үшін қояр шартым Аллаhу та’алаға ғибадат етулерің және еш нәрсені оған серік етіп қоспауларың, өзім және сахабаларым үшін қоятын шартым бізді паналатуларың, маған және сахабаларыма көмекші болуларың, өздерің қорғанған нәрселерден бізді де қорғауларың»**,- деді.

Бәра бин Марур: «Сізді хақ дін және кітаппен пайғамбар етіп жіберген Аллаhу та’алаға ант етемін, бала-шағамызды қорғағанымыздай сізді де қорғаймыз. Бізбен серттесіңіз, йа Расулаллаh!»- деді.

Мәдиналық мұсылмандардан Аббас бин Убадә (радиаллаhу анh) пайғамбарымызбен жасалған келісімді нығайту үшін жолдастарына «Ей, хазрәждіктер! Мұхаммед алейhиссаламды не үшін қабылдағандықтарыңды білесіңдер ме?»,- деді. Олар «Иә»- деп жауап берді. «Сендер оны бейбіт уақытта да, соғыс кезінде де қабылдап, оған бағынасыңдар. Егер малдарыңа бір зиян келіп, туыстарың қырылса, пайғамбарымызды жалғыз тастайтын болсаңдар, қазірден

айтыңдар. Егер бұлай жасайтын болсаңдар дүние мен ахиретте құрисыңдар. Егер малдарың кетіп, туыстарың өлтірілсе де оған бағынатын болсаңдар бұл осы дүниелерің мен ахиреттерің үшін қайырлы» дегенде жолдастары «Біз пайғамбарымыздан малымызға зиян келсе де, туыстарымыз өлтірілсе де бас тартпаймыз. Одан ешқашан айрылмаймыз. Өлу бар, бірақ сөзден таю жоқ» десті. Сосын пайғамбарымызға қарап: «Йа, Расулаллаh! Біз осы антымызды орындасақ бізге не беріледі?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз сонда **«Аллаhу та’аланың разылығы мен жұмақ бар»**,- деді. Олардың барлығы тайпасының өкілі ретінде уәде берді. Алдымен хазреті Әсад бин Зурарә «Мен Аллаhу та’алаға және Оның расулына берген сөзімде тұруға, жаныммен, мал-мүлкіммен оған көмектесу туралы уәдемді орындауға ант беремін» деп қол алысты. Одан кейін барлығы осылайша ант беріп, «Аллаhу та’аланың және расулының шақыруын қабылдадық, тыңдадық және мойынсұндық» деп ризалықтарын, бағынатындықтарын білдірді. Осылайша, Расулуллаh үшін мал-жандарын пида ететіндіктерін білдірді. Әйелдер ауызша ант берді.

Пайғамбарымыз (саллаллаhу алейhи уә сәлләм) **Аллаhу та’алаға еш нәрсені серік етіп қоспау, ұрлық, жала және зинақорлық жасамау, балаларын өлтірмеу, өтірік айтпау, жақсы істерге қарсы келмеу** мәселелерінде олардың уәдесін алды.

Мәдиналықтар пайғамбарымызға ант берген уақытта Ақаба төбесінен «Ей, Мина тұрғындары! Пайғамбар мен мәдиналық мұсылмандар сендермен соғысу үшін келісті» деген дауыс келді. Пайғамбарымыз **«Бұл - Ақабаның шайтаны»** деп, **«Ей, Аллаhу та’аланың дұшпаны! Сені жеңермін»**,- деді. Ант берген мәдиналықтарға **«Сендер қонатын жерлеріңе барыңдар»**,- деді. Аббас бин Убадә «Йа, Расулаллаh! Ант етемін, қаласаңыз ертең Минадағы кәпірлерге шабуыл жасап, оларды қырып саламыз»,- деді. Пайғамбарымыз ризалық білдірді, бірақ **«Бізге бұлай әрекет жасауға әлі бұйрық келген жоқ. Қазір орындарыңа қайтыңдар»**,- деді.

Имам Нәсаидің Абдуллаh ибн Аббастан алған риуаяты бойынша ансардың ішінен Ақаба антында болғандары Расулуллаhтың қасына келу арқылы Мұхажирлердің қатарынан саналатын болды.

Хижрет

Соңғы Ақаба анты арқылы Мәдина мұсылмандардың бейбіт өмір сүретін жеріне айналған еді. Екінші Ақаба анты туралы естіген меккелік мүшріктердің кектері күшейіп, қауіп тудыра бастады. Мұсылмандар үшін Меккеде тұру мүмкін емес жағдайға жеткенінен пайғамбарымызға (алейһиссалам) жағдайларын айтып, көшуге рұқсат сұрады. Бір күні пайғамбарымыз қуанышты көңіл-күймен сахабаларға (радиаллаһу анһум) барып **«Сендердің көшетін жерлерің маған білдірілді. Ол – Йәсриб (Мәдина). Сол жаққа көшіңдер. Сол жерде мұсылман бауырларыңмен бірігіңдер. Аллаһу та'ала оларды сендерге бауыр, ал Йәсрибті сендер үшін қауіпсіз мекен етті»**,- деді. Расулуллаһтың рұқсаты мен ұсынысы бойынша мұсылмандар Мәдинаға топтасып көше бастады. Пайғамбарымыз көшкендерге өте мұқият болуды қайта-қайта ескертіп отырды. Мұсылмандар мүшріктердің назарын өздеріне аудармау үшін шағын топ болып жолға шығып, мүмкіндігінше жасырын әрекет жасады. Мәдинаға алғаш болып көшкен Әбу Сәләмә мүшріктерден көп азап көрген болатын. Бұл істі байқап қалған мүшріктер жолға шыққан мұсылмандарды жолдарынан адастыруға, әйелдерін күйеулерінен бөлуге, күші жеткендерін қамауға тырысып, түрлі қастандықтар жасады. Оларды діндерінен шығару үшін қолдарынан келген жамандықтың бәрін істеп бақты. Алайда, ішкі соғыстың туындап кетуінен қорқып, оларды өлтіруге батылдары жетпеді. Ал, мұсылмандар болса осыған қарамастан барлық мүмкіндікті пайдаланып, Мәдинаға қарай жолға шықты.

Хазреті Омар да бір күні қылышын асынды. Оқтары мен найзасын алып, барлық адамның көзінше Қағбаны жеті рет тауап етті. Сол жердегі мүшріктерге айқайлап былай деді: «Мен дінімді қорғау үшін Аллаһу та'ала разылығын көздеп көшіп барамын. Әйелін жесір, балаларын жетім қалдырғысы келетін, анасын жылатқысы келетін адам бар болса, алдыма шықсын».

Осылайша, хазреті Омармен бірге жиырма шақты мұсылман күндіз еш тартынбастан Мәдинаға қарай жолға шығады. Одан қорқып, оларға ешкім тиісе алмады. Осыдан кейін көштер жалғасып, сахабалар топтасып Мәдинаға қарай ағыла бастады.

Осы кезде хазреті Әбу Бәкір де көшуге рұқсат сұрады. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) **«Сабыр ет. Аллаһу та'ала маған да рұқсат береді деп үміттенемін. Бірге көшеміз»**,- деді. Хазреті Әбу Бәкір «Ата-анам сізге құрбан болсын. Мұндай мүмкіндік бар ма?» деп сұрағанда Пайғамбарымыз «Иә, бар»,- деді. Хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) сегіз жүз дирхам беріп, екі түйе сатып алып, сол күнді күтіп жүрді. Меккеде тек пайғамбарымыз, хазреті Әбу Бәкір, хазреті Әли, кедейлер, аурулар, қарттар мен мүшріктер қамауға алған мүминдер ғана қалған еді.

Арғы жақтан мәдиналықтар (ансарлар) көшіп келген меккеліктерді (мұхажирлерді) жақсылап күтіп алып, қонақ етті. Араларында күшті бірлік, бауырмашылдық орнады.

Расулуллаһ та көшіп, Мәдинадағы мұсылмандардың басына өтетін болса, бір қала толығымен мұсылмандардың билігіне қалады деген оймен меккелік мүшріктер қауіптене бастады. Маңызды істерді шешуге жиналатын Дар-ун Нәдуәде жиналып, не істейтіндіктерін ақылдасты. Шайтан "Шәйхи Нәжди" кейпінде, яғни Нәждтік қарияның кейпіне еніп, мүшріктердің жиындарына барған еді. Олардың сөздерін, ұсыныстарын тыңдады. Жиында әр түрлі ұсыныстар айтылды. Бірақ, еш қайсысы қолдау таппады. Мүшріктер не істерін, не айтарын білмей отырғанда шайтан сөзге араласып, «Айтып отырғандарыңның ешқайсысы жарамайды. Өйткені, оның жылы жүзі мен жылы сөзі барлық шараны бұзады. Басқа шара ойластырыңдар» деп, өзінің пікірін айтты. Құрайыш басшысы болған Әбу Жәһл «Әр тайпадан бір-бір батыр жігіт таңдап алайық. Олар құралданып, Мұхаммедке бірдей жабылып, оның қанын төксін. Осылайша оның өлімі белгілі бір тайпаның не адамның мойнында қалмайды. Кім өлтіргенін біле алмағандықтан оның қауымы ешқайсымызға қарсы қылыш оқтала алмай, қаны үшін тек құн төлеткізуден ары өте алмайды. Біз оларға құн төлеп, бұл қиыншылықтан оңай ғана құтыламыз»,- деді. Бұл пікір шайтанға да ұнап, осыны қолдады.

Мүшріктер осы іске дайындалып жатқанда Аллаһу та'ала Расулына көшу бұйрығын берді. Жәбрейіл алейһиссалам келіп, мүшріктердің ойлап қойған қастандықтарын хабарлап, сол түні төсегіне жатпауын ескертті. Пайғамбарымыз хазреті Әлиге өзінің төсегіне жатуды, қалдырған аманаттарды иелеріне жеткізіп беруін сұрап, **«Бүгін түнде менің төсегіме жат, менің шапанымды жамыл. Қорықпа, саған ешқандай зиян келмейді»**- дейді. Хазреті Әли пайғамбарымыздың айтқанындай жатады. Ол пайғамбарымыз үшін өз жанын құрбан етуге даяр еді.

Сол түні мүшріктер Расулуллаһтың үйінің айналасын қоршады. Пайғамбарымыз үйінен шығып, «Ясин» сүресінің басындағы он аятты оқыды да бір уыс топырақ алып, кәпірлердің басына шашты. Басына осы топырақтан тиген мүшріктердің барлығының кейіннен Бәдір соғысында иттей өлім тапқаны туралы риуаят етілген. Пайғамбарымыз аман-сау олардың араларынан өтіп, хазреті Әбу Бәкірдің үйіне барды. Мүшріктердің ешқайсысы оны көрмеген еді.

Біраз уақыттан соң мүшріктерге бір адам барып, «Бұл жерде не күтіп тұрсыңдар?» деп сұрағанда олар «Мұхаммедтің үйінен шығуын күтіп отырмыз» деп жауап береді. Ол адам «Ант етемін, Мұхаммед араларыңнан өтіп кетті. Бастарыңа да топырақ шашты»,- деді. Мүшріктер бастарын ұстап көріп, шынында да топырақ бар екенін көрді. Дереу есікті ашып, ішке кіргенде хазреті Әлиді Расулуллаһтың төсегінен көріп, пайғамбарымыздың қайда екенін сұрады. Хазреті Әли «Білмеймін, маған оны күзеттіріп қойып па едіңдер?»,- деді. Олар хазреті Әлиді жұлқылады. Қағбаның жанында біраз қамауда ұстап, кейіннен босатып жіберді. Кәпірлер сыртқа шығып жан-жақтан пайғамбарымызды іздей бастады.

Әуелі хазреті Әбу Бәкірдің үйіне барып, оның қызы Әсмадан (радиаллаһу анһа) сұрады. Жауап бермеген соң оны ұрып-соқты. Меккеде іздемеген жерлері, кірмеген үйлері қалмаған кәпірлер оны таба алмай ызаға булықты. Көсемдері болған Әбу Жәһл Мекке мен оның маңайына хабаршылар жіберіп, пайғамбарымыз бен Әбу Бәкірді тауып әкелгендерге немесе қайда екенін айтқандарға 100 түйе беретінін жариялады. Оның бұл сөзін естіген кейбір дүниеқұмарлар қаруланып, аттарына мініп, іздеу үшін жолға шықты.

Пайғамбарымыз хазреті Әбу Бәкірдің үйіне барып, **«Хижрет етуіме** (көшуіме) **рұқсат берілді»** деген кезде хазреті Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) толқып «Аяғыңыздың шаңын бетіме сүртейін, йа Расулаллаһ! Мен де сізбен біргемін бе?»- деп сұрады. Пайғамбарымыздан **«Иә»** деген жауапты естіген хазреті Сыддық қуаныштан жылап жіберді. «Ата-анам сізге құрбан болсын. Түйелер дайын. Қайсысын қаласаңыз соны мініңіз»,- деді. Пайғамбарымыз «Өзімдікі болмайынша мінбеймін, тек ақшасына сатып аламын»,- деді. Мұндай нақты бұйрыққа бағынуға мәжбүр болған хазреті Сыддық түйенің бағасын айтты.

Хазреті Әбу Бәкір Абдуллаһ бин Урәйқит деген жол көрсетушілігімен танылған адамды шақырып, оны жол көрсетуге

жалдап, түйелерді үш күннен кейін Сәур тауындағы үңгірге әкелуін сұрады. «Сафар» айының 27-сіне бейсенбі күні пайғамбарымыз бен Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) біраз азық алып, жолға шықты. Хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) жолға шыға салып Пайғамбарымыздың айналасынан айналып жүре бастады. Пайғамбарымыз неге бұлай ететінін сұрағанда «Айналадан келетін қауіптің алдын алу үшін. Бір зарар келетін болса, алдымен маған келсін. Жаным сіз үшін құрбан болсын, йа Расулаллаһ!»,- деді. Пайғамбарымыз **«Йа, Әбу Бәкір! Басыма келетін қиыншылықтың маған емес өзіңе келуін қалайсың ба?»** деп сұрағанда Әбу Бәкір «Иә, Сізді хақ дінмен пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етейін, келетін қиындықтың сізге емес, маған келуін қалаймын»,- деді.

Пайғамбарымыздың аяқ киімі тар болғандықтан жолда жыртылып, аяқтары жараланды, жүретіндей шамасы қалмады. Зорға дегенде тауға шығып, үңгірдің ауызына жетіп барды. Енді кірмекші болғанда хазреті Әбу Бәкір «Аллаһ үшін ішке кірмеңіз. Мен кірейін, ол жақта зиянды нәрсе бар болса маған тисін» деп ішке кірді. Ішті сыпырып тазалады. Оң жағында, сол жағында ірі-ұсақты тесіктер бар еді. Шапанын жыртып, тесіктерді бітеді, бірақ біреуін жабуға мата жетпей ашық қалды. Хазреті Сыддық ол тесікті өкшесімен жауып, әлемдердің сұлтаны болған пайғамбарымызды ішке шақырды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ішке кіріп, басын Әбу Бәкірдің тізесіне қойып ұйықтады. Сол кезде хазреті Әбу Бәкірдің аяғын жылан шағып алды. Пайғамбарымыз оянып кетпесін деп қозғалмай отыра береді. Бірақ, көзінің жасы пайғамбарымыздың бетіне тамған кезде **«Не болды, Әбу Бәкір?»-** деп сұрады.

Хазреті Әбу Бәкір «Аяғыммен бітеген тесіктен бір жылан аяғымды шағып алды»,- деді. Пайғамбарымыз Әбу Бәкірдің жарасына түкірігін жаққан кезде ауырғаны басылып, жазылып кетті.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мен Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) іште болған кезде мүшріктер іздеріне түсіп, үңгірдің алдына дейін келеді. Үңгірдің аузына өрмекшінің тор салғанын және екі көгершіннің ұя салғанын көріп, Күрз бин Алқамә «Осы жерден із үзілді»,- деді. Кәпірлер «Егер олар мұнда кірген болса өрмекшінің торы жыртылуы керек еді» дейді.

Кейбірлері «Осы жерге дейін келдік, үңгірге бір адам кіріп көріп шықсын» дегенде Үмәййә бин Халәф «Сендерде ақыл бар ма?

Ант етейін, бұл өрмекші бұл торды Мұхаммед туылмастан бұрын өрген»,- деді. Мүшріктер есіктің аузында тартысып тұрғанда хазреті Әбу Бәкір іште отырып «Йа, Расулуллаһ! Өзім үшін қорықпаймын, сізге бірдеңе бола ма деп қорқамын. Мені өлтірсе бір ғана адаммын, ештеңе өзгермейді. Сізге бір зиян келетін болса бүкіл үммет құриды, дін құлайды»,- деді. Пайғамбарымыз **«Йа, Әбу Бәкір! Қорқпа. Күмәнсіз, Аллаһу та'ала бізбен бірге»**,- деді. Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ): «Йа, Расулаллаһ! Сіз үшін жаным пида. Олардың бірі еңкейіп қараса бізді көреді» дегенде пайғамбарымыз **«Йа, Әбу Бәкір! Мұнда сондай екі адам бар, ал олардың үшіншісі Аллаһу та'ала. Уайымдама, Хақ та'ала бізбенен бірге»**,- деді. Мүшріктер сыртта өзара сөйлесіп, ішке қарамай кері қайтты.

Аллаһу та'ала бұл туралы Құран кәрімде былай дейді: **«Егер сендер оған** (сүйікті құлыма) **көмектеспесеңдер** (сол уақытты естеріңе түсіріңдер) **кәпірлер оны** (Меккеден) **екі адамның екіншісі ретінде** (хазреті Әбу Бәкірмен бірге) **шығарғанында** (Сәур тауының төбесіндегі) **үңгірде отырғанда Аллаһу та'ала оған** (расулуллаһқа) **көмектесті. Сол кезде жолдасына** (Әбу Бәкір Сыддыққа): **«Мұңайма, Аллаһу та'аланың көмегі бізбенен» деген болатын. Аллаһу та'ала оған тыныштығын жіберіп, оны сендер көрмейтін** (рухани) **әскерлермен күшейтті, кәпірлердің** (күпірлік) **сөзін төмендетті. Аллаһу та'аланың** (тәуһид) **сөзі ұлы сөз. Аллаһу та'ала нағыз жеңімпаз. Жалғыз ғана билік пен даналық иесі».** («Тәуба» сүресі, 40)

Пайғамбарымыз бен хазреті Әбу Бәкір осы үңгірде үш күн болды. Хазреті Әбу Бәкірдің ұлы Абдуллаһ Меккеден естігендерін түнде үңгірге келіп айтып тұрды, ал азат құлы және шопаны Амир бин Фухәйра (радиаллаһу анһ) түнде сүт әкеліп, ізін өшіріп кететін.

Сәур үңгірінен төртінші күні шыққан пайғамбарымыз Қусуа деген түйесіне мініп, жолға түсті. Басқа бір риуаят бойынша хазреті Әбу Бәкірді мінгестіріп, ал екінші түйеге Амир бин Фухәйра мен жолды жақсы білетін Абдуллаһ бин Урәйқит мінді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһу та'ала мадақтаған, ең жақсы аймақ болған Меккені, отанын шарасыз тәрк етіп, тастап бара жатқан еді. Түйесін Харам мешітіне (Қағбаға) қаратып, қайғылы күйде **«Уаллаһи! Сен Аллаһу та'ала жаратқан жерлердің ең жақсысысың, Раббымның алдында ең қалаулысың. Сенен мені шығармағанда мен кетпес едім. Маған сенен артық жер жоқ. Қауымым мені сенен шығармағанда сенен кетпес, сенен басқа жерді паналамас едім»-** деді.

Сол сәтте Жәбрейіл алейһиссалам түсіп, «Йа, Расулаллаһ! Отаныңды сағындың ба?»,- деді. Пайғамбарымыз **«Иә, сағындым»**,- деді. Жәбрейіл алейһиссалам Меккеге қайтатынын сүйіншілеген «Қасас» сүресінің 85-ші аятын оқып, оны жұбатты.

Ұлы сапар тыныш жалғасын тапты. Мүшріктер қаншама күш салып іздесе де бұл құтты жолаушылардың ізіне түсе алмады. Хақ та'ала сүйікті құлын олардың жамандығынан қорғап тұр еді. Расулуллаһ Құдәйд деген жерге барған кезде Үммү Мабәд деген жомарттығымен танылған, ақылды, абыройлы әйелдің шатырына кезігеді. Ақшасына тағам, құрма мен ет алғысы келеді. Үммү Мабәд «Егер бар болғанда тегін берер едім. Жұтқа байланысты қолымызда ештеңе қалмады»,- деді. **«Сүт бар ма?»** деп сұрағандарында «Жоқ, қойлар қысыр»- деп жауап берді. Пайғамбарымыз шатырдың жанында тұрған арық қойды көрсетіп, **«Йа, Үммү Мабәд, мына қой неге бұл жерде байлаулы тұр?»**- деп сұрады. «Өте арық және ауру болғандықтан отардан қалып қойды»,- деді. **«Сүті бар ма? Осы қойды саууға рұқсат бересіз бе?»** дегенде «Сіз үшін жаным пида, ешнәрсемді аянбаймын, сүті жоқ, бірақ сауыңыз, сіз үшін тоскауыл жоқ» дейді. Расулуллаһ қойдың қасына барып, Аллаһу та'аланың есімін айтты. Береке келсін деп дұға еткеннен кейін қолымен қойдың желінін ұстады. Сол кезде желінге сүт толып, аға бастады. Дереу ыдыс әкеліп, толтырып алды. Алдымен Үммү Мабәдке берді. Ол ішкеннен кейін хазреті Әбу Бәкірге және басқаларға беріп, тойғанша ішкізді. Ең соңынан өзі ішіп, қолын тағы да желінге тигізіп, шатырдағы ең үлкен ыдысты сүтке толтырып, Үммү Мабәдке берді. Олар ол жерден кеткеннен кейін Үммү Мабәдтің күйеуі келіп, сүтті көреді. Қуанып «Бұл сүт қайдан келді?» деп сұрағанда Үммү Мабәд «Бір қасиетті адам келіп, үйімізге береке кіргізді. «Оны сипаттап бере аласың ба?» деп сұрайды күйеуі. Үммү Мабәд «Көрген адамым өте келбетті, жылы жүзді жан еді. Көзінде қызғылт бар, даусы жұмсақ болатын. Кірпіктері ұзын, көзінің ағы аппақ, қарашығы қап-қара, шашы қара, сақалы қою болатын. Үнсіз тұрғанда салмақты, сөйлегенде күлімсіреп тұрады. Сөйлегенде сөздері аузынан маржандай төгіледі. Алыстан айбатты болып көрінеді, жақыннан көрсең өте тартымды адам. Қасындағылар оның бұйрығын орындауға бар жандарын салады» дегенде күйеуі «Бұл Құрайыштардың іздеп жүрген адамы. Егер мен оған жолыққанда

онымен бірге кетер едім»,- деді. Риуаят бойынша сол қой он сегіз жыл жасаған. Пайғамбарымыздың берекесімен бұл кісілер соның сүтімен күнелткен. Үммү Мабәдтің күйеуі пайғамбарымыздың артынан еріп, Рим деген жерде оған жетіп, мұсылман болады. Үммү Мабәд те мұсылмандықты қабылдайды.

Ислам дінін қабыл етпейінше...

Мүшріктер Мәдинаға қарай жолға шыққан Мұхаммед алейһиссаламды және хазреті Әбу Бәкірді тоқтаусыз іздеді. Егер таппаса өздеріне үлкен қауіп төнетін еді. Өйткені, мұсылмандар Ислам мемлекетін құрып, өздерін құртатынына көздері жетті. Сол себептен мүшріктер барлық нәрселерін ортаға салды. Пайғамбарымыз бен Әбу Бәкірді (радиаллаһу анһ) өлтірген немесе ұстап әкелген адамға жүз түйемен қоса сансыз мал, ақша беруге уәде берді. Бұл хабар Сүрақа бин Маликтің тайпасы Мүдлиж ұлдарына да жетті. Сүрақа бин Малик жақсы із кесетін. Сондықтан бұл мәселеге мән беріп қарады.

Мүдлиж ұлдары бір сейсенбіде Сүрақа бин Малик тұратын аймақтағы Құдәйдке жиналады. Жиналысқа Сүрақа бин Малик те қатысады. Сол кезде Құрайыш адамдарының бірі келіп, Сүрақаға «Ей, Сүрақа! Мен жаңа жағалауға қарай кетіп бара жатқан үш адамды көрдім. Олар Мұхаммед пен оның адамдары болу керек»,- деді. Сүрақа жағдайды түсінді. Бірақ сый үшін көп мал-мүлік берілетіндіктен оларды жалғыз өзі ғана алғысы келді. Сол себепті, басқа адамның естуін қаламады. «Жоқ, ол сенің көрген адамдарың пәленшелер. Біраз бұрын өткен болатын. Оларды біз де көрдік» деп, ештеңе болмағандай отыра берді.

Сүрақа бин Малик тағы біраз отырып, көзге түспестен үйіне барды. Қызметшісіне атын, қаруын алып, жазықта өзін күтуді тапсырды. Өзі найзасын алып, жарқырап көзге түспеуі үшін ұшын төмен қаратып, атымен шауып ақыры олардың ізін табады. Жақындаған кезде бір-бірін айқын көрді. Тіпті, Сүрақа пайғамбарымыздың оқыған Құран кәрімін де естіді. Бірақ, пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) артына қарамайтын. Хазреті Әбу Бәкір артына қараған кезде Сүрақаны көріп, әбігерге түсті. Пайғамбарымыз оған үңгірдегі сияқты **«Уайымдама, Аллаһу та’ала бізбен бірге»**,- деді.

Бұхаридің риуаяты бойынша осы кезде Әбу Бәкір бір атты адамның өздеріне жетіп қалғанын пайғамбарымызға айтқанда

пайғамбарымыз **«Йа, Раббым! Оны құлат»** деп дұға етеді. Басқа бір риуаят бойынша Сүрақа қастарына келгенде хазреті Әбу Бәкір жылай бастайды. Пайғамбарымыз себебін сұрағанда «Өзім үшін жыламаймын. Сізге зиян келе ме деп жылаймын» дейді.

Сүрақа пайғамбарымызға жақындады. «Йа, Мұхаммед! Сені бүгін менен кім қорғайды?»,- деді. Пайғамбарымыз **«Мені Жәббар және Қаһһар болған Аллаһу та’ала қорғайды»,**- деді. Сол кезде Сүрақаның атының алдыңғы екі аяғы тізесіне дейін жерге батып кетеді. Одан шығарып, тағы да ұмтылған кезде тағы да солай қайталанады. Қаншама тырысқанымен атын шығара алмады. Ол еш нәрсе істей алмастан, ақырында мейірімді пайғамбарымызға жалына бастайды. Кемелденген, көркем мінезді пайғамбарымыз оның бұл тілегін қабылдайды. Сүрақа «Йа, Мұхаммед! Қорғалатыныңды түсіндім. Дұға етіп, мені құтқар. Бұдан кейін саған зиян келтірмеймін. Сенің соңыңа түскендерге де сен туралы айтпаймын»,- деді. Пайғамбарымыз **«Йа, Раббым! Егер ол сөзінде тұратын болса атын құтқар»** деп дұға еткенде Аллаһу та’ала бұл дұғаны қабыл етті.

Сүрақа бин Маликтің аты тек осы дұғадан кейін ғана құмнан шығарылды. Аттың аяғы кірген жерден аспанға қарай түтін сияқты бір нәрсе көтеріліп жатты. Сүрақа таң қалып, осы оқиғалардан кейін Мұхаммед алейһиссаламның әрдайым қандай да бір көрінбейтін құдірет арқылы қорғалатынын түсінді. Ол көп нәрсеге куә болды. «Йа, Мұхаммед! Мен Сүрақа бин Маликпін. Маған ешқандай күмәніңіз болмасын. Сізге сөз беремін. Бұдан кейін сіздерге ұнамайтын еш нәрсе істемеймін. Қауымыңыз сізді және жолдастарыңызды ұстаған адамға көп сый береміз деп жатыр» деп, құрайыштықтардың пиғылдарын біртіндеп айтып берді. Тіпті, ол жол азығы мен түйе бергісі келеді, бірақ пайғамбарымыз қабылдамай, **«Ей, Сүрақа! Сен Ислам дінін қабылдамайынша мен сенің түйеңді де, сиырыңды да қабылдамаймын. Сен бізді көргеніңді айтпа, сол жетеді»** дейді. Ибн Са’дтың нақыл етуі бойынша: «Сүрақа пайғамбарымыздан не қалайтынын сұрағанда **«Еліңе бар, бізге ешкімнің жетуіне жол берме»** деген».

Аллаһу та’аланың қалаған барлық нәрсесі болады. Оған шын жүрекпен сеніп, Оның разылығы жолында жүргенде ғажайып оқиғалар жүзеге асатын. Пайғамбарымызды өлтіріп, көп табысқа қол жеткізгісі келген Сүрақа енді тәртіпті, тілалғыш баланың кейіпіне енген еді. Барлық нәрсеге құдіреті жететін Аллаһу та’ала пайғамбарымызға

зиян келтірмеуі үшін Сұрақаның жүрегін жұмсартты. Әрине, Аллаһу та'ала сүйікті құлын жалғыз қалдырмас еді. Өйткені, ол адамдарға қайырымдылық жасау үшін, олардың дүние мен ахиретте мәңгілік бақытқа қауышуы үшін жіберген сүйікті пайғамбары еді.

Сұрақа осыдан кейін келген ізімен кері қайтты. Басынан өткен жағдайларды ешкімге айтпады.

Сүйінші, сүйінші! Әлемнің сұлтаны келе жатыр!..

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хазреті Әбу Бәкір, Амир бин Фухәйра (радиаллаһу анһум) және жол бастаушылары Абдуллаһ бин Урәйқит хижреттің 1-жылы рабиул-әууәл айының 8-іне Қуба ауылына жетеді. Бұл күн мұсылмандардың хижри шәмси жылының жыл басы болды. Күлсүм бин Хидм (радиаллаһу анһ) деген бір мұсылманның үйінде тұрды. Осы жерде алғашқы мешітті салды. Қубада алғаш рет жұма намазын оқып, алғаш рет хұтба оқыды. Қуба мешіті аят кәримәда **«Тақуалыққа негізделіп салынған мешіт»** деп мадақталды («Тәубе» сүресі, 108).

Осы кезде Меккеде қалған хазреті Әли пайғамбарымыздың Қағбада отыратын жеріне отырды. «Расулуллаһта кімнің қандай аманаты болса, келіп алсын» деп хабар таратты. Бәрі келіп, аманаттарын алды. Осылайша, аманаттар өз иелеріне қайтарылды.

Меккеде қалған сахабалар хазреті Әлиді паналады. Расулуллаһтың жанұясы Меккеде болған кезде хазреті Әли де сол жерде болды. Біраз уақыттан кейін Расулуллаһ өзінің отбасын Мәдина Мунауараға әкелінуін бұйырды.

Аллаһтың арыстаны хазреті Әли Құрайыш кәпірлерінің жиналған жеріне барды. «Иншаллаһу та'ала ертең Мәдинаға кетемін. Айтатын нәрселерің бар ма? Айтатындарыңды мен осы жерде кезде айтыңдар»,- деді. Барлығы бастарын иіп, еш нәрсе айтпады. Таңертең хазреті Әли Расулуллаһтың заттарын жинап, пайғамбарымыздың жанұясы және өзінің туыстарымен бірге жолға шықты. Расулуллаһқа Қубада кездескен кезде аяқтары қанап, ісіп кеткен еді. Күндіз тығылып, түнде жаяу жүру арқылы өткен сапарында пайғамбарымызға жете алмайтын жағдайға жеткен болатын. Пайғамбарымыз бұл жағдайды естіп, оған өзі барады. Хазреті Әлиді көрген кезде оған қатты жаны ашып, қолымен оның аяқтарын сипап, дұға етеді. Осы жағдайға байланысты **«Адамдардың ішінде сондай адамдар бар,**

олар Аллаһу та'аланың разылығы үшін нәпсілерін пида етеді» («Бақара» сүресі, 207) аятының түскендігі айтылады.

Мәдинаға бұрынырақ көшкен сахабалар мен мәдиналық мұсылмандар пайғамбарымыздың Меккеден келе жатқанын естіп, оның келуін тағатсыздана күтті. Мәдинаның сыртқы жақтарына бақылаушылар қойып, пайғамбарымызды күтіп алуға дайындалды. Бір күні «Келе жатыр! Келе жатыр!» деген дауыс естіледі. Дауысты естігендер шөлге көз жүгірте бастады. Иә, иә, олар да ыстық шөлде, күннің аптаған ыстығына қарамастан айбынды түрде өздеріне қарай келе жатқан адамдарды көреді. Қуанып бір-біріне «Сүйінші, сүйінші! Расулуллаһ келе жатыр! Пайғамбарымыз келе жатыр! Қуаныңдар, ей мәдиналықтар! Тойлаңдар, Хабибуллаһ келе жатыр! Бас тәжіміз келе жатыр!» деп айқайлай бастады. Бұл хабар бір сәтте Мәдинаның көшелерін жаңғыртты. Жас-қарт барлығы осындай қуанышты күтіп жүрген еді. Мәдиналықтардың барлығы ең әдемі киімдерін киіп, әлемдердің сұлтанын күтіп алуға шықты. Тәкбір дауыстары аспанды жаңғыртып, қуаныштан адамдардың көздерінен жас парлаған еді. Мәдина өз тарихындағы ең әсем күнді басынан кешірген еді. Бір жақта "әмин" (сенімді, шыншыл) деген лақабымен танылған Аллаһу та'аланың сүйікті құлын өлтіретін адамға сыйлық әзірлегендер, ал екінші жақта оны және оның жолдастарын қорғау, бауырларына басу және сол жолға жандарын құрбан еткісі келгендер.

Мәдиналықтар пайғамбарымыздың нұрлы дидарын тезірек көруге асықты. Мәдина қаласы Мәдина болғалы мұндай қуанышты, мұндай қасиетті сәтті басынан кешірмеген еді. Бұл бұрын-соңды болмаған мереке болатын.

Теңдесі жоқ бұл мерекеде балалар мен әйелдер баяу дауыспен былай өлеңдетті:

«Тала'ал-бәдру алайнә,
Мин сәниятил-уәдаъ.
Уәжәб-әш-шукру алайнә,
Мә дә'а лиллаһи даъ.
Әйухәл-мәбъусу фина,
Житә бил-әмр-ил мутаъ!...»

«Қош келдіңіз, йа Расулаллаһ!», «Біздің үйге жүріңіз, йа Расулаллаһ» деген сөздер даланы жаңғыртты.

Мәдинаның кейбір алдыңғы қатарлы адамдары Қусуаның тізгінінен ұстап, «Йа, Расулаллаһ! Бізге келіңіз, біздің үйге жүріңіз» деп шақырды. Оларға **«Түйемнің тізгінін жіберіңдер, түйем кімнің үйінің алдына барып шөксе, сол үйге қонақ боламын»**,- деді. Барлық адам алаңдап, толқып қарап тұрды. Қусуа қай жерге шөгер екен?! Қусуа Мәдинаның ішіне қарай кіріп, әр үйдің есігінің алдынан өткен кезде үй иелері «Йа, Расулаллаһ! Бізге келіңіз, бізге келіңіз» деп жалбарынды. Пайғамбарымыз оларға күлімсіреп, **«Түйенің жолын ашыңдар! Қай жерге шөгетіндігі оған бұйырылған»**,- деді. Қусуа пайғамбарымыздың қазіргі мешітінің есігі орналасқан жерге барып шөкті. Пайғамбарымыз түйеден түспеді. Жануар қайтадан түрегеп, жүре бастады. Тағы да сол жерге барып шөгіп, қайтып тұрмады. Пайғамбарымыз Қусуадан түсіп, **«Иншаллаһ, орнымыз осы жер. Бұл жер кімдікі?»** деп сұрағанда «Йа, Расулаллаһ! Амрдың ұлдары Сүхәйл мен Сәхлдікі» деген жауап алды. Бұл балалар жетім болатын. Пайғамбарымыз **«Туыстарымыздың қайсысының үйі бұл жерге жақын?»-** деп сұрады. Өйткені, пайғамбарымыздың атасы Абдулмутталибтің анасы Нәжжар ұлдарынан шыққан еді. Халид бин Зәйд Әбу Әйуб әл Әнсари қуанып, «Йа, Расулаллаһ! Менің үйім жақынырақ. Мынау менің үйім, мынау есігі» деп көрсетті. Сосын Қусуаның жүгін түсіріп, пайғамбарымызды үйіне қонақ етті.

Мәдиналық мұсылмандар мен мұхажирлер пайғамбарымыздың келгеніне қатты қуанды.

МӘДИНА МУНАУУАРА ДӘУІРІ

Пайғамбарымызға пайғамбарлығы білдірілгеннен кейін 13 жылдан соң 12 рабиул-әууәлда, милади 622 жылы Мәдинаға көшуімен 10 жылға созылатын Мәдина дәуірі басталды.

Пайғамбарымыз Халид бин Зәйд Әбу Әйуб Әл-Әнсаридің үйіне келгеннен кейін астыңғы қабатта тұруды таңдап, сол жерге орналасады. Осылайша, әлемнің сұлтанын қонақ ету құрметі осы сахабаға бұйырды.

Хазреті Халид былай дейді: «Расулуллаһ үйіме келген кезде төменгі қабатта тұруды таңдады. Біз үстіңгі қабатта тұрып, бұл жағдайдан қатты ыңғайсызданатынбыз. Бір күні «Барлық нәрсем жолыңызға құрбан, йа Расулаллаһ! Сіздің төменгі қабатта тұрып, өзімнің жоғарыда тұратыныма еш көңілім тыншыр емес. Бұл маған ауыр тиеді. Сіз үстіңгі қабатта тұрыңыз, мен астыңғы қабатта тұрайын»,- дедім. Ол маған **«Йа, Әбу Әйуб! Үйдің астыңғы қабатында тұру біз үшін ыңғайлырақ»**,- деді. Келген адамдармен оңай кездесіп, сөйлесу үшін астыңғы қабатты таңдаған болатын. Бір күні құманымыз сынып қалды. Төгілген судың пайғамбарымыздың үстіне тамып, оны әбіржітуінен қорқып, әйелім екеуміз жамылатын жалғыз көрпемізді судың үстіне тастадық.» Әбу Әйуб Әнсари үстіңгі қабатта тұратындығына қатты қысылатын. Соңында өзі астыңғы қабатқа түсіп, пайғамбарымызды жоғары шығарды. Әбу Әйуб былай дейді: «Пайғамбарымызға әрқашан кешкі ас әзірлеп апарып беретінбіз. Қалған тамақ қайтқан кезде әйелім екеуміз оның тиген жерін іздеп, сол жерден жеуге тырысатынбыз. Бір күні түнде пияз бен сарымсақ қосылған тамақты пайғамбарымыз кері қайтарды. Оның жемегенін көріп, оған жүгіріп бардым. «Йа, Расулаллаһ! Кешкі асты қайтарған екенсіз. Онда мүбәрәк қолыңыздың ізін көре алмадым. Біз әйелім Үммү Әйуб екеуміз сіздің жеген жеріңізден жеп, содан берекеттенетінбіз»,- дедім. Пайғамбарымыз: **«Бұл көкөністің бір иісі бар. Оны жемедім. Мен періштемен сөйлесемін»**,- деді. «Ол тамақ харам ба?»- деп сұрадым. **«Жоқ! Бірақ мен оның иісін ұнатпадым»** дегенінде, «Сіз ұнатпаған нәрсені мен де ұнатпаймын»,- дедім. Пайғамбарымыз **«Жоқ, оны жеңдер»**,- деді. Сөйтіп, біз ол тамақты жедік, бірақ одан кейін ол көкөністен пайғамбарымызға тамақ пісірмедік.

Тағы бірде Расулуллаһ пен Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһ) жететіндей тағам әзірлеп, алдарына апардым. Расулуллаһ **«Йа, Әбу Әйуб! Ансардың ұлыларынан отыз адамды шақыр»**,- деді. Мен тамақтың аз екендігін және пайғамбарымыз бұл тамақты көп деп ойлап қалды ма деп ойлап тұрғанымда «Йа, Әбу Әйуб! Ансардың ұлыларынан отыз адамды шақыр»,- деді. Мың-сан ойлармен жүріп, адамдарды шақырдым, олар келді. Сол тамақтан жеді, барлығы тойды. Мұның бір мұғжиза екенін түсініп, келген адамдардың иманы күшейіп, тағы да бағыну антын берді. Сосын олар қайтып кетті. Кейін **«Алпыс адам шақыр»**,- деді. Мен мұғжиза ретінде тамақтың азаймағанын көргендіктен тағы да алпыс адамды шақырып келдім. Олар да келіп, тамаққа тойып, пайғамбарымыздың мұғжизасына куә болып, үйлеріне қайтты. Одан кейін **«Ансардан тоқсан адам шақыр»**,- деді. Шақырдым, келді. Пайғамбарымыздың айтуымен оннан отырып, барлығы тамақты жеп, тойды. Пайғамбарымыздың мұғжизасын көріп, үйлеріне қайтты. Осылайша, 180 адам тамақ жеді. Ал, тамақ еш азаймай, түртілмегендей күйде тұрды».

Ансар мен мұхажирлердің бауыр болуы

Пайғамбарымыз Мәдина Мүнәууәрәда тығыз байланыстың орнауы үшін, көшіп келген мұхажирлер мен оларды үйлеріне қонақ еткен ансарларды бір-біріне бауыр етті. Хазреті Әли ең соңында қалған кезде ұмытылдым деп ойлап, «Йа, Расулаллаһ! Мені ұмытып кеттіңіз бе?» дейді. Әлемдердің мырзасы – пайғамбарымыз **«Сен дүниеде және ахиретте менің бауырымсың»**,- деді. Бұл бауырластық материалдық және рухани көмек беру негізіне сүйенетін. Осылайша, мұхажирлер елдерінен, отандарынан, туыстарынан ажыраудың қайғысынан біраз да болса арылатын еді. Онсыз да мәдиналық мұсылмандар (радиаллаһу анһум) Аллаһу та'аланың дінін ұстану және тарату үшін отандарын тастап келген мұхажир бауырларына құшақтарын ашып, үйлерінен жай беріп, оларға барлық жақтан көмектесіп жатқан еді. Бұл бауырластық арқылы меккелік және мәдиналық мұсылмандар бір-біріне одан да жақындай түсті. Пайғамбарымыз әрбір мұхажирді мінезіне сай келетін бір ансармен бауыр етті. Бұл бауырластықтың деңгейі әкелерінен қалған мал-мүлікті бөлісетіндей жағдайда еді.

Әрбір мәдиналық мұсылман жерін, бау-бақшасын, үйін, малын, несі бар болса, бәрін екіге бөліп, жартысын мұхажир бауырына

қуана-қуана берді. Мұхажир Абдуррахман бин Ауф былай дейді: «Біз Мәдинаға көшкен кезде пайғамбарымыз Са'д бин Рәби екеумізді бауыр етті. Осыған байланысты бауырым Са'д маған «Ей, бауырым Абдуррахман! Мен мал-мүлік жағынан мәдиналық мұсылмандардың ішіндегі ең байымын. Мүлкімнің жартысы сенікі»,- деді. Мен оған «Аллаһу та'ала мал-мүлкіңе береке берсін. Менің малға қажеттілігім жоқ. Мені базарларыңа апар, сол жетеді»,- дедім.

Осындай жан қиярлық бауырластық қасиет тек Ислам бауырластығы арқылы ғана қалыптасуы мүмкін еді. Адам алейһиссаламнан сол күнге дейін адамзат тарихында қауымдардың көптеген көштері орын алды. Бірақ, көшіп келгендер мен жергілікті халық арасында осыншалықты ынтымақ пен адал ниетті достық орныққан мынандай мәнді және ұлы көш болмаған еді. Аллаһу та'ала **«Мүминдер бір-біріне бауыр»**,- деді («Хужурат» сүресі, 10). Осылайша, нағыз сүйіспеншілік пен адалдықтың материалдық пайдамен емес, иман және сенім арқылы қалыптасатыны меңзелді. Сахабалардағы бұл хал, пайғамбарымыздың сұхбатымен көркейіп жатты. Пайғамбарымыздың жүрегінен шыққан парасатты сөздер, файз-берекелер сахабалардың жүрегіне жетіп, осының нәтижесінде бауырластық сезімдері оянып, шын көңілдерімен бір-бірлерін жақсы көре бастайтын.

Ансар мен мұхажирлер осы Ислам орталығында бір-бірімен етене жақын араласып, біте қайнасып, Ислам дінінің күшеюі үшін барлық қиындықтарға төтеп беруге және осы жолда шаһадат мәртебесіне қауышуға уәде берісті. Осылайша, пайғамбардың қасына жиналып, Ислам дінінің негіздеріне бағынып, жаңа жүйе орнатып, жаңаша өмір сүру салтын қалыптастырды. Енді Ислам діні хижрет оқиғасы арқылы мемлекет болу жолына алғашқы қадамын басты. Мәдина Мунаууара болса, Ислам дінінің бесігі мен орталығына айналды.

Мәдинада сахабалардан басқа христиандар, яһудилер және пұтқа табынатын мүшріктер де бар болатын. Яһудилер Бәни Қайнуқа, Бәни Қурәйза және Бәни Надр деген үш тайпадан тұратын. Олар Исламға, әсіресе пайғамбарымызға қас дұшпан болды.

Осы арада меккелік мүшріктер пайғамбарымыздың Мәдинада сахабаларды бір-бірімен бауыр етіп, туыс етіп жатқанын өздері үшін үлкен қауіп деп санады. Қысқа уақыт ішінде бұл іске тосқауыл қойылмаса мұсылмандар күшейіп, Меккеге шабуылдауы мүмкін, қалдырып кеткен жерлерін, үйлерін, атамекендерін олардан алып

қоюы мүмкін еді. Осындай оймен меккелік мүшріктерден мәдиналық мұсылмандарға қорқытатын мәндегі хаттар келе бастады. Бұл хаттардың бірінде «Күмәнсіз, арамызда дұшпандық бар, бізді ешбір араб тайпасы сендер сияқты ренжіткен жоқ. Өйткені, бізден шыққан адамды бізге қайтарудың орнына оған көмектесіп, құшақ жайып, қорғадыңдар. Бұл сендердің ең үлкен айыптарың. Сендер онымен біздің арамызда тұрмаңдар. Оның ісін бізге тапсырыңдар. Егер оның әрекеттері көңілдегідей болса, оған ең көп қуанатын біздер боламыз. Керісінше болса, оны қайтару да біздің міндетіміз» делінген еді.

Бұл хатқа хазреті Ка'б бин Малик пайғамбарымызды мадақтаған өте керемет жауап жазды.

Меккелік мүшріктер мәдиналық мүшріктерге де дәл сондай мазмұндағы хаттар жазған еді. Оларға да «Егер біздің адамымызды қалаларыңнан шығарып жібермесеңдер немесе өлтірмесеңдер, сендерге шабуыл жасап, өздеріңді өлтіріп, әйелдеріңді тұтқынға аламыз» деп қорқытты.

Осыған орай мәдиналық мүшріктер Абдуллаһ бин Үбәй деген мұнафықтың қасына жиналып, мүмкіндік туған сәтте пағамбарымызға зиян келтіруге шешім қабылдады.

Мұсылмандар мұны естіп, пайғамбарымызды қорғау үшін қолдарынан келген шараның бәрін қолданып, үнемі оның айналасында жүріп, араларынан шығармады. Түнде көшеге шықпайтын, үйлерінде ұйықтамайтын жағдайға жетті. Үбәй бин Ка'б айтады: «Расулуллаһ пен сахабалар (радиаллаһу анһум) Мәдинаға көшіп келгенде мұсылмандар мүшрік араб тайпаларының дұшпанына айналды. Сахабалар қару асынып, азанға дейін пайғамбарымызды және мұсылман отбасыларды кезектесіп күзететін». Сахабалар бірауыздан бірігіп, қатер төнген жағдайларда бар күштерімен мұсылман бауырларына көмекке ұмтылатын. Олардың басында пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тұрды. Пайғамбарымыз барлық жақсы мінездерімен қоса ер жүректікте де сахабалардың басында тұрды. Түннің кез-келген сәтінде болса да бір дауыс естісе, ешкім бармастан бұрын атымен ол жерге құстай ұшып жететін, сахабаларына қорқатындай ешнәрсенің жоқ екенін айтып, оларды тыныштандыратын.

Пайғамбар мешіті "Мәсжид-үн-Нәби"

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаға көшкен кезде алғашқы іс ретінде сахабаларын жетілдіретін, жамағатпен намаз оқитын мешіттің салынуын қалады. Осы кезде Жәбрейіл алейһиссалам келіп, «Йа, Расулаллаһ! Аллаһу та'ала саған өзі үшін тастан және кірпіштен мешіт салуды бұйырды»,- деді. Пайғамбарымыз дереу түйесі Қусуаның Мәдинаға келген кездегі шөккен жерін иелерінен сатып алмақ болды. Иелері «Йа, Расулаллаһ! Біз оның ақысын тек Хақ та'аладан күтеміз. Ол жерді сізге Аллаһ разылығы үшін сыйға береміз»,- деді. Бірақ, пайғамбарымыз мұны қабылдамай, оның ақысын артығымен төледі. Бір жақта жерді тегістеу жұмысы жасалып жатқанда екінші жақта кірпіштер құйылып, тастар әкелінді. Барлық дайындықтар аяқталғаннан кейін мұсылмандар мешіттің іргетасын қалауға жиналды. Іргетастың алғашқы тасын пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өз қолымен қойды. Сосын кезекпен **«Әбу Бәкір тасын мен қойған тастың қасына қойсын. Омар тасын Әбу Бәкір қойған тастың қасына қойсын. Одан кейін Осман, сосын Әли қойсын»**,- деді. Бұйрығы орындалғаннан кейін сол жердегі сахабаларға **«Сендер де тас қойыңдар»**,- деді. Олар да қоя бастады.

Мешіт салу ісіне пайғамбарымыздан бастап барлық сахабалар белсенді араласты. Пайғамбарымыз тас пен кірпіш арқалап, тасыды. Іргетасын таспен бір жарым метрге дейін көтеріп, үстіне кірпіш қалады. Құрылыс барысында расулуллаһтың кірпіш арқалап бара жатқанын көрген бір сахаба: «Йа, Расулаллаһ! Маған беріңіз, кірпішті мен көтерейін» дейді. Пайғамбарымыз оған өте нәзіктікпен өзінің де мұндай сауапты істен құр қалмауға тырысып жатқанын айтып, кірпішті бермеді. Әлгі сахабаға да тас тасуына кеңес берді.

Мәсжид-үн-Нәбидің салынуында ең көп жұмыс істегендердің бірі пайғамбарымыз еді. Ең үлкен тастарды көтеріп, ұсталарға апарып беретін. Тас, кірпіштерді тасып жүріп бұл істің құндылығын, берілетін нығметтер туралы айтып, сахабаларына күш беретін.

Пайғамбарымыздың осындай табандылығын көрген мұсылмандар жан-тәндерін салып жұмыс істеді. Тіпті, Аммар бин Ясәр (радиаллаһу анһ) басқалар бір кірпіштен тасыса, ол бірін пайғамбарымыз, екіншісін өзі үшін деп екі кірпіштен тасыды. Мұны көрген пайғамбарымыз хазреті Аммардың қасына барып, арқасын қағып «**Ей, Сүмәййәнің ұлы! Басқалардың бір, сенің екі сыйың бар»**,- деді.

Мешіттің қабырғасы қысқа уақытта қаланып, төбесі жабылды. Сонымен қатар мешітке жанастырылып, пайғамбарымыз үшін кірпіштен екі бөлме салынды. Олардың үсті де құрма ағашы және бұтақтарымен жабылды. (Уақыт өтуімен тағы бөлмелер салынып, бөлмелердің саны тоғызға жетті) Мешіттің құрылысы біткеннен кейін пайғамбарымыз хазреті Халид бин Зәйдтің үйінен өзі үшін салынған үйге көшті.

Құрма ағашының боздауы

Пайғамбарымыз жұма күндері мешіттегі **Ханнанә** деген құрма ағашына сүйеніп, хұтба оқитын. Кейіннен үш баспалдақты мінбер жасатты. Пайғамбарымыз бен сахабалары бір жұма күні Мәсжиди Нәбиге жиналады. Пайғамбарымыз хұтба оқуға мінберге шыққан кезде бұрын сүйеніп тұратын құрма ағашы барлық адам естітіндей түрде буаз түйенің шығаратын дауысына ұқсас дыбыс шығарады. Барлық сахабалар бұл дыбысты естиді. Дауыс тоқтамай шыға береді. Сосын пайғамбарымыз мінберден түсіп, қолымен құрма ағашын сипайды. Сонда барып, дауыс тоқтайды. Құрғақ құрма ағашының пайғамбарымызды сонша жақсы көретінін көрген сахабалардың көзінен жас парлаған еді.

Осы оқиға туралы хазреті Әнәс бин Малик «Мешіттің өзі оның дыбысына теңселіп кетті» дейді, Ибн Әби Уәда (радиаллаһу анһ) «Құрма ағашы шытынап, орнынан қозғалды. Пайғамбарымыз келіп, оған қолын қойғаннан кейін ғана басылды» дейді. Пайғамбарымыз **«Аллаһу та'алаға ант етемін, егер оны сипамағанда маған деген сағыныштан қияметке дейін солай жылап тұрар еді»** деген. Сосын пайғамбарымыздың бұйрығымен құрма ағашы адамдай жерленді. Басқа бір риуаятта былай делінген: **«Қаласаң сені бұрынғы бақшаңа берейін. Қайтадан өркен жайып, қалпыңа кел. Қаласаң сені жұмаққа отырғызайын, Аллаһу та'аланың достары жемісіңнен жесін»**,- деді. Пайғамбарымыз оның былай дегенін естіді: «Мені жұмаққа отырғыз, жемісімді Аллаһу та'аланың достары жесін және ескіріп шірімейтін жерде болайын». Ағаштың бұлай сөйлегенін Пайғамбарымыздың қасындағылар да естіді. Пайғамбарымыз оған «Қалауыңды орындаймын»- деп жауап берді. Сосын сахабаларына қарап **«Фәни** (жалған) **өмірдің орнына бақи** (мәңгілік) **өмірді таңдады»**,- деді.

Хазреті Айшаға үйленуі

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мен хазреті Әбу Бәкір көшкен кездерінде балаларын Меккеге қалдырып кеткен болатын. Хазреті Хадиша анамыз қайтыс болғаннан кейін бір жылдан соң хазреті Айшамен Меккеде атастырылды. Имам Бұхаридің риуаят еткен хадис шәрифінде хазреті Айша былай деген: «Пайғамбарымыз маған **«Ей, Айша! Сен маған түсімде екі рет көрсетілдің. Мен жасыл жібек матадағы сенің суретіңді көрдім. Маған «Бұл сенің болашақ жарың» делінді»**,- деді». Осыдан кейін пайғамбарымыз бен хазреті Айша атастырылды. Бірақ, той ол кезде жасалған жоқ. Мұны хазреті Айша былай әнгімелеген:

«Пайғамбарымыз Мәдинаға көшкен кезде бізді және қыздарын Меккеге қалдырып кеткен еді. Мәдинаға барғаннан кейін азат құлы Зәйд бин Хариса мен Әбу Рафиді екі түйе мен керек заттарды сатып алу үшін 500 дирхам ақшамен бізге жіберді. Әкем Абдуллаһ бин Урәйқитты екі-үш түйемен солардың қасына қосып, анамды, мені және сіңлім Әсманы түйелерге мінгізіп әкетуін бауырым Абдуллаһқа хат жазып бұйырды. Мен, анам Үммү Руман және расулуллаһтың қызы хазреті Зейнеп бәріміз жолға шықтық. Құдәйд деген жерге барған кезімізде Зәйд 500 дирхамға тағы үш түйе сатып алды. Бізге Талха бин Убәйдуллаһ та қосылды. Минадан Бәйд деген жерге жеткен кезімізде менің түйем қаша жөнелді. Мен күйменің ішінде болатынмын. Анам айқайлап абдырап қалды. Аллаһу та'ала түйемізді тоқтатып, бізді құтқарды. Ақыры Мәдинаға жеттік. Мен әкемнің отбасымен бірге түстім».

Пайғамбарымыздың жанұясы бөлмелерінің алдынан түсті. Хазреті Айша әкесі Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһ) үйінде біраз уақыт тұрды. Хазреті Әбу Бәкір бір күні пайғамбарымызға «Йа, расулаллаһ! Үйленбеуіңіздің себебі неде?»- деп сұрады. Расулуллаһ алейһиссалам **«Мәхр»**,- деді. Хазреті Әбу Бәкір расулуллаһқа мәхрлік ақша жіберді.

Осылайша, хазреті Айша екеуінің тойы болды. Ол кезде пайғамбарымыз елу бес жаста болатын. Хазреті Айша анамыз өте ақылды, қабілетті болатын, болған жәйттерді сол мезетте өлең қылып айтып беретін. Үйреніп, жаттаған нәрсесін еш уақытта ұмытпайтын. Өте зерек, алғыр, білімді, әдепті, таза, салиха қыз болатын. Есте сақтау қабілеті өте мықты болғандықтан сахабалар көп нәрсені содан сұрап білетін. Аятпен мадақталған.

Азан-ы Мұхаммеди
(Мұхаммед алейһиссаламның азаны)

Мәсжид-ун-Нәби салынып біткеннен кейін намаз уақыттарында уақыттың кіргенін білдіретін және мұсылмандарды мешітке шақыратын әдіс жоқ еді. Тек **«Әссалату жами'а»** деп айтылатын.

Пайғамбарымыз бір күні сахабаларымен кеңесіп, намаз уақыттарында мүминдерді мешітке қалай шақыруға болатыны туралы ақылдасады. Бірі намаз уақыттарын білдіру үшін «христиандар сияқты қоңырау қағайық» десе, екіншісі «яһудилер сияқты керней тартайық»,- деді. Енді бірі «намаз уақытында от жағып жоғары көтерейік» деген пікірлерін айтты. Пайғамбарымыз олардың ешқайсысын қабылдамады.

Абдуллаһ бин Зәйд бин Саләбә (радиаллаһу анһ) пен хазреті Омар түстерінде азан оқуды көреді. Хазреті Абдуллаһ пайғамбарымызға түсін былай деп айтып берді:

«Жасыл шәлі мен алжапқыш тағынған, қолына қоңырау алған бір адамды көрдім. Оған «Қолыңдағы қоңырауды сатасың ба?»- деп сұрадым. Ол маған «Не қыласың?»,- деді. «Намаз уақыттарын білдіру үшін қоңырау шаламын» деген кезімде ол адам «Мен саған одан қайырлысын айтайын» деп, қыблаға қарап жоғары дауыспен «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар» дей бастады. Бітіргеннен кейін «Намаз оқитын кезіңде» деп, азанды қайталап көрсетті де, аяқ жағында «Қад қаматис-салату» дегенді қосып айтты».

Бұған пайғамбарымыз **«Түс – ақиқат. Сол сөздерді Біләлге үйрет, оқысын»**,- деді. Бұл «азан» деп аталды.

Хазреті Біләл мешіттің қасындағы биік тамға шығып, алғаш рет азан оқыды.

Хазреті Омар азан даусын естіп, жүгіріп пайғамбарымызға келді. Хазреті Біләлдің айтқан сөздерін түсінде көргенін айтты. Сол түні бірнеше сахаба да осындай түс көрген еді. Міне, осы кезде «Жұма» сүресінің 9-шы аяты түсіп, уаһимен азан айтылуы білдірілді.

Біләл Хабәши бір күні бамдат намазының уақытында пайғамбарымыздың есігінің алдында **«Әс-салату хайрун минәннәум»** деп екі рет айтты. Пайғамбарымызға бұл ұнады. **«Біләл, бұл қандай керемет сөз! Таң намазының азанын оқығанда мұны да қосып айт»**,- деді. Осылайша, бамдат намазының азанында осы сөз қосылып оқылатын болды.

Пайғамбарымыз қайтыс болғанға дейін азаншы болған Біләл Хабәшидің (радиаллаһу анһ) дауысы әсем және әсерлі болды. Ол азан оқи бастаған кезде барша адам әсерленіп, керемет күйге бөленетін. Ол азан оқыған кезде адамдардың көзінен жас парлайтын. Сахабалардың (радиаллаһу анһум) бір-бірін намаз уақыттарында мешітке азан арқылы шақыруы мәдиналық мүшріктер мен яһудилерді ызаландырды. Азан оқылған кезде оларды мазақтап, күлкіге айналдыратын. Олардың бұл қылықтарына қарсы Аллаһу та'ала Құран кәрімде **«Олар намазға азанмен шақырған кездеріңде оны ойынға айналдырып, мазақ етеді. Бұл олардың ақылы кем қауым болуынан»** деп бұйырды. («Маида» сүресі, 58)

Сахабаларым көктегі жұлдыздардай

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сахабаларды жетілдіру, кемелдендіру үшін Мәсжид-ун-Нәбиде керемет сұхбаттар өткізіп, Аллаһу та'аланың өзіне берген файз-берекелерді оларға жеткізді. Пайғамбарымыздың сұхбатына қатысу құрметіне ие болғандар алғашқы сұхбаттың өзінде-ақ жүректерінде үлкен өзгеріс сезініп, биік илаһи марифаттарға (ілімдерге) қол жеткізетін. Осы сұхбаттар арқылы сахабалар пайғамбарымыздан бастап барлық сахаба жолдастарын жақсы көретін халге жететін. Аллаһу та'ала оларды аяттармен мадақтаған. Олар расулуллаһтың алдында асқан әдіптілікпен, басына құс қонып ұшып кетпесін деген адамша қимылсыз, бар ынталарын салып, мұқият тыңдап отыратын. Осылайша, сахабалар (радиаллаһу анһум) пайғамбарлардан және ұлы періштелерден кейінгі ең үстем жаратылыс деңгейіне жетті.

Аллаһу та'ала Құран кәрімде: **«Сендер үмметтердің ең жақсысы, ең қайырлысы болдыңдар. Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тиясыңдар...»** дейді. («Али Имран» сүресі, 110)

«Алғаш мұсылман болғандардан, мұхажирлер мен ансарлардың бұрын келгендерінен және солардың жолымен жүргендерден Аллаһу та'ала разы және олар да Аллаһу та'аладан разы. Аллаһу та'ала оларға жұмақтар дайындады. Бұл жұмақтардың астынан өзендер ағады. Олар жұмақта мәңгілік қалады». («Тәубе» сүресі, 100)

«Мұхаммед (алейһиссаллам) **- Аллаһу та'аланың пайғамбары және онымен бірге болғандардың** (сахабалардың) **барлығы**

кәпірлерге қарсы күресте өте аяусыз. Бірақ, өз араларында өте мейірімді әрі жұмсақ жандар. Оларды әрдайым руку мен сәждеде көресіңдер. Олар Аллаһу та'аладан барлық адамға дүние мен ахиретте тек жақсылық сұрайды. Олар Ридуанды, яғни Аллаһу та'аланың оларды ұнатқанын да қалайды. Көп сәжде жасағандары жүздерінен білініп тұрады. Олардың үстемдіктері, абыройлары Тәурат пен Інжілде де осылай хабар берілген. Інжілде айтылғанындай олар егінге ұқсайды, жіңішке көшеттің жерден өсіп шығып, жуандап, бойы өскені сияқты олар да әлсіз және азшылық болуларына қарамай, қысқа уақытта жан-жаққа тарасты. Шар тарапты иман нұрына бөледі. Елдер жас көшеттің халін көріп, қалайша бұл аз уақытта осыншама өсіп-өнді деп таңырқағаны сияқты, олардың да атақтары әлемге таралып, көргендер таңырқады, ал кәпірлер ызаға булықты». («Фәтх» сүресі, 29)

Пайғамбарымыз бір хадис шәрифінде сахабалардың (алейһимурридуан) ұлылығын көрсету үшін **«Сахабаларымның ешқайсысына тіл тигізбеңдер! Олардың атына жараспайтын сөздер айтпаңдар! Аллаһу та'алаға ант етемін, сендерден кез келген біреуің Ухуд тауындай алтынды садақа етіп берсе де сахабаларымның берген бір уыс арпасындай сауап ала алмайды»** және **«Сахабаларым көктегі жұлдыздар секілді. Қайсысына бағынсаңдар құтыласыңдар»** деген.

Асхаб-ы суффә

Пайғамбарымыз Мәсжид-ун-Нәбидің солтүстік қабырғасына құрма бұтақтарымен көлеңкелік аспа жасатты. «Бұл жерде Меккеден көшіп келген, мал-мүлкі жоқ бойдақ сахабалар тұрады» деп бұйырды. Саны он мен төрт жүз арасында өзгеріп тұратын бұл сахабалар пайғамбарымыздың қасынан шықпайтын, сұхбаттарының барлығына қатысатын. Күндіз-түні Құран кәрім оқып, ғылым үйреніп, хадис шәрифтер жаттайтын. Күндерінің көбін ораза тұтумен өткізіп, әрдайым ғибадат жасайтын.

Осы жерде жетілгендер жаңадан мұсылмандықты қабылдаған тайпаларға жіберілетін, олар барып, Құран кәрім мен Исламды үйрететін. Өте парасатты, көптеген құндылықтарға ие болған бұл мүбәрәк сахабалар ғылымның дариясы еді. Пайғамбарымыз оларды

өте жақсы көретін, оларға сұхбат өтетін, бірге тамақтанатын. Бұл жерде тұратындар Асхаб-ы суффә деп аталды.

Пайғамбарымыз бүр күні Асхаб-ы суффәға қарап, олардың өте кедей екенін ойлады. Олар бұған қарамастан шын ықыластарымен ғибадатпен айналысатын. Пайғамбарымыз мейірімділік танытып, оларға **«Ей, Суффә сахабалары! Сендерге сүйінші! Егер үмметімнен сендер сияқты осындай ауыр шарттарға разы болған адам қалған болса, біліңдер, ол әрине менің жолдастарымның бірі болады»,**- деді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ең алдымен осы сахабалардың қажеттілігін қамтамасыз етіп, сосын барып отбасының қажеттілігіне қарайтын. Әбу Хурайра (радиаллаһу анһ) былай дейді: «Өзінен басқа илаһ болмаған Аллаһу та'алаға ант етемін, мен кейде аштықтан ішімді жерге басып, кейде ішіме тас байлап жүретінмін. Осындай халдердің бірінде пайғамбарымыз мешітке баратын жолдың бойында отырған болатынмын. Сол кезде пайғамбарымыз қасыма келіп, күлімсіреп **«Йа, Әбу Хурайра! Менімен бірге жүр»**,- деді. Оған еріп жүрдім. Оның үйіне бардық, үйінде бір шыны сүт бар екен. **«Әһли суффәға барып, оларды шақырып кел»**,- деді. Жолда бара жатып, «Бүкіл суффәға бір шыны сүт қалай жетеді?! Маған бір жұтымы тиер ме екен?!» деп ойладым. Оларды шақырып, бәріміз пайғамбарымыздың үйіне бардық. Рұқсат сұрап, үйіне кіріп отырғаннан кейін Ол **«Әбу Хурайра! Сүтті оларға бер»**,- деді. Мен шыныдағы сүтті алып кезекпен жолдастарыма бердім. Олар тойғанша ішіп маған қайтарды. Әр қайсысы ішіп болғаннан соң қарағанда сүт сол күйінде тұра берді. Барлығы ішіп болды. Сосын расулуллаһ шыныны алып, маған қарап күлімсіреп, **«Йа, Әбу Хурайра! Сүт ішпеген екеуміз ғана қалдық. Сен отырып іш!»**,- деді. Отырып іштім. Ол **«Тағы іш»**,- деді. Іштім. Пайғамбарымыз бірнеше рет ішуді бұйырып, ақырында мен «Йа Расулаллаһ! Тойдым, енді іше алмаймын, Аллаһу та'алаға ант етейін, жақсылап тойдым»,- дедім. **«Олай болса, маған бер»** деп, Аллаһу та'аланың есімін айтып, сүтті ішті».

Мешітте пайғамбарымыздың барлық сұхбатына қатысып, білім алған осы сахабаларды мәдиналық сахабалар жақсы көріп, сыйлайтын. Бір күні кешке аштықтан әлсіреген Суффәның бір сахабасы пайғамбарымызға барып, жағдайын айтады. Пайғамбарымыз үйіндегілерден «Жейтін бірдеңе бар ма?» деп

сұрайды. «Дәл қазір судан басқа ештеңе жоқ» деген жауап алғаннан кейін сол жердегі сахабаларына **«Кім мына аш адамды қонақ етеді?»**,- деді. Сахабалардың ішінен мәдиналық бірі «Мен күтейін» дейді. Қонағын ертіп, үйіне барып, әйеліне «Пайғамбарымыздың қонағына беретін бірдеңе дайында» дейді. Әйелі «Дәл қазір балалар жейтін тамақтан басқа ештеңе жоқ» дейді. «Алдымен балаларды ұйықтатып, кейін сол тамақты әкел» деген сахаба тек бір адамға ғана жететін тамақты алып қонақтың бөлмесіне кіреді. Дастархан жайып, тағамды ұсынады. Тамақты жей бастаған кезде орнынан тұрып, шырақты түзеткендей болды да өшіріп қоя салды. Кейін келіп дастарханға отырып, тамақ жеп отырған секілді әрекеттер жасап, жемей қонақтың тоюын күтті. Қонақ тойғаннан кейін дастарханды жинап алды. Сол түні балаларымен таңды аш қарсы алады. Таңертең пайғамбарымызға барған кезде расулуллаһ алейһиссалам **«Аллаһу та'ала бүгін түндегі әрекетіңе разы болды»**,- деді. Осыған орай Аллаһу та'ала «Хашр» сүресінің 9-шы аятын түсірді: **«Олар** (ансар) **өздері кедей, мұқтаж болса да** (мұхажирлерді) **өз жандарынан артық көреді».**

Жибрил оқиғасы

Пайғамбарымыз сахабаларына дініміздің бұйрықтарын егжей-тегжейлі түсіндіріп, үйретті. Иманның, Исламның шарттары, намаз, ораза, қажылық, зекетке қатысты барлық үкімдер, аят кәримәлардың тәфсирлері, халал және харамдар, ант, нәзір, кәффараттар, сауда-саткыққа қатысты ілімдер, жеп-ішу, киіну, сөйлесу, сәлемдесу әдебі, көршілік, туыстық және достық қатынастар, үйлену, напақа, мұрагерлік үкімдері, даулар, жазалар, келісім шарттар және серіктестіктер, денсаулық, дұшпанмен соғысу, соғыс құқығы сияқты барлық мәселелерді барлық адам түсінетіндей етіп түсіндіріп, маңызды мәселелерді үш рет қайталайтын. Әйелдерге қатысты мәселелерді әйелдері арқылы үйретететін.

Мұсылмандардың имамы, ұлы сахаба, шыншылдығымен танылған Омар бин Хаттаб (радиаллаһу анһ) былай дейді:

«Бір күні бірнеше сахаба пайғамбарымыздың қасында болатынбыз. Сол күн, сол сәт өте қадірлі сәт еді. Сол күні расулуллаһтың сұхбатына қатысып, қасында болу, рухтарға азық болатын, жандарға ләззат беретін дидарын көру нәсіп болған еді.

(Бұл күннің қадірін құндылығын жеткізу үшін «сол күн, сол сәт өте қадірлі сәт еді» деп айтуда. Жәбрейіл алейһиссаламды адам түрінде көру, оның дауысын есту, құлдардың қажет еткен мәліметін анық түрде расулуллаһтың аузынан есіту нәсіп болған күннен артық күн болуы мүмкін бе?)

Сол кезде жүзі айдай бір кісі жанымызға келді. Киімі аппақ, шаштары қап-қара еді. Үстінде шаң, топырақ, тер сияқты жол жүріп келгендіктің белгісі жоқ еді. Расулуллаһтың сахабалары болған біздің ешқайсымыз оны танымайтынбыз. Яғни, көрген, білген адамымыз емес еді. Ол расулуллаһтың қасына отырды. Тізелерін оның тізесіне тигізіп отырды. (Бұл келген адам Жәбрейіл алейһиссалам болатын. Ол адам кейпіне енген еді. Жәбрейіл алейһиссаламның осылай отыруы маңызды нәрсені білдіретін еді. Яғни, дінді үйрену үшін ұялудың дұрыс еместігін және ұстазға тәкаппарлықтың жараспайтынын көрсетті. Барлық адамның дінде үйренгісі келген нәрсесін мұғалімінен еркін, қысылмастан сұрауы керек екенін Жәбрейіл алейһиссалам сахабаларға осылайша көрсетті. Өйткені, дінді үйренуде ұялу және Аллаһу та'аланың ақысын өтеуде, үйрену мен үйретуде ұялуға болмайды).

Сол кісі қолын пайғамбарымыздың тізесінің үстіне қойып, «Йа, Расулаллаһ! Маған Исламды, мұсылмандықты үйрет»,- деді.

Пайғамбарымыз: **«Исламның бірінші шарты – кәлимаи шаһадат айту»,**- деді. (Кәлимаи шаһадат айту – «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһү уә Расулуһү» деу. Яғни, ақылы толық, балиғатқа жеткен және сөйлей алатын адамның «Жер мен көкте Одан басқа ғибадат етуге және табынуға лайықты ешнәрсе және ешкім жоқ. Нағыз табынатын құдірет - тек Аллаһу та'ала. Ол уажиб-ул-вужуд. Ол барлық нәрседен үстем. Онда ешқандай кемшілік жоқ. Оның есімі Аллаһ» деуі және осыған шын жүректен сенуі. Және де «Ол жарқыраған жүзді, қара қасты, қара көзді, жазық маңдайлы, көркем мінезді, жылы сөзді, Хашими әулетінен шыққан Абдуллаһтың ұлы Мұхаммед деген адам Аллаһу та'аланың құлы және расулы, яғни пайғамбары» деп айтуы).

«Уақыты кіргенде намаз оқу. Малдың зекетін беру. Рамазан айында күнде ораза тұту. Шамасы жеткен адамның өмірінде бір рет қажылыққа баруы». Әлгі кісі расулуллаһтан осындай жауапты естігеннен кейін «Дұрыс айтасың, йа Расулаллаһ»,- деді. Біз, тыңдап отырғандар «Өзі сұрап, өзі растап отыр» деп таңырқадық.

Ол кісі «Йа, Расулаллаһ! Иманның не екенін түсіндір»,- деді.

(Бұл хадис шәрифте иманның сөздік мағынасын ойламау керек. Өйткені, сөздік мағынасының мақұлдау, сену екендігін арабтың ең надандары да біледі. Ал сахабалар білмейді деу мүлдем қисынсыз. Жәбрейіл алейһиссалам бұл сұрағымен сахабаларға иманның мағынасын үйреткісі келген еді. Бұл жерде Исламда не нәрсеге иман делінетіні сұралған). Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) иманның белгілі алты нәрсеге сену екенін былай түсіндірді:

«Алдымен Аллаһу та'алаға, періштелеріне, кітаптарына, расулдарына, ахирет күніне, жақсылық пен жамандықтардың Аллаһу та'аладан келетініне сену». Ол кісі тағы да «Дұрыс айтасың» деп мақұлдады. Сосын тағы да «Ихсанның не екенін түсіндір»,- деді. Пайғамбарымыз **«Аллаһу та'алаға оны көріп тұрғандай ғибадат жасау. Өйткені, сен оны көрмесең де Ол сені міндетті түрде көріп тұрады»**,- деді. Ол адам «Йа, Расулаллаһ! Маған қияметтен хабар бер»,- деді. Расулуллаһ алейһиссалам **«Бұл мәселеде сұрақ қойылған адам сұраған адамнан артық білмейді»**,- деді. Ол адам «Олай болса оның белгілерін айт»,- деді. **«Күңдердің өз қожайындарын дүниеге әкелуі, жалаң аяқ, жалаңаш, кедей шопандардың** (байып) **биік ғимарат салуда жарысқа түсуін көруің»** деді. Сосын ол адам кетіп қалды. Расулуллаһ маған қарап, **«Ей, Омар! Сұрақ қойған адамның кім екенін білесің бе?»**,- деді. «Аллаһу та'ала мен расулы бәрінен артық біледі»,- дедім. Расулуллаһ **«Ол Жибрил періште** (Жәбрейіл алейһиссалам) **болады. Сендерге діндеріңді үйрету үшін келді»,**- деді.

Пайғамбарымыз сахабаларына олардың діндегі дәрежелеріне, түсіне алатын деңгейлеріне қарай түсіндіретін. Сахабалардың ең ұлыларының бірі болған хазреті Омар бір күні бір жерден өтіп бара жатып пайғамбарымыздың Әбу Бәкір Сыддыққа (радиаллаһу анһ) бір нәрсе түсіндіріп жатқанын көреді. Олардың қасына барып тыңдайды. Мұны басқалар да көреді, бірақ барып тыңдауға бата алмайды. Ертеңіне хазреті Омарды (радиаллаһу анһ) көрген кезде «Йа, Омар! Расулуллаһ кеше сендерге бір нәрсе түсіндіріп жатыр еді. Айтшы, біз де білейік» дейді. Өйткені, пайғамбарымыз әрдайым **«Менен естігендеріңді діндес бауырларыңа да түсіндіріңдер. Бір-бірлеріңе хабарландар»** дейтін. Хазреті Омар «Кеше хазреті Әбу Бәкір Құран кәрімнен түсінбеген бір аятының мағынасын сұрапты, расулуллаһ соны түсіндіріп жатыр екен. Мен бір сағат тыңдадым.

Бірақ, еш нәрсе түсіне алмадым»,- деді. Өйткені, пайғамбарымыз хазреті Әбу Бәкірдің жоғары дәрежесіне қарай түсіндірген еді. Хазреті Омар да өте жоғары дәрежеде болатын, пайғамбарымыз **«Мен соңғы пайғамбармын. Менен кейін пайғамбар келмейді. Егер менен кейін пайғамбар келетін болса, Омар** (радиаллаһу анһ) **пайғамбар болар еді»** деген. Осындай дәрежеде бола тұра, ана тілі болған араб тілін өте жақсы біле тұра, Құран кәрімнің Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһ) түсіндірілген тәфсирін түсіне алмады. Әбу Бәкірдің дәрежесі одан да жоғары болатын. Хазреті Әбу Бәкір, тіпті Жәбрейіл алейһиссалам да Құран кәрімнің мағынасын, сырларын пайғамбарымыздан сұрайтын. Расулуллаһ алейһиссалам Құран кәрімнің толық тәфсирін сахабаларына үйретті.

Пайғамбарымыз осылайша сахабаларына дінді үйреткені секілді даулы істерге де қарап, куәгерлерді тыңдап, ең қиын түсініспеушіліктерді шешетін.

Салман Фарисидің (радиаллаһу анһ) мұсылман болуы

Күн өткен сайын Исламның нұры таралып, пайғамбарымыздың қасиетті есімі естілген жерде жүректерге орныға бастады. Оның келуін сарғая күткен ғылым жолындағы адамдар ізденіспен, толқыныспен Мәдинаға барып, иман келтіріп жатты. Солардың бірі Салман Фариси еді. Ол мұсылмандықты қалай қабылдағаны туралы былай баяндайды:

«Мен Фаристің (Иран) Исфахан қаласының Жей ауылынан шықтым. Әкем ауылдағы ең бай адам болатын, жеріміз бен малымыз көп еді. Үйдің жалғыз баласы едім. Сондықтан да мені қыздай етіп өсірді. Үйден шығармады. Өздері мәжуси (отқа табынатын) болғандықтан маған мәжусилікті үйретті. Үйде әрдайым бір от жанып тұратын, біз оған табынып, сәжде ететінбіз. Әкем бір күні мені сыртқа шығарып «Балам, мен өлгеннен кейін мына малдардың иесі сен боласың, сондықтан барып малдарыңмен, жерлеріңмен таныс»,- деді. Мен «Жарайды»,- дедім. Бір күні егістікті көруге бара жатқанымда жолда бір шіркеуге көзім түсті. Христиандардың дауысын естіп, оларға жақын барғанда олардың іште ғибадат етіп жатқандарын көрдім. Мен бұрын мұндай нәрсе көрмегендіктен таңданып қарап тұрдым. Өйткені, біздің ғибадатымыз от жағып,

соған табынудан ғана тұратын. Ал, олар болса көрінбейтін бір Аллаһқа ғибадат жасауда еді. Өз-өзіме «Бұлардың діні дұрыс, біздікі қате»,- дедім. Кешке дейін соларды тамашаладым. Егістікке бармай-ақ қараңғы түсе бастады. Олардан «Бұл діннің негізі қайда?»- деп сұрадым. Олар «Шамда» (Дамаск) деді. «Мен Шамға барсам мені қабылдай ма?»- деп сұрадым. «Иә, қабылдайды»- деп жауап берді. «Іштеріңде жақын арада Шамға баратын адам бар ма?» деп сұрағанда біраз уақыттан соң бір керуеннің баратынын айтты. Мен сөйлескен адамдар аз болатын, олар Шамнан Исфаханға келген еді.

Мен олармен сөйлесіп, үйге кеш қайттым. Менің келмегенімді көрген әкем мені іздеп, адам жіберіпті. Олар іздеп таба алмапты. Олар уайымдап отырғанда мен үйге келдім. Әкем «Осы уақытқа дейін қайда болдың? Сені іздемеген жеріміз қалмады» деді. Мен «Әке! Мен бүгін егістікке баруға шыққанмын. Жолда бір христиан шіркеуін көріп, ішіне кірдім. Олар өздері көрмеген, барлық нәрсеге күші жететін Аллаһқа сенеді екен. Олардың ғибадаттарына таң қалдым. Кешке дейін соларға қарап тамашалап тұрдым. Олардың дінінің ақиқат екенін түсіндім»,- дедім. Мұны естіген әкем «Балам, сен қателесіп тұрсың. Ата-бабаларыңның діні олардың дінінен дұрыс. Олардың діні қате, алданба, оларға сенбе»,- деді. Мен «Жоқ, олардың діні біздікінен дұрыс, қайырлы»,- дедім. Әкем қатты ашуланып, менің аяқ-қолымды байлап, үйге қамап қойды. Осылай жатып, Шамға баратын керуеннен хабар күттім. Ақырында христиан дінбасыларының керуен әзірлеп жатқанын естідім. Жіптерімді шешіп қашып, шіркеуге бардым. Бұл жерде тұра алмайтынымды айтып, керуенге қосылып, Шамға қарай жолға шықтым. Шамдағы христиан дінінің ең үлкен ғалымы туралы сұрадым. Маған бір адамды айтты, соған барып жағдайымды түсіндірдім. Соның қасында қалғым келетінін, соған қызмет ететінімді айтып, христиандықты үйретуін, Аллаһу та’ала туралы түсіндіруін қаладым. Ол өтінішімді қабылдады. Енді соның қасында болып, шіркеуде қызмет ете бастадым. Ол маған христиандықты үйретті. Бірақ, кейін оның нашар адам екенін аңғардым. Өйткені, христиандардың кедейлерге беру үшін жинайтын садақаларын, алтын, күмістерін ол мұқтаж жандарға бермейтін. Жеті құмыра алтын мен күміс жинаған еді. Оны менен басқа ешкім білмейтін. Біраз уақыттан кейін ол қайтыс болды. Христиандар оны жерлеуге жиналды. Оларға «Оған осынша құрмет көрсетесіңдер, ол мұндай құрметке лайық адам емес»,- дедім. «Мұны

қайдан шығардың?» деп, олар маған сенбеді. Мен оларға жинаған алтындары тұрған жерді көрсеттім. Олар «Бұл жерлеуге тұратын адам емес» деп, оны бір жерге апарып тастап үстін таспен жапты. Орнына басқа бір адам отырды. Бұл адам нағыз білімді, тақуа адам болатын, дүниелік істерге еш мән бермейтін. Ахиретке берілген, тек ахиреті үшін қызмет етіп, күндіз-түні ғибадат жасайтын. Ол маған қатты ұнап қалды, ұзақ уақыт соның жанында болдым. Оған қызметті қуана-қуана жасайтынмын. Бірге құлшылық жасайтынбыз. Бір күні оған «Ей, мырзам! Ұзақ уақыттан бері сіздің қасыңыздамын. Сізді қатты жақсы көремін. Өйткені, Аллаһу та’аланың бұйрықтарына бағынып, тыйымдарынан сақтанасыз. Қайтыс болған кезіңізде не өсиет айтасыз, мен не істейін?»- деп сұрадым. Ол «Балам, Шамда адамдарды тәрбиелейтін ешкім қалмады. Кімге барсаң да сені бұзады. Бірақ, Мусулда бір адам бар, соны тауып ал»,- деді. Ол қайтыс болғаннан кейін Мусулға бардым, айтқан адамын сұрастырып тауып, басымнан өткендерді әңгімелеп бердім. Мені шәкірттікке қабылдады. Ол да ғибадатқа берілген, тақуа адам болатын. Оған да ұзақ уақыт қызмет еттім. Бір күні ол ауырып қалды. Көз жұмарында оған да сондай сұрақтарды қойдым. Ол маған Нусайбиндегі бір тақуа кісі туралы айтты. Дереу Нусайбинге барып, айтқан адамын тауып, қасында болуды қалайтынымды айттым. Ол мені қабылдап, біраз уақыт оған да қызмет жасадым. Ол науқастанған кезде мені басқа біреуге жіберуін сұрадым. Бұл жолы Амурийа деген грек қаласында тұратын бір адамды айтты. Айтқан адамын тауып, ұзақ жылдар оған да қызмет еттім. Оның да дүниеден өтер уақыты таяды. Мені біреуге тапсыруын сұрағанымда «Бұл дәуірде христиандар арасында сен іздегендей ғалым кісі қалды ма, білмеймін. Бірақ, ақырзаман пайғамбары келетін уақыт жақындады. Ол арабтардың арасынан шығады. Отанынан көшіп шығып, жері тастақ құрмасы көп бір қалаға барып орналасады. Сыйлықты қабылдайды, бірақ садақаны қабылдамайды. Екі иығының ортасында пайғамбарлық мөр бар» деп оның белгілерін айтты. Бұл адам қайтыс болғаннан кейін оның айтуы бойынша араб жеріне баруды ұйғардым.

Амурийада жұмыс істеп, бірнеше өгіз бен бірнеше қой жинаған едім. Бәни Кәлб тайпасынан бір керуеннің араб жеріне қарай сапарға шығатынынан хабар таптым. Соларға «Мына сиырлар мен қойларды берейін, мені араб жеріне дейін ертіп кетіңдер»,- дедім, олар ұсынысымды қабылдап, мені қастарына ертті. Уәди-ул-Қура деген

жерге барған кезде маған қиянат жасап, мені құл деп бір яһудиге сатып жіберді. Яһудилердің тұратын жеріне барып, ол жерде көп құрма ағаштары өсетінін көрдім. Ақыр заман пайғамбарының хижрет ететін жері осы жер болуы керек деп ойладым. Бірақ, ол жерге қайтсем де үйрене алмадым. Осы яһудиге біраз уақыт қызмет еттім, ол мені көкесінің ұлына сатты. Жаңа қожайыным мені Мәдинаға алып барды. Мәдинаға барған кезде құтты бұл жерді бұрын да көргендей сезініп, ол жерге сіңісіп кеттім. Енді Мәдинада тұрып, мені сатып алған яһудидің бақшасында жұмыс істей бастадым. Бір жағынан негізгі мақсатыма жетуге асықтым.

Бір күні бір құрма ағашына мініп, құрма теріп жатқанмын. Ал төменде қожайыным бір кісілермен сөйлесіп тұрған еді. Бір уақыт әлгі адамның «Әус пен Хазрәж тайпалары құрысын. Меккеден бір адам Қубаға келіп, өзін пайғамбармын деп жүр. Бұл тайпалар оған сеніп, соның дініне кіруде...» деген сөздерін естіп қалдым. Мен бұл сөздерді естіген кезде есімнен тана жаздадым. Дереу жерге түсіп, «Не дейсің?»- деп сұрадым. Қожайыным маған «Саған не керек? Не істемексің оны? Сен жұмысыңды істе» деп мені жұдырықпен қойып жіберді. Сол күні кешке біраз құрма алып, Қубаға бардым. Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қасына барып, «Сіз жақсы адамсыз, қасыңызда кедейлер де бар болар. Мына құрмаларды сізге садақа ретінде әкелдім»,- дедім. Расулуллаһ қасындағы сахабаларға **«Келіңдер, құрма жеңдер»**,- деді. Олар жеді. Бірақ, өзі жеген жоқ. Мен «Міне, белгінің бірі осы. Садақаны қабыл алмады» деп ойлап, пайғамбарымыз Мәдинаға келгеннен кейін тағы да біраз құрма алып барып, «Бұл сыйлық» деп бердім. Бұл жолы ол қасындағы сахабалармен бірге құрманы жеді. «Бұл екінші белгі» деп ойладым. Мен жиырма бес шақты құрма апарған болатынмын. Бірақ, желінген құрманың сүйектері мыңға жуық болды. Пайғамбарымыздың мұғжизасымен құрма көбейген еді. Өз-өзіме «Тағы бір пайғамбарлық белгісін көрдім»,- дедім. Пайғамбарымызды көрейін деп тағы бір барғанымда, мәйітті жерлеп жатқанның үстінен шықтым. Арқасы ашылып кетсе, көрейінші, мөр бар ма екен деп қасына жақындағанымда ол менің ниетімді түсінгендей көйлегін көтерді. Екі күректері арасындағы пайғамбарлық мөрді көріп, дереу оны сүйіп жыладым. Сол жерде шаһадат кәлимасын айтып, мұсылман болдым. Сосын пайғамбарымызға басымнан өткен оқиғаларды айтып бердім. Ол таңданып, мұны сахабаларға да айтып беруімді сұрады. Сахабалар

жиналып, мен оларға басымнан өткен жағдайларды егжей-тегжейлі айтып бердім».

Салман Фариси (радиаллһу анһ) иман келтірген кезде араб тілін білмейтіндіктен аудармашы сұрайды. Келген яһуди аудармашы оның пайғамбарымызды мадақтап айтқан сөздерін керісінше аударады. Сол кезде Жәбрейіл алейһиссалам келіп, хазреті Салманның сөздерін пайғамбарымызға дұрыс қалпында жеткізді. Әлгі аудармашы яһуди мұны көріп, шаһадат кәлимасын айтып, мұсылмандықты қабылдады.

Салман Фариси (радиаллаһу анһ) мұсылман болғаннан кейін біраз уақытқа дейін құлдық қызметін атқарып жүрді. Пайғамбарымыз **«Өзіңді құлдықтан құтқар, йа Салман»** деген сөзіне орай қожайынына барып, азат етуін сұрады. Мұны әрең қабылдаған яһуди үш жүз құрма көшетін отырғызып, соларды жеміс беретін жағдайға жеткізу және қырық руқйа (сол дәуірдің өлшем бірлігі) алтын беру шартын қояды.

Салман Фариси (радиаллаһу анһ) бұл туралы пайғамбарымызға айтады. Ол сахабаларына **«Бауырларыңа көмектесіңдер»**,- деді. Ол үшін үш жүз құрма көшетін жинады. Пайғамбарымыз **«Осылардың шұңқырын қазып, дайын болғанда маған айт»**,- деді. Шұңқырлар дайын болған кезде пайғамбарымыз көшеттерді өз қолымен екті. Біреуін хазреті Омар екті. Хазреті Омар отырғызған көшеттен басқа көшеттердің барлығы Аллаһтың құдіретімен сол жылы жеміс салды. Пайғамбарымыз ол көшетті жұлып алып, қайтадан отырғызғанда ол көшет те жеміс берді.

Хазреті Салман Фариси айтады: «Бір күні бір танымайтын адам мені іздеп тауып келіп, қолыма жұмыртқаның үлкендігіндей бір бас алтынды ұстатып кетті. Алтынды алып, Пайғамбарымызға барып, болған жәйтті айтып бердім.

Расулуллаһ алтынды қайтып маған беріп, **«Осы алтынды алып, қарызыңды төле»**,- деді. Мен «Йа, Расулаллаһ! Бұл алтын яһудидің сұраған алтынының салмағына жетпейді» дегенде пайғамбарымыз алтынды алып, тіліне тигізді. **«Ал мынаны. Аллаһу та'ала осымен сенің қарызыңды жояды»**,- деді. Алтынды өлшеп көрсем, яһудидің сұрағанындай салмақта екен. Оны яһудиге апарып бердім. Осылайша, құлдықтан құтылдым».

Салман Фариси (радиаллаһу анһ) осыдан соң Асхаб-ы суффа қатарына қосылды.

Періштелер тыңдау үшін келетін

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құран кәрімді жаттан өте әсем, әсерлі етіп оқитыны соншалық, оны тыңдаған кәпірлер де таң қалатын. Оны тыңдайтын мұсылмандардың саны өте көп еді. Хазреті Бәра бин Азиб айтады: «Бір құптан намазынан кейін пайғамбарымыз «Тин» сүресін оқып отырғанын тыңдадым, оның өте әсем оқығаны соншалық, өмірімде дауысы мен оқу мәнері одан жағымды адамды көрген емеспін».

Сахабалардың ішінде дауысы керемет, Құран оқығанда өзі де жылап, басқаны да жылататын адамдар көп еді. Солардың бірі Усәйд бин Худайр (радиаллаһу анһ) болатын. Бір күні түнде атын қасына байлап қойып, «Бақара» сүресін оқи бастайды. Оқып отырғанда аты бірден үркиді. Хазреті Усәйд оқудан тоқтайды, ат тыныштала ды. Қайтадан оқи бастағанда ат тағы да үркиді. Тоқтатса тағы да тыныштала ды. Қайтадан оқи бастағанда, ат тағы да үркеді. Усәйд бин Худайрдың (радиаллаһу анһ) баласы атқа жақын жерде жатқандықтан ат басып кетуінен қорқып, оқуды тоқтатады. Аспанға қарағанда ақ бұлттың көлеңкесіне ұқсайтын түтін ішінен шырақ сияқты жарқыраған нәрселерді көрді. Оқуды тоқтатқан кезде сол жарқыраған нәрселердің аспанға қарай биіктеп көтерілгенін көрді. Таң атқаннан кейін пайғамбарымызға барып, болған жәйтті айтып береді. Пайғамбарымыз **«Олардың не екенін білесің бе?»** деп сұрағанда хазреті Усәйд «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ білмеймін» дейді. Пайғамбарымыз: **«Олар періштелер болатын. Сенің дауысыңа жақындаған еді. Егер оқуды жалғастыра бергеніңде таңға дейін олар сені тыңдап, адамдар да оларды көріп тамашалайтын еді. Олар халықтан жасырынбас еді»**,- деді.

Құран кәрімді беріліп оқитындардың бірі хазреті Әбу Бәкір болатын. Намазда оқи бастағанда өзін ұстай алмайтын, көздерінен жас құйылатын. Көргендер оның бұл халіне қайран қалатын. Бір күні мүшріктер жиналып, «Бұл адам пайғамбардың әкелгендерін бар жанымен оқып, көз жасына ерік береді. Балаларымыз бен әйелдеріміз оның осы жағдайына әсерленіп, мұсылман болады деп қорқамыз» дейді.

Пайғамбарымыздың дидарын көріп, оған шын ықыласпен берілгендердің, сөздерін және оқыған Құранын естіп, таңданып, мұсылман болғандардың бірі Абдуллаһ бин Сәлам болатын.

Тәурат пен Інжілді жақсы білетін Абдуллаһ бин Сәлам (радиаллаһу анһ) иман келтіруден бұрын яһуди ғалымы болатын. Өзі мұсылмандықты қалай қабылдағаны туралы былай әңгімелеген: «Мен Тәурат пен оның түсіндірмелерін әкемнен оқып үйрендім. Бір күні әкем ақырзаманда келетін пайғамбардың сипаттарын, белгілерін, жасайтын істерін маған айтып берді. «Егер ол Харун әулетінен шығатын болса ғана оған бағынамын, әйтпесе бағынбаймын» деп, пайғамбарымыз Мәдинаға келместен бұрын қайтыс болды.

Пайғамбарымыздың Меккеде пайғамбарлығын жариялағанын естіген кезімде оның сипаттарын, есімін және келетін уақытын білетінмін. Сол себептен оны күтіп жүрдім. Пайғамбарымыз Мәдина маңындағы Қуба деген жердегі Амр бин Ауф ұлдарының үйіне қонақ болып түскенін біреуден естігенге дейін мұны яһудилерден жасырып жүрдім.

Бір күні бақшамда құрма жинап жүргенімде Надир ұлдарының бірі «Бүгін арабтардың адамы келді» деп айқайлады. Мен қалшылдап дірілдей бастадым. Қуанғанымнан аузымнан «Аллаһу әкбар» деген тәкбір кәлимасы шығып кетті. Сол кезде әпкем Халида бинти Харис ағаштың түбінде отырған болатын. Ол өте қарт кісі болатын. Тәкбірді естіп «Аллаһ мақсатыңа жеткізбесін. Сен Мұса бин Имранның келетінін естісең осылай қуанбас едің» деп мені ұрысқандай болды. Оған «Әпке! Ол Мұса бин Имранның бауыры. Сол сияқты пайғамбар. Соның жолында және сол сияқты тәуһид сенімімен жіберілген»,- дедім. Ол маған «Ей, бауырымның баласы. Әлде бізге қияметке жақын келетіні білдірілген пайғамбар сол ма?»- деп сұрады. «Иә, дәл өзі»,- дедім, ол «Онда дұрыс айтасың»,- деді.

Расулуллаһ Мәдинаға хижрет еткен кезде оны көру үшін халықпен бірге мен де бардым. Оның дидарын, нұрлы келбетін көре сала «Оның жүзі өтірікшінің жүзі емес»,- дедім. Расулуллаһ жиналған адамдарға Исламды түсіндіріп, насихаттар айтты. Сол жерде расулуллаһтан естіген алғашқы хадис шәрифім мынау:

«Сәлемді араларыңда жайыңдар, аш адамдарды тойғызыңдар, туыстарыңмен араласыңдар, елдер ұйықтап жатқанда намаз оқыңдар. Осылайша, жұмаққа кіресіңдер».

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мені пайғамбарлық нұры арқылы танып, **«Сен Мәдина ғалымы Ибни Сәламсың ба?»**- деп сұрады. Мен «Иә» дегенде пайғамбарымыз **«Қасыма жақында»** деп, былай сұрады: **«Ей, Абдуллаһ! Аллаһу**

та'ала үшін шындықты айт. Тәураттан менің сипаттарымды оқып үйренбедің бе?» Мен «Аллаһу та'аланың сипаттары нелер екенін айтыңыз-шы?»,- дедім. Пайғамбарымыз біраз күтіп тұрды, сонда Жәбрейіл алейһиссалам «Ихлас» сүресін түсірді. Расулуллаһ оқыған осы сүрені естіген кезде пайғамбарымызға «Иә, Расулаллаһ! Дұрыс айтасыз. Ант етемін, Аллаһу та'аладан басқа илаһ жоқ. Сіз Оның құлы және Расулысыз» деп, кәлимаи шаһадат айтып, мұсылман болдым».

Сосын «Йа, Расулаллаһ! Яһудилер ұялмай өтірік айтатын, негізсіз жалалар жабатын залым халық. Егер сіз мен туралы олардан сұрап білместен бұрын олар менің мұсылман болғанымды білсе, маған көптеген жалалар жабатыны ақиқат. Сіз алдымен олардан мен жайлы сұраңызшы, не дейді екен?» деп, үйдің бір бұрышына жасырындым. Менің артымнан бөлмеге бір топ яһуди кірді. Пайғамбарымыз яһудилерден **«Қауымдастарың Абдуллаһ бин Сәлам қандай адам?»**- деп сұрады. Яһудилер «Ол біздің ең танымал, ең абыройлы ғалымымыз, өзі ең күшті данышпанымыздың ұлы. Тағы ол біздің ішіміздегі ең қайырлымыз және ең қайырлы адамымыздың ұлы»,- деді. Сосын пайғамбарымыз яһудилерге **«Егер ол мұсылман болса, оған не дейсіңдер?»-** деп сұрады. Яһудилер «Аллаһ оны ондай нәрседен сақтасын»- деп жауап берді.

Сол кезде жасырынған жерімнен шығып, «Ей, яһуди қауымы! Аллаһу та'аладан қорқыңдар. Өздеріңе келген мына нығметті қабылдаңдар. Сендер де білесіңдер, қолдарыңдағы Тәуратта есімі мен сипаттары жазылған Аллаһу та'аланың расулы осы. Мұхаммед алейһиссалам Оның құлы және расулы»,- дедім. Осыдан кейін яһудилер «Бұл біздің ең жаман адамымыз және ең жаман адамымыздың ұлы» деп әр түрлі жалалар жаба бастады. Мен «Менің қорыққан нәрсем де осы еді. Йа, Расулаллаһ! Мен олардың залым, өтірікші, жалақор халық екенін сізге айттым емес пе? Міне, бәрі дәлелденді»,- дедім. Пайғамбарымыз яһудилерге **«Бірінші айтқандарың бізге жетеді, екіншісі керек емес»**,- деді. Мен үйіме қайттым. Отбасым мен туыстарымды Исламға шақырдым. Әпкеммен қоса барлығы мұсылман болды.

Менің иман келтіруім яһудилерді қатты ашуландырды. Сондықтан да мені қинай бастады. Тіпті, кейбір яһудилер «Арабтардан пайғамбар шықпайды, сенің адамың жай ғана көсем, билеуші» деп, мені Исламнан бас тартқызуға тырысты, бірақ ниетіне жете алмады.

Онымен бірге Саләбә бин Сайә, Усәйд бин Сайә, Әсад бин Убәйд (радиаллаһу анһум) және кейбір яһудилер шын көңілдерімен мұсылмандықты қабылдады. Кейбір яһуди ғалымдары халық арасына «Мұхаммедке тек біздің жаман адамдарымыз сенді, егер олар жақсы адамдар болса, ата-бабаларының дінін тастамас еді» деген сөз таратты. Осыған орай Аллаһу та'ала оларға жауап ретінде аят түсіріп былай деді: **«Олардың** (христиан және яһудилердің) **барлығы бірдей емес. Әһли кітаптың** (христиан және яһудилердің) **ішінде ғибадат жасайтын бір жамағат бар, олар түнгі уақыттарда сәждеге барып, Аллаһу та'аланың аяттарын оқиды».** («Али Имран» сүресі, 113)

Хижреттің бірінші жылында орын алған кейбір оқиғалар

Хижреттің бірінші жылы Ансардан Әсад бин Зурарә, Бәра бин Марур, Күлсүм бин Хидм, мұхажирлерден Осман бин Мазун (радиаллаһу анһум) қайтыс болды. Кәпірлермен соғысуға рұқсат берілді. Сондай-ақ, Мәдинаның ауасы мен суына шыдай алмаған Әбу Бәкір мен Біләл Хабәши (радиаллаһу анһум) безгек ауруына шалдықты. Осыған орай пайғамбарымыз **«Йа, Раббым! Меккені жақсы көргізгенің сияқты Мәдинаны да жақсы ет, бұл жерде бізге береке мен мол ризық бер»** деп дұға етті. Хақ та'ала дұғасын қабыл етіп, мұхажирлер үшін Мәдинаны жайлы мекен етті.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өзі де қатысқан Әбуа, Уәддан соғыстары осы жылы болды. Екінші жылдың басында Бууат, Сафәуан, Зулушәйра соғыстары жалғасты.

Алғашқы жазбаша келісім

Меккелік мүшріктер де қарап тұрмады, пайғамбарымызға Меккеде жасай алмағандарын Мәдинада жасауға тырысты. Мәдиналық мүшріктерді ескертіп, шарт қойған хаттар жазып, Мәдинадағы яһуди тайпаларына да қорқытатын мәндегі хаттар жазып, хабарлар жіберді. Олардың бұл әрекеттері яһудилердің Расулуллаһқа жақындай түсуіне себеп болды.

Осы арада яһудилер пайғамбарымызға барып, «Сізбен бейбіт келісімге келу үшін келдік. Бір келісім жасасайық, бір-бірімізге зиян келтірмейік»,- деді. Пайғамбарымыз олармен 55 баптан тұратын

келісім жасасты. Онда қабылданған шешімдердің біразы мыналар:

1- Бұл келісім Мұхаммед алейһиссалам тарапынан меккелік және мәдиналық мұсылмандар мен оларға бағынатындар және кейіннен қосылғандар және солармен бірге соғысқандар арасында жазылған құжат болып табылады.

2- Күмәнсіз, бұлар басқа адамдардан бөлек бір жамағат.

3- Әрбір тайпа тұтқындарын босатып алу төлемдерін (мұсылмандар арасындағы әділет бойынша) ортақтаса төлейді.

4- Мұсылмандар өз араларында қақтығыс шығарған адамдарға өз балалары болса да қарсы тұрады.

5- Яһудилердің ішінен мұсылмандарға бағынғандар зұлымдыққа ұшырамайды, оларға көмек беріледі.

6- Яһудилер мұсылмандармен бірігіп, бір қоғам құрайды, әркім өз дінінің міндетін орындайды.

7- Яһудилердің ешқайсысы Мұхаммед алейһиссаламның рұқсатынсыз әскери жорыққа шыға алмайды.

8- Ешкім келісім жасасқан адамына жамандық істемейді, зұлымдыққа душар болған адамға көмек береді.

9- Мәдина жері осы келісімді жасасқан адамдар үшін тиісуге болмайтын аймақ болып табылады.

10- Меккелік мүшріктер мен оларға көмектескендерге ешқандай қолдау көрсетілмейді.

11- Мәдинаға шабуыл жасайтын адамдарға қарсы яһудилер мен мұсылмандар өз араларында көмекке келеді.

Яһудилер осы келісім арқылы (көрініс те) мұсылмандармен достық қатынас құрып, оларға кек сақтамауы және дұшпандық әрекеттер жасамауы керек болатын.

Ей, сүйікті құлым! Ренжіме!..

Пайғамбарымыздың хижретінен бұрын Мәдинадағы Хазрәж тайпасының басшысы Абдуллаһ бин Убәй Мәдинаның басшысы (патшасы) болып сайлануы керек еді. Ақаба анттары, одан кейінгі хижрет оқиғасы және Әус және Хазрәж тайпаларының көбісі мұсылмандықты қабылдауынан соң Абдуллаһ бин Убәй басшы бола алмай қалды. Сол себептен Абдуллаһ бин Убәй пайғамбарымызға, мұхажир сахабаларға, мәдиналық сахабаларға тісін қайрап жүрді, бірақ дұшпандығын білдірмеді. Өзі сияқты бірнеше адаммен бірге

мұнафықтар тобын құрды. Олар мұсылмандардың жанында Ислам дініне кіргендіктерін айтса да, бірақ арттарынан оларды мазақ ететін. Жасырын жүріп, арандатушылық әрекеттер шығара бастады. Бұл екіжүзділер пайғамбарымыздың сөздерін бұрмалап, елдерге керісінше мағынада жеткізіп, өзгертіп айтуға дейін барды.

Дұшпандық ниеттерін іштеріне бүккен яһудилер пайғамбарымызбен бір келісім шарт жасасты. Пайғамбарымызға топтасып келіп, өздеріне қиын болған мәселелерді сұрады. Алған жауаптарынан оның нағыз пайғамбар екенін түсінді. Бірақ, қырсықтық пен қызғаныштан иман келтірмеді. Осыған орай пайғамбарымыз **«Маған яһуди ғалымдарынан он адам иман келтіретін болса, яһудилердің барлығы иман келтірер еді»**,- деді. Расулуллаһтың осындай ренішіне Аллаһу та'ала мына аят кәримәсында жұбату айтты: **«Ей, мәртебелі Расул! Жүректерімен сенбестен ауыздарымен сендік дегендер** (мұнафықтар) **мен яһудилердің кәпірлері сені ренжітпесін. Олар әрдайым өтірік тыңдайтындар және сенің алдыңа келмеген басқа бір қауымға** (Хайбәр яһудилеріне Құрәйза ұлдары) **тыңшылық жасайтындар. Сөздер** (Аллаһу та'ала тарапынан) **орнына қойылғаннан кейін оны өзгертеді. «Егер сендерге мына фәтуә берілсе, оны қабылдаңдар, берілмесе сақтаныңдар» дейді. Аллаһу та'ала кімнің бүлікке ұшырағанын қаласа, сен Аллаһу та'аланың қалауын болдырмауға тосқауыл бола алмайсың. Олар сондай адамдар, Аллаһу та'ала (олардың) жүректерін тазалауды қаламаған. Олар үшін дүниеде төмендікпен бейбақтық, ал ахиретте өте ауыр азаптар бар».** («Маида» сүресі, 41)

Жасалған келісім шартқа байланысты кейбір сахабалар көршілері болған яһудилермен достасқан еді. Аллаһу та'ала оларға бұл мәселеде тыйым салып **«Ей, иман келтіргендер! Діндес бауырларыңнан басқалармен** (кәпір және мұнафықтармен) **дос болмаңдар. Олар сендерге жамандық жасаудан тайынбайды және сендердің қиын жағдайға душар болғандарыңды қалайды. Олар сендерге деген өшпенділіктері мен дұшпандықтарын өз ауыздарымен айтуда. Ал жүректеріндегі дұшпандық одан да көп. Олардың дұшпандықтарына қатысты аяттарды жеткіздік, егер түсініп, ойланар болсаңдар...»** («Али Имран» сүресі, 118)

Меккелік мүшріктер мәдиналық мүшріктерді, мұнафықтарды, яһудилерді және Мәдинаның маңындағы тайпаларды қорқыта берді.

Олар тезірек Исламның нұрын сөндіріп, пайғамбарымызды өлтіруді қалады.

Мұнафықтар мен мүшріктердің осындай әрекеттеріне қарсы пайғамбарымыз тек бейбіт жолды таңдады. Кейбір сахабалар дұшпанға қарсы шығудың уақыты келгенін айтып «Йа, Раббым! Біз үшін сенің жолыңда мына мүшріктермен соғысудан артық нәрсе жоқ. Бұл Құрайыш мүшріктері сүйікті құлыңның пайғамбарлығын теріске шығарып, оны Меккеден кетуге мәжбүр етті. Аллаһым! Енді олармен соғысуға рұқсат етерсің» деп дұға етті.

Ал, пайғамбарымыз болса, бұл мәселеде Аллаһу та'аланың бұйрығын күтіп, оның бұйрығына қарай әрекет жасаған еді. Уақыт, сәті жеткен еді. Жәбрейіл (алейһиссалам) әкелген уаһимен былай бұйырылды: **«Сендерге қарсы соғыс ашқандарға сендер де Аллаһ жолында соғысыңдар. Бірақ, шектен шығып кетпеңдер.** (Сендермен соғыспағандарға тиіспеңдер. Соғысқан күнде де әйелдерді, балаларды, қарттарды өлтірмеңдер, оларды жәбірлемеңдер) **Сөзсіз, Аллаһу та'ала шектен шыққандарды ұнатпайды. Оларды** (кәпірлерді) **қай жерде көрсеңдер өлтіріңдер. Олар сендерді** (Меккеден) **шығарғаны секілді сендер де оларды шығарыңдар. Олардың ширк қосу бүліктері адам өлтіргеннен де жаман. Олар Харам мешітінде сендермен соғыспайынша сендер де ол жерде олармен соғыспаңдар. Бірақ, олар сендерді ол жерде өлтірсе, сендер де оларды сол жерде өлтіріңдер. Кәпірлердің жазасы осы. Егер олар Аллаһу та'аланы теріске шығарудан, соғыстан бас тартса** (сендер де тоқтатыңдар. Өйткені,) **Аллаһу та'ала өте мейірімді, аса рақымды».** («Бақара» сүресі, 190-192) Кейіннен жіберілген бір аятта **«Ширк деген бүлік жойылғанша және дін де тек Аллаһу та'аланың діні болғанға дейін ол мүшріктермен соғысыңдар.** (Ширктен) **бас тартса** (оларға зұлымдық жоқ.) **Ендеше дұшпандық** (жаза) **тек залымдарға»** делінді. («Бақара» сүресі, 193)

Алғашқы жасақтар

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаның қауіпсіздігін сақтау, дұшпандардың жағдайын бақылау үшін жасақтар, яғни шағын әскери топтар құрды. Олардың саны төрт жүз бен бес жүз арасында өзгеретін. Пайғамбарымыз қатысқан және өзі басқарған соғыстар "ғаза" деп аталды. Пайғамбарымыз дұшпанның тұтқиылдан шабуылының алдын алу үшін Мәдинада кезекшілік әдісті орнатып, қауіпсіздік шарасын қамданды.

Мүшріктерді сауда және экономикалық тұрғыдан әлсіретіп, жолға салу қажет болды. Бұл үшін Сирия сауда жолдарын жабулары керек еді. Осы кезде бір мүшрік керуенінің Мәдинаға жақын жерден өтіп бара жатқанын естиді. Пайғамбарымыз дереу жорыққа дайындалуды бұйырып, отыз атты әскерге хазреті Хамзаны басшы етіп сайлады. Оған Аллаһу та'аладан қорқу және қол астындағыларға жақсы қарауын айтып **«Аллаһу та'аланың жолында Аллаһу та'аланың есімін ұрандап, ғазаға шығыңдар! Аллаһу та'аланы танымайтындармен соғысыңдар»**,- деді. Хазреті Хамзаға ақ ту беріп, шығарып салды.

Хазреті Хамза қарамағындағы атты әскерімен үш жүз атты әскер қорғаған мүшрік керуеніне қарай беттеді. Керуен Шамнан Меккеге бара жатқан жолдағы Сифр-ул Бахр деген жерге жеткен кезде мүжаһидтерге кездеседі. Сахабалар соғысуға дайындалып тұрғанда, сол жердегі Мәжди бин Амр әл-Жүхәни келеді. Мәжди бин Әл-Жүхәни екі жақтың да одақтасы болатын. Мұсылмандардың саны аз екенін көріп, олар жеңіледі деп ойлады. Мұсылман мемлекетінің мәңгілік жасайтынын ойлап, екі жақты соғысудан бас тартуға шақырды. Сөйтіп, хазреті Хамза мен адамдары Мәдинаға қайтты. Мәждидің әрекеті пайғамбарымызға айтылған кезде разылығын білдіріп, **«Мүбәрәк, жақсы және дұрыс іс істепті»**,- деді.

Осыдан кейін жорықтар жалғаса берді. Убәйдә бин Харистің қарамағына алпыс немесе сексен шақты мүжаһид беріліп, Рабиғқа жіберілді. Мүшріктер мұсылмандардан қорқып, қашып құтылды.

Пайғамбарымыз бір күні Құрайыш мүшріктерін бақылау үшін Нахләге жасақ жіберуді ойлады. Жіберілетін әскерлерге Әбу Убәйдә бин Жәррахты (радиаллаһу анһ) қолбасшы еткісі келді. Әбу Убәйда бин Жәррах (радиаллаһу анһ) бұл бұйрықты алған кезінде

пайғамбарымыздан алыстайтындықтан жылай бастайды. Расулуллаһ алейһиссалам оның орнына Абдуллаһ бин Жахшты (радиаллаһу анһ) тағайындайды.

Абдуллаһ бин Жахш (радиаллаһу анһ) Исламға берілген адам болатын. Мұсылман болған кезінде кәпірлер оған неше түрлі қастандықтар жасаса да оларға иманының күшімен қарсы тұрып, тартқызған азаптарына шыдаған болатын. Сондықтан пайғамбарымыз ол туралы сахабаларына **«...Аштық пен шөлге ең көп шыдаған адам»** деген. Абдуллаһ бин Жахш (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздың шәһидтер туралы сүйіншісін естіп, әрдайым шәһидтік жолға ұмтылатын. Соғыстарда ең алдыңғы шепте қаһармандық, батырлықпен соғысатын.

Хазреті Абдуллаһ бин Жахш айтады: «Сол күні пайғамбарымыз құптан намазын оқып болып, мені жанына шақырды. **«Ертең ерте маған кел. Қаруыңды да ала кел. Сені бір жаққа жіберемін»**,- деді. Таң атқан соң мешітке бардым. Қылышымды, қалқанымды, садағымды, жебемді алып бардым. Пайғамбарымыз бамдат намазын оқытқаннан кейін үйіне келді. Мен ерте келіп есіктің алдында күтіп отырған болатынмын. Мұхажирлерден менімен бірге баратын бірнеше адам тапты. **«Сені осы адамдарға қолбасшы еттім»** деп бір хат берді. **«Бар, екі түндік жолдан кейін хатты аш. Сонда жазылғаны бойынша әрекет жаса»**,- деді. «Йа, Расулаллаһ! Қай жаққа қарай жүрейін?»- деп сұрадым. **«Нәждийә жолына түс. Рақийәға, құдыққа бет ал»**,- деді. Абдуллаһ бин Жахшқа (радиаллаһу анһ) Нахлә жорығы тапсырылғаннан кейін оған алғаш рет «Әмир-ул муминин» (мұсылмандардың әмірі) деген сипат тағылды. Исламда ең алғаш осы есіммен аталған адам сол болды. Сегіз немесе он екі адамдық топпен екі күннен кейін «Мәләл» деген жерге жетіп, хатты ашады. Онда:

«Бисмилләһир-рахманир-рахим. Бұл хатты оқыған кезіңде Мекке мен Таиф арасындағы Нахлә деген жерге түскенше Аллаһу та'аланың есімі және берекесімен барып жетесің. Жолдастарыңның ешқайсысын өзіңмен бірге баруға қинама. Нахләдегі Құрайыштардың керуенін бақылайсың. Олардың жағдайы туралы бізге айтасың» деп жазылған еді.

Әмир-ул муминин хазреті Абдуллаһ бин Жахш хатты оқығаннан кейін «Біз Аллаһу та'аланың құлдарымыз. Және бәріміз Соған қайтып ораламыз. Естідім, бағындым. Аллаһу та'аланың және

Оның пайғамбарының бұйрығын орындаймын» деп, хатты сүйіп басына қойды. Сосын жолдастарына қарап, «Кім шәһид болуды қаласа менімен жүрсін. Барғысы келмеген адам қайта берсін. Ешкімді қинамаймын. Бармасаңдар мен жалғыз өзім барып, пайғамбарымыздың бұйрығын орындаймын»,- деді. Жолдастары бәрі бірден «Біз пайғамбарымыздың бұйрығын естідік. Аллаһу та'алаға, Расулуллаһқа және саған бағынамыз. Қайда барсаң да Аллаһу та'аланың берекесімен бар»,- деді. Са'д бин Әбу Уаққас та (радиаллаһу анһ) қосылған осы шағын әскер Хижазға қарай бет алып, Нахләге барды. Бір жерге жасырынып, сол жерден өткен-кеткен Құрайыштықтарды аңдыды. Бір кезде бір Құрайыш керуені өтеді. Түйелеріне жүк артылған болатын. Мұхажирлер керуенді ұстап, оларды Исламға шақырды. Олар қабылдамаған соң соғыса бастады. Олардың біреуін өлтіріп, екеуін тұтқынға алды, біреуі атты кісі болғандықтан оған жете алмай қалады. Кәпірлердің барлық заты мұжаһидтерде қалды. Абдуллаһ бин Жахш (радиаллаһу анһ) осы олжаның бестен бірін пайғамбарымызға бөліп қойды. Бұл мұсылмандардың алған алғашқы ғаниметі (соғыс олжасы) еді.

Мәсжиди Қыбләтәйн

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаға көшкеніне он жеті ай болған еді. Осыған дейін олар намаздарын Құдыстағы Бәйт-үл-Мақдиске қарап оқитын. Осы кезде яһудилердің «Не деген ғажап іс. Діні бізден бөлек, бірақ қыбласы біздікіндей» деген сөздері пайғамбарымызға жетті. Бұл сөздерге ол ренжиді. Бір күні Жәбрейіл алейһиссалам келген кезде оған **«Ей, Жәбрейіл! Аллаһу та'аланың жүзімді яһудилердің қыбласынан Қағбаға бұрғызуын қалаймын»**,- деді. Жәбрейіл алейһиссалам «Мен жай ғана құлмын. Мұны Аллаһу та'аладан сұра»,- деді. Осыдан кейін «Бақара» сүресінің 144-ші аяты түсті. Онда **«**(Ей, сүйікті құлым! Уаһидің келуі үшін) **жүзіңді көкке қаратып тұрғаныңды көріп тұрмыз. Сондықтан біз сені өзің разы болатын қыблаға бұрамыз. Енді бетіңді Харам мешітіне** (Қағбаға) **бұр.** (Ей, мүминдер!) **Сендер де қай жерде болсаңдар да беттеріңді сол жаққа бұрыңдар. Күмәнсіз, өздеріне кітап берілгендер осы қыблаға бұрылудың Раббылары тарапынан жасалғанын біледі. Ал, Аллаһу та'ала олардың жасағандарын біледі»**. Бұл аят кәримә түскен кезде

расулуллаһ сахабаларымен бесін намазын оқып жатқан болатын. Намаздың жартысына келген болатын. Уаһиды ала сала беттерін қыблаға бұрды. Сахабалар да пайғамбарымыздың артынан беттерін қыблаға қаратты. Бұл мешіт «Мәсжиди Қыбләтәйн», яғни «екі қыблалы мешіт» деп аталды. Пайғамбарымыз Құбаға да барып, алғаш салынған мешіттің михрабын өз қолымен қайтадан жасап, мешіттің қабырғасын өзгертті.

БӘДІР СОҒЫСЫ

Жасақтар арқылы сахабалардың (радиаллаһу анһум) жетістіктерге қол жеткізуі кәпірлердің бойында үрей тудыра бастады. Енді олардың керуендері топтасып, қастарына әскерлер алып жолға шығатын болды. Хижреттің екінші жылында меккелік мүшріктер әр үйден жинап, мың түйелік керуенді Шамға жібереді. Оларды басқарған Меккенің бетке тұтар адамы Әбу Суфйан әлі мұсылмандықты қабылдамаған болатын. Керуенді қорғауға қырық шақты қорғаушы қойылды. Апарған заттары сатылғаннан кейін ақшаның бәріне қару сатып алып, оларды мұсылмандармен соғысуға қолданамыз деп ойлады.

Пайғамбарымыз мүшріктердің осы үлкен керуенінің сауда-саттық үшін Шамға жіберілгенін естіп, жағдайды бақылау үшін бірнеше мұхажирге тапсырма берді. Бақылауға жіберілген әскерлер Зулаширә деген жерге барған кездерінде керуеннің өтіп кеткенін көріп, Мәдинаға қайтты. Егер осы керуендегі кәпірлердің қарулары мен заттары алып қойылатын болса, мұсылмандарға олардың зияны тимей, қарсы тұратын күштері қалмас еді. Сол себептен расулуллаһ Талха бин Абдуллаһ пен Саид бин Зәйдті (радиаллаһу анһум) керуеннің қайтуын барлауға жіберді.

Жақсы мүмкіндік туған еді. Пайғамбарымыз дайындық жасап, Мәдинада өзінің орнына намаз имамы ретінде Абдуллаһ ибн Үмми Мәктумды (радиаллаһу анһ) қалдырды. Әйелі науқас болған хазреті Осман мен сол сияқты алты адамға тапсырма беріп, Мәдинада қалдырды. Жанына мұхажирлер мен ансардан үш жүз бес сахабаны ертіп, 12 рамазанда Бәдірге қарай бет алды. Олардың саны Мәдинада қалғандарды қосқанда 313 адам болатын. Бәдір – Мекке, Мәдина және Сирияға баратын жолдардың қиысатын жері еді.

Осы жорыққа шығуға жасөспірімдер, тіпті әйелдер де пайғамбарымыздан өтініп рұқсат сұрасты. Үммү Уәрақаның (радиаллаһу анһа) пайғамбарымызға барып: «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Рұқсат берсеңіз, сізбен барғым келеді. Жараланғандардың жарасын таңып, ауырғандарға көмек берермін. Бәлкім, маған да Аллаһу та'ала шәһид болуды жазар» дегенде пайғамбарымыз **«Сен үйіңде отыр. Құран кәрім оқы. Күмәнсіз, Аллаһу та'ала саған шәһидтікті нәсіп етеді»,**- деді.

Са'д бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһ) айтады: «Пайғамбарымыз бізбен бірге соғысқа барғысы келген балаларды кері қайтарғысы келгенде бауырым Умәйрдің жасырынып, көзге түскісі келмегенін байқадым. Ол кезде ол он алты жаста болатын. «Сағаң не болды бұлай жасырынатындай?»,- дедім. «Пайғамбарымыздың мені де кішкентай деп қайтарып жіберуінен қорқамын. Мен соғысқа қатысып, Аллаһу та'аланың маған шәһид болуды нәсіп етуін қалаймын»,- деді. Ол осыны пайғамбарымызға айтқанда пайғамбарымыз **«Сен кері қайт»**,- деді. Сонда бауырым Умәйр жылай бастады. Пайғамбарымыз оның көз жасына шыдай алмай, оған рұқсат берді. Алайда, бауырым қылышын өзі асына алмағандықтан оған мен тағып берген едім».

Пайғамбарымыздың туын Мусаб бин Умәйр, Са'д бин Муаз бен хазреті Әли (радиаллаһу анһум) алып жүретін. Сахабаларда тек екі ат пен жетпіс түйе бар болатын. Оларға кезектесіп мінетін. Пайғамбарымыз хазреті Әли, Әбу Лубабә және Мәрсәд бин Әбу Мәрсәдпен кезектесіп мінетін. Бірақ, олардың барлығы пайғамбарымызға «Сіз үшін жанымыз пида, йа Расулаллаһ! Сіз түйеден түспей-ақ қойыңыз. Біз жаяу жүреміз» деп жалынды. Бірақ, пайғамбарымыз олардан өзін артық көрмей, **«Сендер жаяу жүруде менен күшті емессіңдер, сондай-ақ мен де сауап алу жөнінде сендерден мұқтажсыз емеспін»** дейтін.

Пайғамбарымыз бен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оның сахабалары шөлдегі аптаған ыстықта жол жүрді. Олар сондай-ақ ораза тұтқан болатын. Сахабалар Исламды тарату үшін көптеген қиыншылықтарға төзіп, пайғамбарымызға жан-тәндерімен қызмет етіп, оның соңынан ерді. Өйткені, мұның соңында Аллаһу та'ала мен расулының ризалығы және өздері қатты қалаған шәһидтік мәртебесі мен жұмақ бар еді... Пайғамбарымыз сахабаларының жағдайына қарап, **«Аллаһым! Олар жаяу. Сен оларға көлік бер. Аллаһым! Олар желең, жалаңаш. Сен оларды киіндір. Аллаһым! Олар аш,**

оларды тойдыр. Олар кедей, оларды байыт» деп дұға етті.

Пайғамбарымыз бен оның әскері осындай қаңыраған шөлде Бәдірге қарай бара жатқанда мүшріктердің Шамнан келе жатқан керуені Бәдірге жақындап қалған еді. Пайғамбарымыз хабар алуға жіберген екі сахаба керуеннің бір-екі күнде Бәдірге жетіп келетінін көріп, кері оралды. Керуендегілер олар хабар алған ауылға келген кезде ауылдықтардан «Мұсылман тыңшылардан хабарларың бар ма?»- деп сұрады. Олар «Білмейміз. Бірақ, екі адам келіп, осында біраз отырып, кейін кетіп қалды» дейді. Әбу Суфйан айтқан жерге барып, жердегі түйенің қиын езіп көрді. Ондағы жемді көріп, «Бұлар Мәдинаның жемі, ол екі адам Мұхаммедтің (алейһиссалам) тыңшылары болу керек»,- деді. Мұсылмандардың өте жақын жерде екенін шамалап, қорқа бастады. Керуенді ойлап алаңдағандықтан күндіз-түні тоқтамай жүріп, уақытты жоғалтпастан Қызыл теңіздің жағалауымен Меккеге тез кетуге шешім қабылдады. Сондай-ақ, Дамдам бин Амр Ғифари деген адамды жағдайды білдіруі үшін Меккеге хабаршы етіп жіберді.

Бұл адам Меккеге барып, көйлегінің алды мен артын жыртты. Түйесінің ерін теріс аударып, «Ей, Құрайыштықтар, келіңдер. Керуендеріңе, Әбу Суфйандағы заттарыңа Мұхаммед пен сахабалары шабуыл жасады. Егер үлгеріп барсаңдар, керуендеріңді құтқара аласыңдар»- деп айқайлай бастады.

Мұны естіген меккеліктер дереу жиналып, дайындықтарын жасады. Жеті жүз түйелік, жүз атты әскер және жүз елу жаяу әскер жинап, Әбу Ләхәбқа «Сен де қосыл» дейді. Ол қорқып, ауырып тұрғанын сылтау етті. Орнына Ас бин Хишамды жіберді. Умәййә бин Халәф деген мүшрік соғысқа дайындалған кезде сылбыр қозғалады. Өйткені, пайғамбарымыздың **«Менің сахабаларым Умәййәні өлтіреді»** дегенін естіген болатын. Оның ешқашан өтірік айтпайтынын білетіндіктен қатты қорықты. Сондықтан Әбу Жәһлдің мәжбүрлеуіне қарсы өзінің кәрі және семіз екенін сылтау етті. Бірақ, Әбу Жәһлдің оны қорқақ деп айыптағанына шыдай алмай баруға мәжбүр болды.

Мүшрік әскерінің көбісі темір сауыт киінген, жақсы қаруланған еді. Қастарына әсем дауысты әйелдермен бірге сазды аспаптар және шарап алуды да ұмытпады. Жүректеріне осындай күшті әскермен үш жүз дегенің былай тұрсын, мың адамдық әскер болса да жеңеміз деген күшті сенім ұялады. Жолға шықпастан бұрын неше адам өлтіретінін,

қанша олжамен оралатынын есептеп қойғандар да бар еді. Бірақ, бәрінің негізгі мақсаттары Исламды түбінен жою болатын. Мүшрік әскері әйелдерге өлең айтқызып, шулап жолға шықты.

Бұл арада Әбу Суфйан Бәдірден көп алыстап кеткен, Меккеге қарай біраз жол жүріп қойған еді. Қауіптің сейілгеніне көзі жеткеннен кейін Қайс бин Имрул Қайс деген адамын Құрайыштарға жіберді. Ол жылдам Меккеге жетіп келіп «Ей, Құрайыш жамағаты! Сендер керуендеріңді, адамдарыңды, заттарыңды қорғау үшін Меккеден шығыпсыңдар. Біз қатерден құтылдық. Енді кері қайтыңдар... Мұсылмандармен соғысуға Мәдинаға барудан сақтаныңдар» деп хабарлады. Қайс мүшрік әскеріне хабарды жеткізген кезде Әбу Жәһл: «Ант етемін, Бәдірге барып, үш күн, үш түн салтанат жасап, түйелер сойып, шарап ішеміз. Маңайдағы тайпалар бізді тамашалайды, біздің ешкімнен қорықпайтынымызды көреді. Сосын бізге ешкім қарсы келе алмайтын болады. Ей, жеңілмес Құрайыш әскері! Жүріңдер!..»,- деді.

Қайс Әбу Жәһлдің сөз тыңдайтын жағдайда емес екенін көріп, кері қайтып, бұл жағдайды Әбу Суфйанға айтады. Алдын болжай білетін және ақылды болған Әбу Суфйан: «Онда құрайыштықтарға обал болыпты. Бұл Амр бин Хишамның (Әбу Жәһлдің) жеке жоспары болу керек. Ол мына қырсықтығын елге басшы болам деген арам оймен істеп отыр. Алайда, мұндай азғындық еш уақытта елге жақсылық әкемейді. Егер Ислам әскерімен бетпе-бет келетін болса, онда құрайыштықтар құриды»,- деді. Сосын керуенін жылдамдатып, тез арада Меккеге кіргізді де өзі әскерге жетіп алды.

Бұл кезде пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сахабаларымен Бәдірге жақындап қалған-ды. Расулуллаһ мәдиналық мүшріктерден Хубәйб бин Йәсаф және Қайс бин Мухаррис деген екі кісіні мұсылман әскерінің арасынан көріп қалды. Хубәйбті басында темір қалпағы болса да танып, хазреті Са'д бин Муаздан **«Мынау Хубәйб емес пе?»**- деп сұрады. Ол «Иә»- деп жауап берді. Хубәйб соғысу әдісін жақсы білетін, ержүрек адам болатын. Қайспен бірге пайғамбарымыздың алдына шақырылды. Пайғамбарымыз оларға **«Сендер неге бізбен бірге келе жатырсыңдар?»**- деп сұрады. Олар «Сен біздің жиенімізсің және көршімізсің. Біз қауымымызбен олжа жинауға келе жатырмыз»,- деді. Пайғамбарымыз Хубәйбқа **«Сен Аллаһу та'алаға және Расулына иман келтіргенсің бе?»** деп сұрағанда ол «Жоқ»- деп жауап берді. Пайғамбарымыз **«Олай**

болса, кері қайт. Біздің дінімізде болмаған адам бізбен бірге бола алмайды»,- деді. Хубәйб «Менің ержүректігімді, батырлығымды жұрттың барлығы біледі. Олжа үшін сенің жаныңда дұшпаныңа қарсы соғысамын»,- деді. Пайғамбарымыз оның көмегін қабылдамады.

Біраз уақыттан кейін Хубәйб тілегін қайталады, бірақ пайғамбарымыз мұсылман болмаса тілегін қабылдамайтынын айтты. «Рауха» деген жерге барған кезде Хубәйб пайғамбарымызға барып, «Йа, Расулаллаһ! Аллаһу та'аланың әлемдердің Раббысы екеніне және сіздің пайғамбарлығыңызға сендім, иман келтірдім» дегенде пайғамбарымыз қатты қуанды. Қайс та Мәдинаға қайтқаннан кейін иман келтірді (радиаллаһу анһ).

Ислам әскері Сафра деген оазиске жеткенде меккеліктердің көп санды әскер жасақтап, керуендерін құтқару үшін Бәдірге қарай келе жатқанын естіді. Пайғамбарымыз сахабаларын жинап, олармен бұл жайында кеңесті. Өйткені, мәдиналық мұсылмандар пайғамбарымызға Ақабада ант берген кезде «Йа, Расулаллаһ! Сіз біздің қаламызға келіңіз. Сізді ол жерде дұшпандарыңыздан жанымызды беріп болса да қорғаймыз, сізге бағынамыз» деп уәде берген болатын. Бірақ, қазір олар Мәдинадан шыққан еді. Ал қарсы бетте өздерінен саны, қаруы және жабдықтары жағынан бірнеше есе көп дұшпан әскері тұрған еді. Пайғамбарымыз сахабалардан пікірлерін сұраған кезде мұхажирлерден Әбу Бәкір Сыддық пен Омар Фаруқ (радиаллаһу анһум) жеке-жеке орындарынан тұрып, дұшпан әскерімен соғысу керектігін айтты. Мұхажирлерден Миқдад бин Әсуәд (радиаллаһу анһ) та тұрып, «Йа, Расулаллаһ! Аллаһу та'аланың бұйрығы қандай болса, соны орындаңыз. Соның әмірімен жүріңіз. Біз әрдайым сізбен біргеміз, бір сәт те сізден айрылмаймыз. Біз Исраил ұлдарының Мұса алейһиссаламға айтқаны сияқты **«Ей Мұса! Залымдар қауымы ол аймақта тұрғанда біз ол жерге барып, бәлеге ұрынбаймыз. Ендеше Раббыңмен бірге барып, екеуің олармен соғыса беріңдер. Біз осында қаламыз»** («Маида», 24) демейміз. Жанымызды Аллаһу та'ала мен Расулының жолына құрбан етеміз. Сізді хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етеміз, теңіздің арғы беті Хабәшстанға жіберсеңіз де барамыз. Сізге ешқандай қарсылық білдірмейміз. Барлық тілегіңізді орындауға әзірміз. Жанымыз сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ»,- деді. Миқдадтың (радиаллаһу анһ) бұл сөзі пайғамбарымызды қатты қуантты. Оған қайырлы дұғалар тіледі.

Бұл жерде мәдиналық мұсылмандардың пікірлері өте маңызды еді. Өйткені, олар саны жағынан көпшілікті құрайтын және расулуллаһқа Мәдинаның ішінде қорғау үшін уәде берген болатын. Ал Мәдинаның сыртында соғысу туралы ешқандай сөз не уәде бермеген еді. Осындай қиын сәтте мәдиналық мұсылмандардың, яғни ансардың арасынан Са'д бин Муаз (радиаллаһу анһ) орнынан тұрып: «Йа, Расулаллаһ! Рұқсат берсеңіз ансардың атынан сөйлейін»,- деді. Рұқсат алғаннан кейін «Йа, Расулаллаһ! Біз сізге иман келтірдік, пайғамбарлығыңызды қабылдадық. Сіздің әкелгеніңіздің барлығы хақ. Бұл мәселеде тыңдау және бағыну үшін сізге нақты уәде беріп, ант іштік. Біз сөзімізден айнымаймыз және бұйрығыңызды орындаймыз. Сіздің жолыңызда жанымызды құрбан етеміз. Сізді хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етеміз, егер теңізді кешіп өтіңдер десеңіз, еш ойланбай теңізге түсуге дайынбыз. Ешқайсысымыз бұдан тартынбаймыз. Мүбәрәк ойыңызда не болса, бізге бұйырыңыз, орындаймыз. Малымыз да жанымызбен бірге сіз үшін құрбан болсын. Соғыстың кез келген қиыншылығына шыдаймыз. Дұшпаннан тайсалмаймыз. Үмітіміз сізді қуантып, разылығыңызды алу. Сізге Аллаһу та'аланың рақымы жаусын...»,- деді. Бұл сөздерді тыңдаған сахабалар қатты толқыды. Барлығы да айтылғандарға қосылатындығын білдірді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сахабаларының бұл қолдауына өте риза болды. Оларға және хазреті Са'дқа дұға етті.

Енді не болмақ? деген барлық уайымдар осымен тарқады... Енді дұшпандар қаншалықты көп болса да, қаншалықты күшті болса да, даңқты сахабалар пайғамбарымыздың артынан шәһид болу үшін батыл қадамдармен жүруге дайын, Аллаһу та'ала мен оның Расулының разылығын алуға ұмтылған еді. Өздерін әлемдердің сұлтаны - пайғамбарымыз басқарып тұрған кезде баруға болмайтын жер жоқ еді... Пайғамбарымыз сахабалардың өзіне берілгендігі мен тебіренісін көріп: **«Қане, жүріңдер! Аллаһу та'аланың мейіріміне шаттаныңдар. Уаллаһи, енді мен Құрайыш қауымының соғыс майданында өмірлері қиылып құлайтын жерлерін көріп тұрғандаймын»** деп сүйіншіледі. Осы сүйіншіден кейін сахабалар шаттанып, пайғамбарымыздың соңынан ерді.

Періштелердің көмекке келуі

Бәдір аумағына жеткен кез жұма күні болатын. Пайғамбарымыз сахабаларға **«Мына кішкене төбенің жанындағы құдықтың басынан біраз мәліметтер аласыңдар деп үміттенемін»**,- деді. Аллаһу та'аланың арыстаны хазреті Әли, Са'д бин Әбу Уаққас, Зубәйр бин Аууам және тағы бірнеше сахабаны (радиаллаһу анһум) сол жерге жіберді.

Хазреті Әли мен жолдастары құдықтың басына барды. Ол жерден Құрайыштың түйешілері мен сушыларын көрді. Олар мұсылмандарды көріп қашты. Олардың ішінен екеуі ұсталды. Олардың бірі Хажжаж ұлдарының құлы Әшләм, екіншісі Ас бин Саид ұлдарының құлы Ариз Әбу Йәсар еді. Оларды пайғамбарымызға әкелген кезде пайғамбарымыз олардан **«Құрайыш қайда?»**- деп сұрады. «Ана көрініп тұрған құм төбенің арғы жағына қоныстанды»,- деді. Пайғамбарымыз **«Олар қанша адам?»**- деп сұрады. Олар «Білмейміз»- деп жауап берді. **«Күніне қанша түйе сояды?»** деген сұраққа «Бір күні тоғыз, бір күні он» деген жауапты алғанда пайғамбарымыз **«Мыңнан аз, тоғыз жүзден көп»**,- деді. **«Құрайыштың беделді адамдарынан кімдер бар?»**- деп сұрады. Олар «Утбә, Шәйба, Харис бин Амр, Әбул Бухтәри, Хаким бин Хузам, Әбу Жәһл, Умәййә бин Халәф» деген кезде пайғамбарымыз сахабаларына қарап, **«Мекке халқы бар жақсыларын сендерге құрбан етіпті»**,- деді. Сосын ол екеуіне **«Бұл жерге келе жатқанда Құрайыш тайпасынан жарты жолдан кері қайтқандар болды ма?»** дегенде «Иә, Бәни Зухрәден Ахнәс бин Әбу Шәрик кері қайтты»- деп жауап берді. Пайғамбарымыз **«Ол теріс жолда жүріп, ахирет, Аллаһу та'ала және кітап білместен Бәни Зухрәларға тура жолды көрсетті... Олардан басқа кері қайтқан адам бар ма?»** дегенде «Ади бин Ка'б ұлдары кері қайтты»- деп жауап берді.

Пайғамбарымыз хазреті Омарды құрайыштықтарды соңғы рет ескертіп, келісімге шақыруға жіберді. Омар бин Хаттаб (радиаллаһу анһ) азғын кәпір ордасына барып оларға «Ей, қыңыр халық! Пайғамбарымыз айтты: **«Барлық адам бұл істен бас тартсын. Аман-сау кері қайтыңдар. Өйткені, сендерден басқамен соғысу мен үшін сендермен соғысқаннан артық»**,- деді. Осы ұсынысқа орай Құрайыш мүшріктерінен Хаким бин Хузам алға шығып, «Ей,

Құрайыш жамағаты! Мұхаммед сендерге жылы қабақ танытып отыр. Оның тілегін дереу қабылдаңдар. Егер оның айтқанын істемесеңдер, ант етемін, бұдан кейін сендерге қайырымдылық көрсетпейді»,- деді. Әбу Жәһл Хакимнің бұл сөзіне ашуланып, «Мұны қабылдамаймыз және мұсылмандардан өш алмайынша кері қайтпаймыз. Бұдан былай біздің керуенімізге ешкім тиісе алмасын» деп, бейбіт келісімге келуге қарсылық білдірді. Хазреті Омар кері қайтты.

Сол түні пайғамбарымыз бен сахабалары Бәдірге мүшріктерден бұрын барып, құдықтарға жақын жерге орнықты. Пайғамбарымыз сахабалармен ақылдасып, ордасын қай жерге құру керектігі туралы пікірлерін сұрады. Отыз үш жастағы Хаббаб бин Мүнзир (радиаллаһу анһ) тұрып сөз сұрады. «Йа, Расулаллаһ! Бұл жер Аллаһу та'аланың сізге орда құруды бұйырған жер ме? Әлде жеке көзқарас бойынша және соғыс шарасы ретінде таңдалды ма?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Жоқ, Соғыс шарасы ретінде таңдалған жер»**,- деді. Осыған орай хазреті Хаббаб «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Біз соғыс адамдарымыз. Бұл жерлерді де жақсы білеміз. Мына құрайыштықтардың қонатын жеріне жақын жердегі құдықта мол және дәмді су бар. Рұқсат берсеңіз сол жерге тоқтайық. Жанжақтағы құдықтардың барлығын жауып тастайық. Сосын бір су қоймасын жасап, ішін суға толтырайық. Жаумен соғысып жатып шөлдеген кезде келіп осы судан ішіп тұрайық, ал дұшпан су таба алмай дағдарады»,- деді.

Сол кезде Жәбрейіл алейһиссалам бұл пікірдің дұрыс екенін білдіретін уаһи әкелді. Пайғамбарымыз **«Йа, Хаббаб! Сенің айтқаның дұрыс пікір»** деп, орындарынан тұрды. Барлығы сол құдықтың басына барды. Суы тұщы құдықтан басқа құдықтардың бәрін жауып, үлкен су қоймасын жасады. Оны суға толтырып, жанжағына ішетін ыдыстар қойды.

Осы кезде хазреті Са'д бин Муаз пайғамбарымызға келіп, «Йа, Расулаллаһ! Сізге құрма бұтақтарынан көлеңке жасап берейік пе?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз Са'дтың (радиаллаһу анһ) бұл ұсынысын қабылдап, оған дұға етті. Тез арада көлеңкелейтін орын жасалды.

Пайғамбарымыз сахабаларымен бірге соғысатын жерді аралап көрді. **«Иншаллаһ, ертең таңертең кәпірлерден пәленше мына жерде құлатылады, Иншаллаһ, ертең таңертең пәленше мына жерде құлайды. Міне, мына жер. Мына жер»** деп, қолымен

Құрайыш мүшріктерінің өлтірілетін жерлерін біртіндеп көрсетті.

Кейіннен хазреті Омар бұл туралы «Олардың әр қайсысының пайғамбарымыздың дәл көрсеткен жерінде өлтірілгенін көрдім. Не ары, не бері емес» деген.

Пайғамбарымыз сахабаларды (радиаллаһу анһум) үш топқа бөлді. Мұхажирлердің туын Мусаб бин Умәйрге, әустіктердікін Са'д бин Муазға, хазрәждіктердікін Хаббаб бин Мунзирге берді. Барлығы өз туларының астына жиналды. Пайғамбарымыз әскерді сапқа тұрғызып, тәртіпке келтірді.

Әскерді сапқа келтірген кезде саптан алға шыққан Сәуад бин Ғазиәнің (радиаллаһу анһ) көкірегіне қолындағы шыбықпен түртіп, **«Сапқа тұр, йа Сәуад»** дейді. Хазреті Сәуад «Йа, Расулаллаһ! Қолыңыздағы шыбық денеме батты. Сізді хақ дін, кітап және әділетпен жіберген Аллаһу та'аланың ақысы үшін мен де сізді шыбықпен солай ұрғым келеді»,- деді. Оның бұл сөзіне барлық сахабалар таңданды. Пайғамбарымыздан кек қайтаруға бола ма екен? Осылай істеуге бола ма? Пайғамбарымыз көйлегін ашып, **«Ал, кегіңді ал, ақыңды ал»**,- деді. Хазреті Сәуад пайғамбарымыздың көкірегін қуанышпен сүйді. Барлық адам оны кек алады деп күтіп тұрғанда мынадай жағдайды көріп, Сәуадқа (радиаллаһу анһ) таң қалып, оның әрекетіне сүйсінді. Пайғамбарымыз **«Неге бұлай жасадың?»** деп сұрағанда «Ата-анам, жаным сізге пида болсын, йа Расулаллаһ! Бүгін Аллаһу та'аланың әмірімен ажалымның келгенін көріп, сізден ажыраудан қорқтым. Сол себептен арамызда өткен осы соңғы сәттерде сіздің киелі денеңізге ернімді тигізіп қалуды қаладым. Мұны қиямет күні маған шапағат етуіңіз, осылайша азаптан құтылуым үшін себеп еткім келді»,- деді. Оның осындай жылы лебізіне пайғамбарымыз әсерленіп, хазреті Сәуад үшін дұға етті.

Ислам әскерінің оң қанатына ержүрек мүжаһид Зубәйр бин Ауам, сол қанатына Миқдад бин Әсуәд (радиаллаһу анһум) қолбасшылық жасайтын болды.

Пайғамбарымыз сахабаларымен соғысты қалай бастау туралы кеңесуді қалап, **«Қалай соғысасыңдар?»**- деп сұрады. Асым бин Сабит (радиаллаһу анһ) орнынан тұрып, қолына садақ, жебесін ұстап тұрып, «Йа, Расулаллаһ! Құрайыштықтар бізге жақындап арада 100 метр қалған кезде оларға оқ жаудырайық. Сосын тас атуға болатындай жерге жақындаған кезде тас атайық. Найза жететін жерге келгенде найзамен, кейін қылышпен шайқасайық» деп, өзінің пікірін

білдірді. Бұл әдіс пайғамбарымызға ұнап, сахабаларға былай нұсқау берді: **«Осы жүйелеріңнен айрылмаңдар. Еш қимылдамастан орындарыңда тұрыңдар. Мен бұйрық бермейінше соғысты бастамаңдар. Жау жақындамай тұрып, оқтарыңды ысырап етпеңдер. Жау қалқанын ашқан кезде оқ атыңдар. Дұшпанды оқ астына алғаннан кейін қолдарыңа тас алыңдар. Одан да жақындаған кезде найзаларыңды қолданыңдар. Дәл алдарыңа келген кезде қылыштасасыңдар».**

Сосын кезекші адамдар қойылып, сахабаларға демалыс жарияланды. Олар Аллаһу та'аланың хикметімен қатты ұйқыға батты. Пайғамбарымыз құрма бұтағынан жасалған көлеңкелік шатырына кірген кезінде оны хазреті Әбу Бәкір мен Са'д бин Муаз (радиаллаһу анһум) кезектесіп күзетті. Пайғамбарымыз қолын жайып, Аллаһу та'аладан **«Йа, Раббым! Сен мына азғантай жамағатты жойсаң саған жер бетінде құлшылық жасайтын ешкім қалмайды»** деп жалбарына бастады. Бұл дұға таң атқанша жалғасты.

Ислам әскерінің орда құрған жері құмды жер болатын. Сондықтан жүру қиынға соқты. Аллаһу та'аланың мейірімімен және пайғамбарымыздың дұғасымен сол түні нөсер жаңбыр жауып, сел ақты. Ыдыстарға су толтырылып, жер қатты. Ал, мүшріктер болса батпақ пен селдің астында қалды. Таң атқаннан кейін пайғамбарымыз сахабаларды намазға тұрғызды. Бамдат намазын оқығаннан кейін жаумен соғысудың және шәһидтіктің ізгілігі туралы әңгімелеп, оларды соғысуға шақырды. **«Аллаһу та'ала хақ пен шындықты бұйырады. Ешкімнің Аллаһу та'аланың ризалығы үшін жасамаған ісін қабылдамайды... Раббымыздың осы жерлерде сендерге рақымдылық пен кешірімді уәде еткен бұйрығын орындауға тырысып, сынақтан сүрінбей өтіңдер. Өйткені, Оның уәдесі хақ, сөзі шындық, жазасы ауыр. Мен және сендер Аллаһу та'алаға бағыныштымыз. Оған сыйындық, Оған сүйендік. Ең соңында Соған ораламыз. Аллаһу та'ала мені және барлық мұсылмандарды кешірсін»**,- деді.

Он жетінші рамазан жұма күнінің таңы атты. Біраздан кейін тарихтың ең аяусыз, ең айрықша, ең маңызды, ең үлкен соғысы басталатын еді... Бір жақта пайғамбарымыз және жандарын пида етуден тартынбаған сахабалары, ал екінші жақта Исламды, Аллаһу та'аланың сүйікті құлы пайғамбарды жоюға жиналған азғындаған кәпір тобыры тұр еді. Өкінішке орай, олардың арасында

пайғамбарымыздың туыстары да бар еді. Олар да туысқан інілерімен соғысу үшін Бәдірге келген болатын.

Пайғамбарымыз әскерінің реттік жүйесін тағы бір қарап шығып, айтқан бұйрығын қайталады. Осы кезде Құрайыш мүшріктері ордаларынан шығып, Бәдір даласына қарай ағыла бастады, олардың көпшілігі үстеріне сауыт киген еді. Айбаттанып, Ислам әскеріне шабуылға шықты. Пайғамбарымыз мүшріктердің бұл әрекетін көріп, хазреті Әбу Бәкір екеуі шатырға кіріп, қолын көтеріп, Хақ та'алаға жалбарына бастады: **«Йа, Раббым! Міне, Құрайыш мүшріктері бар күштерімен, айбындарымен келе жатыр. Саған қарсы шығып, пайғамбарды теріске шығаруда. Йа, Аллаһым! Маған берген көмек және жеңіс туралы уәдеңді орындауыңды сұраймын. Аллаһым! Егер мына азғантай мұсылманның жойылуын қаласаң саған одан кейін ғибадат ететін ешкім қалмайды».**

Осылайша, үздіксіз дұға тілеп, Аллаһу та'алаға жалбарынды. Пайғамбарымыздың осындай жан тебірентерлік жалбарынысы қатты толқып, иығынан шапаны түсіп кеткенге дейін жалғасты. Осындай толқынысты жалбарынуға шыдап тұра алмаған хазреті Әбу Бәкір шапанды жерден көтеріп, пайғамбарымыздың иығына жауып жатып, «Сіз үшін жаным құрбан, йа Расулаллаһ! Осы да жетер. Раббыңыздан қатты тебіреніп көмек тіледіңіз. Аллаһу та'ала сізге уәде еткен жеңісті жақында беретіні ақиқат»,- деді. Сол сәтте пайғамбарымыз мына аят кәримәны оқып, шатырдан шықты. Ол аят кәримәның мағынасы: «(Бәдірдегі) **бұл қауым жақында бұзылып, жеңіліске ұшырап, кері қарай қашады. Дұрысы, олардың нағыз азапталатын уақыты қиямет. Ол кездің азабы ауыр және ащы»** («Қамар» сүресі, 45, 46).

Пайғамбарымыз өз әскерін басқару ісіне өтті. Сахабаларына мына аят кәримәларды оқыды: **«Ей, иман келтіргендер! Сендер бір дұшпан қауымымен кездескен кездеріңде қажырлы болыңдар және Аллаһу та'аланы көп зікір етіңдер, сонда құтыласыңдар. Сабырлылық пен қажырлылық танытыңдар. Өйткені, Аллаһу та'ала сабыр етушілермен бірге»** («Әнфал» сүресі, 45, 46). Топтасқан түрде жаумен алғашқы соғыс осы еді. Соғыс басталғалы тұрды. Қобалжулар арта түсті. Сахабалар пайғамбарымыздың **«Аллаһу та'аланы көп зікір етіңдер»** деген аятына байланысты барлығы бірігіп «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар» деп айқайлап, Хақ та'аладан жеңіс тілей бастады. Олар пайғамбарымыздың белгі беруін күтіп тұрды.

Сол кездегі әдет бойынша екі әскер соғысты бастамастан бұрын екі жақтан адамдар шығып, шайқасатын. Бұл шайқасуда екі жақтың да соғысу тілегі мен айбаты артып, соғысқа дайын болады. Мүшріктерден Амир бин Хадрами бұл ережеге бағынбай, бұл ережені аяқ асты етіп, Ислам әскеріне оқ атты. Оқ мұхажирлерден Михжаға (радиаллаһу анһ) тиіп, ол шәһид болды. Пайғамбарымыз алғашқы шәһид туралы **«Михжа шәһидтердің мырзасы болды»** деп сүйіншіледі. Сахабалар (радиаллаһу анһум) мүшріктердің ісіне ашуланып, ызадан жарылардай халге жетті. Бірақ, пайғамбарымыздан бұйрық келместен ешқандай әрекетке бара алмайтын еді. Олардың барлығы ашуға булықты.

Осы кезде мүшрік әскерінен үш адамның алға шыққаны байқалды. Олар Рәбиа ұлдарының Ислам дұшпандары Утбә, бауыры Шәйба және баласы Уәлид болатын. Мұхажирлерге қарап, «Араларыңда бізбен шайқасатын адам бар ма?» деп айқайлады. Сахабалардан ең алдыңғы жақта тұрған хазреті Әбу Хузайфа әкесі Утбәмен шайқасуға шықпақшы болғанда пайғамбарымыз оған **«Сен тоқта»**,- деді. Мәдиналық мұхажирлерден Афра ханымның (радиаллаһу анһа) ұлдары Муаз және Муаууәз, Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһум) алға шығып, Утба, Шәйба және Уәлидтің алдына барып тұрды. Қолдарында қылыштары, шайқасуға дайын тұрды. Мүшріктер «Сендер кімсіңдер?» деп олардың өздерін таныстыруларын қалады. Олар «мәдиналық мұсылмандармыз» деген кезде мүшріктер «Біздің сендерде шаруамыз жоқ. Бізге Абдулмутталибтің ұлдары керек. Солармен шайқасқымыз келеді» деп, Ислам әскеріне қарап, «Йа, Мұхаммед! Бізге қарсы өз тайпамыздан тең келетін адамды шығар» деп айқайлады.

Пайғамбарымыз шығып тұрған үш жігіт сахабаға дұға еткеннен кейін орындарына барып тұруларын бұйырды. Сосын сахабаларын көзбен шолып, **«Ей, Хашим ұлдары! Тұрыңдар! Аллаһу та'аланың нұрын қате діндерімен сөндіргісі келгендерге қарсы Хақ жолында соғысыңдар. Аллаһу та'ала пайғамбарларыңды осы үшін жіберді. Тұр, Йа Убайда! Тұр, йа Хамза! Тұр, йа Әли!»**,- деді.

Аллаһу та'аланың арыстандары хазреті Хамза, хазреті Әли және хазреті Убайда дулығаларын киіп, алаңға қарай шықты. Дұшпандарының алдына барған кезде олар «Сендер кімсіңдер? Егер біздің теңіміз болсаңдар сендермен шайқасамыз»,- деді. Олар

«Мен Хамзамын! Мен Әлимын! Мен Убайдамын!» дегеннен кейін мүшріктер сендер де біз сияқты қадірлі адамсыңдар. Сендермен шайқасуды құптаймыз»,- деді. Ер жүрек Ислам мүжаһидтері мүшріктерді алдымен иман келтіруге шақырса да олар қабылдамады. Сосын олар үшеуі де қылыштарын суырып, жауға қарай ұмтылды. Хазреті Хамза мен хазреті Әли Утбә мен Уәлидті бір соққымен өлтірді. Хазреті Убайда Шәйбаны жарақаттады. Шәйба Убайданы (радиаллаһу анһ) жаралады. Хазреті Хамза мен хазреті Әли Убайдаға (радиаллаһу анһ) көмекке барып, Шәйбаны сол жерде өлтірді. Хазреті Убайданы пайғамбарымыздың қасына алып барды.

Хазреті Убайда бин Харистің аяғынан қан ағып тұрды. Ол өзі бұған тіпті де назар салмастан «Сіз үшін жаным құрбан, йа Расулаллаһ! Мен осы қалпымда өлсем шәһид болам ба?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз оған **«Иә, сен шәһидсің»** деп жұмақтық екенін сүйіншіледі (хазреті Убайда соғыстан қайтарда «Сафра» деген жерде қайтыс болды).

Әлі шайқас басталмай жатып үш маңызды адамынан айрылған мүшріктер әбігерге түсті. Соған қарамастан Әбу Жәһл әскерінің көңілін орнықтыру үшін «Сендер Утбәнің, Шәйбаның, Уәлидтің өлгеніне қарамаңдар, олар шайқасуда асығыстық жасап, бекерге өліп кетті. Ант етемін, мұсылмандарды ұстап, қолдарын жіппен байламайынша кері қайтпаймыз» деп жұбату айтуға тырысты.

Ержүрек сахабалар болса, тезірек осы мүшрік тобын талқандауға асықты. Пайғамбарымыз аузынан тастамайтын мына дұғасын қайталады: **«Аллаһым! Маған берген уәдеңді орында. Аллаһым! Мына азғантай Ислам жамағатын жоятын болсаң бұдан кейін саған жер бетінде ғибадат ететін ешкім қалмайды».**

Осы кезде мүшріктердің сапынан Құрайыштың ең батыл және мергендерінің бірі хазреті Әбу Бәкірдің әлі мұсылман болмаған ұлы Абдуррахман ортаға шықты. Мүжаһидтердің сапынан да бір адамның қылышын қолына алып, алға шыққаны байқалды. Бұл адам бірінші мұсылман болу құрметіне және Сыддық лауазымына ие болған, пайғамбарлардан кейінгі ең жоғары адам, батыр хазреті Әбу Бәкір еді. Өз ұлына қарсы соғысу үшін алға шыққан еді. Бірақ, пайғамбарымыз оған **«Йа, Әбу Бәкір! Білмейсің бе, сен менің көретін көзім, еститін құлағымсың»** деп шайқасуына тыйым салды. Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) ұлына «Ей, залым! Маған деген жақындығың қайда қалды?»,- деді.

Сосын пайғамбырымыз жерден бір уыс құм алды. Құмды дұшпанға қарай шашып, **«Жүздері қара болсын! Аллаһым! Жүректеріне қорқыныш ұялат, аяқтарына діріл бер»** деп, сахабаларына қарап **«Шабуылға шығыңдар! Шабуылдаңдар!»** деп бұйрық берді. Осы белгіні күтіп тұрған сахабалар алдын ала берілген нұсқау бойынша әрекет ете бастады. **«Аллаһу әкбар!... Аллаһу әкбар!»** деген дауыстардың арасында оқтар ұшып, тастар нысанасына, найзалар сауыттарға тиіп жатты. Аллаһу та'аланың арыстандары хазреті Хамза екі қолына алған екі қылышымен соғысты, хазреті Әли, хазреті Омар, Зубәйр бин Ауууам, Са'д бин Әбу Уаққас, Әбу Дужанә, Абдуллаһ бин Жахш (радиаллаһу анһум) мүшріктердің сапының бір басынан кіріп, екінші басынан шығып, мүшріктерді әбден сасқалақтатты. Әр қайсысы алынбас қамал сияқты еді. «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар» деген дауыстары әлемді жаңғыртып, Аллаһу та'аланың ұлылығы кәпірлердің миына құйдырылды. Пайғамбарымыз **«Йа, Хайю! Йа, Қаййум!»** деп Аллаһу та'алаға жалбарынды. Хазреті Әли осы шайқас жайлы «Бәдірде бәріміздің арамыздағы ең қаһарман әрі ең батылы пайғамбарымыз болды. Мүшрік саптарына ең жақын барған да ол еді. Қиналған кезде пайғамбарымызды паналайтынбыз» деген.

Мүшріктер басшылары болған Әбу Жәһлді орталарына алды. Араларынан бір адамды Әбу Жәһл сияқты киіндіріп, соған ұқсаттырды. Ол адамның аты Абдуллаһ бин Мүнзир болатын. Хазреті Әли Абдуллаһқа қарсы ұмтылды. Әбу Жәһлдің көз алдында Абдуллаһтың басын кесті. Кейін мүшріктер Әбу Қайсты киіндірді. Оны хазреті Хамза өлтірді.

Хазреті Әли бір мүшрікпен шайқасып жүрген болатын. Мүшрік қылышын хазреті Әлиге сілтеген кезде қылыш қалқанға қадалып қалады. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) Зулфиқарын (қылышын) мүшріктің сауытты денесіне ұрып, иығынан көкірегіне қарай қылышын сілтегенде басының үстінен бір қылыштың жарқылын көреді. Тез басын бұғады. Қылышы жарқылдаған адам: «Ал! Мынау Хамза бин Абдулмутталибтен» деген кезде мүшріктің басы дулығасымен бірге жерге түсті. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) қараған кезде көкесі Хамзаның екі қылышпен шайқасып жүргенін көрді. Пайғамбарымыз сахабаларының осылай батыл шайқасқанын көріп, **«Олар Аллаһу та'аланың жер бетіндегі арыстандары»** деп, оларды мадақтады.

Осы кезде пайғамбарымыздың жанында соғысқан хазреті Укашәнің қылышы сынып қалады. Мұны көрген пайғамбарымыз жерден бір таяқ алып, оған берді: **«Йа, Укашә! Мынамен шайқас»**,- деді. Укашә (радиаллаһу анһ) таяқты қолына алған кезде таяқ пайғамбарымыздың мұғжизасы ретінде ұзын, жарқыраған, өткір қылышқа айналды. Соғыстың соңына дейін осы қылышпен бірнеше мүшрікті өлтірді.

Пайғамбарымыз бір жағынан соғысып жүріп, екінші жағынан сахабаларына күш беретін мына сөздерді айтып жүрді: **«Бар болмысым құдірет қолының иелігінде болған Аллаһу та'аланың атымен ант етемін, бүгін Хақ та'аланың ризалығына үміт артып, сабырлылық танытып соғысқандарды, кері шегінбестен алға ұмтылып өлтірілгендерді Хақ та'ала міндетті түрде жұмаққа жібереді»**. Осы тамаша, қасиетті сөзді естіген Умәйр бин Хумам (радиаллаһу анһ) «Қандай тамаша! Қандай жақсы! Демек, жұмаққа баруым үшін шәһид болудан басқа ештеңе керек емес екен» деп, қызу соғыса бастады. Бір жағынан жаумен соғысып, екінші жақтан «Аллаһу та'алаға дастарханда ғы азықпен емес, тек Хақ та'аладан қорқу, ахирет амалы, жиһадқа сабырлылық таныту арқылы баруға болады. Одан басқа барлық азықтардың таусылатыны анық» деген еді. Осылайша, шәһид болғанға дейін жаумен шайқасты.

Соғыс қыза түсті. Бір сахабаға кем дегенде үш мүшріктен келетін еді. Барлығына қылыш жұмсауға тырысқан сахабаларды еш нәрсе мойытпады. «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деген сайын күшейіп, шайқастарын қыздыра түсті. Бір кезде мүшріктердің шабуылы қарқындап, күшейді. Сахабалар қиын жағдайға тап болды.

Сол кезде пайғамбарымыз хазреті Әбу Бәкір екеуі шатырға кірді. Пайғамбарымыз тағы да Аллаһу та'алаға жалбарына бастады: **«Йа, Раббым! Маған берген уәдеңді орында»** деп жалынды. Сол кезде уаһи келді. Мағынасы: **«Сол кезде Раббыларыңнан көмек пен жеңіс қаладыңдар, Ол сендерге «Шынында Мен бірінен соң бірі мың періштемен көмек жіберемін» деп дұғаларыңды қабылдады»** («Әнфал» сүресі, 9). Пайғамбарымыз дереу орнынан тұрып, **«Сүйінші, йа Әбу Бәкір! Саған Аллаһу та'аланың көмегі келді. Міне, мынау Жәбрейіл. Құм төбелерінің үстінде атымен, қаруланып, бұйрық күтіп тұр»**,- деді.

«Әнфал» сүресінде білдірілгеніндей Хақ та'ала періштелерге былай дейді: **«Раббың періштелерге мұсылмандарға көмек**

турасында сендермен біргемін деп уаһи берді. Барыңдар, мүминдердің жүректеріне сабырлылық сезімін салыңдар. Мен кәпірлердің жүрегіне қорқыныш пен үрей саламын. Бастарын, саусақтарын ұрыңдар. Өйткені, олар Аллаһу та'алаға және Расулына қарсы шықты. Кім Аллаһу та'ала мен Расулына қарсы шықса Аллаһу та'аланың азабына ұшырайды, Оның азабы өте қатты!» («Әнфал» сүресі, 12, 13).

Осы бұйрықтан кейін Жәбрейіл, Микаил және Исрафил алейһимуссалам қастарына мың періштеден ертіп, пайғамбарымыздың жанына барып, оң жағы мен сол жағына тізілді.

Жәбрейіл алейһиссалам басына сары сәлде ораған еді. Басқа періштелердің сәлдесі ақ болатын. Сәлделерінің ұшы арқаларына бос жіберілген, өздері ақ аттарға мінген еді. Пайғамбарымыз сахабаларына **«Періштелердің белгісі бар. Сендер де өздеріңе белгі тағыңдар»**,- деді. Зубәйр бин Аууам (радиаллаһу анһ) басына сары, Әбу Дужанә (радиаллаһу анһ) қызыл матаны сәлде етіп орады. Хазреті Әли ақ айдар, хазреті Хамза кеудесіне түйеқұстың қанатын тағып алды.

Періштелердің соғысқа кіруімен жағдай бір сәтте өзгеріп сала берді. Сахабалар алдарындағы кәпірлерге қылыштарын жұмсамастан-ақ олардың бастары ұшып жерге түсе бастады. Сүйікті пайғамбарымыздың оң жағында, сол жағында, алдында, артында таныс емес адамдар мүшріктермен соғысып жатты.

Хазреті Сәхл айтады: «Бәдір соғысында барлығымыз мүшріктің басына қылышымызды сілтегенде қылыш нысанаға тимей жатып, олардың басының денесінен бөлініп жерге түсіп жатқанын көрдік».

Әбу Жәһлдің өлтірілуі...

Мүшріктердің байрақдары (ту ұстаушысы) Әбу Азиз бин Умәйр тұтқынға түсірілді. Қолбасшылары Әбу Жәһл болса, құрайыштықтарды батылдандыру үшін тоқтаусыз өлеңдер оқып, әскерінің көңіл күйін қалыпта ұстауға тырысты. Жас жігіттей соғысып: «Анам мені осы күндер үшін туған» деп мақтанып, жастарды жігерлендіріп, күш беріп отырды.

Мүшріктерден Убәйда бин Саид басынан аяғына дейін сауыт киінген еді. Тек көздері ғана ашық болатын. Атына мініп, біресе ана жаққа, біресе мына жаққа қарап, «Мен Әбу Затулкәришпін! Мен

Әбу Затулкәришпін!», яғни үлкен қарындымын деп айқайлап жүрді. Ержүрек мүжаһид хазреті Зубәйр бин Ауам оның қасына барып, найзасын дәл көзіне қаратып, «Аллаһу әкбар» деп сілтеді. Нысанаға тиген найза оны атынан құлатты. Хазреті Зубәйр (радиаллаһу анһ) жүгіріп оның қасына барған кезде Убәйда өлген болатын. Аяғымен бетін басып найзаны бар күшімен тартып, әрең суырып алды, найза иіліп кеткен екен.

Хазреті Зубәйрдің Бәдір соғысында көрсеткен ерлігі өте зор болды. Денесінде жарақат алмаған жер қалмады. Бұл туралы ұлы Уруә: «Әкем үш жерінен қатты жарақат алды. Олардың бірі мойнында болатын. Жарадан терең із қалғаны соншалық ішіне саусағымды салуға болатын еді» дейді.

Абдуррахман бин Ауф та (радиаллаһу анһ) Құрайыштармен шайқасып, алған жарақаттарына да қарамастан алдына келген жаудың бәрін жығып сала берді. Хазреті Абдуррахман өзі куә болған бір жағдайды былай жеткізеді: «Бір кезде алдымда ешкім қалмады. Оң жағыма, сол жағыма қарағанымда ансардың екі жігіті көзіме ілікті. Олардың ең күшті және мергенімен бірге болуды қаладым. Олардың бірі маған қарап: «Ей, көке! Әбу Жәһлді танисың ба?»- деп сұрады. Мен «Иә, танимын, оны қайтесің?»- дедім. «Менің естуім бойынша ол Расулуллаһқа тіл тигізетін көрінеді. Аллаһтың атымен ант етемін, егер оны көретін болсам, оны өлтіргенше немесе өзім өлгенше одан ажырамаймын»,- деді. Бұл жас жігіттің тебіреніп тұрып айтқан осындай нақты, қатаң сөзіне таң қалдым.

Ол екеуінің екіншісі де мені көзбен сүзіп өтіп, біріншісінің айтқанын қайталады. Осы кезде Әбу Жәһлді көрдім. Ол Құрайыш әскері ішінде тоқтаусыз ары-бері жүрген еді. Мен «Ей, жастар! Мына абыржып ары-бері жүрген адам Әбу Жәһл» дегенімде дереу қылыштарын алып, Әбу Жәһлдің қасына барып, шайқаса бастады. Бұл жастар Афра ханымның ұлдары Муаз бен Муәууәз болатын.»

Осы арада сахабалардан батыр Муаз бин Амр (радиаллаһу анһ) Әбу Жәһлдің жанына баруға мүмкіндік тауып, ұзын құйрықты аттың үстіндегі Әбу Жәһлге шабуылдап, аяғына бар күшімен қылышын сілтеді. Әбу Жәһлдің аяғы кесіліп жерге түсті. Сол кезде әкесіне көмекке келген, әлі мұсылман болмаған Икримә хазреті Муаз бин Амрмен шайқаса бастады.

Сол кезде Муаз бен Муәууәз қыран құстай алға атылды. Алдарына келген адамды аударып тастап Әбу Жәһлге жетті. Қылыштарымен өлді-ау дегенге дейін кескіледі.

Хазреті Муаз бин Амр болса, Икримәмен шайқас кезінде қолынан жарақат алған еді. Қолы білегінен кесіліп, қолы терісіне ілініп тұр еді. Шайқасқа беріліп кеткен Муаздың (радиаллаһу анһ) қолына қарайтын, оны орап-байлайтын уақыты жоқ еді. Кесілген қолы терісіне ілініп тұрса да шайқасуды тоқтатпады. «Аллаһу әкбар!» Бұл не деген күшті иман! Бұл қандай көрініс! Хазреті Муаз біраз уақыт осылай шайқасқаннан кейін күшінің азайғанын сезді. Оған себеп болған кесілген қолы еді. Оны аяғының астына басып жұлып алды.

Азулы Ислам дұшпаны Нәуфәл бин Хууәйлид Құрайыштың ең атақты батырларының бірі еді. Тоқтаусыз айқайлап, мүшріктерге ұран тастап, дем беріп жүрді. Пайғамбарымыз оны көріп: **«Аллаһым! Нәуфәл бин Хууәйлидке қарсы маған көмекші бол. Онымен есеп айырыстыр»** деп дұға етті. Аллаһу та'аланың арыстаны хазреті Әли мүшрік Нәуфәлді көріп, оған шабуылдады. Қылышын бар күшімен сілтеді, қатты соққаны соншалық аяқтары сауытта болса да екеуі бірден кесіліп түсті. Сосын қылышын мойнына сілтеп, басын кесіп түсті.

Біләл Хабәшидің (радиаллаһу анһ) ыстық құмға жатқызып кеудесіне үлкен тастарды қойған Умәййә бин Халәф мүшріктердің ең жауызы болатын. Расулуллаһқа қастандық жасау үшін бар мүмкіндікті құр жібермейтін бұл жау да Бәдірде мүшріктерді жинап, Исламның сәулесін сөндіруге тырысқан еді. Оның мұндай халін көрген хазреті Біләл қылышын алып қарсы алдына тұрып: «Ей, күпіршіліктің басы болған Умәййә бин Халәф! Сен құтылсаң, мен құтылмайын» деп ұмтылды. Бір жағынан: «Ей ансар бауырлар, келіңдер, күпіршіліктің басы мұнда» дер-демес сахабалар Умәййәні қоршап, оны өлтірді.

Мүшріктердің әскерінде басқаратын ешкім қалмаған еді. Барлығы не істерін білмей, қашуға тырысты. Күпірдің бекінісі қираған еді. Сахабалар олардың соңына түсті. Мүшріктердің біразы жараланып, тұтқынға түсті. Пайғамбарымыздың көкесі Аббас та тұтқындардың арасында болатын.

Жеңіс имандылардікі...

Пайғамбарымыз сахабаларынан: **«Нәуфәл бин Хууәйлид туралы білетін адам бар ма?»**- деп сұрады. Хазреті Әли алға шығып, «Йа, Расулаллаh! Оны мен өлтірдім»,- деді. Бұл хабарға қатты қуанған пайғамбарымыз **«Аллаhу әкбар»** деп, тәкбір айтты және **«Аллаhу та'ала ол туралы тілеген дұғамды қабыл етті»**- деді.

Умәййә бин Халәфтің өлтірілгенін айтқанда да қатты қуанып, **«Әлhамдулиллаh! Аллаhу та'алаға шүкірлер болсын. Раббым құлын қолдады, дінін үстем қылды»-** деді.

Пайғамбарымыз Әбу Жәhл туралы: **«Әбу Жәhл не болды екен? Кім барып көреді?»** деп, өлген адамдардың ішінен оны іздеуді бұйырды. Оны ешкім іздеп таба алмады. Пайғамбарымыз **«Іздеңдер, ол туралы сөзім бар. Егер оны тани алмасаңдар тізесіндегі жараның орнына қараңдар. Бір күні ол екеуміз Абдуллаh бин Жуданның үйінде қонақта болатынбыз. Екеуміз де жас едік. Мен одан сәл үлкендеу болатынмын. Қысылғаннан кейін сәл итердім. Ол тізерлеп құлап түсті. Бір тізесі жараланып, сол жараның орны кетпей қалды»**,- деді. Осыдан кейін Абдуллаh ибн Мәсуд Әбу Жәhлді іздеуге кетті. Оны жаралы түрде тауып алып, таныды. «Әбу Жәhл сенсің бе?» деп, мойнынан басты. Сақалынан ұстап тартты да «Ей, Аллаhу та'аланың дұшпаны! Аллаhу та'ала ақыры сені қор етті ме? деді. Әбу Жәhл «Мені неге қор етеді, ей шопан! Аллаh сені қор етсін. Сен маған бүгін кімнің жеңіске жеткенін айт»,- деді. Ибн Мәсуд (радиаллаhу анh) «Жеңіс Аллаh пен Расулының жағында»,- деді. Әбу Жәhлдің дулығасын шешіп, «Ей, Әбу Жәhл! Мен сені өлтіремін»,- деді. Әбу Жәhл «Сен қауымыңның ұлысын өлтіргендердің алғашқысы емессің. Ең болмаса мойнымды кеудеме жақын кес, басым айбатты болып көрінсін» деп, күпірлігінің, тәкаппарлығының қаншалықты шектен шыққандығын көрсетті. Ибн Мәсуд (радиаллаhу анh) Әбу Жәhлдің басын өз қылышымен кесе алмағаннан кейін Әбу Жәhлдің қылышымен кесіп, қаруын, сауытын, дулығасын, басын әкеліп, пайғамбарымыздың алдына қойды. «Сіз үшін жаным пида, йа Расулаллаh! Бұл Аллаhу та'аланың дұшпаны Әбу Жәhлдің басы»,- деді. Пайғамбарымыз **«Аллаhтан басқа илаh жоқ»**,- деді. Сосын тұрып, сахабаларымен бірге Әбу Жәhлдің денесіне барып, **«Аллаhу та'алаға шүкір. Сені масқара етті. Ей, Аллаhтың дұшпаны! Сен**

осы үмметтің перғауыны едің»,- деді. Сосын **«Йа, Раббым! Маған берген уәдеңді орындадың»** деп, Аллаhу та'алаға шүкір етті.

Расулуллаh жаралы сахабалардың (алейhимурридуан) жараларын таңдырды. Шәhид болғандарды анықтатты. Мұхажирлерден алты, ансардан сегіз барлығы он төрт шәhид бар еді. Барлығының қасиетті рухтары жұмаққа ұшса, Исламның нұрын сөндіргісі келген мүшріктерден жетпіс адам өлтіріліп, жетпісі тұтқынға түсті.

Пайғамбарымыз жеңіс туралы сүйінші сұрау үшін Абдуллаh бин Рәуаха мен Зәйд бин Харисаны (радиаллаhу анhума) Мәдинаға жіберді.

Пайғамбарымыз шәhидтердің жаназа намазын оқытып, оларды жерледі.

Мүшріктердің жиырма төрт мәйітін бітелген құдыққа, қалғандарын шұңқырға тастап беттерін жапты.

Әлемдердің мырзасы сахабаларымен бірге құдықтың басына барып, **«Ей, құдыққа тасталғандар!»**- деп, өлтірілген мүшріктердің аттарын әкелерінің аттарымен қосып айтып: **«Ей, Утбә бин Рәбиа! Ей, Умәййә бин Халәф! Ей, Әбу Жәhл бин Хишам! Сендер өздеріңе келген пайғамбарларыңа қарсы қандай дұшпан едіңдер. Сендер мені теріске шығардыңдар. Басқалар мені растап, қолдады. Сендер мені өз қаламнан, жерімнен шығардыңдар. Ал басқалар маған есіктерін ашып, бауырларына басты. Сендер менімен соғыстыңдар, ал басқалар маған көмектесті. Ендеше, Раббымның уәдесіне қауыштыңдар ма? Мен Раббым уәде еткен жеңіске қол жеткіздім»**,- деді.

Хазреті Омар: «Йа, Расулаллаh! Өліктерге айтып тұрсыз ба?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз оған **«Мені хақ пайғамбар етіп жіберген Раббыма ант етемін, сендер мені олардай жақсы естімейсіңдер. Бірақ, олар жауап бере алмайды»-** деді.

Мүшріктер соғыс алаңынан қашып, әкелген заттарының барлығын тастап кеткен еді. Олардың барлығын мұсылмандар олжа қылып алды. Пайғамбарымыз олжаларды Бәдір соғысына қатысқан барлық сахабаларға таратты.

Осы кезде сүйінші хабар айтуға кеткен Абдуллаh бин Рәуаха мен Зәйд бин Хариса (радиаллаhу анhум) Мәдинаға жақындап қалған болатын. Күн жексенбінің таңы болатын. Акик деген жерге жеткенде ол екеуі бөлінеді. Абдуллаh бин Рәуаха бір жақтан, Зәйд бин Хариса (радиаллаhу анhума) басқа жақтан Мәдинаға кіріп барды. Үй-үйді

аралап, жеңісті хабарлады. Пайғамбарымыздың ақыны болған Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһ):

«**Сүйінші!**
Сүйінші! Ей Ансарлар жамағаты
Аман-есен Аллаһтың пайғамбары.
Мүшріктер өлтіріліп тұтқындалды.
Ұсталды көсемдері даралары,
Рәбиамен Хажаждың балалары
Өлтірілді шұңқырда бәрі қалды.
Әбу Жәһл, Амр бин Хишамдар да
Өлтірілді жазасын лайық алды.
Сүйінші! Ей Ансарлар жамағаты
Жеңіп шықты Аллаһтың пайғамбары» -

деп бар даусымен сүйінші хабарды таратты. Хазреті Асым бин Адий: «Ей, Ибн Рәуаха! Айтып тұрғаның рас па?»- деп сұрады. Абдуллаһ бин Рәуаха: «Иә, рас. Иншааллаһ ертең пайғамбарымыз тұтқындарды алып келеді»- деді.

Сол күні пайғамбарымыздың қызы хазреті Руқаййә қайтыс болған еді. Күйеуі хазреті Осман жаназа намазын оқыған болатын. Осындай қайғылы сәтте келген жеңіс хабары олардың біраз еңсесін көтерді.

Пайғамбарымыз сахабаларымен Бәдірде жеңісті нәсіп еткен Аллаһу та'алаға шүкіршілік етіп, сәжде жасағаннан кейін Мәдинаға қарай тұтқындарды алып, жолға шықты.

Сүйінші айтып барған Абдуллаһ бин Рәуаха мен Зәйд бин Хариса (радиаллаһу анһум) Бәдір соғысында болған жәйттер мен кімдердің шәһид болғандарын айтып берген болатын. Мәдинада қалған балалар, әйелдер қызметшілер жеңіске қатты қуанды. Олар пайғамбарымызды күтіп алуға шықты. Шәһид болғандардың ішінде Хариса бин Сұрақа (радиаллаһу анһ) да бар еді. Хазреті Харисаның анасы Рәби (радиаллаһу анһа) баласы су ішіп тұрғанда бір дұшпанның қолынан шәһид болғанын естіп, «Пайғамбар келмейінше балам үшін жыламаймын. Мәдинаға келгеннен кейін оның өзінен сұраймын. Егер балам жұмақта болса еш жыламаймын. Ал, егер тозақта болса көзімнен жас орнына қан төгемін»- дейді.

Пайғамбарымыз сахабаларымен бірге Мәдинаға келген кезде Рәби (радиаллаһу анһа) оған барып: «Ата-анам сіз үшін құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Балам Харисаға деген аналық махаббатымды

білесіз. Шәһид болып, жұмаққа кірді ме? Егер солай болса сабыр етейін. Жоқ олай болмаса көзімнен қанды жасымды төгейін» дейді. Пайғамбарымыз оған: **«Ей, Үммү Хариса! Сенің балаң бір емес, бірнеше жұмақта. Оның орны Фирдауста»** дейді. Сонда Рәби (радиаллаһу анһа): «Онда балам үшін жыламаймын»- дейді. Пайғамбарымыз бір ыдыспен су сұрайды. Қолын суға батырып шығарды. Осы суды хазреті Харисаның анасы мен қарындасына ішкізді. Сосын осы судан бастары мен беттеріне сүртті. Сол күннен бастап Рәби мен қызының (радиаллаһу анһума) жүздерінен нұр шашырап тұрды, өмірлері ұзақ болды.

Пайғамбарымыз Мәдинаға әкелінген жетпіс тұтқынды сахабаларының арасында бөлістіріп, оларға жақсы қарым-қатынас жасауды бұйырды. Тұтқындар туралы Аллаһу та'аладан әлі уаһи келмеген болатын. Пайғамбарымыз сахабаларымен кеңесіп, тұтқындарды төлем төлеу шартымен босатуға шешім қабылдады. Әр тұтқынның тұрмысына қарай төлем мөлшері белгіленді. Ақшасы жоқтарының ішінде сауаты барлары Мәдинада оқу-жазуды білмейтін он адамға оқып-жазуды үйретуге мәжбүр етілді. Тұтқындардың ішінде пайғамбарымыздың көкесі Аббас та бар болатын. Пайғамбарымыз оған: **«Ей, Аббас! Өзің, бауырыңның баласы Уқайл бин Әби Талиб, Нәуфәл бин Харис үшін төлем төлейсің. Өйткені, сен байсың»**,- деді. Хазреті Аббас: «Йа, Расулаллаһ! Мен мұсылманмын. Құрайыштықтар мені зорлап Бәдірге әкелді»,- деді. Расулуллаһ **«Сенің мұсылмандығыңды Аллаһу та'ала біледі. Шын айтып тұрсаң Аллаһу та'ала әрине саған оның қайтарымын береді. Бірақ, сен мына көрінісіңмен бізге қарсысың. Сондықтан құтылу төлемін төлеуің керек»**- деді. Аббас (радиаллаһу анһ) «Йа, Расулаллаһ! Менде сізге олжа болып түскен 800 дирхамнан басқа байлығым жоқ» дегенде пайғамбарымыз **«Йа, Аббас! Ана алтындарды неге айтпайсың?»**,- деді. Аббас «Қандай алтындар?» дегенде пайғамбарымыз **«Сен Меккеден шығатын күні әйелің Харисқызы Үммү Фадлға берген алтындарың. Оларды берген кезіңде қастарыңда ешкім жоқ болатын. Сен Үммү Фадлға «Мына сапарда басыма не төніп тұрғанын білмеймін. Егер бір бәлеге душар болып, кері оралмасам мынаншасы саған, мынаншасы Фадлға, мынаншасы Абдуллаһқа, мынаншасы Убәйдуллаһқа, мынаншасы Қусамға» деген алтындарың»** деген кезде хазреті Аббас таң қалып: «Ант етемін, мен бұл алтындарды әйеліме берген

кезде қасымызда ешкім жоқ болатын. Мұны қайдан білдіңіз?»,- деді. Пайғамбарымыз **«Аллаһу та'ала білдірді»**,- деді. Сонда Аббас (радиаллаһу анһ) «Сіздің Аллаһу та'аланың расулы екеніңізге және шын айтқаныңызға куәгермін» деп, кәлимаи шахадатты айтты. Мұсылман болғаннан кейін пайғамбарымыз хазреті Аббасты Меккеге қызметке тағайындады. Сол жердегі мұсылмандарды қорғауды, Ислам дұшпандары туралы хабар жеткізуді бұйырды.

Бәдір соғысында жеңіліске ұшыраған Құрайышқа хабар жіберіліп, төлем төлеу арқылы тұтқындарды алуларына болатыны білдірілді. Алайда, хижреттен бұрын пайғамбарымызға өте көп қастандық жасаған Надр бин Харистің басы шабылды. Сонымен қатар, Расулуллаһ Қағбада намаз оқып отырғанда арқасына түйенің ішек-қарнын әкеп қойған арсыз Уқбә бин Әбу Муайт та өлтірілді. Оның басы шабылғанда пайғамбарымыз Аллаһу та'алаға шүкіршілік етті. Оның қасына барып: **«Уаллаһи, Аллаһу та'аланы, расулын және Құран кәрімді мойындамаған, өз қауымынан шыққан пайғамбарына қастандық жасаған сендей нашар адам көрген жоқпын»**- деді.

Тұтқындар иелеріне төлем төленіп босатылғанға дейін сахабалардың қасында болды. Сахабалардың барлығы тұтқындарға жақсы қарым-қатынас жасап, оларды аш қалдырмады. Мусаб бин Умәйрдің (радиаллаһу анһ) бауыры Әбу Азиз тұтқындардың арасында болатын. Ол былай дейді: «Мен де мәдиналық бір мұсылманның үйінде тұтқын болатынмын. Олар маған жақсы қарады, таңертең және кешке жейтін нандарын маған беріп, өздері тек құрма жеуге мәжбүр болатын. Олардың бірінің қолына бір үзім нан түссе, жүгіріп маған әкелетін. Ұялғанымнан нанды әкелген адамға қайтарып беретінмін. Бірақ, ол бәрібір нанды маған қайтып беретін».

Тағы бір тұтқын Йәзид былай дейді: «Мұсылмандар Бәдірден Мәдинаға келген кезде бізді, яғни тұтқындарды жануарларға мінгізіп, өздері жаяу жүрді».

Мүшріктердің Бәдірде тойтарысқа ұшырап, соғыс алаңынан қашулары Меккеде үлкен таңданыс тудырды. Меккеліктер еш күтпеген, еш ойламаған жағдайға тап болған еді. Алғаш хабарды жеткізген адамның сөздеріне Әбу Ләхәб пен басқа мүшріктер сенбеді. Соғыс майданынан қашқан Әбу Суфйан Меккеге барған кезде оны дереу қастарына шақырып, Әбу Ләхәб оған «Айтшы қане, не болды?» деп сұрайды. Әбу Суфйан жерге отырып, былай

түсіндірді: «Мұсылмандармен кездескен кезде қолымыз, аяғымыз байланып қалғандай болды. Олар қалағандарынша әрекет жасады. Біразымызды өлтірді, біразымызды тұтқынға түсірді. Мен өзімізден ешкімді айыптамаймын. Өйткені, ол кезде жер мен көктің арасында аққа оранған біреулерді кездестірдік. Оларға ешкім шыдай алмайтын, ешкім қарсы тұра алмайтын еді». Исламның алғашқы кезеңдерінде мұсылман болғанына қарамастан мүшріктердің жамандығынан тартынғандықтан мұсылман екендігін білдірмеген Аббастың (радиаллаһу анһ) құлы Әбу Рафи сол жерде болатын. Оларды үнсіз тыңдап тұрған Әбу Рафи (радиаллаһу анһ) қуанғанынан **«Уаллаһи, олар періштелер»** деп қалды. Әбу Ләхәб оны жұдырықпен салып қалып, тұрғызып жерге ұрды. Біраз ұрғаннан кейін хазреті Аббастың әйелі Үммү Фадл (радиаллаһу анһа) бұған шыдап тұра алмады. Өйткені, ол да бұрын мұсылман болып қойған еді. Үммү Фадл сол жерден бір тірек ағашты алып, «Оны ешкімі жоқ, әлсіз деп ойладың ғой, солай ма?» деп Әбу Ләхәбты ұрды. Әбу Ләхәбтың басы жарылды. Басынан қан сорғалап, қорланған күйде кері қайтты. Жеті күннен кейін Аллаһу та'ала оған қарақызыл деген ауру жіберіп, сол аурудан ажалын тапты. Балалары екі-үш күн жерлемей күттірді. Ақырында ол саси бастады. Адамдардың барлығы Әбу Ләхәбтің ауруынан обадан қашқандай қашып, жиіркенді. Содан кейін Құрайыштың бірі Әбу Ләхәбтің балаларына «Сендер ұялмайсыңдар ма? Әкелеріңді сасып кеткенше жерлемей ұстап отырсыңдар. Ең болмаса бір жерге апарып көміп, көзін жойыңдар» дейді. Балалары оған «Біз оның ауруынан қорқамыз»- деп жауап берді. Сонда әлгі адам оларға «Сендер барыңдар, мен де барып көмектесемін»,- деді. Сосын үшеуі жиналып, оны бір жерге апарып, көрінбей қалғанша үстін таспен жапты. Әбу Ләхәб осылайша мәңгі азап пен оттың ішінде қалатын мекеніне, қараңғылық пен тозақ шұңқыры болған қабіріне кірді.

Бәдірде тұтқынға түскен құрайыштықтардың арасында Уәлид бин Уәлид те бар болатын. Оны Абдуллаһ бин Жахш (радиаллаһу анһ) тұтқын етіп түсірген болатын. Уәлидтің бауырлары Хишаммен әлі мұсылман болмаған Халид бин Уәлид оны құтқарып алу үшін Мәдинаға келеді. Абдуллаһ бин Жахш (радиаллаһу анһ) төлемді бермейінше оны босатқысы келмеді. Бауыры Халид бұған келіскенмен әкесі бір анасы бөлек бауыры Хишам қабылдамады. Пайғамбарымыз әкелерінің қару-жарақтарын беруді ұсынды. Бұған Хишам көнгенмен Халид көнбейді. Ақырында әкелерінің жүз динар тұратын қылышы,

сауыты және дулығасын беретін болып келіседі. Уәлидті тұтқыннан босатып, Меккеге қарай жолға шығады. Алайда, Уәлид Меккенің жолындағы Мәдинаға бес-алты шақырым қашықтықтағы Зул-хуләйфәде олардан бөлініп, пайғамбарымызға барып, иман келтіріп, сахабалардың қатарына қосылды. Мұсылман болғаннан біраз уақыттан кейін Меккеге бауырларының қасына кетті. Сонда Халид бин Уәлид «Ақыры мұсылман болады екенсің, онда неге төлем төлемей тұрып мұсылман болмадың? Әкемізден қалған естеліктен айрылдық. Неге бұлай жасадың?» деп сұрағанда «Құрайыштықтардың мен туралы тұтқынға шыдай алмай, Мұхаммедке мойынсұнуға мәжбүр болды» деулерінен қорықтым деп жауап берді. Бұл сөзге қатты ашуланған бауырлары оны Манзум ұлдарынан кейбір мұсылмандармен бірге Ияш бин Әби Рәбиа және Сәләмә бин Хишамның (радиаллаһу анһум) жанына қамап тастады. Уәлид бин Уәлид (радиаллаһу анһ) иман келтіргені үшін жылдар бойы қамалып жатты. Ислам дұшпаны болған көкесі Хишам мен мүшрік туыстарынан көптеген азаптар көрді. Пайғамбарымыз мүшріктердің зұлымдығына ұшыраған Ияш бин Әби Рәбиа, Әбу Сәләмә бин Хишам және Уәлид үшін былай дұға етті: **«Илаһи! Уәлид бин Уәлидті, Сәләмә бин Хишамды, Ияш бин Рәбианы, басқа да әлсіз мүминдерді құтқар, илаһи Мударды одан бетер қина. Бұл жылдарды Юсуфтың жылдарына ұқсат»**. Уәлид (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздың дұғасының берекесімен бір мүмкіндігін тауып байлаулы жерінен қашып шығады. Мәдинаға барып, пайғамбарымыздың қасында болды. Пайғамбарымыз одан Ияш бин Рәбиа мен Сәләмә бин Хишамның жағдайын сұраған кезде олардың аяқтарының бір-біріне байлаулы екенін, қатты азап көріп жатқандарын айтты. Пайғамбарымыз олардың жағдайына қатты ренжіп, оларды құтқару шараларын іздестірді. Кімнің құтқара алатынын сұрағанда жылдар бойы жауыздық көргеніне қарамастан Уәлид батыл түрде: «Йа, Расулаллаһ! Оларды мен құтқарып, сізге әкелемін»,- деді. Қайтадан Меккеге барып, азаптағы мұсылмандардың орнын оларға тамақ апаратын бір әйелдің ізіне түсу арқылы біліп алды. Екеуі де төбесі жоқ тамның ішінде қамаулы еді. Уәлид (радиаллаһу анһ) түнде батырлықпен дуалдан асып түсіп, достарының қасына барды. Иман келтіруден басқа айыптары болмаған ол екеуін мүшріктер бір тасқа байлап, Арабстанның аптап ыстығында әр түрлі азаптармен қинаған болатын. Уәлид оларды құтқарып, түйесіне мінгізді. Өзі жалаң аяқ, жаяу Мәдинаға, пайғамбарымызға тезірек жету үшін жолға шығады.

Оны шөлдің аптаған ыстығы емес, әлемдердің мырзасына жету құлшынысы өртеген еді. Мәдинаға аш, жалаң аяқ үш күн жүріп барды. Саусақтары жарылып, жара-жара болып кеткен еді. Уәлид бин Уәлид (радиаллаһу анһ) үсті-басы жырым-жырым, қан-қан болып әзер дегенде пайғамбарымызға жетеді.

Бәдір жеңісі мұсылмандарды үлкен қуанышқа бөледі. Ал мүшріктер болса қатты қайғырды. Хабәшстан патшасы Нәжаши пайғамбарымыздың жеңіске жеткенін естіп, еліндегі сахабаларға барып: «Аллаһу та’алаға шүкір, пайғамбарын Бәдірде жеңімпаз етіп, жеңісті бұйыртты»- деп сүйінші хабар айтты.

Хазреті Әли мен хазреті Фатиманың үйленуі

Хижреттің екінші жылы еді. Пайғамбарымыздың қызы хазреті Фатима он бес жасқа толған болатын.

Бір күні хазреті Фатима бір қызмет үшін пайғамбарымыздың қасына барады. Пайғамбарымыз қызының тұрмыс құратын жасқа жеткенін байқайды. Сол күннен кейін Фатиматуз Зәхраны (радиаллаһу анһа) көп адам сұратты. Пайғамбарымыз оларға келісім бермей, **«Оның ісі Хақ та’аланың бұйрығына байланысты»**,- деді. Бір күні Әбу Бәкір, Омар және Са’д бин Муаз (радиаллаһу анһум) мешітте отырып, «хазреті Фатиманы хазреті Әлиден басқа барлық адам сұрады. Ешкімге берілмеді» деп сөйлесті. Хазреті Сыддық: «Әлиге нәсіп болады деп ойлаймын. Жүріңдер, оған барып, мәселені ортаға тастайық. Егер кедейлігін алға тартса, көмектесейік»,- деді. Са’д (радиаллаһу анһ): «Йа, Әбу Бәкір! Сен әрдайым жақсылықтардың басында жүресің. Тұр, біз саған жолдас болайық»,- деді. Үшеуі мешіттен шығып, хазреті Әлидің үйіне барады. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) түйесін алып, ансардың бірінің құрма бауын суарып жүр екен. Оларды көріп, қарсы алып, жағдайларын сұрады. Хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) «Йа, Әли! Барлық қайырлы істің басында сен жүресің және пайғамбарымыздың құзырында ешкімге бұйырмаған бір мәртебеге иесің. Хазреті Фатиманы барлық адам сұратты. Ешкімге келісім берілген жоқ. Ол саған нәсіп болады деп ойлаймыз. Неге кіріспейсің?»- деп сұрады.

Хазреті Әли мұны естігенде көздері жасқа толып, «Йа, Әбу Бәкір! Мені одан сайын өртедің. Оны менен артық қалайтын адам жоқ. Бірақ, қолымның қысқалығы маған кедергі келтіріп отыр»,- деді.

Хазреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһ) «Бұлай деме. Аллаһу та'ала мен расулының жанында дүние еш нәрсе емес. Бұған кедейлік кедергі бола алмайды. Бар, сұра»,- деді.

Хазреті Әли айтады: «Пайғамбарымыздың қасына қысылып, тартынып кірдім. Пайғамбарымыз айбатты, байсалды қалпында отыр екен. Қасына барып отырдым. Сөйлесуге бата алмадым. Пайғамбарымыз **«Неге келдің? Бір бұйымтайың бар ма?»**- деп сұрады. Үндемедім. **«Фатиманы сұрауға келдің-ау»**- дегенде «Иә»,- дедім. (Пайғамбарымыз хазреті Фатимаға хазреті Әлидің сұрағанын айтты. Ол да үнсіз қалды). Пайғамбарымыз **«Фатимаға мәһір ретінде беретін нең бар?»**- деп сұрады. «Жанымда оған беретін еш нәрсем жоқ, йа, Расулаллаһ»,- дедім. **«Саған берген Хутами сауытты көйлегім қайда?»**,- деді. «Өзімде»,- дедім. Пайғамбарымыз **«Соны сатып, ақшасын әкел, мәһірге сол жетеді»**,- деді. Басқа бір риуаятта «Пайғамбарымыз хазреті Әлиге **«Қасыңда не бар?»** деп сұрағанда **«Атым мен сауытты көйлегім бар»** деп жауап берген, Расулуллаһ: **«Атың өзіңе керек болады, бірақ сауытыңды сат»** деген. Басқа бір риуаят бойынша **«Йа, Әли! Барып өзіңе үй жалда»** деген.

Хазреті Әли үйленгенге дейін пайғамбарымызбен бірге тұрған. Пайғамбарымыздың бұйрығымен Мәсжидун Нәбәуиге жақын жердегі хазреті Айшаның бөлмесіне қарсы орналасқан Хариса бин Нұманның үйін жалдады. Сауытын хазреті Османға 480 дирхамға сатты. Хазреті Осман сатып алғаннан кейін сауытты сыйлық ретінде хазреті Әлиге қайтарып берді.

Хазреті Әли сауыт пен дирхамды алып, пайғамбарымызға барғанда пайғамбарымыз хазреті Осман үшін қайырлы дұға етіп, **«Осман менің жұмақтағы жолдасым»**,- деді. Сосын Біләл Хабәшиді (радиаллаһу анһ) шақырып, ақшаның біразын беріп, «Мына ақшаны алып, базарға бар. Біраз гүл суын, қалған ақшаға бал ал. Сөйтіп, мешіттің бір бұрышында таза ыдыста сумен езіңдер. Бал шербетін жасаңдар, неке қиылғаннан кейін ішейік. Ансар мен мұхажирлерден барлық сахабаларды мешітке шақыр, Фатима мен Әлидің некесінің қиылатынын халыққа жарияла»- деді.

Хазреті Біләл Хабәши сыртқа шығып, хазреті Әли мен хазреті Фатиманың некесінің қиылатынын халыққа жариялады. Сахабалар Мәсжидун Нәбәуиге жиналып, мешіттің іші-сырты адамға лық толды. Пайғамбарымыз орнынан тұрып, мына хұтбаны оқыды: **«Барлық мадақ пен алғыс әлемдердің Раббысына тән. Ол шексіз**

ниғмет беруші, құдіретті, қуатты, азаптаушы, оның үкімі мен бұйрығы жер беті мен көкте үстем. Жаратылысты құдіретімен жаратқан, әділетті үкімдерімен жаратылғандарды бір-бірінен айырған, адамдарды Ислам діні мен пайғамбары Мұхаммедпен (алейһиссалам) **қауыштырған Ол...**

Аллаһу та'ала маған қызым Фатиманың некесін Әли бин Әбу Талибпен қидыруды бұйырды. Қазір сендерді куәгер етемін, 400 мисқал күміс мәһірмен Фатимамен Әли бин Әбу Талибтың некесін қидырдым. Раббым олардың ұрпақтарын таза және рақымдылықтың кілті, даналықтың кені етсін, Мұхаммедтің үмметіне сенімді қылсын. Айтатыным осы. Раббымнан өзім және сендер үшін кешірім тілеймін».

Сосын хазреті Әли тұрып, мына хұтбаны оқыды: «Қасымыздағы Мұхаммед алейһиссаламға салауат пен сәлем арнаймын, қызы Фатиманы 400 мисқал күміс мәһірмен маған әйелдікке берді. Ей, діндес бауырларым! Пайғамбарымыздың айтқандарын естідіңдер және куә болдыңдар. Мен де бұған куәмін және разымын. Сол күйінде қабылдаймын. Аллаһу та'ала барлығымыздың сөзімізге куә».

Неке рәсімі аяқталғаннан кейін пайғамбарымыз құрма алдырып, **«Құрмадан алып, жеңдер»**,- деді. Барлығы құрмадан алып жеді. Сосын Біләл Хабәши (радиаллаһу анһ) бал шербетін таратты, оны да ішіп, барлық сахабалар «Бәрәкәллаһу фи кума уә алейкума уә жәмә'а шәмләкума» деп дұға етті.

Хазреті Фатима некеден кейін жылады. Пайғамбарымыз оның қасына барып, **«Ей, Фатима! Сен неге жылайсың? Аллаһу та'алаға ант етемін, сені сұрағандардың ішіндегі ең білгіріне, ең кішіпейілді мен ақылдысына және алғаш мұсылман болғанына беріп отырмын»,**- деді. Хазреті Фатима «Әкешім! Тұрмысқа шыққан барлық қыздың мәһрі алтын және күміспен белгіленеді. Менің де мәһрім осылай белгіленсе, сізбен басқалардың арасында қандай айырмашылық қалады. Қиямет күні сіз күнәһар мүминдерге қаншалықты шапағат жасасаңыз, мен де олардың әйелдеріне шапағат жасағым келеді. Менің мәһрім осы болсын»,- деді. Аллаһу та'ала хазреті Фатиманың бұл тілегінің қабыл болғанын білдіргеннен кейін Расулуллаһ **«Йа, Фатима! Пайғамбардың қызы екеніңді көрсеттің»**- деді.

Хазреті Әли былай дейді: «Бұл істерден кейін арада бір ай өткен еді. Бұл мәселе туралы ешқандай сөз қозғалмады. Мен де ұялып

ештеңе дей алмадым. Алайда, пайғамбарымыз мені оңашада көріп қалған кезде: **«Сенің әйелің қандай жақсы әйел. Саған сүйінші, ол әлемдегі әйелдердің ең қадірлісі»** дейтін. Бір айдан кейін Әлидің (радиаллаһу анһ) бауыры хазреті Уқайл: «Йа, Әли! Бұл некеге қуандық. Алайда, осы екі жан бір-біріне жақын болғаны дұрыс, әйеліңді алып бірге тұратын уақыт жетті деп ойлаймын»,- деді. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) «Менің де ойым сол, бірақ айтуға ұяламын»,- деді. Хазреті Уқайл Әлидің (радиаллаһу анһ) қолынан ұстап, пайғамбарымыздың үйіне барады, олардың алдынан Расулуллаһтың қызметшісі Үммү Әймән (радиаллаһу анһа) шығады. Оған жағдайды айтып жеткізеді. Үммү Әймән: «Бұл мәселе үшін сіздің келуіңіз керек емес. Біз пайғамбарымыздың әйелдерімен кеңесіп, сізге хабар жібереміз. Өйткені, бұл мәселеде әйелдердің сөзі тыңдалады»,- деді. Үммү Әймән (радиаллаһу анһа) бұл жағдайды пайғамбарымыздың әйелдеріне айтты. Әйелдер хазреті Айшаның бөлмесіне барды. Хазреті Хадишаны естеріне алып, «Егер ол болғанда біз алаңдамас едік»- деді. Пайғамбарымыз жылап, былай деді: **«Хадишадай әйел қайда? Халық мені теріске шығарғанда ол мені қолдады, барлық мал-мүлкін менің жолыма жұмсады. Ислам дініне көп көмек берді. Ол тірі кезде Хақ та'ала маған «Хадишаға айт, жұмақта ол үшін асыл тастан үй бар» деп бұйырды»**.

Пайғамбарымыздың әйелдері хазреті Әлидің ойын жеткізді. Пайғамбарымыз Үммү Әймәнға хазреті Әлиді шақырып келуін тапсырды. Әли (радиаллаһу анһ) келген соң әйелдер шығып кетті. Хазреті Әли басын төмен иіп отырды. Расулуллаһ: **«Әйеліңді әкетуді қалайсың ба, йа Әли!»**,- деді.

Әли (радиаллаһу анһ) «Қалаймын, йа Расулаллаһ! Ата-анам сізге құрбан болсын»,- деді. Пайғамбарымыз Әсма бинти Умәйске: **«Барып Фатиманың үйін дайында»**,- деді. Әсма хазреті Фатиманың келін болып түсетін үйіне барды. Бір төсенішті жаңа теріден, бір төсенішті жамаулы теріден, бір төсенішті қамыстан дайындап, іштеріне құрма талшығын салды. Пайғамбарымыз құптан намазынан кейін Фатиманың (радиаллаһу анһа) үйіне барып, жасалғандарды көріп шықты.

Пайғамбарымыз хазреті Әлидің әкелген ақшасының үштен екісіне азық-түлік, әшекей және иіс су сияқты нәрселер, үштен біріне киім-кешек алуды бұйырды. Үйдің заттарын толықтырды. Хазреті Фатиманың жасауы мен үй заттарында мыналар бар еді: Әсма бинти

Умәйстің дайындаған үш төсеніші, шашақты бір кілем, ішіне құрма талшығы салынған бас жастық, екі дана қол диірмен, бір су ыдысы, бір құмыра, теріден жасалған су ыдысы, бір сүлгі, бір белдемше, өңделген бір қошқар терісі, ескіріп, түгі кеткен Йемен кілемі, құрма жапырағынан тоқылған кереует. Йемендік екі ала киім, бір көрпе. Осыдан соң пайғамбарымыз хазреті Әлиге біраз ақша беріп, құрма мен май алуын сұрады. Хазреті Әли бұдан кейінгі жағдайды былай түсіндіреді: «Бес дирхамға құрма, төрт дирхамға май алдым. Пайғамбарымызға алып бардым. Теріден жасалған дастархан сұрады. Құрма, ұн, май және айранды араластырып, бір тағам жасады да: **«Йа, Әли! Кімді көрсең барлығын ертіп кел»**,- деді. Мен сыртқа шығып, көп адам көріп, барлығын шақырдым да ішке кіріп, адамның көп екенін пайғамбарымызға айттым.

Пайғамбарымыз **«Оларды он-оннан ішке кіргіз, тамақ жесін»**,- деді, мен солай жасадым. Санағанымызда еркек, әйел барлығы жеті жүз адамға тамақ беріп, тойғызған еді».

Хазреті Әлидің және Фатиманың (радиаллаһу анһа) тойлық асы желінгеннен кейін Үммү Әймәннің айтуы бойынша пайғамбарымыз хазреті Әлиге: **«Йа, Әли, қызым Фатима келін болып сенің үйіңе барды. Мен шам намазынан кейін келіп, дұға етемін. Мені күтіңдер»**,- деді. Хазреті Әли үйіне барып, бір бұрышқа отырды. Хазреті Фатима үйдің келесі бұрышына отырды. Сол кезде Пайғамбарымыз келіп есікті қағады. Үммү Әймән есікті ашты. Расулуллаһ **«Бауырым осында ма?»**- деп сұрады. Үммү Әймән «Анам, әкем сіз үшін құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Бауырыңыз кім?»деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Әли бин Әбу Тәліп»** дегенде Үммү Әймән «Қызыңызды бауырыңызға күйеуге бердіңіз бе?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Иә»**,- деді. Үммү Әймән пайғамбардың «Бауырым осында ма?» деген сөзінен неке дұрыс емес деп ойлап қалады. Пайғамбарымыз «иә» деп жауап беру арқылы бір анадан туғандардың үйленуіне болмайтынын білдірді.

Осыдан соң пайғамбарымыз Үммү Әймәнға **«Әсма бинти Умәйс те осында ма?»**- деп сұрады. «Иә» деген жауап алғаннан кейін **«Демек, Расулуллаһтың қызына қызмет етуге келген ғой»**,- деді. Үммү Әймән «иә» дегенде **«Қайырға қауышсын»** деп дұға етті.

Сосын бір ыдыспен су алдырды. Қолын жуды. Судың ішіне біраз хош иіс құйып, хазреті Фатиманы шақырды. Хазреті Фатима (радиаллаһу анһа) ұялып жерден көз алмай тұрды. Пайғамбарымыз

судан алып, Фатиманың кеудесіне, басына, арқасына септі де **«Аллаһумма инни әизуха бикә уә зурриятиһә минаш шайтанир ражим»** деп дұға етті. Сосын хазреті Әлиге де дәл солай жасап, **«Аллаһумма барик фиһима уә барик алейһима уә барик ләһума фи нәслиһимә»** деп дұға етті. Ихлас, Фәлақ, Нас сүрелерін оқып, **«Аллаһу та'аланың есімі мен берекесімен жұбайыңның қасына бар»**,- деді. Сосын есіктің екі жармасынан ұстап, дұға етіп, кетіп қалды.

Хазреті Әли айтады: «Тойымыздан төрт күннен кейін пайғамбарымыз үйімізге келді. Көңілдерді жаулап алатын, даналыққа толы сөздерімен насихат айтты, сосын **«Йа, Әли, су әкел»**,- деді. Барып су әкелдім. Бір аят кәримә оқыды да, **«Бұл судан біраз іш, бір бөлігі қалсын»**,- деді. Қалған суды кеудеме, басыма септі. Қайтадан **«Су әкел»**,- деді. Тағы да су әкелдім. Маған жасағанын Фатимаға да қайталады. Сосын мені сыртқа шығарды».

Ол сыртқа шыққаннан кейін қызынан хазреті Әли туралы сұрады. Фатима (радиаллаһу анһа) «Әкешім! Барлық кемел сипаттар оның бойынан табылады. Бірақ, кейбір Құрайыш әйелдері маған «Сенің ерің кедей дейді» дегенде пайғамбарымыз **«Ей, қызым! Сенің әкең мен ерің кедей емес. Бүкіл жер мен көктің бар қазыналары маған ұсынылды. Мен қабылдамадым. Аллаһу та'аланың құзырында қабыл болатынын таңдадым. Ей, қызым! Егер менің білгенімді сен білетін болсаң дүние саған түк болмас еді. Аллаһу та'аланың ақысы үшін, сенің ерің алғашқы сахаба. Исламның ұлысы, ең білімдісі. Ей, қызым! Аллаһу та'ала әһли бәйттен екі адамды таңдады. Бірі әкең, бірі күйеуің. Оған ешқашан қарсы келме, бұйрығына қарсы шықпа»**- деді.

Пайғамбарымыз қызына насихат айтқаннан кейін хазреті Әлиді шақырды. Оған да Фатиманы (радиаллаһу анһа) тапсырды: **«Йа, Әли! Фатиманы құрметте. Ол менің бір бөлшегім. Оны қадірле. Егер оны ренжітсең мені ренжіткен боласың»**,- деді. Екеуін де Аллаһу та'алаға тапсырып, кетуге ыңғайланғанда хазреті Фатима (радиаллаһу анһа) «Йа, Расулаллаһ! Іштегі жұмысты мен атқарамын, сырттың жұмысын Әли атқарады. Маған бір күң берсеңіз, маған көмек берер еді. Мені қуантар едіңіз»- дейді. Пайғамбарымыз **«Йа, Фатима! Саған қызметшіден артық нәрсе берейін бе, әлде қызметші берейін бе?»-** дейді.

Фатима (радиаллаһу анһа) «Қызметшіден жақсысын беріңіз»,- деді. Пайғамбарымыз **«Күнде жатарда 33 рет «Субханаллаһ», 33 рет «Әлхамдулиллаһ», 33 рет «Аллаһу әкбар», бір рет «Лә илаһә иллаллаһу уаһдаһу лә шәрикә ләһ. Ләһул мулку уә ләһул хамду уә һуә алә кулли шәй ин қадир» деп айт. Барлығы жүз сөз. Қияметте жүз жақсылық көресің. Мизанда жақсылығың ауыр басады»-** деді. Сосын пайғамбарымыз үйіне кетті.

Хазреті Әли мен хазреті Фатиманың некесі хижреттен бес айдан кейін, ал тойлары Бәдір соғысынан кейін болды.

Ка'б бин Әшрәфтің өлтірілуі

Бәдір жеңісінен кейін Мәдинадағы яһудилер мен пұтқа табынатын мүшріктердің бойында үрей туындады. Кейбір ынсабы бар яһудилер «Кітаптарымызда сипаттары жазылған адам дәл осы. Енді оған қарсы тұру мүмкін емес. Өйткені, ол әрқашан да жеңіске жетеді»- деп, мұсылман болды. Кейбіреулері «Мұхаммед соғысудың не екенін білмейтін құрайыштықтармен соғысты. Сондықтан жеңіске жетті. Егер бізбен соғысқанда оған соғыста жеңіске қалай жетуді көрсетер едік»- деді.

Ка'б бин Әшрәф деген бір яһуди Бәдірде Ислам әскерінің жеңгенін естіп, мұсылмандарға деген өшпенділігінен шыдай алмай Меккеге жол тартты. Сол жердегі мүшріктерді жинап, Мәдинаға шабуыл жасауға шақырып, өлеңдермен ұран тастады. Пайғамбарымызға қарсы бірге соғысу үшін оларды келісімге көндірді. Тіпті, пайғамбарымызды өлтіргізу үшін қастандық жасап та үлгерді. Аллаһу та'ала бұл жағдайды пайғамбарымызға хабар беріп, мағынасы: **«Олар Аллаһу та'аланың лағынет еткен** (мейірімінен ұзақтатқан) **адамдары»** деген аят түсірді («Ниса» сүресі, 52).

Осыған байланысты пайғамбарымыз сахабаларына **«Ка'б бин Әшрәфті кім өлтіреді? Өйткені, ол Аллаһу та'ала мен пайғамбарын жәбірледі»**- деді. Мұхаммед бин Мәсләмә (радиаллаһу анһ) «Егер рұқсат етсеңіз, оны мен өлтірейін»- деді. Пайғамбарымыз **«Жақсы, өлтіріңдер»**,- деді. Мұхаммед бин Мәсләмә (радиаллаһу анһ) бірнеше күн осы іске дайындалып, жоспар құрды. Жолдастары Әбу Наилә, Аббас бин Бишр, Харис бин Әус, Әбу Абс ибн Жәбрді (радиаллаһу та'ала алейһим әжмәин) жинап, бұл мәселені айтып ақылдасты. Барлығы дұрыс деп тауып, бірге өлтіруге шешім

қабылдады. Барлығы пайғамбарымызға барып: «Йа, Расулаллаһ! Біз онымен сөйлесіп тұрғанда сізге қатысты Ка'бқа ұнайтын сөздер айтуымызға бола ма?»- деді. Пайғамбарымыз оларға қалаған нәрселерін айтуға рұқсат берді. Осыдан кейін Мұхаммед бин Мәсләмә достарымен (радиаллаһу анһум) бірге Ка'б бин Әшрәфтің үйіне барды. «Ана Мұхаммед бізден садақа сұрады. Бізге көп салықтар салды. Соған сенен қарызға бір нәрсе сұрауға келдік»- дейді. Ка'б қуанып, Мұхаммед бин Мәсләмәнің ойы менің ойымдай екен деп «Ол әлі сендерді одан да бетер шаршатады»- деді. Мұхаммед бин Мәсләмә (радиаллаһу анһ): «Енді амал қанша, біз оған басында бағындық деп уәде беріп қойғанбыз. Сондықтан бұдан былай да бағына береміз. Соңы не болатынын көрерміз. Сен бізге қарызға біраз құрма берсең»- деді. Ка'б: «Жарайды, берейін, бірақ кепілдік ретінде маған бір нәрсе тастап кетулерің керек» деп шартын айтқанда хазреті Мұхаммед бин Мәсләмә жолдастарымен «Не қалайсың?»- деп сұрады. Ка'б «Әйелдеріңді кепілдікке беріңдер»- деді. Мұсылмандар оған келіспеді. «Онда балаларыңды беріңдер»- деді. «Оларды да бере алмаймыз. Олардың біріне бір-екі түйелік құрмаға кепіл болдың деп біреу айтса, бұл біз үшін ұмытылмастай дақ болады. Бірақ, саған қаруымызды, сауытымызды бере аламыз»- деген ұсыныс жасады. Ка'б бұл ұсынысты қабылдады да оларға келетін уақыттарын айтты. Мұхаммед бин Мәсләмә бір түні қасына Әбу Наиләні ертіп, Ка'бтың үйіне барды. Ка'б оларды бекініс қақпасының алдына келіп тұрыңдар деп шақырып, өзі олардың алдынан шығу үшін төменге түспек болды. Әйелі «Түн ортасында қайда барасың?» дегенде Ка'б: «Келгендер Мұхаммед бин Мәсләмәмен бауырым Әбу Наилә ғой»- деді. Әйелі «Мына дауыс маған ұнап тұрған жоқ. Одан қанның исі шығып тұрғандай»- деп уайымдағанын білдірді. Ка'б: «Жоқ, олар Мұхаммед бин Мәсләмә мен сүт бауырым Әбу Наилә. Ол жақсы адам. Тіпті түнде қылыштасуға шақырсаң да еш тартынбастан келетін адам»,- деді. Мұхаммед бин Мәсләмә (радиаллаһу анһ) өзімен бірге екі адамды, бір риуаят бойынша үш адамды бірге бекініске ертіп кірді. Олар Әбу Абс бин Жәбр, Харис бин Әус, Аббад бин Бишр (радиаллаһу анһум) болатын. Хазреті Мұхаммед бин Мәсләмә жолдастарына: «Ка'б келгенде оның басынан ұстап шашын иіскеймін. Сендер мен Ка'бтың басын жақсылап ұстағанымды көрген кезде қылыштарыңмен соғыңдар»- деді. Ка'б бин Әшрәф әдемі киініп, хош иіс себініп, олардың жанына келді. Ибн Мәсләмә (радиаллаһу анһ) «Осы күнге

дейін мұндай әсем, хош иіс иіскемедім»- деп Ка'бтың жанына барды. Ка'б арабтың ең хош иісті әйелдері менің жанымда деп мақтанды. Мұхаммед бин Мәсләмә (радиаллаһу анһ) «Басыңды иіскесем бола ма?»- деп сұрады. Ка'б еңкейді, Мәсләмә (радиаллаһу анһ) оны иіскеді, достарына да иіскетті. Сосын «тағы да иіскейін» деп оның басынан ұстап, достарына ұрыңдар деген белгі берді. Алғаш қылыш соққысында ол қатты айқайлады, бірақ өлмеді. Сосын оны хазреті Мәсләмәнің өзі қанжарымен өлтірді. Ка'бты өлтірген мүжаһидтер тез арада ол жерден кетіп, Мәдинаға келді. Пайғамбарымызға сүйінші хабарды айтқанда пайғамбарымыз Аллаһу та'алаға шүкіршілік айтып, мүжаһидтерге дұға етті.

Ка'б бин Әшрәфтің өлтірілуі яһудилерді қатты қорқытты. Өйткені, Ка'б сияқты көсемдері өз бекінісінде өлтірілгеннен кейін қалғандарды өлтіру дұшпан үшін бір сәттік іс еді. Таңертең бүкіл яһудилер жиналып, пайғамбарымызға барып, түнде болған жағдайды айтып, шағымданды. Пайғамбарымыз: **«Ол бізді әрдайым мазалап, бізге қарсы өлеңдер айтатын. Егер сендердің іштеріңде кімде-кім осылай жасайтын болса, біліп қойсын, оның жазасы қылыш»-** деді. Осыдан кейін яһудилер қорқып, пайғамбарымызбен қайтадан келісім жасасады...

Бәни Қайнуқа яһудилері

Бір күні Бәни Қайнуқа қауымының яһудилері бір мұсылман әйелді мазақ еткісі келіп тиіседі, оны көрген бір сахаба дереу қылышын суырып алып ол яһудиді өлтіреді. Басқа яһудилер бір болып, әлгі сахабаны өлтіреді. Бұл жағдай пайғамбарымызға жеткізілді. Пайғамбарымыз оларды Қайнуқа базарына жинап: **«Ей, яһуди қауымы! Сендер Аллаһу та'аланың Құрайышқа берген азабы сияқты азапқа ұшыраудан қорқыңдар, мұсылман болыңдар. Менің Аллаһу та'ала тарапынан жіберілген пайғамбар екенімді жақсы білесіңдер. Осыны да, Аллаһу та'аланың сендерге деген антын да кітаптарыңнан оқығансыңдар»-** деді. Осындай рақымдылыққа қарамастан жасасқан келісімдерін бұзған яһудилер әлемдердің сұлтанына: «Ей, Мұхаммед! Қалай соғысуды білмейтін қауымды жеңгеніңе мәз болма. Ант етеміз, біз нағыз жауынгерлерміз. Сен бізбен соғыса бастаған кезде-ақ біздің қандай ержүрек батырлар екенімізді көресің»- деді. Осылайша, бұрынғы келісім шартты бұзып,

пайғамбарымызды ашықша шайқасқа шақырып жатқандықтарын мәлімдеді.

Осыған байланысты Жәбрейіл алейһиссалам yaһи әкелді, мағынасы: **«(**Ей, хабибім сүйіктім!**) Егер сенімен келісім шарт жасасқан бір қауымның қиянат** (келісім шартқа қайшы келетін әрекет) **еткеніне мазалансаң, соғыс бастамастан бұрын ақиқат пен әділдік үшін анттарын бұзғандарын өздеріне білдір. Өйткені, Аллаһу та'ала қиянатшы сатқындарды сүймейді»** («Әнфал» сүресі, 58). Басқа бір аят кәримәда былай делінді: «(Ей, Расулым!) Ана кәпір болған яһудилерге айт: **«Сендер сөзсіз жеңілесіңдер және жиналып барлығың тозаққа барасыңдар, ол тозақ қандай жаман орын»** («Али Имран» сүресі, 12).

Пайғамбарымыз дереу әскер жасақтап, Қайнуқа яһудилері қоныстанған бекіністе қарай бет алды. Ақ туды хазреті Хамза алып жүрді. Мәдинаға өкіл ретінде Әбу Лубабә (радиаллаһу анһ) қалдырылған еді. Қасиетті әскер Қайнуқа бекінісін қоршауға алды. «Біз сондай керемет батырлармыз» деген яһудилер қарсы шықпақ түгілі бекіністерінен бір оқ та атуға батылдықтары жетпеді. Пайғамбарымыз кірген-шыққан адамдарды бақылауға алды. Ешкім сыртқа шыға алмады. Осы жағдай он бес күнге созылды. Яһудилер қорқып, соңында берілді. Барлығы өлтірілуі керек болса да әлемдерге рақымдылық етіп жіберілген пайғамбарымыз мейірімділік танытып, Қайнуқа яһудилерінің үй-жайларын тастап Дамаск жақа көшіп кетулеріне рұқсат берді. Осылайша, оларды Мәдина аймағынан шығарды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинада яһудилермен, әрі Абдуллаһ бин Убәй сияқты мұсылман болып көрініп жүрген мұнафықтармен және мүшріктермен күресуде еді. Сондай-ақ, Мәдинаның сыртындағы мүшрік тайпаларды Исламға шақырып, оларды мұсылман етуге бар күшін жұмсады. Сәуик, Ғатафан, Қардә, Бахран сияқты қақтығыстардың барлығы Бәдір соғысынан кейін болды.

Осы арада зекеттің парыз болуы, садақа беру, айт намаздарын оқу, құрбандық шалу сияқты бұйрықтар келді. Пайғамбарымыз қызы Үммү Гүлсімді (радиаллаһу анһа) хазреті Османға тұрмысқа берді. Зейнеп бинти Жахш пен хазреті Омардың қызы Хафсаны (радиаллаһу анһа) өзі әйелдікке алды. Хазреті Әлидің ұлы хазреті Хасан дүниеге келді.

УХУД СОҒЫСЫ

Меккелік мүшріктер Бәдір соғысында ұшыраған жеңілістерінен сабақ алмаумен қатар, оның қайғысын ұмыта алмады. Құрайыштықтар соғыста көптеген алдыңғы қатарлы адамдарынан айрылып қалған еді. Сондай-ақ Шам сауда жолының мұсылмандардың бақылауына өтуі олардың төзімдерінің сарқылуына себеп болды.

Әбу Суфйан басқарған сауда керуені Меккеге екі есе пайдамен оралған болатын. Қазынаға ортақ адамдардың көбісі Бәдір соғысында қайтыс болғандықтан керуеннің пайдасы Дарун Нәдуә деген мүшріктер шешім қабылдау үшін жиналатын ғимаратта сақталды.

Саффан бин Умәййә, Икримә бин Әби Жәхл, Абдуллаһ бин Рәбиа сияқты Бәдір соғысында әкелерінен, бауырларынан, күйеулерінен, ұлдарынан айрылғандар «Мұсылмандар біздің ұлы адамдарымызды өлтірді. Бізді талан-таражға салды. Енді олардан кек алудың уақыты келді. Керуеннің пайдасына әскери жасақ дайындайық. Мәдинаны жаулап алып, кегімізді қайтарайық» деп Әбу Суфйанға барып ұсыныс айтты.

Әбу Жәһл, Утбә, Шәйба сияқты айбынды кәпірлер өліп кеткендіктен мүшріктерді әлі мұсылман болмаған Әбу Суфйан басқарып отырған еді. Шам саудасынан жүз мың алтын пайда түскен еді. Оның жартысы негізгі қазына, қалғаны түскен табыс болатын. Қазына өз иелеріне қайтарылып, пайда екіге бөлініп, жартысына қару, жартысына әскер жиналды. Сондай-ақ ақындар мен жырауларға ақша берілді. Олар халықты соғысқа тарту үшін өлеңдер оқып, оларға ұрандар тастады. Әйелдер де оларға қосылып, дабыл қағып, сырнай шалды. Мұсылмандарды Мәдинадан шығару, пайғамбарымызды өлтіру және Исламды жоюды көздеген мүшріктер маңайдағы тайпаларды да аралап, олардан да әскер жинады.

Сонымен Меккеде 3000 адамдық үлкен әскери жасақ дайындалды. Олардың 700-і сауытты, 200-і атты әскер болды және 3000 түйелері болды. Сырнайшылар мен әйелдер де қатысқан бұл әскерге Әбу Суфйан қолбасшы болып сайланды. Оның әйелі Хинд те әйелдерді басқарып, мүшріктерді соғысқа шақыруға күш салды. Өйткені, ол Бәдір соғысында әкесінен және екі бауырынан айрылған еді. Соның қайғысынан арыла алмай, әйелдерді соғысқа қатыстырғысы келмегендерге «Бәдір соғысын естеріңе түсіріңдер!

Әйел, балаларыңа жету үшін Бәдірден қаштыңдар. Енді қашқысы келгендердің алдынан біз шығамыз» деп олардың аузына құм құйған еді. Осылайша құрайыштықтарды ынталандырып, оларды соғысқа тартуға бар күшін салды.

Мүшріктерден Жубәйр бин Мутимнің найза атуға шебер Уахши деген құлы бар еді. Көздегенін мүлт жібермейтін мерген болатын. Хинд әкесі Утбәні, Жубәйр болса, көкесі Туайманы Бәдірде өлтіргендіктен хазреті Хамзаға қатты кектенген еді. Жубәйр құлы Уахшиге «Егер Хамзаны (радиаллаһу анһ) өлтірсең, сені азат етемін» дейді. Хинд «Егер оны өлтірсең саған көп алтын мен асыл тастар беремін» деп уәде береді.

Барлық дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін Құрайыш әскері туларын көтеріп, бірін Талха бин Әби Талхаға, екіншісін Әхабиштен біріне, үшіншісін Увәйф ұлы Суфйанға берді.

Хазреті Аббас мүшріктердің 3000 адамдық әскер құрғандығы, олардың 700-інің сауытты, 200-інің атты әскер екені, 3000 түйелерінің және сансыз қару-жарақтарының бар екені және жолға шығуға дайын тұрғаны туралы бір хат жазып сенімді адамы арқылы Мәдинаға жібереді.

Осыған орай пайғамбарымыз жағдайды анықтау үшін бірнеше жолдасына тапсырма берді. Бұл сахабалар Меккеге қарай жолға шықты. Жолда мүшрік әскерінің келе жатқанын естіп оны бақылауға кірісті. Қысқа уақытта істерін бітіріп, тез арада Мәдинаға қайтып оралды. Көргендері мен алған хаттарындағы мәліметтер бір-бірімен үйлескен еді.

Пайғамбарымыз дереу дайындық ісіне кірісе бастады. Сондай-ақ тұтқиыл шабуылға ұшырамау үшін Мәдинаның айналасына кезекпен адамдарды күзетке қойып, қамданды. Сахабалар қысқа уақытта жиналып, дайындық істерін бітірді. Үйде қалғандармен қоштасып, пайғамбарымыздың қасына жиналды.

Ол күн – жұма күні болатын. Пайғамбарымыз сахабаларына жұма намазын оқытты. Хұтбада Аллаһу та’аланың дінін тарату үшін жиһадқа шығудың, Аллаһтың жолында соғысудың маңызына тоқталды. Осы жолда өлгендердің шәһид болып, жұмаққа баратынын айтты. Дұшпанның алдында шыдамдылық танытқандарға, қиындықтарға төзгендерге Аллаһу та’аланың көмектесетінін баяндады.

Пайғамбарымыз сахабаларымен қай жерде соғысу керектігі туралы кеңескісі келетінін және сол күні түнде көрген бір түсін айтты. Ол **«Түсімде мықты сауыт киіп жүр екенмін. Қылышым Зулфиқардың аузынан бір саңылаудың ашылып, бауыздалған бір сиыр, оның артынан бір қошқардың әкелінгенін көрдім»**,- деді. Сахабалар «Йа, Расулаллаһ! Бұл түсті қалай жорыдыңыз?» деп сұрағанда **«Мықты сауыт кию – Мәдинада қалудың белгісі. Осында қалыңдар. Қылыштың аузынан бір саңылаудың ашылуы – бір зарар келетіндігінің белгісі. Бауыздалған сиыр сахабаларымның біразының шәһид болатындығын білдіреді. Оның артынан бір қошқардың әкелінуі бұл әскери жасақты көрсетеді, иншаллаһ оларды Хақ та’ала өлтіреді»**,- деді.

Басқа бір риуаятта **«Қылышымды жерге ұрдым, аузы сынды. Бұл Ухудта сахабаларымның біразының шәһид болатынын білдіреді. Қылышымды тағы да ұрдым, қайтадан қалпына келді. Ал бұл Аллаһу та’аладан жеңіс келетінін, мүминдердің бірігетінін білдіреді»** деп берілген.

Пайғамбарымыз өзіне уаһимен қай жерден күтіп алу туралы білдірілмеген жағдайларда сахабаларымен кеңесетін және соған қарай әрекет жасайтын. Жауды қай жерден күтіп алу мәселесінде сахабаларының біразы «Мәдинада қалып, қорғану соғысын өткізейік»,- деді. Бұл ұсыныс пайғамбарымызға да ұнады. Хазреті Әбу Бәкір, Омар, Са’д бин Муаз (радиаллаһу анһум) сияқты сахабалардың ойлары да пайғамбарымыздың ойымен бір жерден шықты.

Алайда, Бәдір соғысына қатыспаған батырлар мен жас сахабалар Бәдір соғысына қатысқан сахабалардың алған сауабы мен Бәдір шәһидтерінің жеткен жоғары дәрежелерін пайғамбарымыздан естіген кезде ол соғысқа қатыспағандарына қатты өкінген болатын. Сондықтан жауды Мәдинаның сыртынан күтіп алып, бетпе-бет соғысуды қалады. Хазреті Хамза, Нұғман бин Малик, Са’д бин Убадә да (радиаллаһу анһум) солардың арасында еді. Хазреті Хайсәмә рұқсат алып, «Йа, Расулаллаһ! Құрайыштық мүшріктер әр түрлі араб тайпаларынан әскер жинады. Түйелеріне, аттарына мініп, жерімізге кіреді. Біздің үйлерімізді, бекіністерімізді қоршап, сосын қайтып кетеді. Артымыздан неше түрлі сөздер айтатын болады. Бұл жағдай оларды батылдандыра түседі, жаңадан шабуылдар ұйымдастырады. Қазір оларға қарсы шықпасақ, басқа араб тайпалары да бізге көздерін қадай бастайды. Аллаһу та’ала бізге мүшріктерге қарсы соғыста жеңіс береді деп үміттенемін.

Екіншіден шәһидтік мәселесі. Мен Бәдірде шәһид бола алмадым. Алайда мен оны қатты қаладым. Балам Бәдір соғысына қатысатынымды естігенде екеуміз жеребе тарттық. Оның тағдырына шәһид болу жазылыпты.

Йа, Расулаллаһ! Шәһидтікті қатты аңсаймын. Кеше түсімде баламды жақсы қалпында көрдім. Жұмақ бақшалары мен өзендерін аралап жүр екен, маған: «Жаннаттық сахабаларға қосыл. Мен Аллаһу та'аланың уәде еткен ақиқатына жеттім»,- деді.

Йа, Расулаллаһ! Таңертең оянғаннан бері баламның жұмақтағы жолдасы болсам-ғой деген қалау маза бермейді. Жасым да біразға жетті. Раббыма қауышудан басқа мұратым қалмады.

Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Шәһид болып, жұмақтағы балама жетуім үшін Аллаһу та'алаға дұға етіңіз-ші» деп жалынды. Пайғамбарымыз оның бұл тілегін бос қалдырғысы келмей, оның шәһид болуы үшін дұға етті.

Көпшілігінің осындай пікірде екенін көрген пайғамбарымыз жауды Мәдинаның сыртында күтіп алуға шешім қабылдады. Сосын **«Ей, сахабаларым! Сабырлылық танытсаңдар, бұл жолы да Хақ та'ала сендерге көмегін береді. Біздің міндетіміз табандылық таныту»-** деді.

Екінді намазын оқытқаннан кейін пайғамбарымыз үйіне барды. Артынан хазреті Әбу Бәкір мен Омар (радиаллаһу анһума) рұқсат сұрап ішке кірді. Пайғамбарымыздың сәлдесін орауға, сауытын киюіне көмектесті. Пайғамбарымыз қылышын асынып, қалқанын арқасына іліп алды.

Осы кезде сыртта сахабалар жиналып, пайғамбарымызды күтіп тұрған еді. Мәдинада қалып, қорғану соғысын өткізуді қалағандар басқаларға «Расулуллаһ Мәдинадан шығуды ойлаған жоқ еді. Сендер айтқаннан кейін осылай жасап отыр. Алайда, Расулуллаһ бұйрықты Аллаһу та'аладан алады. Сендер бұл істі оған қалдырыңдар. Соның бұйырғанын істеңдер»,- деді. Қалғандары істеген істеріне өкініп, «Пайғамбарымызға қарсы келген болып жүрмейік» деп, бұл ойларынан бас тартты. Пайғамбарымыз үйінен шыққанда оған барып, «Жанымыз сіздің жолыңызда құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Сіз қалай қаласаңыз солай жасаңыз. Мәдинада қалғыңыз келсе, біз де осында қалайық. Біз сіздің бұйрығыңызға қарсы келмейміз» деп кешірім сұрады. Пайғамбарымыз **«Пайғамбар бір киген сауытын соғыспастан шешпейді. Хақ та'ала онымен дұшпаны арасында**

үкім бергенге дейін шешпейді. Сендерге айтарым мынау: бұйырған нәрселерімді жасап, Аллаһу та'аланың есімін айтып, сабырлылық танытсаңдар, Аллаһу та'ала сендерге көмек береді»,- деді.

Осы кезде Амр бин Жәмух үйіндегі төрт баласына «Балаларым! Мені де осы соғысқа апарыңдар»,- деді. Балалары «Әке, сенің аяғыңның ауруы бар болғандықтан Аллаһу та'ала сені үзірлі деп санады. Пайғамбар сенің жорыққа шығуыңа рұқсат бермеді. Жиһадқа шығуға жауапты емессің. Сенің орныңа біз барамыз» деп, әкелерін көндіре бастады. Бірақ, хазреті Амр «Әй сендей балаларды ма?! Бәдір соғысында да осылай деп мені жұмақтан құр қалдырған едіңдер. Бұл соғыста да құр қалдырасыңдар ма?»,- деді. Сосын пайғамбарымызға барып, «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Балаларым кейбір сылтауларды айтып, мені бұл соғысқа жібергілері келмей отыр. Уаллаһи, мен сізбен бірге жорыққа шығып, жұмаққа барғым келеді. Йа, Расулаллаһ! Сіз менің Аллаһ жолында соғысқанымды, шәһид болып, мына ақсақ аяқтарыммен жұмақты аралағанымды қаламайсыз ба?»,- деді. Пайғамбарымыз **«Иә, қалаймын»**,- деді. Бұған қатты қуанған Амр бин Жәмух дайындалып, әскерге қосылды.

Мәдинаға намаз имамы ретінде Абдуллаһ бин Үммү Мәктум (радиаллаһу анһ) қалдырылды. Пайғамбарымыз үш ту байлады. Оның бірін Хаббаб бин Мунзирге, екіншісін Усәйд бин Худайрға, үшіншісін Мусаб бин Умәйрге (радиаллаһу анһум) берді. Мың адам шамасындағы әскерде екі атты, жүз сауытты әскер бар еді.

Сауыттарын киген Са'д бин Убадә мен Са'д бин Муаз алдында жүріп, оң жағында мұхажирлер, сол жағында ансарларды ертіп жолға шыққан пайғамбарымыз жұма күні екіндіден кейін **«Аллаһу әкбар»** деген ұрандармен мерекеге бара жатқандай салтанатпен Ухудқа қарай бет алды.

Жолда яһудилерден құралған алты жүз адамдық жасақпен кездесті. Бұлар мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй бин Сәлулдің одақтастары болып, Ислам әскеріне қосылғысы келетін айтты. Пайғамбарымыз **«Олар мұсылман болған ба?»**- деп сұрады. «Жоқ, йа Расулаллаһ» деп жауап берілді. Пайғамбарымыз сонда **«Оларға барып айтыңдар, кері қайтсын. Өйткені, біз мүшріктерге қарсы соғыста кәпірлердің көмегін қаламаймыз»**,- деді.

Пайғамбарымыз әскерімен Мәдина мен Ухуд арасындағы Шәйхайн деген жерге барды. Түнеу үшін сол жерге тоқтады. Әлі

күн батпаған болатын. Әскердің арасында жаумен соғысып, шәһид болуды қалаған бала жастағы сахабалар да бар еді. Пайғамбарымыз бұл жерде әскерлерін бір рет қайта қарап шығып, он жеті баланың бар екенін көрді. Олардың ішінде Рафи бин Хадиж аяқтарының ұшымен тұрып, биік болып көрінуге тырысты. Хазреті Зубәйрдің «Йа, Расулаллаһ! Рафи жақсы оқ ата алады» деген сөзіне байланысты оны әскерге алды. Мұны көрген Сәмура бин Жүндүп «Мен күресте Рафиді жеңе аламын. Сондықтан мен де соғысқа қатысқым келеді»,- деді. Пайғамбарымыз жымиып күлді де екеуін күрестірді. Хазреті Сәмура Рафиді (радиаллаһу анһ) жеңгеннен кейін оны да өздеріне қосып алды. Басқа балаларды Мәдинаға сол жердегілерді қорғау үшін жіберді.

Ақшам және құптан намаздарының азанын Біләл Хабәши (радиаллаһу анһ) тебірентерлік дауыспен оқыды. Пайғамбарымыз намазды оқытқаннан кейін Мұхаммед бин Мәсләмәні (радиаллаһу анһ) елу адамдық жасақтың басына қойды және азанға дейін күзет қойылуын бұйырды. Сахабалар демалуға кірісті. Сол түні пайғамбарымыздың қасында күзетке тұру құрметі хазреті Зәкуанға нәсіп болды.

Осы кезде дұшпан әскері Ислам әскерінің Шәйхайнда демалып жатқанын естіп, Икримә басқарған атты жасақты шолғыншы топ етіп жасақтады. Әлі мұсылман болмаған Икримә жасағымен Харра деген жерге дейін барғанмен мүжаһидтердің барлауынан қорқып, кері шегінді.

Таң атқаннан кейін пайғамбарымыз сахабаларды оятты. Ухуд тауына барды. Осы жерден екі әскер бір-бірін көре алатын еді. Біләл Хабәши (радиаллаһу анһ) жанды тебірентерлік, адамды елжірететін дауысымен таң азанын оқыды. Мүжаһидтер қаруларын асынған күйде пайғамбарымыздың артында тұрып намаздарын оқып, дұғаларын оқыды. Пайғамбарымыз үстіне екінші сауыт пен дулығасын киді.

Осы кезде мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй «Біз бұл жерге өзімізді өлтіртуге келдік пе? Бұны баста неге ойламадық» деп, 300 мұнафықпен бірге Ислам әскерінен айырылып, Мәдинаға кері қайтып кетті.

Бар жан-тәндерімен беріліп, осы жолда шәһид болуға бас тіккен адамдардың саны жеті жүз шамасында еді. Олардың барлығы пайғамбарымызды соңғы қандары қалғанша қорғауға сөз берген еді.

Пайғамбарымыз мүжаһидтерді бір ретке келтірді. Әскерлерін арқасы Ухуд тауына, өздері Мәдинаға қарайтындай бағытта

орналастырды. Оң қанатқа Укашә бин Михсанды (радиаллаһу анһ), сол қанатқа Әбу Сәләмә бин Абдуләсадті (радиаллаһу анһ) қолбасшы етіп тағайындады. Са'д бин Әбу Уаққас пен Әбу Убәйдә бин Жәррах (радиаллаһу анһум) алдыңғы саптан, мергендердің қатарынан орын алды. Сауытты жасақтың басында Зубәйр бин Ауам (радиаллаһу анһ), алдағы сауытсыз жасақтардың басында хазреті Хамза (радиаллаһу анһ) жүрді. Миқдад бин Амрға (радиаллаһу анһ) арттағы жауынгерлерді басқару міндеті жүктелді.

Ислам әскерінің сол тарапында Айнайн төбесі бар еді. Бұл төбеде тар өткел болатын. Пайғамбарымыз осы өткелге Абдуллаһ бин Жубәйр (радиаллаһу анһ) бастаған елу мергенді қойды. Олар сол жерге орнықты. Пайғамбарымыз олардың қасына барып, мынадай нақты бұйрық берді: **«Бізді арқамыздан қорғап отырыңдар. Орындарыңда болыңдар және бұл жерден ешқайда кетпеңдер. Жауды жеңгенімізді көрсеңдер де, сендерге хабар бермейінше, адам жібермейінше орындарыңнан қозғалмаңдар. Жауды бізді өлтірейін деп жатқанын, өлтіріп жатқанын көрсеңдер де келіп бізге көмектеспеңдер. Бізді олардан қорғауға тырыспаңдар. Сендерге қарай бет алған дұшпанның атты әскеріне оқ атыңдар. Өйткені, атты әскерлер атқан оққа қарсы жүре алмайды. Аллаһым! Осыларды оларға айтқаныма сені куәгер етемін»**. Осы бұйрығын бірнеше рет қайталаған пайғамбарымыз **«Жыртқыш құстардың өліп жатқан денелерімізге бас салғанын көрсеңдер де, мен сендерге адам жібермейінше орындарыңнан қозғалмаңдар. Егер біздің кәпірлерді қырып, аяқтарымызбен таптағанымызды көрсеңдер де мен сендерге хабар бермейінше орындарыңнан қозғалушы болмаңдар»,**- деді.

Туды хазреті Мусаб бин Умәйрге берді. Хазреті Мусаб қолына туды алып, пайғамбарымыздың алдына барып тұрды.

Осы кезде жаңадан үйленген хазреті Ханзала таң ертең жуынуға да уақыт таппай асығыс Мәдинадан Ухудқа келіп, мүжаһидтердің сапына қосылды.

Ухудқа үш күн бұрын жетіп келген мүшрік әскерін Әбу Суфйан басқарған еді. Олар арқаларын Мәдинаға қаратып орналасты. Оң қанаттағы атты жасақтарды Халид бин Уәлид, сол қанаттағы атты әскерлерді Икримә басқарды. Саффан бин Умәййәнің де атты әскерлерді басқарғаны туралы айтылады. Мүшріктердің туын Талха бин Әбу Талха ұстады.

Екі әскер арасындағы күштің айырмасы өте үлкен еді. Құрайыш әскері саны, қару-жарағы жағынан Ислам әскерінен төрт есеге артық еді. Құрайыш әскерінде өшпенділік сезімдеріне өртенген әйелдер сазды аспаптар шалып, өлеңдер айтып, әскерді соғысқа шақырды, табынатын пұттарынан көмек сұрады.

Ал мүжаһидтер болса дұға етіп, «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деп тәкбірлер айтты. Ислам дінінің қорғалуы және таралуы үшін Аллаһу та'аладан көмек сұрады. Пайғамбарымыз сахабаларын жиһадқа, Хақ та'аланың жолында соғысуға шақырып, бұл жолда алатын сауаптарын түсіндіріп **«Ей, сахабаларым! Саны аз адамдарға дұшпанмен соғысу қиынға түседі. Егер олар сабырлылық танытатын болса, Аллаһу та'ала оларды қуанышқа жеткізеді. Өйткені, Аллаһу та'ала өзіне бағынғандармен бірге... Аллаһу та'аланың сендерге уәде еткен сыйын сұраңдар»**,- деді. Ухуд соғысына қатысты аят кәримәларда «(Ей мүминдер!) **Аллаһу та'алаға және расулына бағыныңдар, сонда рақымдылыққа бөленесіңдер. Раббыларыңнан кешірім сұрауға және жұмаққа кіруге асығыңдар. Осыған тырысыңдар. Жұмақтың үлкендігі жер мен көктей. Жұмақ Аллаһу та'аладан қорқатындар үшін дайындалды. Олар аз болса да, көп болса да мал-мүліктерін Аллаһтың жолына береді. Реніштерін білдірмейді. Бәрін кешіреді. Аллаһу та'ала жақсылық жасағандарды жақсы көреді».** («Али Имран» сүресі, 132-134)

«Олардың сыйы - Раббыларынан кешірім және ағаштарының астынан өзендер ағатын жұмақ. Олар онда мәңгі қалады. Осылай жасағандардың, Аллаһу та'ала мен расулына бағынғандардың сыйы қандай жақсы!» делінген («Али Имран» сүресі, 136).

Көңілдері иманға толы, жанарларынан айбындылықтың ұшқыны шашыраған, шәһид болуды бар көңілдерімен қалаған сахабалар бір орында тұра алмай, тезірек жаумен соғысуға бұйрық күтіп тұрды. Бәдір соғысындағы сияқты хазреті Әли ақ, Зубәйр бин Ауууам (радиаллаһу анһ) сары, Әбу Дужанә (радиаллаһу анһ) қызыл сәлделерін бастарына байлап алды. Хазреті Хамза түйеқұстың қанатынан жасалған айдарын тақты.

Екі әскер бір-біріне барынша жақындады. Толқыныс шарықтау шегіне жеткен еді. Біраздан соң бір жақта Аллаһу та'аланың дінін тарату үшін ең жақындарымен соғысудан да тартынбаған Ислам

мүжаһидтері, ал екінші жақта қате сенімдерінен айрылғысы келмеген Ислам дұшпандары арасында үлкен соғыс басталу шағында тұр еді.

Бір оқтық қашықтыққа жақындаған кезде жаудың сапынан түйесімен алға шыққан бір сауытты мүшрік мұхажирлерден шайқасатын адам сұрады. Бәрі өзінен қорқады деп ойлап, үш рет қайталады. Осыған орай Ислам әскерінен ұзын бойлы, сары сәлделі бір ер жүрек мұхажир жаяу ортаға шықты. Бұл – пайғамбарымыздың әпкесінің ұлы Зубәйр бин Ауууам (радиаллаһу анһ) болатын. Ислам әскерінде «Аллаһу әкбар!» деген дауыстар ұрандап, хазреті Зубәйрдің жеңуін тілеп дұға етілді. Зубәйр бин Ауууамның (радиаллаһу анһ) мүшрікке жақындар-жақындамас түйенің үстіне қарай атылғаны байқалды. Түйенің үстінде қызу шайқас басталды. Сонда пайғамбарымыздың **«Оны жерге құлат»** деген бұйрығы естілді. Хазреті Зубәйр осы бұйрықты ала сала қарсыласын жерге итерді. Артынан өзі де секіріп, қылышымен басын шапты. Мүшріктің басы денесінен бөлініп түсті. Пайғамбарымыз Зубәйрге дұға етті.

Сосын мүшріктердің ту көтерушісі Талха бин Әбу Талха ортаға шығып, «Іштеріңде маған қарсы шығатын адам бар ма?» деп айқайлады. Оған қарсы Аллаһтың арыстаны хазреті Әли шықты. Ол бір ұрғанда басынан аяғына дейін сауыт киінген мүшріктің ту көтерушісінің басын жағына дейін жарды. Мұны көрген пайғамбарымыз **«Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!»** деп тәкбір айтты. Бұған сахабалар да қосылып, тәкбірдің дауысы көкті күмбірлетті.

Мүшріктің туының жерге түскенін көрген Талханың бауыры Осман бин Әбу Талха ортаға қарай жүгірді. Туларын көтеріп, қарсылас сұрады. Оған қарсылас ретінде хазреті Хамза шықты. «Йа, Аллаһ» деп, Османның иығына қылыш салғанда ту ұстаған қолы жұлынған мүшрік жерге құлап мерт болды.

Сосын мүшріктерден Әбу Са'д бин Әбу Талха жаяу ортаға шықты, ол бастан-аяқ сауыт киінген еді. Күпірліктің туын жерден көтеріп, Ислам әскеріне қарап, «Мен Құсамның әкесімін. Маған кім қарсы шыға алар екен» деп айқайлады. Пайғамбарымыз оған қарсы тағы да хазреті Әлиді шығарды. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) ол мүшрікті де өлтіріп, туын жерге құлатқаннан кейін мұхажирлердің қасына барып қатарға тұрды.

Бұдан соң көптеген мүшрік ортаға шығып, жерге түскен туларын көтеріп, мұхажирлерден өздеріне қарсы тұратын қарсылас сұрады. Бірақ, бәрінде де батыр сахабалар Аллаһу та'аланың рұқсатымен

жеңіске жетті. Әр мүшрік өлтірілген кезде Ислам әскерлерінен тәкбір дауыстары шығып, жаудың сапына ыза тудырды. Мүшрік әйелдері бар дауыстарымен шуылдап, бір жағынан өз әскерлерін «Бұл не деген масқара!» деп қорласа, екінші жағынан «Бұл не тұрыс?» деп оларды соғысқа қуаттады.

Екі жақ та тұрақтап тұра алмай, екпіндеп тұрған кезде пайғамбарымыз **«Қорқақтықта ұятпен масқаралық, ал ілгерілеуде қадір мен құрмет бар. Адам қорыққанымен тағдырдың жазмышынан құтыла алмайды»** деген жазуы бар қылышын қолына алып, **«Мына қылышты менен кім алады?»**,- деді. Мұны естіген бірнеше ардақты сахаба алу үшін қолдарын созды. Пайғамбарымыз қайтадан **«Мұның ақысын беру арқылы менен кім алады?»** дегенде сахабалар үнсіз қалды. Қылышты алуды қатты қалаған Зубәйр бин Ауам (радиаллаһу анһ) «Мен аламын, йа Расулаллаһ»,- деді. Пайғамбарымыз қылышты Зубәйрге бермеді. Әбу Бәкір, Омар, Әлидің де (радиаллаһу анһум) сұрағандарын пайғамбарымыз қабылдамады. Әбу Дужанә (радиаллаһу анһ) «Йа, Расулаллаһ! Бұл қылыштың ақысы не?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Оның ақысы иіліп, бүгілгенге дейін оны дұшпанға сілтеу. Оның ақысы мұсылманды өлтірмеу, онымен кәпірлердің алдынан қашпау. Сол арқылы Аллаһу та'ала саған жеңіс бергенге дейін Аллаһ жолында соғысу»** дегенде Әбу Дужанә (радиаллаһу анһ) «Йа, Расулаллаһ! Мен оның ақысын орындау шартымен аламын»,- деді. Пайғамбарымыз қолындағы қылышты оған берді. Әбу Дужанә (радиаллаһу анһ) өте батыр, ержүрек болғанына қарамастан соғыста өте айлалы әрекет жасайтын. **«Соғыс - айла»** деген хадис шәрифке толық бағынатын. Әбу Дужанә қылышты алып, соғыс алаңына мақтанышпен, тәккаппарлықпен, өлеңдер айтып шықты. Оның үстінде бір көйлегі мен басында қызыл сәлдесі ғана бар болатын.

Әбу Дужанәнің бұл жүрісін сахабалар ұнатпады. Осыған орай пайғамбарымыз **«Бұл жүрісті соғыс алаңынан басқа жерде қолдану Аллаһу та'аланың азабына себеп болады»** деп, мақтангөй, тәкаппар жүріспен тек дұшпанға қарсы алаңда ғана жүруге болатынын білдірді.

Одан арыға шыдай алмаған мүшріктерден Халид бин Уәлид қарамағындағы әскерлерімен шабуылға шықты. Орнында тұра алмай тұрған сахабаларға пайғамбарымыз да шабуылдауға бұйрық берді. Бір сәтте «Аллаһу әкбар» деген тәкбір даусы соғыс алаңын

жаңғыртқан еді. Ең алдында хазреті Хамза қолындағы қылышымен сауытсыз жасақтың басшысы екеніне қарамастан әр келген кәпірге қылышын сілтей берді. Үлкен айбындылықпен келген Халид бин Уәлидтің әскерлері дереу кері шегіндірілді. Халид бин Уәлид бұл жолы тау өткеліндегі жерді көріп, арттан соққы беру үшін үлкен доға сызып, Айнайн төбесіне барды. Бірақ, хазреті Абдуллаһ бин Жубәйр мен оның қарамағындағы елу жігіт оларды оқтың астына алып, кері шегіндірді.

Соғыс қатты қызған еді. Екі жақ та бар күштерін салып шайқасты. Бір сахаба ең аз дегенде төрт мүшрікпен соғысып, алға жылжуға тырысты. Хазреті Хамза бір жағынан «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деп айқайласа, екінші жағынан «Мен Аллаһу та'аланың арыстанымын» деп айқайлап, жауды жайратып, алға жылжи берді. Сауфан бин Умәййә айналасындағыларға «Хамза қайда? Маған көрсетіңдер» деп іздеді. Бір кезде екі қылышпен шайқасып жүрген біреуді көреді. «Мынау кім?» деп сұрағанда айналасындағылар «Іздеген адамың, Хамза!»,- деді. Сауфан «Мен осыған дейін өз қауымын өлтіруге ұмтылған, айбатты, адам көрген жоқпын» деді.

Соғыс қызу жүріп жатқан кезде мұхажирлерден Зубәйр бин Ауам (радиаллаһу анһ) қылыштың өзіне берілмегеніне ренжіп, «Мен Расулуллаһтан қылышты сұрадым. Бірақ ол оны Әбу Дужанәге берді. Ал мен оның әпкесі Сафияның ұлымын. Оның үстіне Құрайыштықпын. Барып көрейін Әбу Дужанәнің менен артық не істейтінін» деп ойлады. Сөйтіп, Әбу Дужанәні бақылай бастады. Әбу Дужанә (радиаллаһу анһ) «Аллаһу әкбар!» деп айқайлап, мүшріктерден кездескен адамды өлтіріп жүр еді. Мүшріктердің ішіндегі айбатты, ірі денелі, бастан-аяқ сауыт киінген бірі Әбу Дужанәнің (радиаллаһу анһ) алдынан шықты. Ол Әбу Дужанәге (радиаллаһу анһ) қылышын сілтеді. Әбу Дужанә оның соққысынан қалқанымен қорғанып, қылыш қалқанға қадалып қалды. Қылышын қанша тартса да шығара алмады. Кезек Әбу Дужанәге (радиаллаһу анһ) келген еді. Ол қылышпен бір ұрғанда қарсыласы жан тапсырды. Содан соң Әбу Дужанә алдынан шыққан барлық имансыз мүшріктерді қырып, таудың етегіндегі мүшріктерді арандатып отырған әйелдерге дейін жетіп барды. Бірақ, қылышын көтеріп тұрса да Әбу Суфйанның әйелі Хиндті өлтірмеді. Мұны көрген Зубәйр бин Ауам (радиаллаһу анһ) өз-өзіне «Қылыштың кімге берілетінін Аллаһ пен Расулы менен жақсы біледі»,- деді. «Уаллаһи мен одан артық шайқасатын адам көрмедім»,- деді.

Микдад бин Әсуәд, Зубәйр бин Ауам, хазреті Әли, хазреті Омар, Талха бин Убәйдуллаһ, Мусаб бин Умәйр (радиаллаһу анһум) барлығы да алынбас қамалдар болатын. Пайғамбарымыздың дұшпанға өте жақын барып соғысқанын, қайта-қайта шабуылдағанын көрген сахабалар қатты алаңдады. Расулуллаһқа бір зарар келіп қалар деп, оның айналасына жиналып, сауыттарға оранған дұшпанның көзін аштырмады. Осы арада Абдуллаһ бин Амр (радиаллаһу анһ) шәһид болды. Ол Ухудтың алғашқы шәһиді еді. Оның шәһид болғанын көрген жолдастары арыстандай айбаттанып, Аллаһу та'аланың ризалығы үшін жаудың ортасына бас қойды.

Соғыс қызған сәтте батырлықтың нышаны болған хазреті Абдуллаһ бин Жахш (радиаллаһу анһ) пен оқ атушылардың басшысы Са'д бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһ) кездесті. Олар әр жерлерінен жарақат алған болатын. Са'д бин Әби Уаққас (радиаллаһу анһ) былай баяндайды: «Ухудтағы соғыстың қатты қызған кезі болатын. Бірден Абдуллаһ бин Жахш қасыма келіп, қолымнан ұстады, мені бір тастың түбіне қарай тарта жөнелді. Маған «Қазір сен осы жерде дұға ет. Мен "Әмин" деймін. Мен дұға етейін, сен "Әмин" де»,- деді. Мен «жарайды»,- дедім де былай дұға еттім: «Аллаһым! Маған өте күшті және жауыз дұшпандарды жібер. Олармен аяусыз соғысайын. Барлығын өлтірейін. Ғази болып оралайын». Менің жасаған дұғама шын пейілімен «әмин»,- деді. Сосын өзі дұға ете бастады: «Аллаһым! Маған қанішер дұшпандарды жібер. Олармен аяусыз соғысайын. Жиһадты көрсетейін. Барлығын өлтірейін. Соңында мені бірі шәһид етсін. Сосын ернімді, мұрнымды, құлақтарымды кессін. Қаным сорғалап сенің алдыңа барайын. Сен «Абдуллаһ! Ерніңді, мұрныңды, құлақтарыңды не істедің?» деп сұрағаныңда «Аллаһым! Мен олармен көп айыпты істер жасадым. Орынды қолдана алмадым. Сенің алдыңа әкелуге ұялдым. Пайғамбарым қатысқан бір соғыста шаңға көміліп, солай келдім» деп айтайын»,- деді. Көңілім мұндай дұғаға «әмин» дегісі келмеді. Бірақ, оған уәде бергендіктен қаламай «әмин»,- дедім.

Сосын қылыштарымызды алып, соғысқа кірістік. Екеуміз де алдымызға келгенді қырып сала бастадық. Ол ержүрек батырлықпен соғысып, жаудың қатарын сирете бастады. Жауға қайта-қайта шабуылдап, шәһид болуға бар күшін салды. «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар» деп ұрандап, соғысып жүргенде қылышы сынды. Сол кезде пайғамбарымыз оған бір құрманың бұтағын беріп, соғысуды жалғастыруын бұйырды. Бұл бұтақ бір мұғжиза арқылы қылышқа

айналып, алдына келгеннің бәрін жайрата берді. Өте көп дұшпан өлтірілді. Соғыстың соңына қарай Әбул Хакем деген мүшріктің атқан оғымен өзі қалағанындай шәһид болды. Шәһид болғаннан кейін кәпірлер оның денесіне барып, мұрнын, ернін, құлақтарын кесіп алды. Ол қанға боялды».

Мүжаһидтердің сапында қылышының қынабын сындырып, «Өлу қашудан артық» деп, мүшріктердің арасына бас қойған Қузман көптеген ерліктер көрсетті. Жалғыз өзі жеті-сегіз кәпірді өлтірді. Соңында жараланып, жерге құлады. Сахабалар оның бұл ерлігіне қайран қалып, пайғамбарымызға айтқанда **«Ол тозақтық»**,- деді. Қатадә бин Нұғман Қузманның жанына барып, «Ей, Қузман! Шәһидтік құтты болсын» дегенде Қузман «Мен дін үшін емес, құрайыштықтардың Мәдинаға келіп, құрма бауымды құртпаулары үшін соғыстым»,- деді. Сосын бір оқпен қолының тамырын кесіп, өзөзін өлтірді. Пайғамбарымыздың неліктен **«Ол тозақтық»** деуінің хикметі сол кезде түсінікті болды.

Соғыстың басынан бастап пайғамбарымыз бастаған барлық сахабалар үлкен батырлық танытты. Үлкен шабуылдармен жауды кері шегіндірді. Тастан, ағаштан жасаған «Лат», «Узза», «Хубәл» деген пұттарынан көмек сұраған мүшрік тобы мүжаһидтердің шабуылына тойтарыс бере алмай, кері қаша бастады. Оларды соғысқа ұрандау үшін келген әйелдер бар дауыстарымен айқайлап, қашқан әскерлерге жетуге тырысты.

Құрайыштық мүшріктер соғыс алаңынан қашып, өздерімен бірге алып келген заттарын тастап Меккеге бет алғанда Ислам әскерлері қуанып, Аллаһу та'аланың өздеріне уәде еткен жеңісіне қол жеткізгендіктері үшін шүкіршілік білдірді. Саны мен күші жағынан бірнеше есе басым екендіктеріне қарамастан мүшріктер мұсылмандардың алдында масқара болған еді. Бірінен бірі озып қашқанда сахабалар оларды қуып жеткендерін өлтірген болатын. Осы соғыста жаңадан үйленген Ханзала бин Әбу Амир (радиаллаһу анһ) атымен қашып бара жатқан мүшрік әскерінің бас қолбасшысы Әбу Суфйанға жетіп алды. Атының аяқтарын қылышпен ұрып, атты құлатты. Жерге құлаған Әбу Суфйан бар күшімен «Ей Құрайыштықтар! Көмектесіңдер! Мен Әбу Суфйанмын. Ханзала мені қылышпен өлтіргелі жатыр» деп айқайлай бастады. Онымен бірге қашқан мүшріктер бұл жағдайды көрсе де өз бастарын ойлап, қолбасшыларына назар аудармады. Алайда, сол сәтте хазреті

Ханзаланың дәл артында тұрған Шәддад бин Әсуәд деген мүшрік найзасын Ханзаланың (радиаллаһу анһ) арқасына қадады. Хазреті Ханзала «Аллаһу әкбар» деп қарсылық көрсеткісі келгенімен жерге құлап түсіп, шәһид болды, рухы жұмаққа ұшты. Пайғамбарымыз **«Мен Ханзаланы періштелердің жер мен көктің арасында күміс ыдыстың ішінде жаңбырдың суымен жуындырғанын көрдім»**,- деді. Әбу Усәйди былай дейді: «Пайғамбарымыздың бұл сөзін естіген соң Ханзаланың жанына бардым. Оның басынан жаңбырдың суы тамшылап тұр еді. Бұл туралы барып пайғамбарымызға айттым. Хазреті Ханзаланы **«Ғасилул мәләикә»** (періштелер жуған кісі) деп атады».

Мүшріктердің қашқанын көрген Айнайн өткеліндегі садақшылардың біразы соғыс бітті деп ойлап, орындарын тастап кетіп қалды. Қолбасшылары Абдуллаһ бин Жубейр мен он екі адам ғана Пайғамбарымыздан хабар келмеді деп орындарында қалды.

Хазреті Әлидің қаһармандығы

Осы кезде еңістe күтіп тұрған, барлық мүмкіндікті пайдалануға тырысқан Құрайыш садақшыларының қолбасшысы Халид бин Уәлид өткелдегі мүжаһидтердің азайғанын көріп, қарамағындағы атты әскерлерді шабуылға шығарды. Икримә бин Әбу Жәһлмен бірге әп-сәтте Айнайн өткеліне келді. Абдуллаһ бин Жубәйр мен адал жолдастары сап құрап тізіліп тұрды. Садақтарындағы оқ таусылғанша дұшпанға оқ жаудырды. Сосын найзаларымен шайқасты, бетпе-бет келген кезде қылыштарымен «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар» деп ұрандап, шайқасты. Имандылар мен имансыздардың арасында бір адамға жиырма бес адамдай келетін жағдайда еді. Сахабалар пайғамбарымыздың бұйрығын орындау үшін соңғы тамшы қандары қалғанша соғысты. Бірінен кейін бірі шәһид болып, жерге құлап, рухтары жұмаққа ұшты. (радиаллаһу анһум)

Мүшріктер өшпенділікпен хазреті Абдуллаһтың киімін жыртып, денесін найзамен тескіледі. Қарнын жарып, ішкі ағзаларын сыртқа шығарды.

Халид бин Уәлид пен Икримә өткелдегі мүжаһидтерді шәһид еткеннен кейін Ислам әскерінің артынан шабуылдады. Сахабалар арттарында бірден пайда болған жауды көргенде жиналуға мүмкіндік таба алмай қалды. Өйткені, біразы қаруларын да тастап қойған

еді. Жағдай бірден өзгерген еді. Қашқан құрайыштық мүшріктер Халид бин Уәлидтің арқадан шабуылдағанын көріп, қайтадан оралды. Мүжаһидтер екі оттың арасында қалған еді. Жау алдынан және арқасынан шабуылдап, мүжаһидтерді қысымға ала бастады. Сахабалардың бір-бірімен байланысы үзілді. Таралуға мәжбүр болды.

Хазреті Әли бұл оқиғаны былай баяндаған: «Араларында Икримә бин Әбу Жәһл де болған мүшрік жасағының ортасында қалдым. Олар мені қоршап алды, көбісін қылышпен өлтірдім. Ажалым келмегендіктен маған еш нәрсе болмады. Бір кезде пайғамбарымыздан көз үзіп қалдым. «Ант етемін, ол соғыс майданын тастап, кететін адам емес. Аллаһу та'ала біздің жасаған орынсыз әрекетімізге байланысты оны арамыздан алып, көтерген шығар. Маған да шайқасып өлуден басқа амал қалмады» деп қылышымды сілтей бердім. Мүшріктерге шабуылдап, оларды қыра бастағанымда пайғамбарымыздың солардың арасында қалғанын көрдім. Пайғамбарымызды Аллаһу та'аланың періштелермен қорғағанын түсіндім».

Дұшпан әскерлері пайғамбарымыздың жанына дейін жақындап барды. Өте қауіпті жағдай туған еді. Пайғамбарымыз жалғыз өзі дұшпанға қарсы әскери жасақтай қарсы тұрып, орнынан қозғалмады. Бір жағынан жаумен шайқасып, екінші жағынан тарап кеткен сахабаларын жинауға тырысып, **«Ей, пәленше! Маған қарай кел. Ей, пәленше, маған қарай кел. Мен Расулуллаһпын. Маған келген адамға жұмақ бар»** деп жүрді. Хазреті Әбу Бәкір, Абдуррахман бин Ауф, Талха бин Убәйдуллаһ, Әли бин Әби Талиб, Зубәйр бин Ауууам, Әбу Дужанә, Әбу Убәйдә бин Жәррах, Саид бин Муаз, Сад бин Әбу Уаққас, Хаббаб бин Мүнзир, Усәйд бин Худайр, Сәхл бин Ханиф, Асым бин Сабит, Харис бин Симмә (радиаллаһу анһум) бір сәтте пайғамбарымыздың қасына жиналып, оны қорғау үшін жанды бекініс болып қатар тізді.

Осы кезде Аббас бин Убадәнің (радиаллаһу анһ) тарап кеткен сахабаларды жинау үшін «Ей, бауырларым! Бұл ұшыраған қиыншылығымыз пайғамбарымыздың бұйрығын орындамаудың нәтижесі. Таралмаңдар! Пайғамбарымыздың қасына келіңдер. Егер біз қорғаушылардың қатарынан орын алмай, пайғамбарымызға бір зиянның келуіне себеп болсақ Раббымыздың алдында біз айтатын сылтау қалмас»,- деді. Хазреті Аббас бин Убадә қасында Харижә бин Зәйд және Әус бин Әрқам (радиаллаһу анһум) болса да жаудың ішіне «Аллаһу әкбар» деп бас қойып, қылышымен ұмтылды.

Пайғамбарымызды қорғау үшін бар күштерін салып шайқасты. Харижә бин Зәйд он тоғыз жерінен жарақат алған болатын. Қалғандарының жарасы да аз емес еді. Үшеуі де қатты аңсаған шәһидтік дәрежелеріне көтерілді.

Сахабалар осындай қауіпті сәтте пайғамбарымыздың қасына жайлап жинала бастады. Мүшріктер пайғамбарымыз бен оны қорғаған сахабаларды шеңбер түрінде қоршауға алды. Жан-жақтан жақындап, шеңберді тарылта бастады. Құрайыштықтардан бір топтың ішке қарай ұмтылғанын көрген пайғамбарымыз қасындағы жан беруге даяр сахабаларына «**Мына жасақты кім күтіп алады?»** дегенде Уәхб бин Кабус (радиаллаһу анһ) «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Мен күтіп аламын» деп алға ұмтылды. Аллаһу та'аланың атын аузынан тастамайтын осы батыр қылышымен жаудың арасына кірді. Пайғамбарымыз **«Саған жұмақ бар»**,- деді. Оның дұшпан алдындағы ерлігін көргенде **«Аллаһым! Оған рақымдылық жасай гөр. Оған мейірімділік таныт»**,- деді. Мүшріктердің хазреті Уәхбті орталарына алып, найзамен шәһид еткендерін көрген Са'д бин Әби Уаққас оған көмек беру үшін ішке ұмтылады, жаудың ортасына барып, кереметтей батырлық көрсетті. Бірнеше кәпірді саптан шығарды. Қалғандарын да кері лақтырып, пайғамбарымыздың жанына келді. Пайғамбарымыз хазреті Уәхб үшін **«Мен сенен разымын. Аллаһу та'ала да разы болсын»** деп дұға етті.

Пайғамбарымыз мүжаһидтердің шеңберін жарып, өзіне қарай бір мүшрік жасағының келе жатқанын көріп, хазреті Әлиге **«Оларға шабуылда»** деп бұйырды. Хазреті Әли шабуыл жасап, Амр бин Абдуллаһты өлтіріп, қалғандарын кері қайтарды. Қылышы сынып қалған соң пайғамбарымыз Зүлфиқарды соған берді. Тағы бір топ жасақ келе жатқанда пайғамбарымыз **«Йа Әли! Мыналардың жамандығын қайтар»**,- деді. Жанын пайғамбарымыздың жолына құрбан еткен Аллаһу та'аланың арыстаны дереу шабуылға көшті. Сол кезде Жәбрейіл алейһиссалам келіп, пайғамбарымызға **«Йа, Расулаллаһ! Әлиден ерекше ерлік, қаһармандық көрініс табуда»** дегенде пайғамбарымыз **«Ол менен, мен оданмын»**,- деді. Жәбрейіл алейһиссалам «Мен екеуіңненмін»,- деді. Сол кезде **«Әли сияқты ер жүрек жігіт, Зүлфиқар сияқты қылыш жоқ»** деген дауыс келді.

Мүшріктер пайғамбарымыздың қасына жақындай алмайтынын түсініп, оқ ата бастады. Атылған оқтар үстінен, жанынан өтіп жатты. Дұшпанды тойтару үшін бар күштерін салған сахабалар бұл

жағдайды көре сала пайғамбарымыздың алдына келіп, денелерін оққа төсей бастады. Пайғамбарымыз сахабаларына оқпен жауап беруді бұйырғаннан кейін сахабалар да жауға оқ жаудыра бастады. Пайғамбарымыз Са'д бин Әби Уаққасты алдына отырғызды. Өте мерген болған хазреті Са'д жауға оқ ата бастады. Садағымен әр оқ атқанда «Йа, Раббым! Бұл сенің оғың. Онымен дұшпанды ұр»,- деді. Пайғамбарымыз да **«Аллаһым! Са'дтың дұғасын қабыл ет! Аллаһым! Са'дтың оғын турала. Жалғастыр Са'д! Жалғастыр! Ата-анам саған құрбан болсын»**,- деді. Осылайша, ол әр оқ атқанда пайғамбарымыз осы дұғасын қайталады. Хазреті Са'дтың оғы таусылғаннан кейін пайғамбарымыз оған өз оқтарын берді. Са'д бин Әби Уаққастың әрбір оғы дұшпанға немесе оның атына тиіп жатты.

Мүшріктердің атқан оқтарына қарсы Әбу Талха пайғамбарымыздың алдына тұрып, оның алдына қалқаны мен денесін тосып, жеңісті ұрандап айқайлады. Пайғамбарымыз **«Әскердің ішінде Әбу Талханың дауысы жүз адамнан қайырлы»** деген. Әбу Талха мүмкіндігінше жауға оқ атудан тайсалмады, оның атқан барлық оғы нысанаға тиіп жатты. Атқан оқтарды көруге пайғамбарымыз басын жоғары көтергенде оқ тиеді деп қорыққан Әбу Талха (радиаллаһу анһ) «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Басыңызды көтермеңіз. Сізге жаудың оғы тиіп жүрмесін. Денем сізді қорған болып қорғасын. Мен өлмейінше сізге жете алмайды. Мен өлмейінше сізге ешнәрсе болмайды» деп пайғамбарымызды өз жанынан артық көрді.

Ухуд майданының барлық жерінде қырғын қақтығыс болып жатты, кейбірлері атпен, кейбірлері жаяу соғыстарын жалғастырды. Сахабалар әлі жинала алмаған болатын. Пайғамбарымыздың айналасында тек отыз шақты сахаба ғана айналшықтап жүрді, олар келген оқтарға, найзаларға, қылыштарға өз денелерін тосты. Бір ғана армандары пайғамбарымыздың бұйрығын орындау және оны келетін барлық зарарлардан қорғау болды. Жігіттердің сардары хазреті Хамза сол шайқаста пайғамбарымыздан ажырап қалып, екі қолындағы екі қылышымен жаудың ортасында соғысты. Оның «Аллаһу әкбар!» деген дауысы жаудың жүрегіне үрей салатын. Соған дейін жалғыз өзі отыз бір дұшпанды өлтіріп, біразының аяғын, қолын шапқан болатын. Айналасын қоршаған жауды қырған кезінде Сибаа бин Үммү Әнмар «Маған қарсы тұра алатын жігіт бар ма?» деп хазреті Хамзаға қарсы шықты. Хазреті Хамза «Бері кел, ей сүннетші әйелдің баласы!

Демек, сен Аллаһқа және Расулына қарсы шықтың ғой, солай ма?» деп, оның аяқтарынан ұстап жерге құлатты. Үстіне шығып, басын жұлып алғаннан кейін қарсы беттегі тастың ар жағынан Уахшидің өзін найзамен көздеп тұрғанын көрді. Дереу оған ұмтылған кезде аяғы шұңқырдағы балшыққа тайып арқасымен құлайды. Сол кезде сауытының алдыңғы жағы ашылған болатын. Осы сәтті пайдаланған Уахши найзасын лақтырады. Найза хазреті Хамзаның денесіне қадалып, ар жағынан шықты. Ұлы қаһарман Хамза (радиаллаһу анһ) «Аллаһым!» деп сол жерде жерге құлады. Шәһид болып, аңсаған мақсатына жеткен еді. Аллаһу та'аланың жолында, пайғамбары үшін жан тапсырған еді...

Осы кезде жау сапынан біреу «Ей, Құрайыш жамағаты! Туыстық қатынастарды сақтамайтын, қауымымызды бөлген Мұхаммедпен соғысудан бас тартпаңдар. Егер Мұхаммед құтылса, мен құтылмайын» деп мүшріктерді пайғамбарымызға шабуылдауға шақырды. Бұл Асым бин Әбу Ауфтың дауысы болатын. Әбу Дужанә (радиаллаһу анһ) бұл дауысты естиді. Шайқаса келіп, Асым бин Әбу Ауфты тауып өлтірді. Бірақ, артындағы мүшрік Мабәд бар күшімен қылышын хазреті Әбу Дужанәге сілтеді. Аллаһу та'аланың жақсылығымен кенеттен және шұғыл әрекетпен жерге құлаған Әбу Дужанә (радиаллаһу анһ) өлім соққысынан аман қалды. Дереу орнынан тұрып, Мабәдті қылышпен соғып өлтірді.

Құрайыштық мүшріктердің көздегені пайғамбарымыз болатын. Оған жақындау үшін бар күштерін салды. Бірақ, айналасында қоршап жүрген, бір зиян келеді деген қорқынышпен жандарын құрбан етуден тартынбаған ардақты сахабалардан еш өте алмады. Осы ер жүрек отыз жігіт пайғамбарымыздың алдында «Йа, Расулаллаһ! Сіздің қасыңыздан кетпейміз, Біз сізге қалқан боламыз, сіз аман болсаңыз болды» десті. Мүшріктер топтасып шабуыл жасады. Пайғамбарымыз қасындағы сахабаларына осы топты көрсетіп, **«Аллаһу та'аланың жолында денесін кім пида етеді?»** дегенде мәдиналық бес сахаба алға шықты. Олар пайғамбарымыздың көз алдында тәкбірлер айтып, бар күштерін салып соғысты. Олардың төртеуі шәһид болды. Бесіншісі он төрт жерінен жараланып, жерге құлағанда пайғамбарымыз «Оны менің қасыма әкеліңдер»,- деді. Денесінің барлық жерінен қан ағып тұр еді. Пайғамбарымыз отырып, аяғына басын жастанды. Осылай шәһид болу құрметіне ие болған бұл бақытты сахаба Умарә бин Йәзид (радиаллаһу анһ) болатын.

Хазреті Талха бин Убәйдуллаһтың батырлығы

Мүшріктер өте жақындап келген кезде пайғамбарымыз **«Мыналарды кім қарсы алады, кім тоқтатады?»,**- деді. Талха бин Убәйдуллаһ (радиаллаһу анһ) «Мен! Йа Расулаллаһ» деп алға шыққысы келді. Пайғамбарымыз **«Сен сияқты тағы кім бар?»**,- деді. Мәдиналық сахабалардың бірі «Мен» деп рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз **«Қане, сен шық»** деп бұйырды. Ол алға шығып, мүшріктерге қарсы ұмтылды. Теңдессіз батырлық көрсетті. Бірнеше кәпірді өлтіргеннен кейін шәһид болды. Пайғамбарымыз тағы да **«Мыналарға кім қарсы тұрады?»**- деп сұрады. Бәрінен бұрын тағы да Талха (радиаллаһу анһ) шықты. Пайғамбарымыз **«Сен сияқты тағы кім бар?»** деп сұрағанда ансардан бір кісі «Мен, йа Расулаллаһ!»,- деді. Пайғамбарымыз оған **«Қане, сен шық»**,- деді. Ол да мүшріктермен шайқасып жүріп, шәһид болды. Осылайша, сол кезде пайғамбарымыздың қасында болған барлық сахабалар шайқасып, шәһид болды. Пайғамбарымыздың қасында Талха бин Убәйдуллаһтан (радиаллһу анһ) басқа ешкім қалмаған болатын. Хазреті Талха пайғамбарымызға бір зиян келіп қалар деп қорқып, оны айнала жүгіріп, кәпірлермен шайқасып жүрді. Оның қылыш сілтеуі, бір мезгілде пайғамбарымыздың жан-жағынан келген жауға қарсы тұруы, садақ оғына, найзаға және қылышқа денесін қалқан етіп тосуы теңдессіз оқиға болатын. Хазреті Талха айналып жүріп өзіне тиген қылыштарға мойымады. Мақсаты пайғамбарымызды қорғау, осы жолда басқа бауырлары сияқты шәһид болу болатын. Денесінде жарақат алмаған жері қалмаған еді. Киімінен қаннан басқа ешнәрсе көрінбеді. Бірақ, ол осыған қарамастан төрт жаққа да үлгеріп жүрді. Сол кезде хазреті Әбу Бәкір мен Са'д бин Әбу Уаққас пайғамбарымыздың қасына келіп жетті. Батырлардың батыры болған хазреті Талха осы кезде көп қан жоғалтып жерге құлаған болатын. Барлық жерінен жарақат алған еді. Алпыс алты үлкен, сансыз көп ұсақ жаралары бар болатын. Пайғамбарымыз хазреті Әбу Бәкірге дереу хазреті Талхаға көмек беруді бұйырды. Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) хазреті Талханың ес жинауы үшін бетіне су септі. Талха бин Убәйдуллаһ (радиаллаһу анһ) есін жияр-жимас «Йа, Әбу Бәкір! Расулуллаһ аман ба?» деп, өзінің пайғамбарымызға шын берілгенін көрсетті. Пайғамбарды жақсы көру, оның мүбәрәк денесі

үшін жанын пида ету болса осыншалық болар еді. Хазреті Әбу Бәкір «Расулуллаһ аман. Мені ол жіберді» дегенде Талха (радиаллаһу анһ) рахаттанып дем алып, «Аллаһу та'алаға шексіз шүкірлер. Ол тірі болса қалған қиындықтар түк емес»,- деді. Сол кезде тағы да бірнеше сахаба келіп жеткен болатын. Пайғамбарымыз хазреті Талханың жанына барды. Жаралы мүжаһид пайғамбарымыздың тірі екенін көргенде қуанғанынан жылап жіберді. Пайғамбарымыз оның денесін сипап, қолын жайып, **«Аллаһым! Оған шипа бер! Күш бер»** деп дұға етті. Пайғамбарымыздың бір мұғжизасы ретінде хазреті Талха сап-сау болып орнынан тұрып, жаумен соғыса бастады. Пайғамбарымыз ол үшін **«Ухуд күні жер бетінде оң жағымда Жәбрейілден, сол жағымда Талха бин Убәйдуллаһтан басқа маған жақын адамның жоқ екенін көрдім. Жер бетінде жүрген жұмақтық адамды көргісі келген адам Талха бин Убәйдуллаһқа қарасын»**,- деді.

Бүкіл майдан шебінде шайқас қызу жүріп жатқан болатын. Пайғамбарымыздың жанында Әбу Дужанә, ту ұстаушы Мусаб бин Умәйр, Талха бин Убәйдуллаһ, пайғамбарымызды қорғау үшін артқы саптан келіп жеткен Нәсиба ханым және бірнеше сахаба (радиаллаһу анһум) бар еді. Олар мүшріктерге қарсы пайғамбарымызбен бірге соғысып жатқан болатын. Төбесінен тырнағына дейін қаруланып алған және сауыт пен дулыға киген мүшрік Абдуллаһ бин Хунәйд пайғамбарымызды көріп, атын тебінді. «Мен Зубәйрдің ұлымын. Маған Мұхаммедті көрсетіңдер. Мен оны өлтіремін, не соның жанында өлемін» деп айқайлады. Атын пайғамбарымызға қарай бұрып келе жатқанда хазреті Әбу Дужанә оның алдына тұрып, «Кел, қане. Мен пайғамбарымыздың мүбәрәк денесін өз денеммен қорғайтын адаммын. Мені өлтірмейінше оған жете алмайсың»,- деді. Аттың аяқтарын қылышпен ұрып, Абдуллаһ бин Хунәйдті жерге құлатты. Қылышын көтеріп, «Ал, мынау Харәшәнің ұлынан» деп, бір ұрып жерге құлатты. Оқиғаны көріп тұрған пайғамбарымыз «**Аллаһым! Харәшәнің ұлына (Әбу Дужанәге) мен қалай разы болсам, Сен де солай разы бол**» деп тіледі.

Мүшріктерден өте мерген садақшы болған Малик бин Зухәйр барлық жерден пайғамбарымызды іздеп, бір мүмкіндігін тауып, оны өлтіруді қалады. Пайғамбарымызға жақындап барып, садағын керіп, пайғамбарымыздың басын нысанаға алып оқ атты. Көзді ашып жұматындай уақыт болған жоқ, хазреті Талха қолын ашып тұра қалды. Оқ оның алақанына тиіп, қолын жаралады. Саусақтарының

барлық жүйке тамырлары кесілді, қолының сүйектері сынды. Мұны пайғамбарымыз көріп, **«Егер** (мені қорғау үшін қолыңды оққа созарда) **бисмиллəһ дегенінде адамдар саған қарап тұрғанда періштелер сені көктерге көтерер еді»** деген.

Меккелік мүшріктерден Абдуллаһ бин Қамиа, Үбәй бин Халәф, Утбә бин Әби Уаққас, Абдуллаһ бин Шихабы Зүхри деген төрт мүшрік пайғамбарымызды өлтіруге келісіп, ант ішкен болатын. Осындай қысылтаяң сәтте пайғамбарымыз қасында бірнеше сахаба бар болса да жаумен қызу шайқасып жатты. Пайғамбарымыздың алдында ту ұстаушы Мусаб бин Умәйр бар болатын. Хазреті Мусаб киген сауытымен пайғамбарымызға қатты ұқсап қалған болатын. Ол да оң қолына Исламның туын ұстап, мүшріктермен шайқасып жүрген болатын. Осы кезде сауытқа оранған Ибн Қамиа атымен ортаға жақындады. Бар даусымен «маған Мұхаммедті көрсетіңдер. Оны өлтірмесем өзім өлейін» деп айқайлап, пайғамбарымызға қарай атын бағыттады. Хазреті Мусаб пен Насиба ханым оған қарсы тұрып, денелерімен пайғамбарымызды қорғап, жаумен шайқасты. Бұл кәпірге қанша қылыш салғанмен киген сауытына қылыш батпады. Ибн Қамиа Насиба ханымды қылышпен ұрып, иығын жаралады. Сосын хазреті Мусабтың ту ұстаған оң қолына қылышын сілтеді. Оң қолы кесілген Мусаб бин Умәйр жанынан артық көретін Ислам туын жерге түсірместен сол қолына алды. Сол сәтте ол **«Мұхаммед алейһиссалам расул. Одан бұрын да расулдар келген»** деген аят кәримәны оқыды («Али Имран» сүресі, 144). Ибн Қамиа бұл жолы қылышын сол қолына сілтеді. Сол қолы да кесілген ол, туды жерге түсірмей, туды білегімен кеудесіне қысып, желбіретті. Ибн Қамиа бұл жолы найзасын сахабаның денесіне қадады. Мусаб (радиаллаһу анһ) басқа бауырлары сияқты шәһид болып, ахиретке көшті.

Хазреті Мусаб жерге құлап бара жатқанда Исламның туы жерге түсірілмеген, оны дереу хазреті Мусабтың кейпіне енген бір періште қолына алған болатын. Пайғамбарымыз **«Ілгері, йа Мусаб! Ілгері»** дегенде туды ұстап тұрған кісі «Мен Мусаб емеспін»,- деді. Сол кезде пайғамбарымыз оның періште екенін түсініп, туды хазреті Әлиге берді.

Ибн Қамиа болса хазреті Мусабты пайғамбарымыз деп ойлап, тез мүшріктерге барып, «Мұхаммедті өлтірдім» деп айқайлай бастады. Мұны естіген мүшріктер көздеген мақсатқа жеттік деген қуанышпен одан да құтыра түсті. Оқиғаның мән-жайын білмеген сахабалардың

қайғыдан аяқ-қолдары істемей қалды. Ортада азалы көңіл-күй орнай бастады. Хазреті Омардың да қолдары салбырап, достарымен тұрған жерлеріне отырып қалды. Әнәс бин Надр (радиаллаһу анһ) оларды көріп «Неге отырсыңдар?»- деп сұрады.

Олар «Расулуллаһ алейһиссалам шәһид болыпты»- деп жауап берді. Хазреті Әнәс «Расулуллаһ шәһид болса Оның Раббысы (Аллаһу та'ала) мәңгілік. Расулуллаһтан кейін біз тірі қалып не істейміз? Қане, тұрыңдар! Пайғамбарымыз соғысып, жанын құрбан еткен нәрсе үшін біз де жанымызды пида етейік» деп, қылышын қынабынан суырып, «Аллаһу әкбар» деп жаудың ортасына қарай ұмтылды. Бірнеше кәпірді өлтіріп, өзі шәһид болды. Бұл мүбәрәк сахабаның бір ғана бетінде жетпіс жара бар болатын. Денесіндегі жарақаттың көптігінен оны қарындасынан басқа ешкім тани алмады.

Сахабалардың көпшілігі тарап кетіп, көпшілігі шәһид болған еді. Олардың осылай таралғанын пайдаланған мүшріктер пайғамбарымыздың айналасына жиналды. Таспен, қылышпен пайғамбарымызды шәһид етуге тырысты. Расулуллаһтың үстінде екі сауыт болғандықтан соққылар әсер етпеді. Утбә бин Әбу Уаққастың атқан тастары пайғамбарымыздың бетіне тиіп, астыңғы ерні жараланды. Астыңғы жақтағы күрек тісі сынды. Сол кезде Ибн Қамиа деген мүшрік те келіп, қылышын пайғамбарымыздың басына сілтеді. Пайғамбарымыздың дулығасы жарылып, екі жағы самайына кірді. Және де Ибн Қамиа иығынан ұрып жарақаттағанында, пайғамбарымыз мұсылмандарды құлату үшін Әбу Амирдің қазған шұңқырына бір жағымен құлады. Пайғамбарымыз Ибн Қамиа үшін **«Аллаһу та'ала сені масқара етсін»**,- деді. Ибн Қамиа қатты қуанып, «Мұхаммедті өлтірдім. Мұхаммедті өлтірдім» деп айқайлап, Әбу Суфйанның жанына барды. Мүшріктер мақсаттарына жеткен болатын. Енді олар пайғамбарымызға назар салмады. Пайғамбарымыздың жатқан шұңқырынан кетіп, жан-жақтағы сахабалармен шайқасуға кірісті.

Пайғамбарымыз шұңқырға құлаған кезде жағы қанап тұрған болатын. Қолымен бетін сүрткен кезде қолы мен сақалының қанға боялғанын көрді. Бір тамшы қанын жерге түсірмеу үшін Жәбрейіл алейһиссалам мүбәрәк қанын ұстап: «Йа, Хабибаллаһ! Аллаһу та'алаға ант етемін, егер осы қан жерге түскенде қияметке дейін жерден шөп шықпас еді»,- деді. Пайғамбарымыз **«Егер менен бір тамшы қан жерге тамса, көктен азап түседі. Йа, Раббым! Қауымымды кешір. Өйткені, олар білмейді»** деп, өзін өлтіруге

тырысқан, денесіне қылыш сілтеп, тісін сындырған, бетін қанға бояған адамдардың тура жолға түсуін тіледі.

Осы кезде Ка'б бин Малик (радиаллаһу анһ) «Ей, мұсылмандар! Сүйінші! Расулуллаһ мұнда!» деп айқайлады. Бұл дауысты естіген сахабалар қайтадан өздері тірілгендей қуанып, сол жерге қарай жүгірді. Хазреті Әли мен Талха бин Убәйдуллаһ (радиаллаһу анһ) дереу сол жерге барып, пайғамбарымызды шұңқырдан шығарды. Хазреті Әбу Убәйда бин Жәррах пайғамбарымыздың самайына кірген дулығаның алқаларын тісімен шығарды. Осы темір бөлшектерді шығарған кезде алдыңғы екі тісі де жұлынып шықты.

Сахабалардан Малик бин Синан (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздың бетінен аққан қанды жерге тамбауы үшін тілімен жалап алды. Пайғамбарымыз **«Қаным қанына араласқан адамға тозақтың оты тимейді»**,- деді.

Мүшріктер тағы да шабуылдай бастады. Ардақты сахабалар (алейһимурридуан) пайғамбарымызға қауышу қуанышымен тағы да оны қоршап, оған ешқандай мүшрікті өткізбеді. Пайғамбарымызға енді ешнәрсе істей алмайтындықтарын түсінген мүшріктер таудың төбесіне шыға бастады. Пайғамбарымыз Са'д бин Әбу Уаққасқа **«Оларды кері қайтар»**,- деді. Хазреті Са'д «Йа, Расулаллаһ! Менде бір ғана оқ бар. Онымен қалай кері қайтарамын» деп сұрағанда пайғамбарымыз тағы да сол бұйрығын қайталады. Осыған орай мергендердің басшысы Са'д бин Әбу Уаққас оғын атты. Нысанаға тиген оқ бір мүшрікті құлатты. Ол қолын жебенің ыдысына тағы да салғанда тағы бір оқтың пайда болғанын көрді. Бұл осының алдындағы оқ екенін байқады. Тағы бір мүшрікті өлтірді. Осылайша бірнеше рет қайталады. Пайғамбарымыздың бір мұғжизасы ретінде хазреті Са'д әр атқанында сол баяғы оқты көрді. Адамдарының бірінен соң бірінің өліп жатқанын көрген құрайыштықтар тауға шығудан бас тартты. Төмен түсіп, кері шегінді.

Олардың ішінен Үбәй бин Халәф атын пайғамбарымызға қарай бұрып, «Қайда, пайғамбармын деген адам? Шықсын да менімен шайқассын» деп айқайлады. Сахабалар оған қарсы шыққысы келсе де пайғамбарымыз рұқсат бермеді. Харис бин Симмә найзасын алып, ілгері шықты. Үбәй атын тебініп, «Ей Мұхаммед! Сен өлмесең мен өлейін» деп жақындады. Бастан аяқ сауыт киінген болатын. Пайғамбарымыз қолындағы найзасын Үбәйге лақтырды. Найза ұшып барып, дулыға мен сауыттың жағасының арасынан мойнына

қадалды. Үбәй атынан жерге құлап, қабырғасы сынды. Мүшріктер оны көтеріп, алып кетті. Жолда «Мұхаммед мені өлтірді» деп айқайлап жатып жан тапсырды.

Пайғамбарымыз жанындағы сахабаларымен Ухуд жағалауына қарай жүре бастады. Құздардың жанына барғаннан кейін жоғары шыққысы келді. Қатты шаршағандықтан, екі сауытты қабаттап кигендіктен және денесіне жетпістен астам қылыш ұрылғандықтан шыдап тұра алмады. Сөйтіп, Талха (радиаллаһуанһ) пайғамбарымызды арқалап алып құздың үстіне шығарды. Пайғамбарымыз **«Талха Расулуллаһқа көмектескен кезде жұмақ оған уәжіп болды»**,- деді. Ешқандай күштері қалмағандықтан бесін намазын отырып оқыды.

Таудың етегінде сахабалар арыстанша мүшріктерге шабуылдады. Пайғамбарымызға қылыш сілтегендерді азаптады. Бір кезде Хатиб бин Бәлтәа (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздың қасына барып, «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Мұны сізге кім істеді?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Утбә бин Әбу Уаққас, маған тас лақтырып, бетімнен ұрды, күрек тісімді сындырды»** дегенде хазреті Хатиб «Йа, Расулаллаһ! Ол қай жаққа кетті?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз оның кеткен жағын көрсетті. Хазреті Хатиб сол жаққа қарай жүгірді. Іздеп жүріп Утбәні тауып, атынан түсіріп алып, басын шауып пайғамбарымызға келіп оны өлтіргенін айтты. Пайғамбарымыз **«Аллаһу та'ала сенен разы болсын! Аллаһу та'ала сенен разы болсын!»** деп дұға етті.

Мүшріктер жиналып шабуылға көшкен сахабаларға қарсы төтеп бере алмады. Жетпіс адамдарынан айрылып, соғыс алаңын тастап, Меккеге қарай бет алды. Пайғамбарымыздың қайтыс болғаны туралы өсек Мәдинаға жеткен болатын. Хазреті Фатима, хазреті Айша, Үммү Сүләйм, Үммү Әймән, Хамнә бинти Жахш, Қуайбә сияқты әйелдер Ухудқа қарай жүгірді. Хазреті Фатима әкесінің жаралы екенін көріп жылады. Пайғамбарымыз оны жұбатты. Хазреті Әли қалқанымен су әкелді. Фатима (радиаллаһу анһа) ол сумен пайғамбарымыздың бетін, қанын жуды. Бірақ бетінің қаны тоқтамады. Хазреті Фатима бір қамысты өртеп, күлін жараға басқанда қан тоқтады.

Сөйтіп соғыс алаңына түсті. Алдымен жаралыларды анықтап, жараларын таңды. Мүшріктер кейбір шәһидтерді адам танымастай жағдайға жеткізген еді. Құлақ, мұрын және басқа да ағзаларын кесіп, қарындарын жарған болатын. Абдуллаһ бин Жахш (радиаллаһу анһ) та осылардың арасында болатын. Бұл

жағдайды көрген пайғамбарымыз бен сахабалар қатты ренжіді. Ең таңдаулы сахабалары шәһид болып, Ухудтың топырағын қанға бояп, жұмаққа ұшқан еді. Алайда, шәһидтерге жасалған бұл әрекет адам төзгісіз болатын. Пайғамбарымыз бен сахабалар бұл іске қатты ашуланды. Осы көрініске қарап, пайғамбарымыздың көзінен жас парлады. Көзінен жасы ағып тұрып **«Мен бұл шәһидтердің Аллаһу та'аланың жолында жандарын пида еткендеріне қиямет күні куәгер боламын. Оларды қандарымен көміңдер. Уаллаһи, қиямет күні махшарға жаралары қанап келеді. Қандарының түсі қанның түсіндей, иісі хош болады»**,- деді.

Пайғамбарымыз **«Хамзаны көре алмай тұрмын. Оның жағдайы не болды?»**- деп сұрады. Хазреті Әли оны іздеп тапты. Пайғамбарымыз ол жерге барып, ақылға қонбайтын көрініске тап болды, хазреті Хамзаның құлақтары, мұрны және басқа мүшелері кесіліп, беті адам танымастай жағдайға жеткізіліп, өкпелері сыртқа шығарылған еді. Пайғамбарымыз жылап тұрып хазреті Хамзаға қарап, **«Ей, Хамза! Ешқашан да, ешкім де сен сияқты қиыншылық көрген жоқ және көрмейді. Ей Расулуллаһтың көкесі! Ей Аллаһу та'аланың және Расулының арыстаны Хамза! Ей, қайырлы істер жасаған Хамза! Ей Расулуллаһтың қорғаушысы болған Хамза! Аллаһу та'ала саған рақымдылық жасасын!»**,- деді.

Осы кезде қарсы беттен бір әйелдің жанталасып келе жатқанын көрді. Бұл пайғамбарымыздың әпкесі хазреті Сафийә болатын. Ол да басқа әйелдер сияқты пайғамбарымыз қайтыс болды деген жалған хабарды естіп, бар нәрсені тастай сала жүгіріп Ухудқа келген болатын. Пайғамбарымыз әпкесін көріп, шәһидтердің түріне шыдай алмас деген оймен баласы Зубәйр бин Ауамға (радиаллаһу анһ) **«Анаңды кері алып кет, бауырының денесін көрмесін»**,- деді. Хазреті Зубәйр жүгіріп, анасының жанына барды. Сафийә ханым «Балам пайғамбарымызға не болды»,- деді. Олардың қасына хазреті Әли де барған болатын. Ол «Пайғамбарымыз әлхамдулилләһ жақсы» дегенінде, тыншыды, бірақ «Оны маған көрсетіңдер» деуден өзін тия алмады. Хазреті Әли пайғамбарымызды ишарамен көрсетті. Хазреті Сафийә пайғамбарымыздың тірі екенін көргенде қуанып, Аллаһу та'алаға шүкіршілік етті. Енді бауыры хазреті Хамзаның жағдайын білу үшін ары қарай жүргісі келді. Баласы Зубәйр (радиаллаһу анһ) «Анашым! Расулуллаһ кері қайтуыңызды бұйырды» дегенде хазреті Сафийә «Егер оған жасалғандарды маған көрсетпеу үшін кері

қайтарсаңдар мен онсыз да бауырымның денесінің паршаланғанын білемін. Ол бұл жағдайға Аллаһтың жолында жүріп душар болды. Біз бұл жолда одан бетеріне де разымыз. Сауабын тек Аллаһу та'аладан күтеміз. Иншаллаһ сабырлылық етеміз»,- деді. Зубәйр бин Аууам (радиаллаһу аһһ) осыны айтқаннан кейін пайғамбарымыз **«Олай болса жібер, көрсін»**,- деді. Хазреті Сафийә (радиаллаһу аһһа) хазреті Хамзаның денесінің қасына отырып, үнсіз жылады.

Хазреті Сафийә (радиаллаһу аһһа) келген кезде өзімен екі шапан әкелген болатын. Оларды шығарып «Бұларды бауырым Хамзаға әкелдім. Соған ораңдар»,- деді. Шәһидтердің мырзасы болған хазреті Хамзаны осы шапанның бірімен кебіндеді.

Пайғамбарымыз ту ұстаушы Мусаб бин Умәйрдің (радиаллаһу аһһ) бас жағына барды. Мусабтың қолдары кесілген, бірнеше жерінен жарақат алған болатын. Айналаның бәрі қанға боялғанды. Пайғамбарымыз бұл жерде де қатты қайғырып, осы қадірлі шәһидтерге арнап, «Ахзаб» сүресінің 23-аятын оқыды. Мағынасы: **«Мүминдерде сондай жігіттер бар, Олар Аллаһу та'алаға берген сөздерінде тұрады. Олардың кейбірі шәһид болғанша соғысатыны туралы берген сөздерін орындады** (шәһид болды)**. Кейбірі шәһид болуды күтуде. Олар берген сөздерінен шықпады»**. Пайғамбарымыз содан соң: **«Аллаһу та'аланың Расулы да куә, сендер қиямет күні Аллаһу та'аланың құзырында шәһид болып жиналасыңдар»,**- деді. Сосын қасындағыларға қарап, **«Бұларды зиярат етіңдер. Оларға сәлем беріңдер. Аллаһқа ант етемін, кім оларға бұл дүниеде сәлем берсе қияметте осы қадірлі шәһидтер оларға жауап сәлем қайтарады»,**- деді.

Мусаб бин Умәйрге (радиаллаһу аһһ) кебін жасайтын ештеңе табылмады. Өзінің сыртқы киімі денесін толық жауып тұрмайтын. Бас жағын жапса аяқ жағы, аяқ жағын жапса басы ашық қалатын. Пайғамбарымыз **«Бас жағын жабыңдар, ал аяқтарын ызхыр шөбімен жабыңдар»**,- деді. Өз өмірін Исламға қызметпен өткізген және осы жолда шәһидтік дәрежеге көтерілген осы сахаба дүниемен жарты кебінмен қоштасты.

Қалған шәһидтердің жаназалары оқылып, қанды киімдерімен екі-үштен бір қабірге қойылып, жерленді. Ухуд соғысында жетпіс адам шәһид болған еді. Олардың алпыс төрті ансардан, алтауы мұхажирлерден болатын.

Сахабалардың көпшілігінің туыстары шәһид болған еді. Қалғандарды жұбату үшін пайғамбарымыз былай деді: **«Уаллаһи, сахабаларыммен бірге мен де шәһид болып, Ухуд тауының бауырында түнеуді қатты қалар едім. Бауырларың шәһид болған кезде Аллаһу та'ала олардың рухтарын жасыл құстардың жемсауына салды. Олар жұмақтың өзендеріне барып, суынан ішеді. Жемістерінен жейді. Жұмақтың барлық жерін аралайды. Гүл бақшаларында ұшады. Сосын қасиетті Арштың астына ілінген алтын шырақтардың ішіне кіріп түнейді. Олар осындай тағамдар мен сусындардың кереметтігін көргенде «Әттең, Аллаһу та'аланың бізге нелер бергенін бауырларымыз көрсе ғой, жиһадтан тартынбаса, соғысудан қорқып, жаудан тайсалмаса» дейді. Аллаһу та'ала «Мен сендердің жағдайларыңды оларға білдіремін»**,- деді. (Және мағынасы мынадай аят кәримә түсірді:) **«Аллаһу та'аланың жолында шәһид болғандарды өлді деп санамаңдар. Расында олар Раббыларының алдында тірі. Аллаһу та'аланың өздеріне берген шәһидтік мәртебесіне барлығы да қуанып, жұмақ нығметтерімен ризықтанады. Арттарындағы шәһидтікке әлі жетпегендер туралы «Оларға ешқандай қорқыныш жоқ және олар қайғырмайды» деп сүйіншілегісі келеді. Олар Аллаһу та'аладан келген нығметпен, тіпті одан да артығымен қуанады. Аллаһу та'аланың мүминдерге деген сыйын жоймайтыны туралы хабарға қуанады»** («Али Имран» сүресі, 169-171)...**Аллаһу та'ала оларға көрініп, «Ей, құлдарым! Жандарың нені қаласа сендерге оны артығымен берейін» дейді. Олар «Ей Раббымыз! Сенің бізге берген нығметтеріңнен артық нығмет жоқ, соны қалаймыз. Біз жұмақта қалаған нәрсемізді жеудеміз. Біз қаласақ, тек рухтарымыздың денемізге қайтарылып, дүниеге қайтарылуымызды және сенің жолыңда соғысып, қайтадан өлтірілуді қалаймыз» дейді».**

Енді бұл жерде істейтін ешнәрсе қалмаған еді. Барлығы жиналды. Аллаһу та'аланың дінін тарату үшін келген Ухудта тарихтың теңдессіз бір соғысы болған еді. Сахабалардың асқан ерліктеріне, қаһармандықтарына куә болған кәпірлерге тағы бір сабақ болған еді.

Пайғамбарымыз сахабаларымен нұрлы Мәдинаға қарай бет алды. Харрә деген жерге келген кезде сахабаларын сапқа тізіп, қолын көтеріп, Аллаһу та'алаға жалбарынып, былай дұға ете бастады: **«Аллаһым! Барлық мақтау Саған тән. Аллаһым!**

Сенің адастырғаныңды тура жолға салатын, тура жолдағыңды адастыратын ешкім жоқ. Аллаһым! Бізге иманды сүйгіз. Жүрегімізді иманмен безендір. Бізді күпірліктен, азғындықтан, асып-тасушылықтан жирендір. Дініміз бен дүниемізге зарарлы нәрселерді білетіндерден, тура жолдағылардан ет. Аллаһым! Бізді турашылдар мен жақсылардан ет. Өйткені, олар қадірлері мен беделдерін жоғалтпағандар, діндерінен шықпағандар. Аллаһым! Сенің Расулыңды теріске шығарған, сенің жолыңнан тайған, пайғамбарыңмен соғысқан кәпірлердің жазасын бер. Оларға хақ және ақиқат болған азабыңды бер. Әмин!» Сахабалар да «Әмин» деп, бұл дұғаға қосылды.

Пайғамбарымыз сахабаларымен бірге Мәдинаға жақындап қалған болатын. Мәдинада қалған әйелдер, балалар жолға шығып, алаңдап, қайғырып, келе жатқан әскердің ішінен пайғамбарымызды көруге тырысты. Оның нұрлы жүзін көргенде Аллаһу та'алаға шүкіршілік етті. Сосын әскердің ішінен өз туыстарын іздей бастады. Әскерлер арасынан туыстарын таба алмағандар көз жастарына ерік берді. Сахабаларының осындай қайғылы сәтін көрген пайғамбарымыздың көзінен де жас парлады.

Бір кезде Са'д бин Муаздың (радиаллаһу анһ) анасы Кәбшә ханымның пайғамбарымызға бара жатқаны байқалды. Ухудта баласы Амр шәһид болған болатын. Пайғамбарымызға барып, «Жаным сізге пида болсын йа, Расулаллаһ! Аллаһқа шүкір сіздің аман екеніңізді көрдім. Сіз аман болсаңыз басқа қайғылар маған түк емес»,- деді. Жан баласы туралы сұрамады. Пайғамбарымыз оның баласына көңіл айтқаннан кейін **«Ей, Са'дтың анасы! Саған және оның отбасына сүйінші болсын! Олардан шәһид болғандардың барлығы да жұмаққа жиналды және бір-біріне жолдас болды. Олар отбасыларына да шапағат етеді»**,- деді. Кәбшә ханым «Аллаһу та'аладан келген барлық нәрсеге разымыз, йа Расулаллаһ. Осындай сүйінші хабардан кейін олар үшін кім жылайды. Сіз артында қалғандарға дұға етіңіз»,- деді. Пайғамбарымыз **«Аллаһым! Оларды қайғыларынан арылт. Артында қалғандарын да ең қайырлылардан ет»** деп дұға етті.

Пайғамбарымыз сахабаларына қарап, тәндік қалаулармен күресуді меңзеп, **«Ей, сахабаларым! Кіші жиһадтан қайттық, енді үлкен жиһадты бастаймыз»**,- деді. Сосын барлығын үйлеріне демалуға, жараларын таңуға жіберді. Өзі де жаралы болатын. Тіке үйіне кетті.

Хамра-ул Әсад жорығы

Пайғамбарымыз Мәдинаға қайтқан кезде мүшріктердің кез-келген сәтте кері қайтып, Мәдинаға шабуылдау мүмкіндігін ойлап шара қолданды. Ертеңіне жаралы бола тұра мұсылмандардың кешегі соғыстан әлсіремегенін білдіру, дұшпанды қорқытып ескерту, олардың Мәдинаға қайтып келуін болдырмау үшін Біләл Хабәшиге (радиаллаһу анһ) **«Расулуллаһ сендерге дұшпанның ізіне түсуді бұйырды. Кеше Ухудта бізбен бірге соғыспағандар бармайды, тек соғысқа қатысқандар ғана барады де»**,- деді. Ол сахабаларға бұл хабарды айтқанында олар жаралы болса да әп сәтте жиналып дайын тұрды. Тіпті, ауыр жарақат алған Абдуллаһ пен Рафи (радиаллаһу анһум) деген ағайындылар да пайғамбарымыздың бұл хабарын есті сала ауырғандарына қарамастан «Пайғамбарымызбен соғысқа шығу мүмкіндігінен айырыламыз ба?» деп, мүжаһидтердің сапына қосылды.

Пайғамбарымыз сахабаларымен мүшріктердің соңына түсті. Рауха деген жерде мүшріктердің жиналып, Мәдинаға қайта шабуыл жасап, мұсылмандарды қыру туралы шешім қабылдағандарын естіді. Осылайша бұл қолданылған шараның да пайғамбарымыздың бір мұғжизасы екендігі белгілі болды.

Мүшріктер пайғамбарымыздың өздеріне қарай келе жатқанын естіп, қорқып, отырған жерлерін тастап, Меккеге қашты.

Пайғамбарымыз олардың соңынан Хамра-ул Әсад деген жерге дейін барды. Мүшріктерден екі адам ұсталды. Ол жерде үш күн болып, сосын Мәдинаға қайтты.

Аллаһу та'ала Хамра-ул Әсадқа барған осы сахабаларды аят кәримәмен былай мадақтады: **«Жараланғаннан кейін тағы да Аллаһу та'аланың және пайғамбарының шақыруына жүгіргендер және жақсылық жасап, жамандықтан сақтанғандар үшін үлкен сыйлар бар».** («Али Имран» сүресі, 172)

Ухудта пайғамбарымызды өлтіруге ант ішкендерден Ибн Қамиа Меккеге қайтқаннан кейін бір күні қойларын көруге тауға шығады. Таудың төбесінен қойларын табады. Олардың ішінен бір үлкен қошқар оны сүзіп-сүзіп, паршалап өлтіреді.

Абдуллаһ Шихаб Зухриді де Меккеге бара жатқанда ақ таңбасы бар бір жылан шағып өлтірді. Пайғамбарымызға қастандық жасағандардың барлығы бір жылдың ішінде өз жазаларын алып дүниемен қош айтысты.

Рәжи оқиғасы

Ухуд соғысының мергендерінің бірі Асым бин Сабит (радиаллаһу анһ) бұл соғыста мүшріктерден Мусафи бин Талха мен бауыры Харисті өлтірген болатын. Аналары, қатты кек сақтаған Сулафә бинти Са'д екі баласын өлтірген хазреті Асым бин Сабиттің басын әкелген адамға жүз түйе беремін деп уәде етті. Асым бин Сабиттің (радиаллаһу анһ) бас сүйегімен шарап ішуге ант етті. Сондай-ақ пайғамбарымыз жіберген бір жорықта хазреті Абдуллаһ бин Унәйстің Лыхиян ұлдарынан Халид бин Суфйанды өлтіруіне байланысты Лыхиян ұлдары Адәл және Қарә тайпаларымен келісім жасасты. Мәдина маңында орналасқан бұл екі қауым жоспар құрып, елшілер дайындады. Оларға «Мұсылман екендіктеріңді айтыңдар. «Зекет береміз, соны алатын және бізге Исламды үйрететін ұстаз керек» дейсіңдер. Келгендердің біразын өлтіріп, өшімізді аламыз. Біразын Меккеге апарып, Құрайыштарға сатамыз»,- деді.

Хижреттің төртінші жылының сапар айында осы екі тайпадан алты-жеті адамдық топ пайғамбарымызға барып «Мұсылман болдық, бізге Құран кәрімді және дінді үйрететін ұстаз жіберіңіз»,- деді. Бұл кезде пайғамбарымыз меккелік мүшріктердің соғысқа дайындалып жатқан-жатпағанын бақылау үшін он адамнан тұратын жасақ дайындаған болатын. Адәл және Қарә тайпасынан да осындай елшілердің келіп, ұстаз сұрауларына байланысты жағдайды анықтау, хабар әкелу үшін осы он адамдық жасақты келгендерге қосып жіберді. Сахабалардан құралған бұл жасақта Мәрсәд бин Әби Мәрсәд, Халид бин Әби Букәйр, Асым бин Сабит, Хубәйб бин Ади, Зәйд бин Дәсиннә, Абдуллаһ бин Тариқ, Муаттиб (Муғир) бин Убәйд және есімдері белгісіз тағы үш сахаба бар еді (радиаллаһу анһум).

Бұл жасақ күндіз жасырынып, түнде жүріп отырып, таңсәріде Рәжи деген жерге барды. Сол жерде біраз демалып, Мәдинаның Ажуә деген ең жақсы құрмасынан жеді. Сосын ол жерден кетіп, жақын жердегі бір тауға шығып, жасырынды. Хузәйл тайпасынан қой бағып жүрген бір әйел Рәжи суының басына келген болатын. Құрманың сүйектерін көріп, Мәдинаның құрмасы екенін білді. «Бұл жерде Мәдинадан келген адамдар болған» деп айқайлап, тайпасына хабар берді. Бұл кезде сахабалардан осы он адамдық жасақпен келе жатқан Адәл мен Қарә тайпасының елшілерінің бірі бір сылтаумен олардан бөлініп кетіп, Лыхиян ұлдарына хабар жеткізді.

Лыхиян ұлдары осы хабарға қарай дереу іске кірісті. Жүз садақшысы бар екі жүз адамдық күшті осы жасаққа қарсы жіберді. Бұл мүшріктердің тобы хазреті Асым бин Сабит пен оның жолдастарын таудың төбесінен тауып, сол жерде қоршауға алды. Осы кезде он сахаба туралы хабар берген адам да мүшріктердің сапына келіп қосылды. Сахабалар сол кезде өздерінің алданғанын түсініп, қылыштарын суырды. Мұны көрген мүшріктер оларды алдауға тырысып, «Егер біздің қасымызға түссеңдер, ешқайсысыңды өлтірмейміз. Сөз береміз. Уаллаһи, сендерді өлтіруді қаламаймыз. Бірақ сендерге қарсы меккеліктерден құн ақша алуды қалаймыз»,- деді. Асым бин Сабит, Мәрсәд бин Әби Мәрсәд және Халид бин Әби Букәйр (радиаллаһу анһум) «Мүшріктердің сөздері мен анттарын ешқашан қабылдамаймыз» деп барлық ұсыныстарын кері қайтарды. Асым бин Сабит (радиаллаһу анһ) «Ешқашан мүшріктердің қамқорлығын қабылдамауға ант іштім. Уаллаһи олардың сөзіне сеніп, төмен түсіп, берілмеймін»,- деді. Қолын жайып, «Аллаһым! Пайғамбарымызға біздің жағдайымызды білдір» деп дұға етті. Аллаһу та'ала оның бұл дұғасын қабылдап, пайғамбарымызды бұл жағдайдан хабардар етті.

Хазреті Асым мүшріктерге «Біз өлімнен қорықпаймыз. Өйткені, дінімізде өлсек, шәһид болып, жұмаққа барамыз»,- деді. Мүшріктердің басшысы «Ей, Асым! Өзіңді, жолдастарыңды текке құртпа, беріліңдер» дегенде Асым бин Сабит (радиаллаһу анһ) оған оқпен жауап қайтарды. Асымда жеті оқ бар болатын. Әр атқан оғы бір мүшрікке тиді. Оғы таусылған соң біразын найзасымен жаншыды. Найзасы да сынып қалды. Дереу қылышын суырып, қынабын сындырып лақтырып жіберді. Бұл өлгенше соғысамын дегенді білдіретін еді. Сосын «Ей, Аллаһым! Мен бүгінге дейін сенің дініңді үйрендім. Сенен осы күннің соңында менің денемді қорғауыңды сұраймын» деп дұға етті. Хазреті Асым бин Сабит пен басқа сахабалардың «Аллаһу әкбар» деген дауыстары тауды жаңғыртты. Екі жүз адамға қарсы он мүжаһид бар күштерін салып соғысты. Асым (радиаллаһу анһ) екі аяғынан жарақат алып, жерге құлады. Кәпірлер одан қатты қорыққандықтан жерге құласа да оның қасына жақындай алмады. Алыстан оқ атып, оны шәһид етті. Сол күні сондағы он сахабаның жетеуі шәһид етіліп, үшеуі тұтқынға түсірілді. Лыхиян ұлдары Сулафә бинти Са'дқа сату үшін Асым бин Сабиттің (радиаллаһу анһ) басын кесіп алмақшы болды. Бірақ, Аллаһу та'ала хазреті Асым бин Сабиттің дұғасын қабыл етіп, бір

топ құжынаған араны жіберді. Олар бұлт секілді Асым бин Сабиттің төбесінде тұрды. Мүшріктер оның қасына жақындай алмады. Сосын «Қоя беріңдер, кешке аралар кетеді, сол кезде келіп аламыз»,- деді. Кешке Аллаһу та'ала қатты нөсер жауын жаудырды. Су селдей ағып, Асым бин Сабиттің (радиаллаһу анһ) денесін ағызып басқа жаққа алып кетті. Олар қанша іздесе де таба алмады. Осылайша, олар хазреті Асымның еш жерін де кесе алмады. Аралардың Асымның (радиаллаһу анһ) денесін қорғағаны туралы айтылғанда хазреті Омар «Аллаһу та'ала әрине мүмин құлын қорғайды. Асым бин Сабит тірі кезінде мүшріктерден қалай қорғанса Аллаһу та'ала да ол өлгеннен кейін оның денесін солай қорғап, мүшріктерге тигізбеді»,- деді. Содан кейін Асым (радиаллаһу анһ) туралы айтылғанда **«Аралар қорғаған адам»** деп айтылатын болды.

Лыхиян ұлдары хазреті Асым бин Сабиттен бастап жеті адамды шәһид етті. Үш сахабаны тұтқынға түсірді. Олар Хубәйб бин Ади, Зәйд бин Дәсиннә және Абдуллаһ бин Тариқ (радиаллаһу анһум) болатын. Лыхиян ұлдары олардың үшеуін де садақтың жібімен байлады. Абдуллаһ бин Тариқ (радиаллаһу анһ) жүрмей «Шәһид болған достарым жұмаққа барды» деп айқайлады. Қолының жібін үзіп кетті, бірақ Лыхиян ұлдары оны таспен ұрып шәһид етті. Хубәйб бин Ади мен Зәйд бин Дәсиннә (радиаллаһу анһум) «Пайғамбарымыздың берген тапсырмасын орындауға мүмкіндік табармыз» деген оймен сабырлылық танытты.

Лыхиян ұлдары екеуін де Меккеге апарды. Бәдір және Ухуд соғыстарында туыстары өлтірілген мүшріктер өшпенділік отына өртеніп, мүмкіндік іздеп жүргенді. Хубәйбті (радиаллаһу анһ) мүшріктерден Хужәйр бин Әби Ихаб Тәмими Бәдір соғысында өлтірілген бауырының, ал Зәйд бин Дәсиннәні (радиаллаһу анһ) Сауфан бин Умәййә Бәдір соғысында өлтірілген әкесі Умәййә бин Халәфтің кегін қайтару үшін сатып алды. Мүшріктердің ниеті екеуін де өлтіру болатын. Бірақ соғысуға болмайтын айларда болғандықтан қамау арқылы уақыттың өткенін күтті. Оларды жеке-жеке орындарға қамады. Екі сахаба да осындай тұтқын кезінде сабырлылық танытып, шыдамдылық көрсетті.

Хубәйб бин Ади (радиаллаһу анһ) қамалған үйдегі азат күң болған Мәуийә (бұл әйел кейіннен мұсылман болған) былай айтып берген: «Хубәйб (радиаллаһу анһ) мен жүрген үйдің жер төлесіне қамалған болатын. Мен одан да жақсы тұтқын көрмедім. Бір күні

қарасам қолында құмандай үлкен бір бас жүзім бар екен. Соны жеп отырған болатын. Күнде сондай жүзім жеп отыратын. Ол маусымда, оның үстіне Меккеде жүзім табу мүмкін емес еді. Аллаһу та'ала оған ризық беріп отырды. Қамалған жерінде намаз оқитын, Құран кәрім оқитын. Оқыған Құранын естіген әйелдер жылап, оған жандары ашитын. Кейде «Бір нәрсе керек пе?» деп сұрасам «Маған дәмді су бер, пұттар үшін сойылған малдың етін әкелме және де мені өлтіретін болса маған хабар бер, басқа еш нәрсе керек емес» дейтін. Өлтірілетін күні белгіленгенде барып оған бұл туралы айттым. Мұны естігенде оның жүзінде ешқандай өзгеріс байқалған жоқ. Сол күн жақындағанда жуынғысы келетінін айтып, бір ұстара сұрады. Мен баламнан ұстара беріп жібердім. Балам оның қасына барған кезде «Бұл адам баламды ұстарамен кесіп өлтірмей ме?» деп қорықтым. Қорқып балама қарадым. Хубәйб (радиаллаһу анһ) менің жіберген ұстарамды алып, баланы сую үшін тізесіне отырғызыпты. Мен мұны көріп, айқайлай бастадым. Ол сонда барып түсінді де «Бұл баланы өлтіреді деп ойлайсың ба? Біздің дінімізде мұндай нәрсе жоқ. Орынсыз жерде адам өлтіру бізде жоқ»,- деді.

Хубәйб бин Ади мен Зәйд бин Дәсиннәні (радиаллаһу анһума) өлтіретін күн келген еді. Мүшріктер сол күні таңертең ерте екеуін Меккенің сыртындағы «Тәмим» деген жерге апарды. Мекке халқы олардың қалай өлтірілетінін көруге жиналды.

Мүшріктер екі дар ағашын құрды. Хубәйбті (радиаллаһу анһ) дар ағашына көтеріп жатқанда ол «Мені жіберіңдер, екі рәкат намаз оқиын» деп рұқсат сұрады. Оған рұқсат берілді. Ол намаз оқыды. Айналадағы мүшріктер, әйелдер, балалар барлығы оған қарап тұрды. Намазын оқып болған соң «Уаллаһи егер өлімнен қорқып намазын ұзатып жатыр деп ойламасаңдар намазымды ұзағырақ оқыр едім»,- деді. Осылай өлтірілер кезде алғаш рет екі рәкат намаз оқыған, әдет және сүннет болуына себепші болған хазреті Хубәйб бин Ади болатын. Пайғамбарымыз оның өлер алдында екі рәкат намаз оқығанын естігенде бұл істің орынды екенін айтқан.

Хубәйбті (радиаллаһу анһ) намазын оқып болғаннан кейін дар ағашына байлап, бетін құбыладан Мәдинаға қаратты. Сосын «Қане, дініңнен шық. Сені босатамыз»,- деді. Ол: «Уаллаһи, шықпаймын. Барлық дүние маған берілсе де Исламнан шықпаймын»- деп жауап берді. Сөйтіп, мүшріктер «Қазір сенің орныңа Мұхаммедтің өлтірілгенін қалайсың ба? Иә десең босатамыз»,- деді. Хубәйб

(радиаллаһу анһ) «Мұхаммед алейһиссаламның табанына бір тікеннің батқанын да қаламаймын»,- деді. Мүшріктер мазақ етісіп, күлді: «Ей, Хубәйб! Ислам дінінен шық. Егер шықпасаң сені шынымен өлтіреміз»,- деді. Хубәйб (радиаллаһу анһ) «Аллаһтың жолында өлтірілетін болғандықтан бұл ешқандай қорқынышты емес»- деп жауап берді.

Содан соң Хубәйб (радиаллаһу анһ) «Аллаһым! Мына жерден дұшпанның бетінен басқа ешкімді көріп тұрған жоқпын. Аллаһым! Менен Расулыңа сәлем жеткіз. Бізге жасалған бұл әрекетті Расулыңа білдір» деп дұға етті де «Әссәләму алайкә йа Расулаллаһ»,- деді. Хубәйб бұл дұғаны оқыған кезде пайғамбарымыз сахабаларымен бірге отырған болатын. Зәйд бин Хариса (радиаллаһу анһ) былай баяндайды: «Бір күні Расулуллаһ сахабаларымен бірге отырған кезде **«Уә алейһиссалам»**,- деді. Сахабалар «Йа, Расулаллаһ! Кімнің сәлеміне жауап қайтардыңыз?» дегенде **«Бауырымыз Хубәйбтің сәлемін алдық. Жәбрейіл** (алейһиссалам) **Хубәйбтің сәлемін маған жеткізді»**,- деді.

Хубәйбтің маңына жиналған Құрайыш мүшріктері «Міне, әкелеріңді өлтірген осы адам» деп жастарды арандатып, оның денесіне найза қадатып, жаралады. Осы кезде Хубәйб Қағбаға бет бұрды. Мүшріктер оны Мәдинаға қарай бұрды. Хубәйб «Аллаһым! Егер мен сенің алдыңда қабыл болған құл болсам жүзімді құбылаға бұр» деп дұға етті. Жүзін тағы да құбылаға қаратты. Мүшріктердің ешқайсысы оның бетін Қағбадан басқа жаққа қарата алмады. Осы кезде Хубәйб дар ағашында дұшпандарының қолында шәһид болғалы тұрғанын айтып, өлең оқыды. Мүшріктер қолдарындағы найзаларын қадап, қорлай бастағанда «Уаллаһи мен мұсылман болып өлетін болғандықтан қалай өлтірілсем де қайғырмаймын. Бұлардың барлығы Аллаһу та'ала үшін»,- деді. Хубәйб (радиаллаһу анһ) сосын мүшріктерге былай қарғыс айтты: «Аллаһым! Құрайыш мүшріктерінің барлығын құрт. Қауымдарын тарат. Біртіндеп жандарын ал, оларды тірі қалдырма». Мүшріктер бұл қарғысты естіп, қорқып біразы ол жерден қашты. Қалғандары найзаларын лақтыра бастады. Оның бірі ішіне тиіп, арқасынан шықты. Хубәйб (радиаллаһу анһ) денесінен қан атқылап тұрып, өмірінің соңғы сәтінде «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһү уә Расулуһү» деп, шәһид болды.

Хубәйб бин Адидің (радиаллаһу анһ) денесі қырық күн бойы дар ағашында ілініп тұрды. Денесі шіріп, сасыған жоқ. Әрдайым қан ағып тұрды. Пайғамбарымыз оның денесін әкелуге сахабалардан Зубәйр бин Ауам мен Миқдад бин Әсуәдті (радиаллаһу анһума) жіберді. Олар түнде жасырын түрде Меккеге кірді. Хубәйбті (радиаллаһу анһ) ілініп тұрған дар ағашынан түсіріп, түйеге жатқызып, Мәдинаға қарай жолға шықты. Мұны естіген мүшріктер топтасып олардың арттарына түсті. Екі сахаба қорғану үшін мәйітті жерге қояды. Біраздан соң мәйітті қойған жерлерінің жарылып, мәйітті ішіне алып қайта жабылғанын көрді. Бұдан кейін олар ары қарай Мәдинаға бет алды.

Мүшріктер Зәйд бин Дәсиннәні (радиаллаһу анһ) еккен ағаштарына байлады. Дінінен шығару үшін оны қинады. Бірақ Зәйдтің иманы одан сайын күшейе берді. Сосын Зәйдтті (радиаллаһу анһ) оқтың астына алды. Соңында Сауфан бин Умәййәнің азат құлы Нистас оны шәһид етті.

Бир-и Мағунә оқиғасы

Сол жылдың сапар айында Арабстанның Нәжд аймағында Амир ұлдарының басшысы Әбу Бәра Амир бин Малик Мәдинаға келіп, пайғамбарымызға барды. Пайғамбарымыз оған Исламды түсіндіріп, мұсылман болуды ұсынды. Әбу Бәра мұсылмандықты қабылдамады, бірақ Исламның жақсы дін екенін айтты. Сондай-ақ Нәждте Исламның таралуы үшін бірнеше сахабаны сонда жіберуді сұрады. Пайғамбарымыз **«Нәжд халқына сенімді емеспін»**,- деді. Амир «Оларды мен өз қамқорлығыма аламын, сонда оларға ешкім зиян келтіре алмайды»,- деді. Пайғамбарымыз бұған келісіп, сахабалардан жетпіс адамдық елші дайындады. Оларды Мунзир бин Амр (радиаллаһу анһ) басқарып жолға шықты.

Өз тайпасының Исламды қабылдауын қалаған Әбу Бәра Асхаб-ы суффадан бұрын жолға шығып, тайпасына барып, келетін елшілерді өз қамқорлығына алғанын, оларға ешкімнің тиіспеуін ескертті. Жиені Амир бин Туфәйлден басқа барлық адам оларға тиіспеуге келісті. Амир бин Туфәйл үш тайпаның адамдарын жинап, оларды басқарып, Бир-и Мағунәға келген сахабаларды қоршауға алды. Жан-жақтан қоршалған сахабалардың біреуінен басқасы шәһид болғанға дейін батырларша соғысты. Бұл сахабалардың соңғы сөздері: «Йа,

Раббым! Қазір біздің жағдайымызды Расулуллаһқа білдіретін сенен басқа ешкім жоқ. Оған сәлемімізді жеткіз»,- деді. Сол кезде Жәбрейіл алейһиссалам қайғылы кейіпте пайғамбарымызға барып, олардың сәлемін жеткізді де **«Олар Аллаһу та'алаға қауышты. Аллаһу та'ала олардан разы болды, олар да Аллаһу та'аладан разы»**,- деді. Пайғамбарымыз «Алейһимуссалам» деп жауап бергеннен кейін ренжулі түрде сахабаларына барып **«Бауырларың мүшріктермен шайқасты. Мүшріктер оларды шауып найзамен түйреп, тескіледі»** деп, жағдайдан хабардар етті.

Осы шайқаста жаумен соғысып жүргенде Амир бин Фухәйраның (радиаллаһу анһ) арқасына Жәббар деген адам найзасын қадаған болатын. Сол кезде хазреті Амир «Уаллаһи, жұмаққа қол жеткіздім» деп, Жәббар мен басқа мүшріктердің көз алдында көкке қарай көтеріледі. Бұл жағдайға барлығы қайран қалады, бірақ іштерінен тек оны шәһид еткен Жәббар ғана мұсылман болды.

Пайғамбарымыз Рәжи мен Бир-и Мағунә оқиғалаларына қатты қайғырды. Осы қайғылы оқиғаны туындатқан тайпаларды жазалауы үшін Аллаһтан бір ай бойы намаздан соң тілек тіледі. Аллаһу та'ала Расулуллаһтың дұғасын қабыл етіп, ол тайпаларға үлкен құрғақшылық пен жұт жіберді. Сосын жұқпалы ауру тарап, жеті жүз адамдары өлді.

Бәни Надр яһудилері

Ухуд соғысынан кейін хижреттің төртінші жылы Надрұлдары деп аталатын яһуди тайпасы пайғамбарымызға қастандық әрекет ұйымдастырды. Мұны Жәбрейіл алейһиссалам пайғамбарымызға білдіріп, олардың қастандық әрекеті нәтижесіз қалды. Осыған орай пайғамбарымыз келісімді бұзған яһуди тайпасына Мұхаммед бин Мәсләмәні (радиаллаһу анһ) жіберіп, **«Надрұлдары яһудилеріне бар. Оларға Расулуллаһ мені сендерге "жерімнен кетіңдер, бұл жерде менімен бірге тұрмаңдар. Сендер маған қарсы қастандық ұйымдастырдыңдар. Сендерге он күн мұрсат беремін. Осы мерзімнен кейін бұл жерден кім көрінсе басы шабылады" деген бұйрықты жеткізуге жіберді деп айт»**,- деді. Мұхаммед бин Мәсләмә (радиаллаһу анһ) бұл бұйрықты айтқаннан кейін олар қорқып, жолға дайындала бастады. Бірақ мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй оларға «Мекендеріңнен кетуші болмаңдар. Жерлерің мен

малдарыңды тастап кетпеңдер. Екі мың адамымды ертіп, сендерге көмекке келемін» деген хабар жібереді.

Осыдан соң пайғамбарымыз сахабаларымен Мәдинаға төрт шақырым қашықтықтағы Надрұлдарының мекеніне бет алды. Туды хазреті Әли ұстап жүрді. Олардың тұратын жерін қоршауға алды. Әуел баста жалын атып өркөкіректенген яһудилердің бекіністерінен шығуға батылдықтары жетпеді. Мұнафықтардан да көмек келмеді. Сахабалар бекіністі қатаң бақылауға алды. Жиырма күннен астам уақытқа созылған қоршау нәтижесінде яһудилер берілді. Барлық қаруларын, алтындары мен күмістерін мұсылмандарға тастап, біразы Шамға, біразы Хайбәрге айдалды. Осылайша, Мәдинада яһудилерден тек Құрәйза ұлдары ғана қалды.

Хазреті Фатима бинти Әсадтың қайтыс болуы

Ішімдік ішуді харам еткен аят кәримә да хижреттің төртінші жылында түсті. Ухуд соғысында жараланып, қайтыс болған хазреті Үммү Сәләмәнің күйеуінің артында бірнеше баласы қалған еді. Үммү Сәләмә (радиаллаһу анһа) жасы біразға келіп қалғандықтан қиын жағдайда болатын. Оған пайғамбарымыздың жаны ашып, мейірім етіп, оны өз некесіне алып мәртебелендірді.

Осы жылы Затуррика соғысы болып, айналадағы мүшрік тайпалары бағындырылды.

Хазреті Османның пайғамбарымыздың қызы хазреті Руқаййадан туған алты жасар баласы Абдуллаһ қайтыс болды. Пайғамбарымыз немересінің жаназа намазын оқытып, өз қолымен қабірге қойды. Қатты қайғырып, егілді. Көз жасы қабірге тамды. Мүбәрәк қолдарымен құлыптасын қойып, **«Аллаһу та'ала мейірімді және мейірбан жүректі құлдарына рақымдылық жасайды»**,- деді.

Хазреті Әлидің анасы Фатима бинти Әсад та (радиаллаһу анһа) осы жылы қайтыс болды. Пайғамбарымыз бұл оқиғаға қатты қайғырып, **«Бүгін анам қайтыс болды»** деген. Пайғамбарымыз атасы Абдулмутталиб қайтыс болғаннан кейін соның қасында өскен болатын. Пайғамбарлығын жариялағанда да алғашқы болып иман келтірген еді. Сол себептен пайғамбарымыз оны анасындай көріп, қатты құрметтейтін. Үстіндегі көйлегін шешіп, оған кебін етіп орауды бұйырды. Жаназа намазын оқығаннан кейін жетпіс мың періштенің намазда тұрғанын айтты. Қабірге дейін барып, оның ішіне түсіп

көрді. Қабірдегі өмірі рахат өтуі үшін қабірдің бұрыштарына қарай кеңейткендей ишара жасап, қабірге жатты. Қабірден шыққан кезде көздері жасқа толған еді. Неткен мейірбандық!.. Фатима анамыз да неткен бақытты жан еді!.. Хазреті Омар да шыдай алмай, «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Ешкімге жасамағаныңызды осы әйелге жасадыңыз» дегенде пайғамбарымыз **«Әбу Тәліптен кейін осы әйелдей маған жақсылық жасаған ешкім болған жоқ. Ол менің анам еді. Өз балалары аш болса да ең алдымен мені тойдыратын. Өз балалары шаң-шаң болып жүрсе де алдымен менің шашымды тарап, гүл майын жағатын. Ол менің анам болатын!**

Оған жұмақ киімдері кигізілуі үшін көйлегімді кебін етіп кигіздім. Қабір өмірі оңай өтуі үшін қабірде жанына жаттым. Жәбрейіл Аллаһу та'ала тарапынан «Бұл әйел жұмақтық» деп маған хабар берді»,- деді. Сосын Фатима бинти Әсад (радиаллаһу анһа) үшін былай дұға етті: **«Аллаһу та'ала сені кешірсін, сені сыйға бөлесін. Ей, анашым! Аллаһу та'ала саған рақымын жаудырсын. Өзің аш кезде мені тойдырдың. Өзің кимей, маған кигіздің. Өзің жемей, маған жегіздің. Тірілтетін де, өлтіретін де Аллаһу та'ала. Ол әрқашан тірі. Ол өлмейді. Аллаһым! Анам Фатима бинти Әсадты кешір! Оның қабірін кеңейт. Ей мейірімділердің ең мейірімдісі болған Аллаһым! Менің және келген басқа пайғамбарлардың құрметі үшін осы дұғамды қабыл ет».**

Осыдан кейін пайғамбарымыздың әйелі хазреті Зейнеп бинти Хузәймә отыз жасында жас қайтыс болды. Сол жылы хазреті Әли мен Фатиманың екінші балалары хазреті Хусейн дүниеге келді.

Осы жылы меккелік мүшріктер Әбу Суфйан басқарған екі мың әскермен Исламды жою үшін Бәдірге қарай бет алды. Пайғамбарымыз мың бес жүз батыр сахабасымен олардан бұрын Бәдірге барды. Мұны естіген мүшріктер қорқып, тек Мәраззахранға дейін ғана барды. Ислам әскерімен соғысуға батылдықтары жетпей, Меккеге кері қайтты. Пайғамбарымыз сахабаларымен мүшріктерді сегіз күн бойы Бәдірде күтті. Сосын Мәдинаға оралды.

Бәни Мусталық соғысы

Хижреттің бесінші жылында Мусталық ұлдарының басшысы Харис бин Әби Дирар пайғамбарымызбен соғысу үшін көп адам жинайды. Оларды қару-жарақпен жабдықтап, Мәдинаға шабуылдауды жоспарлайды. Бұл хабар пайғамбарымызға жетіп, ол да дереу жеті жүз адамдық жасақпен Мусталық ұлдарына қарсы жорыққа шықты. Мурәйси құдығының басында орда құрылып, алдымен Мусталық ұлдарын Ислам дініне шақырды. Олар қабылдамай, оқ атып соғысты бастады. Пайғамбарымыздың «Барлығың бірден шабуылға көшіңдер» деген бұйрығын естіген сахабалар Мусталық ұлдарынан он адамды өлтірді. Тайпаның басшысы қашып құтылды. Бірақ қызы Бәрра және тайпасынан алты жүз адам тұтқынға түсті. Олжа мұсылмандар арасында үлестірілді. Бәрра пайғамбарымызға барып, «Үлесіне түскен қожайыныммен тоғыз алтынға азаттық алуға келістім. Маған көмектесіңіз» дейді. Пайғамбарымыз мейірімділік танытып, оның бұл тілегін қабыл алып, оны сатып алады. Сосын оны азат етеді. Ол пайғамбарымыздың Исламды уағыздауымен Исламды қабылдады. Оның мұсылман болғанына қатты қуанған пайғамбарымыз оған сый ретінде өзімен некесін қидырады. Мұны көрген сахабалардың (радиаллаһу анһум) барлығы «Біз Расулуллаһтың отбасынан болған анамыздың туыстарын қызметші етіп ұстауға ұяламыз» деп, қолдарындағы тұтқындарын босатты. Бұл неке жүздеген тұтқынның азаттық алуына себепші болды. Пайғамбарымыз әйелінің Бәрра деген есімін Жууәйрийа (радиаллаһу анһа) деп ауыстырды. Хазреті Жууәйрийа туралы хазреті Айша «Мен Жууәйрийадан асқан қайырлы, берекелі әйел көрмедім» деген.

Ислам әскері жеңіспен Мәдинаға қайтып келе жатқанда айналадағы мүшрік тайпалары мұсылмандарға шабуыл жасаудың қаншалықты қауіпті екенін түсінген болатын.

ХАНДЕК СОҒЫСЫ

Хижреттің бесінші жылы болатын. Мәдинадан сүргінделген фитна мен бүлік шығарушы яһуди Надрұлдары топтарға бөлініп, бір бөлігі Шамға, бір бөлігі Хайбәрге барған болатын. Бірақ, олардың Ислам мен пайғамбарымызға деген өшпенділігі арта түскен еді. Басшылары Хуйей қасына қауымының алдыңғы қатарлы адамдарынан жиырма адам алып Меккеге барды. Әбу Суфйанмен кездесіп, пайғамбарымызбен исламды жою үшін келіссөздер жүргізіп, жоспарлар құруға кірісті. «Бұл істі бітіргенге дейін қастарыңнан кетпейміз» десті. Әбу Суфйан: «Дұшпанымыздың дұшпанын біз қабыл етеміз. Бірақ, сендерге сенуіміз үшін біздің пұттарымызға табынуларың керек. Сонда ғана сендердің адал екендіктеріңе сенеміз»,- деді. Мақсаттарына жету үшін діндерін де сатқан яһудилер пұттардың алдына барып иілді. Осылайша, кітапты кәпірлер кітапсыз кәпірлерге айналды. Сүйікті пайғамбарымыз бен Исламды жоюға ант ішісті.

Мүшріктер дереу соғысқа дайындала бастады. Көрші мүшрік тайпаларға да адамдар жіберілді. Яһудилер де әр түрлі тайпаларды өздеріне тартуға күш салды. Кейбір тайпаларға ақша мен құрма беруді уәде етіп, оларды қаруландырды. Мүшріктер Мекке маңынан төрт мың адамдық үлкен әскер шығарды. Әбу Суфйан Дар-ун-нәдуәде ту байлап, Осман бин Әбу Талхаға берді. Әскерде үш жүз ат, көптеген қару-жарақ және мың бес жүз түйе бар болатын.

Төрт мың адамдық мүшрік әскері Мәрраззахранға барған кезде Сүлейман ұлдары, Фәзара ұлдары, Ғатафанлылар, Мүррә ұлдары, Әсад ұлдары сияқты көптеген тайпалар алты мың адамдық әскермен көмекке келіп, мүшрік әскерінің саны он мыңға жеткен еді. Бұл ол кезде өте үлкен күш болып саналатын.

Бұрыннан пайғамбарымызбен жақсы қатынаста болып келген Хузаа тайпасы дереу Мәдинаға хабар жіберіп, он күндік жолды төрт күнде жүріп өткен салт атты кісі пайғамбарымызға мүшріктер туралы толық хабар жеткізді.

Барлық істерін сахабалармен кеңесіп атқаратын сүйікті пайғамбарымыз дереу сахабаларын жинап, жағдайды талқыға салды. Соғысты қай жерде, қалай өткізу туралы әрбір сахаба өз пікірін білдірді. Бұл топта болған Салман Фариси хазреттері де сөз алып:

«Йа, Расулаллаһ! Біздің елде бір соғыс тәсілі бар. Жау қысым жасауға көшеді деген ықтималдығынан қорыққан кезімізде, айналамызға ор (хандек) қазып қорғанатынбыз»,- деді. Бұл тәсіл пайғамбарымыз бен сахабаларға ұнап, жаумен осылай соғысуға шешім қабылданды.

Пайғамбарымыз дереу біраз сахабаны алып, орды қай жерге қазу керек екенін белгіледі. Мәдинаның оңтүстік жағында бау-бақша көп, ол жерге ағаштар тығыз егілген болатын. Мүшріктердің бұл жерден жаппай шабуылға шығу мүмкіндігі аз еді. Сосын бұл жерді аз адам да қорғай алатын. Ал шығыста келісім жасасқан Бәни Құрәйза деген яһуди тайпасы бар болатын. Сондықтан да мүшріктер тек батыс пен солтүстіктен, ашық жерден шабуыл жасауы мүмкін еді. Осы жақтардан ор қазылатын орындар белгіленді. Сахабалардың әр қайсысына үш метрден жер тиді. Әр адам өз үлесіне түскен жерді 3,5 метр тереңдікте, ат аттап өте алмайтын кеңдікте қазуы керек болды. Уақыт аз болатын, жау Меккеден Мәдинаға бет алған болатын. Ор тез арада қазылуы керек болды.

Пайғамбарымыз сахабаларымен бірге **«Бисмилләһиррахманиррахим»** деп, орды қазуға кірісті. Бұл іске тіпті балалар да қатысты. Пайғамбарымызға Зубаб төбесінен бір шатыр дайындалды. Ордан шығарылған топырақтар зембілдермен осы төбенің айналасына төгілді, қайтып келе жатқанда Сел тауынан жауға ататын тастар әкелінді. Зембіл таппағандар етектерімен топырақ тасыды. Пайғамбарымыз да шаршағанша жұмыс істеді. Мұны көрген сахабалар «Жанымыз сізге құрбан болсын, біздің істегеніміз жетеді. Сіз жұмыс істемеңіз, өзіңізді қинамаңыз»,- деді. Пайғамбарымыз **«Мен де жұмыс істеп сендердің алған сауаптарыңа ортақ болғым келеді»**- деп жауап берді.

Ол кезде күн суық болатын. Сонымен қатар сол жылдары құрғақшылыққа байланысты жұт болған еді. Жейтін нәрсе табу өте қиын болатын. Пайғамбарымыз бен сахабалар қатты ашыққан еді. Өздерін күшті деп сезіну үшін қарындарына тас байлап, аштықтарын сезінбеуге тырысты.

Пайғамбарымыз өзінің аш екендігін ойламай, сахабаларының осындай суықта аш жүріп, жұмыс істеулеріне және шеккен қиындықтарына ренжіп, **«Аллаһым! Ахирет өмірінен басқа өмір жоқ. Йа, Раббым! Ансар мен мұхажирлерді есірке»** деп дұға етті. Сахабалар пайғамбарымызға «Өміріміздің соңына дейін Аллаһу та'аланың жолында Ислам дінін жаю үшін Расулуллаһқа бағындық»-

деп жауап берді. Осы өзара сүйіспеншілік сезімі аштық, шөл сияқты небір қиындықтарды түбірінен жойған еді.

Ор қазу ісі күнде азаннан бастап кешке дейін созылатын. Бір күні қазу үстінде Әли бин Хакәм (радиаллаһу анһ) аяғынан жарақат алады. Оны атқа мінгізіп, пайғамбарымызға алып барады. Пайғамбарымыз **«Бисмилләһиррахманиррахим»** деп, оның жаралы аяғын сипайды. Пайғамбарымыздың мұғжизасы ретінде бір сәтте аяғының қаны тоқтап, ауырғаны қояды.

Ор қазу ісі жалғаса берді. Сахабалар бір кезде қатты бір жерге кезігеді. Ол жерді қанша тырысса да ешкім қаза алмайды. Сондықтан бір неше кісі пайғамбарымызға барып, жағдайды баяндайды. Расулуллаһ алейһиссалам барып, орға түсіп, бір ыдыспен су алдырады. Одан бір ұрттап алып, қайтадан ыдысқа құяды. Сосын сол суды қатты жерге себеді. Балғаны алып, ол жерді ұрғанда жер құмдай үгітіледі. Ол жер оңай қазылатын болады. Соны ұрып жатқанда пайғамбарымыздың қарны ашылып, ол жердегілер пайғамбарымыздың қарнына тас байлап алғанын көреді. Пайғамбарымыздың бұл жағдайын көрген Жабир бин Абдуллаһ (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздан үйіне барып келуге рұқсат алып кетеді. Бұдан кейінгі жағдайды хазреті Жабир былай түсіндіреді:

«Рұқсат алғаннан кейін үйге барып, әйеліме пайғамбарымыздың қатты қарны ашқан. Оған адам шыдап тұра алмайды. Үйде жейтін не бар?»- деп сұрадым. Ол «Мына лақ пен бірнеше уыс арпадан басқа ештеңе жоқ»,- деді. Мен дереу лақты сойдым, әйелім арпаны диірменге тартып, ұн жасады. Сосын одан қамыр илеп, етті ыдысқа салып, тандырға пісіре бастады. Сосын пайғамбарымызға барып, «Йа, Расулаллаһ! Аз ғана ас дайындадық. Қасыңызға бір-екі адам алып, бізге тамаққа жүріңіз»,- дедім. Расулуллаһ алейһиссалам **«Тамағың қанша?»**- деп сұрады. Айттым. Ол **«Көп, әрі жақсы тамақ. Әйеліңе айт, мен барғанша етті де, нанды да тандырдан алмасын»**,- деді. Сосын мұхажирлерге қарап, **«Ей, халайық! Тұрыңдар, Жабирдің үйіне барамыз»**,- деді. Сахабалар пайғамбарымыздың соңынан ерді. Мен дереу үйге барып, болған жәйтті әйеліме айтып, «Енді не істейміз?»,- дедім. Ол маған «Пайғамбарымыз тамақтың қанша екенін сұрамады ма?»,- деді. Мен «Сұрады, қанша екенін айттым»,- дедім. Әйелім «Сахабаларды сен шақырдың ба, әлде пайғамбарымыз ба?»,- деді. «Расулуллаһ шақырды» дегенімде «Расулуллаһ бәрінен артық біледі» деп, мені жұбатты.

Біраздан кейін пайғамбарымыздың нұрлы дидары көрінді. Сахабаларға **«Қысылыспай ішке кіріңдер»**,- деді. Сахабалар онооннан топтасып отырды. Пайғамбарымыз ет пен нанның берекелі болуын тілеп, дұға етті. Сосын ыдысты тандырдан шығармастан кепкірмен ішіндегілерді алған нанының үстіне қойып, сахабаларға ұсынды. Барлық сахабалар тойғанға дейін осылай жалғасты. Ант етемін, тамақты мыңнан астам адам жесе де ет пен нан сол күйінде тұра берді. Біз де жеп болғаннан кейін көршілерге тараттық».

Салман Фариси (радиаллаһу анһ) орды жақсы қазатын. Жалғыз өзі он адамның жасайтын ісін атқарды. Ол да достарымен өзіне бөлінген жерді қазып жатқанда үлкен, қатты ақ тасқа кездесті. Оны сындыруға көп күш салды. Бірақ еңбектері зая кетіп, құралдары сынды. Хазреті Салман пайғамбарымызға барып, «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Орды қазып жатқанда бір тасқа кезіктік. Темірден жасалған барлық құралдарымыз сынды, оны орнынан козғалта алмадық» дейді. Пайғамбарымыз сол жерге барып, балға сұрады. Ол жердегі сахабалар да таңырқап қарап тұрды. Пайғамбарымыз төмен түсіп, **«Бисмилләһиррахманиррахим»** деп, балғаны көтеріп, қатты серпінмен тасты ұрғанда үлкен жарқыл шығып, тастың бір бұрышы сынды. Пайғамбарымыз «Аллаһу әкбар» деп, тәкбір айтты. Мұны естіген сахабалар да тәкбір айтты. Екінші рет тасты тағы ұрды. Тағы да үлкен шақпақ жарқыл шығып, тастан паршалар ұшты. Пайғамбарымыз тағы да «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтты. Сахабалар да тәкбірді қайталады. Үшінші рет ұрғанда тағы да үлкен шақпақ шығып, тас бөлшектенді. Пайғамбарымыз тағы да «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтты. Сахабалар да қайталады.

Хазреті Салман қолын созып, пайғамбарымызды жоғары шығарды. Салман Фариси «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Өмірімде көрмеген нәрсені көрдім. Бұның хикметі неде?» дегенде пайғамбарымыз сахабаларына қарап, **«Салманның көргенін сендер де көрдіңдер ме?»**- деп сұрады. Олар «Иә, балғаны тасқа ұрғаныңызда үлкен жарқылдың шыққанын көрдік. Сіз тәкбір айтқанда біз де тәкбір айттық»,- деді. Пайғамбарымыз **«Бірінші ұрғанда Кисраның** (Иран шахы) **үйлері көрінді. Жәбрейіл** (алейһиссалам) **келіп, "Ұмметің сол жерлерді иеленеді" деп хабар берді. Екінші ұрғанда Шамның қызыл үйлері көрінді. Жәбрейіл** (алейһиссалам) **келіп, "Ұмметің сол жерлерге ие болады" деді. Үшіншісінде Сананың** (Йеменнің) **үйлері көрінді. Жәбрейіл**

(алейһиссалам) **“Сол жерді үмметің иеленеді” деп хабарлады»**,- деді.

Сосын пайғамбарымыз Ажәм (Иран) патшасының Мәдаиндегі сарайын суреттеп берген кезде сол жақтан келген хазреті Салман «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Сізді хақ дін және кітаппен жіберген Аллаһу та’алаға ант етемін, ол сарайлар тура сіз айтқандай. Сіздің Аллаһу та’аланың расулы екеніңізге куәлік етемін»,- деді. Пайғамбарымыз **«Ей, Салман! Шам міндетті түрде алынады. Геракл елінің ең алыс жеріне қашады. Сендер Шамның барлық жеріне үстемдік етесіңдер. Сендерге ешкім қарсы келе алмайды. Йемен міндетті түрде алынады. Мына Дияри Мәшриқ** (Иран) **та міндетті түрде басып алынады және Кисра өлтіріледі. Аллаһу та’ала бұл жеңістерді менен кейін сендерге нәсіп етеді»**,- деді.

Салман Фариси (радиаллаһу анһ) «Пайғамбарымыздың осы сүйінші хабарларының барлығының жүзеге асқанын көрдім» деген.

Жау келетін уақыт жеткен еді. Ор шапшаң түрде қазылып, бітуге аз қалған болатын. Мүжаһидтер зәру жағдайларда пайғамбарымыздан рұқсат алып, қайтып келіп істерін жалғастыратын.

Мұнафықтар бұл іске салғырт қарап, қалаған кездерінде келіп, қалаған кезінде кетіп қалатын. Сондай-ақ, сахабалардың осы әрекетін мазақ етіп, пайғамбарымыздың айтқан сөздеріне қарап «Біз жаудан қорқып, орларға тығылып жатырмыз. Ол болса бізге Йемен, грек, парсы елдерінің үйлерін уәде етуде. Біз сендерге таң қаламыз» дейтін.

Осыған байланысты мүжаһидтер үшін түскен аятта **«Нағыз мүминдер сондай адамдар, олар ықыласпен Аллаһу та’алаға және Расулына иман келтіргендер және топтасып істейтін іс үшін оның** (Расулуллаһтың) **қарамағында болған кездерінде одан рұқсат алмайынша кетпейтіндер. Олай болса** (Ей сүйікті құлым) **сенен рұқсат сұрағандар Аллаһу та’алаға және Расулына иман келтіргендер. Бұл мүминдер кейбір істері үшін сенен рұқсат сұрағанда сен де олардан қалаған адамыңа рұқсат бер және олар үшін Аллаһу та’аладан кешірім тіле. Күмәнсіз, Аллаһу та’ала Ғафур-ур-Рахим, өте кешірімді, өте мейірімді»** делінді. («Нұр» сүресі, 62)

Мұнафықтар үшін түскен аяттарда былай делінді: **«Аллаһу та’аланың Расулының шақыруын өз араларыңдағы жай адамдардың шақыруымен теңестірмеңдер** (шақыруына дереу барыңдар және рұқсатсыз кетпеңдер)**! Іштеріңнен бір-біріңді**

тасалап, жасырын қашқандарыңды Аллаһу та’ала әрине біледі. Оның бұйрығынан қашқандар дүниеде бүлікке, ахиретте азапқа ұшыраудан сақтансын! Абай болыңдар! Көктер мен жерде не бар болса, барлығына да Аллаһу та’ала ие. Ол сендердің қандай сенімде екендіктеріңді және (кәпірлер мен мұнафықтардың) **Өзіне қайтарылатын қиямет күнін де біледі. Аллаһу та’ала олардың дүниеде жасағандарын өздеріне айтады. Аллаһу та’ала барлық нәрсені біледі».** («Нұр» сүресі, 63, 64)

Ор қазу ісін бастағалы он күн болған еді. Барлығы өз істерін толық бітірген болатын. Тек бір жер уақыт жетпегендіктен терең және кең етіп қазылмай қалады. Пайғамбарымыз осы жерден қауіптенетінін айтып **«Мүшріктер осы жерден басқа жерден өте алмайды»**,- деді. Ол жерге кезекпен күзет қойды.

Мүшрік әскері Мәдинаға жақындаған кезде яһуди Надрұлдарының басшысы Хуйей Құрайыш әскерінің қолбасшысына Мәдинадағы Қурәйза яһудилерінің мұсылмандармен бейбіт келісімге келгенін, бірақ олардың басшысы Ка’б бин Әсадты алдап, өз саптарына қоса алатындығын айтты. Қолбасшы «Ей, Хуйей! Дереу Ка’б бин Әсадқа бар. Мұсылмандармен жасаған анттарын бұзып, бізге көмектессін»,- деді. Бұл келісімнің баптарының бірі «Мәдинаға бір дұшпан әскері шабуыл жасаса, мұсылмандармен бірге дұшпанға қарсы тұру» болатын.

Яһуди Хуйей мүшрік әскерінен шығып, түнде Бәни Құрәйза басшысы Ка’бтың үйіне барады. Есікті қағып, өзінің кім екенін айтады: «Ей, Ка’б! Құрайыштың бүкіл әскерін Қинанә және Ғатафан ұлдары сияқты көптеген тайпалардың басын қосып он мыңдық әскер ертіп әкеле жатырмын. Енді Мұхаммед пен сахабалары қолымыздан құтыла алмайды. Оларды толық жоймайынша Құрайыштықтармен бұл жерден кетпеуге ант іштік»,- деді. Ка’б «Егер Мұхаммед пен сахабалары өлтірілмей, Құрайыш пен Ғатафандықтар елдеріне қайтып кетсе, біз бұл жерде жалғыз қаламыз. Сосын бізді өлтіреді деп қорқамын» деп қауіпін білдіргенде Хуйей «Бұл қорқынышты сейілту үшін Құрайыш пен Ғатафандардан жетпіс адам кепіл сұрайсың. Бұл кепіл адамдар сенде болған кезде олар бұл жерден кете алмайды. Егер жеңіліске ұшырап, кететін болса мен сендердің қастарыңнан кетпеймін. Сендерге төнген қауіп маған да төнсін» деп, Ка’б пен басқа яһудилерді алдады. Мұсылмандармен жасалған келісім құжатты жыртқызды. Осылайша, келісім бұзылған еді.

Хуйей мүшрік әскеріне оралып, жағдайды баяндады. Бәни Құрәйзаның мұсылмандардың арқасынан шабуылдайтынын білдірді.

Жетінші күні мүшріктер он мың адамдық әскермен Мәдинаның батыс және солтүстік жағына барып, ордаларын құрды. Бұл орда ор қазылған жерде болатын. Мүшріктердің ойы осы үлкен әскермен Мәдинаны талқандау, Исламды жою болды. Бұл бір қарағанда қарсы тұруға болмайтын алып әскер болып көрінді.

Мүшріктер ойларына кіріп-шықпаған орларды көргенде таң қалып, көңіл-күйлері бұзылды. Өйткені, ор өте үлкен және ат аттап өте алмайтындай кеңдікте болатын. Ішіне түскен адам да оңайлықпен шыға алмайтын. Оның үстіне сауыт киген адамның жоғары өрмелеп шығуы одан да қиын еді.

Мүшріктердің келгенін естіген пайғамбарымыз алты күн бойы жұмыс істеп шаршаған сахабаларын жинап, ордың келесі бетіне Сел тауының етегіне ордасын құрды. Арттарында Сел тауы мен Мәдина бар болатын, алдарында ор, оның арғы жағында жау... Ибн Үммү Мәктум Мәдинада пайғамбарымыздың өкілі ретінде қалдырылды. Әйелдер мен балалар қамалдарға орналастырылды. Үш мыңдық Ислам әскерінің отыз алты атты әскері болды. Туларды Зәйд бин Хариса мен Са'д бин Убадә (радиаллаһу анһум) алып жүрді. Пайғамбарымыздың теріден жасалған шатыры Сел тауының етегіне құрылды.

Тағы да қаншама ерліктер көрсететін сахабалар (радиаллаһу анһум) жаудың әрекетін мұқият бақылап отырды. Осы кезде пайғамбарымызға хазреті Омар келді. «Йа Расулаллаһ! Естуім бойынша Құрәйза яһудилері арамыздағы келісімді бұзып, бізге қарсы соғысқа дайындалып жатыр екен»,- деді. Мұндай күтпеген хабарға пайғамбарымыз **«Хасбуналлаһу уә нимәл уәкил – Аллаһу та'ала бізге жетеді. Ол қандай жақсы өкіл»** деп жауап қайтарды. Қатты алаңдаған еді. Ислам әскері екі оттың ортасында қалған еді. Солтүстік пен батыста мүшрік әскерлері, оңтүстік шығыста яһудилер бар еді.

Пайғамбарымыз Зубәйр бин Аууамды (радиаллаһу анһ) Құрәйза ұлдарының бекінісіне жіберді. Хазреті Зубәйр барып, жағдайды білді. Келіп «Йа, Расулаллаһ! Олардың бекіністерін жөндеп, соғысқа дайындалып жатқанын көрдім. Жануарларын да жинап жатыр» деп, көргендерін айтты. Осыған орай пайғамбарымыз Са'д бин Муаз, Са'д бин Убадә, Хаууат бин Жубәйр, Амр бин Ауф, Абдуллаһ бин Рауаханы (радиаллаһу анһум) Құрәйза ұлдарына насихат айтып, олармен қайта келісімге келуге жіберді.

Тапсырма берілген бұл бес сахаба Құрәйза яһудилерінің бекінісіне барып, оларға насихат айтты. Бірақ, бұдан нәтиже шықпады. Тіпті олар сахабаларға тіл тигізе бастайды. Ақырында «Бауырларымыз Надрұлдарын жерлерінен айдап шығарумен біздің қолымызды, қанатымызды қырықтыңдар. Мұхаммед кім екен сонша! Онымен арамызда ешқандай уәде де, келісім де жоқ. Пайғамбарларыңа бірден шабуыл жасап, өлтіруге ант іштік. Бауырларымызға көмек береміз»,- деді.

Са'д бин Муаз бен жолдастары (радиаллаһу анһум) пайғамбарымыздың алдына барып, ешкімге сездірместен хабарды жеткізді. Пайғамбарымыз **«Хабарды жария етпеңдер. Өйткені, соғыс шара қолданумен алдаудан тұрады»**,- деді.

Сахабалар ордың бір жағында пайғамбарымызды күтіп, оның қалай әрекет жасайтынына қарап тұрды. Біраздан соң пайғамбарымыз сахабалардың жанына барып, **«Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!»** деп тәкбір айтты. Мұны естіген сахабалар барлығы бірден тәкбір айтып Хақ та'аланың есімінің ұлылығын білдіріп, ордың арғы жағындағы кәпірлердің жүректеріне қорқыныш ұялатты. Мүшріктер мұны естіп, «Мұхаммед пен сахабаларына бір қуанышты хабар келді-ау деймін»,- деді. Пайғамбарымыз сахабаларына **«Ей, мұсылман жамағаты! Аллаһу та'аланың жеңісі мен көмегіне қуаныңдар»** деп, жеңетіндіктерін сүйіншіледі. Сахабалар бұған дейін бірнеше жорықтарда болып, Бәдір мен Ухуд соғыстарына қатысқан болатын. Саны және күші жағынан басым болған мүшріктерді барлық кезде Аллаһу та'аланың рұқсаты мен пайғамбарымыздың дұғасымен жеңген болатын. Өздерін болмыстардың бас тәжі болған пайғамбарымыз басқарғандықтан жасай алмайтын іс, аса алмайтын өткел болуы мүмкін емес еді. Күн суық болатын, жұттың кезі, адамдар аш еді. Пайғамбарымызды қосқанда біразы қарындарына тас байлап алған еді. Қарсыларында жау тұрған еді. Бірақ, сахабалар үшін жаудың көптігі мен шеккен қиыншылықтары маңызды емес болатын. Олар үшін Аллаһу та'ала ең жақсы өкіл еді... Олар Соған беріліп, Соған сүйенген, Соған сыйынған еді.

Құрайыштың алдыңғы қатарлы қолбасшылары мен Құрайышпен бірге келген басқа тайпалардың көсемдері жаппай шабуылдауға шешім қабылдамастан бұрын ордың айналасынан өте алатын жер іздесті. Орды ана басынан мына басына дейін көріп шықты. Ақырында асығыстықпен жартылай қазылмай қалған жерге

тоқтап, сол жерден шабуыл жасауға шешім қабылдады. Мүшрік әскерлері де бір сахабаларға, бір орға қарап, абдырап тұрды. «Ант етеміз, бұл арабтар қолданатын тәсіл емес, мұны сол парсы адам үйреткен болу керек»,- деді олар.

Құрайыштық қолбасшылар әскеріне ордың тар жерін көрсетіп, «Осы жерден кім аттап, қарсы бетке өте алады?» деген кезде іштерінен бес атты әскер шықты. Бұлар жекпе-жек соғысу үшін ордың арғы жағына өтуі керек еді. Сахабалар мен мүшрік әскерлері осы бесеуінің әрекетіне қарап тұрды. Аттылар жылдамдықпен келіп аттау үшін кері шегінді. Сосын аттарының басын ордың тар жеріне бұрып, алға қарай шапты. Тағалары бар бес ат бір аттағанда ордың арғы бетіне өтеді. Оны көптеген атты әскерлер қайталағысы келгенмен олар мұны істей алмай, ордың арғы жағында қалып қойды. Өткендердің ішінде Амр бин Абд деген өте күшті бір адам да бар болатын. Басынан аяғына дейін сауыт киінген, айбатты сұсы бар болатын. Сұсты болып көрінетін бұл адам мүжаһидтерге қарап «Менімен шайқасатын адам бар болса, шықсын»,- деді.

Осы кезде хазреті Әлидің пайғамбарымыздың қасына барып, «Жаным сізге құрбан болсын, Йа Расулаллаһ! Онымен мен шайқасайын» деп рұқсат сұрады. Оның үстінде сауыты да жоқ болатын. Сахабалар оған қызғанышпен қарап тұрды. Пайғамбарымыз өзінің сауытын шешіп, хазреті Әлиге кигізді, қылышын берді. Басындағы сәлдесін шешіп, оған өз қолымен кигізді. Сосын **«Аллаһым! Бәдір соғысында көкемнің ұлы Убәйдә, Ухуд соғысында көкем Хамза шәһид болды. Жанымда бауырым мен көкемнің ұлы Әли қалды. Сен оны сақта. Оған көмек бер. Мені жалғыз қалдырма»** деп дұға етті. Сахабалар «Әмин»,- деді.

Дұғалар мен тәкбірлердің арасында жаяу алға қарай жүрген Аллаһу та’аланың арыстаны қарсы алдында атпен ентелеп тұрған Амр бин Абдтың алдына шықты. Көздерінен басқа жерінің бәрі сауытпен қапталған Амр бұл батырды танымай, одан кім екенін сұрады. Ол «Мен Әли бин Әбу Тәліппін» деп өзін таныстырғанда Амр «Ей, бауырымның баласы! Әкең менің досым. Сондықтан да сенің қаныңды төккім келмейді. Маған қарсы шығатын көкелерің жоқ па?» деп оған жаны ашығандай кейіп танытты. Хазреті Әли «Ей, Амр! Уаллаһи, мен сенің қаныңды төккім келеді. Бірақ, екеуміз тең жағдайда болуымыз керек емес пе? Жігіттікке сол жараспай ма? Мен жаяумын, ал сен болсаң аттың үстіндесің» деп, оны арандатты.

Мұны естіген Амрдың жігіттік намысы қозып, дереу атынан түсіп, атының аяқтарын қылышпен шауып, хазреті Әлидің алдына барды. Шайқасқалы тұрғанда Аллаһу та’аланың арыстаны «Ей, Амр! Сен Құрайыштан біреумен кездескенде оның екі тілегінің бірін орындаймын деп ант бергеніңді естідім. Бұл рас па?» деп сұрайды. Ол «Иә, рас» дейді. «Олай болса, бірінші тілегім – сенің Аллаһу та’ала мен Расулына иман келтіріп, мұсылмандықты қабылдауың» деп иманға шақырды. Мұны естіген Амр ашуланып, «Жоқ, бұл маған керек емес»,- деді. Хазреті Әли «Екінші қалауым – шайқасты тастап, Меккеге қайтуың. Өйткені, Расулуллаһ жауды жеңсе сен бұл әрекетіңмен оған көмектескен боласың»,- деді. Амр «Бұл да болмайды. Мен өш алмайынша тоқтамауға ант іштім. Басқа тілегің болса айт»,- деді. Хазреті Әли «Ей, Аллаһу та’аланың дұшпаны! Олай болса сенімен шайқасудан басқа шара қалмады»,- деді. Амр бұл сөздерге күліп, «Міне, дұрысы! Араб жерінен маған қарсы шыға алатын жігіттің бар екенін еш ойламаппын. Ей, бауырымның баласы! Ант етемін, мен сені өлтіруді қаламаймын. Өйткені, әкең менің досым болатын. Мен шайқасуға Құрайыштан Әбу Бәкір сияқты, Омар сияқты адамды қалар едім»,- деді. Хазреті Әли «Солай болса да, мен сені өлтіру үшін осы жерге шықтым» деген кезде Амрдың қаны басына шауып, қылышын сілтеді. Осыны күтіп тұрған Аллаһу та’аланың арыстаны соққыны қалқанымен күтіп алды. Бірақ, Амрдың соққысынан қаншама қалқандар қираған болатын. Бұл жерде де солай болды. Хазреті Әлидің қалқаны сынып, қылыш басына тиіп, жарақат алды. Ұру кезегі Әлиге келген еді. «Йа, Аллаһ» деп, Зулфиқарды Амрге қарай сілтеді. Ол қылышын сілтеген кезде Ислам әскерінен «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деген дауыстар жер мен көкті жаңғырта бастады. Иә, пайғамбарлардың сұлтаны, болмыстардың бас тәжі болған расулуллаһ алейһиссаламның дұғасы қабыл болып, Амрдың денесі жерге құлап, басы жерге домалады. Ең сенген адамдары болған Амрдың жерге құлағанын көрген жолдастары дереу хазреті Әлиге қарай ұмтылды. Мұны көрген сахабалар да сол жерге жүгірді. Зубәйр бин Аууам (радиаллаһу анһ) Нәуфәл бин Абдуллаһты жаралап, атымен бірге орға құлатты. Хазреті Әли орға түсіп, Нәуфәлді екі бөлікке бөлді. Қалғандары ордан әрең дегенде өтіп, кері қашты. Мүшрік әскерінің бас қолбасшысы соғыстың басында-ақ үмітін үзе бастаған еді.

Енді соғысу түрі анықталған еді. Ор бетпе-бет соғысуға кедергі келтіретін еді. Бір-біріне садақ атуға кірісті. Бұл әрекеттен ештеңе шықпады. Мүшріктер бұлайша жеңе алмайтындарын біліп, ордың барлық жағынан шабуыл жасауға шешім қабылдап, шабуылға көшті. Он мың адамдық алып дұшпан әскері ордан өтуге тырысып жатса, үш мың адамдық Ислам әскері оқпен, таспен оларды ордан өткізбеуге күш салды. Қызу шайқас басталған еді. Бұл соғыс кешке дейін жалғасты.

Пайғамбарымыз түнде ордың әр жеріне кезекшілер қойды. Өзі ордың тар жеріне күзетке тұрды. Мәдинаға бес жүз адамдық шолғыншы әскер жіберіп, оларға көшелерде қатты дауыспен тәкбір айтуды бұйырды. Осылайша, яһудилерден немесе Құрайыш мүшріктерінен келетін қауіптің дер кезінде алды алынып, әйелдер мен балалар қорғалатын еді.

Құрәйза яһудилері болса Хуйей бин Ахтабты мүшріктерге жіберіп, түнде шабуыл жасау үшін екі мың адамдық әскер сұрады. Түнде қорғаусыз қалған әйелдер мен балаларға шабуыл жасауды жоспарлады. Бірақ, мүжаһидтердің азанға дейін шолғын жасап жүрулері «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтулары олардың жүректеріне қорқыныш ұялатты. Бекіністеріне тығылып, оңтайлы сәтті күте бастады. Шағын топтар түрінде біртіндеп Мәдинаға кіруге тырысты.

Бір түні Құрәйза ұлдарынан Ғаззал атты бір кісі қасына ерткен он адамдық топпен бірге пайғамбарымыздың әпкесі Сафийәның (радиаллаһу анһа) үйіне дейін барады, іште әйелдер мен балалар бар болатын. Олардың қорғанатын бірде-бір қарулары жоқ еді. Яһудилер алдымен үйге оқ атып, сосын ішке кіруге тырысты. Олардың бірі ішкі аулаға өтіп, үйге кіру үшін айналаны бақылай бастайды. Осы кезде пайғамбарымыздың батыр әпкесі қасындағыларға дыбыс шығармауды ескертіп, төмен түсіп, есіктің жанына барады. Бір матамен басына сәлде орап, ер адамның кейпіне еніп, қолына бір құрық алып, белін пышақ тағады. Жайлап есікті ашып, жаңағы яһудидің артынан барып, құрықпен басынан ұрады. Жерге құлаған яһудиді бір сәтте өлтіреді. Сосын өлтірілген яһудидің басын сыртта оқ атып жатқан яһудилерге лақтырды. Жолдастарының басын көрген яһудилер қорқып, қаша бастайды. Өз араларында «Бізге мұсылмандар үйлеріне ешқандай еркек қалдырмастан барлығы соғысқа кетті деген хабар берілген еді!..» деп айтып жатты.

Соғыс таңертең тағы да солай жалғасты. Оқтар ұшып жатты. Пайғамбарымыз сахабаларына **«Болмысым құдірет қолында болған Аллаһу та'алаға ант етемін, басымызға түскен бұл қиындықтар міндетті түрде үстеріңнен алынады және сендер қуанышқа бөленесіңдер»** деп, оларға сабырлылық танытуды ұсынды және жеңістің сенгендерге тән екенін айтты. Бұл сүйінші хабарды алған батыр сахабалар аштық, жоқшылық сияқты қиыншылықтарын ұмытып, бар күштерін салып шайқасты. Ордан бірде-бір мүшрікті өткізбеді. Сахабалардан Са'д бин Муаз (радиаллаһу анһ) үлкен батырлықпен соғысты. Соғыс барысында Хиббан бин Қайс бин Арака деген мүшріктің атқан оғынан жарақат алды. Оқ тамырына тиіп, көп қан жоғалтты. Хазреті Са'д қасындағылардың қанды тоқтатуға бар күштерін салғанын көріп, жағдайдың қиын екенін түсініп, «Йа, Раббым! Құрайыш соғысты жалғастыратын болса маған өмір бер. Өйткені, Сенің Расулыңды азаптаған, оны жаралаған мүшріктермен соғысудан басқа ештеңе қаламаймын. Егер арамызда соғыс бітетін болса, мені шәһид дәрежесіне көтер. Бірақ, бәни Құрәйзаның тағдырын көрместен рухымды алма» деп тіледі. Дұғасы қабыл болып, қаны тоқтады.

Сахабалардың арасында соғысып жүрген сияқты болып көрінетін Абдуллаһ бин Убәй сияқты мұнафықтар болса барынша ауыр қимылдап, алдыңғы шептерге бармады. Сондай-ақ, мүжаһидтердің көңіл-күйін бұзу үшін қолдарынан келгенді жасады: «Мұхаммед сендерге Кайсәр (византия билеушісі) мен Кисраның (Иран билеушісі) қазыналарын уәде етуде, мына түрімізге қараңдар, ордың ішіне қамалып отырмыз. Қорыққанымыздан дәрет сындыруға да бара алмай жатырмыз. Аллаһ пен Расулы бізді алдаудан басқа ешнәрсе істемейді» деп бүлік шығаруға тырысты. Бұл екіжүзділер қысылған кездерінде үйлеріне жаудың шабуыл жасайтынын сылтау етіп, орындарын тастап кетіп қалатын. Мұнафықтардың бұл әрекеттері де өз алдына бір дерт болды.

Мүшрік әскері бар күшін салса да қаһарман сахабалардың тойтарысының алдында ешқандай нәтиже шығара алмады. Ең көп шабуылдаған жерлері ордың тар жері болатын. Пайғамбарымыз ол жерден кетпей, сахабаларын соғысқа тартты. Пайғамбарымыздың қасында соғысу құрметіне ие болған сахабалар (алейһимурридуан) соғыс майданында теңдессіз ерліктер көрсетті. Бір кезде мүшріктердің қатты оқ жаудыра бастағаны байқалды. Барлығының

нысанасы пайғамбарымыздың шатыры болды. Пайғамбарымыздың денесінде бір сауытпен басында дулығасы бар болатын. Шатырдың алдында тіп-тіке тұрып, соғыстың барысына қарай сахабаларына бұйрықтар беріп тұрды. Мүшріктер кейде әлсіз болып көрінген жерге бірден шабуылдап, сахабалар болса сол жерге жүгіріп, дін дұшпандарын ыдыратқанша бар жандарын салып соғысатын. Осындай қызу соғыс жүріп жатты, сахабалар шайқастан бастарын да бұра алмайтын жағдайда еді. Сол күні ерте басталған соғыс кеш уақыттарға дейін созылды. Намаз уақыттары кіргенде сахабалар «Йа, Расулаллаһ! Намазымызды оқи алмадық» дегенде пайғамбарымыз да ренжіп, **«Уаллаһи, мен де оқи алмадым»** дейтін. Құптан уақытында ғибадаттарын жасатпаған жаудың әскерін қатты шабуылмен кері ысырып, ыдыратты. Құрайыштықтар мен Ғатафандар түнеу үшін ордаларына шегінді. Мүжаһидтер де пайғамбарымыздың шатырына қарай бет алады. Сол кезде пайғамбарымыз қарғыс айту әдетінде жоқ болса да намаз үшін шыдай алмай, **«Олар қалай күн батқанға дейін бізді намаздан қалдырса, Аллаһу та'ала да олардың үйлеріне, қарындарына және қабірлеріне от толтырсын»** деп, мүшріктерге қарғыс айтты. Қаза болған бесін, екінді және шам намаздарын оқығаннан кейін құптан намазын оқыды.

Мүшріктер Исламды жою мақсатында жасаған осындай қақтығыстар мен шайқастарынан кейін мұсылмандарды күндіз жеңе алмайтындықтарын түсінді. Олар дәл осындай ауыр соққымен түнде шабуылдауға шешім қабылдады. Мұсылмандарды тек осылай ғана жеңуге болады деп ойлады. Осы шешімдерін дереу іске асырып, яһуди Құрәйза ұлдарымен бірге түнде шабуыл жасауға көшті. Әскерін топтарға бөлген мүшріктер кезектесіп шабуыл жасады. Бұл бірнеше күнге созылды. Пайғамбарымыз бастаған сахабалар аш, шаршаған болса да қорғанудан тайсалмады. Ешқандай жау әскеріне ордан өту мүмкіншілігін бермеді. Бұл қорғаныс бұрынғы соғыстардан да қорқынышты, ауыр болған еді.

Бірнеше күннен бері соғысып жатқан мүшріктерде азық-түлік мәселесі қиындай бастады. Ат пен түйелері де жерден бір тал шөп таба алмастан қырыла бастаған еді. Сол себептен мүшріктердің қолбасшысы Дырар бин Хаттаб қол астындағы бір жасақты Құрәйза яһудилерінен азық әкелуге жібереді. Кәпірлерге барлық нәрселерін пида еткен яһудилер дереу жиырма түйеге бидай, арпа, құрма және малға сабан артып береді. Дырардың әскерлері қуанып қайтып келе

жатқанда Қуба маңында бір топ сахабаға (алейһимурридуан) кезігеді. Сахабалар оларға шабуылдап, қанды шайқастан кейін мүшріктерді қуып, жүк артылған түйелерді пайғамбарымызға апарып тапсырып, разылығын және дұғасын алады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір айға жуық уақытқа созылған бұл соғыста қатты қиналған сахабаларына жаны ашып, оларға әкелерінен де артық жақсылықтар жасайтын. Сахабаларының көрсеткен осындай тамаша табандылығына риза болып, маңдайын жерге қойып, олар үшін Аллаһтан былай тілек тілейтін: **«Ей, дерттілерге көмекке келуші! Ей, мұқтаждар мен шарасыздардың дұғасын қабыл етуші Аллаһым! Менің және сахабаларымның жағдайын сөзсіз көріп, біліп тұрсың. Йа, Раббым! Сен дұшпанды азапқа ұшырат, араларына бүлік сал және оларға қарсы бізге көмек бер!..»** Пайғамбарымыз бұл дұғасын соңғы күндері көп қайталады.

Мүшріктер жұттан қиналып, тезірек мұсылмандарды құрту үшін бар күштерін салды. Бір күні кешке мүшрік әскерінен жүрегіне Исламның сүйіспеншілігі ұялаған бір адам пайғамбарымызға барды. Ол Ғатафан тайпасынан Нуайм бин Мәсуд болатын. Пайғамбарымызға «Йа, Расулаллаһ! Мен Аллаһу та'аланың бір екенін және сіздің хақ пайғамбар екеніңізді мақұлдауға келдім. Аллаһқа шүкір, мұсылман болдым. Осыған дейін сізге қарсы соғыстым. Бұдан кейін кәпірлерге қарсы соғысамын. Маған не бұйырсаңыз соны орындауға әзірмін. Йа, Расулаллаһ! Менің мұсылман болғанымды қауымым әлі білмейді»,- деді. Пайғамбарымыз **«Мына кәпірлердің арасына барып, араларына бүлік сала аласың ба?»,**- деді. Ол «Йа, Расулаллаһ! Аллаһтың көмегімен оларды бір-біріне айдап сала аламын. Бірақ, қалаған сөзімді айтуыма бола ма?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Соғыс айладан тұрады, қалағаныңды айта бер»,**- деді.

Нуайм бин Мәсуд алдымен Құрәйза яһудилеріне барып «Менің сендерге деген сүйіспеншілігімді білесіңдер. Бірақ бұл айтқандарым осы жерде қалсын, ешкім білмесін»,- деді. Яһудилер «Ешкім білмейтін болады» деп ант етті. Сосын хазреті Нуайм мына адамның (пайғамбарымыздың) ісі нағыз бәле. Оның Надр және Қайнуқа ұлдарына не істегенін білесіңдер. Оларды отандарынан айдап шыққанын бәрің де көрдіңдер. Енді Құрайыштықтар мен Ғатафандар келіп, мұсылмандармен соғысуда, сендер оларға көмектесіп жатырсыңдар. Қанша күннен бері соғысып жатсақ та

ешқандай нәтиже шығара алмадық. Осылай жалғаса берсе, қоршау ұзаққа созылайын деп тұр. Құрайыштықтар мен Ғатафандардың малдары, мүліктері, жерлері, бала-шағалары сендер сияқты бұл жерде емес. Егер бұл соғыста жеңетін болса, олжаларын жинайды да елдеріне кетеді. Егер жеңілетін болса кері шегініп кетеді. Сендер мұсылмандармен қаласыңдар. Алайда, сендердің оларға қарсы тұра алатын күштерің жоқ. Соғыстың қазіргі жағдайы мұсылмандардың жеңетінін көрсетіп тұр. Менің шамалауымша мұсылмандар сендерді қырады. Сондықтан да тез арада бір шара қолдануларың керек»,- деді. Бұл сөздерді ұйып тыңдаған яһудилер хазреті Нуаймның өздерінің қамын ойлағанына риза болып, «Сен бізге лайықты дос екеніңді көрсеттің. Біз не істесек болады, соны айт»,- деді. Осыны күтіп тұрған Нуайм бин Мәсуд (радиаллаһу анһ) «Дұрысы мынау, Құрайыш пен Ғатафаннан кепілге кейбір адамдарды алмайынша мұсылмандармен соғыспаңдар. Кепіл адамдар сендерде болған кезде олар соғыстан қашып кете алмайды!»,- деді. Мұның өте жақсы шара екенін қабылдаған яһудилер оған алғыстарын білдіріп, сый-сияпат көрсетті.

Хазреті Нуайм яһудилердің мекенінен шығып, тікелей Құрайыш ордасына барды. Олардың қолбасшыларына «Менің Мұхаммедке деген дұшпандығымды және менің сендерді қалай жақсы көретінімді білесіңдер. Естіген нәрсемді сендерге жеткізуді міндетім деп санадым. Бірақ, бұл естігендеріңді ешкімге айтпауға уәде бересіңдер»,- деді. Олар ант беріп, таңырқап, «Айт, сені тыңдап отырмыз»,- деді. «Хабарларың болсын, Құрәйза яһудилері сендермен одақтас болғандарына өкініп, Мұхаммедке хабар жіберіпті: «Құрайыш пен Ғатафандардың алдыңғы қатарлы адамдарын кепілге алып, оларды өлтіруді сендерге тапсырайық. Сосын сенімен одақ құрып мүшріктерді түбірінен жойғанша соғысайық. Бірақ, сен бауырымыз Надрұлдарын кешіріп, жерлерін қайтаруың керек» депті. Мұхаммед олардың бұл тілегін қабылдапты. Егер яһудилер сендерден кепілге адам сұраса бермеңдер. Олар адамдарыңды өлтіреді. Бұл айтқандарымды ешкім естімесін»,- деді. Құрайыштықтар осындай маңызды хабарды жеткізгені үшін Нуаймға сый-сияпат көрсетті.

Нуайм бин Мәсуд (радиаллаһу анһ) ол жерден кетіп, Ғатафандарға барды. Құрайыштықтарға айтқандарын оларға да айтты.

Бір күннен кейін Құрайыш қолбасшысы Құрәйза ұлдарына «Бұл жерде қалу қиындық тудыра бастады. Өйткені, күн суық,

жануарларымыз да аштықтан қырылуда. Бүгін түнде дайындық жасап, ертең бәріміз бірден шабуыл жасайық» деген хабар жібереді. Яһудилер «Біз сенбі күні соғыспаймыз және сендермен бірге соғысқа қатысуымыз үшін алдыңғы қатарлы адамдарыңнан бірнеше адамды бізге кепіл ретінде берулерің керек. Егер қоршау мерзімі ұзап, сендер әлсіреп, елдеріңе қайтатын болсаңдар бізді Мұхаммедке өз қолдарыңмен берген боласыңдар. Егер кепіл адам берсеңдер бізді тастап кете алмайсыңдар деді. Бұл хабар Құрайыштың қолбасшысына жеткен кезде «Нуайм бин Мәсудтың айтқаны дұрыс екен деп, яһудилерге хабар жіберіп, «Біз сендерге бірде-бір адамды кепіл ретінде бермейміз. Егер ертең, бізбен бірге шабуылға шықсаңдар қандай жақсы. Әйтпесе біз жерімізге кетіп қаламыз. Сендер Мұхаммед пен сахабаларының қоршауында қаласыңдар деді. Осылайша, екі жақ та үрейге салынды.

Пайғамбарымызға Жәбрейіл алейһиссалам келіп, Аллаһу та'аланың мүшріктерге дауыл жіберетінін айтты. Осыған байланысты пайғамбарымыз тізерлеп отырып, қолын жайып, **«Аллаһым! Маған және сахабаларыма мейірім еткенің үшін шүкір етемін»** деп алғысын білдірді. Сосын бұл сүйінші хабарды сахабаларына жеткізді.

Ол күні сенбінің түні болатын. Дала қап-қараңғы еді. Қатты суық түсіп, қатты жел тұра бастады. Бұл түнді Хузәйфә ибн Йәман былай түсіндірді:

«Ол түн өте қараңғы болды. Күн күркіреп, қатты дауыл тұрды. Осы сәтте мүшрік әскерінің әбігерге түсіп, өз араларында түсініспеушіліктер орын алғанын пайғамбарымыз бізге хабарлады. Біз қатты суықтан, аштықтан, түннің қорқыныштылығынан орнымыздан тұра алмай, отырған жерімізде үстімізге бір нәрселер жауып, күтіп отырдық.

Пайғамбарымыз намазға тұрып, түннің бір бөлігін намазбен өткізгеннен кейін: **«Араларында мүшрік әскеріне барып, олардың жағдайын біліп, маған хабарлап келетін адам бар ма? Мұндай адамның жұмақта маған жолдас болуын Аллаһу та'аладан тілейін»,**- деді. Ол жердегілер суыққа байланысты орындарынан тұра алмады. Сосын пайғамбарымыз менің жаныма келді. Суық пен аштықтан тізерлеп, бүрісіп отыр едім. Маған қолын тигізіп **«Сен кімсің?»**- деп сұрады. «Мен Хузәйфәмін»,- дедім. Пайғамбарымыз **«Бар, ана қауымның не істеп жатқанын көріп кел. Қасыма қайтып келгенше оларға оқ пен тас атпа, найза, қылыш жұмсама.**

Сен қайтып келгенше суықтан, ыстықтан зиян көрмейсің, тұтқынға түсіп, қастандыққа ұшырамайсың»,- деді. Қылышым мен садағымды алып, кетуге дайындалдым. Пайғамбарымыз мен үшін **«Аллаһым! Оны алдынан - артынан, оңынан - солынан, үстінен - астынан қорға»** деп дұға етті.

Мүшріктерге қарай жүрдім. Өзімді моншада жүргендей сезіндім. Ешқандай қорқыныш, жаурау, үрей сезімін байқамадым. Сөйтіп, мүшріктердің ордасына бардым. Қолбасшылармен алдыңғы қатарлы адамдары от жағып, жылынып отыр екен. Әбу Суфйан «Бұл жерден кету керек» деп айтып отырды. Менің ойыма оны дереу өлтіру келді. Бір оқ алып садағыма қойдым. Оттың жарығын пайдаланып, оны атқым келді. Дәл атқалы тұрғанымда пайғамбарымыздың **«Менің қасыма қайтып келгенше ешқандай оқиға туындатпайсың»** дегені есіме түсіп, өлтіруден бас тарттым. Сосын өзімді батыл сезіне бастадым. Мүшріктердің қасына барып, оттың басына отырдым. Қатты жел мен Аллаһу та'аланың көрінбейтін әскері (періштелер) оларға жасайтындарын жасаған еді. Желде ыдыстары аударылып, оттары сөніп, шатырлары бастарына құлады. Бір кезде мүшрік әскерінің қолбасшысы Әбу Суфйан орнынан тұрып, «Араларыңда тыңшылар болуы мүмкін, әркім қасындағысына қарап, кім екенін білсін. Әр адам қасындағы адамның қолынан ұстасын»,- деді. Әбу Суфйан араларына бір бөтен адамның кіргенін сезгендей болған еді. Дереу қолымды созып, екі жағымдағы адамның қолынан ұстап, олардан бұрын есімдерін сұрадым. Осылайша мені танымай қалды. Ақырында Әбу Суфйан әскерлеріне былай деді: «Ей, Құрайыштықтар! Сендер жайсыз жердесіңдер. Аттар мен түйелер қырыла бастады. Жұт жайлады. Дауылдың күшейгенін көріп отырсыңдар. Дереу қайтыңдар. Міне, мен де кетемін» деп, түйесіне мінді. Қатты күйзеліп әлсіреген мүшрік әскері жиналып, Меккеге қарай жолға шықты. Олардың үстіне құм мен қиыршық тас құйылып, жауып тұрды.

Мүшрік әскері кеткеннен кейін мен де қайттым. Жолдың жартысына жеткенде алдымнан жиырма шақты ақ сәлделі салт аттылар (періштелер) шықты. Маған **«Расулуллаһқа хабарла. Аллаһу та'ала дұшпанды жеңді»**,- деді. Пайғамбарымыздың қасына барғанымда ол намаз оқып отыр еді. Мен келе сала баяғы жаураған, дірілдеген қалпыма түстім. Пайғамбарымыз намаздан кейін қандай хабар әкелгенімді сұрады. Мен мүшріктердің кеткенін айттым. Пайғамбарымыз бұл хабарға қатты қуанып, күлімсіреді. Бірнеше

күннен бері ұйқы көрмеген едік. Пайғамбарымыз мені қасына алып, үстіндегі төсенішінің бір ұшын маған жапты. Ол түнді солай өткіздік. Таң атқанда пайғамбарымыз мені оятты. Біз қараған кезде мүшрік әскерінен із де қалмаған еді. Олар Меккеге жеткенге дейін олардың артынан қатты боран ұйытқып, арттарынан тәкбір дауыстары естіліп тұрды.

Құрайыш мүшріктері ордаларын тастап қашқаннан кейін оларға бағынып келген басқа мүшрік тайпалар да Мәдинадан қайтып кетті. Олар ұмытылмастай жеңілістеріне қатты қайғырды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) және ардақты сахабалары (алейһимурридуан) Аллаһу та'алаға шүкір сәждесін жасап, хамд айтып, шүкіршілік етті. Мүжаһидтер «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деген дауыстармен нұрлы Мәдинаға қарай бет алды. Мәдинаның көшелері балаларға толып, олар пайғамбарымызбен әкелерін, көкелерін, ағаларын күтіп алуға шыққан еді. Пайғамбарымыз да оларға күлімсіреген жүзбен қарады.

Хандек соғысында алты шәһид берілген еді. Бұл соғыс туралы Аллаһу та'ала аят кәримәда **«Аллаһу та'ала** (Хандек соғысындағы) **сол кәпірлерді ешқандай жеңіске жеткізбей, ренішпен кері қайтарды. Осылайша Аллаһу та'ала** (періштелер мен жел арқылы) **соғыста** (жеңулері үшін) **мүминдерге жетті. Аллаһу та'аланың барлық нәрсеге күші жетеді. Ол барлық нәрседен үстем»**. («Ахзаб» сүресі, 25) **«Ей, иман келтіргендер! Аллаһу та'аланың сендерге берген ниғметін естеріңе түсіріңдер. Сендерге** (Хандек соғысында) **әскерлер шабуыл жасағанда біз оларға жел мен сендер көрмейтін әскерлер** (періштелер) **жіберген едік...»** («Ахзаб» сүресі, 9) Осы соғыстан кейін пайғамбарымыз «**Ендігі кезек сендердікі. Бұдан кейін Құрайыш сендерге қарсы шабуылдай алмайды**»,- деді.

Бәни Құрәйза яһудилері

Расул-и Әкрам (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаға қайтқаннан кейін хазреті Айша анамыздың үйіне барды. Қаруларын түсіріп, сауытын шешті. Мубәрәк денесі шаң болған еді. Жуынды. Сол кезде хазреті Дыхие кейпінде, үстіне сауыт киіп, қару асынған адам келді. Ол Жәбрейіл алейһиссалам болатын. Пайғамбарымыздың қасына барып, «Ей, Аллаһу та'аланың Расулы! Хақ та'ала Құрәйза ұлдарына шабуыл жасауыңды бұйырды»,- деді. Пайғамбарымыз

хазреті Біләлді шақыртып, сахабаларға былай деп хабарлауды бұйырды: **«Ей, сахабаларым! Тұрыңдар, аттарыңа, түйелеріңе мініңдер. Мойынсұнғандар екінді намазын Құрәйза ұлдарының жерінде оқысын!».**

Пайғамбарымыз дереу сауытымен дулығасын киді. Қалқанын арқасына асынып, найзасын қолына алды. Сосын атына мініп, сахабаларының арасына барды. Хазреті Әлиге Исламның туын беріп, алдыңғы күш ретінде Құрәйза яһудилерінің бекінісіне жіберді.

Сахабалар пайғамбарымызды орталарына алып, Мәдинадан «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деп тәкбір айтып, шықты. Жолда Ғанм ұлдарына кезікті. Олар қаруларын асынып, пайғамбарымызды күтіп тұрған еді. Пайғамбарымыз оларға **«Сендерге ешкім кездеспеді ме?»**,- деді. Олар «Йа, Расулаллаһ! Бізге Дыхие Кәлби кездесті. Ақ қашырға мінген еді. Қашырдың үстінде барқыт бар еді. Пайғамбарымыз оларға **«Ол – Жәбрейіл. Бекіністерін сілкіп, жүректеріне қорқыныш салсын деп Бәни Құрәйзаға жіберілді»**,- деді. Құрәйза яһудилерінің бекінісіне барғанға дейін Ислам әскерінің саны үш мыңға жеткен еді.

Хазреті Әли Ислам туын Құрәйза яһудилерінің бекінісінің алдына қадады. Мұны көрген яһудилер пайғамбарымызға қарсы сөздер айтты. Хазреті Әли пайғамбарымызға барып жағдайды жеткізді. Расулуллаһ алейһиссалам үш мың әскермен сол жерге барып, мейірімділік танытып, алдымен оларды Исламға шақырды. Яһудилер бұл ұсыныста қабылдамады. Пайғамбарымыздың **«Олай болса, Аллаһу та'ала мен Расулының бұйрығына мойынсұнып, бекіністен түсіп, беріліңдер»** деген бұйрығын да қабылдамады, содан соң пайғамбарымыз оқшылардың шебері Са'д бин Әбу Уаққасқа **«Ей, Са'д! Алға шығып, оларға оқ жаудыр»** деп бұйырды. Хазреті Са'д пен басқа да мергендер садақтарындағы оқтарын тәкбір айтып, яһудилердің бекінісіне жаудыра бастады.

Мұсылмандардың әлсіз кезеңінде арқадан соққы берген және Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбарлығын қабылдамаған бұл яһуди тобының бекіністің есігін ашып, майданға шығатындай батылдықтары жоқ еді.

Соғыс қоршау түрінде жалғасты, Ислам әскерінің ішіндегі мұнафықтар да бекініске жасырын хабар жіберіп, «Берілмеңдер! Мәдинадан кеткендеріңді қаласа да қабылдамаңдар. Егер соғысуды жалғастыра берсеңдер біз сендерге бар күшімізбен көмектесіп,

сендерден ештеңемізді аямаймыз. Егер сендерді Мәдинадан шығарса, біз де сендермен бірге шығып кетеміз»,- деді. Осы хабармен мұнафықтардың көмегін күткен яһудилер қорғануды үмітпен жалғастыра берді. Қоршау ұзаққа созылды, бір ай өтсе де мұнафықтардан жәрдем келмеді. Ақырында көңілдеріне қорқыныш ұялаған яһудилер келісімге келетіндіктерін білдірді.

Келісім жасау үшін Наббаш бин Қайс деген яһуди пайғамбарымызға барып, «Йа, Мұхаммед! Надрұлдарына көрсеткен мейірімділігіңді бізге де көрсет. Малымыз бен қаруымыз сендердікі болсын. Қанымызды төкпесең болды. Бала-шағамызбен жеріміздің шығуымызға рұқсат бер. Қарудан басқа әр отбасы үшін бір түйе жүк әкетуге рұқсат бер»,- деді. Пайғамбарымыз **«Жоқ, бұл ұсыныста қабылдамаймын»**,- деді. Сосын олар «Зат әкетуден бас тарттық. Қанымызды төкпеңдер. Әйелдер мен балаларды әкетуге рұқсат беріңдер»,- деді. Пайғамбарымыз **«Жоқ, ешқандай шартсыз үкіміме мойынсұнудан, бағынып, берілуден басқа шараларың жоқ»**,- деді. Наббаш бекініске барып, осы сөздерді жеткізді. Құрәйза ұлдарының бұл жолы қабақтары мұң шалып, қатты қынжылды.

Олардың көсемдері Ка'б бин Әсад ынсапқа келіп, қауымына былай ұсыныс жасады: «Ей, қауымым! Көріп тұрғандарыңдай, басымызға үлкен бәле төніп тұр. Бұл жағдайда сендерге үш нәрсені насихаттаймын. Осылардан қалағандарың бойынша әрекет жасай аласыңдар. Біріншісі, бұл адамға бағынып, пайғамбарлығын қабылдайық. Уаллаһи, оның Аллаһ тарапынан жіберілген және кітаптарымызда сипаттары берілген пайғамбар екенін бәріміз білеміз. Егер оған иман келтіретін болсақ, қанымыз, балаларымыз, әйелдеріміз, мал-мүліктеріміз аман қалады. Біздің оған бірден-бір бағынбау себебіміз арабтарға деген қызғаныш сезіміміз бен оның Исраил ұлдарынан болмауы. Алайда, бұл Аллаһтың білетін ісі. Келіңдер, оған бағынайық...» Яһудилер барлығы бірден қарсы шығып, «Жоқ, біз мұны қабылдамаймыз және бізден басқаға бағынбаймыз»,- деді.

Сосын Ка'б екінші ұсынысын айтты: «Барлығымыз балаларымызды өлтіріп, артымызда ойлайтын ешкім қалмаған соң мұсылмандарға қарсы шабуылдайық, өлгенге дейін олармен шайқасайық...» Яһудилер мұны да қабылдамады.

Ка'б үшінші ұсынысында «Бұл түн – сенбінің түні. Мұсылмандар бұл түні біздің соғыспайтындығымызды білгендіктен сенімді болып,

ұқыптылық танытпауы мүмкін. Қылыштарымызды суырып, есіктен бәрімізбіргешығайық.Осындайшабуылменбәлкімжеңуіміз мүмкін»,- деді. Яһудилер «Бізге сенбі күні жұмыс істеуге тыйым салынған, біз мұны жоя алмаймыз» деп, бұл ұсынысты да қабылдамады. Олардың ішінен тек Әсид пен Саләбә деген ағайындылар және көкелерінің баласы Әсад алғашқы ұсынысты қабылдап, мұсылман болды. Бекіністен шығып, сахабаларға қосылды.

Яһудилер өз араларында ұзақ уақыт тартысты. Нәтижеде біреуі туын көтеріп, пайғамбарымыздан өздеріне қатысты үкім беруі үшін бір адамды төреші етіп сайлауын сұрады. Пайғамбарымыз «Сахабалардан қалаған адамдарыңды төреші етіп алыңдар»,- деді. Олар «Біз Са'д бин Муаздың (радиаллаһу анһ) беретін үкіміне ризалық білдіреміз»,- деді. Пайғамбарымыз мұны қабыл етіп, хазреті Са'д бин Муазды әкелуді бұйырды.

Са'д бин Муаз (радиаллаһу анһ) Хандек соғысында ауыр жараланған болатын. Пайғамбарымыз оны Мәсжиди Нәбиде бір шатырда емдетіп жатқан еді. Төреші болып сайланған соң зембілмен оны Құрәйза бекінісіне апарды. Жолда хазреті Са'д өз-өзіне «Уаллаһи, Аллаһу та'аланың жолында ешқандай айыптаушының айыптауына құлақ аспаймын»,- деді. Пайғамбарымыздың алдына апарып, оны зембілден түсірді. Пайғамбарымыз **«Ей, Са'д! Мыналар сенің үкімің бойынша берілуді қабылдады. Оларға берер үкіміңді айт»**,- деді. Са'д бин Муаз (радиаллаһу анһ) «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Үкім беруге Аллаһу та'ала және Расулы лайық»,- деді. Пайғамбарымыз **«Бұлар туралы үкім беруді Аллаһу та'ала саған бұйырды»**,- деді. Хазреті Са'д яһудилерден өзінің беретін үкіміне разы болатындығы туралы уәделерін алды. Осыдан соң хазреті Са'д өзінің артықшылығын көрсететін, өз атағына лайықты мынадай үкім айтты: «Менің үкімім: ақылы толық, балиғатқа толған барлық ер адамдардың басы алынсын. Әйелдері мен балалары тұтқынға алынсын, малдары мұсылмандарға таратылсын!».

Осындай өткір үкімге яһудилер сілтідей тынып, тұрып қалды. Өйткені, өз кітаптарында мұндай азғындық жасағандарға берілетін жаза дәл осындай болатын: «Бір қалаға соғысуға барғанда оларды бейбіт келісімге шақыр. Мұны қабыл етіп, есіктерін ашса, ондағылардың бәрі саған хараж (салық) төлеп, қызмет етсін. Егер, соғысуға шешім қабылдаса оларды қоршауға ал. Аллаһу та'аланың ихсанымен оларды жеңген кезіңде еркектерінің бәрін өлтір.

Әйелдерін, балаларын және малдарын олжа етіп ал» деп жазылған еді.

Са'д бин Муаздың берген үкімі иланһи үкімге сай келгендіктен пайғамбарымыз оны құттықтап, **«Сен оларға Аллаһу та'аланың жеті қабат көктердің үстінде Ләухул-махфуздағы үкіміне сай үкім бердің»**,- деді.

Яһудилер өз кітаптарында білдірілген бұл үкімге қарсы шыға алмады. Ақылы толық барлық еркектерді жинап, байлап, үкім жүзеге асырылды. Балалар, әйелдер мен мал-мүліктер сахабалар арасында үлестірілді.

Осылайша, мұсылмандар қатты қиналған сәтте арқадан соққы берген, жасалған барлық келісімдерді бұзған, пайғамбарымызды кішкентайынан осы кезге дейін құртуға тырысқан бұл қауымнан Мәдина тазарған еді.

Сахабалар бақытты түрде, қуанышпен нұрлы Мәдинаға жолға шықты.

Тұтқындардың ішінен бір әйел мұсылмандықты қабылдады. Оның бұл әрекетіне қатты қуанған пайғамбарымыз оның да қуануын, жұмақта дәрежесінің жоғары болуын қалап, оны әйелдікке алды. Бұл – хазреті Райханә анамыз болатын.

Са'д бин Муаздың шәһид болуы

Са'д бин Муаз (радиаллаһу анһ) Бәни Құрәйза яһудилеріне қатысты үкімді бергеннен кейін сахабалар оны қайтадан шатырына алып барды. Жарасы асқынып, жағдайы нашарлаған еді. Пайғамбарымыз оның қасына барып, оны құшақтап: **«Аллаһым! Са'д сенің разылығың үшін сенің жолыңда жиһад етті. Расулыңды да мақұлдады. Оған жақсылық бере гөр»**,- деп дұға етті. Са'д бин Муаз (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздың бұл сөздерін естіп, көзін ашып: «Йа, Расулаллаһ! Сізді құрметтеймін. Сіздің Аллаһу та'аланың пайғамбары екеніңізге куәлік етемін»,- деді. Сосын Са'д бин Муаздың (радиаллаһу анһ) жақындары оны ол шатырдан Абдуләшхәл ұлдарының үйіне алып барды. Сол түні жағдайы қатты нашарлады. Жәбрейіл алейһиссалам пайғамбарымызға барып: «Йа, Расулаллаһ! Бүгін түнде сенің үмметіңнен қайтыс болып, оны періштелер сүйіншілеген адам кім?»,- деді. Осыған орай пайғамбарымыз сахабаларынан дереу Са'д бин Муаздың (радиаллаһу анһ) жағдайын

сұрады. Оны үйіне апарғандарын айтты. Пайғамбарымыз қасына біраз сахабаларды ертіп, хазреті Са'д бин Муаздың үйіне барды. Жолда тез жүргендіктен сахабалар «Шаршадық, йа Расулаллаһ»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Періштелер Ханзаланың жаназасына бізден бұрын барғаны сияқты Са'дтың жаназасына да бізден бұрын барып қоймасын. Жылдам болмасақ, олардан бұрын жете алмаймыз»** деп, тез жүру себебін айтты. Пайғамбарымыз хазреті Са'д бин Муаздың жанына барған кезде ол жан тапсырып қойған еді. Оның басына отырып, Са'д бин Муаздың (радиаллаһу анһ) атын атап: **«Ей, Әбу Амр! Сен басшылардың ең жақсысы едің. Аллаһу та'ала саған бақыт, береке және ең қайырлы сыйды берсін. Аллаһу та'алаға берген сөзіңде тұрдың. Аллаһу та'ала да саған уәде еткенін береді»**,- деді. Осы арада Са'д бин Муаздың анасы жылап, ұлының артынан оған арналған жоқтау өлеңін оқыды.

Әсләм бин Харис (радиаллаһу анһ) осы оқиға жайлы былай баяндаған: «Расулуллаһ Са'д бин Муаздың үйіне барды. Біз есіктің алдында күтіп тұрған едік. Пайғамбарымыз үлкен қадамдармен ішке кірді, біз де артынан ердік. Пайғамбарымыз белгі бергенде тоқтап, кері қайттық. Іште Са'дтың денесінен басқа ешкім жоқ болатын. Расулуллаһ іште біраз уақыт болғаннан кейін сыртқа шықты. Таңданыс білдіріп «Йа, Расулаллаһ! Неге үлкен-үлкен қадам тастап жүрдіңіз?»- деп сұрадым. Ол: **«Үйдің ішіне періштелердің толып кеткені соншалық, аяқ басатын жер табуға қиналдым. Періштенің бірі мені қанатына алды, мен тек солай ғана отыра алдым»**,- деді. Сосын Са'д бин Муаздың (радиаллаһу анһ) атын атап: **«Саған мүбәрәк болсын йа Әбу Амр»**,- деді.

Оның қайтыс болуы пайғамбарымыз бен сахабаларды қатты қайғыртты, көз жастарын төкті. Жаназасына барлық сахабалар жиналды. Пайғамбарымыз жаназа намазын оқытып, мәйітін көтерді. Сахабалар Са'д бин Муаздың (радиаллаһу анһ) табытын көтеріп келе жатып «Йа Расулаллаһ! Біз мұндай жеңіл табыт көтеріп көрмедік» десті. Сонда пайғамбарымыз: **«Оның жаназасын көтерісу үшін көктен періштелер түсті»**,- деді. Жаназасын алып бара жатқанда мұнафықтар да жамандау үшін «Масқара! Не деген жеңіл!» дегенде пайғамбарымыз **«Са'дтың жаназасына көктен жетпіс мың періште түсті. Олар қазірге дейін жер бетіне осыншама көп болып түспеген еді»**,- деді.

Әбу Саид Худри (радиаллаһу анһ) атасының былай дегенін жеткізген: «Са'д бин Муаздың қабірін қазғандардың бірі мен едім. Оған қабір қазуды бастаған кезде айналаға қабірден хош иіс тарады». Шурахбил бин Хасәнә былай дейді: «Са'д бин Муазды жерлеген кезде біреу қабірден бір уыс топырақ алған еді. Сосын ол топырақты үйіне апарғанда ол жұпар иіске айналды. Денесі қабірге қойылғанда пайғамбарымыз оның қабірінің басында отырып, көзіне жас алып, сақалын ұстап қатты қайғырды. **«Са'д бин Муаздың өліміне Арш сілкінді»,**- деді. Бір жолы пайғамбарымызға қымбат киім сыйға тартылған еді. Сахабалар «Қандай әдемі» деген кездерінде **«Са'д бин Муаздың жұмақтағы бет орамалдары бұдан да әдемі»** деген.

Хижреттің бесінші жылында орын алған кейбір маңызды оқиғалар мыналар: Пайғамбарымыз Думәтул-Жәндәлде тұратын және Шамға қатынайтын жолаушыларды мазалаған және Мәдинаға қауіп төндірген қауымдарға қарсы мың адамдық әскермен жорыққа шықты. Ислам әскерінің келгенін естіген жаудың тайпалары қаша жөнелді. Бұл жерде бірнеше күн болғаннан кейін Мәдинаға қайтты.

Пайғамбарымыз Зүл-қадә айында Зейнеп бинти Жахшпен (радиаллаһу анһ) үйленді. Сол жылы хиджаб аяттары түсті және мұсылман әйелдерге оранып жабынуы бұйырылды. Сондай-ақ, хазреті Айша анамызға жала жабылды. Кейбір мұсылмандар осы жалаға сеніп қалған еді. Аят кәримәлар келіп, мұнафықтардың жала жапқаны анықталып, хазреті Айша (радиаллаһу анһа) мадақталды. Мәдинаға жақын жерде тұратын Мүзәйнә тайпасы елші жіберіп, мұсылмандықты қабылдады, сөйтіп мұхажирлердің қатарына қосылды. Және сол жылы зілзала мен ай тұтылу оқиғалары орын алды. Сондай-ақ, қажылық та осы жылы парыз етілді.

ХУДӘЙБИЙА КЕЛІСІМІ

Хандек соғысынан кейін Ислам мемлекетінің күшін айналадағы тайпалардың біразы мойындады. Енді бұлар мұсылмандармен достық байланыстарын құрудың, тіпті ең дұрыс жолдың мұсылмандық екендігін ойлана бастады. Кейбіреулері пайғамбарымызға барып, мұсылмандықты қабылдап мәртебеленді.

Пайғамбарымыз Ислам дінінің таралуы үшін сахабаларынан жасақтар құрып, маңайдағы тайпаларды Исламға шақыруға жіберді. Кейбір тайпаларға өзі барды. Думәт-ул-Жәндәл халқы сияқты тайпалар айтылған насихаттарды қабылдап, мұсылман болды. Ғатафандықтар, Лихйан ұлдары сияқты тайпалар Ислам әскерімен кездесуден қорқып қашты. Осылайша, айналадағы тайпаларға үрей тудырылды.

Хижреттің алтыншы жылы қатты жұт болып, көктен бір тамшы да жаңбыр түспеді. Жерге шөп шықпай, адамдар мен жануарлар ашаршылыққа ұшырады. Адамдар рамазан айының бір жұмасында пайғамбарымызға «Йа, Расулаллаһ! Дұға етіп, Аллаһу та'аладан жаңбыр тілесеңіз» деп өтініштерін білдірді. Пайғамбарымыз сахабаларымен бірге жазық далаға шығып, азан шақырмастан және қамат айтпастан екі рәкат намаз оқыды, пайғамбарымыз шапанын теріс айналдырып, тәкбір айтты. Сосын қолын жоғары көтеріп, **«Ей Аллаһым! Бізге жаңбыр жаудыр!»** деп дұға ете бастады. Сахабалар да «Әмин, Әмин!» деп тұрды. Ол кезде көкте бір шөкім де бұлт жоқ болатын. Пайғамбарымыз дұға етіп отырғанда жел соғып, аспанды бұлт торлай бастады. Сосын жайлап жаңбыр жауа бастады. Пайғамбарымыз **«Аллаһым! Бұл жаңбырды молынан жаудыр және оны халқымызға қайырлы ет»** деп дұға етті. Сол кезде жаңбыр нөсерлетіп жауа бастады. Пайғамбарымыз бен сахабалардың киімінде су болмаған жер қалмады. Олар үйлеріне барғанша су селдей ақты. Барлығы суды кешіп жүрді. Жаңбыр жауа берді. Келесі жұма күні сахабалар «Йа, Расулаллаһ! Жаңбырдың суынан үйлеріміз құлап, малдарымыз суға батып өле бастады. Аллаһу та'аладан жаңбырды тоқтатуды тілесеңіз»,- деді. Пайғамбарымыз күлімсіреп, қолдарын жайып, **«Йа, Раббым! Бұл жаңбырды егістікке, ағаш өскен жерлерге, далалық жерлерге жібер»** деп дұға етті. Сол

кезде бір апта бойы жауған жаңбыр тоқтап, айтылған жерлер сулана бастады.

Хижреттің алтыншы жылының зүл-қада айы болатын. Бір түні пайғамбарымыз түсінде сахабаларымен Меккеге барып, Қағбаны тауап еткендерін, біразының шаштарын қысқартқанын, біразының тықырлатып алдыртқанын көрді. Ол түсін сахабаларға айтқан кезде олар қатты толқи бастады. Хижреттен осы кезге дейін туып-өскен, небір естеліктерге толы, әсем атамекендері болған Меккеге баратын еді. Бес уақыт намазда бет бұратын, қасиетті Қағбаны зиярат етіп, тауап ететін еді. Бұл өте керемет сүйінші болатын. Сахабалар **«Сендер сөзсіз Мәсжиди Харамға кіресіңдер»** деген сүйіншіні ала сала дереу дайындыққа кірісті.

Пайғамбарымыз дайындық істерін бітіргеннен кейін Абдуллаһ бин Үмми Мәктумды (радиаллаһу анһ) Мәдинаға өкіл етіп қалдырды. Зүл-қада айының бірінші дүйсенбі күні Құсуа деген түйесіне мініп, мың төрт жүз сахабамен бірге Мәдинада қалатындармен қоштасты. Умраға ниет етіп, қасиетті Меккеге қарай жолға шықты. Өздерімен қылыштарын және соятын жетпіс түйе алып шықты. Керуенге екі жүз атты адам мен төрт әйел сахаба қосылған еді. Әйелдердің бірі пайғамбарымыздың әйелі хазреті Үммү Сәләмә болатын.

Зул-Хуләйфа деген белгіленген орынға жеткен кезде ихрам киімін киіп, түскі намазды оқыды. Сосын соятын түйелерінің құлақтарына белгі салып, мойындарына жіп байлады. Нажиәт ибн Жундуп Әсләмиа (радиаллаһу анһ) түйелерге жауапты болды. Хазреті Аббад бин Бишр жиырма адамдық атты әскермен барлауға жіберілді. Хазреті Бушр бин Суфйан Меккеге хабаршы етіп жіберілді.

Ихрам киіміне киінген пайғамбарымыз бен қаһарман сахабалар аққа оранған қалыпта Аллаһу та'алаға шүкірлік етіп, жалбарына бастады: **«Ләббәйк! Аллаһумма Ләббәйк! Ләббәйк! Лә шәрикә ләкә Ләббәйк! Иннәл хамдә уәнни'мәтә ләкә уәл мулкә лә шәрикә ләк!»** Бұл сөздерге жер мен көк жаңғырып, Зул-Хуләйфа нұрға бөленді. Барлық адам толқып, тезірек Меккеге жету үшін Зул-Хуләйфадан шықты.

Жолда хазреті Омар мен Са'д бин Убадә (радиаллаһу анһум) пайғамбарымызға жақындап, «Йа, Расулаллаһ! Сізбен жауласқан адамдарға қарусыз барамыз ба? Құрайыштықтардың шабуылдап, сізге бір зиян келтірулерінен қорқамыз» деп қауіптерін білдірді. Пайғамбарымыз оларға **«Мен умраға ниет еттім. Бұл халде қару апаруды қаламаймын»**,- деді.

Жол сапары тыныш өтті. Жол бойындағы тайпаларға соғып, пайғамбарымыз оларды Исламға шақырды. Біразы қабылдаудан тартынса, біразы сыйлықтар жіберді. Осылайша жолдың жартысын жүріп өтіп, Усфанның артындағы Қадирул-Әштат деген жерге жеткен болатын. Бұл жерде одан бұрынырақ меккеліктерге хабар жіберуге кеткен Бушр бин Суфйан құрайыштықтармен кездесіп, кері қайтқан болатын. Пайғамбарымызға көргендерін былай жеткізді: «Йа, Расулаллаh! Құрайыштықтар сіздің келе жатқаныңызды естіді. Қорыққандарынан айналасындағы тайпаларға сыйлық жасап, олардан көмек сұрапты, екі жүз адамдық атты әскер дайындап, сізге қарай жолға шығарды. Айналадағы тайпалар бұл тілекті қабылдап, Бәлдах деген жерде бірікті. Көптеген әскери паналар жасады және сізді Меккеге кіргізбеуге ант ішісті». Бұл хабарға пайғамбарымыз қатты әсерленіп, **«Құрайыш құрыды. Онсыз да соғыс оларды жеп бітірді. Құрайыш мүшріктері өздерінде бір күш бар деп ойлай ма? Уаллаhи, Аллаhу та'аланың тарату үшін мені жіберген бұл дінді үстем еткенше, басым кеудемнен алынғанша олармен соғысудан қайтпаймын»,**- деді. Сосын сахабаларына қарап, бұл мәселедегі пікірлерін сұрады. Бар болмысымен пайғамбарымызға берілген сахабалар «Аллаhу та'ала мен Расулы бәрінен жақсы біледі. Жанымыз сізге құрбан болсын, йа Расулаллаh! Біз Бәйтуллаhты тауап ету ниетімен жолға шықтық. Біреуді өлтіру немесе соғысу үшін келген жоқпыз. Алайда, Қағбаны зиярат етуімізге кедергі болғысы келсе, сөзсіз олармен соғысып, мақсатымызға жетеміз»,- деді.

Сахабалардың бұл шешімі пайғамбарымызға ұнады. Расулуллаh алейһиссалам **«Олай болса, Аллаhу та'аланың есімін айтып жүріңдер»,**- деді. Сахабалар пайғамбарымыздың айналасында «Ләббәйк! Аллаhумма ләббәйк!» деп, «Аллаhу әкбар! Аллаhу әкбар!» деп тәкбір айтып, Меккеге қарай ілгеріледі.

Түс мезгілінде Біләл Хабәши (радиаллаhу анh) әсем даусымен азан айтып, намаз уақытының кіргенін білдірді. Осы кезде екі жүз адамдық Құрайыш әскері сол жерге жетіп, Мекке мен сахабалардың арасына кіріп, шабуылдауға дайын тұрған еді. Соған қарамастан пайғамбарымыз сахабаларымен сап тізіп, намазға тұрды. Пайғамбарымыздың артында мың бес жүз шамасындағы сахабалардың сап түзеп, қиямда қимылсыз тұрулары, рукуға иілулері тамаша көрініс берген еді. Және барлығының бірдей сәжде жасауы айбатты бір таудың иіліп, түзелгеніне ұқсайтын еді. Олардың

Аллаhу та'аланың құзырында маңдайларын топыраққа сүртіп, бас июлері Құрайыш әскерінің кейбірлерінің жүрегіне Исламға деген сүйіспеншілікті ұялатты. Сахабалар сәлем беріп, намаздан шыққанда Құрайыш әскерінің қолбасшысы «Мұсылмандардың осы жағдайын пайдаланып, шабуыл жасағанда олардың көбісін өлтірер едік. Олар намазда тұрғанда неге шабуылдамадық?» деп өкініп, артынша «Мейлі, абыржымаңдар. Жаны мен балаларынан артық көретін намаздарын тағы да оқыр» деп, ендігі жолы мүмкіндікті бос жібермейтінін білдірді.

Олардың бұл сөзін Аллаhу та'ала Жәбрейл алейһиссалам арқылы уаһи жіберіп, пайғамбарымызға білдірді.

Келген аят кәримәда: «(Ей сүйікті құлым!) **Сен де іштерінде болып, оларға** (сахабаларға) **намаз оқытатын кезіңде** (оларды екі бөлікке бөл)**, бір бөлігі сенімен бірге** (намазда, қалғандары жаудың қарсысында) **тұрсын. Қаруларын алсын. Сенімен намазда болып, бір рәкат намаз оқығандар** (намазды бұзатын әрекеттерден сақтанып) **дұшпанға қарсы барсын. Бұдан кейін намазды әлі оқымаған келесі бөлім келіп, екінші рәкатты сенімен бірге оқысын және олар сауыттарын, қорғанушы құралдарын және қаруларын өздерімен бірге алсын.** (Тәшәһудті сенімен бірге оқысын. Сен сәлем бергенде олар сәлем берместен дұшпанға қарсы барсын, алдында бір рәкат оқығандар кері келіп, өздері тағы бір рәкат оқып, сәлем берсін. Екінші рәкатты имаммен оқығандар да қайтадан келіп, бір рәкат тағы да оқып, намазды бітіріп, сәлем берсін.) **Кәпірлер сендер қарусыз тұрғанда тұтқиылдан шабуыл жасамақшы. Егер сендерге жаңбырдан бір қиындық туса немесе ауру болсаңдар қаруларыңды тастауда бір жамандық жоқ. Күмәнсіз, Аллаhу та'ала кәпірлерге ауыр азап дайындаған.»** («Ниса» сүресі, 102)

Екінді уақытында хазреті Біләл азан оқыған кезде Құрайыш аттылары тағы да Мекке мен сахабалардың арасында дайындалып тұрды. Пайғамбарымыз сахабаларына аят кәримәда көрсетілгеніндей етіп намаз оқытты.

Мұсылмандардың бұлай намаз оқуларына Құрайыштар қатты таң қалды. Аллаhу та'ала олардың жүректеріне қорқыныш салды. Ешқандай әрекет жасауға батылдықтары бармады. Меккеге хабар жіберу үшін ол жерден кетті. Пайғамбарымыз бен сахабалар да Худәйбийа деген жерге қарай жылжыды.

Қасиетті Мекке шекарасына жеткенде пайғамбарымыздың түйесі Қусуа себепсізден-себепсіз жерге шөкті. Оны тұрғызуға қанша

күш салса да тұрғыза алмады. Осыған орай пайғамбарымыз **«Оның мұндай шөгу әдеті жоқ болатын. Бірақ, бір кездері** (Әбраханың) **пілін Меккеге кіргізбеген Аллаһу та'ала енді Қусуаны тоқтатты. Аллаһу та'алаға ант етемін, Құрайыштықтар Аллаһу та'аланың Харам** (Мекке) **ішінде жасалуын харам еткен** (соғысуды және қан төгуді тәрк ету сияқты) **нәрселерден қайсысын менен қаласа, олардың бұл қалауларын міндетті түрде орындаймын»**,- деді. Содан кейін Қусуаны тұрғызуды қалады. Түйе атып тұрды. Харам (Мекке) шекарасынан ішке кірмеді, дәл шекарадағы Худәйбийа деген жерге тоқтады. Пайғамбарымыз сахабалармен суы аз болған осы жерге қонды.

Пайғамбарымыз шатырын қасиетті Меккенің сыртына құрғызды. Сахабаларымен осы жерде күте бастады. Уақыт кірген кезде намаздарды Мекке шекарасы ішінде оқыды. Құдықтарда ішетін су қалмаған еді. Тек пайғамбарымыздың құманында ғана бар болатын. Қиналған сахабалар «Жанымыз сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Бәріміздің тек сіздің құманыңызда ғана су бар, құрыдық»,- деді.

Пайғамбарымыз **«Мен сендердің араларыңда болған кезде сендер құрымайсыңдар»**,- деді. Сосын **«Бисмилләһ»** деп, қолын құманның үстіне қойды. Сосын қолын алып, «Алыңдар» деген кезде саусақтарының арасынан су аға бастады. Сахабалар суды қанып ішіп, дәрет алды, барлық ыдыстарын толтырып алды, ат пен түйелерін суарды. Сахабаларына күлімсіреп қарап тұрған пайғамбарымыз Аллаһу та'алаға шүкіршілік етті.

Сол күні сол жерде болған хазреті Жабир бин Абдуллаһ «Біз мың бес жүз адам едік. Егер жүз мың адам болсақ та ол су бәрімізге жетер еді»,- деді.

Ридуан анты

Пайғамбарымыз Худәйбийада болған кезінде бұрыннан мұсылмандармен достық қатынаста болған Хузаа тайпасының басшысы Будәйл келіп, Құрайыш әскерінің айналадағы тайпалардың да қосылуымен Худәйбийаға тоқтағандығын, әскерлері тарағанға дейін соғысуға ант ішіскендерін білдірді. Осыған орай пайғамбарымыз «**Біз бұл жерге ешкіммен соғысуға келген жоқпыз. Тек умра жасау, Қағбаны тауап және зиярат ету үшін келдік. Соған қарамастан бізге кім Бәйтуллаһты зиярат жасауға кедергі болса, онымен**

соғысамыз. Күмәнсіз, соғыстар Құрайышты барынша әлсіретті, көп зиянға ұшыратты. Егер олар қаласа, оларға бітімге келу үшін уақыт берейік. Осы уақыт ішінде менің тарапымнан қауіпсіздікте болсын. Олар менімен басқа тайпалардың арасына соқтықпасын. Мені олармен жеке қалдырсын. Егер мен ол тайпаларды жеңіп, Аллаһу та'ала да оларға тура жолды нәсіп етіп мұсылман болса, Құрайыш мүшріктері қаласа олар сияқты мұсылман бола алады. Егер мен олар ойлағандай басқа тайпалардан жеңілсем, онда олардың өздері де тыныштыққа қол жеткізген болады. Егер Құрайыш мүшріктері бұларды қабыл етпей, менімен соғысатын болса, Аллаһу та'алаға ант етемін, таратуға тырысқан осы дінім үшін өлгенше солармен соғысамын. Сол кезде Аллаһу та'ала да маған көмектесетіні туралы уәдесін орындайды»,- деді. Хузаа тайпасының басшысы Будәйл пайғамбарымыздың айтқандарын Құрайыш ордасына жеткізу үшін жолға шықты.

Мүшріктер Будәйлден пайғамбарымыздың сөздерін естігеннен кейін Уруа бин Мәсудты пайғамбарымызға жіберді. Уруа Құрайыштың ешкімді Меккеге кіргізбеу туралы нақты шешім қабылдағанын айтқанда пайғамбарымыз **«Ей, Уруа! Аллаһ үшін айт. Мына құрбандық түйелердің құрбандыққа шалынуларына, мына Қағбаны зиярат пен тауап етуге кедергі жасала ма?»** деген соң Хузаа тайпасының басшысына айтқандарын Уруаға да айтты.

Уруа бір жағынан пайғамбарымызды тыңдаса, екінші жағынан сахабалардың әрекеттеріне, олардың бір-біріне деген және пайғамбарымызға деген құрметтеріне назар салды. Пайғамбарымыздың ұсынысын тыңдағаннан кейін орнынан тұрып, құрайыштықтарға айту үшін кері қайтты. Оларға барып: «Ей, Құрайыш қауымы! Менің Кайсәр, Нәжаши, Кисра сияқты бірқатар билеушілердің алдына елші болып барғанымды білесіңдер. Ант етемін, мен қазірге дейін мұсылмандардың Мұхаммедке көрсеткен құрметінің ешқандай билеушіге жасалғанын көрмедім. Сахабалардың ешқайсысы одан рұқсат алмай сөйлемейді, басынан бір тал шаш түссе дереу алып қойындарына салады. Қасында сөйлесіп отырғанда дауысын барынша бәсеңдетеді. Оны құрметтейтіндіктері соншалық ешқайсысы тіке жүзіне қарай алмайды. Ол сахабаларына бір ишара жасаса немесе бір нәрсе айтса, олар жанын салып орындайды.

Ей, Құрайыш жамағаты! Сендер қандай шара қолдансаңдар да олар пайғамбарларының бір тал шашын да сендерге бермейді.

Тіпті, оған ешкімнің қолының ұшын тигізуіне жол бермейді. Жағдай осы. Ендігісін дұрыстап ойланыңдар. Мынадай мүшкіл халде тұрғанымызда Мұхаммед бізге жақсы бітімді ұсынып отыр, соны пайдаланайық»,- деді. Құрайыш мүшріктері бұл сөздерді қабылдамай, Уруаны балағаттап ренжітті.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құрайыш ордасынан хабар келмеген соң Хыраш бин Умәййаны (радиаллаһу анһ) ұсыныстарын қайталап білдіруге елші етіп жіберді. Мүшріктер Ислам елшісіне дөрекілік танытты. Түйесін сойып жеді, өзін өлтіруге ұмтылды. Олардан қолдарынан әрең құтылған Хыраш бин Умәйя пайғамбарымызға барып, жағдайды айтқаннан кейін пайғамбарымыз елшісіне жасалған мұндай әрекеттерге қатты ренжіді. Осы кезде мүшрік ордасынан Ахабиш тайпасының басшысы Хуләйс көрінді. Пайғамбарымызға қарай келе жатты. Мүшріктер оны елші етіп жіберген еді. Пайғамбарымыз Хуләйстің келе жатқанын көріп, **«Мына келе жатқан адам құрбандықты құрметтейтін, Аллаһу та'аланың бұйрықтарын орындауды және ғибадат жасауды қалайтын бір тайпадан.** (Ей сахабаларым!) **Құрбандық түйелерді соған қарай жіберіңдер, көрсін»**,- деді. Сахабалар құрбандық түйелерді соған қарай жіберіп, «Ләббәйк! Аллаһуммә ләббәйк!» дей бастады. Хуләйс мойындары байланған, құлақтарына ен салынған құрбандық малдарды көргенде оларға ұзақ қарады. «Мұсылмандардың Қағбаны тауап етуден басқа ешқандай ниеттері жоқ. Олардың бұл ниеттеріне кедергі болу қандай жаман іс. Қағбаның Раббысына ант етемін, құрайыштықтар осы қате әрекеттеріне байланысты құриды»,- деді. Бұл сөздерді естіген пайғамбарымыз **«Иә, солай, ей Кинанә ұлдарынан шыққан бауыр»**,- деді. Хуләйс ұялғаннан пайғамбарымыздың қасына келе алмай, тіпті бетіне де қарай алмады. Құрайыш ордасына кері қайтты. Көргендерін айтып, «Сендердің оған Қағбаны зиярат етуіне кедергі болуларың дұрыс емес» деп пікірін ашық білдірді. Құрайыш мүшріктері ашуланып, Хуләйсті надан деп айыптады.

Мүшріктер енді жауыздығымен танылған Микрәз бин Хафсты елші етіп жіберді. Ол да жауабын алып, кері қайтты. Микрәздің елшілігінен кейін мүшріктер мұсылмандардың тұтқиылдан шабуыл жасауынан қорықты.

Пайғамбарымыз істі жарты жолдан тастағысы келмей, құрайыштықтар үшін беделді саналатын сахабаларын жібергісі

келді. Нәтижеде хазреті Османды жіберуге шешім қабылданды. Пайғамбарымыз Осман бин Аффанға (радиаллаһу анһ) **«Біз бұл жерге ешкіммен соғысу үшін келген жоқпыз. Тек Қағбаны тауап етіп, зиярат жасауға келдік. Құрбандық түйелерімізді сойып, кері қайтамыз деп айт және оларды Исламға шақыр»**,- деді. Сондай-ақ, Меккедегі мұсылмандарға Меккенің жақын арада алынатынын сүйіншілеуді де ескертті.

Хазреті Осман мүшріктерге барып, пайғамбарымыздың айтқандарын сол қалпында жеткізді. Олар хазреті Османның ұсынысына теріс жауап берді. Қалаған кезінде тек өзінің ғана Бәйтуллаһты тауап етуіне рұқсат берді. Хазреті Осман болса «Расул алейһиссалам Бәйтуллаһты тауап етпейінше мен де тауап етпеймін»,- деді. Бұған ашуланған мүшріктер оны ұстап қамауға алды. Бұл хабар сахабаларға «Осман шәһид етілді» болып жетті. Жағдайды пайғамбарымызға айтқанда ол қатты қайғырып, **«Бұл хабар рас болса, бұл қауыммен шайқаспайынша бұл жерден кетпейміз»**,- деді. Сосын сол жердегі Самура деген ағаштың астында отырып, **«Аллаһу та'ала маған ант етулеріңді бұйырды»** деп, сахабаларды ант етуге шақырды. Сахабалар қолдарын пайғамбарымыздың қолының үстіне қойып, **«Аллаһу та'ала сізге жеңісті ихсан еткенге дейін алдыңызда соғысып, жеңіске жету немесе осы жолда шәһид болуға ант еттік»** деп уәде берісті. Пайғамбарымыз бір қолын екінші қолының үстіне қойып, хазреті Османның атынан ант етті. Пайғамбарымыз сахабаларының бұл антына қатты қуанып, **«Ағаш астында шынымен ант бергендердің ешқайсысы тозаққа кірмейді»**,- деді. Бұл ант **«Бәйъәт-ур-Ридуан»** (Ридуан анты) деп аталды.

Сахабалар (радиаллаһу анһум) қылыштарын асынып, пайғамбарымыздың бұйрығын күтіп тұрды.

Осы кезде Ислам әскерін бақылап жүрген Құрайыш тыңшылары мүжаһидтердің пайғамбарымызға осы жолда шәһид болғанға дейін соғысуға ант бергенін және дайындық жасағандарын көрді. Дереу Құрайыш ордасына барып, болған жәйттерді айтты.

Пайғамбарымыз түнде сахабаларды қорғауға кезекпен күзетші қойды. Хазреті Осман ұсталған күндердің бір түнінде Микрәз басқарған елу адамдық мүшрік жасағы Ислам әскерін ұйқыда жатқанда бас салу үшін шабуыл жасады. Сол түні Мұхаммед бин Мәсләмә мен жолдастары (радиаллаһу анһум) күзетте тұрған

болатын. Келген кәпірлерді қысқа шайқастан кейін ұстап алды. Тек Микрәз ғана қашып құтылды. Тұтқындарды пайғамбарымызға алып барды. Біразы қамалып, біразына кешірім берілді. Мүшріктер ертеңіне түнде тағы да шабуылдап, тағы да ұсталды. Пайғамбарымыз оларды да кешіріп, босатып жіберді.

Құтқарыңыз мені, йа Расулаллаһ!..

Ислам әскерінің соғысқа дайын тұрғанын және кез-келген уақытта шабуыл жасауы мүмкін екенін түсінген кәпірлердің жасағы қорқа бастады. Келісуден басқа жолдың жоқ екеніне көздері жетіп, шұғыл түрде елшілік кеңес сайлады. Сухәйл бин Амр басқарған бұл кеңеске «Биыл Меккеге кірмеулері шартымен келісім жасаңдар» делінді.

Пайғамбарымыз Құрайыш елшілерін қабылдады. Елшілердің бірінші талаптары – қамаудағы адамдарын босату болды. Пайғамбарымыз **«Меккедегі сахабаларымды босатпайынша бұл адамдарыңды бермеймін»**,- деді. Сухәйл «Расында бізге әділ және ынсапты мәміле жасадыңдар» деп, Меккедегі хазреті Османды және одан бұрын да қамалған он шақты сахабаны босатты. Бұдан соң шабуыл кезінде ұсталып, қамалған мүшріктер босатылды.

Ұзақ келіссөздерден кейін шарттар белгіленді. Кезек оны жазуға келген еді. Хазреті Әли жазатын адам болып сайланды. Келісім шартты жазуға қағаз, қалам дайындалды. Пайғамбарымыз хазреті Әлиге **«Жаз»,**- деді. **«Бисмилләһиррахманиррахим».** Бұған Сухәйл қарсы болып, «Ант етемін, мен рахман деген сөздің не екенін білмеймін. Бұлай жазба, «Бисмикә Аллаһумма» деп жаз, әйтпесе келісім шарт жасаспаймын»,- деді. Пайғамбарымыз бұл келісім шарттың жасалуынан өте үлкен хикметтер көргендіктен **«Бисмикә Аллаһумма да жақсы»** деп, хазреті Әлиге солай жазуды бұйырды. Жазып болғаннан кейін пайғамбарымыз **«Бұл - Мұхаммед Расулуллаһтың Сухәйл бин Амрмен келіскен және шарттарын екі жақ жүзеге асыруға келіскен баптар»** деген кезде Сухәйл хазреті Әлидің қолынан ұстады. Пайғамбарымызға қарап, «Ант етеміз, біз сенің Расулуллаһ екеніңді қабылдасақ, саған қарсы келмес едік, Қағбаны зиярат етуіңе кедергі келтірмес едік. Сондықтан расулуллаһ деген сөздің орнына Абдуллаһ ұлы Мұхаммед деп жаз»,- деді. Пайғамбарымыз оны да қабыл етіп, **«Уаллаһи, сендер мені теріске**

шығарсаңдар да, мен бәрібір Аллаһу та'аланың расулымын. Есімімді және әкемнің есімін жаздыру менің пайғамбарлығымды жоймайды. Йа Әли! Мұхаммед бин Абдуллаһ деп жаз»,- деді.

Расулуллаһ деген сөздің өшірілуіне ешқандай сахабаның көңілі разы болмады. Олар «Йа, Әли! Мұхаммед Расулуллаһ деп жаз, әйтпесе бұл мүшріктермен арамызды тек қылыш қана шешетін болады»,- деді. Пайғамбарымыз сахабалардың бұл табандылығына риза болды, бірақ қолымен оларға үндемеуді ымдады. Хазреті Әлиге өшіруді бұйырған соң ол «Жаным сізге құрбан болсын йа Расулаллаһ! Сіздің бұл киелі сипатыңызды өшіруге қолым бармайды» деп кешірім сұрады. Пайғамбарымыз ол жерді көрсетуді сұрады. Көрсеткен соң өз саусағымен өшіріп, Абдуллаһтың ұлы деп жаздырды.

Сосын баптар жазыла бастады:

1- Келісім шарт он жыл күшінде болады, бұл мерзім ішінде екі жақ бір-бірімен соғыспайды.

2- Мұсылмандар биыл Қағбаны зиярат етпейді. Бір жылдан кейін зиярат етеді.

3- Қағбаға зиярат етуге барған мұсылмандар үш күн болып, өздерімен бірге тек жолаушы қаруын ғана алып жүреді.

4- Мұсылмандар Қағбаны тауап еткенде меккелік мүшріктер Қағбадан шығып, олардың еркін тауап жасауларына жағдай жасайды.

5- Құрайыштықтардан мұсылман болған адам басшысының рұқсатынсыз Мәдинаға баратын болса, кері қайтарылады, мұсылмандардың бірі Құрайыш тарапына өтіп, Меккеге барса, қайтарылмайды. Хазреті Омар бұл бапқа «Йа Расулаллаһ! Бұл шартты да қабылдайсыз ба?» деп сұрағанда пайғамбарымыз күлімсіреп, **«Иә, бізден оларға кететіндерді Аллаһу та'ала бізден ұзақ етсін»**,- деді.

6- Сахабалардың бірі қажылық немесе умра жасау ниетімен Меккеге барса, өзі мен мал-мүлкі қауіпсіздікте болады.

7- Мүшріктердің бірі Шамға, Мысырға немесе басқа жерге бара жатқанда Мәдинаға соқса, оның да өмірі мен мал-мүлкі қауіпсіздікте болады.

8- Басқа араб тайпалары қалаған жақтың қол астына кіре алады. Мұсылмандармен немесе мүшріктермен бірігуде оларға еркіндік беріледі.

Кезек келісім шартқа қол қоюға келген еді. Сол кезде аяқтарындағы шынжырын сүйретіп, бір адамның Ислам әскеріне қарай келе жатқаны байқалды. Жақындап келіп, «Мені құтқарыңдар»

деп айқайлады. Бұл дауысты естіген Құрайыш кеңесінің басшысы орнынан атып тұрды. Қолына алған тікенді таяғымен оның басын, бетін ұра бастады. Ол бар күшін жинап келіп пайғамбарымыздың аяғының астына келіп құлады: «Құтқарыңыз мені, йа Расулаллаh!» деп жалбарынды. Бұл Меккеде мұсылмандықты қабылдауына байланысты әкесі шынжырмен байлаған бір мұсылман болатын. Оған күнде азап көрсетіліп, оны пұтқа табынуға зорлайтын. Мүшріктердің Худәйбийаға кеткенін пайдаланып, шынжырын үзіп, ешкімге көрінбестен Меккеден шығып, мұсылмандардың арасына келген еді. Тура жолды ұстанған бұл адам мүшрік кеңесінің басшысы Сухәйлдің баласы Әбу Жәндәл болатын. Сухәйл пайғамбарымызға баласы Әбу Жәндәлді (радиаллаhу анh) көрсетіп, «жаңа жазған келісім шартымыз бойынша маған қайтаратын алғашқы адамың осы болады»,- деді. Пайғамбарымыз бен сахабалардың бұған қатты көңілдері түсті. Бәрі пайғамбарымыздың не деп жауап беретінін күтіп тұрды. Бір жақта келісім шарт, екінші жақта қорлық көрген сахаба тұр еді. Пайғамбарымыз Сухәйлге **«Біз бұл келісім шартқа әлі қол қойған жоқпыз»,**- деді. Сухәйл «Йа Мұхаммед! Келісім шарттың баптарын балам осы жерге келгенге дейін жазып бітірген болатынбыз. Егер баламды кері қайтармасаң мен де ешқашан келісім шартқа қол қоймаймын» деп қыңырланды. Пайғамбарымыз **«Оны мен үшін келісім шарттан тыс сана»** десе де мүшріктер мұны қабылдамады. Сухәйл бин Амр баласын сүйреп әкетіп бара жатқанда Әбу Жәндәл «Йа, Расулаллаh! Ей мұсылман бауырларым! Мұсылман болып, сендерді паналасам да мені мүшріктерге тапсырып отырсыңдар ма? Маған күнде қорлық көрсетілуін дұрыс деп санайсыңдар ма? Йа, Расулаллаh! Дінімнен шығарсын деп мені кері қайтарып отырсыз ба?» деп айқайлады. Мұндай аянышты сөздерге шыдап тұру мүмкін емес еді. Пайғамбарымыздың көзіне жас толып, Сухәйлдің жанына барып, **«Бұлай жасама, оны маған бер»,**- деді. Бірақ, Сухәйл «Жоқ, бермеймін»,- деді. Содан соң пайғамбарымыз «**Ей, Әбу Жәндәл! Тағы біраз сабыр ет! Саған жасалғандарға шыда. Мұның қайтарымын Аллаһтан тіле. Аллаһу та'ала саған және сен сияқты әлсіз, ешкімі жоқ мұсылмандарға шығатын жолды сөзсіз береді»** деп жұбатты да, **«Берген сөзімізде тұрмау бізге жараспайды»**,- деді.

Осындай аянышты оқиғаға мүшріктердің өзі шыдап тұра алмай, «Ей Мұхаммед! Әбу Жәндәлді сен үшін біз қамқорлығымызға

аламыз. Оған Сухәйлдің азап көрсетуіне жол бермейміз»,- деді. Содан соң Расулуллаh пен сахабалардың көңілі біраз орнықты. (Сухәйл бин Амр Мекке алынғаннан кейін мұсылман болды).

Келісім шарт екі нұсқа түрінде дайындалып, оған екі жақ қол қойды. Мүшріктер ордаларына қайтты.

Мұсылмандар үшін зиянды болып көрінген бұл баптарға Құрайыш кеңесі қатты қуанған еді. Керісінше бұл келісім шарт үлкен жеңіс болатын және бұл баптар мұсылмандардың пайдасына жазылған еді. Ең алдымен мұсылмандардың жеке бір тәуелсіз мемлекет екендігі осы келісімшарт арқылы мойындалған еді. Меккеден бір мүшрік сауда немесе басқа нәрсе үшін Шамға, Мысырға бара жатқанда Мәдинаға соқса, өмірі мен мал-мүлкі қауіпсіздікте болады. Осылайша, мүшріктер мұсылмандардың қалай өмір сүріп жатқанын жақыннан көріп, Исламның әділдігі, сахабалардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынасына таң қалып, Исламды ұнатады. Ақырында мұсылман болып, сахабалардың қатарына қосылатын еді.

Он жыл сақталуы тиіс бұл келісім шарт арқылы мұсылмандар көбейіп, күшейіп, Ислам діні жан-жаққа таралатын еді.

Алайда, Құрайыштықтардың бірі мұсылман болып, Мәдинаға барғысы келсе, қайтарылады деген бапқа пайғамбарымыздың көңілі түсіп, **«Аллаһу та'ала олар үшін әрине бір жеңілдік, шығар жол табады»** деген.

Енді мүшріктермен жасайтын іс қалмаған еді. Расулуллаh сахабаларға **«Тұрыңдар! Құрбандықтарыңды сойыңдар. Шаштарыңды алдырғаннан кейін ихрамнан шығыңдар»,**- деді. Пайғамбарымыз ең бірінші болып құрбанын шалды. Сосын оны шаштаразы Хыраш бин Умәййә қырындырды. Сахабалар оның шаштарын жерге түсірместен қағып алып, береке деп сақтап қойды. Сахабалар да құрбандықтарын шалып, біразы шаштарын алдырды, біразы қысқартты.

Худәйбийада жиырма күндей болған еді. Пайғамбарымыз жолдастарымен бірге Мәдинаға қайтуға жолға шықты. Жолда Аллаһу та'ала пайғамбарымызға «Фәтиһ» сүресін түсіріп, нығметі мен көмегін беретінін сүйіншіледі.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жеңімпаз ретінде нұрлы Мәдинаға барған күндерінде Құрайыштың Сақыф тайпасынан Әбу Басир (радиаллаһу анh) мұсылман болды. Мүшріктердің арасында тұра алмайтындығын түсінген Әбу Басир жаяу Мәдинаға

барды. Худәйбийа келісім шарты бойынша Мәдинадан кетіп, Қызылтеңіздің жағалауындағы Ыс деген жерге орналасты. Бұл жер Құрайыш мүшріктерінің Шамға баратын сауда жолының үстінде болатын. Осыдан кейін Құрайыштан мұсылман болғандар Меккеден кетіп, Мәдинаға емес, Ысқа, Әбу Басирдің (радиаллаһу анһ) жанына баратын болды. Олардың алғашқысы Әбу Жәндәл болатын. Бұдан соң осылай жалғаса берді. Олардың саны үш жүзге дейін жетті. Құрайыш керуені Шамға бара жатқанда осы жерден өтуге мәжбүр болатын. Хазреті Әбу Басир жанындағы мұсылмандармен бірге бұл жерден өткен мүшріктерді ұстап, олардың мұсылман болуын қалайтын. Мұсылман болмағандармен соғысып, оларды қиын жағдайға қалдыратын.

Меккелік мүшріктер енді Шам сауда жолдарының жабылғанын көріп, Мәдинаға елші жіберді. Худәйбийа келісім шартының «Құрайыштықтардан мұсылман болған адам басшысының рұқсатынсыз Мәдинаға барса кері қайтарылады» деген бапты өшіруді ұсынды. Осылайша, Құрайыштықтардың Шам сауда жолы ашылған еді. Мұсылмандар да жасаған сабырлылықтарының нәтижесінде Мәдинаға, пайғамбарымыздың қасына барды.

ШАҚЫРУ ХАТТАРЫ

Билеушілерге жіберілген хаттар

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Худәйбийадан оралғаннан кейін Исламның бүкіл әлемге таралуын, адамдардың тозақ азабынан құтылып, шынайы бақытқа қауышқанын қалады. Өйткені, ол бүкіл жаратылысқа рақымдылық ретінде жіберілген еді. Сол себептен де айналадағы әміршілерге, патшаларға елшілер жіберіп, Исламға шақыруды ойлады. Дыхие Кәлбиді (радиаллаһу анһ) Византияға, Амр бин Умәййәні (радиаллаһу анһ) Хабәшстанға, Хатиб бин Әбу Бәлтәаны (радиаллаһу анһ) Мысыр әміршісіне елші етіп жіберді. Сондай-ақ, осындай тапсырмамен Салит бин Амрды (радиаллаһу анһ) Йәмамәға, Шужа бин Уәхбті (радиаллаһу анһ) Ғассанға, Абдуллаһ бин Хузафәні (радиаллаһу анһ) Иран билеушісіне жіберді. Бұл елшілер сахабалардың ең таңдаулылары болатын. Келбеттілері, сөзге шешендері болатын. Әр билеушіге бөлек-бөлек Исламға шақыру хаттары жазылды. Пайғамбарымыз хаттардың астына жүзігінің бетінде үш қатар болып «Аллаһу та'аланың Расулы Мұхаммед алейһиссалам» деп жазылған мөрін басты. Билеушілерге жіберілетін елшілер таңертең ұйқыдан тұрғанда пайғамбарымыздың мұғжизасымен баратын елдерінің тілін білетін адамдар болып оянды.

Хабәшстанға баратын Амр бин Умәййә Нәжаши Әсхамәдан одан бұрын ол жерге хижрет еткен сахабалардың Мәдинаға қайтарылуын да сұрайтын еді.

Амр бин Умәййә (радиаллаһу анһ) қысқа уақытта Хабәшстанға барып, патша Нәжаши Әсхамәнің алдына барды. Нәжаши тағынан түсіп, хатты үлкен құрметпен қолына алды. Сүйіп, жүзіне, көзіне сүрткеннен кейін ашып оқыды:

Бисмилләһиррахманиррахим!

Аллаһу та'аланың расулы Мұхаммед алейһиссаламнан Хабәш патшасы Нәжаши Әсхамәға!

Тура жолды ұстанған адамға сәлем! Ей әмірші! Саулықта болуыңды тілеп, саған берген нығметтеріне байланысты Аллаһу та'алаға шүкіршілік етемін. Одан басқа илаһ жоқ. Ол Мәлик *(барлық ғаламда биліктің иесі тек Ол ғана),* ***Сәлам*** *(құлдарын*

барлық қауіптерден қорғаушы), ***Мүмин*** *(қауіпсіздік орнатушы),* ***Мүхәймин*** *(барлық нәрсені бақылап, қорғаушы).*

Иса *(алейһиссалам)* ***- Аллаһу та'аланың өте таза, намысты, әр түрлі дүниелік істерден тартынған Мәриямға берген рухы мен сөзі. Осылайша, ол Исаға жүкті болды. Аллаһу та'ала Адам алейһиссаламды құдіретімен қалай жаратса, Исаны да солай жаратқан.***

Ей, әмірші! Мен сені теңдесі, серігі жоқ Аллаһу та'алаға иман келтіруге, Оған ғибадат жасауға және маған бағынуға, Аллаһу та'аланың маған жібергендеріне сенуге шақырамын. Өйткені, мен Аллаһу та'аланың осыларды уағыздауға міндеттеген расулымын.

Енді мен саған керекті уағызды айтып, дүние мен ахирет бақытын насихаттадым. Насихатымды қабылдаңыз. Тура жолға түскендерге сәлем болсын!»

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хатын әдеппен, ұйып тыңдаған әмірші Әсхамә дереу «Әшһәду ән лә илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһү уә Расулуһү»- деп, шаһадат кәлимасын айтып, мұсылман болды. Сосын «Ант етемін, ол әһли кітап болған яһудилер мен христиандардың күтіп жүрген, келетіні бұрынғы пайғамбарлар тарапынан хабарланған пайғамбар болып табылады.

Егер оған баратын мүмкіндігім болғанда міндетті түрде барып, оған қызмет етер едім»,- деді. Хатты құрметпен бір қорапқа салып, «Бұл хаттар бұл жерде тұрғанда Хабәш елінен қайыр мен береке кетпейді»,- деді.

Пайғамбарымыз Нәжашиге екі хат жіберген болатын. Нәжаши Әсхамә басқа хатта көрсетілген бұйрықтарды орындап, пайғамбарымыздың әйелі Үммү Хабиба (радиаллаһу анһа) мен сол жердегі сахабаларды кемелерге мінгізіп, көптеген сыйлықтар беріп, Мәдинаға жіберді. Жауап ретінде жіберген хатында өзінің иман келтіргенін жазған еді.

Хазреті Дыхие Кәлбиге Византия императорын Исламға шақыру жүктелген болатын. Хатты Бусрадағы Ғассан билеушісі Хариске береді, ал ол билеуші Гераклиусқа жіберетін еді.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) шақыру хатын үлкен құрметпен алған хазреті Дыхие тез арада Бусраға барды. Хариспен кездесіп, жағдайды айтты. Харис Дыхиенің (радиаллаһу анһ) қасына әлі мұсылман болмаған Ади бин Хатәмді қосып беріп,

ол кезде Құдыста болған Гераклиусқа жіберді. Екеуі Құдысқа барып, императорға жолығу үшін келгендерін білдіргенде императордың адамдары оған «Әміршімізге барған кезіңде басыңды төмен иіп жүресің, жақындаған кезде жерге жатып, сәжде жасайсың. Сәждеден тұруыңа рұқсат бермейінше басыңды көтермейсің»,- деді. Бұл сөздер хазреті Дыхиеге (радиаллаһу анһ) ауыр келіп, оларға: «Біз, мұсылмандар Аллаһу та'аладан басқа ешкімге сәжде жасамаймыз. Және де адамның адамға сәжде жасауы оның жаратылысына теріс келеді»,- деді. Осы кезде императордың адамдары «Олай болса император сенің әкелген хатыңды ешқашан қабылдамайды және сені алдынан қуып шығады»,- деді. Хазреті Дыхие (радиаллаһу анһ): «Біздің пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам басқа адамның өзіне сәжде жасамақ түгілі сәл иілуіне де рұқсат бермейді. Оған жолыққысы келген адам құл болса да оған ілтипатпен қарайды. Алдына шақырып, тілегін тыңдайды, көңілін аулап, мәселесін шешеді. Сондықтан да оған бағынғандардың барлығы азат, қадірлі»- деді. Бұл сөздерді тыңдағандардың бірі: «Ақыры императорға сәжде жасамайтын болсаң, онда міндетіңді атқаруыңа басқа жол көрсетейін. Императордың сарайының алдында демалатын бір жері бар. Күнде түстен кейін сол аулаға шығып жүреді. Сол жерде бір мінбе бар. Оның үстінде бір жазу бар болса, алдымен соны алып оқиды, сосын демалады. Сен қазір барып, хатты сол мінбеге қой да сыртта күт. Хатты көрген соң сені шақыртады. Сол кезде тапсырманды орындарсың»,- деді. Сөйтіп, хазреті Дыхие хатты айтылған жерге қойды. Гераклиус хатты алып, арабша білетін тілмаш сұрады. Тілмәш пайғамбарымыздың хатын оқи бастады. Хаттың ең басында ***«Бисмиллаһиррахманиррахим! Аллаһу та'аланың Расулы Мұхаммед алейһиссаламнан Византиялықтардың көсемі Гераклиусқа»*** деп жазылған еді. Гераклиустың бауырының баласы Йәннак хаттың бұлай басталғанына қатты ашуланып, тілмәштың кеудесінен жұдырықпен салып қалады. Тілмәш жерге құлап, хат қолынан түсіп кетеді. Гераклиус Йәннакқа «Неге бұлай жасадың?» деп сұрағанда ол: «Хатты көрмей тұрсың ба? Хатты сенің атыңнан бұрын өзінің атымен бастапты, әрі сенің әмірші екеніңді айтпай, «Византиялықтардың көсемі Гераклиус» депті. Неге «Әміршісі» деп жазбаған және неге алдымен сенің есіміңді жазбаған? Оның хатын бүгін оқымаймыз»- деді. Содан соң Гераклиус: «Уаллаһи, сен өте ақылсызсың немесе жындысың. Сенің мұндай екеніңді білмейтін

едім. Мен әлі хатта не бар екенін көрместен жыртып тастағың келіп тұр ма? Ант етемін, егер ол өзі айтқандай Аллаһтың елшісі болса, хатына менің атымнан бұрын өзінің атын жазуы және мені Византиялықтардың көсемі деп айтуы өте орынды. Мен тек олардың иесімін, әміршілері емеспін»- деп, Йәннакты алдынан қуып шықты. Сосын христиандардың ең білгірі, басшысы және өзінің кеңесшісі болған Ускуф деген адамды шақыртты. Оған хатты оқытты. Хаттың арғы жағында былай жазылған еді: ***«Аллаһу та'аланың тура жолына түскендерге сәлем!*** *(Ей, Византиялықтардың көсемі!)* ***Сені Исламға шақырамын. Исламды қабылда, игілікте боласың. Мұсылман бол, Аллаһу та'ала саған екі есе сый берсін. Егер жүзіңді теріс бұрсаң барлық христиандардың обалы саған. Оларға «Ей, кітап иелері!*** *(яһудилер мен христиандар)* ***Арамызда ортақ сөзге келіңдер. Ол Аллаһу та'аладан басқа ешнәрсеге табынбаймыз және ешкімді жаратушы Раббы деп танымаймыз» деп айт. Егер бұл сөзден теріс айналса «Куә болыңдар. Біз мұсылманбыз» деңдер»*** («Али Имран» сүресі, 64). Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хатын оқып жатқанда Гераклиустың маңдайынан тер сорғалаған еді. Хатты оқып біткен кезде «Сүлеймен алейһиссаламнан кейін мен осылай **«Бисмиллаһиррахманиррахим»** деп басталатын хат көрген жоқпын»,- деді. Гераклиус Ускуфтан бұл туралы пікірін сұрағанда «Уаллаһи, ол - Мұса мен Исаның (алейһимуссалам) бізге келетінін сүйіншілеген шын пайғамбар! Біз оның келуін күтіп жүр едік»,- деді. Гераклиус: «Сен маған не істеуді ұсынасың?»- деп сұрады. Ускуф: «Оған бағынуыңды лайық деп санаймын»- деп жауап берді. Гераклиус: «Мен сенің айтқан нәрсеңді өте жақсы білемін. Бірақ, оған бағынып, мұсылман болуға күшім жетпейді. Өйткені, мен билігімнен айрыламын және адамдар мені өлтіреді»- деді. Осыған орай хазреті Дыхие мен Ади бин Хатәмді шақыртты. Ади: «Ей, әмірші! Ұсақ малдары мен түйелері араптардан болған мына адам елінде болған таңқаларлық оқиға туралы айтады»,- деді. Гераклиус: «Ол не?»- деп сұрады. Хазреті Дыхие (радиаллаһу анһ): «Арамыздан бір адам шықты. Өзінің пайғамбар екенін жариялады. Халықтың бір бөлігі оған бағынуда, бір бөлігі қарсы шығуда. Бізбен (сенгендермен) сенбегендердің арасында шайқастар болуда»,- деді.

Осыдан соң Гераклиус пайғамбарымыз туралы сұрастыра бастады. Шам әкіміне бұйрық беріп, пайғамбарымыздың тегінен бір адамды табуды бұйырды. Сосын өзінің досы болған және ибрани тілін

білетін Римдегі бір ғалымға хат жазып, бұл туралы сұрады. Римдегі досынан бұл адамның ақырзаман пайғамбары екенін білдірген хат келді. Шам әкімі саудаға барған бір Құрайыш керуеніне жолықты. Олардың ішінде әлі мұсылман болмаған, Құрайыштың басшысы Әбу Суфйан бар болатын. Әбу Суфйан былай дейді: «Біз Ғаззәде болған кезімізде Гераклиустың Шам әкімі бізге екпіндеп келіп, «Сендер мына Хижаздағы адамның тегіненсіңдер ме?»- деп сұрады. «Иә»,- дедік. «Бізбен бірге императордың алдына барасыңдар»,- деді. Оларды Гераклиустың алдына алып барды. Ол кезде Гераклиус Құдыстағы бір шіркеуде болатын. Уәзірімен бірге отырып, басына тәжін киген еді. Гераклиус Әбу Суфйан мен қасындағы отыз шақты меккеліктерді осы жерде қабылдады.

Тілмәш шақырып, оларға «Араларыңда пайғамбар екенін айтқан адамға тек жағынан ең жақын кім бар?»- деп сұрады. Әбу Суфйан «Мен»- деп жауап берді. Гераклиус: «Туыстық жақындығың қандай?»- деп сұрады. Ол «Көкемнің ұлы»- деп жауап берді. Гераклиус оны қасына жақын шақырып, қалғандарын оның артына тұрғызды. Әбу Суфйан алғашында өтірік қосып сөйлегенімен, кейін Гераклиустың ескертуімен қорқып, өтірік айта алмады. Араларында мынадай әңгіме өтті. Гераклиус:

- Араларыңда одан бұрын пайғамбар екенін айтқан адам болды ма?

- Болған жоқ.

- Пайғамбар екенін айтқан адамның тегі қандай?

- Ол – дәуіріміздің ең тектісі. Тек жағынан ең таңдаулымыз.

- Оның аталарының бірі әмірші болған ба?

- Жоқ.

- Оған халықтың танымал адамдары бағынуда ма? Әлде кедейлер мен әлсіздер ме?

- Оған бағынғандар кедейлер, әлсіздер, жастар мен әйелдер. Үлкендер мен танымалдардан бағынғандар аз.

- Оған бағынушылар артуда ма әлде азаюда ма?

- Артуда.

- Оның дініне кіргеннен кейін ұнатпай немесе ашуланып шыққан адам бар ма?

- Жоқ.

- Пайғамбар екенін айтпастан бұрын ол өтірік айтқан ба?

- Жоқ.

- Ол пайғамбардың антын бұзған, сөзінде тұрмаған кезі болды ма?

- Жоқ. Бірақ біз біраз уақытқа соғыспай, келісім шарт жасастық. Бұл мерзім ішінде оның не істейтінін білмейміз.

- Ол сендерге нені бұйырады?

- Жалғыз Аллаһу та'алаға ғибадат жасауды, Оған ешнәрсені ортақ етіп қоспауды бұйырады. Ата-бабаларымыздың табынған нәрселеріне табынуға тыйым салады. Намаз оқуды, турашыл болуды, кедейлерге көмек беруді, харамдардан сақтануды, берген уәдеде тұруды, аманатқа қиянат жасамауды және туыстармен араласып тұруды бұйырады.

Шіркеуде осындай әңгіме болып, пайғамбарымыздың хаты оқылды. Гераклиус хатты сүйіп, көзіне сүртіп, басына қойған кезде гректердің арасында шулаған дауыстар шыға бастады. Император Әбу Суфйан мен қасындағы құрайыштықтарды сыртқа шығаруды бұйырды. Әлі мұсылман болмаған Әбу Суфйан бұл жерде ант етіп тұрып, пайғамбарымыздың табысқа қол жеткізетініне сенетінін айтқан еді.

Хазреті Дыхие (радиаллаһу анһ) Гераклиустың алдына барып, жағымды дауысымен «Ей, император! Мені саған Бусрадан бір адам (Харис) жіберді, ол сенен қайырлы. Аллаһу та'алаға ант етемін, мені оған жіберген адам (Расулуллаһ) болса одан да, сенен де қайырлы. Сен менің сөздерімді кішіпейілділікпен тыңдап, айтылған насихаттарды қабылдауың керек. Өйткені, кішіпейілділік жасасаң насихаттарды ұғынасың. Насихаттарды қабылдамасаң ынсапты бола алмайсың!»- деді. Гераклиус «Жалғастыр» деген соң хазреті Дыхие (радиаллаһу анһ): «Олай болса мен сені Иса алейһиссалам құлшылық еткен Аллаһу та'алаға иман келтіруге шақырамын. Мен сені бұрын Мұса алейһиссалам, одан кейін Иса алейһиссалам келетінін айтып сүйіншілеген үмми пайғамбарға иман келтіруге шақырамын. Егер бұл мәселелерден хабарың бар болса, дүние мен ахирет бақытына ие болғың келсе, оларды көз алдыңа елестет. Әйтпесе, ахирет бақытынан қол үзіп, күпірлікте қаласың. Мынаны да жақсы біл, Раббың болған Аллаһу та'ала - залымдарды жоюшы және нығметтерді өзгертуші»,- деді. Гераклиус: «Мен келген жазуды оқымай, ғалымдарымнан білмейтіндерімді сұрап білмей қоймаймын. Бұдан тек қайыр мен игілік көремін. Сен маған ойланып, ақиқатты тапқанға дейін уақыт бер»- деді. Гераклиус содан соң хазреті Дыхиені қасына алдырып, бетпе-

бет сөйлесті. Ішіндегісін ашып айтты: «Мен, сені жіберген адамның кітаптарда келетіндігі туралы айтылған ақырзаман пайғамбары екенін білемін. Бірақ, оған бағынатын болсам гректер мені өлтіреді деп қорқамын. Сені олардың ең үлкен ғалымдары және менен де қатты құрметтейтін адамдары – Дагатырға жіберейін. Барлық христиандар соған бағынады. Егер ол иман келтірсе гректердің барлығы иман келтіреді. Мен де сол кезде жүрегімдегілерді және сенімімді ашық жариялаймын»- деді.

Содан соң Гераклиус бір хат жазып, хазреті Дыхиеге (радиаллаһу анһ) беріп, Дагатырға жіберді. Расулуллаһ Дагатырға да хат жіберген болатын. Дагатыр хаттарды оқып, пайғамбарымыздың сипаттарын естіген кезде оның хазреті Мұса мен хазреті Иса хабар берген ақырзаман пайғамбары екеніне күмән жоқ екенін айтып, иман келтірді. Үйіне барып, шықпай отырды. Әр жексенбіде айтатын уағыздарын айтуға үш апта шықпады. Христиандар «Дагатырға не болған, араптармен кездескеннен бері сыртқа шықпады? Оны көргіміз келеді»- деп айқайлады. Дагатыр үстіндегі қара түсті шіркеу киімін шешіп, ақ киім киді. Қолына таяғын ұстап, шіркеуге барды. Халықты жинағаннан кейін орнынан тұрып «Ей, христиандар! Біліңдер, бізге Ахмедтен (алейһиссалам) хат келді. Бізді хақ дінге шақырыпты. Мен анық білемін және сенемін, Ол – Аллаһу та'аланың шынайы расулы»- деді. Христиандар мұны естігенде Дагатырға бас салып, оны шәһид етті. Хазреті Дыхие (радиаллаһу анһ) келіп, жағдайды Гераклиусқа баяндады. Гераклиус: «Мен саған айтқан жоқпын ба? Дагатыр христиандардың алдында менен де құрметті және қадірлі. Егер халық мұсылман болғанымды естісе, мені де солай өлтіреді»- деді.

Бұхаридің «Сахихінде» айтылған және Зүхридің жеткізген хабарында «Гераклиус Хумустағы сарайында гректердің үлкендерін шақыртып, есіктерді жаптырып, биіктеу жерге шығып, былай деді: «Ей, грек қауымы! Сендер бақытқа, тыныштыққа қауышуды және биліктеріңнің сақталып қалуын, хазреті Исаның айтқанына бағынуды қалайсыңдар ма?»,- деді. Гректер «Ей, әміршіміз! Бұларға қол жеткізу үшін не істейік?»- деп сұрады. Гераклиус: «Ей, грек халқы! Мен сендерді қайырлы бір іс үшін жинадым. Маған хазреті Мұхаммедтің хаты келді. Мені Ислам дініне шақырды. Уаллаһи, ол біз күтіп жүрген, келетіні кітаптарымызда жазылған, белгілері анық пайғамбар. Келіңдер, оған бағынып, дүние мен ахиретте игілікке ие болайық»,-

деді. Бұған барлығы жаман сөздер айтып, дабырлап сыртқа шығу үшін есікке ұмтылды. Бірақ, есіктер жабық болғандықтан шыға алмады. Гераклиус гректердің бұл әрекетін көріп, Исламнан осыншама қашатындықтарын түсініп, өміріне қауіп төнеді деп қорқаннан «Ей, грек қауымы! Менің айтқан сөздерім сендердің өз діндеріңе қалай берілгендеріңді сынау үшін еді. Діндеріңе берілгендеріңді және мені қуандырған әрекеттеріңді өз көзіммен көрдім»- деді. Осыдан соң гректер Гераклиусқа сәжде етіп, есіктер ашылған соң шығып кетті.

Гераклиус хазреті Дыхиені шақырып, болған жәйтті айтты. Құнды сыйлықтар берді. Сосын пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хат жазды. Хатын, дайындаған сыйлықтарын хазреті Дыхие (радиаллаһу анһ) арқылы пайғамбарымызға жіберді. Гераклиус мұсылман болуды қалаған, бірақ өмірі мен атағын жоғалтудан қорқып, иман келтірмеген болатын. Пайғамбарымызға жазған хатында *«Хазреті Иса сүйіншілеген Аллаһтың Расулы Мұхаммедке гректердің билеушісі Кайсерден! Елшің маған хатты алып келді. Мен сенің Аллаһтың хақ Расулы екеніңе куәлік етемін. Біз сенің атыңның Інжілде жазылғанын көрдік және хазреті Иса сені бізге сүйіншіледі. Гректерді саған иман етуге шақырсам да олар келіспеді. Мені тыңдағанда бұл олар үшін қайырлы болар еді. Мен сенің қасыңда болып, саған қызмет етуді және аяқтарыңды жууды қалаймын»*- деп жазылған еді.

Хазреті Дыхие (радиаллаһу анһ) Гераклиустан кетіп, Хисмаға барды. Жолда Жүзам аймағының Шәнар деген жерінде Хунәйд бин Ус, оның баласы және адамдары хазреті Дыхиені тонады. Ескі киімдерінен басқа барлық нәрсесін алып қойды. Бұл жерде Дубәйб бин Рәфаә бин Зәйд пен оның тайпасы Исламды қабылдаған болатын. Дыхие (радиаллаһу анһ) оларға барып, болған жағдайды айтқан кезде олар Хунәйд бин Ус пен тайпасына барып, заттардың барлығын қайтарып алды. Содан соң Расулуллаһ Зәйд бин Харисті (радиаллаһу анһ) Хунәйд бин Ус пен оның адамдарына жіберді. Сол аймақтағылардың барлығы иман келтірді. Хазреті Дыхие Мәдинаға барғанда үйіне соқпастан тіке пайғамбарымызға барды. Есігін қақты. Пайғамбарымыз **«Кім бұл?»**- деп сұрады. Дыхие «Дыхиетул-Кәлби»,- деді. Пайғамбарымыз **«Ішке кір»**,- деді. Хазреті Дыхие (радиаллаһу анһ) ішке кіріп, болған жайттарды айтып берді. Пайғамбарымызға Гераклиустың хатын оқыды: **«Ол біраз уақыт әлі де сұлтандық құрады. Менің хатым оларда болған кезде олардың билігі де жалғасады»**деді.

Гераклиус хатында пайғамбарымызға иман келтіргенін жазса да пайғамбарымыз **«Өтірік айтады. Дінін тастаған жоқ»**- деді. Гераклиус пайғамбарымыздың хатын жібек матаға орап, дөңгелек алтын құтының ішіне сақтап қойды. Гераклиустың үйі бұл хатты сақтап, оны сақтап қойғандарын басқалардан жасырды. Бұл хат олардың қолында болған кезде билікті ұстап тұратындықтарын айтып, соған сенетін. Шындығында да солай болған еді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Хатиб бин Әбу Бәлтәаны (радиаллаһу анһ) Мысыр билеушісіне жіберместен бұрын **«Ей, сахабаларым! Сыйды Аллаһу та'аладан күту ниетімен мына хатты Мысыр билеушісіне кім апарады?»**- деп сұрағанда хазреті Хатиб орнынан атып тұрып, «Йа, Расулаллаһ! Мен апарамын»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Ей, Хатиб! Бұл қызметті Аллаһу та'ала саған құтты етсін!»** деді.

Хатиб бин Әбу Бәлтәа (радиаллаһу анһ) хатты пайғамбарымыздан алып, қоштасып, үйіне барды. Жануарын дайындады. Жанұясымен қоштасып, жолға шықты. Мысыр билеушісі Муқауқыстың Александрияда екенін естіп, сарайына барды. Не үшін келгенін сұраған күзетші Хазреті Хатибке үлкен құрмет көрсетті. Оны күткізбеді. Муқауқыс ол кезде кемеде адамдарымен сөйлесіп отырған болатын. Хазреті Хатиб (радиаллаһу анһ) бір қайыққа мініп, Муқауқыстың отырған жеріне барып, пайғамбарымыздың хатын берді. Хатты Хатибтен (радиаллаһу анһ) алған Муқауқыс оны оқи бастайды:

«Бисмилләһиррахманиррахим!

Аллаһу та'аланың құлы және расулы Мұхаммедтен Қыбттың *(көне Мысыр халқының)* ***көсемі Муқауқысқа! Тура жолға қауышқандарға сәлем! Сені игілікте болуың үшін Исламға шақырамын. Мұсылман бол, игілік тауып, Аллаһу та'аланың екі есе сыйына бөлен. Егер теріс айналсаң бүкіл Қыбттың күнәсі сенің мойныңда. Ей, кітап иесі болған яһудилер мен христиандар! Арамызда ортақ болған сөзге келіңдер. Ол – «Аллаһу та'аладан басқа еш нәрсеге табынбаймыз және Оған еш нәрсені серік етіп қоспаймыз. Аллаһу та'аланы тастап, ішіміздің ешкімді жаратушы құдай деп санамаймыз». Егер бұл сөзден теріс айналса «Куә болыңдар. Біз мұсылманбыз» деңдер».*** («Али Имран» сүресі, 64)

Пайғамбарымыздың хаты оқылғаннан кейін Муқауқыс хазреті Хатибке «Қайырлысы болсын»,- деді. Мысыр билеушісі қолбасшыларын, мемлекет адамдарын жинап, Хатибпен сөйлесе бастады. Ол: «Білгім келген нәрселерді сұрап, осылар туралы сенімен сөйлесейік»- деді. Хазреті Хатиб «Айт, сөйлесейік» дегенде Муқауқыс:

- Сені жіберген адам туралы айт. Ол пайғамбар ма?

- Иә, ол – пайғамбар.

- Ол хақ пайғамбар болса, неге өзін отанынан шығарып, басқа жерді паналауға мәжбүр еткен қауымына қарғыс айтпады?

- Сен Иса бин Мәриям алейһиссаламның пайғамбар екеніне сенеді емессің бе? Өз қауымы оны ұстап, өлтірмек болғанда ол қарғыс айтпады және Хақ та'ала оны әлемнің көгіне көтерді. Алайда, қауымының жойылуы үшін Аллаһу та'аладан қарғыс тілеуі керек емес пе еді? Ол олай жасамады.

- Өте жақсы жауап бердің. Шынында сен хикметке толы адамнан келген елшісің. Бүгін осында қон. Ертең саған жауабымды айтамын.

Хазреті Хатиб (радиаллаһу анһ) хазреті Мұса заманындағы перғауынды меңзеп, Муқауқысқа былай деді: Сенен бұрын бұл жерде бір билеуші болған. Ол халқына «Ең үлкен құдай менмін» деп, өзінің тәңір екенін айтқан. Аллаһу та'ала оны дүние мен ахирет азабымен жазалап, одан өш алды. Сен бұдан ғибрат ал да, басқаларға ғибрат болма!

- Біз үшін бір ғана дін бар. Біз бұл дінімізді одан да қайырлысы шықпайынша тастамаймыз.

- Сенің қайырлысы шықпайынша тастамайтыныңды айтқан дініңнен де қайырлы болған дін – күмәнсіз Ислам. Біз сені Аллаһу та'аланың осы соңғы дініне, Исламға шақырамыз. Аллаһу та'ала дінін сонымен толықтырған, оны адамдарға жеткілікті еткен және бұл анық. Бұл пайғамбар жалғыз сені емес, бүкіл адамзатты Ислам дініне шақырды. Оған ең көп дөрекі әрекет танытқандар Құрайыштар, ең көп дұшпандық жасағандар яһудилер, ал христиандар ең жақын адамдары болды. Аллаһу та'алаға ант етемін, Мұса алейһиссаламның Иса алейһиссаламды сүйіншілеуі Иса алейһиссаламның Мұхаммед алейһиссаламды сүйіншілеуі сияқты. Осыған орай, біздің сені Құран кәрімге шақыруымыз сенің яһудилерді Інжілге шақырғаның сияқты. Әр пайғамбардың өзін түсініп, ұғынатын бір қауымға жіберілгені күмәнсіз. Және ол қауымының осы пайғамбарға бағынуы оған міндет

болып жүктелген. Міне, сен де осы пайғамбарға жеткендердің бірісің. Біз сені осы жаңа дінге шақырамыз.

Хазреті Хатибтің бұл сөздеріне Муқауқыс:

- Мен бұл пайғамбардың жағдайына қарадым. Бұйрықтары мен тыйымдарынан ақылға қайшы келетін еш нәрсе таппадым. Менің түсінгенімше ол сиқыршы, көріпкел және өтірікші емес. Одан кейбір пайғамбарлық белгілерін таптым. Жасырын нәрселерді жарыққа шығару – осы белгілердің бірі. Кейбір сырлардан хабар беру осы адам арқылы пайда болды. Біраз ойланайық деп уақыт сұрады.

Муқауқыс түнде Хатибті оятып, пайғамбарымыз туралы біраз нәрселер сұрағысы келетінін білдірді. Араларында мынадай әңгіме болды:

- Ол туралы сұрайтын нәрселеріме дұрыс жауап берсең үш нәрсе сұраймын.

- Қалағаныңды сұра. Мен саған әрқашан да шындықты айтамын.

- Мұхаммед адамдарды неге шақырады?

- Жалғыз Аллаһу та'алаға ғибадат етуге шақырады. Күніне бес уақыт намаз оқуды, рамазан айында ораза тұтуды, берген уәдеде тұруды бұйырады. Өлген малдың етін жеуге тыйым салады.

- Оның дене-бітімін сипаттап бер.

Хазреті Хатиб біраз сипатын айтады, біразы айтылмай қалады. Муқауқыс:

- Айтпаған тағы біраз нәрселерің қалды. Оның көзінде аздаған қызылы, арқасында пайғамбарлық мөрі бар. Өзі меркепке (есек) мінеді, жүннен киім киеді, құрма мен еті аз тамаққа қанағат етеді. Оны көкелері немесе көкелерінің ұлдары қорғайды.

- Бұлар да оған тән сипаттар.

Муқауқыс Хатибтен пайғамбарымыз туралы қайтадан сұрады.

- Сүрме қолдана ма?

- Иә, айнаға қарап, шашын тарайды, сапарда айна мен сүрмесін, тарағын, мисуәғын тастамайды.

- Мен келетін бір пайғамбардың қалғанын білетінмін және оны Шамнан шығады деп ойлап жүр едім. Өйткені, бұрынғы пайғамбарлардың барлығы сол жерден шыққан еді. Шындығында соңғы пайғамбардың Арабстаннан, тарлық, жоқшылық елінен шығатынын да кітаптардан оқыған едім. Кітаптарда сипаттары жазылған пайғамбардың келу уақыты да осы уақыт екені күмәнсіз. Біз оның сипатын кітаптан екі ағайынды қызды бір некеге біріктірмейтін,

сыйлықты қабылдап, садақаны қабылдамайтын, кедейлермен бірге отыратын деп оқыған едік. Оған бағыну мәселесінде қыбтилер мені тыңдамайды. Мен билігімнен де айрыла алмаймын. Бұл мәселеде өте сараңмын. Ол пайғамбар елдерге үстем болады, өзінен кейін сахабалары осы жерлерге дейін келеді. Ең соңында осы жердегілерді жеңеді. Мен қыбтилерге бұл сөзімді білдіргім келмейді. Осыдан соң Муқауқыс арабша жаза алатын хатшысын шақырып, пайғамбарымыздың хатына былай деп жауап жаздырды:

«Абдуллаһтың баласы Мұхаммедке қыбтилердің көсемі Муқауқыстан!

Саған сәлем жаусын. Жіберген хатыңды оқыдым. Онда айтқан нәрсеңді және шақыруыңды түсіндім. Мен де бір пайғамбардың келетінін білетінмін. Бірақ, оны Шамнан шығады деп ойлаған едім. Елшіңді сыйлап-күттім. Саған қыбтилердің қасында қадірі жоғары болған екі күң мен киетін киімдер жібердім. Сондай-ақ, мінетін ұрғашы қашыр сыйладым».

Муқауқыс бұдан басқа ештеңе істемеді, мұсылман да болған жоқ. Хазреті Хатибті Мысырда бес күн қонақ етті. Көп қошемет, құрмет көрсетті. Сосын «Енді еліңе, қожайыныңа қайт. Оған екі күң, екі мініс жануар, мың мысқал (бір мысқал = 4,8 гр) алтын, жиырма мысырша безендірілген киім мен басқа да сыйлықтар жіберуді бұйырдым. Саған жүз динар және бес киім беруді бұйырдым. Енді жолың ашық, бірақ қыбтилер сенің аузыңнан бір сөз де естімейтін болсын»,- деді.

Муқауқыс пайғамбарымызға сонымен қатар бір мөлдір стақан, хош иісті бал, сәлде, мысырлық зығыр матасы, иіссулар, аса таяқ, ыдыста сүрме, гүл майы, тарақ, қайшы, мисуәк, айна, ине және жіп те беріп жіберді.

Муқауқыс Ислам елшісі Хатиб бин Әбу Бәлтәаның жанына қорғаушы әскерлер қосып жіберді. Арабстан жеріне аяқ басқан кезде Мәдинаға бара жатқан керуенге жолықты. Хатиб (радиаллаһу анһ) Муқауқыстың әскерлерін кері қайтарып, сол керуенге қосылды. Хатиб бин Әбу Бәлтәа (радиаллаһу анһ) сыйлықтармен Мәдинаға келіп, пайғамбарымыздың алдына барды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Муқауқыстың сыйлықтарын алды. Хатиб (радиаллаһу анһ) Муқауқыстың хатын беріп, сөздерін жеткізгенде пайғамбарымыз **«Қандай жаман адам! Билігін қимады. Ал негізінде иман келтіруіне кедергі болған бұл билігі өзінде қалмайды»,-** деді.

Муқауқыстың пайғамбарымызға сыйлық ретінде жіберген екі күңі Мария мен сіңлісі Шырын болатын. Хатиб бин Әбу Бәлтәа (радиаллаһу анһ) жолда оларға мұсылман болуды ұсынғанда олар қабыл етіп, мұсылман болған болатын. Пайғамбарымыз хазреті Марияның мұсылман болғанына қатты қуанып, онымен некесін қидырды. Одан Ибраһим деген баласы болды. Шырынды (радиаллаһу анһа) сахабаларынан пайғамбар ақыны болған Хассан бин Сабитке (радиаллаһу анһ) берді. Асыл тұқымды ақ түске жақын сұрғылт түсті екі жануардың ішіндегі қашырға Дүлдүл, есекке Уфәйр немесе Яфур деп ат қойылды. Сол кезге дейін Арабстанда ақ қашыр кездеспеген еді. Мұсылмандардың көрген алғашқы ақ түсті қашыры Дүлдүл болды. Пайғамбарымыз сыйға берілген мөлдір стақанмен су ішетін.

Муқауқыс пайғамбарымыздың хатын құрметтеп ұстап, пілдің тісінен жасалған ыдысқа салып қойды. Ыдысты мөрлеп, күндерінің біріне берді. Аталмыш бұл хат 1267 (м.1850) жылы Мысырдың Ахмин аймағында көне монастырдағы Қыбт кітаптарының арасында тұрған және оны Осман падишахы 96-халифа Сұлтан Абдулмажит хан сатып алып, Стамбул Топкапы сарайы Қасиетті аманаттар бөліміне қойдырған.

Иран билеушісіне Абдуллаһ бин Хузафә (радиаллаһу анһ) жіберілген болатын. Хазреті Абдуллаһ тәкаппар Иран патшасына пайғамбарымыздың хатын ұсынғанда оны оқу үшін хатшысына берді.

«Бисмилләһиррахманиррахим!

Аллаһу та'аланың расулы Мұхаммедтен *(алейһиссалам)* ***парсылардың көсемі Кисраға..»*** Хатшы осы жерге дейін оқыған кезде тәкаппар патшаның қаны басына шауып, ашуланып, хатты алып жыртып тастады. Хаттың пайғамбарымыздың атымен басталғанынан қатты ызаланған еді. Ислам елшісі Абдуллаһ бин Хузафәні (радиаллаһу анһ) алдынан құғысы келген кезде хазреті Абдуллаһ Кисра мен жанындағы жиналған отқа табынушыларға былай деді: «Ей, парсы халқы! Сендер пайғамбарларға сенбейсіңдер. Кітаптарды қабылдамайсыңдар. Мына топырақтарда санаулы күндеріңді өткізіп, түс сияқты өмірді сүріп жатырсыңдар!

Ей, Кисра! Сенен бұрын қаншама билеушілер осы таққа отырып, билік құрды. Аллаһу та'аланың бұйрығын орындағандар ахиретте табысқа жетіп, орындамағандар илаһи азапқа ұшырап, дүниеден көшті.

Ей, Кисра! Мына хат негізінде сен үшін үлкен ырыс еді. Оны менсінбедің. Аллаһу та'алаға ант етемін, сол менсінбеген дінің осы жерге келген кезде қашатын жер іздейсің». Сосын сарайдан шығып, ол жерден тез кетіп қалды. Мәдинаға барып, жағдайды пайғамбарымызға айтқанда **«Аллаһым! Ол менің хатымды қалай бөлшектеген болса, сен де оны және мүлкін солай паршала»-** деді.

Аллаһу та'ала Расулының дұғасын қабыл етіп, Кисраны өзінің баласы бір түнде қанжармен бөлшектеп өлтіреді. Хазреті Омар дәуірінде бүкіл Иран жері басып алынып, мұсылмандардың қолына өтті.

Шужа бин Уәхб Ғассан әміршісі Харис бин Әбу Шимрге жіберілген болатын. Шужа (радиаллаһу анһ) алдымен билеушінің есігінде тұратын күзетшімен сөйлесті. Оны Исламға шақырғанда ол қабыл етіп, пайғамбарымызға сәлемі мен құрметін білдірді. Еш күттірместен хазреті Шужаны әміршісімен кездестірді. Харис бин Әбу Шимр хатты оқып, ашуланып жерге лақтырды. Хазреті Шужа дереу Мәдинаға кері оралып, жағдайды пайғамбарымызға баяндады. Пайғамбарымыз хаттың жерге лақтырылғанына ашуланып **«Сұлтандығы жоқ болсын!»**,- деді. Қысқа уақыттан соң Харис бин Әбу Шимр өліп, елі бөлшектенді.

Салит бин Амр (радиаллаһу анһ) Йәмамә билеушісі Хәузә бин Әлиге жіберілген болатын. Хәузә христиан болатын. Пайғамбарымыз хатында былай деген еді:

«Бисмилләһиррахманиррахим!

Аллаһу та'аланың расулы Мұхаммедтен *(алейһиссалам)* ***Хәузә бин Әлиге!***

Тура жолға түскендерге сәлем жолдаймын. *(Ей, Хәузә!)* ***Білесің, Ислам аттар мен түйелер бара алатын ең алыс жерлерге дейін таралады, барлық діндерді жеңеді. Сен де Исламды қабылда, сонда сен игілікте боласың. Мұсылман болсаң қол астыңдағы жерлерді басқаруды саған қалдырамын».***

Йәмамә билеушісі Хәузә бұл шақыруды қабылдаудан бас тартты. Билік пен дәреже оның көзін шел болып басқан еді. Сол себептен пайғамбарымыздың дұғасын алудай ұлы игіліктен құр қалған еді. Ислам елшісі Салит бин Амр (радиаллаһу анһ) рақымдылық етіп, «Ей, Йәмамә билеушісі Хәузә! Сен осы тайпаның үлкен адамысың. Сен үлкен деп санаған патшаларың өліп, топырақ болды.

Нағыз ұлылар болса - Аллаһу та'аланың бұйрықтарын орындап, тыйымдарынан сақтанып, жұмаққа ие болған адамдар. Бұл қауым иман келтіру құрметіне ие болса, оларды өзіңнің қате сеніміңмен тура жолдарынан адастырма. Дұрысы, мен саған Аллаһу та'аланың бұйрықтарын орындауды, тыйымдарынан сақтануды ұсынамын. Аллаһу та'алаға иман етіп, бұйрықтарын орындасаң жұмаққа кіресің. Шайтанға бағынсаң тозақта қаласың.

Егер осы насихаттарды қабылдасаң, қорыққан нәрселеріңнен амандықта болып, үміт еткендеріңе қол жеткізесің. Егер насихаттарымды қабылдамасаң бұл жерде істейтін ешнәрсем қалған жоқ. Қалғанын сен білесің»,- деді.

Хәузә Ислам елшісінің бұл сөздерін де тыңдамады. Салит бин Амр (радиаллаһу анһ) енді Йәмамәде қалудың қажетсіз екенін түсініп, тез Мәдинаға қайтты. Пайғамбарымызға жағдайды айтты. Пайғамбарымыз бұл жағдайға ренжіді. Қысқа уақыттан кейін Хәузәнің өлгені туралы хабар келді. Сұлтандыққа деген құштарлығы тозақ шұңқыры болған қабірінде жойылды.

Осылайша, алты Ислам елшісі міндеттерін атқарып, үлкен мемлекеттерге Исламның бар екендігін хабарлаған болатын. Оларға шынайы бақытты хабарлап, қиямет күнінде «Біз естімедік» деулеріне жол бермеді. Хабәш билеушісі Әсхамә (радиаллаһу анһ) мұсылман болып, сахабаларды көру, пайғамбарымыздың дұғасын алу құрметіне қауышты. Грек императоры Гераклиус пен Мысыр сұлтаны Муқауқыс мұсылман болмады, бірақ келген хаттарға құрмет көрсетіп, пайғамбарымызға сыйлықтар жіберген болатын. Ғассан мен Иран билеушілері елшілерге жақсы қатынас жасамай, дұшпандықтарын айқын көрсеткен еді. Йәмамә билеушісі болса Ислам елшісіне жылы мәміле көрсеткен.

ХАЙБӘРДІҢ АЛЫНУЫ

Нұрлы Мәдинада сырттай қарағанда мұсылман болып көрінетін, ал шындығында мұнафық (екі жүзді) болған яһудилер бар болатын. Олардың ішінде сиқыр жасаумен аты шыққан Ләбид бин Асам деген мұнафық бар еді. Яһудилер оған алтын беріп, «Мұхаммедтің қауымымызды Мәдинадан айдап шығарғанын және ер адамдарымызды қалай өлтіргенін білесің. Оған сиқыр жасап, жазаландыруыңды қалаймыз»- деді. Ол бұған келісіп, пайғамбарымыздың шашы мен тарағының тісін қолға түсіруге тырысты. Бұл пиғылына расулуллаһқа қызмет ететін бір яһуди бала арқылы қол жеткізді.

Ләбид пайғамбарымыздың шашы мен тарағының тісіне жіппен түйін жасап, үрледі. Құдыққа түсіріп, бір тастың астына бастырып қойды. Осыдан соң пайғамбарымыз науқастанды. Ауырып, төсек тартып жатып қалды. Бірнеше күн орнынан тұрмады. Сахабалар оған жиі-жиі барып, күн сайын ауруының асқындағанын көріп, бауырлары езіліп, көздері жасқа толатын. Ал, мұнафықтар қуанғандарынан мерекеледі.

Бір күні пайғамбарымыз хазреті Айшаға: **«Ей, Айша! Білесің бе, Аллаһу та'ала маған шипамды білдірді, маған екі адам** (Жәбрейіл мен Микайл) **келіп, бірі бас жағыма, екіншісі аяқ жағыма отырды. Бірі екіншісінен «Бұл адамның ауруы не?»- деп сұрады. Екіншісі «Сиқыр жасалған»- деп жауап берді. «Кім сиқыр жасаған?» деп сұрағанда «Ләбид бин Асам»- деп жауап берді. Сосын «Бұл сиқыр немен жасалған?»- деп сұрады. Ол «Бір тарақ пен түскен шашқа және бір құрма бүршігінің ішіне жасалған»- деп жауап берді. «Ол қайда?» деген сұраққа «Зәруан құдығында»- деп жауап берді»**,- деді.

Зәруан Мәдинадағы Бәни Зурәйк тайпасының бақшасындағы құдық болатын. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ол құдыққа хазреті Әли, Талха және Аммарды (радиаллаһу анһум) жіберді. Құдықтың суын тартып, түбіндегі тасты алды. Астынан он бір түйінмен түйінделген жіп тапты. Алып, пайғамбарымызға апарды. Түйінді шешуге қанша тырысқанымен шеше алмады. Жәбрейіл алейһиссалам «Фәлақ» және «Нас» сүрелерін түсірді. Расулуллаһ

осы сүрелерді, яғни барлығы он бір аяттың әр қайсысын оқыған кезде түйіндер біртіндеп шешілді. Түйіндер шешілген соң пайғамбарымыз ауруынан айықты.

Сахабалар Ләбид деген яһудиді ұстап, пайғамбарымызға алып барды. Пайғамбарымыз оған **«Аллаһу та'ала маған жасаған сиқырың туралы айтып, орнын көрсетті. Сен мұны не үшін жасадың?»** дегенде ол «Алтынға деген құштарлығым себеп болды»- деп жауап берді. Кейбір сахабалар: «Йа, Расулаллаһ! Рұқсат беріңіз мына яһудидің басын шабайық»- деді. Өзі үшін ешкімді жазаламайтын пайғамбарымыз **«Оның соңында көретін илаһи азабы одан да қатты»** деп оны өлтіруге рұқсат бермеді.

Яһудилер Мәдинадан шығарылғаннан кейін олар Арабстанның солтүстік жағына кеткен болатын. Олардың біразы Хайбәрге қоныстанды. Ал біразы солтүстіктегі Шамға кетті. Олар расулуллаһқа қастандық ұйымдастыруларына байланысты жерлерінен қуылған болатын. Бірақ, олардың ішіндегі мұсылмандарға деген өшпенділік, кек сезімдері ешқашан сөнбеген еді. Тіпті, күннен-күнге өсе түсті. Тезірек расулуллаһты өлтіріп, Исламды жоюды қалады. Алдыңғы қатарлы кейбір адамдары «Ғатафандықтарға барып көмек сұрайық, мұсылмандарға қарсы солармен бірігіп соғысайық» десе, біразы «Фәдәк, Тәйма және Уад-ил-Қура яһудилерін де шақырып, мұсылмандар бізге шабуылдамастан бұрын біз олардың қаласына шабуыл жасайық, барлық кегімізді қайтарайық»- деді. Хайбәр яһудилері осы сөзді мақұлдап, айналадағы яһуди тайпалары мен Ғатафандықтарды көмекке шақырды. Тек Ғатафандықтардан ғана көптеген жауынгер келіп, Хайбәрде дайындық жұмыстарын бастады.

Олар осындай дайындықтар жасап жатқанда пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) яһудилердің бұл пиғылдарынан хабардар болды. Абдуллаһ бин Рәуаханың қасына үш сахаба қосып беріп, Хайбәрде не болып жатқанын біліп келуге жіберді. Абдуллаһ бин Рәуаха мен үш жолдасы (радиаллаһу анһ) тез арада Хайбәрге жетті. Бұл жер сегіз мықты бекінісі, құнарлы жері, көптеген бау-бақшасы бар бай қала болатын. Хазреті Абдуллаһ жолдастарының бірін Шық, бірін Кәтибә, бірін Натат бекінісіне жіберді. Өзі басқа бекініске кіріп, үш күн яһудилердің жағдайларын, соғысқа дайындықтарын жақыннан көрді. Үш күннен кейін кездесетін орынға жиналып, Мәдинаға барып, олардың дайындықтары туралы жеке-жеке айтып берді.

Пайғамбарымыз сахабаларына тез дайындық жасауды бұйырды. Яһудилердің Мәдинаға шабуылдауына тосқауыл болу үшін Хайбәрге шабуыл жасауға шешім қабылдады. Бұл хабарды естіген Мәдинадағы яһудилер алаңдай бастады. Мұсылмандардың көңіл-күйін бұзу үшін «Ант етеміз, егер сендер Хайбәрдегі бекіністерді, ол жерге жиналған жауынгер жігіттерді көрсеңдер ешқашан оларға қарай қадам баспас едіңдер... Таулардың төбесіндегі биік бекіністерді сауыт киген жігіттер қорғайды. Айналадан мыңдаған әскер оларға көмекке барды. Сендердің Хайбәрді алуларың мүмкін бе?»- десті. Оларға ер жүрек сахабалар: «Аллаһу та'ала Расулына Хайбәрді алатынын уәде еткен»- деп, яһудилерден ешқашан қорықпайтындықтарын білдірді. Сахабалардың осындай табандылық танытуы яһудилерді одан әрі түңілтіп, абыржытты.

Мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй: «Мұхаммед аз ғана күшпен сендерге шабуылдайды. Қорқатын ештеңе жоқ, бірақ мұқият болып, бекіністеріңе заттарыңды толтырып алыңдар. Оларды бекіністен шығып қарсы алыңдар»- деп, Хайбәрге шұғыл хабар жіберді.

Сахабалардың дайындық жұмыстары аяқталып, үйдегілермен қоштасып, пайғамбарымыздың қасына жиналды. Екі жүз атты әскер және мың төрт жүз жаяу әскер жиналған болатын. Аллаһу та'аланың дінін тарату, жиһад ету және шәһид болу үшін барлығы пайғамбарымыздың бұйрығына дайын тұрды. Осы кезде біраз әйелдер соғыста сахабаларға тамақ дайындау, жараларын таңу және басқа да қолдарынан келетін қызметтерді атқару үшін пайғамбарымыздан рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз рұқсат берді. Осылайша, мүжаһидтерге пайғамбарымыздың әйелі Үммү Сәләмә (радиаллаһу анһ) бастаған жиырма әйел мүжаһида да қосылды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаға өкіл ретінде Ғифар тайпасынан Сибаны қалдырды. Сөйтіп, Хайбәрге қарай жүруді бұйырды. (Басқа деректерде Нумәйлә бин Абдуллаһты қалдырғаны туралы да айтылады.) Жолда тәкбірлер айтылды. Үзірлі себептермен соғысқа қатыса алмаған, жастары кіші болған сахабалар пайғамбарымызға, ержүрек әкелеріне, көкелеріне, аталарына, ағаларына қызығып қарап, оларды тәкбір мен дұғамен шығарып салды.

Күнтізбе бойынша хижреттің жетінші жылы болатын. Пайғамбарымыздың туын хазреті Әли көтеріп, оң қанатты хазреті

Омар басқарды. Сапар салтанатты түрде жалғасты. Ақындар өлеңдерімен Аллаһу та'алаға, берген нығметтеріне, шүкіршілік айтып, пайғамбарымызға салауат айтып, сахабаларды мадақтады. Сахабалар да мерекеге бара жатқандай барлығы бірге «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар! Лә иләһә иллаллаһу уаллаһу әкбар!» деп, жан-жақты жаңғыртты. Әр тоқтаған жерде пайғамбарымыз: **«Аллаһым! Болашаққа алаңдаудан, өткенге өкінуден, әлсіздік пен босаңсудан, сараңдық, қорқақтық пен бел қайыстырар қарыздан, залым мен хақсыз адамдардың зорлығынан сақтай гөр!»**- деп дұға етті. Хайбәрге жақындаған кезде пайғамбарымыз сахабаларды тоқтатты. Қолын жайып, **«Ей, көктер мен астындағылардың Раббысы болған Аллаһым! Ей, жерлер мен үстіндегілердің Раббысы болған Аллаһым! Ей, шайтандардың және оның адастырғандарының Раббысы болған Аллаһым! Ей, желдердің және ұшырғандарының Раббысы болған Аллаһым! Біз Сенен осы аймақтың қайыры мен жақсылығын, осы аймақта тұратын адамдардың қайыры мен жақсылығын, сондай-ақ осы аймақтағы барлық нәрсенің қайыры мен жақсылығын тілейміз. Бұл аймақтың жамандығынан, адамдардың жамандығынан және ішіндегі барлық нәрсенің жамандығынан сақтай гөр!»** деп мінәжат етті. Сахабалар «Әмин! Әмин!»,- деді. Содан соң сахабаларына **«Бисмиллаһиррахманиррахим деп алға жылжыңдар»** деді.

Сахабалар (радиаллаһу анһум) пайғамбарымызбен бірге тағы да алға ілгерілей бастады. Хайбәрдің ең күшті бекіністерінің бірі Нататқа жақындап барып, ордаларын құрды. Кешкі мезгіл болатын. Пайғамбарымыз әдеті бойынша таң атпастан шабуыл жасамайтын және алдымен Исламға шақыратын. Ұсынысын қабылдамаған жағдайда соғысты бастайтын. Сол себептен сахабалар таңның атқанын күтті. Яһудилердің ешқайсысы Ислам әскерінің келгенін білген жоқ.

Пайғамбарымыз бамдат намазын оқытқаннан кейін дайындықтарын аяқтап, мүжаһидтерді әрекетке көшірді. Екі жүз атты, және мың төрт жүз жаяу әскер сап тізіп, Натат бекінісінің алдына жақын барды. Осы кезде бау-бақша, егістік жұмыстарына шыққан яһудилер Ислам әскерін көріп, сасқалақтап қалды. «Ант етеміз, бұл Мұхаммед пен оның әскері» деп, кері қаша бастады. Оларды көрген пайғамбарымыз **«Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар! Хайбәр қирады»** деп, осы сөзін үш рет қайталады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) яһудилерге мұсылман болуларын, не болмаса беріліп, хараж бен жизийа төлеуді немесе соғысып қан төгілетінін білдірді. Яһудилер үлкендері болған Сәллам бин Мишкенге барып, жағдайды жеткізді. Сәллам «Бұдан бұрын Мұхаммедке шабуыл жасаңдар деген едім. Қабыл етпеген едіңдер. Ең болмаса енді олармен соғысуда бостық жасамаңдар. Мұсылмандармен соғысып өлулерің өмірде ешкімсіз қалуларыңнан жақсы» деп оларды соғысуға шақырды. Яһудилер тез арада әйелдер мен балаларды Кәтибә бекінісіне, азық-түліктерін Наимге, әскерлерін Натат бекінісіне жинады.

Ислам әскерінің иманға келіңдер деген ұсынысына яһудилер оқпен жауап қайтарды. Мүжаһидтер оққа қалқандарын тосты. Пайғамбарымыздың бұйрығымен садақтар керіліп, барлығы бірден яһудилерге «Аллаһу әкбар» деп, оқ жаудырды. Соғыс басталған еді. Бір жақта әлемнің сұлтаны мен ержүрек сахабалар Исламды жаю, олардың мұсылман болып, тозақтан құтылуларына себеп болу үшін шайқасты. Екінші жақта насихатты түсінбейтін, сәті түссе мұсылмандардың біреуін қалдырмай қыруды армандаған яһудилер бар еді. Яһуди қауымы, соңғы пайғамбардың өз қауымдарынан шықпағанын көріп, қызғаныштарынан оны қабыл етпестен, бала кезінен бастап оны өлтіру үшін неше түрлі айлалар қолданған еді, бірақ Аллаһу та’ала оны қорғағандықтан оған еш нәрсе істей алмаған еді.

Мың алты жүз мүжаһидке қарсы он мыңнан астам яһуди әскері оқ жаудырды. Сахабалар бұл оқтарға қалқандарын тосты. Мүмкіндік болса жерге түскен оқтарды яһудилерге атты. Бірақ, кейбір сахабалар жараланған еді. Бір кезде пайғамбарымыздың алдына Хаббаб бин Мунзир (радиаллаһу анһ) үлкен әдеппен барып, «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Ордамызды басқа жерге құрсақ болмай ма?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Иншаллаһу та’ала кешке ауыстырамыз»** деді. Мүжаһидтер оқтың ортасында жүрген еді. Яһудилердің бекіністен атқан оқтары Ислам ордасының артқы жағына дейін жететін.

Сол күні кешке дейін шайқас оқ атумен жалғасты. Елу шақты сахаба жараланды. Кеш болғаннан кейін жаңа орын іздеу Мұхаммед бин Мәсләмәге (радиаллаһу анһ) тапсырылды. Ол Рәжи деген жердің лайықты екенін айтқанда Ислам ордасы сол жерге көшірілді. Жаралыларға ем жасалды.

Ертеңіне Нататтың алдына дейін барған сахабалар кешке дейін соғысты. Үшінші, төртінші, бесінші күндері де қоршау жалғасты. Яһудилер қоршауда қалды. Сол күндері пайғамбарымыз қатты бас ауруына шалдығып, екі күн мүжаһидтердің арасында бола алмады. Алғашқы күні туды хазреті Әбу Бәкірге, екінші күні хазреті Омарға берді. Олардың екеуі де сахабаларды басқарып, яһудилермен шайқасты, бірақ бекіністі ала алмады.

Осы кезде батылдықтары арта түскен яһудилердің бекіністің есігін ашып, шабуылға шыққаны байқалды. Енді бетпе-бет шайқас басталған еді. Соғыс қызу жүріп жатты. Пайғамбарымыз сахабаларына **«“Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!” деп тәкбір айтыңдар»** дегенде олар тәкбір айтқан дауыстарымен бар күштерін салып, дұшпанға қылыштарын сілтеді. Бір кезде хазреті Мұхаммед бин Мәсләмәнің бауыры Махмуд (радиаллаһу анһ) шәһид болды. Соғыс қызу жалғасып, кешке дейін созылды.

Ертеңіне Хайбәрдің ең танымал қолбасшыларынан Мәрхаб сауытқа оранып, бекіністен сыртқа шықты. Күшті, алып денелі адам болатын. Осыған дейін оған қарсы шығатын палуан жоқ еді. Ол мүжаһидтерге қарап, «Мен батырлығымен, ержүректігімен танылған Мәрхабпын» деп мақтана бастады. Осы кезде сахабалардың арасынан бір мүжаһид шықты. Мәрхабқа «Мен де қатты шайқастың ортасына атылудан қорықпайтын Амирмын» деп, қарсы алдына барып тұрды. Мәрхаб «Кімге тисе жояды» деп жазылған қылышын хазреті Амирге бар күшімен сілтеді. Ержүрек Амир (радиаллаһу анһ) сол сәтте қалқанын көтерді. Қылыш қалқанға соғылған кезде қатты дауыс шығып, құлақты шыңылдатты, қылыш қалқанға қадалды. Хазреті Амир Жаратушыға сыйынып, «Йа Аллаһ!» деп қылышын Мәрхабтың сауыт киген аяқтарына сілтеді. Қылыш болат сауытқа тие сала кері теуіп, сахабаның аяғына тиді. Ол хазреті Амирдің аяғының тамырына тиген еді. Сахабалар жүгіріп Амирдің жанына барды, емдеу үшін ордаға алып кетті. Бірақ, Амир (радиаллаһу анһ) сол жерде шәһид болды.

Шайқас қызу жүріп жатты. Кешке қарай пайғамбарымыз яһудилерге төрт мың әскермен көмекке келіп, соғысқа қатысқан мүшрік Ғатафандықтарға елдеріне қайтуды ұсынды. Осылай жасаса Хайбәрдің бір жылдық құрма өнімін беруді уәде етті. Бірақ, Ғатафандықтар бұл ұсынысты қабылдамады. Содан соң пайғамбарымыз сахабаларына Ғатафандықтар орналасқан бекіністің

маңында таңға дейін ұйықтамай ары-бері жүруді бұйырды. Ғатафандықтар түнде мүжаһидтердің шабуылдауынан қорқып, ұйықтай алмады. Сол түні қайдан шыққаны белгісіз бір дауыс Ғатафан еліне шабуыл жасалғанын, бала-шағаларының және мал-мүліктерінің жаулап алынғанын хабарлады. Бұл дауыс үш рет қайталанып, оны барлық Ғатафандықтар үрейленіп тұрып естіген еді. Қолбасшылары Уәйнә де бұл дауысты үш рет естіп, Хайбәрден әскерін алып, еліне қарай жолға шықты. Таңертең яһудилер Ғатафандықтардың себепсізден-себепсіз Хайбәрді тастап кеткеніне таң қалып, үміттерін үзе бастады. Оларды көмекке шақырғандарына да қатты өкінді.

Хазреті Әлидің ерлігі

Ол күні де Хайбәрдің алдында қызу шайқас болды. Бірақ, бекініс алынбады. Кешке пайғамбарымыз **«Ертең туды сондай бір адамға беремін, ол Аллаһу та'ала мен расулын жақсы көреді. Аллаһу та'ала мен расулы да оны жақсы көреді. Аллаһу та'ала оның қолы арқылы жеңіс береді»** деп сүйіншіледі. Сол түні сахабалар (радиаллаһу анһум) толқып, әуестеніп таңның атқанын күтті. Әр қайсысы тудың өзіне берілетінінен үміттеніп, осы үшін Аллаһу та'алаға дұға етті. Біләл Хабәши (радиаллаһу анһ) таң намазының азанын әсем даусымен оқыды. Азан шақырылған кезде әр адам айрықша бір толқыныспен, тебіреніспен сол илаһи ләззаттың дәмін татып тұратын. Пайғамбарымыз сахабаларына таң намазын оқытқаннан кейін орнынан тұрды. Қасиетті Ислам туын әкелуді бұйырды. Туды әкеле жатқанда сахабалар түрегеп тұрып, толқып, қызығушылықпен пайғамбарымыздың аузынан шығатын сөздерді тыңдау үшін зер салып қарап тұрды. Пайғамбарымыз **«Мұхаммедке пайғамбарлық берген Аллаһу та'алаға ант етемін, мен бұл туды қашудың не екенін білмейтін ер жүрек жігітке беремін»** дегеннен кейін сахабаларға көз жүгіртіп, **«Әли қайда?»**,- деді. Сахабалар «Йа, Расулаллаһ! Оның көзі ауырып жатыр» дегенде пайғамбарымыз **«Оны маған алып келіңдер»**,- деді. Ол кездерде хазреті Әли көз ауруына шалдығып, көздерін аша алмай қалған еді. Оған барып, жағдайды айтып, пайғамбарымызға алып келді. Пайғамбарымыз хазреті Әлидің сауығуы үшін Аллаһу та'алаға дұға етіп, саусағын аузына салып сулап оның көзіне жақты. Сол кезде хазреті Әлидің көзінде ешқандай ауру қалмай жазылып кетті. Сосын **«Йа, Раббым! Оны ыстық**

пен суықтың қиындығынан арылт» деп дұға етті. Одан кейін хазреті Әлидің үстіне өз қолымен сауыт кигізіп, белін өз қылышын асындырып, қолына Исламның ақ туын беріп **«Аллаһу та'ала саған жеңісті бұйыртқанға дейін соғыс. Мүлде кері қайтпа»**,- деді. Хазреті Әли «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Олармен Ислам дініне кіргенге дейін соғысамын»,- деді. Пайғамбарымыз **«Уаллаһи, сенің себепші болуыңмен Аллаһу та'аланың олардан бір адамды тура жолға салуы сен үшін бірнеше қызыл түйеге ие болып, оларды Аллаһу та'аланың жолына садақа етіп беруіңнен де қайырлы»**,- деді.

Хазреті Әли туды қолына алып, яһудилердің бекінісіне қарай жүрген кезде сахабалар оның артынан ерді. Бекініске жақындап, туды бір тастың түбіне тіккен кезде Натат бекінісінің есігі ашылды. Яһудилердің шабуылдаушы әскерлері сыртқа шықты. Бұлар Хайбәрдің ең таңдаулы батырлары болатын. Әрқайсысы қос-қостан сауыт киініп, темір қорғаныштармен оранған еді. Олардың бірі хазреті Әлиге қарай жүріп, шайқасуға бет алды. Ол Мәрхабтың бауыры Харис болатын. Екі болаттан шыққан дауыс шыңылдап, Зулфиқардың найзағайдай жарқ еткені және Харистің басының шабылып жерге түскені байқалды. Осы сәтте **«Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!»** деген дауыстар көкті жаңғыртты. Бауырының өлгенін естіген Мәрхаб қол астындағы әскерлерімен алаңға бет алды. Хазреті Әлидің қарсы алдына барып тұрды. Оның да үстінде екі сауыт болатын. Қос қылыш асынған денесімен бір диюді елестететін. Бар даусымен «Мен соғыстың ең қызған кезінде ортаға шығып, батырларша соғысқан Мәрхабпын. Мен ақырған арыстандарды да найзамен немесе қылышпен паршалап тастаймын» деп мақтана бастады. Хазреті Әли «Маған анам Хайдар (арыстан) деген ат қойған. Мен айбатты арыстандаймын. Сені бір соққыда жерге құлататын адаммын» деп жауап қайтарды. Мәрхаб хазреті Әлиден Хайдар деген есімді естігенде жүрегіне қорқыныш ұялады. Өйткені, сол түні түсінде оны бір арыстанның талағанын көрген еді. Түсінде көрген арыстаны осы ма еді?! Мәрхаб шабуылдап, хазреті Әли оны қалқанымен күтіп алды. Сосын Аллаһу та'алаға сыйынып, Зулфиқарды кәпірдің басына қарай қатты сілтегені соншалық алып Мәрхабтың Зулфиқарға қарсы тосқан болат қалқаны мен болаттан жасалған дулығасын екіге айырып, басын екіге бөліп тастады. Зулфиқардан шыққан қатты дауыс Хайбәрдің барлық жеріне естілді. Пайғамбарымыз

«Қуаныңдар! Хайбәрдің жеңісі енді оңайлады»,- деді. Сахабалар хазреті Әлидің бұл ерлігіне қайран қалды. Олардың «Аллаһу әкбар!» деген дауыстары көкті жаңғыртты. Соғыс қызу жүріп жатты. Сахабалар соғыса келіп, бекіністің есігінің қасына келген кезде бір яһуди қылышын хазреті Әлидің қалқанына сілтеді. Қалқан жерге түсті. Бірақ, оны еңкейіп алатын уақыт жоқ еді. Мүмкіндікті жіберіп алғысы келмеген яһуди қалқанды алып кері қашты. Бұған қатты ренжіген Аллаһу та'аланың арыстаны Зулфиқармен айналасындағы жауды ыдыратқаннан кейін бекіністің есігін қалқан етіп алуды ойлады. «Бисмилләһиррахманиррахим» деп, үлкен темір есіктің алқаларынан ұстады. Ілмектерін қабырғадан сілкіп жұлып алды. Хазреті Әли есікті алғанда бекініс орнынан қозғалды. Сегіз-он палуан орнынан қозғалта алмайтын бұл есікті бір қолымен көтеріп, қалқан етіп соғыса бастады. Алдынан яһудилердің тағы алты палуаны шықты. Оларды да Аллаһу та'аланың бұйыртуымен жеңген хазреті Әли батыр жолдастарымен бірге бекініске кірді. Енді бекіністің ішінде шайқасты. Аз уақыттың ішінде оларға қарсы шығатын ешкім қалмады. Олар Исламның туын бекініске тігіп, осылайша, ең мықты бекініс Натат бағындырылды. Пайғамбарымыз хазреті Әлидің көзінен сүйіп, **«Көрсеткен ерлігіңе байланысты Аллаһу та'ала мен Расулы сенен разы болды»,**- деді. Бұл сөзді естіген Әли (радиаллаһу анһ) қуанғанынан жылап жіберді. Пайғамбарымыз **«Неге жылайсың?»** дегенде «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Қуаныштан жылаймын. Өйткені, Аллаһу та'ала мен Расулы менен разы болды»,- деді. Пайғамбарымыз оған **«Тек мен емес, Жәбрейіл, Микаил және барлық періштелер сенен разы болды»**,- деді. Осы кезде Дәуіс тайпасынан төрт жүз мұсылман пайғамбарымызға көмекке келді. Содан соң басқа бекіністерді бағындыру үшін қызу шайқастар жалғасты. Хайбәрдің қалған жеті бекінісі біртіндеп қиратылғаннан кейін шарасыз қалған яһудилер елші жіберіп, бейбіт келісім сұрады. Пайғамбарымыз бұл ұсынысты қабылдап, мынадай баптарға келісті:

1- Осы соғыста мұсылмандармен соғысқан яһудилердің қаны төгілмейді.

2- Хайбәрден кететін яһудилер тек балаларын және бір түйелік керек заттарын әкете алады.

3- Қалған заттардың барлығы сауыт, қылыш, қалқан, садақ, оқ сияқты барлық қарулар, үстеріндегі киімнен басқа киімдердің барлығы, маталар, алтындар, қазыналар, ат, түйе, қой сияқты барлық малдар, не бар болса соның барлығы мұсылмандарда қалады.

4- Мұсылмандарға қалдырылуы керек зат жасырылмайды. Жасырғандар Аллаһу та'ала мен Расулының сенімі мен қамқорлығынан шығады.

Бұл шарттарға бағынбаған, қазыналарын жерге көмген Кинанә бин Рәби жазаландырылды. Қолға түскен олжаның есебі жоқ еді. Хайбәрдің құнарлы жерлері, құрма баулары түгелдей Ислам әскеріне қалдырылды.

Осы арада елдеріне қайтқан Ғатафандықтар яһудилерге көмек беру үшін Хайбәрге қайтқан болатын. Пайғамбарымыздың Хайбәрді басып алып, яһудилерді бағындырғанын көрген кезде «Ей, Мұхаммед! Сен Хайбәрден кететін болсақ бізге Хайбәрдің бір жылдық құрмасын беруді уәде еткен едің. Сөзімізде тұрдық. Қане, бізге оларды бер»,- деді. Пайғамбарымыз оларға **«Пәлен тау сендердікі болсын»,**- деді. Ғатафандықтар «Олай болса біз сендермен соғысамыз» деп қорқытпақшы болды. Пайғамбарымыз **«Соғысатын жеріміз Жәнәфа болсын»,**- деді. Жәнәфа Ғатафандықтардың бір аймағы болатын. Ғатафандықтар мұны естіп, қорқып кері қайтты.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мен ардақты сахабалары Хайбәр соғысында қатты шаршаған болатын. Бір жақта жаралыларды емдеп, бір жағынан демалды. Яһудилерден Сәллам бин Мишкеннің әйелі Зейнеп пайғамбарымызға у беріп өлтірмек болады. Сөйтіп, бір ешкі сойып, етін пісіреді. Етке көп мөлшерде у қосады. Сосын пайғамбарымызға барып, сыйлық әкелгенін айтады. Пайғамбарымыз оны қабылдап, сахабаларын шақырады. Барлығы етті жеуге отырады. Пайғамбарымыз қол жағынан ет кесіп алып, **«Бисмилләһиррахманиррахим»** деп аузына салды. Сәл шайнағаннан кейін етті дереу аузынан шығарып, **«Ей, сахабалар! Бұл еттен қолдарыңды тартыңдар. Өйткені бұл ет уланған екендігін маған білдірді»,-** деді. Сахабалар еттен қолдарын тартып алды. Бірақ, бір кесек ет жеген Бишр бин Бәра денесі көгеріп, шәһид болды. Пайғамбарымызға Жәбрейіл алейһиссалам келіп, түкірігіне араласқан удың әсерінен арылу үшін иығының арасынан қан алдыруды айтты. Солай жасалды. Сосын ол етті топыраққа көміп тастады. Мұны істеген Зейнепті ұстап алып келді. Пайғамбарымыз одан **«Мына етті сен уладың ба?»**- деп сұрады. Ол істеген ісін мойындап, «Иә, мен уладым»,- деді. Пайғамбарымыз **«Неге олай істедің?»** деп сұрағанда «Сен менің күйеуімді, әкемді, көкемді

өлтірдің. «Егер ол анық пайғамбар болса Аллаһ оған білдіреді. Олай болмаса бұл у оған әсер етіп, ол өледі. Осылайша, одан құтыламыз» деп ойладым.» Сахабалар бұл оқиғаға қатты ренжіген еді. «Жанымыз сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ мұны өлтірейік пе?» деп сұрағанда жеке өзіне жасалған барлық қастандықты кешіретін пайғамбарымыз оған да кешірім берді. Осындай рақымдылық көрген Зейнеп кәлимаи шаһадат айтып, мұсылман болды (радиаллаһу анһа).

Хайбәрде қолға түскен олжалар мен тұтқындардың арасында Хуйей бин Ахтабтың қызы Сафийа да (радиаллаһу анһа) бар болатын. Ол бас қолбасшы болғандықтан пайғамбарымыздың үлесіне тиген болатын. Пайғамбарымыз оны азат етті. Ол бұған қатты әсерленіп, мұсылман болды. Бұған қатты қуанған пайғамбарымыз онымен некесін қидырды. Осылайша, хазреті Сафийа мүминдердің анасы болды. Сәхба деген жерде тойы жасалып, қауын мен құрмадан той тағамы дайындалды. Сафийа анамыздың (радиаллаһу анһа) көзінде көгерген бір жері бар еді. Пайғамбарымыз **«Бұл ненің ізі»** деп сұрағанда ол «Бір күні түсімде айдың көктен түсіп, қойнына кіргенін көрген болатынмын. Түсімді күйеуіме айтқанымда «Сен бізге қарсы келе жатқан араб басшысының әйелі болуға көз тігіпсің» деп көзімнен ұрды. Бұл соның орны»,- деді.

Хайбәр алынғаннан кейін яһудилер пайғамбарымызға «Йа Мұхаммед! Біз Хайбәрден шығып кетеміз. Бірақ, біз егіс, бау-бақша істерін жақсы білеміз. Қаласаң мына құнарлы жерлерді бізге жалға бер. Біз оның өнімінің жартысын саған берейік» деп ұсыныс айтты. Пайғамбарымыз бен сахабалардың егістік жұмыстарымен айналысатын уақыттары жоқ болатын. Олар Ислам дінін таратуға тырысып, Аллаһ жолында жиһад етуге бар жандарын салған еді. Бұл ұсынысқа пайғамбарымыз қуанып, **«Сендерді қалаған уақытымда шығару шартымен»,**- деді. Яһудилер мұны қабылдап, Хайбәр жерінде егістікпен айналыса бастады.

Пайғамбарымыз сахабаларымен жеңіске қол жеткізіп, Мәдинаға қайтты. Бұл кезде одан бұрын Хабәшстанға хижрет еткен сахабаларының Жафәр бин Әбу Тәліптің (радиаллаһу анһ) басшылығымен келгенін көріп, қатты қуанды. Хазреті Жафәрдің маңдайынан сүйіп, бауырына қысып, **«Мен Хайбәрдің алынғанына ма, әлде Жафәрдің келгеніне ме, қайсысына қуанатынымды білмей тұрмын. Сендердің хижреттерің екі рет болды. Сендер Хабәш еліне және менің отаныма хижрет еттіңдер»**,- деді.

Хайбәрде қолға түскен олжалар Худәйбийа келісіміне қатысқан барлық сахабаларға, Хайбәрге қатысқандарға, Хабәшстаннан хижрет еткен сахабалар мен Дәус тайпасына үлестірілді.

Хайбәрдің бағындырылуымен Арабстандағы барлық яһудилер пайғамбарымыздың қол астына кірді. Енді олардың мүшріктерге көмектесетін мүмкіндіктері қалмаған еді. Айналадағы тайпалар мен елдер қаруы мен әскері жағынан бағынуы мүмкін емес болып көрінген Хайбәр бекінісін бағындырған мұсылмандардың үлкен күшке ие екенін түсініп, бұл Ислам мемлекетінен тартына бастады. Меккелік мүшріктер Хайбәрдің бағындырылғанына қатты қайғырды. Бұл жеңістен кейін үлкенді-кішілі көптеген тайпалар мұсылман болу үшін Мәдинаға барып, сахабалардың қатарына қосылды. Тіпті, ғатафандықтардың өзі де барды. Келмеген басқа тайпаларға әскер жіберіліп, бағындырылды.

УМРАТУЛ-ҚАЗА САПАРЫ

Худәйбийа келісіміне бір жыл толған еді. Құрбан айтқа бір ай қалғанда расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сахабаларына умраға дайындық жасауды бұйырды. Худәйбийаға барып, Ридуан антына қатысқандардың қайтыс болғандарды қоспағанда қалғандары умра үшін дайын тұруы керек еді. Осы бұйрыққа орай екі мың сахаба дайындықтарын аяқтады. Құрбандыққа шалуға жетпіс түйе алынды. Оларды Меккеге дейін жайып алып бару үшін Нажийа бин Жүндуб пен төрт жолдасына (радиаллаһу анһум) осы іс тапсырылды. Сондай-ақ, Мұхаммед бин Мәсләмәнің (радиаллаһу анһ) қарамағына жүз атты әскер беріліп, сауыт, найза, қылыш сияқты соғыста қолданылатын қаруларды апаруы үшін алдын ала жолға шығарылды. Мүшріктерге сенуге болмайтын еді. Егер шабуыл жасалатындай жағдай болса, мұсылмандар өздерін қорғау үшін осы қаруларды қолданатын еді. Сахабалардың біразы: «Йа Расулаллаһ! Худәйбийа келісімі бойынша умраға қынабына салынған қылыштан басқа қарумен баруға болмайды деп келіскен едік»- деді. Пайғамбарымыз: **«Біз бұл қаруларды Харемге, Құрайыштықтардың қасына апармаймыз. Бірақ, олар бізге бір шабуыл жасайтындай болса қол астымызда болады»-** деді.

Мәдина Мунаууараға өкіл ретінде Әбу Зәррил-Ғифари (радиаллаһу анһ) қалдырылды. Кейбір деректерде Әбу Рухмул Ғифаридың (радиаллаһу анһ) қалдырылғаны туралы да айтылады. Екі мың сахаба пайғамбарымызбен бірге Мәдинаға қарай жолға шығады. Сахабалар қатты толқыған еді. Жылдар бойы Аллаһу та'аланың жолында, пайғамбарымыз үшін тастап кеткен үй-жайларын, отандарын көретін еді. Бес уақыт намазда бет бұратын Қағбаны зиярат ететін еді. Мұсылман болып, келісімге орай Мәдинаға келе алмаған туыстарын көретін еді. Жылдар бойы көздерінен жас орнына қан ағызған, зұлымдықтар көрсеткен, пұттарына табындыру үшін көптеген бауырларын шәһид еткен құрайыштық мүшріктерге Исламның ұлылығы мен құндылығын көрсететін еді. Мүмкін, мұны көрген мүшріктердің көңілінде Исламға деген сүйіспеншілік сезім пайда болып, мұсылман болар!...

Мәдинада қалғандар Уәда деген жерге дейін пайғамбарымызды тәкбір айтып шығарып салғаннан кейін кері қайтты.

Пайғамбарымыз Мәдинаға он төрт шақырым қашықтықтағы Зулхуләйфаға барған кезде ихрам киінді. Сахабалар да солай жасады. Барлығы аққа оранған еді. **«Ләббәйк! Аллаһумма Ләббәйк! Ләббәйк! Лә шәрикә ләкә ләббәйк! Иннәл хамдә уәнни'мәтә ләкә уәл мулк, лә шәрикә ләк»** деген дауыстармен көкті жаңғыртты. Жол сапары Аллаһу та'алаға шүкіршілік етумен, жалбарынумен, Оның есімін зікір етумен, өте ләззатты өтті.

Алдын ала кеткен Мұхаммед бин Мәсләмә (радиаллаһу анһ) бастаған жасақ Меккеге жақындағанда оларды құрайыштық мүшріктер көреді. Қорқып, олардың қасына барып, «Бір жыл бұрын осылай келісіп пе едік?» дегенді меңзеп «Бұл не?»- деп сұрады. Мұхаммед бин Мәсләмә (радиаллаһу анһ) оларға былай деп жауап берді: «Бұлар Аллаһу та'аланың расулының атты әскері. Аллаһу та'ала рұқсат етсе, ертең олар осы жерге жетеді». Мүшріктер кері қайтып, хабарды Меккеге жеткізді. Меккелік мүшріктер «Ант етеміз, біз келісімде қарастырылған шарттардың ешқайсысына қиянат етпедік. Мұхаммед бізбен не үшін соғысады?»- деді. Мүшріктер дереу бір елшілік кеңес дайындап, пайғамбарымызға жіберді.

Осы кезде пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мекке көрінетіндей жердегі Батни Йәъжәж деген жерге келген еді. Қылыштарынан басқа барлық қаруларын осы жерге қалдырды. Қаруларын күзетуге екі жүз сахабаны кезекпен күзетке қойды.

Дайындықтар біткеннен кейін Құрайыш елшілері пайғамбарымызбен сөйлесуге рұқсат сұрады. Олар «Йа Мұхаммед! Худәйбийа келісімінен бері сендерге ешқандай қиянат жасаған жоқпыз. Осыған қарамастан Меккеге, қауымыңа осындай қарулармен барасың ба? Ал, келісіміміз бойынша қынабына салынған қылыштан басқа қару алуға болмайды»- деді. Пайғамбарымыз бұған: **«Мен бала кезімнен осы күнге дейін берген сөзімде тұрумен танылған адаммын. Харемге қынабына салынған қылыштан басқа қару алып кірмейміз. Бірақ, қарудың маған жақын жерде болғанын қалаймын»**- деп жауап берді. Елшілер өздеріне жеткізілген хабардың қате екенін түсініп, көңілдері жайланды. «Йа Мұхаммед! Расында сенен тек жақсылық көрдік. Саған жарасатыны да осы»- деп кері қайтты. Меккеге барып, жағдайды құрайыштықтарға хабарлады. Олар да тыныштальды.

Құрайыштың алдыңғы қатарлы тұлғалары өшпенділік пен қызғаныштан пайғамбарымыз бен сахабалардың осындай бақытты сәттерін көрмеу үшін Меккеден кетіп, тауларға шықты.

Пайғамбарымыз ен салынған құрбандық түйелерді Зитууа деген жерге бұрынырақ жіберді. Сосын сахабаларымен дайындықтарын аяқтап, қасиетті Мекке қаласына кіруге бет алды. Сахабалар пайғамбарымызды орталарына алған еді. Расулуллаһ алейһиссалам түйесі Қусуаның үстінде отырып, мыңдаған жұлдызды сәулесімен жапқан жарқыраған күндей айналасына нұр шашқан еді. Бұл не деген әсемдік! Бұл не деген тамаша көрініс еді! Тілдерінде «Ләббәйк! Аллаһумма ләббәйк! Ләббәйк! Лә шәрикә ләкә Ләббәйк!» деген сөздер, көңілдерде Аллаһу та'ала мен расулына деген махаббат орын алған еді. Олар жайлап Қағбаға қарай ілгеріледі. Жақындаған сайын толқыныстары артып, тебіреністері ұлғая берді. Мұны көрген мүшріктердің көңілдері елжіреп, іштерінде жылы бір сүйіспеншілік сезімінің оянғанын байқады. Біразының жүрегінде Исламға деген сүйіспеншілік орнады. Ақырында Мұхаммед алейһиссалам жеңіске жеткен еді...

Міне, пайғамбарымыз бен ардақты сахабалары белдеріне қылыштарын тағынып Қағбаға кірді. Пайғамбарымыздың түйесі Қусуаның ноқтасын Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһ) ұстап жүрді. Кейбір меккелік мүшріктер, балалары мен әйелдері Дарун-Нәдуәде тізіліп тұрып пайғамбарымыз бен сахабаларға қарап тұрған еді. Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһ) алға қадам басқан сайын өлеңдер оқып, мүшріктердің көңіліне әсер салып жүрді.

Ей кәпірлер қашыңдар, босатыңдар ортаны!
Келе жатыр шынайы әлемдердің сұлтаны!

Аллаһу та'ала тек оған түсірді Құран,
Тек оның дінінде бар бақыт, жақсылық, иман.

Бүкіл қайыр, жақсылық жиналған осы дінде
Нағыз абырой - дәл осы дін жолында өлімде.

Аллаһ бір, расул бәрхақ! қабыл еттім жүректен
Бар сөзіне иландым, иман еттім, жоқ күмән.

Ей кәпірлер, Құранның түскенін бір Аллаһтан
Мойындамай майданға аттанғанда, біз жақтан

Оқтар жауып, қалай тез қылыштар шапқан болса,
Бастарыңды кеудеден бір-бір айырған болса,

Бастарыңа тағы да дәл сол пәлекет келер,
Оның мағынасына да сенбеушілік етсеңдер.

Бастаймын сол Аллаһтың қасиетті есімімен
Жоқ өзге дін шынайы, Аллаһтың хақ дінінен.

Тағы куәлік етем, бастап атымен Оның,
Мұхаммед алейһиссалам - құлы, расулы Оның.

Хазреті Омар шыдай алмай, «Ей, Ибн Рәуаха! Сен Расулуллаһтың алдында және Харем шәрифте қалайша өлең оқисың?» демекші болды. Бірақ, пайғамбарымыз: **«Йа Омар! Оған кедергі болма. Аллаһу та'алаға ант етемін, оның сөздері мына Құрайыш мүшріктеріне оқ атқаннан да тез және қатты әсер етуде. Ей, Ибн Рәуаха жалғастыра бер»**- деді. Пайғамбарымыз сәл өтіп, Абдуллаһ бин Рәуаха хазреттеріне қарата былай деді: **«Аллаһу та'аладан басқа илаһ жоқ. Бір болған Ол. Уәдесін орындайтын Ол. Бұл құлына көмектесетін Ол. Әскерлерін күшейтетін Ол. Топтасқан қауымдарды жеңіліске ұшырататын да Ол»- деп айт».** Абдуллах бин Рәуаха:

Аллаһу та'аладан өзге, ешқандай да жоқ илаһ
Жоқ Оның еш серігі, Лә илаһә иллаллаһ!

Ислам әскерлеріне күш-қуат беруші - Ол!
Кәпірлерді қиратып, қырушы, құртушы - Ол!

Мұсылмандар бұл сөздерді қайталады. Пайғамбарымыз Бәйтуллаһқа кірген кезде оң иығын ашты. Сосын **«Бүгін мына шірк етушілерге қарсы, өзін күшті және тың етіп көрсететін жігіттерге Аллаһу та'ала рақымын жаудырсын»**- деді. Осыған орай сахабалар оң иықтарын ашып, айбатты түрде тез-тез басып, Қағбаны үш рет тауап етті. Бірақ, Рукни Йәмани мен Хажерул-әсуадтың арасында жай басып жүрді. Пайғамбарымыз бен сахабалары Хажерул-әсуадқа жақындап, оны сүйіп немесе қолдарын жайып, Хажер-әсуадқа қаратып ұстады.

Мүшріктер сахабаларға қарап тұрып, олардың осындай айбатты және керемет жүрістерін таңданыспен тамашалады. Өйткені, мүшріктер арасында мұсылмандар Мәдинаға көшіп кеткеннен бері қатты әлсіреп, ауруға шалдығып, нашар жағдайға тап болғандықтары туралы өсектер айтылатын еді. Қазір болса керісінше жағдайға куә болып, таңданыстары арта түскен еді.

Мұсылмандар қалған төрт тауапты жай басып, аяқтады. Тауаптан кейін Ибраһим мақамында екі рәкат намаз оқыды. Сосын Сафа мен Мәруә төбелері арасында жеті рет барып-келді. Құрбандықтар шалынғаннан кейін пайғамбарымыз шашын алдырды. Сахабалар да қырынды. Осылайша, пайғамбарымыздың дәл бір жыл бұрын көрген түсі орындалды.

Умра зияраты бітіп, түскі уақыт болған еді. Пайғамбарымыз хазреті Біләлге Қағбада азан айтуды бұйырғанда Біләл Хабәши (радиаллаһу анһ) оны дереу орындады. Ол Қағбада азан оқыған кезде бүкіл Мекке сілкінгендей болды. Сахабалар бар ынталарын салып, азанды тыңдады, жай дауыспен оны қайталады. Біткеннен кейін пайғамбарымыз имам болып, барлығы бесін намазын оқыды. Оның мүшріктердің көңіліне салған әсері айрықша еді.

Пайғамбарымызға Әбтахта теріден бір шатыр құрылған еді. Сахабалар да айналасындағы шатырларда үш түн тұрды. Намаз уақыттарында Бәйтуллаһқа жиналып, жамағатпен намаздарын оқитын. Қалған уақыттарда туыстарына барып, Исламның өздеріне сіңірген әсем мінезімен оларға үлгі болды. Олар да сахабалардың осындай әсем әрекеттерінен әсерленіп, таңданыстарын жасыра алмады. Үш күннің ішінде Мекке іштей бағындырылғандай болған еді.

Үш күн өтіп, енді кететін уақыт келген еді. Кешке қарай пайғамбарымыз «(Умраға келген) **мұсылмандардан ешкім кешті Меккеде өткізбейді, жолға шығады»** дегенде барлығы дереу жиналып, Мәдинаға қарай жолға шықты.

МУТӘ СОҒЫСЫ

Әлемдерге рақымдылық ретінде жіберілген пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Меккеге умраға барғанда сахабалардан Уәлид бин Уәлидке **«Халид қайда? Ол сияқты адамның Исламды танымағаны, білмегені болмайды. Әттең, ол бар күш-жігері мен батырлығын мұсылмандардың жанында мүшріктерге қарсы көрсетсе қандай жақсы болар еді. Оны жақсы көріп, жоғары ұстар едік»** деген еді. Уәлид бин Уәлид (радиаллаһу анһ) одан бұрын да жиі-жиі хат жазып, ағасын мұсылмандыққа шақыратын. Пайғамбарымыздың осы сөздерін де жеткізгенде ағасы Халидтің Исламға деген әуестігі арта түсті. Умраға барған сахабалар Мәдинаға қайтқан болатын. Арадан бірнеше күн өтіп, хижреттің сегізінші жылы кірген еді. Халид бин Уәлид болса, енді орнында тұра алмай, тезірек Мәдинаға барып, пайғамбарымыздың алдына тізерлеп отырып, мұсылман болуды аңсады. Өзі былай баяндайды:

«Аллаһу та'ала маған пайғамбарға деген сүйіспеншілік сезімін оятты. Жүрегіме Исламға деген сүйіспеншілік ұялатты. Жақсылық пен жамандықты айыратындай жағдайға жеткізді. Өз-өзіме «Мен Мұхаммед алейһиссаламға қарсы барлық соғыстарға қатыстым. Бірақ, әр соғыстан қайтып бара жатқанымда өзімді жаман халде сезініп, оның бір күні міндетті түрде жеңіске жететінін білетінмін. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Худәйбийаға келген кезде де жау әскерінің қолбасшысы болатынмын. Усфанда оларға жақын бардық. Расулуллаһ бізден сенімді кейіпте бесін намазын оқытып жатқан болатын. Оларға тұтқиылдан шабуыл жасамақ болдық, бірақ бұны жасай алмадық. Бұлай болуы қайырлы болды. Расулуллаһ біздің ойымызды сезген болуы керек, екінді намазын шара қолданып оқыды. Бұл жағдай маған қатты әсер етті. Бұл адам Аллаһу та'ала тарапынан қорғалатын болса керек дедім. Біз бір-бірімізден бөліндік. Мен әр түрлі ойлардың ішінде жүрген едім. Мұхаммед алейһиссалам умраға Меккеге келген кезде оған көрінбедім. Бауырым Уәлидпен бірге келіп, мені таба алмапты. Бауырым маған мынадай хат қалдырыпты: «Бисмилләһиррахманиррахим! Аллаһу та'алаға хамд пен мақтаулар және Расулуллаһқа сәлем және салауат болсын! Мен шындығында сенің Исламнан теріс айналып кетуіңнен асқан таңқаларлық нәрсе

көрген емеспін. Алайда, ұстанған жолыңның қате екенін өзің де түсіне аласың. Неге ақылға салмайсың? Ислам сияқты дінді танып, түсінбеуің қандай жаман. Пайғамбарымыз менен сені сұрады. Сенің Исламды мойындап, күш-жігерің мен ерлігіңді мұсылмандардың арасында мүшріктерге қарсы қолданғаныңды қалайды. Ей, бауырым! Көптеген мүмкіндіктерді жіберіп алдың. Ендігі көп кешікпе!»

Бауырымның хатын оқығаннан кейін менің мұсылман болу құштарлығым арта түсті. Баруға асықтым. Расулуллаһтың айтқандары мені қатты қуантқан еді. Сол түні ұйықтап жатып, түсімде қиын, тар және шөл сияқты жерлерден жап-жасыл, кең және рахат бір жерге шыққан едім. Мәдинаға барған соң бұл түсімді хазреті Әбу Бәкірге айтып, жорытуды ойладым.

Мен Расулуллаһқа баруға жиналып жатқанда «Ол жерге бара жатқанда маған кім жолдас болады екен?» деп ойладым. Сол кезде Сафуан бин Умәййәға жолықтым. Оған жағдайды айттым. Ол ұсынысымды қабылдамады. Сосын Икримә бин Әбу Жәһлге кездестім. Ол да қабылдамаған соң үйіме келдім. Жануарыма мініп, Осман бин Талхаға бардым. Оған да мұсылман болу үшін Расулуллаһқа баратынымды айтып, маған жолдас болуын сұрадым. Ол қабыл етіп, ертеңіне таң ата екеуміз жолға шықтық. Хаддә деген жерге жеткенімізде Амр бин Асқа жолықтық. Ол да мұсылман болу үшін Мәдинаға бара жатыр еді. Мәдинаға бардық. Ең жақсы киімімді киіп, Расулуллаһпен кездесуге дайындалдым. Сол кезде бауырым Уәлид келді де «Тез бол. Өйткені, пайғамбарымызға сенің келе жатқаның хабарланған. Ол қатты қуанды. Қазір сендерді күтіп отыр»,- деді. Асығып оның жанына бардым. Ол күлімсіреп отыр еді. Сәлем бердім. «Аллаһу та'аладан басқа илаһ жоқ екеніне және сіздің Аллаһу та'аланың пайғамбары екеніңізге куәлік етемін»,- дедім. Ол **«Сені тура жолға салған, тура жолды көрсеткен Аллаһу та'алаға шүкіршілік»**,- деді. Сосын күнәларымның кешірілуі үшін Аллаһу та'алаға дұға етуін сұрадым. Ол мен үшін дұға етіп, **«Ислам өзінен бұрын істелген күнәларды алып тастайды»,**- деді. Қасымдағы екі жолдасым да мұсылман болды».

Осылайша, Меккенің ең батырлары, мақсаттарына жету жолында жандарын беретін осы үш палуан жігіт шын ықыластарымен Расулуллаһтың алдында сахабалардың қатарына қосылу құрметіне ие болды. Енді олар бар күштерін күпірлікті жоюға жұмсайтын

еді. Олардың мұсылман болғанына сахабалар қатты қуанды, қуаныштарын «Аллаһу әкбар!» деп тәкбірлермен білдірді.

Хижреттің сегізінші жылында пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Исламның таралуы үшін тағы да әр түрлі тайпаларға, елдерге елшілер жіберді. Олардың біразынан оң нәтижелер шықты, бірақ Бусра әкіміне жіберілген Харис бин Умәйрды Шамның Бәлқа ауданының Мутә деген ауылында христиан әскерлері ұстап алады. Шамның әкімі Шурахбил бин Амрдің алдына апарылған хазреті Харис елші болса да өлтіріліп, шәһид етіледі.

Бұл хабарға пайғамбарымыз қатты ренжіп, сахабаларына жиналуға бұйрық берді. Бұл бұйрықты алған сахабалар балаларымен қоштасып, Журф ордасына жиналды. Пайғамбарымыз бесін намазын оқытқаннан кейін **«Жиһадқа шығатын мына адамдарға Зәйд бин Харисаны қолбасшы еттім. Зәйд бин Хариса шәһид болса, орнына Жафәр бин Әбу Тәліп барсын. Жафәр бин Әбу Тәліп шәһид болса, орнына Абдуллаһ бин Рәуаха өтсін. Абдуллаһ бин Рәуаха шәһид болса, мұсылмандар араларына лайықты біреуді таңдап, өздеріне қолбасшы етсін!»,**- деді. Осыған орай сахабалар аттары аталған қолбасшылардың шәһид болатынын түсініп, жылай бастады: «Йа Расулаллаһ! Әттең, тірі қалып, оларды пайдалансақ»,- деді. Пайғамбарымыз оларға жауап бермей, үнсіз қалды.

Бұларды сол жерде тұрған хазреті Зәйд, Жафәр мен Абдуллаһ та (радиаллаһу анһум) естіп, қатты қуанды. Өйткені, олардың ең үлкен мақсаттары Аллаһу та'аланың дінін жаю жолында шәһид болу еді. Енді сүйінші хабар беріліп, мұны өз құлақтарымен естіген еді.

Мүжаһидтер дайындық істерін аяқтап, қолбасшыларын күтіп тұрған еді. Пайғамбарымыз Исламның ақ туын Зәйд бин Харисаға берді. Оған Харис бин Умәйрдің (радиаллаһу анһ) шәһид етілген жеріне дейін баруды және Исламды уағыздауды бұйырды. Қабылдамаса дұшпанмен соғысуды бұйырды.

Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһ) қасындағы қолбасшы жолдастарымен қоштасып тұрып жылады. Жолдастары одан **«Ей, Рәуаханың ұлы! Неге жылайсың?»**- деп сұрады. Ақын Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһ) жылауының себебі дүниеге құштарлық емес, сағыныш емес екенін, Құран кәрімде көрсетілген **«Күмәнсіз, біліңдер, сендердің араларыңнан тозақтан өтпейтін ешкім жоқ»** деген аятты естігенін, тозаққа түссе, қалай сабыр ететінін өлеңмен жеткізді.

Көз жасымның себебі өмір қайғысы емес,
Сендерден айрылудың ауыр жазмышы емес.

Негізгі себеп мұнда, Раббымыздың кәламы,
Құран кәрімдегі мынадай бір аяты:

Еш күмәнсіз біліңдер, адам балаларынан,
Ешкім жоқ өтпейтұғын жалынды жаһаннамнан...

Бұл аятты оқыған пайғамбардан естідім,
Тозаққа түсер болсам, бұған қалай төземін.

Жолдастары «Аллаһу та'ала сені сүйікті құлдарының қатарынан жазсын, салихтерден болғайсың» деп дұға етті. Сосын Абдуллаһ бин Рәуаха: «Бірақ, мен Аллаһу та'ала тарапынан кешірілуді қалаймын. Және қандарды ағызатын қылыш соққысынан немесе ішек-бауырымды жарып шығатын найзадан шәһид болуды қалаймын»- деді. Әскерлер жүруге дайындалғанда хазреті Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһ) пайғамбарымызға барып, қоштасып «Йа Расулаллаһ! Маған жаттап алатын және есімнен шығармайтын бір нәрсе ұсынасыз ба?»,- деді. Пайғамбарымыз оған **«Сен ертең Аллаһу та'алаға өте аз сәжде жасалатын елге барасың. Сол жерде сәжделерді, намаздарды көбейт»,**- деді. Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһ): «Йа Расулаллаһ! Маған насихатыңызды көбейтесіз бе?» дегенде пайғамбарымыз: **«Аллаһу та'аланы әрдайым зікір ет. Мақсатыңа жетуде саған көмекші болады»**- деді.

Үш мың адамдық Ислам әскері «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деген дауыстармен жүре бастады. Пайғамбарымыз бен Мәдинада қалған ардақты сахабалар мүжаһидтерді Уәда деген жерге дейін шығарып салды. Осы жерде пайғамбарымыз Ислам әскеріне былай деп тіл қатты: **«Мен сендерге Аллаһу та'аланың бұйрықтарын орындап, тыйымдарынан сақтануды, жандарыңдағы мұсылмандарға жақсы мәміле жасауды және оларға жақсы көзбен қарауды ұсынамын. Аллаһу та'аланың жолында Оның есімін айтып соғысыңдар. Олжаға түскен заттарға қиянат жасамаңдар. Келісімге опасыздық жасамаңдар. Балаларды өлтірмеңдер. Ол жерде христиандардың шіркеулерінен адамдардан бөлініп, өздерін құлшылыққа арнаған кейбір адамдарды көресіңдер. Оларға тиіспеңдер. Олардан басқа бастарына шайтан ұялаған**

кейбір адамдарды да көресіңдер, олардың басын шабыңдар. Сендер әйелдерді, қарт адамдарды өлтірмеңдер. Ағаштарды өртемеңдер, кеспеңдер. Үйлерді қиратпаңдар!»

Бас қолбасшы Зәйд бин Харисаға (радиаллаһу анһ) **«Мүшрік жаумен қарсыласқанда оларды үш нәрсенің біріне шақыр.** (Егер мұсылмандықты қабылдаса) **оларды мұхажирлер елі болған Мәдинаға хижрет етуге шақыр. Шақыруыңды қабылдаса, мұхажирлердің құқықтары мен міндеттері оларға да жүктелетінін білдір. Егер мұсылман болып өз елдерінде қалуды қаласа, мұсылман көшпенді арабтар сияқты болатындарын және оларға қолданатын иланһи үкімнің өздеріне де қолданылатынын, соғыс олжасынан оларға ештеңе берілмейтінін және олжадан тек мұсылмандардың қасында соғысқандардың алатынын білдір.**

Егер Исламды қабылдамаса, оларды жизийа (салық) **төлеуге шақыр. Араларындағы осыны қабылдағандарға тиіспе. Жизийа да бергісі келмесе, Аллаһу та'аланың көмегіне сүйеніп, олармен соғыс»**- деді.

Осы насихаттан кейін мүжаһидтермен қоштасты. Ислам әскері тәкбір айтып қоштасты. Артта қалғандар кеткендерге қол бұлғап, «Аллаһу та'ала сендерді түрлі қауіптерден қорғасын, қайтадан аман-сау қайтарсын» деп дұға етті. Көзге көрінбей кеткенге дейін көздерінен жас ағып қарап тұрды. Зәйд бин Харисаның (радиаллаһу анһ) қолындағы қасиетті ту желбіреп, мүжаһидтер ұзақ жолға Аллаһу та'аланың дініне қызмет ету үшін шыққан еді.

Ислам әскері Сирияға қарай бет алды. Жол сапары тыныш өтті. Мүжаһидтер тезірек жаумен кездесуге асықты. Шәһидтікті қалағандардың ішінде Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһ) да бар еді. Мұны Зәйд бин Әрқам (радиаллаһу анһ) былай әңгімелеген:

«Мен Абдуллаһ бин Рәуаханың тәрбиесінде өскен жетім болатынмын. Ол Мутә жорығына шыққанда мені де түйесінің артына мінгізді. Түнде біраз уақыт жүргеннен кейін өзінің бұл сапарда шәһид болатынын айтып, өлеңдетті. Мен мұны естіп жыладым. Абдуллаһ бин Рәуаха мені қамшысымен түртіп, «Ей, саған не болды? Бұлай айтудың саған қандай зияны бар? Аллаһу та'ала маған шәһидтікті бұйыртса сен осы жануармен кері қайтасың. Ал мен дүниенің барлық дерттерінен, қайғыларынан құтылып, рахатқа қауышамын»- деді. Түсіп екі рәкат намаз оқыды. Сосын ұзақ дұға оқып, маған «Ей, бала! Бұл сапарда иншаллаһ шәһидтік нәсіп болады»,- деді.

Ержүрек сахабалар Сирияға жақындағанда Шам әкімі Шурахбил бин Амр Ислам әскерінің жақындағанын естіген болатын. Дереу Византия билеушісі Гераклиусқа жағдайды хабарлап, үлкен көмек алып, көңілі жайланған еді. Өйткені, естуі бойынша мұсылмандардың саны тек 3-5 мың ғана болатын. Өзінің әскері жүз мыңнан асатын. Ал қару-жарақтары есепсіз болатын.

Сахабалар Шам жерінен Муанға барған кезде гректердің жүз мың адамдық әскерімен өздеріне қарсы келе жатқанын естіді. Сол жерге қонып, екі түн түнеді. Қолбасшы Зәйд бин Хариса (радиаллаһу анһ) жолдастарын жинап, жағдайды баян етті. Гректерге қарсы не істеу керектігі туралы пікірлерін сұрады. Сахабалардың біразы «Грек әскерімен кездеспестен елдеріне тұтқиылдан шабуыл жасайық. Адамдарын тұтқынға түсіріп, Мәдинаға жіберейік» десе, біразы «Расулуллаһқа хат жазып, жаудың санын айтайық. Бізге шұғыл әскер жіберуін немесе не істеуіміз керектігін сұрайық»,- деді. Екінші пікірді дұрыс деп санап тұрғанда Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһ) сөзге араласып, «Ей, қауымым неге алаңдайсыңдар? Шәһид болу үшін келмедік пе? Біз кәпірлермен ешқашан санымыз, қаруымыз көп болып соғысқан жоқпыз. Аллаһу та'аланың бұйыртқан осы дінінің күшімен арыстанша соғыстық. Алға ұмтылыңдар, соғысыңдар, сөзсіз алдымызда қайыр бар. Бұл істің нәтижесі не жеңіс, не шәһидтік. Бәдір күні екі-ақ атымыз бар болатын, Ухудта бір ғана ат пен аз ғана қаруымыз болды. Бұл соғыста жеңу тағдырымызға жазылған шығар. Оны Аллаһ пен пайғамбары уәде етті. Хақ та'ала уәдесінен ешқашан қайтпайды. Ей, мүминдер, олай болса алға жылжыңдар! Егер маңдайымызға шәһидтік жазылса, жұмақтағы шәһид бауырларымызға қауышамыз» дегенді өлең шумақтарымен жеткізді. Хазреті Абдуллаһ бин Рәуаханың бұл сөздері мүжаһидтердің батырлық сезімін оятты. «Уаллаһи, Рәуаханың ұлы дұрыс айтады» десті.

Осылайша шешім қабылданған еді. Барлығы шәһид болғанға дейін соғысуға бел байлады. Ержүрек сахабалар Мутә деген ауылға барған кезде жүз мың адамдық грек әскерімен кездесті. Тау-тас барлық жер дұшпан әскерімен толы еді. Бір жақта Аллаһу та'аланың дінін тарату үшін сонау Мәдинадан Шамға дейін келген үш мың адамдық Ислам әскері, екінші жақта Исламды жою үшін жиналған жүз мың адамдық кәпір әскері бар еді. Бір қарағанда салыстыруға келмейтін күш болатын. Сонда бір мұсылманға отыздан астам гректен түсетін еді.

Екі жақ та соғысқа әзір тұрды. Осы кезде пайғамбарымыздың бұйрығы бойынша Ислам әскерінен бір кеңес грек ордасына қарай жүрді. Олар грек әскеріне Исламға кіруді немесе жизийа төлеуді ұсынды. Бірақ, олар бұл ұсыныстыны қабылдамады. Енді уақытты жоғалтудың қажеті жоқ еді. Қолбасшы Зәйд бин Хариса (радиаллаһу анһ) қолына қасиетті Ислам туын алып, әскеріне шабуылдау бұйрығын берді. Осы сәтті күтіп тұрған мүжаһидтер «Аллаһу әкбар!» деп алға қарай атылды. Қылыштарын суырып, жаудың ортасына бас қойды. Ат кісінеп, қылыштар шатырлап, тәкбір дауыстары естіліп, соғыстың басында-ақ майдан қанға боялған еді. Сахабалар қылышын әр сілтегенінде бір басты, не бір қолды шауып түсіріп жатты. Қолына Расулуллаһтың ақ туын ұстаған хазреті Зәйд жаудың ортасында «Аллаһ! Аллаһ!» деп соғысып жүрді. Қылышымен айналасын жапырып, алдына шыққан жауды сұлатып жатты. Қолбасшыларының батырларша соғысып жүргенін көрген сахабалар одан қалыспай, жауға ұмтылды. Бір кезде бірнеше найза бірден қолбасшы хазреті Зәйдтің денесіне барып қадалды. Одан кейін тағы да бірнеше найза қадалды. Оның денесі бірнеше жерден тесілді. Зәйд бин Хариса (радиаллаһу анһ) жерге құлап, қатты аңсаған шәһидтік дәрежесіне қол жеткізді.

Зәйд бин Харисаны (радиаллаһу анһ) бақылап жүрген хазреті Жафәр дереу туды қолына алды. Желбіреген Ислам туын көрген мүжаһидтер жаңа бір күш-жігермен соғысуды жалғастырды. Хазреті Жафәр де Зәйд бин Хариса (радиаллаһу анһум) сияқты батыл шайқасты. Бір жағынан жауға ұмтылса, екінші жағынан жолдастарына күш берген еді. Хазреті Жафәр шайқасқа беріліп, жолдастарынан біраз ілгерілеп кеткен еді. Гректердің ортасында жалғыз өзі шайқасып, барлығын қылышымен сұлатып жүрді. Бұл жолдан кері жолдың жоқ екенін түсініп, «Менің міндетім кәпірлердің барлығына қылыш салу» деп, Аллаһу та’аланың қасиетті есімін аузынан тастамай, жанын салып соғысты. Бір кезде жаудың бір әскері хазреті Жафәрдің оң қолына қылыш ұрды. Оң қолы кесілген хазреті Жафәр қасиетті Ислам туын жерге түсірместен сол қолына алды. Туды жоғары көтеріп, желбіретті. Сол кезде тағы бір соққы тиіп, сол қолы да кесілді. Бұл жолы туды кесілген қолдарының арасына салып, кеудесіне қысып, көтеруге тырысты. Бірақ жаудың сілтеген көптеген қылыш соққысынан шәһид болды. Рухы жұмақтың жоғары дәрежелеріне қарай ұшты. Денесінде тоқсаннан астам қылыш пен найзаның жарасы бар еді.

Қолбасшыларының шәһид болғанын көрген мүжаһидтер жерге түскен Ислам туын алып, Абдуллаһ бин Рәуахаға (радиаллаһу анһ) берді. Ол да атының үстінде туды желбіретіп, жауға ұмтылды. Бір жағынан алдынан шыққан жауды талқандап, екінші жағынан ұрандатып өлең айтып жүрді.

Ей нәпсім, маған мойынсұнасың сен әлбетте.
Ант ішейін, бүгін шәһид боламын мен қайткенде.
Сен көнесің өлімге, бұған разы боласың
Мәңгі өмірге разы болмас қай пенде.
Бұл соғыста жан бермесең егерде,
Айтшы нәпсім, Өлмейтұғын адам бар меді өмірде.
Жафар бин Әбу Талиб, Зәйд бин Харистер,
Бәрі шәһид, бәрі жетті мәреге.
Ей нәпсім, тоқтама сен, алға ұмтыл,
Сонда ғана жетесің сен кәдеңе.

Хазреті Абдуллаһ та «Аллаһу әкбар!» деген дауыстардың арасында дұшпанмен қызу шайқасты. Бір кезде саусағына қылыш тиіп, кесілген саусағы терісіне ілініп тұрды. Бұл қолбасшы дереу атынан түсіп, соғысуына кедергі келтірген жаралы саусағын аяғымен басып, «Сен тек жаралы саусақ емессің бе? Онсыз да бұл соғысқа Аллаһу та’аланың жолында келдің»- деп жұлып алды. Атына секіріп мініп, бар күшін салып қайтадан соғыса бастады. Бірақ, қанша соғысса да шәһид болмағанына өзін кінәлай бастады. Жауға қайта-қайта шабуыл жасады. Ақырында бір найза тиіп жерге құлады. Аллаһу та’ала мен Расулының жолындағы соғыста шәһид болып, рухы жұмаққа ұшты.

Сол кезде хазреті Абдуллаһтың қасында соғысқан Әбул Йуср Ка’б бин Умәйр (радиаллаһу анһ) туды желбіретуге тырысты. Көзін сахабалардың арасына жүгіртіп, өзінен үлкен және жетілген адамды іздеді. Сабит бин Әрқамды (радиаллаһу анһ) көріп, туды соған тапсырды. Хазреті Сабит туды мүжаһидтердің алдына тіккеннен кейін «Ей, бауырларым! Тез арада біріңді қолбасшы сайлап, оған бағыныңдар»,- деді. Олар «Сені таңдадық» десе де хазреті Сабит мұны қабылдамады. Көзі Халид бин Уәлидке (радиаллаһу анһ) қадалды. Оған «Ей, Әбу Сүлеймән! Туды сен ал»,- деді. Мұсылмандардың арасына жаңадан қосылған хазреті Халид ұялып бұл туды алғысы

келмей, «Мен бұл туды сенен ала алмаймын. Сен бұған менен лайықтырақсың. Өйткені, сенің жасың үлкен және Бәдір соғысында Расулуллаһтың қасында соғыстың» деген еді. Бірақ, уақыт тар болатын. Айналасындағы сахабалар жаумен шайқасып, жүз мың адамдық дұшпан әскерін шегіндіруге тырысып жатқан еді. Хазреті Сабит сөзін қайталады: «Ей Халид! Расулуллаһтың қасиетті туын тез қолыңа ал. Уаллаһи, мұны саған беру үшін алған болатынмын. Сен соғыс тәсілін менен жақсы білесің»,- деді де айналасындағы мүжаһидтерден «Ей, бауырларым! Халидтің қолбасшы болуына қалай қарайсыңдар?»- деп сұрады. Олардың барлығы бірауыздан «Оны қолбасшы етеміз»,- деді. Осыған орай хазреті Халид пайғамбарымыздың өз қолымен тапсырған туын үлкен құрметпен қолына алып, сүйді. Атына мініп, жауға қарай бар айбынымен ұмтылды.

Ер жүрек сахабалар жаңа қолбасшыларының соңынан еріп, қайтадан шабуыл жасауға көшті. Хазреті Халид керемет батылдықпен шайқасты. Алдына келгеннің бәрін жайратты. Бір кезде Кутбә бин Қатадә (радиаллаһу анһ) жаудың қолбасшысы Малик бин Зафиләнің басын шауып түсірді. Гректердің көңілдері түсіп, абдырап қалған еді. Бірақ, кеш болып, қараңғы түсе бастаған болатын. Қараңғыда соғысу өте қауіпті еді. Өйткені, қателесіп өз адамын өлтіруі мүмкін еді. Сондықтан екі жақ та ордаларына қайтты. Жаралыларға ем жасалды. Хазреті Халид соғыс әдісін жақсы меңгерген еді. Таңертең жауға қарсы жаңа әдіс қолданғысы келді. Ол түнде әскерлердің орнын ауыстырды. Оң жақтағыларды сол жаққа, сол жақтағыларды оң жаққа, алдағыларды артқы жаққа, арт жақтағыларды алдыңғы жаққа қойды.

Таңертең қайтадан шабуылға шыққан ержүрек мүжаһидтер «Аллаһу әкбар!» деп дауыстап, шайқасқа шықты. Жаудың әскерлері өздеріне шабуылдаған әскерлерді алғаш көріп тұр еді. Бұлар кешегі соғысқан адамдары емес болатын. «Мұсылмандарға жаңа әскер көмекке келген болуы керек!» деп ойлаған грек әскерлерінің көңіл-күйлері бұзылды. Олар әбігерге түсе бастады. Осы мүмкіндікті пайдаланған хазреті Халид пен ардақты сахабалар ол күні бұрынғыдан да күшті соғысып, жаудың мыңдаған әскерін қырып салды. Сол күні Халид бин Уәлидтің қолында тоғыз қылыш сынған еді. Аллаһу та'аланың ихсанымен, пайғамбарымыздың дұғасымен үш мың мүжаһид жүз мың жаудың әскерін жеңіп шықты. Осы үлкен шайқаста

он бес адам шәһид болды. Осылайша, Византия империясына шек қойылып, оңтүстікке қарай жорық ұйымдастыруларына тосқауыл қойылған еді.

Пайғамбарымыз өзіне соғыс майданынан хабар келместен бұрын Мутәда болған жағдайларды хабарлау үшін сахабаларды мешітке жинаған болатын. Пайғамбарымыздың жүзінен оның өте қайғылы екендігі байқалып тұрды, одан сайын ренжімесін деп ешкім бірнәрсе сұрауға бата алмады. Сахабалардың бірі «Жанымыз сізге құрбан болсын йа Расулаллаһ! Сіздің жүзіңіздегі қайғыны көріп, ішіміз қан жылайды, қаншалықты қайғырғанымызды тек Аллаһ қана біледі»- деді. Пайғамбарымыздың көзінен жас ағып тұрып былай деді: **«Менің жүзімнен көрінген қайғы, мені ренжіткен нәрсе сахабаларымның шәһид болуы еді. Бұл хал олардың жұмақта тақ үстінде отырғанын көргеніме дейін жалғасты. Зәйд бин Хариса туды қолына алды. Соңында шәһид болды. Ол қазір жұмаққа кірді. Ол сонда жүгіріп жүр. Сосын туды Жафәр бин Әбу Тәліп алды. Жаудың әскеріне шабуылдады. Шайқасып, ол да шәһид болды. Ол шәһид болып, жұмаққа кірді және екі жақұт қанатпен қалағанынша ұшып жүр. Жафәрден соң туды Абдуллаһ бин Рәуаха алды. Қолына туды алып, дұшпанмен соғысты. Шәһид болып, жұмаққа кірді. Олардың жұмақта алтын тақтардың үстінде отырғаны маған көрсетілді. Ей, Аллаһым! Зәйдті кешір! Ей, Аллаһым! Жафәрді кешір! Ей, Аллаһым! Абдуллаһ бин Рәуаханы кешір!»**

Пайғамбарымыздың көзінен әлі жас ағып тұр еді. Ол былай деді**: «Абдуллаһ бин Рәуахадан соң туды Халид бин Уәлид алды. Міне, енді соғыс қыза түсті. Ей, Аллаһым! Ол** (Халид бин Уәлид) **- сенің қылыштарыңның бірі. Оған көмек бер!»**

Пайғамбарымыз Аллаһу та'аланың бұйрығымен мың шақырымнан да алыстағы соғыс алаңындағы жағдайды мұғжиза ретінде көріп, сахабаларына хабарлаған еді. Жафәр бин Әбу Тәліп (радиаллаһу анһ) шәһид болған күні осы оқиғаны айтқаннан кейін тұрып, хазреті Жафәрдің үйіне барды. Әйелі Әсма (радиаллаһу анһа) үй шаруасын бітіріп, балаларын жуындырып, шаштарын тараған еді. Пайғамбарымыз **«Ей, Әсма! Жафәрдің ұлдары қайда? Оларды алып кел»**,- деді. Әсма балаларды алып келген кезде пайғамбарымыз оларды бауырына басып, оларды құшарлана иіскеп, сүйді. Жүрегі елжіреп, көзінен жас сорғалады. Мұны көрген Әсма ханым «Ата-

анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Неге балаларыма жетімдерге көрсететін мейірімділікті көрсетіп отырсыз? Әлде Жафәр мен жолдастарынан қайғылы хабар алдыңыз ба?» деп жалынып сұрады. Пайғамбарымыз **«Иә, олар бүгін шәһид болды»,**- деді. Хазреті Әсма да балаларын бауырына басып, жылады. Бұл көрініске пайғамбарымыз шыдай алмай, шығып кетеді.

Үйіне барған пайғамбарымыз әйелдеріне **«Жафәрдің үйіне тамақ дайындауды ұмытпаңдар»-** деді. Үш күн шәһид отбасыларына тамақ жіберіліп тұрды.

Арадан бірнеше күн өткен еді. Мәдинаға сүйінші хабарды Йала бин Умәййә жеткізді. Ол әлі хабарды айтпастан бұрын пайғамбарымыз оған **«Қаласаң болған жағдайларды сен айт, қаласаң мен саған айтайын»** деп, соғыста болғандардың барлығын айтып берді. Бұған Йала бин Умәййә «Сізді хақ дін және кітаппен пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етемін, мүжаһидтердің басынан өткен жағдайлардың бірін қалдырмай айттыңыз»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Аллаһу та'ала мен үшін арадағы қашықтықты алып тастады, соғыс майданын өз көзіммен көрдім»**,- деді.

Бірнеше күннен кейін хабаршылар Ислам әскерінің Мәдинаға жақындағанын жеткізді. Пайғамбарымыз сахабаларымен тұрып, Мәдинаның сыртына күтіп алуға шықты. Алыстан бір шаң көрініп, қасиетті Ислам туы желбіреп келе жатқан еді. Қылыш, қалқанның жарқылы айналаға сәулесін түсіріп келе жатты. Барлық адам үлкен тебіреніс сезіміне бөленген еді. Біраздан соң Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһ) бастаған мүжаһид жауынгерлер Мәдинаға кірді...

МЕККЕНІҢ АЛЫНУЫ

Хижреттің сегізінші жылы болатын. Худәйбийа келісімінің бір бабында «Екі жақтан тыс қалған араб тайпалары қалаған жақтарының қарамағына кіре алады, мұсылмандар мен мүшріктердің қайсысына қосылса да өздері біледі» деп жазылған еді. Осыған орай пайғамбарымыздың одақтасы болған Хузаа тайпасы мұсылмандарға, Бәни Бәкр тайпасы мүшріктерге қосылған болатын. Хузаа тайпасы мен Бәни Бәкр тайпасы бұрыннан бір-бірімен жау болып, мүмкіндік туған сәтте бір-біріне шабуылдар жасайтын. Худәйбийа келісімі бойынша олар да біраз уақытқа ұрыс-шайқастарын тоқтатқан болатын. Бірақ, бұған Бәни Бәкрлер екі жыл ғана шыдай алды. Бәкр ұлдарының бірі пайғамбарымызға тіл тигізетін өлең айтып, оны естіген Хузаа тайпасының бірнеше жігіті шыдамай, оның басын жарады. Бәкр ұлдары мұны оңтайлы сәт деп есептеп, Хузаа тайпасына шабуылдайды. Бұл шабуылға құрайыштық мүшріктер қару беріп және жасырын әскер жіберіп көмектеседі, Харем шәрифте Хузаа тайпасынан жиырмадан астам адамды өлтіреді. Қақтығыс кезінде Хузаа тайпасынан біраз мұсылмандар пайғамбарымыздан көмек сұраған болатын. Хузаа тайпасының адамдары түнде болған бұл шайқаста Бәкр ұлдарының арасында Құрайыш мүшріктерін де көргенін айтты.

Сол түні Мәдинада хазреті Мәймунәның үйінде болған пайғамбарымыз намаз оқуға тұрып, дәрет алып жатқанда Аллаһу та'аланың рұқсатымен мұғжиза ретінде Меккедегі мұсылмандардың өзінен көмек сұрағанын естіді. Оларға **«Ләббәйк!** (Шақыруларыңа келемін)»- деп жауап берді. Мәймунә анамыз (радиаллаһу анһа) пайғамбарымыздың қасында ешкім жоқ болса да осылай деп сөйлеп тұрғанын көріп, «Йа Расулаллаһ! Қасыңызда біреу бар ма?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз оған Меккеде болған оқиғаны және құрайыштықтардың бұл іске араласқанын айтты.

Құрайыш мүшріктері Бәни Бәкрлерге көмектесіп, Хузаа тайпасына шабуыл жасап, оларды өлтіріп, Худәйбийа келісім шартының бабтарына қайшы әрекеттер жасап, осылайша келісім шартты бұзған еді. Бірақ, бұл оқиғадан сол кезде Шамға сауда үшін кеткен Құрайыш көсемі Әбу Суфйанның хабары жоқ болатын. Шамнан

оралғанында адамдар оған жағдайды баяндап: «Бұл міндетті түрде түзетілуі тиіс мәселе. Мұны жасыру мүмкін емес. Егер түзетілмесе Мұхаммед (алейһиссалам) бізді Меккеден шығарады»,- деді. Әбу Суфйан: «Бұл оқиғаға қатысым жоқ болса да, болған шайқас хабары Мәдинаға жетпестен бұрын келісімді жаңалап, созу үшін тез арада жолға шығуым керек»,- деді.

Алайда, пайғамбарымыз хабарды сол кезде-ақ естіп қойған болатын. Оқиғадан үш күн өткен соң Хузаа тайпасынан Амр бин Салим қасына қырық атты әскер ертіп, пайғамбарымызға жағдайды хабарлайды. Пайғамбарымыз **«Хузаа ұлдарына көмектеспесем, маған да көмек берілмесін»** деп бір хат жаздырды. Құрайыш мүшріктеріне жіберілген бұл хатта пайғамбарымыз **«Сендер Бәкр ұлдарымен одақтастықтарыңнан бас тартасыңдар, немесе Хузаа ұлдарынан өлтірілген адамдарға құн төлейсіңдер. Егер бұл айтқандарымның бірін орындамайтын болсаңдар сендермен соғысатынымды білдіремін»** деген болатын.

Құрайыштықтар «Одағымызды да үзбейміз, құн да төлемейміз. Тек соғысамыз» деп хабар жіберді. Бірақ, бұлай жасағандықтарына қатты өкініп, қорқып, келісімді жаңалау үшін Әбу Суфйанды Мәдинаға жолға шығарды.

Әбу Суфйан Мәдинаға бармастан бұрын пайғамбарымыз оның келетінін сахабаларға айтты. **«Әбу Суфйан келісімді жаңалап, мерзімін ұзартуға келе жатыр деп ойлаймын. Бірақ, ол дегеніне жете алмай, кері қайтады»,**- деді.

Әлі мұсылман болмаған Әбу Суфйан Мәдина Мунаууараға барады. Өзінің қызы және пайғамбарымыздың әйелі, мүминдердің анасы болған Үммү Хабибаның (радиаллаһу анһа) үйіне келеді. Пайғамбарымыздың төсегіне отырмақшы болғанда хазреті Үммү Хабиба ол отырмастан бұрын төсекті тартып алады. Әкесі бұған қатты ренжіп, «Ей, қызым! Бұл төсекті менен аяп отырсың ба?» деп сұрағанында Расулуллаһқа деген сүйіспеншілігін барлық нәрседен артық қоятын хазреті Үммү Хабиба әкесіне «Бұл төсек Аллаһу та'аланың Расулының төсегі. Оған мүшріктер отырмайды. Сен мүшріксің және лассың. Бұл төсекке отыруға мүлдем де лайық емессің»- деп жауап берді. Әкесі «Ей, қызым! Үйімнен кеткелі саған бір нәрсе болған-ау шамасы» дегенде ол «Әлһамдулилләһ, Аллаһу та'ала маған Исламды нәсіп етті. Ал, сен болсаң әлі естімейтін, көрмейтін, тастан жасалған пұттарға табынасың. Ей, әке! Сен сияқты

Құрайыштың үлкені болған адам қалайша Исламнан алыс тұрады?»,- деді. Әкесі қатты ашуланып, «Маған құрметсіздік етіп, надандықпен айыптайсың. Демек, мен ата-бабамның жылдар бойы табынған нәрселерін тастап, Мұхаммедтің (алейһиссалам) дініне кіруім керек пе?» деп ол жерден кетіп қалды.

Пайғамбарымызға барған Құрайыш көсемі «Мен Худәйбийа келісімін жаңалау және мерзімін созу үшін келдім. Қане, арамыздағы бұл келісімді қайтадан жазып, жаңалайық»,- деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) **«Біз Худәйбийа келісім шартына қайшы әрекет жасамаймыз және оны өзгертпейміз»,**- деді. Құрайыш көсемі қайта-қайта «Келісім шартты өзгертейік. Жаңалайық» деп қайталаса да пайғамбарымыз оған жауап қатпады. Құрайыш көсемі қанша күш салса да онысынан ештеңе шықпайтынын көріп, Меккеге қайтып, мүшріктерге жағдайды баяндады. Мүшріктер «Демек, ештеңе жасай алмай қайттың ба?» деп оны айыптады. Енді олар үшін күтуден басқа шара қалмаған еді.

Кімде-кім Мәсжидул-Харамға сыйынса...

Әбу Суфйан Мәдинадан кеткеннен кейін пайғамбарымыз Меккені алуға шешім қабылдады. Өйткені, құрайыштықтар келісімді бұзған еді. Бірақ, мұны құпия етіп сақтап, мүшріктердің дайындалуына мүмкіндік берместен Харем шәрифте қан төкпестен Меккені бағындырғысы келді. Бұл бір соғыс шарасы еді. Өйткені, Мекке алынса қаншама адам мұсылман болатын еді.

Бұл жағдайды хазреті Әбу Бәкір мен біраз сахабаларына айтты. Сахабаларға сапарға дайындалуды бұйырды, бірақ қайда баратындығын айтпады. Сахабалар жиһадқа дайындала бастады. Пайғамбарымыз сондай-ақ айналадағы мұсылман тайпалардан Әсләм, Әшжа, Жухәйнә, Хусайн, Ғифар, Музәйнә, Суләйм, Дамра және Хузаа ұлдарына хабар жіберді: **«Аллаһу та'алаға және ахирет күніне иман еткендер рамазан айының басында Мәдинада болсын»** деп оларды соғысқа қатысуға шақырды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір шара ретінде Меккеге баратын жолдарды кесіп, байланысты үзу ісін хазреті Омарға тапсырды. Хазреті Омар дереу тау жолдарына, өткелдерге және басқа да жолдың бастарына кезекшілер қойып, «Меккеге бара жатқан барлық адамды кері қайтарасыңдар» деп бұйрық берді.

Пайғамбарымыз бұл істің жасырын жүргізілуі үшін **«Йа Раббым! Елдеріне тұтқиылдан барып оларға жеткенше құрайыштықтардың тыңшылары мен хабаршыларын ұста, оларды көрмейтін, естімейтін қыл. Бізді кенеттен көрсін, естісін»** деп дұға етті.

Пайғамбарымыз солтүстіктегі мүшріктер немесе Византиялықтарға баратын байланысты үзу үшін Әбу Қатадәны әскери жасақпен солтүстікке, Изам жеріне жіберді.

Бұл кезде Мәдинадағы дайындықтар туралы меккелік мүшріктерге хабарлау үшін жіберілген бір хат туралы пайғамбарымыз мұғжиза ретінде хабар берді. Хазреті Әлиді жіберіп, ұстатты.

Рамазан айының екінші күніне дейін айналадағы тайпалардан көмек келіп, Әбу Инәбә құдығының басындағы ордаға жиналды. Сахабалардың саны он екі мыңға жеткен еді. Олардың төрт мыңы ансар, жеті жүзі мұхажир, қалғандары айналадағы мұсылман тайпалар болатын.

Пайғамбарымыз Мәдинаға өкіл ретінде Абдуллаһ бин Үмми Мәктумды (радиаллаһу аһһ) қалдырды. Зубәйр бин Аууамды (радиаллаһу аһһ) екі жүз адамдық атты әскерге қолбасшы етіп, барлаушы топ ретінде алға жіберді.

Пайғамбарымыз көңілдері Аллаһу та'ала мен Расулының сүйіспеншілігіне толы он екі мың адамдық алып әскерінің басында Аллаһу та'аланың есімімен жолға шықты. Бұдан сегіз жыл бұрын қастандық, зұлымдық көріп, хижрет етуге мәжбүр болған елдеріне, Меккеге бара жатыр еді. Пұтханаға айналған қасиетті Қағбаны пұттардан тазалауға бара жатыр еді. Қыңырлықтарынан бас тарта алмаған мүшріктерге хақ, әділет пен мейірімділікті көрсетуге бара жатыр еді. Аллаһу та'аланың дінін таратуға, ол жердегілердің мәңгілік тозақ отынан құтылуларына себепші болуға бара жатыр еді. Бұл не деген рақымдылық еді!

Ислам әскері Зул-хуләйфәға барған кезде Меккеден отбасымен хижрет еткен пайғамбарымыздың көкесі хазреті Аббаспен кездесті. Пайғамбарымыз көкесінің келгеніне қатты қуанып, **«Ей, Аббас! Мен пайғамбарлардың соңғысы болсам, сен мұхажирлердің соңғысысың»,**- деді. Хазреті Аббастың заттарын Мәдинаға жіберді. Хазреті Аббас (радиаллаһу аһһ) пайғамбарымыздың қасында қалып, Меккенің алынуына қатысты.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Меккеге жақын жердегі Құдәйдке барған кезде сахабаларын сапқа тізді. Әр тайпаға бөлек тулар мен байрақтар берді. Мұхажирлердің туын хазреті Әли, Зубайр бин Аууам және Са'д бин Әбу Уаққас (радиаллаһу аһһум) ұстады. Ансардың он екі ту ұстаушысы, Әшжалар мен Сүләймдердің бір ту ұстаушысы, Музәйнәлардың үш, Әсләмдердің екі, Хузаа ұлдарының үш, Жүхәйнәлардың төрт ту ұстаушысы бар болатын.

Мәдинадан шыққандарына он күн болған еді. Кешке қарай Меккеге жақындап, құптан уақытында Мәрруз-захранға жетті. Пайғамбарымыз сахабаларына осы жерге тоқтауды бұйырды. Сондай-ақ, хазреті Омарға тапсырма беріп, әр мүжаһидтың от жағуын бұйырды. Бір сәтте он екі мың от жанған кезде Мекке алаулаған жарыққа бөленді. Еш нәрседен хабарсыз жатқан меккелік мүшріктер әбігерге түсіп, не болғанын білмей қалды. Жағдайды біліп келуді Әбу Суфйанға тапсырды. Ол қасына бір адамды ертіп, Ислам әскеріне жасырын жол тартты. Осы кезде пайғамбарымыз кейбір сахабаларына **«Әбу Суфйанға мұқият болыңдар. Оны міндетті түрде табасыңдар»,**- деді.

Құрайыштықтар алға жылжыған сайын таңданыстары артып, үрейленген еді. Меккенің айналасына қаншама әскер жиналып, қаншама от жағылған еді. Олар осылар туралы айтып келе жатып, Әрак деген жерге жетеді. Осы кезде пайғамбарымыз **«Әбу Суфйан қазір Әракта»**,- деді. Хазреті Аббас оларды танып, оларды пайғамбарымызға алып барды. Жолда Әбу Суфйан хазреті Аббасқа «Не болып жатыр?»- деп сұрады. Ол «Ей, Әбу Суфйан! Саған обал болсын! Расулуллаһ сендерге, сендер қарсы тұра алмайтын әскермен келе жатыр. Ант етемін, құрайыштықтардың жағдайы мүшкіл. Шаруаларың бітті!»,- деді. Әбу Суфйан мен оның қасындағылар қорқып, мүжаһидтердің арасынан өтіп, пайғамбарымыздың алдына барды. Пайғамбарымыз оларды жақсы қарсы алды. Меккеліктер туралы сұрады. Біраз уақыт сөйлескеннен кейін оларды Исламға шақырды. Хаким бин Хизам мен Будәйл дереу шаһадат кәлимасын айтып, мұсылман болды. Бірақ, Әбу Суфйан әлі екі ойлы болып тұрған еді. Таң атқаннан кейін пайғамбарымыз **«Ей, Әбу Суфйан! Аллаһу та'аладан басқа илаһ жоқ екенін білетін уақыт әлі келген жоқ па?»**,- деді. Ол «Ата-анам сізге құрбан болсын. Жұмсақ мінез бен құрметте және туыстарға жақсы қарауда сізден асқан адам жоқ. Сізге қанша жапа шектірсек те сіз әлі бізді тура жолға шақырудасыз.

Не деген мейірбан жансыз. Аллаһтан басқа илаһ жоқ екеніне сендім. Егер бар болса маған бір пайдасы болар еді. Сіз – Аллаһтың Расулысыз» деп сахабалардың қатарына қосылу құрметіне ие болды.

Хазреті Аббас «Йа Расулаллаһ! Әбу Суфйанға меккеліктер қадірлейтіндей бір нәрсе бересіз бе?»,- деді. Пайғамбарымыз оны қабыл етіп, **«Кімде-кім Әбу Суфйанның үйіне кіріп, паналаса, ол өлімнен құтқарылады»,**- деді. Әбу Суфйан (радиаллаһу анһ): «Йа Расулаллаһ! Тағы біраз кеңейтесіз бе?» дегенде пайғамбарымыз **«Кім Мәсжидул-Харамға** (Қағбаға) **кіріп, паналаса соған кешірім беріледі. Кімде-кім есігін жауып, үйінде отыратын болса, соған кешірім беріледі»**,- деді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Әбу Суфйанның Ислам әскерінің айбаты мен көптігін көріп, меккелік мүшріктерге оны жеткізуі үшін хазреті Аббасқа **«Оны жердің тарылатын, аттар қысылып әрең өтетін тау бұғазына жеткіз. Мұсылмандарды, Аллаһу та'аланың әскерінің ұлылығын көрсін»**,- деді. Әбу Суфйан көрген көрінісін мүшріктерге айтып барып, оған қарсы келетін адам болмауы керек еді. Осылайша, Харем шәрифте қан төгілмеуі тиіс еді.

Хазреті Аббас Әбу Суфйанмен тау өткеліне бара жатқанда мүжаһидтер соғысқа дайындалды. Әр тайпа туларын көтеріп, өткелден өте бастады. Барлығы сауыт киініп, қаруланған болатын. Әр тайпа өткен кезде тәкбір айтып өтті. Әбу Суфйан «Мыналар кім?»- деп сұрады. Хазреті Аббас «Бұлар Сүләйм ұлдары! Қолбасшылары Халид бин Уәлид. Мыналар Ғифар ұлдары. Мыналар Кааб ұлдары»- деп жауап берді. Жер мен көкті «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деген дауыс жаңғыртып, мүжаһидтердің көптігі мен қаруларының жарқылы көзді шағылыстырды. Хазреті Әбу Суфйанның ең қатты таңырқағаны пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) еді. Оның айналасындағы әскерлердің өткеніне таңырқап, басқалардан айрықша болады деп шамалаған еді. Сондықтан да жиі-жиі «Мыналар Расулуллаһтың жасағы ма?» деп сұрап тұрды. Бір кезде пайғамбарымыз күндей жарқырап, нұрын төгіп түйесі Қусуаның үстінен көрінді. Айналасында мұхажирлер мен ансарлар бар болатын. Барлығы бастан-аяқ сауыт киініп, қылыштар асынып, аттар мен түйелерге мініп келе жатыр еді. Әбу Суфйан оларды көрген кезде «Бұлар кім, Йа Аббас?» деп таңырқап сұрады. Ол «Ортадағы Расулуллаһ алейһиссалам. Айналасындағылар шәһид болуға тырысқан ансарлар мен мұхажирлер»,- деді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) олардың жанынан өтіп бара жатып, Әбу Суфйанға **«Бүгін - Аллаһу та'аланың Қағбаның дәрежесін көтеретін күні. Бүгін - Бәйтуллаһқа жабу жабылатын күн. Бүгін - мейірімділік күні. Бүгін - Аллаһу та'аланың құрайыштықтарды (Исламмен) мәртебелендіретін күні»,-** деді.

Хазреті Әбу Суфйан бәрін көріп, естіген еді. «Мен Кайсәрдің де, Кисраның да сұлтандығын көрдім. Бірақ, дәл мынадай керемет салтанатты көргенім жоқ. Мен ешқашан бүгінгідей әскер мен жамағатты көргенім жоқ. Мұндай әскерге ешкім қарсы тұра алмайды. Оларға күші жетпейді» деп Меккеге қарай жолға шықты.

Әбу Суфйан (радиаллаһу анһ) Меккеге барып, өзін күтіп тұрған мүшріктерге өзінің мұсылман болғандығын айтқаннан кейін «Ей, Құрайыш жамағаты! Мұхаммед алейһиссалам ешкім қарсы келе алмайтындай үлкен әскермен сендерге келе жатыр. Өздеріңді босқа алдамаңдар. Мұсылман болыңдар, мен сендердің көрмегендеріңді көрдім. Сансыз батырлар, қарулар көрдім. Ешкімнің оларға күші жетпейді. Кімде-кім Әбу Суфйанның үйіне кірсе, ол өлімнен аман табады. Кімде-кім Бәйтуллаһты паналаса, кімде-кім үйіне кіріп паналаса ол өлтірілмейді»,- деді.

Мүшріктердің біразы Әбу Суфйанға (радиаллаһу анһ) қарсы шығып, оған тіл тигізді. Тіпті, Ислам әскеріне қарсы шығу үшін шұғыл дайындыққа кірісті. Бірақ, олардың саны өте аз болатын. Қалғандары оларға бағынбай, үйлеріне қашты. Біразы Мәсжидул Харамды паналады.

Пайғамбарымыз бен сахабалар Зитууа деген жерге барып жиналды. Пайғамбарымыз сахабаларын көзбен шолып өткеннен кейін оның есіне осыдан сегіз жыл бұрын Меккеден кеткен кезі түсті. Сол кезде үйін мүшріктер қоршап алғанын, Ясин сүресінің аяттарын оқып, үйінен шыққанын, хазреті Әбу Бәкірмен ешкімге көрінбестен Сәур үңгіріне кіргенін, Мекке шекарасынан шықпастан бұрын оған соңғы рет қарап, «(Ей Мекке) **Уаллаһи, білемін, сен Аллаһу та'аланың жаратқан жерлерінің ішіндегі ең қайырлысысың. Раббымның алдында да, менің алдымда да ең сүйікті жерсің. Сенен зорлап шығарылмағанда сенен кетпес едім»** дегенін, осындай өкініштісәтінде Жәбрейіл алейһиссаламның «Қасас» сүресінің 85-ші аят кәримәсын оқып, өзін жұбатқанын және Мекке Мүкәррәмәға қайтып оралатынын сүйіншілегенін, аз ғана сахабаларымен Бәдірде, Ухудта,

Хандекте, Хайбәрде, Мутәде дұшпандармен қалай соғысып жеңіске қол жеткізгенін есіне алды. Қазір он екі мың сахабасы Меккеге кіру үшін оның бұйрығын күтіп тұр еді. Пайғамбарымыз осыларды нәсіп еткен Аллаһу та'алаға шын көңілімен шүкіршілік етіп, басын төмен иді.

Пайғамбарымыз сахабаларын төрт топқа бөлді. Оң қанаттың қолбасшысы Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһ), сол қанаттың қолбасшысы Зубәйр бин Аууам (радиаллаһу анһ), жаяу әскердің қолбасшысы Әбу Убәйдә бин Жәррах (радиаллаһу анһ), басқа топқа Са'д бин Убадә (радиаллаһу анһ) қолбасшы болып сайланды. Хазреті Халид Меккенің оңтүстігінен кіріп, қарсы шыққан мүшріктерге жазасын беріп, Сафа төбесінде пайғамбарымызға жолығатын еді. Хазреті Зубайр Меккенің солтүстігінен кіріп, «Хажун» деген жерге туын тігіп, пайғамбарымызды күтетін болды. Батыстан хазреті Са'д бин Убадә кіретін болды.

Пайғамбарымыз қолбасшыларына **«Сендерге шабуыл жасамайынша ешкіммен шайқаспайсыңдар. Ешкімді өлтірмейсіңдер»**,- деді. Тек аттары аталған он бес адамның қайсысы ұсталса, Қағбаның жабуының астына тығылса да бастарын шабуға бұйрық берді.

Хақ келді де жалған жойылды...

Рамазан айының он үші, жұма күні болатын. Мүжаһидтерден ең алдымен әрекетке көшкен Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһ) болды. Меккенің оңтүстігінен Хандәмә тауының етегіне барған кезде Құрайыш мүшріктері оларға оқ жаудырды. Екі мүжаһид шәһид болды. Хазреті Халид әскеріне «Қашқандарды ғана өлтірмеңдер» деп бұйырған соң алға ұмтылды. Бір сәтте мүшріктерді артқа ығыстырды. Шайқас кезінде жетпіс мүшрік өлтірілді. Қалғандары таудың басына, үйлеріне қарай қашты.

Қасиетті Меккеге басқа жақтардан кірген сахабалар ешқандай қарсылыққа кезіккен жоқ. Өлтірілуі бұйырылған адамдардың бесеуі ұсталып, жазаға тартылды. Қалғандары Меккеден қашып кетті. Мүжаһидтер үлкен тебіреніспен толқын-толқын болып, «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деп айқайлап, Меккеге кіре бастады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) түйесі Қусуаға мінді. Оның ноқтасын Усамә бин Зәйд (радиаллаһу анһ) ұстап

қасиетті Меккеге бет алды. Осы күндерге жеткізген Аллаһу та'алаға шүкіршілік етіп, Меккенің алынатынын сүйіншілеген «Фәтһ» сүресін оқыды.

Пайғамбарымыз үлкен қуанышпен жеңімпаз сахабаларының арасында Қағбаға қарай жүрді. Оң жағында хазреті Әбу Бәкір, сол жағында Усәйд бин Худайр (радиаллаһу анһ) болып, Қағбаға жақындады. Хажер-ул әсуәдті зиярат еткеннен кейін тәкбір мен тәлбия айтты. Мұны сахабалар да қайталады. «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деген дауыстарға Меккенің аспаны жаңғыра бастады. Осындай керемет көрініске тебіреніп, мұсылмандар көз жастарын төкті. Харем шәрифке, үйлеріне тығылған мүшріктер қорқып қарап тұрды.

Содан соң пайғамбарымыз бен сахабалар тауап ете бастады. Тауаптың жетінші айналымы біткеннен кейін түйесінен түскен пайғамбарымыз Ибраһим мақамында екі рәкат намаз оқыды. Сосын хазреті Аббастың құдықтан тартқан Зәмзәм суын ішті. Зәмзәммен дәрет алғысы келді. Пайғамбарымыз дәрет алған кезде сахабалар оның денесінен түскен суды жерге түсірмей қағып алып жатты. Мұны көрген мүшріктер «Біз өмірімізде мұндай билеушіні көрген де, естіген де жоқпыз» деп таңырқады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Қағбаның айналасындағы тастан және ағаштан жасалған барлық пұттарды қиратуды бұйырды. **«Хақ** (Ислам) **келгенде жалған** (кәпірлік) **жойылады, өйткені жалған әрдайым жойылушы нәрсе»** («Исра» сүресі, 81) деген аят кәримәны оқып, қолындағы таяғын пұттарға созды. Таяқ тиген пұттар біртіндеп құлай бастады. Үш жүз алпыс пұт қиратылды.

Түс болған кезде пайғамбарымыз хазреті Біләлге Қағбада азан оқуды бұйырды. Ол дереу қасиетті міндетін орындады. Азан шақырылған кезде мүминдердің жүрегінде үлкен шаттық пайда болса, мүшріктер одан сайын қайғыра түсті.

Пайғамбарымыз Қағбаның кілтін алып, ішіндегі суреттер мен пұттарды алдырғаннан кейін қасына хазреті Усамә бин Зәйд, хазреті Біләл, хазреті Осман бин Талханы ертіп, Қағбаға кірді. Пайғамбарымыз іште арқасын есікке бұрып, екі рәкат намаз оқыды. Әр бұрышта тәкбір айтып, дұға оқыды. Халид бин Уәлид есіктің алдында тұрып, халықтың ол жерге жиналуына тосқауыл болды.

Әлемнің сұлтаны Қағбаның есігінің екі жармасынан ұстады. Барлық құрайыштықтар Мәсжиди Харамға толып, қорқыныш араласқан үмітпен пайғамбарымызға қарап тұрды. Өйткені, олар пайғамбарымыз бен сахабаларға неше түрлі қастандықтар жасаған еді. Мойындарына жіп байлап тартқан болатын, от жағып, өртеуге тырысты. Қызған тасты кеуделеріне қойып, есінен танғанша азаптады. Денелеріне қыздырылған істіктер тықты. Үш жыл бойы ассыз, сусыз қамауда ұстады. Аяқтарын екі түйеге байлап, екі жаққа қарай тартып, денелерін паршалады. Бәрінен сорақысы отандарынан қуып шығарды. Бұл жетпегендей оларды толығымен жою үшін бірнеше рет соғысты.

Бірақ, олар сонда да үміттерін үзбеді. Өйткені олардың алдында әлемдерге рақымдылық ретінде жіберілген мейірімділік дариясы тұр еді. Пайғамбарымыз оларға біраз қарағаннан кейін **«Ей, Құрайыш жамағаты! Сендерге не істейді деп ойлайсыңдар?»**,- деді. Олар «Біз сенен тек жақсылық күтеміз. Өйткені, сен дархан бауырсың. Мейірім мен игілік иесі болған бауырымыздың ұлысың. Бізді жеңдің. Сенен тек жақсылық күтеміз» десті.

Расулуллаһ оларға қарап күлімсіреп, **«Менің жағдайыммен сендердің жағдайларың Юсуф** (алейһиссаламның) **бауырларына айтқандары сияқты болады. Сол сияқты мен де «Бүгін сендерге** (менің тарапымнан күнәларың беттеріңе ұрылып) **айыптау мен кінәлау болмайды. Аллаһу та'ала сендерді кешірсін»** («Юсуф» сүресі, 92) **деймін. Барыңдар, азатсыңдар, боссыңдар»**,- деді. Осындай кең мейірімділік қатаң жүректерді елжіретіп, жек көрушілік сезімін махаббатқа айналдырды. Пайғамбарымыз оларды Исламға шақырған кезде олар мұсылмандықты қабылдауға жиналды. Расулуллаһ пайғамбарылығын құрайыштықтарға білдіріп, алғаш рет Исламға шақырған Сафаның төбесіне шықты. Сол жерде тағы да үлкен-кіші, әйел-еркек барлық меккеліктердің антын қабылдады. Осылайша, құрайыштықтар мұсылман болып, сахабалардың арасына қосылу құрметіне ие болды.

Еркектермен келіскеннен кейін әйелдерден де біраз мәселелер бойынша уәде алынды. Аллаһу та'алаға серік қоспау, пайғамбарымызға қарсы келмей, ұрлық жасамау, ар-намысты қорғау, қыз балаларды өлтірмеу, осылардың қатарында болатын. Мұсылман болған әйелдердің ішінде өлтірілетін адамдардың тізімінде хазреті Әбу Суфйанның әйелі Хинд (радиаллаһу анһа) да бар болатын.

Алайда, пайғамбарымыз оған да кешірім берді. Мұсылман болғандардың барлығы үйлеріндегі пұттардың барлығын қиратты. Айналадағы тайпаларға әскери жасақтар жіберіліп, ол жердегі пұттар да қиратылды. Осылайша, хақтың келуімен күпіршіліктің түбіріне балта шабылды. Рақымшылыққа ілінгендердің ішінде Әбу Жәһлдің баласы Икримә, хазреті Хамзаны шәһид еткен Уахши (радиаллаһу анһум) сияқты адамдар да бар болатын. Олардың арасында Икримә (радиаллаһу анһ), Йәрмук соғысында шәһид болды. Хазреті Уахши (радиаллаһу анһ) да Йәмамә соғысында Мусәйләмәтул Кәззабты өлтірген болатын.

ХУНӘЙН СОҒЫСЫ

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Меккені алу ниетімен Мәдинадан шыққан кезде Меккенің маңында тұратын Хәуазин және Сақиф деген екі үлкен тайпа мұсылмандар бізге шабуылдайды деген оймен соғысқа дайындала бастайды. Пайғамбарымыздың Меккені алу үшін келгенін білгенде біраз көңілдері орныққанмен «Құрайыштардан соң кезек міндетті түрде бізге келеді» деп дайындықтарын жалғастырды. Сондай-ақ, «Ант етеміз, мұсылмандар біздей жақсы соғысатын қауыммен кездеспеді. Олар бізге шабуылдамастан бұрын біз оларға шабуылдап, соғыстың қандай болатынын көрсетейік»,- деді. Хәуазин басшысы Малик бин Ауф жиырма мың адамдық өте күшті әскерімен алға ұмтылды. Әскерлерінің батылдығын арттыру және қиындықты көргенде қашпаулары үшін барлық құнды заттарын, әйел-балаларын бірге алып жүрді.

Бұл хабар қысқа уақытта Меккеге жетті. Пайғамбарымыз хабардың дұрыстығын анықтау үшін Абдуллаһ бин Әбу Хадрәдті (радиаллаһу анһ) Хәуазин тайпасына жіберді. Хазреті Абдуллаһ түрін, киімін өзгертіп, жаудың ішіне кірді. Олардың ойларын, әрекет ету тәсілдерін біліп, пайғамбарымызға жеткізді.

Пайғамбарымыз дереу сахабаларын жинады. Меккеге жиырма жастағы Аттаб бин Әсидті (радиаллаһу анһ) әкім етіп тағайындап, тез арада жолға шықты. Он екі мың адамдық әскермен мүшрік Хәуазин және Сақиф тайпаларын ордаларында басып тастауды

қалады. Мүжаһидтердің туын хазреті Әли ұстады. Алдыңғы шептің қолбасшысы Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһ) болды. Пайғамбарымыз дулығасы мен сауыттарын киіп, Дүлдүл деген қашырына мінді. Шәууәл айының 11-іне Хунәйн деген жерге барды. Сол түні пайғамбарымыз әскерін реттеп, соғыс тәртібіне енгізді. Таңғы намазды оқытқаннан кейін шабуыл әмірін берді.

Мүшріктердің қолбасшысы түнді пайдаланып, Хунәйн өткелінің екі жағындағы тауларға әскерін орналастырып, тұзақ құрған еді. Алдыңғы жақта жасағымен келе жатқан Халид бин Уәлид қоршауды білмей, өткелге қарай атын тебінді. Таңғы алагеуім кезде жауды байқау мүмкін емес еді. Бір кезде мүжаһидтердің үстіне мыңдаған оқ жаңбырдай жауа бастады. Осындай тұтқиылдан жауған оқтан сақтану үшін мүжаһидтер кері шегінуге мәжбүр болды. Бұл кері шегіну артта келе жатқан әскерлердің тәртібін шатастырды. Олар да шегіну үшін кері бұрылғанда жиырма мың адамдық жау әскерінің селдей ағып келе жатқаны байқалды.

Пайғамбарымыз жалғыз өзі шабуылға шыққан мүшріктерге қарай ұмтылды. Бірақ, хазреті Аббас, хазреті Әбу Бәкір және жүз шақты ержүрек сахаба Пайғамбарымызға жетіп алды. Денелерін пайғамбарымызды қорғауға тосты. Хазреті Аббас қашырдың тізгінін, ал Суфйан бин Харис (радиаллаһу анһ) үзеңгіні ұстап, тізгіндеуге, Расулуллаһтың жау жасағының арасына кіруіне кедергі болуға тырысты. Пайғамбарымыз Аллаһу та'аланың дінінің жойылу қауіпінен ренжіп, **«Йа, Аббас! Сен оларға «Ей Мәдиналықтар! Ей, Сәмурә ағашының астында ант берген сахабалар» деп дауыста»**,- деді. Хазреті Аббас алып денелі және айбатты болатын. Ол айқайлаған кезде дауысы алысқа жететін. Ол бар күшімен «Ей Мәдиналықтар! Ей, Сәмурә ағашының астында пайғамбарымызға сөз берген сахабалар, тарамаңдар. Осы жерге жиналыңдар» деп айқайлады. Мұны естіген сахабалар кері қайтқысы келді. Бірақ, жануарларының қатты үркуі олардың кері қайтуына кедергі болды. Ақырында олар аттарынан секіруге мәжбүр болды. Тез арада пайғамбарымыздың жанына барып, жаумен қызу соғысуға кірісті. «Аллаһу әкбар! Аллаһу әкбар!» деген дауыстар жер мен көкті жаңғыртып, жаудың жүрегіне қорқыныш салды. Бәдірде, Ухудта, Хандекте және Хайбәрде үлкен ерліктер көрсеткен сахабалар, әсіресе хазреті Әли, Әбу Дужанә, Зубайр бин Аууам (радиаллаһу анһум) беріліп шайқасып, жаудың сапын бұзып, кері шегіндірді.

Пайғамбарымыз сахабаларының жан-тәндерімен беріліп соғысып жүргенін көріп, **«Аллаһым! Бізге көмегіңді бере гөр. Күмәнсіз, сен олардың бізді жеңгенін қаламайсың»** деп дұға етті. Пайғамбарымыз Аллаһу та'алаға дұға етіп тұрып, жерден бір уыс құм алып **«Жүздері қарайсын»** деп мүшріктерге қарай шашты. Пайғамбарымыздың мұғжизасы ретінде дүшпан әскерінің көздеріне құм толды. Періштелер де көмекке келген болатын. Пайғамбарымыз **«Аллаһу та'алаға ант етемін, олар құрыды»**,- деді. Мүшріктер кері шегіне бастаған болатын. Кері шегінген сайын арттарынан сахабаларды көріп, соғыс алаңына алып келген бала-шағаларын тастап, жан-жақтарына қарамастан қаша бастады.

Соғыс майданында жетпіс өлік, алты мың тұтқын және сансыз мал-мүлік қалған еді. Қашқандардың біразы Таиф бекінісін паналады. Біразы Нахләға, Әутасқа кетті. Қолбасшылары Малик бин Ауф Таифті паналаған болатын. Сахабалар оларды біраз қадағалады. Әутаста да қызу шайқастар болды. Жау тағы да жеңіліс тапты.

Бұл соғыста Аллаһу та'аланың рұқсатымен, Расулуллаһтың берекесімен жеңіс тағы да мұсылмандарға бұйырды. Төрт адам шәһид болып, біраз сахабалар жарақаттанған болатын. Хазреті Халид бин Уәлидтің де жараланғанын естіген пайғамбарымыз оның қасына барып, жарасын қолымен сипаған кезде жарасы сол сәтте жазылып кеткен еді.

ТАИФ ЖОРЫҒЫ

Пайғамбарымыз Таифке қашқан жауға шабуылдап, нақты нәтижеге қол жеткізгісі келді. Меккеге жақын орналасқан бұл бекініс кәпірлердің соңғы, бірақ мықты бекіністерінің бірі еді. Пайғамбарымыз хижреттен бұрын Таифқа барып, бір ай оларға насихат айтқан болатын. Бірақ, таифтықтар пайғамбарымызға ақылға сыймас қастандықтар жасаған еді. Тіпті, аяғын қан жоса еткен еді. Пайғамбарымыз бұл жерде Зәйд бин Хариса екеуі өмірінің ең ащы, ауыр күндерін өткізген болатын. Пайғамбарымыз Халид бин Уәлидті (радиаллаһу анһ) алдын ала жіберді. Өзі сахабалармен бірге арт жақтан келді. Сақиф тайпасы мықты бекіністеріне бұрын мол азық-түлік жинап алған болатын. Сахабалардың келе жатқанын көріп, есіктерін жауып, қорғана бастады. Бекініске жақындап келген мүжаһидтерді оқ атып қарсы алды. Соғыс осылайша жалғаса берді. Таифтықтар бекіністен шығып, жекпе-жек соғысуға бата алмады.

Кейбір сахабалар бекіністің ішіне қалбағаймен (катапульта) тас атуды ұсынды. Пайғамбарымыз мұны орынды деп санап, қалбағайлар жасатты. Олармен жауға оқ аттырып, қоршауды жалғастырды. Сахабалар бар күштерін салып соғысып, тезірек бекіністі бағындыруға тырысты. Осы арада он төрт сахаба шәһид болды. Бірақ, бекіністің мықты болуы бағындыруға кедергі келтірді.

Қоршаудың жиырмасыншы күні түнде Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) түсінде өзіне сыйға тартылған ыдыс толы майдың бір қораз тарапынан төгілгенін көрді. Мұны Таифтің бұл жылы бағындырылмайтынына жорып, қоршауды тоқтатты.

Пайғамбарымыз осыдан жеті жыл бұрын өзіне қорлық көрсеткен таифтықтар туралы «Рұқсат етсең мына тауларды олардың бастарына төңкерсем» деген періштеге **«Мен әлемдерге рақымдылық ретінде жіберілдім. Қалайтын жалғыз нәрсем – Аллаһу та'аланың бұл мүшріктердің зұлымдығынан Хақ та'алаға ешқандай серік қоспастан ғибадат ететін бір ұрпақ шығаруы»** деген еді. Бұл жолы да мейірімділік танытып, **«Ей, Раббым! Сақифтіктерге тура жолды көрсет! Оларды бізге әкел»** деп дұға етті.

Пайғамбарымыз (салаллаһу алейһи уә сәлләм) ардақты сахабаларымен бірге Таифтен кетіп, Хунәйнде қолға түсірілген тұтқындар мен олжалар жиналған Жиранәге келді. Алты мың

тұтқынмен қоса жиырма мыңнан астам ірі қара мал, қырық мыңнан астам ұсақ мал және есепсіз әшекей бұйым олжа болып түскен еді. Оларды мүжаһидтерге үлестірді. Сол кезде Хәуазин тайпасынан бір кеңестің жолыққысы келетіні туралы хабар келеді. Пайғамбарымыз оларды қабылдады. Бұл кеңес Хәуазин тайпасының мұсылман болғанын хабарлағанда пайғамбарымыз қатты қуанды. Осыған байланысты өзінің үлесіне түскен тұтқындарды босатып, азат етті. Сахабалар да солай жасады. Пайғамбарымыздың рақымдылығы бір сәтте алты мың тұтқынның азаттыққа қауышуына себеп болған еді. Бұл хабар Таифты паналаған Хәуазин тайпасының басшысы Малик бин Ауфқа жеткенде ол да келіп мұсылман болды. Пайғамбарымыз оған көп сый-сияпат көрсетті.

Енді бұл жерде жасайтын іс қалмаған еді. Пайғамбарымыз жеңімпаз ретінде сахабаларымен Меккеге қайтты. Аттаб бин Әсидті (радиаллаһу анһ) Меккенің әкімі етіп тағайындады. Муаз бин Жәбәлді (радиаллаһу анһ) дін істерін үйретуге қалдырды. Қағбаны тауап етіп, умрасын жасағаннан кейін сахабаларымен қайтадан Мәдинаға жолға шықты.

Бір жылдан кейін таифтықтар мұсылман болу үшін алты адамдық елшіні Мәдинаға пайғамбарымызға жібереді. Пайғамбарымыз бір жыл бұрын Таифтен кетіп бара жатқанда **«Йа, Раббым! Сақифтіктерге тура жолды көрсет, оларды бізге әкел»** деп дұға еткен болатын. Міне, енді сол сақифтіктер мұсылман болуға келіп тұр еді. Пайғамбарымыз олардың мұсылман болғандарына қатты қуанып, оларға біраз жеңілдіктермен ілтипаттар жасап, Таифқа қайтарды. Оларға Осман бин Әбул Асты басшы етіп тағайындады.

ТӘБҮК ЖОРЫҒЫ

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдина Мунауараға барғаннан кейін әр түрлі мемлекеттерге елшілер жіберіп, оларды Исламға шақырды. Оман, Бахрәйн билеушілері мұсылмандықты қабылдады. Сондай-ақ, бірнеше тайпалардан елшілер келіп, пайғамбарымызға бағынатындықтарын білдірді. Ислам ендігі шапшаң тарала бастады. Айналадағы тайпаларға, елдерге діннің негіздерін үйретуге мұғалімдер, оларды басқаруға әкімдер жіберілді. Хижреттің тоғызыншы жылы Мәдина қаласы мұсылман болғандықтарын білдіруге келген тайпа елшілерінің ағымына ұшырады.

Хижреттің тоғызыншы жылының ражаб айы болатын. Бір күні расулуллаһ алейһиссалам сахабаларына **«Бүгін бір салих бауырларың қайтыс болды. Тұрып, оның жаназа намазын оқыңдар»**,- деді. Пайғамбарымыз имам болып, ғайып жаназа намазын оқыды. Сосын **«Бауырларың Нәжаши Әсхамә үшін Аллаһу та'аладан кешірім сұрадық»**,- деді. Арада біраз күн өткен соң Хабәшстаннан Нәжаши Әсхамәнің (радиаллаһу анһ) қайтыс болған хабары келді. Қайтыс болған күні пайғамбарымыздың жаназа намазды оқытқан күніне сәйкес келетін еді.

Ислам діні Араб түбегінде шапшаң тараған осы тоғызыншы жылы Ислам мемлекетіне қызғанышпен қараған және оның өсіп-өркендеуіне кедергі болғысы келген Византия императоры Гераклиусқа христиан арабтар «Мына пайғамбарлық мәселесімен шыққан адам қайтыс болды. Мұсылмандар қазір қиналу үстінде. Егер оларды өз дініңе тартуды қаласаң, қазір дәл соның уақыты» деп хат жазды. Осы хатқа орай Гераклиус қырық мың адамдық әскерді Кубадтың қолбасшылығымен мұсылмандармен соғысуға жібереді.

Бұл жағдай туралы естіген пайғамбарымыз сахабаларын жинап, соғысқа дайындалуға бұйрық берді. Сол жылы құрғақшылық болып, сахабалар материалдық жақтан тарлық көрген болатын. Тек саудамен айналысқандардың жағдайы ғана біраз жақсырақ болатын. Пайғамбарымыз сахабаларынан соғысқа қатысатын әскердің құрал-жабдығы үшін қаржылай көмек берулерін де қалаған болатын. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұл қалауы

сахабаларды іске кірістірді. Барлығы қолындағы барларын әкеліп, жиһадқа дайындалуға тырысты.

Пайғамбарымыздың үңгірдегі жолдасы хазреті Әбу Бәкір мал-мүлкінің барлығын әкелген болатын. Пайғамбарымыз «Отбасы мүшелеріңе не қалдырдың?» дегенде ол «Аллаһу та'ала мен Расулын қалдырдым»- деп жауап берді. Хазреті Омар мал-мүлкінің жартысын көмек ретінде әкелгенде пайғамбарымыз оған да **«Жанұяңа не қалдырдың йа Омар?»** деп сұрайды. «Осыншасын қалдырдым» деп жауап береді. Пайғамбарымыз **«Екеуіңнің араңдағы айырмашылық сөздеріңнің арасындағы айырмашылық сияқты»** деген. Сонда хазреті Омар «Ата-анам саған құрбан болсын йа Әбу Бәкір! Қайырымдылық жолындағы барлық жарыстарда менен оздың. Енді сенен ешнәрсе аса алмайтынын жақсы түсіндім» дейді.

Сахабалар күштерінің жеткенінше көмек беруге тырысты. Бірақ, мұнафықтар «Сендер өздеріңді көрсету(рия) үшін беріп жатырсыңдар» деп сахабаларды мазақ етті. Пайғамбарымыз **«Кім бүгін бір садақа берсе, садақасы қиямет күні Аллаһу та'аланың құзырында оның пайдасына куәлік етеді»**,- деді. Пайғамбарымыздың сөзіне қарай мүминдер көбірек көмек беруге тырысты. Хазреті Осман бин Аффан әскердің үштен бірін жабдықтады. Осылайша, мұсылмандардың ең көп көмек берген адамы болды. Хазреті Осман әскердің қажеттіліктерін қанағаттандырғаны соншалық, су ыдыстарын жөндегенде қолданатын жуалдызды да ұмытпады. Осыған қарап пайғамбарымыз **«Бүгіннен кейін Османға күнә жазылмайды»**,- деді. Тұрмыстық жағдайы өте төмен болған бір сахаба жиһадқа көмек сауабын алу үшін сол түні азанға дейін бір құрма бақшасында су тартып, өзіне берілген құрманы пайғамбарымызға апарып, «Йа, Расулаллаһ! Раббымның ризалығын алу үшін қолымда барын әкелдім. Қабыл етіңіз» деген.

Мұсылман еркектер қолдарынан келгенінше көмек беруге тырысса, әйелдер де өздерінің осы жолдағы міндеттерін атқарды.

Тәбүк жорығына дайындалып жатқанда мұсылмандардың жағдайы ауыр болатын. Жұт жайлап, қолында ешнәрсесі қалмаған біраз сахабалар (радиаллаһу анһум) пайғамбарымызға барып, «Йа, Расулаллаһ! Жаяу қалдық. Жейтін нәрсеміз жоқ. Бұл соғыста сізден айрылмай, жиһад сауабын алғымыз келеді»,- деді. Пайғамбарымыз оларға мінуге беретін еш нәрсесі жоқ екенін өкінішпен білдірді. Бір жолы Салим бин Умәйр, Абдуллаһ бин Муғаффәл, Әбу Ләйла Мазини,

Улбә бин Зәйд, Амр бин Хумам, Хәрәми бин Абдуллаһ, Ирбад бин Сарийа да (радиаллаһу аһһум) пайғамбарымызға барып, осындай өтініш жасайды. Пайғамбарымыз оларға өкінішпен **«Сендерге мінуге беретін ештеңем жоқ еді»** дегенде олар пайғамбарымыздан ажырап қалу және жиһадқа қатыса алмау қайғысынан өкініп, жылай бастайды. Осыған орай Аллаһу та'ала мына аят кәримәны түсірді: **«Және** (соғысқа мініп бару үшін) **ат сұрап Сізге келген кездерінде, оларға: «сендерді міндіріп жіберетін көлік жоқ қой»- дегеніңізде** (жиһад үшін) **істелетін ешбір нәрсе таба алмағандықтары үшін қайғырып, көздерінен жас төгіп қайтып кеткендерді де айыптауға ешқандай жол жоқ.»** («Тәубе» сүресі, 92) Соңында оларды да хазреті Аббас пен хазреті Осман соғысқа дайындады.

Дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін пайғамбарымыз әскерді Сәнийәтул-Уәдаға жинады. Соғысқа қатыспайтын адам өте аз болатын. Пайғамбарымыз әскерді жинап, алға жылжуға бұйрық беріп, Мұхаммед бин Мәсләмәні (радиаллаһу анһ) Мәдинаға өзінің орнына қалдырды. Жорықты бастайтын кезде пайғамбарымыз **«Артық аяқ киім алыңдар. Қосымша аяқ киімдерің болса қиналмайсыңдар»**,- деді. Әскер жолға шыққан кезде мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй мұсылмандарды қорқыту үшін жағымсыз сөздер айтты. Тіпті, «Ант етемін, оны және сахабаларын екі-екіден жіпке байланып тұрғанын көріп тұрғандаймын»,- деді. Бірақ, бұл сөздерге сахабалар назар аударастан, олардың жиһадқа қатысу құмарлығы арта түсті. Мұны көрген мұнафықтар ызаға булықты.

Расулуллаһ Сәнийәтул-Уәдадан Тәбүкке шығатын кезінде әскердің тулары мен байрақтарын аштырды. Ең үлкен туды хазреті Әбу Бәкірге, ең үлкен байрақты Зубайр бин Аууамға (радиаллаһу анһ) берді. Әус тайпасының байрағын Усәйд бин Худайрға, Хазрәж тайпасының туын Әбу Дужанәға (радиаллаһу аһһум) берді. Пайғамбарымыз қолбасшылық еткен сахабалардың саны отыз мың адам, оның он мыңы атты әскер болатын. Оң қанаттың қолбасшысы хазреті Талха бин Убәйдуллаһ, сол қанаттың қолбасшысы Абдуррахман бин Ауф (радиаллаһу аһһум) болып тағайындалды.

Сахабалар ыстық күні Расулуллаһтың басшылығымен алға жылжыды. Өздерін Аллаһу та'аланың сүйікті құлы басқарғандықтан олар аштықтан тайсалмай, жолдарынан қайтпады, баратын жерлерінің алыстығы, жау әскерінің көптігі оларды қорқыта алмады. Осы қалыптарымен барлық жерді алатын еді.

Пайғамбарымыз бен сахабалар тоқтаған жерлерінде біраз демалып қайтадан жолдарын жалғастырды. Сегізінші тоқтаған жерлері Салих алейһиссаламның қауымы жойылған Хижр болатын. Пайғамбарларының бұйрығын тыңдамағандықтан Аллаһу та'ала қатты дауыспен оларды жер бетінен жойған болатын. Пайғамбарымыз сахабаларына **«Бұл түні теріс бағыттан қатты дауыл соғады. Ешкім жалғыз орнынан тұрмасын. Барлық адам түйелерінің тізесін байласын. Бұл жер азап түскен жер. Ешкім бұл судан ішпесін және дәрет алмасын»**,- деді. Барлық адам бұйрықты орындады. Түнде тұрған күшті дауыл жан-жақтың барлығын алай-дүлей етті. Осы кезде түйесін байлауды ұмытқан бірі оны іздеу үшін жалғыз орнынан тұрғанда дауыл оны Тай тауының етегіне апарып тастады. Тағы бірі қатты қыстанып, дәрет сындыруға барған жерінде хунак деген ауруға шалдығады. Кейін пайғамбарымыздың дұғасымен ауруынан айықты.

Таңертеңгісін ыдыстарда ешқандай су қалмаған еді. Барлығы қатты шөлдеген болатын. Мұнафықтар осыны пайдаланып, «Мұхаммед (алейһиссалам) шынымен пайғамбар болса дұға етіп жаңбыр жаудырар еді» деп сөз тарата бастады. Бұл жағдайды пайғамбарымыз естігенде қолын жайып, Аллаһу та'аладан жаңбыр тіледі. Ыстық, ашық аспанда бұлт пайда болды. Нөсер жаңбыр жауа бастады. Барлығы ыдыстарын толтырып алды. Дәрет алып, малдарын суарып алды. Жаңбыр тоқтап, бұлт ыдыраған кезде жаңбырдың тек әскердің үстіне ғана жауғаны байқалды. Сүйікті пайғамбарымыз бен ардақты сахабалар тәкбір айтты. Аллаһу та'алаға мадақ айтты. Мұнафықтарға «Енді айтатын сылтауларың қалмады. Аллаһу та'ала мен Расулына иман келтіріңдер, мұсылман болыңдар»,- деді. Бірақ, арсыз мұнафықтар «Не болыпты? Бір бұлт өтіп бара жатып жауды да кетті» деп жауап қайтарды.

Аштық та шегіне жеткен еді. Бір құрманы екі адам бөліп жейтін жағдайға жетті. Ыстыққа, аштыққа, шөлге қарамастан олар Тәбүкке жақындады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) **«Ертең иншаллаһ таң сәріде Тәбүк бұлағына барасыңдар. Мен келгенге дейін ол суға қол созбайсыңдар»**,- деді. Әскер ертеңіне сол жерге жетіп барды. Бұлақтың суы өте аз болатын. Пайғамбарымыз ол судан бір ыдысқа құйып алып, ішіне қолын салып дұға оқыды. Сосын ол суды бұлаққа төкті. Су бірден көбейіп кетті. Отыз мың адамдық Ислам әскері ішсе де азаймады. Сосын пайғамбарымыздың

мұғжизасы болған осы су жан-жаққа себілді. Ол аймақ жап-жасыл желекке оранып, береке кірді.

Пайғамбарымыз сахабаларымен Тәбүкке барған кезде византиялықтардың сапында Амилә, Лахм және Жузам сияқты шоқындырылған араб тайпаларынан құрылған грек әскерін кездестірмеді. Мутәде үш мың мүжаһидке қарсы жүз мың адамдық грек әскері жеңіліс тапқан болатын. Ал, қазір болса, гректердің алдарына отыз мың мүжаһид шыққалы тұр еді. Және оларды пайғамбарымыз басқарып келген еді. Гректер пайғамбарымыздың қаһарман сахабаларын ертіп келгенін естіп, барлығы қашып кеткен еді.

Пайғамбарымыз сахабалармен кеңесіп, Тәбүктен ары қарай өтпеді. Осы кезде осы аймақта тұратын кейбір тайпалар мен елдер Ислам әскерінің келгенін естіген болатын. Қорыққандарынан пайғамбарымызға елшілер жіберіп, жизийа төлейтіндерін айтып, кешірім сұрады. Пайғамбарымыз рақымшылық жасап, олардың ұсыныстарын қабылдап, әрқайсысына бөлек-бөлек келісім шарт баптарын жазып, олардың қауіпсіздікте екендіктерін мәлімдеді.

Тұзақ...

Пайғамбарымыз жиырма күнге жуық жауды күтті. Тәбүкте сахабаларымен қаншама сұхбаттар өткізіп, көңілдерге нұрлы шуағын төкті. Жүрегінен төгілгендерді олардың жүрегіне ұялатты. Сұхбаттарының бірінде **«Адамдардың ең жақсысы мен қадірлісінің кім екенін айтайын ба?»**,- деді. Сахабалар «Айтыңыз, йа Расулаллаһ» десті. **«Адамдардың қайырлысы - атының немесе түйесінің үстінде немесе өз аяғымен соңғы деміне дейін Аллаһу та'аланың жолында еңбек еткен адам. Адамдардың ең жаманы болса, Аллаһу та'аланың кітабын оқып, одан ешқандай пайдаланбаған адам»-** деді.

Шәһидтік туралы сұраған бір адамға **«Аллаһу та'алаға ант етемін, шәһидтер қиямет күні қылыштарын мойындарына асынып келеді. Нұрдан жасалған мінберлердің үстіне отырады»**,- деді.

Тәбүктен Мәдинаға қайтуға дайындықтар жасалып жатқанда сахабалар аштықтан адам төзгісіз жағдайға жеткендіктерін пайғамбарымызға білдірді. Пайғамбарымыз олардың қалған

тамақтарын бір терінің үстіне жинатты. Олар бір кішкентай қазанды әрең толтырды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) дәрет алып, екі рәкат намаз оқыды. Қолын жайып, тамақтың берекелі болуын Аллаһтан тіледі. Сосын сахабаларына ыдыстарын әкелуді бұйырды. Алып әскерде ешқандай ыдыс бос қалмайтындай етіп барлығын толтырды. Сондай-ақ, барлық мүжаһидтер тойғандарынша жесе де дастарханда тамақ азаймады.

Мүжаһидтер Тәбүктен шығып, Мәдинаға бет алған болатын. Бір түні мұнафықтар алдағы тар өткелде пайғамбарымызға тұзақ құрып, өлтіруге өз араларында келісті. Сөйтіп, қоршауда күтіп тұрды. Пайғамбарымыздың түйесінің ноқтасын Аммар бин Ясәр ұстап, артынан хазреті Хузәйфә бин Йәман еріп жүрді. Мұнафықтардың келісіп, қастандық ұйымдастырып жатқанын Жәбрейіл алейһиссалам пайғамбарымызға хабарлады. Расулуллаһ алейһиссалам ол жерге жақындаған кезде бұл мұнафық тобы беттеріне бетперде киіп, шабуылға шықты. Хазреті Хузейфә «Ей, Аллаһу та'аланың дұшпандары!» деп қолындағы таяқпен мұнафықтар мен олардың жануарларын ұра бастады. Бұл айқайдан қорыққан он екі мұнафық дереу әскердің арасына кіріп кетеді. Пайғамбарымыз олардың есімдерін хазреті Хузейфәға айтып, басқаларға айтпауды ескертті.

Жағдайды естіп келген Усәйд бин Худайр (радиаллаһу анһ) пайғамбарымызға «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Оларды маған айтыңыз, бастарын кесіп әкелейін» деп жалынды. Бірақ, пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұған рұқсат бермеді.

Дырар мешіті

Пайғамбарымыз бен сахабалары византиялықтардың жүрегіне үрей салып, нұрлы Мәдинаға жақындаған болатын. Әлемнің сұлтаны Мәдинаға жақын орналасқан Зи-Әуан деген жерде сахабалардың тоқтауына бұйрық берді. Сахабалар демалып жатқанда бірнеше мұнафық пайғамбарымызға барып, Дырар мешітіне баруын сұрады.

Дырар мешіті Құбада орналасқан болатын. Ол Расулуллаһтың Мәдинаға хижреті кезінде Құбада салдырған алғашқы мешітінің дәл қарсысына салынған болатын. Пайғамбарымыз сахабаларымен Тәбүкке бара жатқанда мұнафықтар «Йа, Расулаллаһ! Жаңа мешіт салдық, келіп бізге намаз оқытасыз ба?» деп шақырған болатын.

Бірақ, сапарға шыққан пайғамбарымыз нәсіп болса Тәбүктен қайтарда соғатынын айтқан болатын.

Мұнафықтардың мақсаты мұсылман жамағатын бөлу, өз мақсаттарына пайдалану, бүлік шығарып, оларды бір-біріне айдап салу болатын. Олар тіпті, Византия әскерлерін Мәдинаға шақырып, осы мешітке сақтаған қаруларын соларға беріп, мұсылмандарға қарсы көмектеспек болады. Пайғамбарымызды сол жерде намаз оқыту арқылы Дырар мешітінің қасиетті орын екені туралы пікір қалыптастырғылары келді. Осылайша, мұсылмандар ол жерде намаз оқуға жарысып, мұнафықтардың торына түсетін еді.

Пайғамбарымыз мұнафықтардың бұл ұсынысын қабыл етіп, баруға шешім қабылдады. Аллаһу та'ала «Тәубе» сүресінің 107-108-ші аяттарын жіберіп, істің ішкі мәнісін білдірді. Осыдан соң пайғамбарымыз Малик бин Духшум мен Асым бин Адиге (радиаллаһу анһум) **«Мына халқы залым болған мешітке кіріңдер. Оны қиратып, өртеңдер»**,- деді. Олар кешке барып, мешітті өртеді. Сосын оны қиратып, талқандады. Мұнафықтардың дыбысы да шықпады.

Пайғамбарымыз бен сахабалардың келе жатқанын естіген мәдиналықтар дереу жиналып, үлкен толқыныспен күтіп алуға шықты.

Пайғамбарымыз Тәбүк сапарынан оралғанынан екі айдан кейін мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ бин Убәй өлді. Осыдан соң мұнафықтардың бірліктері бұзылып, тарап кетті.

Осылайша, тек мұнафықтардың ғана емес, Арабстандағы мүшріктер мен яһудилердің де Исламға қарсы келу, тосқауыл болу әрекеттері бастырылды.

УӘДА (ҚОШТАСУ) ҚАЖЫЛЫҒЫ

Исламның бес шартының бірі болған қажылық та хижреттің тоғызыншы жылында парыз етілді. Түскен аят кәримәда: **«Ол жерде** (Қағбада) **ап-айқын белгілер; Ибраһимнің мақамы бар. Кім ол жерге кірген адам әртүрлі қауіп-қатерден амандықта болады. Оған бір жол таба алғандардың** (жолға шамасы жеткендердің) **сол Бәйтке қажылыққа баруы** (және зиярат етуі) **Аллаһу та'аланың адамдар үстіндегі ақысы, парызы. Кім бұл парызды қабылдамаса күмәнсіз, Аллаһу та'ала барлық әлемдерден бай** (ешбіріне мұқтаж емес)**.»** («Али Имран» сүресі, 97)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһу та'аланың бұл бұйрығын сахабаларына жеткізді. Сол жылы хазреті Әбу Бәкірді үш жүз адамдық топтың қажылық сапарының басшысы етіп тағайындады. Ол топтың құрамындағы сахабалар хазреті Әбу Бәкірдің басшылығымен Меккеге барды. Осы кезде «Бәраә» (Тәубә) сүресінің алғашқы аяттары түсті. Онда келісім шарт туралы біраз үкімдер білдірілді. Пайғамбарымыз осыны айту үшін хазреті Әлиді Меккеге жіберді.

Ол кездегі арабтардың арасында кеңінен тараған дәстүр бойынша бір келісім шарт жасалса немесе жасалған келісім шарт бұзылса, оны жасаған адамның өзі немесе оның тағайындаған бір туысы жариялайтын. Пайғамбарымыз бұл іс үшін хазреті Әлиді қажылыққа кеткен топтың артынан Меккеге жіберді. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) топқа жетіп, барлығы бірге Меккеге кірді.

Хазреті Әбу Бәкір бір хұтба оқып, қажылық ғибадатын түсіндірді. Сахабалар (алейһимурридуан) үйретілген негіздер бойынша қажылық міндеттерін атқарды. Қажылық ғибадаты аяқталғаннан кейін хазреті Әли Минада Жәмрә-и Ақаба деген жерде бір хұтба оқыды. Хұтбасында:

«Ей, адамдар! Мені сендерге расулуллаһ жіберді» деп бастап, «Бәраә» сүресінің алғашқы аяттарын оқыды. Содан соң «Мен сендерге төрт нәрсені білдіруге міндеттімін»,- деді. Ол төрт мәселе мыналар еді:

«1- Мүминдерден басқа ешкім жұмаққа кіре алмайды.

2- Осы жылдан кейін ешқандай мүшрік Қағбаға жақындай алмайды.

3- Ешкім Қағбаны жалаңаш түрде тауап етпейді (ол кезде мүшріктер Қағбаны жалаңаш тауап ететін).

4- Кімнің Расулуллаһпен келісім шарты бар болса, мерзімі біткенге дейін күшінде болады. Бұдан тыс адамдарға төрт ай мерзім беріледі. Одан кейін ешқандай мүшрікпен келісім шарт жасалмайды.»

Сол күннен кейін ешқандай мүшрік Қағбаға бармады, ешкім жалаңаш түрде Қағбаны тауап етпеді. Осы мәселелер айтылғаннан кейін мүшріктердің көпшілігі мұсылман болды. Қажылықты орындағаннан кейін хазреті Әбу Бәкір мен хазреті Әли сахабалармен бірге Мәдинаға қайтты.

Хижреттің оныншы жылында Ислам діні бүкіл Араб түбегіне жайылды. Арабстанның түкпір-түкпірінен адамдар Мәдинаға барып, мұсылман болу, мәңгілік бақытқа қауышуға жарысты. Енді Арабстанда мұсылмандарға қарсы тұра алатын күш қалмаған еді. Ислам барлық жерге билік құрған еді. Тек кейбір яһуди және христиан тайпалары мұсылман болмаған еді.

Пайғамбарымыз хижреттің оныншы жылында Халид бин Уәлидті (радиаллаһу анһ) төрт жүз мүжаһидпен Йеменнің маңындағы Харис бин Ка'б ұлдарын Исламға шақыруға жіберді. Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздың бұйрығы бойынша бұл тайпаны үш күн бойы Исламға шақырып, насихат айтты. Олар мұсылмандықты қабылдады. Және сол жылы пайғамбарымыз Нәжрандық христиандармен келісім шарт жасасты. Олардың біразы кейіннен өз беттерінше мұсылмандықты қабылдады. Сол жылы хазреті Әли де үш жүз сахабамен Йемендегі Мәдләж тайпасын Исламға шақыруға жіберілді. Әуелі қарсы болғандарымен кейіннен олар да мұсылман болды. Пайғамбарымыз сол жылы Ислам тараған барлық жерге әкімдер мен зекет жинайтын қызметкерлер жіберді.

Хижреттің оныншы жылында пайғамбарымыз қажылыққа дайындалып, Мәдинадағы мұсылмандарға да қажылыққа дайындалуды бұйырды. Мәдинаның сыртындағыларға да хабар жіберілді. Осыған орай мыңдаған мұсылман Мәдинаға жиналды. Дайындық істері аяқталғаннан кейін пайғамбарымыз зүл-қадә айының 25-ші күні қырық мың адамдық топпен бесін намазынан кейін Мәдинадан шықты. Пайғамбарымыз **«Ей, Аллаһым! Мұны маған ішіне рия, өзін көрсету, атақ құмарлық араласпаған, қайырлы және қабыл болатын қажылық ете гөр»** деп дұға етті. Ихрам киініп, Жәбрейіл алейһиссаламның хабар беруімен, қатты

дауыспен тәлбийа айта бастады. Бұған сахабалар да қосылған кезде жер мен көкті тәлбийа дауыстары жаңғырта бастады. «Ләббәйк! Аллаһумма ләббәйк! Ләббәйк! Лә шәрикә ләкә ләббәйк! Иннәл хамдә уәнни'мәтә ләкә уәл мулкә лә шәрикә ләк!..» Пайғамбарымыз жүз түйені құрбандыққа шалуға алып барды. Он күнге созылған жол сапарынан кейін зүлхиджаның төртінші күні Меккеге жетті. Йеменнен және басқа жерлерден қажылық жасауға келгендерді де қосқанда мұсылмандардың саны 124 мыңнан асты. Пайғамбарымыз зүл-хиджаның 8-күні Минаға, 9-күні (арапа күні) Арафатқа барды. Арафат жерінің ортасында түстен кейін Қусуа деген түйесінің үстінде отырып, Уәда хұтбасын оқып, сахабалармен қоштасты.

УӘДА (ҚОШТАСУ) ХҰТБАСЫ

... Ей, адамдар! Сөзімді жақсылап тыңдаңдар! Білмеймін, бәлкім бұл жылдан кейін сендермен бұл жерде қайта кездесе алмайтын шығармын.

Ей, адамдар! Осы күндерің қаншалықты қасиетті күн болса, бұл айларың қандай қасиетті ай болса, бұл қалаларың (Мекке) қандай қасиетті қала болса, жандарың, малдарың, намыстарың да сондай қасиетті. Әр түрлі жауыздықтан қорғалған.

Сахабаларым! Ертең Раббыларыңмен қауышасыңдар және бүгінгі барлық әл-әрекеттерден міндетті түрде есепке тартыласыңдар. Менен кейін бұрынғы азғындықтарыңа қайтып, бір-біріңді өлтірмеңдер. Бұл өсиетімді осы жердегілер бұл жерде болмаған адамдарға жеткізсін. Естіген адам бұл жерде болып естіген адамнан да жақсы түсініп, есінде сақтауы мүмкін.

Сахабаларым! Кімде біреудің аманаты бар болса, оны иесіне қайтарсын. Өсімқорлықтың (пайыздың) барлық түрі жойылған. Аяғымның астында. Бірақ, қарыздарыңның негізін берулерің керек. Зұлымдық етпеңдер, зұлымдыққа ұшырамаңдар. Аллаһу та'аланың бұйрығымен өсімқорлыққа енді тыйым салынды. Надандық дәуірінен қалған бұл жаман әдеттің барлығы аяғымның астында. Алғаш жойған өсім - Абдулмутталибтің ұлы (көкем) Аббастың өсімі.

Сахабаларым! Надандық дәуіріндегі қан даулары да толығымен жойылды. Жойған алғашқы қан дауым - Абдулмутталибтің немересі Рәбианың қан дауы.

Ей, адамдар! Қалаған уақытта соғысу үшін қан төгу харам болған айлардың орындарын ауыстыру – күпірліктің дәл өзі. Бұл - кәпірлердің үлкен адасушылыққа түскен нәрсесі. Олар бір жылы адал деп қабылдаған бір айды келесі жылы харам деп жариялады. Хақ та'аланың халал және харам еткендерінің санына сай етеміз деп осылай жасады. Олар Аллаһу та'аланың харам еткенін халал, ал халал еткенін харам етеді.

Күмәнсіз, уақыт - Аллаһу та'аланың жаратқан күніндегі түр мен тәртіпке енді.

Ей, адамдар! Бүгін шайтан сендердің мына жерлеріңде жаңадан билігін жүргізу және үстемдік құру күшінен мәңгілікке айрылды. Бірақ, сендер осы жойған нәрселерімнен басқа кішкентай деп санаған нәрселеріңде оған бағынсаңдар бұл оны қуантады. Діндеріңді қорғау үшін бұлардан да сақтаныңдар!

Ей, адамдар! Әйелдердің құқықтарын құрметтеуді және осы мәселеде Аллаһу та'аладан қорқуларыңды ұсынамын. Сендер әйелдерді Аллаһу та'аланың аманаты ретінде алдыңдар, олардың намысы мен арын Аллаһу та'аланың атымен уәде беріп, халалдыққа алдыңдар. Сендердің әйелдерде құқықтарың, олардың сендерде құқықтары бар. Сендердің әйелдердегі құқықтарың – олардың отбасылық махремдікті сендер ұнатпайтын ешкімге таптатпауы. Егер сендер ұнатпайтын біреуді үйлеріңе кіргізсе, оларды жеңіл ұрыспен жазаландырып бұл тірліктерінен қайтарсаңдар болады. Әйелдердің де сендердегі құқықтары – оларға халал жолмен әр түрлі тағамдар мен киім-кешектерін қамтамасыз етулерің.

Ей, мүминдер! Сендерге бір аманат қалдырамын, одан мықтап ұстасаңдар жолдарыңнан адаспайсыңдар. Ол аманат - Аллаһу та'аланың кітабы Құран кәрім (Басқа риуаяттарда «сүннетім» және «әһли бәйтім» деп көрсетілген).

Ей, мүминдер! Сөзімді жақсылап тыңдаңдар және естеріңе жақсылап сақтаңдар. Мұсылман мұсылманның бауыры, осылайша барлық мұсылмандар бір-біріне бауыр. Діндес бауырларыңның жаны, қаны, малы-мүлкі, ар-намысы және ақысына сұрамай қол созу ешкімге халал емес. Тек өзі көңіл разылығымен берсе ғана халал болмақ.

Сахабаларым! Өздеріңе зұлымдық жасамаңдар. Мойындарыңда өздеріңе де қатысты сақтауға тиіс болған құқықтарың, жауапкершіліктерің бар.

Ей, адамдар! Аллаһу та'ала әрбір құқық иесіне құқығын (Құран кәрімде) берген. Мұрагердің, өсиеттің қажеті жоқ. Бала кімнің

төсегінде туылса соған тән. Зинақорлық еткен адамға махрұмдық бар. Өзін әкесінен басқаның тегіненмін деп айтқан тексіздер немесе өз қожайынынан қашып басқаның қолына сыйынған көрнемек адам Аллаһу та'аланың азабына, періштелер мен барлық мұсылмандардың қарғысына ұшырасын. Хақ та'ала мұндай адамдардың тәубаларын да, куәліктерін де қабылдамайды.

Ей, адамдар! Раббыларың бір. Әкелерің де бір. Барлығың Адамның балаларысыңдар. Адам болса топырақтан жаратылды. Аллаһтың алдында ең қадірлілерің - ең көп тақуа болғандарың. Арабтың араб еместерден артықшылығы жоқ. Артықшылық тек тақуалықта.

Ей, адамдар! Ертең сендерден мен жайлы сұрайды, не дейсіңдер?

Сахабалар «Аллаһу та'аланың дінін уағыздадыңыз. Міндетіңізді орындадыңыз. Бізге уағыз айтып, насихат жасадыңыз» деп куәлік етеміз» десті.

Осы кезде Расулуллаһ сұқ саусағын көтеріп, жамағатқа қаратып, «Куә бол, йа Раб! Куә бол, йа Раб! Куә бол, йа Раб!»,- деді.

Пайғамбарымыз Уәда хұтбасын оқыған күні «Маидә» сүресінің **«Бүгін діндеріңді сендер үшін толықтырдым. Сендерге деген нығметімді аяқтадым және сендерге дін ретінде Исламды беруге разы болдым»** деген мағынадағы 3-ші аяты түсті. Пайғамбарымыз бұл аятты сахабаларына оқыған кезде хазреті Әбу Бәкір жылап жіберді. Сахабалар оның себебін сұрағанда «Бұл аят кәримә расулуллаһтың қайтыс болатын уақытының жақындағанын көрсетіп тұр. Сол үшін жылап жатырмын»- деді.

Пайғамбарымыз Меккеде он күн болып, Уәда қажылығын жасап, Уәда тауабын орындады. Сөйтіп, Мәдинаға қайтты. Уәда қажылығынан кейін сахабалар өз отандарына қайтып пайғамбарымыздың айтқан және бұйырған нәрселерін сол жердегілерге жеткізді.

Хижреттің онынші жылында орын алған тағы бір оқиға – пайғамбар екендіктерін айтқан өтірікші адамдардың шығуы болды. Солардың бірі Йеменнен шыққан Әсуәди Анси болатын. Пайғамбарымыздың бұйрығымен Әсуәди Анси Йемендегі мұсылмандар тарапынан өзінің үйінде өлтірілді. (Екіншісі Мусәйләмәтул Кәззаб. Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін хазреті Әбу Бәкір Мусәйләмәға хазреті Халид бин Уәлид басқарған әскерді жіберді. Мусәйләмә Уахши (радиаллаһу анһ) тарапынан өлтірілді).

ҚАЙТЫС БОЛУЫ

Хижреттің он бірінші жылы болатын. Жәбрейіл алейһиссалам осы жылы пайғамбарымызға Құран кәрімді екі рет басынан аяғына дейін оқыды. Алдыңғы жылдарда Құран кәрімді бір рет оқыған болатын. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Жәбрейіл алейһиссаламның ең соңғы уағыздаған «**Аллаһу та'аланың көмегі және жеңіс күні келіп, адамдардың Аллаһу та'аланың дініне** (Исламға) **ағым-ағым болып кіргенін көргенде Раббыңды мадақтап тәсбих айт. Ол тәубаларды әрдайым қабылдайды»** деген мағынадағы «Наср» сүресін тыңдағаннан кейін **«Йа, Жәбрейіл! Ішімнен өлімімнің жақындағанын сезем ін»**,- деді. Жәбрейіл алейһиссалам бұған мына аяттарды оқып жауап берді: **«Ахирет сен үшін дүниеден қайырлы. Раббың сағаң разымын дегенге дейін әр қалағаныңды береді».** («Духа» сүресі, 4,5)

Пайғамбарымыз сол күні Мәдинадағы барлық сахабалардың бесін намазында мешітке жиналуын бұйырып хабар жіберді. Пайғамбарымыз намазды оқытқаннан кейін бір хұтба оқыды. Бұл хұтбаны оқыған кезде оны тыңдаған жандардың жүректері тебіреніп, көздерден жас аққан еді. Сосын **«Ей, адамдар! Сендер маған пайғамбарларың ретінде қалай қарайсыңдар?»** дегенде сахабалар «Йа, Расулаллаһ! Аллаһу та'ала сізге біздің тарапымыздан мол жақсылықтар бұйыртсын. Сіз біз үшін мейірімді әке, насихат айтушы бауыр сияқтысыз. Аллаһу та'аланың сізге берген пайғамбарлық міндетін орындадыңыз. Уаһи етілгендерді бізге жеткіздіңіз. Хақ жолға, Исламға даналықпен, көркем насихатпен шақырдыңыз. Аллаһу та'ала сізге ең жақсы және ең үстем қайтарымын берсін!» - деді.

Пайғамбарымыз: **«Ей, мүминдер! Аллаһ үшін, кімнің менде ақысы бар болса, келіп қияметтен бұрын осы жерде алсын»**,- деді. Бірақ, ақысын алуға келген адам болмады. Расулуллаһ екінші, үшінші рет Аллаһу та'аланың атын айтып, **«Ақысы болған адам келіп алсын»**,- деді. Осы кезде жасы үлкен сахаба хазреті Укаша орнынан тұрды. Расулуллаһтың жанына барды. Сосын «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Тәбүк соғысында сізбен бірге

жүрдім. Тәбүктен қайтқанымызда менің түйем мен сіздің түйеңіз қатар келген еді. Мен түйемнен түсіп, сізге жақындадым. Мақсатым – сіздің мүбәрәк денеңізді сүю еді. Сол кезде сіз менің арқамнан қамшымен ұрдыңыз. Не үшін ұрғаныңызды білмеймін»,- деді.

Пайғамбарымыз: **«Йа Укаша! Аллаһу та'ала сені расулының әдейілеп ұрғанынан сақтасын. Йа, Біләл! Қызым Фатиманың үйіне бар. Әлгі қамшыны алып кел»**- деп бұйырды. Хазреті Біләл мешіттен шықты. Қолын басына қойып, «Расулуллаһ өзіне қысас жасатпақ па?» деп таңырқаған еді. Үйге барып, есікті қағып, «Ей Расулуллаһтың қызы! Маған Расулуллаһтың қамшысын бер»- деді. Хазреті Фатима: «Йа Біләл! Қазір қажылықтың да, соғыстың да уақыты емес қой. Әкем қамшыны не қылады?»- деп сұрады. Хазреті Біләл (радиаллаһу анһ): «Ей, Фатима! Хабарың жоқ па? Расулуллаһ өзіне қысас (өш алу) жасатпақшы»,- деді. Фатима анамыз (радиаллаһу анһа): «Йа, Біләл! Расулуллаһтан қысаспен ақысын алуға кім разы болады? Егер қаласа берейін. Бірақ, Хасан мен Хусейнге айт, алатын адам ақысын солардан алсын. Расулуллаһқа еш қысас жасатпасын» деп хазреті Біләлға қатаң ескертті. Хазреті Біләл (радиаллаһу анһ) мешітке барып, қамшыны Расулуллаһқа, ол хазреті Укашаға берді.

Әбу Бәкір мен Омар мұны көріп, «Ей Укаша! Міне, біз қасында тұрмыз. Ақыңды бізден ал, Расулуллаһтан алмай-ақ қой» деп жалынды. Сонда пайғамбарымыз хазреті Әбу Бәкірге **«Ей, Әбу Бәкір! Сен арамыздан былай тұр. Ей, Омар! Сен де былай тұр. Аллаһу та'ала сендердің жоғары дәрежелеріңді біледі»**- деді. Сосын хазреті Әли тұрып, «Ей Укаша! Расулуллаһты ұруыңа разы бола алмаймын. Кел, ақыңды менен ал. Қаласаң жүз рет ұр, бірақ Расулуллаһқа тиіспе» дегенінде пайғамбарымыз алейһиссалам: **«Ей Әли! Сен де отыр. Аллаһу та'ала сенің де жоғары мәртебеңді, жағдайыңды біледі»**- деді. Енді хазреті Хасан мен Хусейн тұрды. «Ей Укаша! Сен біздің Расулуллаһтың немерелері екенімізді білесің. Сондықтан бізге қысас – Расулуллаһқа қысас деген сөз. Оның ақысын бізден ал, пайғамбарымызды ұрма» дегендерінде пайғамбарымыз оларға **«Сендер де отырыңдар, ей екі көзімнің қуаныштары!»**,- деді. Сосын **«Ей Укаша! Кел, ұр»**,- деді.

Укаша: «Йа Расулаллаһ. Сіз мені ұрған кезде менің денем ашық болатын» деген соң пайғамбарымыз мүбәрәк арқасын ашты. Осы кезде сахабалардың: «Йа, Укаша! Расулуллаһтың мүбәрәк арқасынан ұрмақсың ба?» деген айқайлары естілді. Бәрі ренішпен күтіп тұрды.

Хазреті Укаша пайғамбарымыздың арқасындағы пайғамбарлық мөрін көріп, «Ата-анам сізге құрбан болсын йа Расулаллаh! Ақысын алу үшін сіздің мүбәрәк арқаңыздан ұрып, қысас жасауға кімнің күші жетеді, бұған кімнің батылдығы барады?» деп мөрді сүйіп алды. Сонда пайғамбарымыз **«Жоқ, я ұрасың, я кешіресің»** дегенінде Укашә «Жаным сізге құрбан болсын йа Расулаллаh! Кешірдім. Ал Аллаhy та'ала мені қиямет күнінде кешіре ме?»,- деді. Пайғамбарымыз **«Кім менің жаннаттағы досымды көргісі келсе, мына қартқа қарасын»,**- деді. Расулуллаhтың бұл мүбәрәк сөзін естіген сахабалар оның екі көзінің ортасынан сүйе бастады. Барлығы «Қандай бақыттысың, қандай бақыттысың, йа Укаша! Расулуллаhпен бірге болу құрметіне, жұмақта жоғары дәрежелерге қол жеткіздің»- деді.

Сафар айының соңғы күндері болатын. Пайғамбарымыз (саллаллаhy алейhи уә сәлләм) солтүстіктегі Византия империясының мұсылмандар үшін үлкен қауіпке айналмастан бұрын оларды қайтадан Исламға шақырып, қабылдамаса соғысып және Ислам мемлекетінің қол астына қаратқысы келді. Осы мақсатта гректермен соғысу үшін сахабаларына дайындалуды бұйырды. Сахабалар (радиаллаhy анhум) дайындық істерін жүргізуге таралды. Расулуллаh (саллаллаhy алейhи уә сәлләм) хазреті Усамә бин Зәйдті шақырып, **«Ей, Усамә! Шамға, Бәлка шекарасына, Палестинадағы Дарумға, әкең шәhид болған жерге дейін Аллаhy та'аланың есімі және берекесімен бар. Оларды аттармен тапта. Сені осы әскерге бас қолбасшы етіп тағайындадым. Убналықтарға тұтқиылдан шабуыл жаса. Баратын жеріңе хабар жетпейтіндей шапшаң бар. Қасыңа жол көрсетушілерді алып, алдыңнан тыңшылар жібер. Аллаhy та'ала жеңіс ихсан етсе, олардың арасында аз уақыт қана бол»**,- деді. Журфте орда құруды бұйырып, мүбәрәк қолымен байрақты байлап тапсырды.

Мешітте мінберге шығып, **«Ей сахабаларым! Усамәнің әкесі Зәйд қолбасшылыққа қалай лайықты және менің қасымда қандай сүйікті адам болса, оның баласы Усамә да қолбасшылыққа сондай лайық адам. Усамә менің алдымда адамдардың ең сүйіктілерінен»-** деді.

Хазреті Усамә басқарған, соғысуға бара жатқандардың ішінде хазреті Әбу Бәкір, хазреті Омар, хазреті Әбу Убайда бин Жәррах, хазреті Са'д бин Әбу Уаққас сияқты танымал сахабалар бар болатын.

Бірақ, ертеңіне пайғамбарымыз кенеттен науқастанып қалғандықтан әскер жорығы пайғамбарымыз ахиретке кеткеннен кейінге қалдырылған еді. Сүйікті пайғамбарымыздың ыстығы барған сайын көтеріліп, ауруы асқына берді. Сәл жақсы болған бір түні төсегінен тұрды. Киініп сыртқа шығуға дайындалды. Мұны көрген хазреті Айша анамыз «Ата-анам, жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаh! Қайда бара жатырсыз?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз саллаллаhy алейhи уә сәлләм **«Бақи мазаратына жерленгендер үшін истиғфар ету әмірін алдым. Сол жерге бара жатырмын»**,- деді. Қасына Әбу Мууәйхиб пен Әбу Рафиді (радиаллаhy анhум) ертіп кетті. Мазаратта ұзақ дұға оқып, олардың кешірілуі үшін Аллаhy та'алаға жалбарынды. Пайғамбарымыздың осынша жалбарғанына қасындағы сахабалар «Біз де осында жерленгенімізде ғой. Пайғамбарымыздың дұғасына ілінер едік»- деді. Сүйікті пайғамбарымыз хазреті Әбу Мууәйхибке қарап **«Ей, Әбу Мууәйхиб! Маған дүние қазыналары мен ахирет нығметтерін таңдауда ерік берілді. Қаласаң дүниеде қал, сосын жұмаққа бар, қаласаң Ликауллаh** (Аллаhy та'алаға қауышу) **арқылы жұмаққа кір. Мен Ликауллаhты және содан кейін жұмақты таңдадым»**,- деді.

Тағы бір күні Ухудта шәhид болғандар үшін Аллаhтан ғафу тілеу үшін жолға шықты. Олар үшін Аллаhy та'алаға ұзақ жалбарынып, дұға етті. Сосын мешітке барып, сахабаларға **«Мен сендердің Кәусар бұлағына ең бірінші қауышатындарың, қарсы алатындарың боламын. Сендермен кездесетін жеріміз сол жер... Мен сендерді менен кейін мүшріктікке қайтады деп қорықпаймын. Бірақ, дүниеге беріліп, сол үшін бір-біріңді көре алмай, өлтіріп, нәтижесінде сендерден бұрынғылардың жоқ болып кеткені сияқты, сендердің де жоқ болып кетулеріңнен қорқамын...»**- деді. Сосын үйіне кетті.

Науқастығы асқынған еді. Мүбәрәк әйелдері сүйікті пайғамбарымыздың хазреті Айшаның үйінде болуын қалайтындықтарын білдірді. Расулуллаh әйелдерінің осындай кеңпейілдігіне сүйсініп, олардың бәріне дұға етіп, одан кейінгі күндерін хазреті Айшаның үйінде өткізе бастады.

Расулуллаhтың (саллаллаhy алейhи уә сәлләм) ыстығы қатты көтерілген еді. Денесінің ысығаны соншалық, төсегінде екі жағына кезек аударылып жатуға мәжбүр болды. Расулуллаh осылай жатқанында сахабалар келіп, оның тартып жатқан азабына олар да

қиналатын. Әбу Саид Худри (радиаллаһу анһ) айтады: «Расулуллаһты көруге барған болатынмын. Үстінде бір жамылғысы бар еді. Оның денесінің ыстықтығы жамылғының сыртынан белгілі болып тұрды, ыстық болғандықтан қолымызды жамылғыға тигізе алмаған едік. Біздің де қынжылғанымызды көрген пайғамбарымыз: **«Ең ауыр бәле пайғамбарларға келеді. Соған қарамастан пайғамбардың келген бәлелерге қуануы сендердің берілген ихсандарға** (жақсылықтарға) **қуанғандарыңнан да күшті»-** деді».

Үммү Бишр бин Бәра (радиаллаһу анһа) айтады: «Расулуллаһтың жағдайын сұрауға бардым. Мүбәрәк денесі оттай жанып тұрды. «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Мен ешқашан да мұндай қатты ауру көрмедім...»,- дедім. Расулуллаһ: **«Ей Үммү Бишр! Ыстығымның қатты көтерілуі сауабымның көп болғанындығынан. Бұл ауру Хайбәрде жеген улы еттің әсері. Сол еттің ащы дәмін әрдайым сезетінмін. Сол күні жеген у қазір қолқа тамырымды күйдіріп бара жатыр»-** деді».

Сүйікті пайғамбарымыз Абдуллаһ бин Мәсуд хазреттеріне былай деді: **«Ауруға шалдығып, Аллаһу та'ала оның күнә мен қателерін ағаштың жапырақтарын төккендей төкпеген мұсылман жоқ».**

Ауруы күннен-күнге асқына берді. Сахабалар бұған қатты қайғырып, үйлерінде жәйбарақат отыра алмады. Барлығы мешітке жиналды. Жағдайын сұрау үшін хазреті Әлиді Расулуллаһқа жіберді. Әлемдердің мырзасы ишарамен (ымдап) **«Сахабаларым не дейді?»-** деп сұрады.

Ол «Расулуллаһ арамыздан кетіп қалса... деп қайғыруда»- деп жауап берді. Сахабаларына деген мейірімі күшті болған пайғамбарымыз қатты ауырып тұрғанына қарамастан орнынан тұрып, хазреті Әли мен хазреті Фадл бин Аббасқа сүйеніп, мешітке барды. Мінберге шығып, Аллаһу та'алаға мадақ айтқаннан кейін сахабаларға **«Ей сахабаларым! Менің өлетінімді ойлап, уайымдауда екенсіңдер. Ешқандай пайғамбар үмметінің арасында мәңгі қалмайды. Біліңдер, мен Раббыма қауышамын. Сендерге насихатым: мұхажирлердің үлкендерін құрметтеңдер. Ей мұхажирлер! Сендерге насихатым: ансарларға жақсылық жасаңдар. Олар сендерге жақсылық жасады. Үйлеріне тұрғызды. Өздері әрең күнелтсе де сендерді өздерінен жоғары санады. Мал-мүліктеріне сендерді ортақ етті. Ансарды басқарған адам оларға көз қырын салып жүрсін, кемшілік жасағандарын кешірсін»,-**

деді. Сосын әсерлі насихаттар айтып, **«Аллаһу та'ала бір құлына дүниеде қалу мен Раббына қауышу мәселесінде еркіндік берді. Ол құл Раббына қауышуды қалады»**,- деді. Хазреті Әбу Бәкір расулуллаһтың бұл сөздерінен оның қайтыс болатынын сезіп, «Жанымыз сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ!» деп жылай бастады. Мейірімділіктің дариясы болған пайғамбарымыз **«Жылама, йа Әбу Бәкір!»** деп, оған сабыр етуді бұйырды. Мүбәрәк көздерінен жас ағып тұр еді. **«Ей сахабаларым! Ислам діні жолында шынайы және ықыласты түрде мал-мүлкін құрбан еткен Әбу Бәкірден разымын. Ахирет жолында қасыма жақын бір дос алу қолымда болса, оны таңдар едім»**,- деді де **«Мешітке ашылатын есіктер ішінде Әбу Бәкірдікінен басқасының бәрін жабыңдар»** деп бұйырды.

Сосын мінберден түсіп, хазреті Айша анамыздың бөлмесіне қайтып келді. Сахабалар жылай бастағандықтан пайғамбарымыз хазреті Әли мен Фадл бин Аббастың сүйемелдеуімен қайтадан мешітке келді. Мінбердің төменгі сатысында тұрып, сахабаларға былай деді: **«Ей мұхажирлер мен ансарлар! Уақыты белгілі болған нәрсеге жетуге асығудың пайдасы жоқ. Аллаһу та'ала ешқандай құлы үшін асықпайды. Бір адам Аллаһу та'аланың беретін тағдырын өзгертуге, Оның құдіретінен үстем болуды қаласа Аллаһу та'ала оны құртады. Аллаһу та'алаға айла жасап, Оны алдағысы келген адамның істері бұзылып, өзі алданады. Біліңдер, мен сендерге мейірімдімін. Сендер де маған қауышасыңдар. Қауышатын жер Кәусәр хауызының басы. Жаннатқа кіргісі келетін, маған қауышқысы келетін адам бостан-бос сөйлемесін. Ей мұсылмандар! Кәпір болу, күнә істеу – ниғметтің өзгеруіне, ризықтың азаюына себеп болады. Адамдар Аллаһу та'аланың бұйрықтарына мойынсұнса үкімет басшылары, әмірлері, билеушілері оларға рақымшылық жасайды. Пасық болып, асып-тасушылық танытса, күнә іс істесе мейірімді билеушіге қол жеткізе алмайды. Менің өмірім сендер үшін қайырлы болғаны секілді өлімім де қайыр және рақымдылық. Егер біреуді орынсыз ұрған немесе жаман сөз айтқан болсам маған дәл соны істеп ақысын алуына, біреуден орынсыз бір нәрсе алған болсам кері қайтарып алуына разымын. Өйткені, дүниенің жазасы ахиреттің жазасынан әлде қайда жеңіл. Бұған шыдау оңай.»** Алдында хазреті Әбу Бәкірге разылығын білдіргені сияқты, бұл

хұтбада хазреті Омарға деген ризалығын білдіріп, **«Омар менімен бірге, мен де онымен біргемін. Менен кейін ақиқат Омармен бірге»,**- деді.

Расулуллаһ осы хұтбадан кейін мінберден түсті. Намаздан соң тағы да мінберге шығып, уағыз-насихат айтып болғаннан кейін **«Сендерді Аллаһу та'алаға тапсырдым»** деп, бөлмесіне кетті.

Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ауруы қатты асқынған кезде сахабаларымен халалдасу (өткен ақыларын қайтару) үшін, ахиретке құл ақыларымен кетпеу үшін Біләл Хабәшиді (радиаллаһу анһ) шақыртып, оған **«Халыққа айт! Мешітке жиналсын. Оларға соңғы насихатымды айтқым келеді...»** деп бұйырды.

Хазреті Біләл сахабаларды мешітке жинады. Пайғамбарымыз хазреті Әли мен Фадлға сүйеніп мешітке барды. Мінберде отырып, Аллаһу та'алаға мадақ пен сәна айтқаннан кейін **«Ей сахабаларым! Біліңдер, араларыңнан кететін уақытым жақындады. Кімнің менде ақысы бар болса менен алсын. Менің қасымда сүйікті болған адам менен ақысын алсын немесе оны маған халал етіп разы болсын, Раббыма оларды өтеп барайын»**- деді. Сосын мінберден түсіп, бесін намазын оқыды. Намаздан соң мінберге тағы да шығып, алдында айтқанын қайталады.

Пайғамбарымыз қайтыс боларына үш күн қалғанда қатты қиналды. Мешітке барып, жамағатпен намаз оқи алмады. Жамағатпен оқи алмаған алғашқы намазы құптан намазы болатын. Хазреті Біләл әдетінше есікке келіп, «Әс-салат, йа Расулаллаһ!»,- деді. Пайғамбарымыздың мешітке баратын шамасы жоқ еді. **«Әбу Бәкірге айтыңдар. Сахабаларға намаз оқытсын»**,- деді. Хазреті Айша: «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Әкем өте көңілшек және өте қайғылы. Ол сізді қасында көріп тұрмаса жылап, оқи алмайды. Имамдықты Омардың атқарғанын бұйырасыз ба?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз қайтадан **«Әбу Бәкірге айтыңдар. Сахабаларға имам болып, намаз оқытсын»**,- деді. Хазреті Біләл Әбу Бәкір Сыддыққа (радиаллаһу анһ) жағдайды айтты. Хазреті Әбу Бәкір михрабта пайғамбарымызды көре алмаған соң жүрегі езіліп, ақылынан айрылғандай болды, жылай берді, жылай берді. Сахабалар да жылай бастады. Пайғамбарымыз мешіттен шыққан бұл дауыстың не екенін сұрағанда хазреті Фатима «Жаным сізге құрбан болсын йа Расулаллаһ! Сахабаларыңыз сізден ажырауға шыдай алмай жылауда»,- деді. Пайғамбарымыз бұған қатты әсерленді.

Сахабаларын жұбату үшін қатты ауырып тұрғанына қарамастан әрең дегенде орнынан тұрды. Хазреті Әли мен хазреті Аббасқа сүйеніп, мешітке барды. Намаздан соң **«Ей сахабаларым! Сендер Аллаһу та'аланың қорғауындасыңдар және сендерді Аллаһу та'алаға аманат еттім. Тақуа болыңдар. Аллаһу та'аладан қорқыңдар. Аллаһу та'аланың бұйрығын орындаңдар және бағыныңдар. Мен енді бұл дүниеден кетемін»**- деді.

Хазреті Әбу Бәкір сахабаларға он жеті уақыт намаз оқытты. Бір жолы бесін намазын оқытып жатқан болатын. Сол кездері пайғамбарымыз өзін жеңіл сезініп, хазреті Әли мен хазреті Аббасқа сүйеніп, мешітке шығады. Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздың келгенін сезіп, бір шетке ысырылмақшы болды. Пайғамбарымыз оған «Тұра бер» дегенді ыммен білдірді. Пайғамбарымыз хазреті Әбу Бәкірдің сол жағында тұрып, сахабаларға соңғы рет намаз оқытты.

Пайғамбарымыз қайтыс боларынан үш күн бұрын Жәбрейіл алейһиссалам расулуллаһқа барып, «Йа, Расулаллаһ! Аллаһу та'ланың сізге сәлемі бар. Жағдайыңызды білсе де қалай екеніңізді, өзіңізді қалай сезінетініңізді сұрайды»- деді. Пайғамбарымыз **«Қайғылымын»**,- деді. Жәбрейіл алейһиссалам жексенбі күні де келіп сол айтқандарын қайталады. Пайғамбарымыз тағы да сол жауапты берді. Жәбрейіл алейһиссалам «Йеменде пайғамбар екендігін айтқан Әсад-и Ансидің өлтірілгенін хабарлады. Расулуллаһ оны сахабаларына айтты. Ауырмай тұрған кезінде бірнеше алтынды кедейлерге, бірнешесін хазреті Айшаға берген болатын. Жексенбі күні Расулуллаһтың ауруы меңдей бастады. Қасына келген әскер қолбасшысы хазреті Усамаға ешнәрсе айтпады. Бірақ, қолын көтеріп, оның үстінен сипады. Оған дұға еткендігі аңғарылды.

Пайғамбарымыздың бұл дүниеден кетіп, ахиретке көшетін күні дүйсенбі болатын. Ауырғанына он үш күн болған еді. Пайғамбарымыз сахабалар мешітте Әбу Бәкір Сыддықтың (радиаллаһу анһ) артында бамдат намазын оқып тұрғанда мешітке кірді. Үмметінің сап-сап болып, тізіліп намаз оқып тұрғанын көрді. Қуанып, күлімдеді. Өзі де Әбу Бәкірге ұйып, намаз оқыды. Сахабалар пайғамбарымыздың намазға келгенін көргенде аурудан айықты деп ойлап, қуанды. Расулуллаһ намаздан кейін хазреті Айшаның бөлмесіне барып жатты. **«Аллаһу та'аланың құзырына артыма дүниелік нәрсе қалдырмастан кеткім келеді, саған қалдырған алтындарды да кедейлерге тарат»**,- деді. Сосын қызуы арта түсті. Біраздан кейін

көзін ашып, хазреті Айшадан алтындарды таратып-таратпағанын сұрады. Ол тарататынын айтты. Оны дереу таратуды қайта-қайта ескертті. Алтынның таратылғанын естігенде **«Енді көңілім жайланды»,**- деді.

Төсегінде біраз жатқаннан кейін қасына хазреті Әлиді шақыртты. Басын оның құшағына қойды. Маңдайы тершіп, реңі өзгерген еді. Хазреті Фатима әкесінің бұл халін көріп, қарап тұруға шыдай алмай, балалары хазреті Хасан мен хазреті Хусейннің қасына кетті. Олардың қолдарынан ұстап жылай бастады. «Ей, әкешім! Қызыңызға енді кім қарайды? Хасан мен Хусейнді кімге аманат етесіз? Әкешім! Жаным сізге құрбан болсын! Сіз кеткен соң менің жағдайым не болады?»

Пайғамбарымыз қызының осындай жүрек тебірентерлік сөздерін естіп, көзін ашып, оны қасына шақыртты: **«Йа Раббым! Бұған сабыр бер»** деп дұға еткеннен кейін **«Ей Фатима! Ей, көзімнің нұры! Әкең жан тапсырар алдында...»** дегенде ол одан сайын егіліп жылады. Хазреті Әли: «Ей Фатима! Тыныш, Расулуллаһты бұдан артық қайғыртпа» дегенінде пайғамбарымыз **«Ренжітпе, йа Әли! Тиме, әкесі үшін көз жасына ерік берсін»** дегеннен кейін көзін жұмып, есінен танғандай болды.

Сосын хазреті Хасан атасына барып, «Йа, Ата! Сізден айрылуға кім шыдай алады? Жабырқаулы жүрегімізді кімге білдіреміз. Сізден кейін анама, әкеме, бауырыма кім шапағат етеді? Әйелдеріңіз бен сахабаларыңыз сіздің көркем мінезіңізді қайдан таба алады?» деп жылағанда пайғамбарымыздың әйелдері шыдап тұра алмады. Барлығы да көз жастарына ерік берді.

Сыртта уайыммен күтіп тұрған сахабалар пайғамбарымыздың жағдайының нашарлағанын естіп, жүректері сыздады. Көздерінен жас сорғалады. Соңғы рет пайғамбарымыздың дидарын көру үшін «Есікті ашыңдар! Пайғамбарымыздың дидарын тағы бір рет көрейік» деп есіктің алдында тұрып, жалынды. Пайғамбарымыз сахабаларының бұлай тұрғанын естіп, **«Есікті ашыңдар»**,- деді. Беделді сахабалары ішке кірді. Пайғамбарымыз оларды сабырға шақырып, **«Ей, сахабаларым! Сендер адамдардың ең беделді, қадірлісіңдер. Сендерден кейін кім келсе де сендер бәрінен бұрын жұмаққа кіресіңдер. Дінді сақтап қалуда мықты болыңдар және Құранды жол көрсеткіш етіп алыңдар. Діннің үкімдерінен ұқыпсыздық танытпаңдар»-** деп көзін жұмды. Беті терледі. Хазреті Әли оларға шығыңдар дегенді ымдап білдірді.

Олар кеткеннен кейін хазреті Айша келіп насихат сұрады. Пайғамбарымыз **«Ей, Айша! Үйіңнің бұрышында отырып, өзіңді қорға»** деп, көзінен жас сорғалады. Пайғамбарымыз жылаған еді. Сол жердегілердің көңілдері жабырқап, бауырлары езілді. Хазреті Үммү Сәләмә «Жаным сізге пида болсын, йа Расулаллаһ! Неге жылайсыз?» деп сұрағанда **«Үмметіме мейірімділік танытылуы үшін жылаймын»**,- деді.

Күн төбеге көтерілген еді. Уақыт жақындаған болатын. Пайғамбарымыз басын хазреті Айшаның кеудесіне басып отырған болатын. Пайғамбарымыз соңғы сәттерін бастан кешіріп: **«Қолдарыңдағы құлдарыңа жақсы қараңдар. Олардың үстіне киім кидіріңдер, қарындарын тойдырыңдар. Олармен жылы сөйлесіңдер. Намазды, намазды жалғастырыңдар. Әйелдерің мен құлдарың жайлы Аллаһтан қорқыңдар. Ей Аллаһым! Мені жарылқа! Маған рақым ет!... Мені Рәфиқ-ул-аъла тобына қауыштыр»** деген сөздерді айтты. Хазреті Фатима көз жасына ерік беріп, езіліп жылады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оны қасына отырғызып, **«Қызым, біраз сабыр ет, жылама. Өйткені Хамәлә-и Арш (періштелер) сенің жылағаныңа жылап жатыр»**,- деді. Хазреті Фатима көзінің жасын сүртті. Пайғамбарымыз оны жұбатып, Аллаһу та'аладан сабыр тілеп, қызына: **«Қызым, менің рухым алынады. «Иннә лилләһи уә иннә иләйһи ражиун» дерсің. Ей, Фатима! Келген қиыншылыққа міндетті түрде қайтарым беріледі»**- деді. Біраз уақыт көзін жұмып, содан соң **«Бұдан кейін әкеңе қайғы мен уайым жоқ. Өйткені, ол фәни әлемнен, мына қиындықтар мекенінен құтылайын деп жатыр»**- деді. Сосын хазреті Әлиге **«Йа Әли! Мойнымда пәлен яһудидің мынанша мүлкі бар. Әскер дайындау үшін алғанмын. Оны төлеуді ұмытпа. Әрине қарызымнан құтқарасың және Кәусәр хауызы басында менімен кездесетіндердің біріншісі боласың. Менен кейін саған көп зиян келеді, сабыр етерсің, адамдар дүниені қалаған кезде сен ахиретті таңдарсың»-** деді.

Усамә (радиаллаһу анһ) тағы да келді. Расулуллаһ: **«Аллаһу та'ала жәрдем етсін. Қане соғысқа аттаныңдар»-** деді. Ол шығып, әскеріне барды да дереу қозғалуға бұйрық берді.

Пайғамбарымыз енді соңғы демдерін алып жатқан еді. Аллаһу та'ала Әзірейіл алейһиссаламға **«Сүйіктіме ең жақсы кейіпте бар. Егер рұқсат берсе рухын ең жұмсақ және жеңіл түрде ал. Рұқсат**

бермесе кері қайт» деп уаһи берді. Әзірейіл алейһиссалам ең жақсы түрде, өте әдемі бір адам кейпіне еніп, пайғамбарымыздың үйінің есігінің алдына барып, «Ассаламу алейкум ей нубууәт үйінің иесі! Ішке кіруге рұқсат бересіз бе? Аллаһу та'ала сізге рақым етсін»,- деді. Хазреті Айша пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қасында отырған хазреті Фатимаға «Мына келген адамға сен жауап бер»,- деді. Ол есікке барып, қайғылы дауыспен «Ей, Аллаһу та'аланың құлы! Расулуллаһтың қазір жағдайы жоқ»,- деді. Әзірейіл алейһиссалам тағы да рұқсат сұрады. Тағы да сол жауап берілді. Үшінші ретте сәлемін қайталап, міндетті түрде кіруі керектігін қатты дауыстап айтқан кезде пайғамбарымыз мұны естіп, **«Йа Фатима! Есіктің алдындағы кім?»-** деп сұрады. Хазреті Фатима: «Йа Расулаллаһ. Біреу ішке кіруге рұқсат сұрайды. Бірнеше рет жауап бердім. Бірақ үшінші сөйлегенінде денем түршікті»,- деді. Сонда пайғамбарымыз: **«Ей Фатима! Ол кім, білесің бе? Ол – ләззаттарды бұзатын, қоғамдарды талан-тараж ететін, әйелдерді жесір, балаларды жетім қалдыратын, үйлерді қаңыратып, қабірлерді көркейтетін өлім періштесі - Әзірейіл. Ей Әзірейіл, кір»**,- деді. Сол кезде хазреті Фатима адам айтып жеткізгісіз түрде қайғыға салынып: «Ах, Мәдина, құрыдың»,- деді. Пайғамбарымыз хазреті Фатиманың қолын ұстап, кеудесіне қойып, көзін жұмды. Сол жердегілер оның рухы алынды деп ойлады. Хазреті Фатима шыдай алмай, әкесінің құлағына иіліп, жабыраңқы үнмен «Әкешім! Әкешім!»,- деді. Ешқандай жауап болмаған соң енді «Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Көзіңізді бір рет ашып, бір нәрсе айтыңызшы»,- деді. Пайғамбарымыз көзін ашып, қызының көз жасын сүртіп, оның құлағына қайтыс болатынын айтты. Одан соң хазреті Фатима жылай бастады. Бұл жолы құлағына **«Әһли бәйтімнен бірінші болып менің жаныма келетін – сенсің»**,- деді. Ол сүйінші хабарға қуанып, жұбанды.

Хазреті Фатима «Ей әкешім! Бүгін қоштасу күні. Енді сізге қашан қауышамын?»- деп сұрады. Расулуллаһ **«Қызым! Мені қиямет күні хауыздың жанынан табасың. Үмметімнің ішінен хауызға келгендерге су беремін»,**- деді. Хазреті Фатима: «Егер сізді ол жерден таба алмасам не істеймін?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз: **«Мизанның қасынан табасың. Ол жерде мен үмметіме шапағат етемін»**,- деді.

Хазреті Фатима: «Ол жерден де таба алмасам?» дегенінде Расулуллаһ: **«Сыраттың жанынан табасың. Мен ол жерде Раббыма «Йа Раббым! Менің үмметімді оттан сақта» деп жалбарынамын»-** деді.

Содан соң хазреті Әли қайғылы дауыспен: «Йа Расулаллаһ! Сіз рухыңызды тапсырғаннан кейін сізді кім жуындырады, немен кебіндейміз? Жаназа намазыңызды кім оқытады, қабірге кім қояды?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз: **«Ей, Әли! Мені сен жу, Фадл бин Аббас су құйып тұрсын. Жәбрейіл сендердің үшіншілерің болады. Жуындырып болғаннан кейін кебінімді жасаңдар. Жәбрейіл жаннаттан хош иіс алып келеді. Сосын мені мешітке апарыңдар да өздерің мешіттен шығыңдар. Өйткені, ең алдымен Жәбрейіл, сосын Микаил, сосын Исрафил, сосын басқа да періштелер топ-топ болып келіп намазымды оқиды. Содан кейін сендер кіріңдер, Сап-сап болып тұрыңдар. Ешкім менің алдыма шықпасын»-** деді.

Сосын күтіп тұрған Әзірейіл алейһиссаламнан **«Йа Әзірейіл! Қонақ ретінде келдің бе, әлде рухымды алуға ма?»** деп сұрағанда Әзірейіл алейһиссалам «Әрі қонақ ретінде, әрі тапсырмамен келдім. Аллаһу та'ала маған сізге рұқсатпен келуді бұйырды. Рухыңызды тек сіздің рұқсатыңызбен аламын. Йа Расулаллаһ! Рұқсат етсеңіз бұйрығыңызды орындап, рухыңызды аламын. Болмаса кері қайтып, Раббыма барамын»,- деді.

Пайғамбарымыз: **«Йа Әзірейіл! Жәбрейілді қайда қалдырдың?»,**- деді. «Жәбрейілді дүние аспанында қалдырдым. Періштелер оған сіз үшін көңіл айтуда»,- деді. Осылай сөйлесіп тұрғанда Жәбрейіл алейһиссалам жетіп келді. Пайғамбарымыз: **«Ей бауырым Жәбрейіл! Енді дүниеден кететін уақыт келді. Аллаһу та'аланың құзырында мен үшін не дайындап қойылған? Маған соны сүйіншілеп айт, көңілім жайланып, қуанышпен аманатты иесіне тапсырайын»-** деді. Жәбрейіл алейһиссалам: «Ей Аллаһу та'аланың сүйіктісі! Мен көктің есігін ашып кеттім. Періштелер сапқа тізіліп сіздің рухыңызды сүйіспеншілікпен күтуде»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Әлхамдулиллаһ. Мадақ Аллаһу та'алаға тән. Сен маған сүйінші бер! Раббымның алдында мен үшін не бар?»**,- деді. Жәбрейіл алейһиссалам «Йа Расулаллаһ! Сіз баратын болғандықтан жұмақ есіктері ашылған, жұмақтың өзендері аққан, жұмақтың ағаштары иілген, хор қыздары сәнденген»,- деді.

Пайғамбарымыз тағы да **«Мадақ Аллаһу та'алаға тән. Сен маған басқа сүйінші бер, йа Жәбрейіл»,**- деді. Жәбрейіл алейһиссалам «Йа Расулаллаһ! Сіз қиямет күні алғаш шапағат ететін және алғаш шапағаты қабыл болатын адамсыз»- деді. Пайғамбарымыз тағы да **«Әлхамдулиллаһ. Мадақ Аллаһу та'алаға тән. Йа Жәбрейіл! Маған басқа сүйінші айт»** дегенде, Жәбрейіл алейһиссалам: «Йа Расулаллаһ! Сіз нені сұрап тұрсыз?»- деді. Сонда пайғамбарымыз: **«Менің бар уайымым мен қайғым менің артымда қалған үмметім»-** деді. Хазреті Жәбрейіл: «Ей Аллаһу та'аланың Хабибі! Аллаһу та'ала қиямет күні Сіз разы болғанға дейін үмметіңізді кешіреді. Барлық пайғамбарлардан бұрын Сізді, барлық үмметтерден бұрын Сіздің үмметіңізді жұмаққа жібереді»,- деді. Пайғамбарымыз Жәбрейіл алейһиссаламға **«Аллаһу та'аланың құзырында үш мұратым бар: Бірі, үмметімнің күнәһарларына мені шапағатшы етуі; екіншісі, дүниеде жасаған күнәларына байланысты оларды азаптамауы; үшіншісі, бейсенбі және дүйсенбі күндері үмметімнің амалдарының маған білдірілуі.»** ("Егер амалдары жақсы болса, оларға дұға етемін, Аллаһу та'ала қабыл етеді. Жаман болса, шапағат етіп, амал дәптерлерінен өшірілуін сұраймын"-деді.) Жәбрейіл алейһиссалам Аллаһу та'аладан осы үш тілегінің де қабыл болғандығы туралы хабар жеткізді. Осыдан кейін пайғамбарымыздың көңілі жайланды.

Аллаһу та'ала: **«Ей хабибім! Үмметіңе осыншалықты сүйіспеншілік танытып, шапағат жасауды жүрегіңе кім салды?»-** деп уахи етті. Пайғамбарымыз: **«Мені жаратып, тәрбиелеген Раббым та'ала»-** деп жауап берді. Хақ та'ала: **«Сенің үмметіңе менің рақымым, мейірімім сеніңкінен мың есе артық. Оларды маған тапсыр»-** деді. Сонда пайғамбарымыз: **«Енді көңілім орнықты. Ей Әзірейіл! Саған бұйырылған міндетіңді орында»-** деді.

Әзірейіл алейһиссалам міндетін орындау үшін пайғамбарымызға жақындады. Пайғамбарымыз қасындағы су ыдысына екі қолын батырып, су қолымен бетін сүртіп, **«Лә илаһә иллаллаһ! Ей Аллаһым! Рәфиқ-и Ала!...»,**- деді. Әзірейіл алейһиссалам пайғамбарымыздың рухын ала бастады. Пайғамбарымыздың жүзі бір қызарып, бір сарғайды. Әзірейіл алейһиссаламға **«Үмметімнің жанын да осылай қинап, зорлықпен аласың ба?»** дегенде ол «Йа Расулаллаһ! Ешкімнің жанын бұлай оңай алған емеспін»- деді. Соңғы сәтте де үмметін есінен шығармаған Расулуллаһ **«Ей Әзірейіл!**

Үмметіме жасайтын қаталдығыңды маған жаса! Өйткені, олар әлсіз, шыдай алмайды...»,- деді. Сосын **«Лә илаһә иллаллаһ! Рәфиқ-и Ала!»**,- деді. Оның мүбәрәк рухы алынып, алә-и иллиинге жеткізілді...

(Әссалату уәссәләму аләйкә йа Расулаллаһ!
Әссалату уәссәләму аләйкә йа Хабибаллаһ!
Әссалату уәссәләму аләйкә йа Сәйидәл әууәлинә уәл-ахирин!
Шафаат йа Расулаллаһ! Дахыйләк йа Расулаллаһ!)

Жәбрейіл алейһиссалам пайғамбарымызға «Әссәләму алейкум ей Аллаһу та'аланың Расулы! Менің мақсатым, талабым сіз едіңіз. Енді жер бетіне келмеймін» деп қоштасты.

Пайғамбарымыздың мүбәрәк рухы жоғары әлемге кеткенде хазреті Фатима анамыз бен пайғамбарымыздың әйелдері (радиаллаһу анһуннә) дауыстарын шығарып жылай бастады.

Бір кезде ғайыптан бір дауыс келіп:

«Әссәләму алейкум йа Әһли бәйт! Уә рахматуллаһи уә бәрәкәтуһу» деп сәлем берді де **«Біліңдер, барлық жанды нәрсе өледі. Және қиямет күні сендерге ақыларың толығымен беріледі»** деген мағынадағы «Али Имран» сүресінің 185-ші аятын оқыды. Сосын оларға «Аллаһу та'аланың жақсылықтарына, сыйларына сеніңдер. Содан үміт күтіңдер. Қатты дауыстамаңдар. Негізгі қиындыққа ұшыраған адам – сауаптан махрұм қалған адам» деп жұбату айтты.

Бұл сөздерді сол жердегілердің барлығы естіп, сәлемге жауап қайтарды. Бұларды айтқан Хызыр алейһиссалам еді.

Пайғамбарымыздан өлім белгілері байқалғаннан кейін Үммү Әймән (радиаллаһу анһа) баласы Усамаға хабар жіберді. Усамә, хазреті Омар және Әбу Убайдә (радиаллаһу анһум) бұл хабарды алғаннан кейін әскерден шығып, Нәбәуи мешітіне келді. Хазреті Айша мен басқа әйелдердің жылап отырғанын көріп, сахабалар абдырап, не болғанын түсінбей қалды. Хазреті Әли бір орында сілейіп тұрып қалды. Хазреті Османның тілі тұтылды. Хазреті Әбу Бәкір ол кезде үйінде болатын. Жүгіріп келді. Дереу ішке кірді. Пайғамбарымыздың бетін ашты. Қайтыс болғанын көрді. Оның денесі, жүзі, барлық жері нұрдай жарқырап жатқан еді. «Өліміңіз де, өміріңіз де қандай көркем еді, йа Расулаллаһ» деп сүйді. Көп

жылады. Мүбәрәк бетін жапты. Үйдегілерге көңіл айтты. Мешіт шәрифке кірді. Мінберге шығып, сахабаларға хұтба оқыды. Аллаһу та'алаға мадақ айтып, пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) салауат айтқаннан кейін «Кім Мұхаммед алейһиссаламға иман келтірген болса білсін, Мұхаммед алейһиссалам қайтыс болды. Кім Аллаһу та'алаға табынатын болса Ол – әрқашан хайй (тірі) және бақи (мәңгілік, өлмейді)»,- деді де **«Мұхаммед алейһиссалам – расул. Одан бұрын да расулдар келген. Ол да қайтыс болады. Ол қайтыс болса немесе өлтірілсе, діндеріңнен шығасыңдар ма? Егер дінінен шығатын адам бар болса, ол Аллаһу та'алаға зиян келтірмейді. Өзіне зиян келтіреді. Дінінен шықпағандарға Аллаһу та'ала сауаптар береді»** деген мағынадағы «Али Имран» сүресінің 144-ші аятын оқыды. Сахабаларға насихат айтып, сахабаларды тыныштандырды. Осылайша, барлығы Расулуллаһтың қайтыс болғанына көз жеткізді. Сахабалардың жүрегіне қайғы мен қасірет қанжардай қадалды. Барлығы көз жастарына ерік беріп, егіле жылады.

Сахабалар ең алдымен барлық істерді басқару үшін хазреті Әбу Бәкірді халифа етіп сайлады. Оған ант беріп, бағынып, оның бұйрығы бойынша әрекет ете бастады.

Расулуллаһ хижреттің он бірінші жылында (м.632) рәбиул-әууәл айының 12-сінде дүйсенбі күні сәскеде ахиретке көшті. Ол кезде қамари жыл санауы бойынша 63, шәмси жыл санауы бойынша 61 жаста болатын.

Пайғамбарымызды хазреті Әли, хазреті Аббас, хазреті Фадл бин Аббас, хазреті Құсәм бин Аббас, хазреті Усамә бин Зәйд, хазреті Салих жуындырды. Жуындырған кезде денесінен керемет хош иіс шығып тұрды. Одан соң кебіндеді. Бір төсекке жатқызылып, мешітке апарылды. Пайғамбарымыздың өзі айтқанындай барлық адам мешіттен сыртқа шықты. Періштелер бөлек-бөлек келіп, жаназа намазын оқыды. Періштелер біткеннен кейін белгісіз бір дауыс «Кіріңдер, пайғамбарларыңның жаназасын оқыңдар»,- деді. Сахабалар топ-топ болып ішке кіріп, Расулуллаһтың жаназасын имамсыз оқыды. Адамның көптігінен жаназа намаздары сәрсенбі күні кеш қарайғанда әрең бітті.

Сахабалар пайғамбарымыздың қабірінің қазылуы мәселесінде хазреті Әбу Бәкір ескерткен мына хадис шәрифті негізге алды: **«Пайғамбарлар рухтарын тапсырған жерге жерленеді»**. Әбу Талха

Әнсаридің (радиаллаһу анһ) мазар түрінде қазған қабіріне сәрсенбі күні түннің ортасында жерленді. Хазреті Аббастың баласы Құсәм (радиаллаһу анһ) қабірдегі қызметті бітіріп, ең соңынан шыққан еді. Ол былай деді: «Расулуллаһтың жүзін ең соңғы рет көрген адам – менмін. Оның еріндері қимылдап жатқан еді. Оған иіліп, құлақ тостым. Ол **«Йа Раббым! Үмметім!... Йа Раббым! Үмметім!...»** деп жалбарынып жатқан еді».

Сүйікті пайғамбарымыз ахиретке көшкен күні Абдуллаһ бин Зәйд хазреттері «Йа Раббым! Маған мына екі көзім тек Сенің Хабибіңнің нұрлы жүзіне қарау үшін ғана керек болатын. Енді Ол арамыздан кетті. Бізге көрінбейтін болғаннан кейін енді көздердің маған қажеті жоқ. Йа Раббым! Көзімді ала гөр.» деп дұға етті. Көздері көрмей қалды...

Діннен шығу әрекеттері

Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін діннен шығу әрекеттері басталды. Бұл әрекеттер кең өріс ала бастады. Олармен күресуге хазреті Әбу Бәкір үлкен үлес қосты. Егер осындай табанды адам болмағанда қауіп бүкіл Арабстанға таралар еді. Сондықтан да хазреті Айша: **«Расулуллаһтың рухы алынғаннан кейін арабтар діннен шықты. Алауыздық өршіді. Әкемнің мойынына түскен жүк тауларға түскенде оларды ұсақтатып жіберетіні ақиқат еді»-** деген.

Хазреті Әбу Хурайра да: «Егер Әбу Бәкір болмағанда Мұхаммед алейһиссалам қайтыс болғаннан кейін Оның үмметі құритын еді» деген. Ол тағы: «Өзінен басқа илаһ болмаған Аллаһқа ант етемін, Әбу Бәкір халифалықты өз мойнына алмағанда Аллаһқа ғибадат ететін адам қалмас еді» деп, осы сөзін үш рет қайталаған еді.

Әбу Рәжаул Утариди айтады: «Мәдинаға кірген кезде адамдардың жиналғанын және бір адамның «Мен саған құрбан болайын. Уаллаһи, сен болмағанда біз құритын едік» деп екінші бір адамның басын сүйгенін көрдім.

«Бұл екеуі кім?»- деп сұрадым. «Мүртәдтермен соғысқаны үшін Әбу Бәкірдің басын Омар сүйіп жатыр» десті».

Хазреті Айша былай дейді: «Әкем арабтар дінінен шығып жатқанда қылышын суырып, түйесіне мінген кезде хазреті Әли түйенің ноқтасынан ұстап: **«Сізге Расулуллаһтың Ухуд соғысында**

айтқан сөздерін айтамын: Қылышыңызды қынабына салыңыз, өзіңізді қауіпті іске тастап, бізді қиын жағдайда қалдырмаңыз. Уаллаһи, сіздің басыңызға бір қауіп келетін болса, сізден кейін енді Ислам түзелмейді»- деді». (Егер хазреті Әли, хазреті Әбу Бәкірдің халифа болғанына қарсы болғанда оның шайқасуға барып өлгенін қалар еді. Осылайша, халифалық үшін өзіне жол ашылар еді).

Тағы да хазреті Айша былай дейді: «Расулуллаһ қайтыс болғаннан кейін араб тайпаларының көбі діндерінен шықты, мүртәд болды. Араптар арасында яһудилік, христиандық және мұнафиқтық өрши бастады.

Мұсылмандар қыс түнінде жаңбыр астында қалған қойларға ұқсап, ыдырай бастады. Тіпті, сол кездерде меккеліктердің көбісі Исламнан шығуға дайындалды. Хазреті Сухәйл бин Амр Қағбаның есігінің алдында тұрып меккеліктерге әсерлі сөздер айтып, діннен шығуларының алдын алды.

Ислам тарихында дінді жоққа шығару, діннен шығу мағыналарына келетін «иртижа», кері қайтушы мағынасын беретін «мүртәжи» сөздері осы оқиғадан кейін қолданыла бастады.

Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін мұнафиқтардың, яһудилердің және христиандардың арандатып, азғыруымен адамдар топ-топ болып діндерінен шыға бастады.

Хазреті Сухәйл бин Амр Қағбаның есігінің алдында тұрып, меккеліктерге былай деді:

«Ей, меккеліктер! Сендер мұсылман болғандардың соңғысы болдыңдар. Енді діннен қайтқандардың, Исламнан шыққандардың да алғашқысы болып жүрмеңдер, тағы! Уаллаһи, Расулуллаһтың айтқанындай Аллаһ бұл Ислам нығметін бәрібір тамамдайды. Мен Оның осы мен тұрған жерде тұрып **«Менімен бірге "Лә иләһә иллаллаһ" деңдер, сендерге қарап араптар дінге кіріп, араб еместер сендерге жизийа төлесін. Уаллаһи, Кисраның және Кайсәрдің қазыналары Аллаһ жолында жұмсалады»** дегенін естігенмін. Сол кезде пайғамбарымызды мазақ еткендердің кейіннен мұсылман болып, зекет пен садақа жинаушы болғандарын көрдіңдер. Уаллаһи, қалғандары да осылайша жолға келеді. Уаллаһи, мен мына нәрсені нақты білемін: төбеміздегі күн шығып-батқанша бұл діннің үкімдері әлемде үстемдігін мүлдем жоғалтпайды. Араларыңдағы ана адамдар сендерді алдамасын. Мен білетін осы ақиқатты ол адамдар

да біледі. Бірақ, олардың Хашим ұлдарына деген қызғанышы жүректерін ақиқат кірмейтіндей етіп, мөрлеп тастаған.

Ей, адамдар! Мен Құрайыш тайпасының құрлық пен теңізде көлігі ең көп адамымын. Сендер имандарыңды сақтап, әмірлеріңе (басшыларыңа) бағыныңдар және оған зекеттеріңді төлеңдер.

Егер мына Ислам діні мен айтқандай соңына дейін жалғаспаса мен сендердің зекеттеріңді қайтарып беруге кепілмін» деп, жылады.

Осыдан кейін халық басылды.

Хазреті Сухәйл бин Амр әсерлі сөздерімен меккеліктерді діннен шығудан бас тартқызғаннан кейін Мекке билеушісі Аттаб бин Әсид ортаға шықты.

Хазреті Сухәйл бин Амр Бәдір соғысына мүшріктермен бірге қатысып, тұтқынға түскенде пайғамбарымыздың хазреті Омарға ол туралы **«Бір күні сен сын айта алмайтын бір жерге шығып тұрып, халыққа сөз арнауы да үміт етіледі мына кісіден»** деуі оның осы сөзі екеніне белгі береді.

Хазреті Омар да Сухәйлдің (радиаллаһу анһ) сөзін естіген кезде пайғамбарымыздың ол туралы айтқанын есіне түсіріп, ішінде Расулуллаһқа **«Мен куәлік етемін, сіз нағыз хақ пайғамбар едіңіз»** деген.

ҚАБІР ӨМІРІ

Қабірінде тірі болуы

Пайғамбарлар біз білмейтін бір өмірмен қабірлерінде тірі болады. Әулиелер мен шәһидтер де тірі болады. Тірі болулары тек сөз жүзінде емес, шынайы түрде іс жүзінде. «Али Имран» сүресінің 169-шы аятында: **«Аллаһу та'аланың жолында өлтірілгендерді өлді деп санамаңдар. Олар Раббыларының жанында тірі. Ризықтандырылуда»** делінген.

Бұл аят кәримә шәһидтердің тірі екендігін көрсетуде. Пайғамбарлар шәһидтерден де ілгері және жоғары тұрады. Ислам ғалымдарының айтулары бойынша, әрбір пайғамбар шәһид болып өледі. Расулуллаһ алейһиссалам соңғы ауырғанында: **«Хайбәрде жеген тамағымның уын тамырларымда сезіп тұрмын»** деген. Бұл хадис шәриф Расулуллаһтың шәһид болғанын білдіреді.

Сондықтан пайғамбарымыздың барлық шәһидтер сияқты қабірінде тірі екендігі осы жерден де аңғарылады. **«Бұхари»** және **«Мүслимде»** білдірілген хадис шәрифте: **«Миғраж түнінде Мұсаның** (алейһиссалам) **қабірінің жанынан өткізілдім. Мазарында намаз оқып тұр еді»** делінген.

Тағы бір хадис шәрифте: **«Аллаһу та'ала топыраққа пайғамбарларды шірітуін харам еткен»** делінген. Мұның дұрыс екенін ғалымдар бірауыздан білдірген. **«Бұхари»** мен **«Мүслимде» «Аллаһу та'ала Миғраж түнінде барлық пайғамбарларды пайғамбарымыздың жанына жіберді. Расулуллаһ оларға имам болып екі рәкат намаз оқытты»** деп жазылған.

Намаз рүку мен сәжде жасау арқылы жүзеге асырылады. Бұл хабар олардың тірі болып, денемен намаз оқығандығын көрсетеді. Мұса алейһиссаламның қабірінде намаз оқуы да осыны көрсетеді. **«Мишқат»** кітабының соңғы томында Миғраж бөлімінің бірінші тарауының соңында **Мүслим**нен алып Әбу Хурайраның (радиаллаһу анһ) көрсеткен бір хадис шәрифінде: **«Аллаһу та'ала маған көрсетті. Мұса** (алейһиссалам) **түрегеп тұрып намаз оқып тұрды. Арық болатын. Шашы жалбыраған және шашыраңқы емес еді. Шәнъә тайпасының жігіттеріне ұқсайтын еді. Иса** (алейһиссалам) **Уруә бин Мәсуд Сәқафиге ұқсайтын»** делінген.

Шәнъә Йемендегі екі тайпаның аты. Бұл хадис шәрифтер пайғамбарлардың Раббыларының қасында тірі екендіктерін көрсетеді. Олардың денелері рухтары сияқты нәзік болған. Бітімдері қатты болмағандықтан материя және рух әлемінде көріне алады.

Сондықтан да пайғамбарлар рухтары және денелерімен көрінеді. Хадис шәрифте Мұса мен Иса алейһиссаламның намаз оқығандықтары білдірілген. Намаз оқу дегеніміз - әр түрлі әрекеттер жасау деген сөз. Бұл әрекеттер денемен жасалады. Рухпен жасалмайды. Мұса алейһиссаламды **«Орта бойлы, арық, шаштарын жинақы күйінде көрдім»** деп айтуы рухын емес, денесін көргенін көрсетеді.

Имам Бәйһақи былай дейді: «Пайғамбарлар қабірге қойылғаннан кейін рухы денесіне қайтарылады. Біз оларды көре алмаймыз. Олар періштелер сияқты көрінбейтін кейіпке енеді. Тек Аллаһу та'аланың керемет ретінде бұйыртқан, таңдалған адамдары ғана көре алады». Имам Суюти де осылай деген.

Көптеген адамдар (Расулуллаһтың қабіріне) сәлем бергенде қабірден жауап қайтарылғанын естіген. Басқа қабірлерден де сәлемдерге жауап берілгендігі естілген.

Хадис шәрифте де **«Маған сәлем берілгенде Аллаһу та'ала рухымды кері қайтарады, оған жауап беремін»** делінген.

Имам Суюти былай дейді: «Расулуллаһ Аллаһтың дидарын көру сезіміне берілгендіктен денесіндегі сезімдерді ұмытқан. Бір мұсылман сәлем бергенде рухы бұл халден шығып, денелік сезімдеріне ие болады. Дүниеде осындайлар да аз емес. Бір дүниелік немесе ахиреттік іс туралы қатты ойланғанда адам қасындағының сөзін естімей қалады. Аллаһтың дидарына берілген адам басқалардың дауыстарын есіте ала ма?»

Қазы Ияд (Аяз) хазреттері **«Шифа»** кітабында Сүлейман бин Сухаймнан алған риуаятында: «Бір түні түсімде пайғамбарымызды көрдім. «Йа Расулаллаһ! Сізге келіп сәлем бергендердің сәлемін білесіз бе?»- деп сұрадым. **«Иә, білемін және олардың сәлемдеріне жауап беремін»,-** деді» делінген.

Пайғамбарлардың қабірлерінде тірі екендіктерін білдіретін хадис шәрифтер өте көп, олар бір-бірін қуаттайды. Мысалы: **«Қабірімнің қасында мен үшін оқылған салауатты естимін. Алыс жерде оқылғандар маған білдіріледі»** делінген. Бұл хадис шәрифті Әбу Бәкір бин Әбу Шәйба білдірген. Және осы сияқты хадис шәрифтер алты ұлы хадис имамының кітаптарында кездеседі.

Хазреті Абдуллаһ бин Аббастан Ибни Әбуд-дунияның жеткізген хадис шәрифінде: **«Кімде-кім танысының қабіріне тоқтап сәлем берсе, мәйіт оны танып, жауап береді. Танымайтын мәйітке сәлем берсе, мәйіт қуанады және жауап береді»** делінген.

Әлемнің барлық елдерінде бір уақытта салауат айтып, сәлем берген адамдардың барлығына Расулуллаһ қалай жеке-жеке жауап береді деген сұраққа, түскі уақытта күннің бір сәтте мыңдаған қалаға сәуле шашқаны сияқты деп жауап берілген.

Ибраһим бин Бишар хазреттері: «Қажылықтан кейін пайғамбарымыздың қабірін зиярат етуге Мәдинаға бардым. Қабірдің алдында сәлем бердім. Уә алайкәссәлам деген жауап естідім» деген.

Расулуллаһ: **«Мен қайтыс болғаннан кейін де дәл тірі кезімдегідей барлық нәрселерді біліп-түсініп тұрамын»** деген. Тағы бір хадис шәрифте: **«Пайғамбарлар қабірлерінде тірі болып, намаз оқиды»** делінген.

Ұлы әулие Сәйид Ахмет Рифаидің және бірнеше әулиелердің Расулуллаһқа берген сәлемдеріне жауап алғандықтарын және Ахмет Рифаидің Расулуллаһтың қолын сүю абыройына да қауышқаны туралы көптеген сахих кітаптарда жазылған.

Имам Суюти өзінің кітабында: «Жоғары дәрежедегі әулиелер пайғамбарларды құдды олар өлмегендей өмірдегі адам сияқты көреді. Пайғамбарымыздың Мұса алейһиссаламды мазарында тірі көруі мұғжиза еді. Әулиелердің де осылай көруі керемет болып табылады. Кереметке сенбеу надандықтан келіп шығады» деген.

Ибн Хиббан, Ибн Мажә және Әбу Дауд білдірген хадис шәрифте: **«Жұма күндері маған көп салауат оқыңдар. Олар маған білдіріледі»** делінген.

«Өлгеннен кейін де білдіріле ме?» дегендерге жауап ретінде:

«Топырақ пайғамбарлардың денесін шірітпейді. Бір мүмин маған салауат оқыған кезде бір періште маған үмметіңнен пәленшенің баласы пәленше сағаң сәлем айтты және дұға етті деп хабарлайды» делінген.

Пайғамбарымыз алейһиссалам тірі кезінде Аллаһу та'аланың сахабаларға жіберген нығметі, рақымдылығы болса, қайтыс болғаннан кейін де үмметі үшін үлкен нығмет болып қала береді. Қаншама жақсылықтардың жаратылып үмметіне берілуіне себепші болады.

Бәкир бин Абдуллаһ Музәнидің жеткізген хадис шәрифінде расулуллаһ: **«Менің тірі болып мына өмірде араларыңда жүруім сендер үшін қайырлы. Өйткені сендер іштегі ойларыңды маған айтасыңдар. Мен де сендерге айтамын. Қайтыс болғаннан кейін өлімім де сендер үшін дәл осындай қайырлы болмақ. Себебі, мен кеткеннен кейін істеген амалдарың маған көрсетіледі. Жақсы істеріңді көргенімде Аллаһу та'алаға шүкіршілік етемін. Жаман істеріңді көргенімде сендер үшін кешірім тілеймін»** деген.

Қусәм бин Аббас хазреттері Расулуллаһты жерлеу ісіне қатысқан еді. Қабірдегі іс біткеннен кейін ең соңынан сол шықты. Ол: **«Расулуллаһтың жүзін ең соңғы көрген адам менмін. Қабірінде мүбәрәк еріндері жыбырлап жатты. Оған еңкейіп құлақ салдым.** «Йа Раббым! Үмметім!... Йа Раббым! Үмметім!...» **деп жатқан еді»**,- деді.

Пайғамбарымызды көру

Ұйықтап жатқанда және ояу жүргенде Расулуллаһ алейһиссалам көрінуі мүмкін бе? Көрінетін болса, көрінетін өзі ме немесе соған ұқсайтын басқа адам ба? Ғалымдарымыз бұған әр түрлі жауап берген.

Олар Расулуллаһтың қабірде тірі екендігін бірауыздан айтқаннан кейін, оның көрінетіндігін де айтқан. Бұлай екені хадис шәрифтерден де аңғарылады. Бір хадис шәрифте: **«Мені түсінде көрген адам ояу кезінде көргендей болады»** делінген.

Сондықтан да Имам Нәуәуи: «Оны түсінде көру – Оның өзін көру»,- деді. Хадис шәрифте: **«Мені түсінде көрген адам дұрыс көрген. Өйткені, шайтан менің кейіпіме ене алмайды»** делінген.

Ибраһим Ләкани хазреттері былай дейді: «Хадис ғалымдары Расулуллаһтың түстегі сияқты ояу кезде де көрінетінін бірауыздан білдірген. Екі жағдайға да бірнеше мысал келтіруге болады:

Муинуддин Чәшти хазреттері барған елдерінде қабірлерді зиярат етіп, сол жерде біраз болатын. Барған жерінде танымал болып, атағы таралғаннан кейін ешкімге білдірместен жасырын түрде ол жерден кетіп қалатын. Осындай саяхаттарының бірі Мекке сапары еді. Меккеге барып, Қағбаны зиярат етті. Біраз уақыт Меккеде болып, ол жерден Мәдина-и Мунаууараға барды. Пайғамбарымыздың қабірін зиярат еткен күні оның кесенесінен **«Муинуддинді шақырыңдар»** деген дауыс естілді.

Бұл дауысты естіген шырақшы «Муинуддин» деп айқайлады. Бірнеше жерден «Ләббәй, мырзам» деген дауыс естілді. Сосын зияратшылар «Қай Муинуддинді сұрап тұрсыз, бұл жерде Муинуддин есімді көп адам бар»,- деді.

Осыдан соң шырақшы кері қайтып, Рауда-и мутаххараның есігінің алдына барып тұрды. Екі рет **«Муинуддин Чәштиді шақыр!»** деген дауысты естіді. Шырақшы жамағатқа қарап, «Муинуддин Чәштиді сұрайды» деп айқайлады.

Муинуддин Чәшти хазреттері бұл сөздерді естіп, басқаша халге түсті. Жылап, көз жасын төгіп, салауат оқып, пайғамбарымыздың қабіріне жақындап, әдеппен тұрды. Осы кезде **«Ей, Қутб-ул-мәшаих! Ішке кір»** деген дауысты естіді.

Пайғамбарымыз: **«Сен менің дініме қызмет етушісің. Сенің Үндістанға баруың керек. Үндістанға бар. Сол жерде Әжмир деген қала бар. Сол жерде менің немерем** (ұрпағымнан) **Сәйид Хусейн деген адам бар. Ол жерге жиһад ниетімен кеткен болатын. Ол қазір шәһид болды. Әжмир кәпірдің қолына түсейін деп тұр. Сенің сол жерге баруыңның берекесімен ол аймаққа Ислам тарайды және кәпірлер құрып, күшсіз және ықпалсыз қалады»**,- деді. Сосын Муинуддин хазреттеріне бір анар беріп, **«Мына анарға мұқият қарап, қайда баратыныңды көріп ал»**,- деді.

Муинуддин Чәшти пайғамбарымыздың берген анарын алып қарады, шығыс пен батыстың арасын толық көрді.

Ахмет Руфаи хазреттері қажылыққа барған еді. Қайтарында Мәдина-и Мунаууарада пайғамбарымыздың мүбәрәк қабіріне барып, мынадай өлең жолдарын айтты:

«Алыс едік, топырағыңызды
Сүю үшін ей Мырзам.
Келе алмай, өз орнына
Рухымды жіберуші ем.
Енді сізді зиярат ету
Ниғметі болды нәсіп.
Қолыңызды берсеңіз,
Бір сүйейін, ей Хабиб!»

Өлеңді айтып болғанында пайғамбарымыздың қабірінен мүбәрәк қолдары көрінді. Сәйид Ахмет Руфаи иіліп, құрметпен

пайғамбарымыздың қолын сүйді. Сол жердегі адамдардың барлығы бұл оқиғаны таңданыспен көрді.

Пайғамбарымыздың мүбәрәк қолдарын сүйгеннен кейін Рауда-и мутаххараның есігінің табалдырығына жатты. Жылап, сол жердегі жамағатқа «Мені басып өтіңдер» деп жалынды. Ғалымдар басқа есіктерден шығуға мәжбүр болды. Осы керемет ауыздан-ауызға өтіп, бізге дейін келіп жеткен.

Ибн Абидин хазреттерінің дінге бағынудағы ғажайып халдері, кереметтері мен аңыздары өте көп. Бұл ғалым бес уақыт намазда әттахиятты оқыған кезінде Расулуллаһты өз көзімен көретін. Көрмеген жағдайда «намазым дұрыс болмады» деп, сол намазды қайтадан оқитын.

Ислам ғалымдарынан екінші мың жылдықтың мүжәддиді Имам Раббани Ахмед Фаруқи Сәрхәнди былай дейді: «Рамазанның соңғы он күнінің бірінде төсегімде жатқан едім. Көзімді жұмып жаттым. Төсегіме біреудің келіп отырғанын сездім. Көзімді ашқанда пайғамбарымызды көрдім.

Ол: **«Саған иджазат жазуға** (диплом жазу, бата беру) **келдім. Ешкімге мұндай иджазат жазған емеспін»**,- деді. Қарасам оның мәтінінде осы дүниеге тән ілтипаттар, артында о дүниеге тән береке жазылған еді».

Абдулқадир Гейлани **«Ғунйа»** кітабында Ибраһим Тәмимиден алып былай дейді: Хызыр алейһиссалам маған «Егер түсіңде Расулуллаһты көргің келсе, ақшам намазын оқығаннан кейін тұрып әууабин намазын оқисың, құптанға дейін ешкіммен сөйлеспейсің. Әр екі рәкатта бір сәлем бересің. Әр рәкатта бір Фатиха сүресін және жеті рет Ихлас сүресін оқисың. Құптан намазын жамағатпен оқығаннан кейін үйіңе барып, үтірді оқисың. Ұйқыға жатарда да екі рәкат намаз оқып, әр рәкатта Фатихадан кейін Ихлас сүресін жеті рет оқисың. Намаздан кейін сәжде жасап, жеті рет Аллаһу та'алаға истиғфар айтып, жеті рет «Субханаллаһи уәлхамдулилләһи уәлә қууата иллә билләһил алийил азыйм» дейсің. Сосын басыңды сәждеден көтеріп, отырып, қолдарын жайып, «Йа хайю, йа қайюм, йа зәл жәлали уәл икрам, йа илаһәл әууәлинә уәл ахирин уә йа Рахман-әд-дуния уәл ахирати уә рахимәһума, йа Рабби, йа Рабби, йа Рабби, йа Аллаһ, йа Аллаһ, йа Аллаһ» дейсің. Сосын орныңнан тұрып, сол дұғаны қайта оқисың. Сосын сәждеге барып осы дұғаны тағы оқисың. Сосын басыңды сәждеден көтеріп, қыблаға қарап қалаған қалпыңда жатып

ұйықтайсың. Ұйқыға кеткенше пайғамбарымызға салауат айтасың»- деді.

Мен «Бұл дұғаны саған үйреткен адамды маған білдір»,- дедім. Хазреті Хызыр: «Маған сенбейсің бе?»,- деді. «Мұхаммед алейһиссаламды хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етемін, саған сенемін»,- дедім.

Хызыр алейһиссалам: «Мен Расулуллаһтың бұл дұғаны үйреткен және өсиет еткен кездегі сұхбатына қатысқанмын. Бұл дұғаны оның үйреткен адамынан үйреніп алдым»- деді.

Мен Хызыр алейһиссаламның айтқанындай етіп істедім. Төсегімде жатып пайғамбарымызға салауат айта бастадым. Пайғамбарымызды көремін деген қуаныштан ұйқым ашылып, таңға дейін ұйықтай алмадым.

Бамдат намазын оқып, күн көтерілгенше отырдым. Дуһа (сәске) намазын оқыдым. Өз-өзіме «Кешке жетсем кеше жасағанымды тағы жасаймын»,- дедім. Сол кезде ұйықтап қалыппын. Түсімде періштелер келіп, мені жаннатқа алып барды. Ол жерде жақұт, асыл тастар мен інжулерден жасалған үйлер мен сарайлар, бал, сүт және жаннат сусындарынан өзендер көрдім.

Мені жаннатқа апарған періштелерден «Мына үй кімге?»- деп сұрадым. Періштелер «Сен істеген амалды істегендерге»,- деді. Жаннаттың тағамдарынан жегізіп, сусындарынан ішірмейінше мені ол жерден шығармады. Сосын мені жаннаттан шығарып, баяғы орнына алып келді.

Сосын пайғамбарымыз алейһиссалам қасына жетпіс пайғамбар және әр сапы батыс пен шығыстың арасындай болған жетпіс сап періштелермен келіп, маған сәлем беріп, қолымнан ұстады. Осы кезде мен «Йа, Расулаллаһ! Хызыр алейһиссалам мына хадис шәрифті сізден естігенін айтты»,- дедім. Пайғамбарымыз: **«Хызыр дұрыс айтыпты. Айтқандары рас. Хызыр жер бетіндегілердің ең ғалымы. Дәруіштердің басшысы. Жер бетіндегі Аллаһ әскерлерінің бірі»,-** деді.

Мен: «Йа Расулаллаһ! Мен орындаған амалды орындаған адамға менің көргенімнен басқа нәрсе көрсетіле ме?»,- дедім. **«Сенің көргеніңнен артық не болуы мүмкін? Сен жаннаттағы орның мен мақамыңды көрдің. Жаннаттың жемістерінен жеп, сусындарынан іштің. Менімен бірге періштелер мен пайғамбарларды көрдің. Хор қызыңды көрдің»**,- деді.

«Йа Расулаллаһ! Мен орындаған амалды орындап, түсінде менің көргенімді көрмеген адамға маған ихсан болған нәрселер беріле ме?»,- дедім. **«Мені хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етемін, ол адамның істеген үлкен күнәлары кешіріледі. Аллаһу та'аланың ол адамға деген ашуы басылады. Мені хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етемін, бұл амалды істеген адам түсінде сенің көргеніңді көрмесе де саған берілгендер оған да беріледі. Көктен бір дауыс Аллаһу та'ала бұл істі істеген адамды және шығыстан батысқа дейінгі Мұхаммед алейһиссаламның үмметін кешірді деген дауыс келеді»**- деді.

«Йа Расулаллаһ! Сіздің жамалыңызбен жұмақты көргенімдей ол адамға да осылар нәсіп бола ма?»,- дедім. **«Иә, барлығы да беріледі»**,- деді. «Йа Расулаллаһ! Еркек және әйел, барлық мүминдерге осы дұғаны үйрету және сауабын білдіруге бола ма?» дегенімде **«Мені хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһу та'алаға ант етемін, бұл істі Аллаһу та'аланың бақытты етіп жаратқан адамдарынан басқа адам істемейді»,-** деді.

Түсінде пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның шын жүзін көрген адам оның өзін көрген болып саналады. Өйткені, шайтан оның кейіпіне ене алмайды. Бірақ, шайтан басқа кейіпке кіріп көріне алады. Расулуллаһты танымайтын адамның оны ажырата алуы оңайға соқпайды.

Кейбір ғалымдар: «Пайғамбарымызды әр түрде көру оның өзін көрген болады. Бірақ, бұл ол адамның діндегі нұқсандығының белгісі. Пайғамбарымызды түсінде шын түрімен көрген және мүмин болып қайтыс болған барлық адам жаннатқа барады» деген.

Әбу Хурайра (радиаллаһу анһ) пайғамбарымыздың мынадай хадис шәрифін білдірді: **«Бір адам жұма түнінде екі рәкат намаз оқыса, әр рәкатта Фатиха мен Аятул курсиді бір-бірден, Ихлас сүресін он бес рет оқыса, намаздан кейін мың рет «Аллаһуммә салли ала Мухаммедин нәбии-ул-уммии» десе, келесі жұма келместен мені түсінде көреді. Ол адамның өткен және келешектегі барлық күнәлары кешіріледі. Жаннат мені көргендер үшін дайындалған».**

Пайғамбарымыздың қабірін зиярат ету

Пайғамбарымыз: **«Кімде-кім мен қайтыс болғаннан кейін мені зиярат етсе, мені тірі кезде зиярат еткендей болады»** деген. **«Мират-и Мәдина»** кітабында білдірілген бір хадис шәрифте: **«Қабірімді зиярат еткен адамға шапағат етуім уәжіп болды»-** делінген. Бұл хадис шәрифті Ибн Хузәймә, Бәззар, Дарә Қутни және Табарани жеткізген. Бәззар хазреттерінің білдірген басқа бір хадис шәрифте: **«Қабірімді зиярат еткен адамға шапағатым халал болды»**- делінген.

«Муслим-и шәриф» кітабында және Әбу Бәкір бин Мәккаридың **«Муъжәм»** кітабында білдірілген хадис шәрифте: **«Бір адам мені зиярат етуге келсе және басқа нәрсеге ниеті болмаса, қиямет күні оған шапағат етуіме лайық болады»-** делінген. Бұл хадис Расулуллаһты зиярат ету үшін Мәдинаға барғандарға шапағат ететінін білдіреді.

Дара Қутни жеткізген басқа бір хадис шәрифте: **«Қажылық жасап, мені зиярат етпеген адам мені ренжіткен болады»** делінген. Расулуллаһтың өзін зиярат етуді қалауы үмметінің осы жолдан да сауап алулары үшін.

Сондықтан да фиқһ ғұламаларымыз қажылық міндетін атқарғаннан кейін Мәдинаға барып, пайғамбар мешітінде намаз оқитын. Сосын рауда-и мутаххара мен минбәр-и мунирді және Арши аладан абзал болған қабірін, сосын отырған, жүрген, сүйенген жерлерін, yaһи келгенде таянған тірегі және мешіт салынып жатқанда және жөндеу жүргізілгенде жұмыс істеген және ақша беру құрметіне ие болған сахабалардың, табиинның өткен жерлерін зиярат ететін. Олардан кейін келген ғалымдар мен салихтар да қажылықтан кейін Мәдинаға барып, фиқһ ғалымдарымыздың жасағандарын жасайтын. Қазір де қажылар осыны ұстанып, Мәдинаға зияратқа барады.

Ислам ғалымдарының шырағы - Әбу Ханифа хазреттері «Мүстаһабтардың ең үстемдерінен болған "қабірді зиярат ету ісі" уәжіп дәрежесіне жақын бір ғибадат болып саналады»- деген.

Пайғамбарымыздың қабірін зиярат етуге барған адамның көп салауат айтуы керек. Оқылған бұл салауат пен сәлемдердің пайғамбарымызға жететіні хадис шәрифте білдірілген. Сүйікті пайғамбарымызды зиярат ету әдебі былай түсіндіріледі:

Мәдина қаласы алыстан көрінген кезде салауат пен сәлем айтылады. Сосын *«Аллаһумма һәзә хараму нәбийикә, фәжалһу уиқайәтән ли мин-ән-нар уә әмәнән мин-әл-азаб уә су-ил-хисаб»* деп айтылады. Мүмкіндік болса, қалаға немесе мешітке кірместен бұрын ғұсыл алынады. Хош иіс себінеді. Жаңа, таза киім киіледі. Өйткені, бұлар тағзым мен құрметті білдіреді. Мәдина-и Мунауараға салмақты, қарапайым және үнсіз кіріледі. *«Бисмилләһи уә ала милләти Расулиллаһ»* дегеннен кейін «Исра» сүресінің 80-ші аятын оқу керек. Одан кейін *«Аллаһумма салли ала Мухаммәдин уә ала әли Мухаммәд. Уағфир ли зунуби уәфтах ли әбуабә рахматикә уә фадликә»* деп, масжид-ул-Нәбәуиге кіріледі. Сосын расулуллаһтың мінберінің жанында екі рәкат тахиятул-мәсжид намазын оқу керек, мінбердің тірегі оң иыққа келетіндей болып тұру керек.

Сүйікті пайғамбарымыз осы жерде намаз оқитын. Бұл жер – пайғамбарымыздың қабірі мен мінберінің арасы. Хадис шәрифте: **«Қабірім мен мінберімнің арасы жұмақ бақшаларының бір бақшасы. Мінберім хауызымның үстінде»-** делінген. Сосын зиярат етуші адам Аллаһу та'алаға расулуллаһтың мүбәрәк қабірін зиярат етуді нәсіп еткені үшін сәжде жасауы керек. Дұғадан кейін тұрып, пайғамбарымыздың қабіріне, қабіріндегі бөлмесіне жақындауы тиіс, арқасын қыблаға қаратып Расулуллаһтың жүзіне қарсы қарап екі метр қашықтықта әдеппен тұруы керек. Одан жақын баруға болмайды. Кішіпейілділікпен, басын иіп тұрады. Аллаһу та'аланың Құран кәрімде бұйырғанындай Расулуллаһқа ол тірі болып, соның қасында тұрғандай әдеппен тұру керек. Қолын қабірдің қабырғасына қоймай, алысырақ әдеппен тұру асқан құрметтілікті білдіреді. Намазда тұрғандай тұру керек.

Расулуллаһтың мүбәрәк келбетін көз алдына елестетіп, оның өзін танитынын, сөзін, сәлемін және дұғаларын еститінін, жауап беріп, әмин дейтінін ойлау керек. Пайғамбарымыз: **«Кім маған қабірімде салауат оқыса оны естимін»-** деген. Тағы бір хадис шәрифте расулуллаһтың қабіріне бір періштенің өкіл етіп қалдырылғаны, ол періштенің үмметінен сәлем бергендердің сәлемін оған жеткізетіндігі айтылған. Сосын *«Әссәләму аләйкә йа Сәйиди йа Расулаллаһ! Әссәләму аләйкә йа Нәбиаллаһ! Әссәләму аләйкә йа Сафийаллаһ! Әссәләму аләйкә йа Хабибаллаһ! Әссәләму аләйкә йа Нәбиәррахмати! Әссәләму аләйкә йа Шәфиәл-уммәти! Әссәләму аләйкә йа Сәйид-әл мурсәлин! Әссәләму аләйкә йа Хатәмәннәбиин!*

Аллаһу та'ала сізге ең жоғары сый мен жақсылықтарды ихсан етсін. Мен сіздің пайғамбарлық міндетіңізді атқарғаныңызға куәлік етемін. Аманатты орындадыңыз. Үмметіңізге насихат айттыңыз. Қайтыс болғанға дейін Аллаһу та'аланың жолында жиһад еттіңіз. Аллаһу та'ала сізге қиямет күніне дейін салауат пен сәлем айтсын. Йа Расулаллаһ! Біз сізге өте алыс жерлерден келдік. Сіздің қабіріңізді зиярат ету, сіздің ақыңызды өтеу, сіздің жасағандарыңыздың өз бағасын беру, сізді зиярат ету, сіздің Аллаһу та'аланың құзырында бізге шапағатшы болуыңызды сұрап келдік. Өйткені, қателеріміз басымыздан асады. Күнәларымыз иығымыздан басты. Йа Расулаллаһ! Сіз әрі шапағат етуші, әрі шапағаты қабыл етілген адамсыз. Махмуд мақамы сізге уәде етілген.

Аллаһу та'ала да Құран кәрімде («Ниса» сүресінің 64-ші аятында): **«Біз әрбір пайғамбарды тек Аллаһу та'аланың бұйрығымен** (өзінің қауымы) **оған бағынуы үшін жібердік. Олар зұлымдық жасағаннан кейін келіп, Аллаһу та'аладан кешірім сұрайды. Расулым да олар үшін кешірім тілесе, Аллаһу та'аланы әлбетте тәубелерді қабыл етуші және рақымдылық етуші халінде табады»-** *деген. Біз сіздің дәргейіңізге келдік. Бірақ, біз өзімізге зұлымдық жасадық. Күнәларымыздың кешірілуін сұраймыз.»-* деу керек.

«Йа Расулаллаһ! Аллаһу та'аланың дәргейінде бізге шапағат етіңіз. Йа Расулаллаһ! Аллаһу та'аладан біздің рухымызды сүннетіңіз бойынша алуын, ертең қиямет күнінде сізбен бірге махшар жеріне баратындардың арасына қосуды, сіздің бұлағыңызға барып, содан ішуді нәсіп етуін тілеңіз. Йа Расулаллаһ! Сізден шапағатыңызды сұрап келдік» деп дұға ету керек және **«Ей, Раббымыз! Бізді және бізден бұрынғы иман келтірген бауырларымызды кешіре гөр. Иман еткендерге жүрегімізде ешқандай кек қалдырма. Ей Раббымыз! Шынында, сен шапағат пен рақымдылық иесісің»** деген мағынадағы «Хашр» сүресінің 10-шы аятын оқу керек.

Сосын сәлем айтып жібергендердің сәлемін жеткізіп, *«Әссәләму аләйкә йа Расулаллаһ! Мына адам сіздің Аллаһу та'аланың алдында оған шапағатшы болуыңызды қалайды. Оған және барлық мұсылмандарға шапағат етіңіз»* деу керек және қалағанынша салауат оқуы керек. Сосын жарты метр оң жаққа, Әбу Бәкір Сыддықтың (радиаллаһу анһ) бас жағына барып, *«Әссәләму аләйкә йа халифәтә Расулиллаһ! Әссәләму аләйкә йа рафиқаһу фил-ғаар! Әссәләму*

аләйкә йа әминаһу аләл-әсрар! Аллаһу та'ала осы үмметінің имамы ретінде сізге жоғары дәрежеде сый берсін. Сіз Расулуллаһқа ең жақсы сипатта халифа болдыңыз. Ең жақсы түрде оның сүннетін ұстандыңыз. Мүртәдтермен және тура жолдан тайғандармен күрестіңіз. Әрдайым ақиқатты айттыңыз. Қайтыс болғанға дейін хақ жолындағыларға көмекші болдыңыз. Аллаһу та'аланың сәлемі, рақымы мен берекесі жаусын. Аллаһым! Рақымдылығыңмен, оған деген сүйіспеншілігімізбен рухымызды ал. Оған деген зияратымызды бос қылма» деп дұға ету керек. Сосын тағы жарты метр оңға жылжып, хазреті Омардың қабірінің тұсына тұрып, *«Әссәләму аләйкә йа Әмир-әл муминин. Әссәләму аләйкә йа Музхир-әл Ислам! Әссәләму аләйкә йа Муксир-әл-әснам! Аллаһу та'ала сізге ең жақсы сыйларды берсін. Тірі кезіңізде де, қайтыс болғаннан соң да Ислам мен мұсылмандарға көмек бердіңіз. Жетімдерге кепіл болдыңыз. Туыстарға жақсылық жасадыңыз. Мұсылмандарға олар өзінен разы болған, тура жолды ұстанған және адамдарды тура жолға шақырған жол бастаушы болдыңыз. Олардың мүшкілдерін шештіңіз, істерін реттедіңіз. Кедейлерін байыттыңыз, жараларын таңдыңыз. Сізге Аллаһу та'аланың сәлемі, рақымы мен берекесі жаусын!»-* деу керек.

Сосын хазреті Әбу Бәкір мен Омарға (радиаллаһу анһум) *«Әссәләму аләйкума йа даджиай-Расулиллаһ уә рәфиқайһи уә уәзирәйһи уә мүширәйһи уәл муауинәйһи ләһу алəл-қиями фид-дини уәл-қаимәйни бадәһу би-мәсалиһ-ил-муслимин! Аллаһу та'ала сіздерге ең жақсы сыйларды берсін. Расулуллаһтың бізге шапағат етуін Аллаһу та'аладан, біздің еңбегімізді қабыл етуін, біздің Ислам діні бойынша өліп, сол бойынша тірілуімізді, қиямет күнінде Расулуллаһқа жақын адамдардың арасына жинауын тілеуі үшін сіздерді Расулуллаһтың жанында уәсилә етеміз»-* деу керек.

Сосын өзіне, ата-анасына, дұға сұрағандарға және бүкіл мұсылмандар үшін дұға ету керек. Содан кейін Расулуллаһ алейһиссаламның мүбәрәк жүзіне қарсы қарап тұрып *«Ей, Аллаһым!* **«Біз барлық пайғамбарды тек Аллаһу та'аланың бұйрығымен қауымының өзіне бағынуы үшін жібердік. Олар өздеріне зұлымдық жасағаннан кейін келеді, Аллаһу та'аладан кешірім сұрайды. Расулым да олар үшін истиғфар ететін болса, Аллаһу та'ала әрине тәубелерді қабылдап, рақымдылық жасайды»** *деп бұйырасың.* («Ниса» сүресі, 64) *Йа Раббым! Сенің ұлы сөзіңе бағынып, бұйрығыңа мойынсұнып, сүйікті пайғамбарыңның Сенің дәргейіңде*

бізге шапағат етуін қалаймыз» деп дұға еткеннен кейін алдында оқыған «Хашр» сүресінің **«Ей Раббымыз! Бізді және иманмен бізден бұрын өткен бауырларымызды кешіре-гөр. Иман келтіргендер үшін жүрегімізде кек қалдырма. Ей Раббымыз! Ақиқат, сен өте шапағатшыл және рақымдысың»** деген мағынадағы 10-шы аятын және *«Раббәнағфир ләнә уә ли-абә-инә уә ли-уммәһатина уә ли-ихуанинәл-ләзинә сәбәкунә бил-имани»*, *«Раббанә әтинә...»* және *«Субхәнә раббикә...»* аяттарын оқып, хүжрә-и саадәтке (Мәдинадағы пайғамбарымыздың, хазреті Әбу Бәкірдің және хазреті Омардың қабірлері орналасқан бөлмеге) жасаған зияратын аяқтайды.

Содан соң Расулуллаһтың қабірі мен мінберінің арасындағы Әбу Лубабә хазреттерінің өзін байлап, тәубе еткен тірекке барады. Осы жерде екі рәкат намаз оқып, Аллаһу та'алаға тәубе етіп, истиғфар етеді. Қалаған дұғаларын оқиды. Сосын рауда-и мутаххараға (пайғамбарымыздың қабірі мен мешіттің сол дәуірдегі мінберінің арасындағы жер) барады. Бұл – төрт бұрыш пішіндес бір жер. Бұл жерде қалағанынша намаз оқиды. Дұға оқиды. Тәсбихтер айтады. Аллаһу та'алаға шүкіршілік етеді. Сосын мінберге барады. Расулуллаһтың берекесін өзіне жетсін деген ниетпен пайғамбарымыз хұтба оқығанда мүбәрәк қолын қойып тұратын жеріне өз қолын қояды. Осы жерде екі рәкат намаз оқиды. Аллаһу та'аладан тілектерін сұрайды. Аллаһу та'аланың (ашуынан) азабынан, рақымдылығына сыйынады. Сосын Ханнанә діңгегіне барады. Бұл діңгек Расулуллаһ хұтба оқу үшін мінберге өткен кезде, өзін тастап кеткені үшін ыңырсып, сосын пайғамбарымыз оны барып құшақтағанда тынышталған діңгек. Бұл жерде болған кезінде түнді Құран кәрім оқумен өткізіп, Аллаһу та'аланы зікір етумен, мінбер мен қабірдің жанында ашық және іштен дұға оқумен және рабыта жасаумен айналысу керек.

Расулуллаһтың мүбәрәк әйелдерінің бөлмелері Пайғамбар мешітінің құрамына қосылмастан бұрын хужрә-и саадәттің қыбла жағында орын өте аз еді. Ол жерде муважаха-и сәадетке (қабірдің қыбла жақ бетіне) қарама-қарсы тұру қиын болатын. Зияратшылар хүжрә-и саадәттің рауда-и мутаххара қабырғасындағы есіктің алдында қыблаға қарап тұрып сәлем беретін. Содан кейін Имам Зәйнәл Абидин, рауда-и мутаххараны арт жағында қалдырып сәлем беретін. Ұзақ жылдар зиярат осылай жасалды. Мүбәрәк әйелдерінің бөлмелері мешітке қосылғаннан кейін, муважаха-и шәрифа терезесі алдында тұрып зиярат жасалатын болды.

Хазреті Айшаның бөлмесі үш метр биіктікте, кірпіш пен құрма ағаштарынан салынған болатын. Батыс және солтүстік жағында екі есігі бар. Батыстағы есігі рауда-и мутаххара жағында. Хазреті Омар халифалығының соңғы жылдарында қасиетті мешітті кеңейтіп жатқан кезде, хужрә-и саадәттің айналасына тастан қабырға салдырды.

Абдуллаһ бин Зубайр халифалығы кезінде бұл қабырғаны құлатып, қара тастан одан да мықты етіп салдырды. Үсті ашық болған қабырғаның солтүстік жағында бір есігі бар болатын. Хазреті Хасан қырық тоғызыншы жылы қайтыс болған кезде өсиеті бойынша хазреті Хусейн ағасының денесін хужрә-и саадәттің есігіне әкеліп, дұға етейін деп жатқан кезде, осы жерге жерлейді деп ойлап, ішке кіргізілуін қаламағандар шыққаннан кейін, Бақи мазаратына жерлеткізді. Алдағы уақытта осындай оқиғаларға жолықпау үшін халифалар қабырға мен бөлменің есігін жапқызып тастаған.

Омаядтар (әмәуилер) халифасының алтыншысы – Уәлид Мәдинаның билеушісі болып тұрған кезінде Мешіт саадәттің қабырғасын биіктетіп, төбесін шағын күмбезбен жапқызды. Үш қабір сырттан көрінбейтіндей және ішіне кіруге болмайтындай болып қалды. Омар бин Абдулазиз Мәдина билеушісі болып тұрғанында 707 (х.88) жылы халифа Уәлидтің бұйрығымен пайғамбарымыздың әйелдерінің бөлмелерін бұздырып, Мешіт саадәтті кеңейтті. Сонымен қатар, осы қабырғаның айналасына бес бұрышты және есіксіз екінші бір қабырға тұрғызды.

Иракта Зенгилер басқаратын Атабектер мемлекетінің уәзірі және Салахаддин Әйубидің немере інісі болған Жамалиддин Исфахани 1189 (х.584) жылы хужрәи саадәттің сыртқы қабырғасының айналасына сандал және қара ағаштан мешіттің төбесіне дейін созылған тор (шарбақ) жасатты.

Бірақ, өрт шығып, 1289 жылы өртеніп кеткеннен кейін оның орнына темірден жасалып, жасылға боялды. Бұл шарбақ **шәбәкә-и саадәт** деп аталады. Шәбәкә-и саадәттің қыбла жағы **муважаха-и саадәт**, шығыс жағы **қадам-и саадәт**, батыс жағы **рауда-и мутаххара**, солтүстік жағы **хужрә-и Фатима** деп аталады. Мекке-и мукәррәмә, Мәдина-и мунаууараның оңтүстігінде болғандықтан Нәби мешітінің ортасында, яғни рауда-и мутаххарада қыблаға қарайтын адамның сол жағында хужрә-и саадәт, оң жағында мінбер шәриф орналасқан болады.

847 (х.232) жылы шәбәкә-и саадәттың орналасқан жері мен сыртқы қабырғалардың арасына және осы жердің сыртына мәрмәрлар төселді. Бұл қызметті ең соңынан Сұлтан Абдулмажит хан атқарды.

Хужрә-и саадәттің бес бұрышты қабырғаларымен қоса үстіне **құббәтун-нур** деген шағын күмбез де жасалған болатын. Осман патшалары жіберген **кисуә-и шәрифа** (жабу) да осы күмбездің үстіне жабылды. Құббәтун-нурдың үстіне келетін Мешіт саадәттің үлкен жасыл күмбезі **құббәтул-хадра** деп аталады. Шәбәкә-и саадәт деген шарбақтың сыртқы жағына жабылған жабу құббәтул-хадра деген белдеулерге асылған. Осы ішкі және сыртқы перделер **саттара** деп аталады.

Шәбәкә-и саадәттің шығыс, батыс, солтүстік жақтарында бір-бірден есіктері бар. Шәбәкә-и саадәттің ішіне Харем шәриф қожайындарынан басқа адам кіре алмайтын. Онсыз да есігі мен терезесі жоқ, тек күмбездің ортасында бір тесік бар, ол темір торлармен жабылған. Осы тесіктің турасында құббәтул-хадраға да бір тесік ашылған. Мешіт шәрифтің күмбезі 1837 (х.1253) жылға дейін қорғасын түсті болатын. Стамбулдағы Сұлтан Екінші Махмуд Адли ханның бұйрығымен жасылға боялды. 1872 (х. 1289) жылы Абдулазиз ханның әмірімен қайта боялды.

Мешіт саадәтті жөндетуге және безендіруге сұлтан Абдулмәжит хан сияқты көп ақша жұмсап, күш салған адам болмаған. Ол харамейнді (Мекке мен Мәдинаны) жөндетуге жеті жүз мың алтын жұмсап, жөндеу жұмыстары 1861 (х.1277) жылы аяқталған.

Пайғамбар мешітін жөндеу үшін мыңдаған алтын жұмсаған Сұлтан Абдулмәжит хан оның бұрынғы қалпын Стамбулдағы Хырқа-и шәриф мешітінде көруді қалап, 1850 жылы инженер мектептері ұстаздарының бірі, суретші Хажы Иззет Мырзаны Мәдинаға жібереді. Иззет Эфенди пайғамбар мешітінің барлық жерлерін өлшеп, елу үш есе кішірейтілген үлгісін бір жылда жасап шығып, Стамбулға жіберіп, ол Сұлтан Абдулмажит ханның жасатқан Хырқа-и шәриф мешітіне қойылған.

Абдулмажит ханның жөндеуінен кейін қыбла қабырғасы мен шәбәкә-и саадәттің арасы жеті жарым метр, шығыс қабырғасынан қадам-и саадәт шарбағына алты метр, шәбәкә-и Шамидің кеңдігі он бір метр, муважаха-и шәрифа шарбағы мен шәбәкә-и Шами арасындағы ұзақтық он тоғыз метр болды. Нәбәуи мешітінің қыбла тарапынан кеңдігі жетпіс жеті метр, қыбла қабырғасынан Шами

қабырғасына дейінгі ұзақтығы жүз он жеті метр. Хужрә-и саадәт пен мінбер арасындағы рауда-и мутаххараның кеңдігі он тоғыз метр. Османдықтар тарих сахнасынан кеткеннен кейін Ислам әлемі бассыз қалғандықтан, осы қасиетті қалаларды жаулап алғандар өз ойларынша бірқатар өзгерістер жасады. Осылайша Ислам халифаты дәуіріндегі тақуа және салих мұсылмандар жасатқан баға жетпес тарихи туындылар қиратылып, талқандалды.

Пайғамбарымызды зиярат еткеннен кейін Бақи мазаратына бару, ол жерді де зиярат ету мүстахаб. Сосын басқа қабірлерді әсіресе шәһидтердің мырзасы болған хазреті Хамзаның қабірін зиярат ету керек. Сондай-ақ, Бақиде хазреті Аббасты және сол жердегі Хасен бин Әлиді, Зейнелабидинді, ұлы Мұхаммед Бақир және баласы Жафәр Садық, әмирул-муминин хазреті Османды, Расулуллаһтың ұлы Ибраһимді, пайғамбарымыздың сол жердегі әйелдерін, әпкесі Сафияны және бірқатар сахабалар мен табииндерді зиярат ету керек. Бақидегі Фатима мешітінде намаз оқу керек. Бейсенбі күні Ухуд шәһидтерін зиярат ету мүстахаб. Ол жерде *«Сәләмун алайкум бимә сабәртум. Фәнимә уқбәддар. Сәләмун аләйкум йа әһлә дар-ил-қаумил-муминин уә иннә иншаллаһу ан қарибин бикум ләһиқун»* деу керек. Сосын Аятул курси мен Ихлас сүресін оқу керек.

Хужрәи саадәтті зиярат еткендердің өте мұқият болулары керек. Көңілдерінде дүниелік ой болмауы тиіс. Мұхаммед алейһиссаламның қасиетті нұры мен дәрежесінің ұлылығын ойлау керек. Дүние істерін және үлкен адамдармен кездесіп, пайда түсіруді және сауда-саттық ниетінде жасалған дұғаларды Аллаһу та'ала қабыл етпейді, тілектерін қабылдамайды.

Хужрәи саадәтті зиярат ету құнды бір ғибадат болып табылады. Бұған сенбегендердің имансыздықтарынан қорқылады. Өйткені, бұлар Аллаһу та'алаға, Расулына және барлық мұсылмандарға қарсы келген болып саналады. Малики ғалымдарының бір нешеуі Расулуллаһты зиярат ету уәжіп деген болса да, оның мүстахаб екендігіне ғалымдар бірауыздан шешім қабылдаған.

Тәуәссул

Пайғамбарымызбен барлық уақытта – ол жаратылмастан бұрын, жаратылғаннан кейін, өмірінде және қайтыс болғаннан кейін қабір әлемінде тәуәссул етілген, қиямет күні тірілгеннен кейін Арасат алаңында және жаннатта да тәуәссул етіледі. Яғни пайғамбарымызды араға қойып Аллаһтан тілектер сұралған. Аллаһу та'аланың өз махаббатына жетуде, Оған жақындаумен қажеттіліктердің қанағаттандырылуына себепші еткен кезкелген нәрсесі тәуәссулге (уәсилә) жатады.

Расулуллаһпен тәуәссул ету, яғни Расулуллаһты Аллаһу та'аланың құзырында өз тілектерінің қабыл болуына уәсилә (арашы) ету, оның көмегін және шапағатын сұрау жаиз. Бұлар - пайғамбар алейһимуссалам, сәләф-и салихин, ғұламалар және басқа да мұсылмандардың ғасырлардан бері жасап келе жатқан амалдары. Мұсылмандардың ешқайсысы бұған жаман көзбен қарамаған. Қазірге дейін жолдан адасқан сектанттардан басқа бұған қарсы шыққан ешкім кездеспеген.

Адамдардың атасы Адам алейһиссалам жер бетіне түсірілген кезде Расулуллаһ алейһиссаламды уәсилә еткен. Мұны сүйікті пайғамбарымыз бір хадис шәрифінде былай айтып берген: **«Адам** (алейһиссалам) **жаннатта жіберген қателігіне байланысты жұмақтан шығарылғанда: «Йа Раббым! Мені Мұхаммедтің құрметіне кешіре гөр»,- деді. Аллаһу та'ала: «Ей Адам! Сен Мұхаммедті қайдан білдің. Мен оны әлі жаратқан жоқпын ғой» деп бұйырды. Адам** (алейһиссалам)**: «Йа Раббым! Мені жаратып, маған рух берген кезіңде, көзімді ашып қарағанымда арштың шетінде «Лә иләһә иллаллаһ Мухаммәдән расулуллаһ» деген жазуды көрдім. Есімін есіміңмен бірге жазған, сүйген адамың сол болу керек»,- деді. Аллаһу та'ала: «Дұрыс айтасың ей Адам! Жаратқандарымның ішінен ең қатты жақсы көретінім – сол. Соның құрметіне кешірім сұрағаның үшін сені кешірдім» деп бұйырды.»** Бір риуаят бойынша: **«Ол сенің тегіңнен келетін бір пайғамбар. Оны жаратпағанымда сені, әулетіңді жаратпас едім. Оны шапағатшы етіп көрсеткенің үшін сені кешірдім»-** деген.

Бұған (тәуәссулге) қатысты мыңдаған мысалдар бар. Солардан бірнешесі төменде келтірілді:

Екі көзі көр бір адам көздерінің ашылуы үшін пайғамбарымыздан дұға етуін сұрады. Пайғамбарымыз: **«Қаласаң дұға етемін. Бірақ, сабыр етіп, шыдасаң сен үшін одан да жақсы болады»-** деді. «Сабыр етуге күшім қалмады. Дұға етуіңіз үшін жалынамын»- деді. **«Олай болса, дәрет алып, мына дұғаны оқы»**,- деді. **«Аллаһуммә инни әсәлукә уә әтәуәжжәһу иләйкә би нәбийикә Мухаммәдин нәбиир-рахмәти. Йа Мухаммәд! Инни әтәуәжжәһу бикә илә Рабби фи хажәти литақдиә Аллаһуммә шәффиһу фиййә».**

Ол адам бұл дұғаны оқыған кезде Аллаһу та'ала дұғасын қабыл етіп, көзінің ашылғанын хадис ғалымы Имам Нәсаи хабарлаған.

Расулуллаһ алейһиссаламның уәсилә етілуімен байланысты Осман бин Ханиф хазреттері мынадай оқиғаны айтады: «Осман бин Аффан халифа болып тұрғанда қатты қиналып жүрген бір адам халифаның алдына баруға ұялып, маған дертін айтты. Мен «Дереу дәрет алып, Мешіт саадәтке бар. Жоғарыда көрсетілген дұғаны оқы, тілегіңді айт»- дедім.

Ол адам дұға еткеннен кейін халифаның отырған жеріне барып, құзырына шығарылыпты. Халифа оны жайнамазының үстіне отырғызып, тілегін тыңдап, қабыл етіпті. Ол кісі ісінің бір сәтте шешілгенін көріп, қуанып, маған келді. «Аллаһу та'ала сенен разы болсын! Халифаға сен айтпағанда қиыншылығымнан құтыла алмас едім»- деді. Мені халифамен сөйлесті екен деп ойлады.»

Хазреті Омар халифа кезінде жұт болды. Сахабалардан Біләл бин Харс Расулуллаһтың кесенесіне барып «Йа Расулаллаһ! Үмметіңіз аштықтан өлудің алдында тұр. Жаңбыр жаууына уәсилә болуыңызды жалбарына сұраймын»,- деді. Расулуллаһ алейһиссалам сол күні оның түсіне кіріп **«Халифаға бар. Менен сәлем айт. Жаңбыр дұғасына шықсын!»** деп бұйырды. Хазреті Омар жаңбыр дұғасына шыққаннан кейін жаңбыр жауа бастады.

Аллаһу та'ала жақсы көретін адамдарының құрметіне дұғаларды қабыл етеді. Аллаһу та'ала Мұхаммед алейһиссаламды өте қатты жақсы көретінін білдірген. Сондықтан да бір адам **«Аллаһумма инни әсәлука би-жаһи Нәбийик-әл-Мустафа»** деп дұға етсе, дұға қайтарылмайды. Алайда, ұсақ-түйек дүниелік істер үшін Расулуллаһты уәсилә ете беру де әдепке жат қылық болады.

Бурханеддин Ибраһим Малики былай дейді: «Өте аш, кедей адам хужрә-и саадәтке барып, «Йа Расулаллаһ! Қарным аш»,- деді. Біраздан соң бір адам келіп, кедейді үйіне апарып, тойдырды. Кедей

адам жасаған дұғасының қабыл болғанын көріп, мұны айтқан кезде «Бауырым! Бала-шағаңды тастап ұзақ жол жүріп, қиналып Расулуллаһты зиярат етуге келдің. Бір үзім нан үшін Расулуллаһтың дәргейіне бару саған жарасар іс пе? Оның алдында жаннат пен шексіз нығметтерді сұрауың керек еді. Бұл жерде тілеген нәрселерді Аллаһу та'ала қайтармайды»,- деді. Расулуллаһты зиярат ету құрметіне ие болғандар оның қиямет күні шапағат етуі үшін дұға етуі керек».

Имам Әбу Бәкір Мукри бір күні Имам Табарани және Әбу Шәйхпен Мешіт саадәтте отырған еді. Бірнеше күннен бері ештеңе жемегендіктен қарындары аш болатын. Имам Әбу Бәкір шыдай алмай: «Ашпын, йа Расулаллаһ» деп бір бұрышқа барып отырды. Сәйіидтерден бір адам екі қызметшісімен бірге келіп, «Бауырларым! Атам Расулуллаһтан ашпыз деп көмек сұрапсыңдар. Сендерді тойдыруды бұйырды»- деді. Әкелгендерін бірге отырып жеді. Артылғанын соларға қалдырып кетті.

Ислам ғұламаларының бірі Әбу Абдуллаһ Мухаммед Мәракәши (қ.683/м.1284) **«Мисбах-уз-зулам»** атты құнды кітабында Расулуллаһты уәсилә ету арқылы мұраттарына жеткен жүздеген мұсылманды және олардың дұғалары туралы кеңінен жазған. Расулуллаһты уәсилә етіп мұраттарына қауышқандардың бірі – Мұхаммед бин Мункәдир болып табылады. Ол былай дейді: «Бір адам әкеме сексен алтын қалдырып, жиһадқа кеткен болатын. Ол «Мыналарды сақта. Өте мұқтаж болған адамға көмек ретінде берсең болады» деген еді. Мәдинада жұт болды. Әкем алтындардың барлығын аштықтан қиналғандарға таратты. Кейін алтынның иесі келіп, алтындарын сұрады. Әкем «Бір күннен кейін кел»- деп жауап берді. Хужрә-и саадәтке барып, таңға дейін Расулуллаһқа жалбарынды. Түннің ортасында бір адам келіп «Қолыңды соз!»,- деді. Қолына бір дорба алтын ұстатып көзден ғайып болды. Әкем үйде алтындарды санап, сексен екенін көріп, қуанып, иесіне қайтарды».

Имам Мұхаммед Мұса хазреттері осы кітабында басынан өткен бір оқиғаны былай жазған: «637 (м.1239) жылы Садәр бекінісінен таңдаулы адамдармен бірге шықтық. Қасымызда бізге жол көрсететін адам бар болатын. Біраз уақыттан соң суымыз таусылды. Су іздей бастадық. Осы кезде мен әжет үшін сәл шеттеу бір жерге өттім. Біраз уақыт өткен соң мені қатты ұйқы қысты. Кетерде жолдастарым оятып алар деп басымды жерге қойып, ұйқыға кеттім.

Оянсам шөлдің ортасында жалғыз қалыппын. Жолдастарым мені ұмытып, кетіп қалыпты. Жалғыздықтан елегізіп, қатты қорқа

бастадым. Шөлде анда-мұнда жүгіре бастадым. Қайда екенімді, қайда баратынымды білмедім. Айналаның бәрі құм болатын. Бір кезде қараңғы түсе бастады. Жолаушылап бара жатқан тобымыздың ізі де жоқ. Мен түннің қараңғылығында жалғыз қалдым, одан сайын қорқа бастадым. Үреймен одан да қатты жүре бастадым.

Біраз жүргеннен кейін қатты шөлдеп, шаршап жерге құладым. Енді, өмірден үмітімді үзіп, өлімнің жақындағанын сезгендей болдым. Сусыздық пен әлсіздіктен сары уайымға салындым. Бір кезде есіме түсті, түннің ортасында «Йа Расулаллаһ! Көмегіме жете гөр. Сізден Аллаһу та'аланың рұқсатымен көмектесуіңізді сұраймын» деп ыңырандым.

Сөзімді аяқтар-аяқтамас біреудің маған сөйлегенін естідім. Дауыс шыққан жаққа қарағанымда қап-қараңғы түнде айналасына сәуле шашқан, аппақ киінген, сол уақытқа дейін көрмеген бір адамның мені шақырып тұрғанын көрдім. Маған жақындап, қолымнан ұстады. Сол сәтте шөлім мен шаршағаным басылып, жаңадан туылғандай болдым. Екеуіміз біраз жүрдік. Мен өмірімнің ең керемет сәттерін бастан кешіріп тұрғанымды сездім. Бір құм төбесінен асқаннан кейін бірге келе жатқан адамдарымның жарығын көріп, достарымның дауысын естідім. Соларға қарай жақындадық.

Менің мінетін көлігім олардың соңынан жүрген екен. Бірден келіп алдыма тоқтады. Оны көріп қатты қуандым. Қасымдағы адам мені жануарыма мінгізді. Сосын **«Бізден бір нәрсе сұраған және көмек қалаған адамды біз бос қайтармаймыз»** деп кері қайтып кетті. Сол кезде оның Расулуллаһ екенін түсіндім. Ол кері қайтқан кезде оның айналасына шашқан сәулесі көкке қарай көтерілген еді. Ол көзден ғайып болған кезде «Мен неге Расулуллаһтың қол-аяғын сүймедім» деп өкіндім. Бірақ бұған кеш еді».

Әбулхайр Ақта Мәдинада бес күн аш қалған еді. Хужрә-и саадәттің қасына барып, Расулуллаһқа сәлем берді. Аш екенін айтты. Бір бұрышқа жатып ұйықтады. Түсінде Расулуллаһтың келгенін көрді. Оң жағында Әбу Бәкір Сыддық, сол жағында Омар Фарук және алдында Әли-ул Муртәза бар еді. Хазреті Әли келіп: «Йа Әбулхайр! Тұр, неге жатырсың? Расулуллаһ келе жатыр»,- деді. Дереу орнынан тұрды. Расулуллаһ келіп, үлкен нан берді. Әбулхайр: «Өте аш болғандықтан дереу жей бастадым. Жартысы таусылған кезде ояндым. Көзімді ашқанымда қолымда нанның жартысы тұр екен»- деді.

Ахмет бин Мұхаммед Суфи айтады: «Хижаз шөлдерінде ештеңем қалмады. Мәдинаға бардым. Хужрә-и саадәттің алдына келіп, Расулуллаһқа сәлем бердім. Бір жерге отырып ұйықтадым. Расулуллаһ көрініп: **«Ахмет келдің бе? Алақаныңды аш»**,- деді. Алақанымды алтынға толтырды. Оянғанда қолым алтынға толы еді.

Имам Сәмхуди есігінің кілтін түсіріп алып, таба алмайды. Хужрә-и саадәттің алдына барып, «Йа Расулаллаһ, кілтімді түсіріп алдым. Үйіме бара алмай тұрмын»- деді. Бір бала қолында кілт пен келіп «Мынаны тауып алдым, сіздікі емес пе?»- деді.

Килистік Мустафа Ишқи мырза **«Мәуарид-и мәжидийа»** атты тарих кітабында былай дейді: «Меккеде жиырма жыл тұрдым. 1247 (м.1831) жылы алпыс алтын жинап, бала-шағаммен Мәдинаға бардық. Жолда ақшамыз таусылды. Бір танысыма қонақ болып, хужрә-и саадәтке бардым. Расулуллаһтан көмек сұрадым. Үш күннен соң жатқан үйіме бір адам келіп, мен үшін бір үй жалдағанын айтты. Заттарымды сонда көшіртті. Бір жылдық ақшасын төледі. Бірнеше айдан кейін ауырып, бір ай төсек тартып жаттым. Үйде жейтін, сататын ешнәрсе қалмады. Әйелімнің сүйремелдеуімен тамның төбесіне шығып, Расулуллаһтың кесенесіне қарсы қарап тұрып қиналғанымызды айтып, көмек сұрамақшы болдым. Қолдарымды көтерген кезде дүниелік нәрселерді сұрауға ұялып, ешнәрсе айта алмадым. Бөлмеме бардым.

Ертеңіне бір адам келіп, «Пәлен деген адам мына алтындарды саған сыйлыққа жіберді»,- деді. Дорбаны алдым. Тұрмысымыз оңалғанмен, аурудан айыға алмадым. Адамдардың көмегімен хужрә-и саадәтке барып, Расулуллаһтан шипа тіледім. Мешіттен шығып, ешкімнің көмегінсіз үйіме қарай жүрдім. Үйге кірген кезде ешқандай ауруым қалмаған еді. Назар тимеуі үшін бірнеше күн көшеге таяққа сүйеніп шығып жүрдім. Бірақ, ақша таусылған еді. Бала-шағамды қараңғыда қалдырып, Нәбауи мешітіне келдім. Құптан намазынан кейін Расулуллаһқа қиыншылығымды айттым. Жолда бейтаныс бір адам келіп, қолыма бір дорба берді. Ішінде қырық тоғыз алтын бар еді. Қажетті нәрселерді алып, үйге бардым».

«Шақайық-и Нуманийа» кітабының аудармасының екінші томында былай делінеді:

Осман мемлекетінің алғашқы шайхул исламы және дәуірінің мужәддиді болған ұлы ислам ғұламасы Мәулана Шамсәддин Мұхаммед бин Хамза Фәнаридың көздері ауырып перделеніп, көре

алмайтын болып қалады. Бір күні түнде түсіне кірген Расулуллаһ алейһиссалам **«Таха сүресін тәфсирле»** деп бұйырғанында, «Құран кәрімді тәфсир етуге күшім жетпейді, оның үстіне көзімдерім де көрмейді» дейді. Расулуллаһ алейһиссалам мүбәрәк шапанынан бір уыс мақта шығарып, мүбәрәк түкірігімен сулағаннан кейін көздерінің үстіне қояды. Молла Фәнари оянғанда екі көзінің үстінде екі мақта тұрғанын байқайды. Мақтаны алғаннан кейін, көздері көре бастайды. Аллаһу та'алаға хамд және шүкір етеді. Сол мақталарды сақтап қойып, өлгеннен кейін екі көзінің үстіне қойып жерлеулерін айтып өсиет қалдырады. Өзі 834 (м.1431) жылы Бурса қаласында қайтыс болды. Өсиеті орындалды.

Аббаси халифаларынан болған Әбу Жафәр Мансур, Нәбәуи мешітінде Имам Маликпен сөлейсіп отырған еді. «Ей Мансур! Бұл жер – Мешіт саадәт. Бәсең дауыспен сөйле. Аллаһу та'ала Хужурат сүресінде: **«Дауыстарыңды Расулуллаһтың даусынан асырмаңдар!»** деп бұйырып, бір жамағатты жазғырған. **«Расулуллаһтың жанында жәй сөйлегендер...»** деген аятымен жәй сөйлегендерді мақтаған. Расулуллаһқа қайтыс болғаннан кейін құрмет көрсету тірі кезінде құрмет көрсетумен бірдей»,- деді. Мансур мойнын иіп: «Йа Әба Абдуллаһ! Пайғамбарымыздың қабіріне зиярат үшін келгенде Қыблаға қарсы тұру керек пе, әлде Қыбланы артта қалдырып Қабр-и саадәтке ме?»- деп сұрады. Имам Малик хазреттері: «Жүзіңді Расулуллаһтан басқа жаққа бұрма! Қиямет күнінің шапағатшысы болған ол ұлы пайғамбар саллаллаһу та'ала алейһи уәсәлләм, қиямет күні сенің және әкең Адам алейһиссаламның құтылуы үшін уәсилә болады. Қабр-и саадәтке бұрылып, Расулуллаһтың мүбәрәк рухына жабысып шапағат тілеуің керек. Ниса сүресінің 64-ші аят кәримәсында: **«Нәпістеріне зұлымдық жасағандар саған келіп Аллаһу та'аладан кешірім сұраса және Расулым да олар үшін кешірім тілесе, Аллаһу та'аланы тәубелерді қабыл етуші және мейірім етуші халде табады»** деп бұйырылған.

Бұл аят Расулуллаһты уәсилә еткендердің тәубелерінің қабыл болатынына кепілдік беруде»,- деді. Осы сөзден кейін Мансур отырған жерінен тұрып, хужре-и саадәттің алдына барып тұрды. «Йа Раббым! Мына аят кәримәда Расулыңды уәсилә еткендердің тәубесін қабыл ететініңе сөз бердің. Мен ұлы пайғамбардың дәргейіне келіп Сенен кешірім сұраймын. Ол сау кезде кешірім сұраған құлдарыңның кешірімін қабыл еткеніңдей, мені де кешіре гөр. Йа

Раббым! Нәбийуррахмә болған ұлы пайғамбарыңды уәсилә етіп саған жалынамын. Ей пайғамбарлардың ең ұлысы болған Мұхаммед алейһиссалам! Саған тәуәссул етіп, Раббыма жалбарынамын. Йа Раббым! Мына ұлы пайғамбарды маған шапағатшы ете гөр» деп жалынып, жалбарына бастады. Арқасы қыблаға, жүзі муажаха-и саадәтке қарап, түрегеп тұрып дұға етті. Минбәр-и Нәбәуи сол жағында қалған еді.

Имам Маликтің Халифа Мансурға берген насихаты хужрә-и саадәттің алдында дұға ететіндердің өте ояу және зерек болулары керек екенін көрсетуде. Ол дәрежеге лайық әдеппен құрметті көрсете алмайтындардың Мәдина-и мунауарада ұзақ уақыт қалулары дұрыс болмайды деп бұйырылды.

Анатолиядағы ауылдардың бірінен Мәдина-и мунауараға барып біраз жылдар бойы сонда тұрып, үйленіп, хужрә-и саадәтте шырақшы болып қызметке орналасқан бір кісі бар болатын. Бір күні ысытпа ауруына шалдығып, шалап ішкісі келді. Көңілінен «Егер қазір ауылымда болғанымда, айраннан салқын шалап жасатып ішетін едім» деген ой өтеді. Сол түні Расулуллаһ Шәйх-ул-Харем (Мәдина әмірі) мырзаның түсінде көрініп, әлгі адамның істеп жүрген шырақшылық міндетін басқа біреуге беруін бұйырады. Шейхул Харем: «Йа Расулаллаһ! Ол істі үмметіңнен болған пәленше адам істеп жүр» дегенінде **«Ол адамға айт! Аулына барып шалап ішсін!»** деп бұйырды. Ертеңіне бұл бұйрық айтылғанда, ауыл тұрғыны «құп болады» деп еліне қайтты.

Тек көңілден өткен бір ой осынша зиянын тигізетін болса, Аллаһ сақтасын қалжыңдап болса да жағымсыз бір сөздің немесе әдепке сай келмейтін бір әрекеттің қандай үлкен зиянды болатындығын осы жерден түсіну керек.

Салауат айтудың мәні мен ізгілігі

Пайғамбарымыздың алейһиссалам есімі айтылғанда, естілгенде және жазылғанда құрмет ретінде оған салауат айту – ең маңызды міндеттеріміздің бірі. Құран кәрімде «Ахзаб» сүресінің 56-шы аятында: **«Шынында Аллаһу та'аламен періштелері пайғамбарға салат айтады** (оның қадірін, мәртебесін көтереді) **Ей, иман келтіргендер! Сендер де оған салат айтыңдар және оған шын көңілмен беріліңдер»** делінген.

Тәфсир ғалымдары бұл аятта айтылған **«салат»** сөзінің Аллаһу та'аладан рақымдылық, періштелерден истиғфар және мұсылмандардан дұға деген мағыналарға келетінін айтқан. Барлық Ислам ғалымдары пайғамбарымыздың мүбәрәк есімдерінің бірі айтылған, жазылған және естілген кезде салауат жазып, айтудың біріншісінде уәжіп, ал қайталанғанда мүстахаб екендігін айтқан.

Аллаһу та'аладан бір нәрсе тілеген адам алдымен Аллаһу та'алаға хамд (мадақ пен шүкіршілік) еткеннен кейін Расулуллаһқа салат айтуы керек. Осылай жасалған дұға қабыл болуға өте лайық болады. Екі салауаттың арасында жасалған дұға кері қайтарылмайды.

Әбу Талха хазреттері айтады: «Расулуллаһтың алдына барған едім. Одан бұрын байқалмаған қуаныш пен ризалықты байқадым. Себебін сұрағанымда **«Қалай қуанбайын? Біраз уақыт бұрын Жәбрейіл** (алейһиссалам) **сүйінші хабар айтты. Аллаһу та'ала: «Үмметімнен бірі саған бір салауат айтса, Аллаһу та'ала ол адамға он салауат айтады» деп бұйырды»**,- деді».

Бұл туралы айтылған хадис шәрифтердің кейбірі мынадай:

«Жанында есімім айтылған кезде маған салауат айтпаған адамның мұрны жерде сүрілсін. Рамазан айы кіргенде күнәларын кешірткізбестен рамазан айы шығып кеткен адамның мұрны жерде сүрілсін. Ата-анасы қартайғанда олардың ризалығын алып жаннатқа кірмеген адамның да мұрны жерде сүрілсін».

«Қасында есімім зікір етілген кезде маған салауат айтпаған адам – сараңдардың ең сараңы».

Әбу Хумәйд әс-Саиди хазреттері айтады: «Кейбір сахабалар Расулуллаһтан былай деп сұрады: «Йа Расулаллаһ! Сізге қалай салауат айтайық?» Расулуллаһ алейһиссалам **«Аллаһумма салли ала Мухаммәдин уә әзуәжиһи уә зуррийәтиһи кәмә саллайтә ала**

Ибраһимә уә барик ала Мухаммәдин уә әзуажиһи уә зуррийәтиһи кәмә бәрәктә ала Ибраһимә иннәкә хамидун мәжид» деңдер»,- деді».

Кейбір салауат-и шәрифтер мынадай:

«Алейһиссалам»,

«Саллаллаһу алейһи уә сәлләм»,

«Алейһиссалату уәссәләму уәттәхиййә»,

«Аллаһумма салли ала сәййидинә Мухаммәд»,

«Аллаһумма салли ала Мухаммәдин уә ала әлиһи уә сахбихи әжмаин»,

«Алейһи уә ала жәмиии минәссалауати әтәммуһә уә минаттахийати әймәнуһә».

«Аллаһумма салли ала Мухаммәдин уә ала әли Мухаммәд, кәмә саллайтә ала Ибраһимә уә ала әли Ибраһим...».

Бір адам былай айтып берді: «Жолдастарымның бірі жіберген хатында Расулуллаһтың мүбәрәк есімі өткен жердің барлығына *«Саллаллаһу алейһи уә сәлләм тәслимән кәсирән кәсира»* деп жазыпты. Оның себебін сұрағанымда «Жас кезімде хадистер жинақтап, кітаптар жаздым. Расулуллаһтың мүбәрәк есімін жазған кезде салауат жазбайтынмын. Түсімде әлемдердің мырзасын көріп, қасына бардым. Ол мүбәрәк жүзін менен теріс бұрды. Арғы жағына өттім, Ол тағы да теріс қарады.

Алдына барып «Йа Расулаллаһ! Неге менен жүзіңізді теріс қаратасыз?»- деп сұрадым. Ол **«Өйткені, сен кітабыңда менің есімімді жазғанда маған салауат бермедің»**- деді. Сол кезден бастап оның мүбәрәк есімдерін жазғанда әрдайым салауат қосып жазамын»,- деді».

Хадис шәрифтерде: **«Кім маған бір рет салауат айтса, Аллаһу та'ала оған он рет салат** (мейірімділік) **етеді, оның он күнәсін кешіреді және дәрежесін он есе жоғарылатады.»**

«Қиямет күні маған ең жақын болатын, менің шапағатыма ең лайық болатын адам – маған ең көп салат-сәлем айтқан адам.» делінген.

Аллаһу та’ала хазреті Мұсаға «Ей, Мұса! Тіліңе сөзіңнен, жүрегіңе ойыңнан, тәніңе (денеңе) рухыңнан, көзіңе нұрыңнан жақын болғанымды қалайсың ба?»,- деді. Ол «Әрине, йа Раббым»,- деді. «Олай болса Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көп салауат айт» деп бұйырды. «Ей Мұса, қиямет күні шөлдемеуді

қалайсың ба?»,- деді. «Әрине, йа Раббым». «Олай болса Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көп салауат айт» деп бұйырды.

Пайғамбарымыз алейһиссалам былай деді:

«Қияметте барлық мақамда маған ең жақын болатындарың – дүниеде маған ең көп салауат айтқандарың. Жұма күні мен түнінде маған жүз салауат оқыған адамның Аллаһу та’ала жүз қажеттілігін береді. Олардың жетпісі ахирет істері, отызы дүниелік істері. Сосын Аллаһу та’ала бір періште арқылы бұл салауаттарды менің қабіріме әкеледі. Ол сендерге келген бір сыйлық сияқты болады. Періште маған салат жіберген адамның есімін, тегін және тайпасын білдіріп, жанымдағы ақ параққа оны жазып қояды. Менің қайтыс болғаннан кейінгі білуім тірі кезімдегі білуім сияқты болады.

Бейсенбі күні болғанда Аллаһу та’ала күміс дәптер мен алтын қаламдары бар періштелер жібереді. Бейсенбі күні мен жұма түнінде пайғамбарға көп салауат айтқандарды жазады.

Екі мұсылман кездесіп, мусафаха етіп, пайғамбарға салауат айтса, олар бір-бірінен бөлінбей тұрып бұрынғы және алдағы күнәлары кешіріледі.

Біреуің мешітке кірген кезде пайғамбарға сәлем берсін және «Йа Раббым! Мені шайтаннан сақта» десін.»

Бір риуаятта: **«Шығарда Аллаһумма инни әсәлукә мин фадликә» десін»** делінген.

Дұға етудің алдында Аллаһу та’алаға хамд және Расулуллаһқа салауат айтылмайынша дұға перде артында қалады. Алдында хамд пен салауат оқылған дұға қабыл болады.

Расулуллаһқа және әулетіне салауат оқымайынша дұға мен көктің арасында перде тұрады. Салауат оқылған кезде бұл перде жыртылып, дұға көкке көтеріледі. Оқылмаса, дұға кері қайтады.

Бір жиында Аллаһу та’аланың есімі және Расулуллаһқа салауат айтылмаса сол жердегілердің үстінде қамшы болады, қаласа оларды азаптайды, қаласа кешіреді.

Құлағы шыңылдаған адам мені ойлап, маған салауат айтсын.

Бір іске ниет еткен адам сол мәселе бойынша кеңессін. Аллаһу та’ала ісінде оған кемелдік ихсан етеді. Бір адам бір нәрсе айтқысы келіп ұмытып қалса, маған салауат айтсын. Өйткені, маған айтқан салауатында сол сөзінің жалғасы бар. Ол сөз еске түседі деп күтіледі.

Қайырлы бір іс Аллаһтың есімі мен маған салауат айтумен

басталмаса, ол шала және барлық берекесі кеткен іс болады.

Ислам ұлыларынан Әбу Хафс Қағыды қайтыс болғанда бір адам оны түсінде көріп, оған «Аллаһу та'ала сенімен қандай мәміледе болды?»- деп сұрады. «Маған рақымдылық жасап, кешіріп, жаннатқа кіргізді»,- деді. «Не себептен?» дегенінде «Мені періштелердің арасына тұрғызды. Күнәларым мен Расулуллаһқа салауатымды есептеді. Салауатым көп екен. Аллаһу та'ала оларға «Ей, періштелерім! Істерің бітті. Басқа есеп сұрамаңдар. Оны жұмаққа жіберіңдер»,- деді»,- деп жауап берді.

Сәләф-ус-салихиннен (Исламның алғашқы ғасырларында өткендерден) бірі айтады: «Бірге хадис үйреніп жүрген бір досым қайтыс болды. Түсімде оның жасыл жаннат киімін киіп жүргенін көрдім. Себебін сұрағанымда «Әр хадисте көрген Расулуллаһтың есімдерінің қасына «саллаллаһу алейһи уә сәлләм» деп жазатын едім. Хақ та'ала оның сыйын осылай берді»,- деді».

Сәләф дәуірінің тағы бірі былай айтып берген: «Бір (катиб) хадис жазушы көршім қайтыс болған еді. Оны түсімде көрдім. «Аллаһу та'ала сенімен қандай мәміледе болды?»- деп сұрадым. Ол кешіргенін айтты. Себебін сұрағанымда ол «Расулуллаһтың есімін жазған кезде «саллаллаһу алейһи уә сәлләм» сөзін қосып жазғандықтан»- деп жауап берді.

Әбу Сүләймән Дарани айтады: «Хадис жазғанда, оның мүбәрәк есімдерін жазған кезде «саллаллаһу алейһ» деп жазып, «уә сәлләм» сөзін жазбайтын едім. Түсімде оны көрдім. Маған: **«Ей Әба Сүләймән, хадисте есімімді жазған кезіңде салатпен бірге «уә сәлләм»-ді де қосып жаз. Ол төрт әріп. Әр әрпінде он сауап бар. Жазбасаң қырық сауаптан айырыласың деген сөз»-** деді. Тағы бір адамның да осындай әдеті бар еді. Оған да Расулуллаһ түсінде көрініп, **«Саған не болды, салауатты толық жазбайсың?»** деген.

Әбу Бәкір Сыддық: «Ұмытып қалудан қорыққан адам Расулуллаһқа көп салауат айтсын»- деген.

Салихтардың ұлыларының бірі болған Мұхаммед бин Саид бин Мутарриф айтады: «Әр түні жатар алдында белгілі мөлшерде салауат оқитынмын. Бір күні түсімде Расулуллаһ келіп, ішке кірді. Бөлмемнің іші нұрға толды. Сосын маған келіп «Кел, маған көп салауат оқыған мына аузыңнан сүйейін»,- деді. Мен аузымды тосуға ұялып, бетімді тостым. Ол сүйді. Оянып кеттім. Бөлмемнің иісі хош иіске аңқып тұр екен. Сегіз күн бойы бетімнен сол иіс кетпеді».

Сәләф дәуірі ұлыларының бірі болған Халлад бин Кәсир қайтыс болғанда адамдар оның басының астынан «Бұл Халлад бин Кәсирдің тозақтан құтылу құжаты» деп жазылған қағаз тауып алды. Туыстарынан «Оның амалы не еді?»- деп сұрады. Олар «Әр жұма сайын салауат айтатын»,- деді.

Шәйх Айнидің **«Зәйнул-мәжалис»** атты кітабында жазылған: Расулуллаһ **«Қиямет күні үш топ адам оның көлеңкесінен басқа көлеңке болмайтын Арштың астында тұрады.»** деп бұйырды. «Олар кімдер?» деп сұралғанда **«Олар үмметімді қиындықтан құтқарған, сүннетімді орындаған және маған көп салауат айтқан адамдар»**,- деді».

Шәйх Әбу Мұса Дарири айтады: «Теңізде дауылға тап болдық. Барлығы өлеміз деп қорқып жылауда еді. Сол кезде мені ұйқы қысты. Түсімде Расулуллаһ алейһиссаламды көрдім. Ол «Кемедегілерге айт, мың рет **«Аллаһуммә салли ала сәййидинә Мухаммәдин уә ала Али сәйидинә Мухаммәд, салатән тунжинә биһә мин жәмиил әһуали уәл афат уә тақди ләнә биһә жәмиәл хажат уә тутаххирунә биһә мин жәмиис-сәййиат уә тәрфәунә биһә индәкә аләд-дәрәжат уә тубәллиғунә биһә ақсал-ғаят мин жәмиил хайрати фил хайати уә бадәл мәмәт»** деп оқысын» деп бұйырды. Үш жүз рет оқығанымызда дауыл басылды, құтылдық. Бұл салауатты әр маңызды істе және әр бәледе, апатта, зілзалада оқуға кеңес берілді. Сенімді кітаптарда салауаттың қандай екендігі туралы қырықтан астам хадис жазылған. Кейбір салауаттар:

Аллаһумма салли ала Мухаммәдин уә алә али Мухаммәд, кәмә саллайтә алә Ибраһимә уә алә али Ибраһим, уә бәрик алә Мухаммәдин уә алә али Мухаммәд, кәмә барәктә алә Ибраһимә уә алә али Ибраһим, иннәкә хамидун мәжид.

Аллаһумма салли уә сәллим уә бәрик уәрхам алә сәййидинә Мухаммәдин һуә сәййид-ул Араби уәл Ажәм. Уә имами Мәккәт-ил мүкәррамәти уәл-Мәдинәт-ил мунауарати уәл харем. Алләм-әл инсанә маләм йә'ләм.

Аслүһу нурун уә нәслүһу Адәм. Бә'сүһу муаххарун уә халқүһу муқаддәм.

Исмүһ-уш шәрифу мәктубун аләл Ләух-ил махфузи бияк-ил қаләм.

Уә жисмүһ-уш шәрифу мәдфунун фил Мәдинәтил-мунауарати уәл харем.

Йә ләйтә әктәхилу тураббәлләзи тахт-әл қадәм.

Фә туба суммә тубә лимән дәа уә тәбиаһу уә лимән әсләмә сахибәш шәфаати лил аләмин.

Қаилән йа Рабби! Сәллим уммәти, уммәти уә умммәтә йазәл лутфи уәл кәрәм.

Фә йунәд-ил мунәди мин кибәл-ир Рахман, қабилту шәфаатәкә йа нәбиййәл мухтәрәм. Удхул-ул жәннәтә лә хауфун алейкум уә лә хузнун уәлә әләм.

Суммә радиаллаһу та'ала ан Әби Бәкрин уә Умәра уә Усманә уә Алийин зил-Кәрәм.

Уә саллаллаһу алә сәййидинә Мухаммәдин уәл хамду ләкә йа Рабб-әл аләмин.

Уә бихурмәти Сәйид-ил мүрсәлин.

ХИЛЙА-И САДЕТ

Есімдері мен күниелері

Сүйікті пайғамбарымыздың ең көп айтылатын есімі – Мұхаммед. «Өте көп мадақталған», «айрықша ұнатылған» деген мағыналарға келеді. Бұл есім Құран кәрімде Али Имран, Ахзаб, Фәтх және Мұхаммед сүрелерінің кезегімен 144, 40, 29 және 22-ші аяттарында төрт рет айтылады. Саф сүресінің 6-шы аятында хазреті Исаның үмметіне **«Хақ та'аланы көп мақтаған, мадақтаған»** мағынасын беретін «Ахмед» деген есіммен хабар берілгендігі туралы айтылады. Құран кәрімде Мұхаммед және Ахмед есімдерінен басқа Махмуд, Расул, Нәби, Шаһид, Бәшир, Нәзир, Мубәшшир, Мүнзир, Даи-и илаллаһ, Сирадж-ы мунир, Рауф, Рахим, Мусаддық, Музәккир, Муддәссир, Абдуллаһ, Кәрим, Хақ, Мунир, Нур, Хатәмун-нәбийин, Рахмет, Нимет, Хади, Таха, Ясин... деп те айтылған. Бұлардан басқа мүбәрәк есімдерінің біразы Құран кәрімде, біразы хадис шәрифтерде, біразы бұрынғы пайғамбарларға жіберілген қасиетті кітаптарда айтылған.

Пайғамбарымыздың есімдері кейбір хадистерінде Махи, Ақиб, Мукаффи, Нәбиййур-рахмә, Нәбиййут-тәубә, Нәбийй-ул-мулахим, Қаттал, Мутәууәкил, Фатих, Хатәм, Мустафа, Умми, Қусәм (барлық жақсылықты өз бойына жинаған) есімдері де кездеседі.

Бір хадис шәрифте пайғамбарымыз: **«Маған тиесілі бес есім бар: Мен Мұхаммедпін, Мен Ахмедпін, Мен Махимін, Аллаһу та'ала мен арқылы күпірлікті жояды. Мен Хаширмін, халық қиямет күні менің ізіммен жиналады. Мен Ақибпін, менен кейін пайғамбар жоқ»** деген.

Сүйікті пайғамбарымызға хазреті Хадишадан туған және кішкентай кезінде қайтыс болған баласы Қасымға байланысты «Әбул Қасым» деген лақап ат берілген. Сондай-ақ, пайғамбарлығынан бұрын ондағы турашылдық, сенімділік, шыншылдық сияқты шексіз асыл қасиеттеріне байланысты Құрайыш тайпасының арасында Әл-Әмин деп те аталған.

Расулуллаһтың Құран кәрімде өткен есімдерінің бірі Құран кәрімнің жүрегі болып саналатын Ясин сүресіндегі «ясин» сөзі. Уләма-и расихин деген ғалымдар қатарынан болған Сәййид Абдулхаким Аруаси хазреттері: «Ясин – "Ей менің махаббат дариямның жүзушісі болған хабибім (сүйіктім)" деген сөз.»- деген.

Пайғамбарымызды мадақтаған түрлі-түрлі жырлар, өлеңдер, сонымен қатар оған арналып көптеген еңбектер жазылған. Бұлардың ішінде атақтары жер жарған, аттары ғасырдан ғасырға тараған атақты адамдардың өздері, Расулуллаһты мадақтамауға дәрменсіз екендерін баян еткен. Оны көріп көркемдігіне ғашық болғандар тілдері бұралғанға дейін айтуға тырысқан және ол көркемдікті айтып беруге адам баласының күші жетпейді деген.

Хилйа-и саадет

Пайғамбарымыз алейиссаламның түр-келбетінің, көрінісінің сипатталуы **хилйа-и саадәт** деп аталады.

Ислам ғалымдары Мұхаммед алейһиссаламның көрінетін барлық мүшелерін, келбетін, қасиеттерін, көркем мінезін және өмірінің барлық сәттерін ашық түрде дәлелдерімен қосып жазған. Бұл мәліметтер пайғамбарымыздың өзінің сөздері болған хадис шәрифтерден және сахабаларының білдірген хабарларынан жиналған. Бұларды қамтитын туындылар **сияр** кітаптары деп аталады. Мыңдаған сияр кітаптарының ішінде пайғамбарымыздың хилйа-и саадетін сипаттайтын ең атақты кітаптар Имам Тирмизидің **«Әш-шәмәил-ур-расул»** және Қазы Ияздың **«Шифа-и шәриф»** атты кітаптары, Имам Бәйһақидың және Әбу Нуайм Исфаханидың

«Дәләил-ун-нубууә», сондай-ақ Имам Қасталани хазреттерінің **«Мәуахиб-и Ләдуннийә»** атты шығармалары болып табылады.

Хадис шәрифтерде және сахабалар көрсеткен хабарларда пайғамбарымыздың хилйа-и саадеті былай суреттеледі:

Пайғамбарымыздың мүбәрәк жүзі мен барлық мүшелері және дауысы барлық адамдардың жүздерінен, мүшелерінен, дауыстарынан көркем болатын. Мүбәрәк жүзі біраз дөңгелек болатын, ол қуанғанда айдай нұрланатын. Қуанғаны мүбәрәк маңдайынан белгілі болатын. Расулуллаһ алейһиссалам күндіз қалай көрсе, түнде де солай көретін. Алдындағыларды көргені сияқты бұрылмай-ақ артындағыларды да көре алатын. Жанына немесе артына қарайтын болса, бүкіл денесімен бұрылып қарайтын. Жерге көктен көп қарайтын. Мүбәрәк көздері үлкен, кірпіктері ұзын болатын. Мүбәрәк көзінде бір қызыл белгі бар болатын. Көзінің қарашығы қап-қара болатын. Түнде көзіне сүрме жағатын. Пайғамбарымыздың маңдайы ашық еді. Мүбәрәк қастары жіңішке және арасы ашық болатын. Екі қасының арасындағы тамыр ызаланғанда білеуленіп шығатын. Мүбәрәк мұрны әдемі, ортасы биіктеу еді. Мүбәрәк басы үлкен болатын. Мүбәрәк аузы кішкентай емес еді. Мүбәрәк тістері ақ, алдыңғылары сирек болатын. Сөйлеген кезде тістерінің арасынан нұр төгілгендей болатын. Аллаһу та'аланың құлдарының арасында одан асқан сөзі анық және тәтті адам жоқ. Мүбәрәк сөздері түсінуге оңай, көңілдерді аулап, рухтарды тартатын. Сөйлеген кезде сөздері маржандай тізілетін. Сөзін санауға болатын еді. Кейде түсінікті болу үшін айтқандарын үш рет қайталайтын. Адамдар жұмақта Мұхаммед алейһиссалам сияқты сөйлейтін болады. Мүбәрәк дауысы ешкімнің дауысы жетпейтін жерге жететін.

Расулуллаһ саллаллаһу алейһи уә сәлләм жылы жүзді болған. Жымиып күлетін және мүбәрәк алдыңғы тістері көрінетін. Күлген кезде нұры қабырғалардан шағылатын. Жылағаны да күлгені сияқты жеңіл болатын. Қарқылдап күлмейтін, айқайлап жыламайтын. Ал қайғырғанда мүбәрәк көзінен жас ағып, мүбәрәк кеудесінің дауысы естілетін. Үмметінің күнәсін ойлағанда, Аллаһу та'аладан қорқынышынан және Құран кәрімді тыңдағанда және кейде намаз оқығанда жылайтын.

Пайғамбарымыздың мүбәрәк саусақтары ірі және мүбәрәк қолдары етті еді. Мүбәрәк алақаны кең болатын. Денесінің иісі хош иісті болатын. Мүбәрәк денесі әрі жұмсақ әрі күшті еді. Әнәс бин Малик айтады: «Расулуллаһқа он жыл қызмет еттім. Мүбәрәк

қолдары жібектен жұмсақ болатын. Мүбәрәк денесі мускустан да, гүлден де хош иісті еді. Мүбәрәк қолы, аяғы, саусақтары ұзын еді. Мүбәрәк аяғының саусақтары ірі, асты қатты биік емес және жұмсақ еді. Мүбәрәк қарны кең және кеудесімен бір деңгейде еді. Кең иықты, кең кеуделі еді. Пайғамбарымыздың жүрегі назаргахи илаһи (Аллаһтың назар салатын жері) еді.

Расулуллаһ алейһиссалам ұзын бойлы да, қысқа бойлы да емес-тін. Қасына ұзын адам келсе, одан ұзын болып көрінетін. Отырған кезде мүбәрәк иығы отырғандардың барлығынан биік болып көрінетін.

Мүбәрәк шашы мен сақалы аса бұйра да емес, аса тегіс те емес еді, толқынды (ирелең) болатын. Шашы ұзын болған, бұрындары кекіл қоятын болған, кейіннен екіге жаратын болды. Мүбәрәк шашын кейде өсіретін, кейде қырқып, қысқартатын. Шашы мен сақалын боямайтын. Қайтыс болған кезінде шашы мен сақалында ағарғандарының саны жиырмадан аз болатын. Мүбәрәк мұртын қысқартатын. Мұртының ұзындығы мен пішіні мүбәрәк қасындай болатын. Қол астында жеке шаштаразы болды. Расулуллаһ саллаллаһу алейһи уәсәлләм мисуак пен тарағын жанынан тастамайтын. Мүбәрәк шашы мен сақалын тараған кезде айнаға қарайтын. Расулуллаһ алейһиссалам алдына ғана қарап, жылдам жүретін. Оның бір жерден өткендігі оның хош иісінен белгілі болатын. Расулуллаһ алейһиссалам араб еді. Қызыл мен ақ араласқан реңді, көркем, нұрлы, сүйкімді болатын. Пайғамбарымызды қара деген адам кәпір болады.

«Араб» сөзі сөздікте «әдемі» дегенді білдіреді. Мысалы, «лисан-и араб» - «әдемі тіл» деген сөз. Терминдік мағынасы, яғни жағрапия тілімен араб деген сөз - Арабстан түбегінде туып-өскен, сол жердің ауасымен, суымен, азығымен қоректеніп өскен және солардың тегінен шыққан адам дегенді білдіреді. Анатолиядағылардың түрік, Болгариядағылардың болгар, Алманиядағылардың неміс деп аталатыны секілді Расулуллаһ алейһиссалам да Арабстанда туылғандықтан араб болып табылады. Араптар аққұба, бидай өңді болады. Әсіресе пайғамбарымыздың тегі аққұба өңді және көркем жүзді болған. Аталары Ибраһим алейһиссалам да аққұба болған. Ол Басра қаласының тұрғыны Тарух деген аққұба бір мүминнің ұлы болатын. Кәпір болған Азер Ибраһим алейһиссаламның әкесі емес, көкесі және өгей әкесі еді.

Сүйікті пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһтың көркемдігі Мысырға дейін таралып, маңдайындағы нұрға байланысты екі жүзге жуық қыз оған тұрмысқа шығу үшін Меккеге барған. Бірақ, Мұхаммед алейһиссаламның нұры хазреті Әминаға нәсіп болды.

Көкесі Аббас пен Аббастың ұлы Абдуллаһ та аққұба өңді болған. Пайғамбарымыздың қияметке дейінгі әулеті көркем және аққұба болады.

Расулуллаһтың сахабалары да аққұба, көркем болған. Осман радиаллаһу анһ сарғыш реңді болған. Пайғамбарымыздың грек императоры Гераклиус үкіметіне жіберген адамы Дыхие Кәлби өте сұлу кісі еді. Ол көшеден өтсе, грек қыздары оны көруге көшеге шығатын. Жәбрейіл алейһиссалам пайғамбарымызға көбінесе Дыхиенің (радиаллаһу анһ) кейпінде келген.

Мысыр, Шам, Африка, Сицилия және Испанияның жергілікті тұрғындары араб емес. Араптар Исламды тарату үшін Арабстан түбегінен шығып сол жерлерге дейін барғандықтан қазіргі таңда араптар ол жерлерде де бар. Сонымен қатар Анадолуда, Үндістанда және басқа мемлекеттерде де бар. Бірақ, бұл елдердің ешқайсысының тұрғынын араб деп атау дұрыс болмайды.

Мысыр тұрғындарының реңі қараторы болып келеді. Хабәшстан тұрғындарының реңі қара болады. Олар хабәш (эфиоп) деп аталады. Зенгибардың тұрғындары негр деп аталады. Олар да қара. Пайғамбарымыздың туыстарын, немерелерін жақсы көру және құрметтеу – ғибадат болып табылады. Оларды барлық мұсылмандар жақсы көреді. Анадолуға қонаққа келген қара реңді адамдар, эфиопиялықтар мен негрлер құрметке ие болу үшін өздерін араб деп танытатын еді. Анадолуның аққөңіл мұсылмандары олардың сөздеріне сеніп, оларды жақсы көріп, құрметтеген. Өйткені, бұл сүйіспеншілікте қара-ақ деп бөлушілік жоқ еді. Қара реңді мұсылман ақ реңді кәпірден қаншама есе үстем, құнды және қалаулы болады. Адамның қара болуы оның иманының абыройын түсірмейді. Біләл Хабәши хазреттерімен Расулуллаһ қатты жақсы көретін хазреті Усамә қара болатын. Жамандықтары және жиіркеніште қылықтарымен танылған Әбу Ләхәб пен Әбу Жәһл деген кәпірлер ақ реңді болатын. Аллаһу та’ала адамның түр-түсіне емес, иманының қуаттылығына, тақуалығына мән береді. Бірақ, қаралардың өздерін араб деп танытулары Ислам дұшпандарының, яһудилердің пайдасына жарады. Бір жағынан қара адамдарды төмен және жиреніште етіп танытты.

Оларды құл ретінде қолданды. Бір жағынан қара мысықтарды, иттерді «Арап, арап» деп шақырып, газет-журналдарға жариялаған қара сурет немесе карикатураларды арап деп атап, жастарға арабты қара деп танытуға, осылайша, мұсылман балаларын пайғамбарымыздан алыстатуға тырысты.

Жақсы мінездердің барлығы сүйікті пайғамбарымыздың бойына жиналған еді. Жақсы мінездері кәсби, яғни кейіннен еңбектеніп қол жеткізілген емес, оған Аллаһу та’ала тарапынан берілген уәхби қасиеттер еді. Пайғамбарымыз бір мұсылманның есімін атап ешқашан лағынет етпеген және мүбәрәк қолымен ешкімді ұрмаған. Аллаһ үшін кек қайтарған, бірақ өзі үшін ешкімнен ешқашан кек алмаған. Туыстары, сахабалары және қызметшілеріне қарапайымдылық танытып, жақсы мәміледе болған. Үй ішінде өте кішіпейіл, жылы жүзді еді. Ауырған адамдардың көңілін сұрап, қайтыс болған адамдардың жаназасына баратын. Сахабаларының жұмыстарына көмектесіп, олардың балаларын құшағына алатын. Бірақ, сонда да жүрегі бұлармен әуре болмайтын. Мүбәрәк рухы періштелер әлемінде болатын.

Пайғамбарымызды кенеттен көрген адамды үрей билейтін. Өзі жылы қабақ танытпаса, пайғамбарлық халдеріне байланысты ешкім оның қасында отыра алмас еді, сөзін тыңдауға шыдай алмас еді. Алайда, ол ибалылығынан ешкімнің бетіне тіктеп қарамайтын. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамдардың ең жомарты болатын. Біреу бір нәрсе сұраса, ешқашан жоқ демеген. Сұралған нәрсе бар болса беретін, жоқ болса жауап бермейтін. Жақсылықтарының көптігі соншалық, грек императоры, Иран патшалары мен ешқандай билеуші оның жасаған жақсылығын жасай алмас еді. Бірақ, өзі қиындықпен өмір сүргенді қалайтын, ішіп-жеу туралы ойламайтын. «Тамақ әкеліңдер жейік» немесе «Мынадай тамақ пісіріңдер» демеген. Тамақ әкелсе жейтін, қандай жеміс берсе де қабылдайтын. Кейде айлар бойы аз жеп, аш жүргенді ұнататын. Кейде көп жейтін. Тамақтан кейін су ішпейтін. Суды отырғанда ішетін. Басқалармен бірге тамақ жегенде қолын бәрінен соң созатын. Барлық адамның сыйлығын қабылдайтын. Сыйлық әкелген адамға бірнеше есе артық қылып қайтаратын.

Әр түрлі киімдер кию әдеті еді. Шет елдерден адам келсе сәнденіп, бағалы киімдер киіп, көркем жүзін көрсететін. Агат тасынан күміс жүзік тағатын және мөр ретінде қолданатын. Жүзігінің бетінде

«Мұхаммәдун Расулуллаһ» деген жазу бар болатын. Төсегі теріден тігілген, ішіне құрма ағашының талшықтары салынған еді. Кейде осы төсегіне, кейде жерге төселген теріге, кейде қамыс төсеніш үстіне, кейде құрғақ топыраққа жататын. Мүбәрәк алақанын оң жағының астына қойып, оң жағына қарап жататын. Зекет малын алмайтын, шикі пияз және сарымсақ сияқты нәрселерді жемейтін және өлең айтпайтын.

Пайғамбарымыз алейһиссаламның мүбәрәк көзі ұйықтаса да, жүрегі ұйықтамайтын. Аш жатып, тоқ оянатын. Ешқашан есінемейтін. Мүбәрәк денесі нұрлы болатын, көлеңкесі жерге түспейтін. Киіміне шыбын қонбайтын, маса және басқа да жәндіктер оны шақпайтын. Аллаһу та'ала тарапынан Расул (елші) екендігі білдірілгеннен кейін шайтандар көкке шығып, хабар ала алмайтын, көріпкелдер ғайыптан хабар айта алмайтын болды. Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уә сәлләм біз білмейтін бір өмірмен қазір өмір сүруде. Денесі ешқашан шірімейді. Қабірінде бір періште тұрады, үмметінің айтқан салауаттарын оған хабарлап тұрады. Мінбері мен қабірінің арасы Рауда-и мутаххара деп аталады. Бұл жер жаннат бақшаларының бір бақшасы. Қабірін зиярат ету ғибадаттардың ең қадірлісі болып табылады.

Пайғамбарымыздың көркемдігін ұлы сахабалар былай айтады:

Әбу Хурайра хазреттері: «Расулуллаһтан асқан көркем адам көрмедім, жүзі күндей жарқырап тұратын. Күлген кезінде тістері қабырғаға сәуле шашатын»- деген.

Ибни Әбу Халә: «Пайғамбарымыздың мүбәрәк жүзі айдың он төрті сияқты жарқырайтын»,- деді.

Хазреті Әли: «Оны кенеттен көрген адам оның айбаттылығынан тайсалатын. Онымен сөйлесіп, таныған адам лезде жүрегі жылып, оны жақсы көре бастайды»,- деді.

Жабир бин Сәмурә: «Расулуллаһ мүбәрәк қолымен бетімді сипады. Қолынан иіссу сатушылардың сөмкесінен қолын жаңадан шығарған кезіндегі иісті сездім. Расулуллаһ біреумен қол алысып амандасқан болса, ол адамның қолынан сол күні сол хош иіс кетпей тұратын»,- деді.

Хазреті Айша: «Расулуллаһ бір баланың басын сипаса, басқа балалардың ішінде сол бала хош иісімен ерекшеленіп тұратын» дейді.

Расулуллаһ саллаллаһу алейһи уә сәлләм бір күні үйінде ұйықтап жатқан болатын. Әнәс бин Маликтің анасы Үммү Суләйм келді.

Расулуллаһ алейһиссаламның ұйықтап жатқанында мүбәрәк жүзінен тер тамшылары көрініп тұрды. Үммү Суләйм пайғамбарымыздың тер тамшыларын жинай бастады. Оянып, себебін сұрағанда пайғамбарымыздың нағашы әпкесі болған Үммү Суләйм: «Оны үйде иіс суларымызға қосамыз. Сіздің теріңіз – ең хош иіс»,- деді.

Әбу Хурайра: «Расулуллаһтан тез жүретін адамды көрмедім. Құдды жер жылжып жатқандай болатын. Онымен бірге жүргенде біз бар күшімізбен жүріп, қиналатынбыз»,- деді.

Пайғамбарымыз өте әсем сөйлейтін. Сөзін неден бастап, немен аяқтауды өте жақсы білетін. Сөздері анық, ашық, айқын және шешендік сипатта болатын. Оның сөздерінен мағынаның дұрыстығы әрқашан байқалып тұратын, түсіндіре білу қабілеті жоғары болғандықтан сөйлегенде шаршамайтын.

Пайғамбарымыздың көркемдігі

Улама-и расихин деп аталатын, захир және батын ілімдерінде маман және пайғамбарымыздың мұрагері болған ұлы Ислам ғұламалары оны барлық көркемдігімен көріп, ғашық болған. Олардың басында Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһ) келеді. Ол Расулуллаһтағы пайғамбарлық нұрын көріп, оның артықшылығын, көркемдігін және үстемдігін түсініп, ғашық болғаны соншалық, бұл мәселеде оған ешкім жете алмаған. Хазреті Әбу Бәкір барлық сәтте, барлық қараған нәрсесінен Расулуллаһты көретін. Бірде бұл жағдайын «Йа Расулаллаһ! Қайда қарасам да сізді көремін» деп білдірген. Бір жолы да «Барлық жақсылықтарымды сіздің бір қателігіңізге айырбастай алсам ғой»- деген. Расулуллаһ алейһиссаламның көркемдігіне куә болып, оны сипаттағандардың бірі хазреті Айша анамыз болды. Хазреті Айша ғалым, мүжтәһид, ақылды, зерек, әдепті болған. Өте шешен және анық сөйлейтін. Құран кәрімнің мағыналарын, халал мен харамды, араб өлеңдері мен есеп ғылымын өте жақсы білген. Расулуллаһты мадақтайтын өлеңдері бар. Мына екі өлеңді хазреті Айша анамыз айтқан:

«Уә ләу сәмиу фи
Мысрә әусафе хаддиһи;
Ләмә бәзәлу фи сәуми
Юсуфә мин нақдин.

Ләуимә Зәлихә ләу
Рәәйнә жәбинәһу,
Лә асәрнә билқатил
Қулуби аләл әиди».

Аудармасы:

«Егер Мысырдағылар оның (пайғамбарымыздың) жүзінің көркемдігін естігенде (сұлулығы аңызға айналған) Юсуф алейһиссаламға еш ақша бермес еді. Яғни, барлық мүліктерін оның жүзін көру үшін жинар еді. Зылиханы «Юсуф алейһиссаламға ғашық болды» деп жамандаған әйелдер Расулуллаһтың нұрлы жүзін көргенде, қолдарының орнына жүректерін кесер еді, ауырғанын сезбес еді».

Хазреті Айша анамыз былай дейді: «Бір күні Расулуллаһ аяқ киімінің бауын шығарып жатыр еді. Мен жіп иіріп отырған болатынмын. Мүбәрәк жүзіне қарадым. Жарқыраған маңдайынан тер тамшылап тұр еді. Тердің әр тамшысы айналаға нұр шашып, көздерімді шағыстырды. Таңырқап тұрып қалдым. Ол маған қарап, **«Неге таңырқап тұрсың, саған не болды?»**- деді. «Йа Расулаллаһ! Мүбәрәк жүзіңіздегі жарқыраған нұрға және мүбәрәк маңдайыңыздағы тер тамшыларының төккен сәулесіне қарап, есімнен айрылып тұрмын»- дедім. Ол тұрып қасыма келді. Көздерімнің арасынан сүйіп: **«Йа Айша! Аллаһу та'ала саған жақсылықтар нәсіп етсін! Мені қуантқаныңдай сені қуанта алмадым»-** деді. Яғни сенің мені қуантуың, менің сені қуантқанымнан көп деді. Хазреті Айшаның мүбәрәк көздерінің арасынан сүюі Расуллуллаһты жақсы көріп, оның көркемдігін сезініп көргендігінен. Сол себептен бұл әрекеті мақұлданып, мадақталған.

Расулуллаһ алейһиссаламның мүбәрәк денесіндегі жасырын әсемдікті көрсететін сұлулықтары басқа ешкімде кездеспейді. Имам Қуртуби: «Расулуллаһтың көркемдігі айналасындағыларға толық көрінбеген. Егер шынайы көркемдігі көрінгенде сахабалар оған қарауға шыдай алмайтын еді. Егер шын әсемдігін көрсетсе, ешкім қарап тұруға шыдамас еді»- дейді.

Юсуф алейһиссалам адамдарға ашық сұлулығымен, ал пайғамбарымыз жасырын сұлулығымен көрінді. Юсуф алейһиссаламның дидары көрінгенде қолдар кесілді. Пайғамбарымыздың кемелдігімен поптардың белдіктері кесілді, пұттар қиратылды, күпірлік бұлттары ыдыратылды.

Сахабалар (радиаллаһу анһум) пайғамбарымыздан: «Йа Расулаллаһ! Сіз көркемсіз бе, әлде Юсуф алейһиссалам көркем бе?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Бауырым Юсуф менен сұлу, мен одан сүйкімдімін. Оның көрінетін сұлулығы менің көрінетін сұлулығымнан көп»**- деді.

Пайғамбарымыз бір хадис шәрифінде **«Аллаһу та'аланың жіберген барлық пайғамбары жылы жүзді, әсем дауысты болған. Сендердің пайғамбарларын олардың ең жылы жүздісі және әсем дауыстысы»-** деді.

Расулуллаһ алейһиссаламның Құран кәрімде аталған есімдерінің бірі – Құран кәрімнің жүрегі болып саналатын Ясин сүресіндегі «Ясин» сөзі. Уламаи расихин ғалымдарынан болған Сәййид Абдулхаким Аруаси: «Ясин, "Ей менің махаббат дариямның сүңгуірі болған сүйіктім" деген мағынаны береді»- деген. Бұл дарияның атын естігендер, алыстан көргендер, жақын барғандар, ішіне түсіп нәсіп еткеніндей терең сүңгігендердің барлығы өмірлерінің барлық кезеңінде Расулуллаһқа деген ғашықтық сезіміне бөленіп, көз жастарын төге отырып, әсерлі сөздермен осы сезімдерін жеткізген. Солардың ішіндегі ең үстемі және атақтыларының бірі және осы махаббат дариясында үлкен үлесі бар адам – Мәулана Халид Бағдади хазреттері болып табылады. Ол Расулуллаһқа деген махаббат пен ғашықтық сезімін өлеңге қосып жырлаған.

Пайғамбарымызды мадақтайтын бөлек-бөлек жазылған өлеңдер мен мақтауларға қоса, Ол туралы көптеген шығармалар жазылған. Оларды жазғандардың ішінде атағы мен туындылары бүкіл әлем мен ғасырларды қаптағандарының өзі пайғамбарымызды мадақтауда әлсіз екендіктерін айтқан. Оны көріп сұлулығына ғашық болғандар тіл байлықтарының жеткенінше суреттеуге тырысқан, бірақ барлығы бірауыздан ол сұлулықты суреттеуге адам баласының күші жетпейтінін айтқан. Ислам ғалымдарының кітаптарында сол ғашықтардың жүздеген баяндаулары берілген. Оларды оқығандар Аллаһу та'аланың сүйікті пайғамбарын ақыл алмайтындай дәрежеде және адам қарап тоя алмайтындай сұлулықта жаратқанын сол сәтте-ақ түсінеді. Көрмесе де оған көңілдері ауады. Хабибуллаһқа ғашық болғандар әр тынысында, әр демінде оған деген сүйіспеншіліктің дәмін сезінеді. Айға әр қарағанда оның көздерінен келген сәуленің шағылысын іздеп ләззат алады.

Әнәс бин Маликтен риуаят етілген бір хадис шәрифте: **«Ешкім мені өзінен, балаларынан да, әкесінен де және барлық жаратылған нәрседен де артық сүймегенше толық иман келтірген болып саналмайды»** делінген.

Бір күні хазреті Омар пайғамбарымызға «Йа Расулаллаһ! Аллаһу та'алаға ант етемін, мен үшін жанымнан басқа барлық нәрседен артықсыз»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Сендердің бірің мені жанынан артық көрмейінше иман еткен болып саналмайды»,-** деді. Осыдан соң хазреті Омар «Йа Расулаллаһ! Сізге Құран кәрімді жіберген Аллаһу та'алаға ант етемін, сіз мен үшін жанымнан да артықсыз» дегенінде **«Ей, Омар! Енді** (толық) **болды»** деген.

Бір адам пайғамбарымызға барып, «Ей Аллаһу та'аланың Расулы! Қиямет қашан болады?»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Қиямет үшін не дайындадың?»**- деп сұрады. Ол адам: «Көп намаз оқып, ораза тұтып, садақа беріп қияметке дайындалмадым. Бірақ, мен Аллаһу та'аланы және оның Расулын жақсы көремін»,- деді. Сонда оған пайғамбарымыз: **«Адам сүйгенімен бірге болады»,-** деді.

Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін одан айрылғанына шыдай алмаған Білал Хабәши (радиаллаһу анһ) Мәдинада жүре алмай Шам қаласына кеткен еді. Сол жерде біраз уақыт қалғаннан кейін бір түні түсінде пайғамбарымыздың оған: «Мені зиярат етпейсің бе, йа Білал?»- дегенін көріп, оянғаннан кейін дереу Мәдинаға қарай асықты. Мәдина-и мунауәраға келгенде ешқайда бұрылмай тура пайғамбарымыздың қабри шәрифіне бет алды. Үлкен құрмет және тағзыммен қабірдің қасына келген Білал Хабәши (радиаллаһу анһ) Расулуллаһпен өткізген сол бақытты күндерін еске алып сағыныш көз жастарын төкті. Қабір басында ұзақ уақыт жылап отырды. Расулуллаһтың немерелері хазреті Хасан мен хазреті Хусейннің өтініштерін қайтара алмай бір күні таң намазы үшін азан оқи бастады. Пайғамбарымыз дәуірінде күнде бес рет Мәдина аспанын жаңғыртып тұрған таныс дауыс бүкіл мәдиналықтарды толғандырып, үйлерінен көшеге тартып шыққан еді. Нұрлы Мәдина халқы сүйікті пайғамбарымыз Расулуллаһ заманын еске салған Білал Хабәшидің (радиаллаһу анһ) оқыған азанының әсерінен жыласты. Хазреті Білал Хабәши де өзін ұстай алмай жылағандықтан азанды әрең бітіре алды.

Расулуллаһты сүю барлық мұсылмандар үшін фарзи-айн болып табылады. Оған деген махаббат бір көңілге орныққа исламмен өмір сүру, иман мен исламның ләззатына, тойылмайтын рахатына

еру өте оңай болады. Бұл махаббат екі дүниенің Мырзасына толық мойынсұнуға себеп болады. Бұл махаббат арқылы Аллаһу та'аланың сүйікті пайғамбарына берген шексіз және айтып түсіндіру мүмкін болмаған нығметтерге және берекеге қол жеткізуге болады. Үлкенді-кішілі барлық мұсылманды тікелей Расулуллаһтың сүйіспеншілігіне апаратын әһли сүннет ғұламалары мен олардың кітаптары осы берекенің құжаты болып табылады.

Расулуллаһтың мүбәрәк есімін айтқан немесе естіген мұсылманның Расулуллаһтың сұхбатында отырғандай үнсіздікпен, әдеппен көңіл және денемен құрмет ете отыруы уәжіп болады.

Пайғамбарымыздың сөздерінде және істерінде кездесетін бір нәрсені оның атағын көтеретіндей бір нәрсемен дәріптеу оған деген тағзым мен құрметті білдіреді. Адамдар арасында төмен дәрежеде қолданылатын сөздерді пайғамбарымызды сипаттауда қолданбау да оған деген тағзым болып табылады.

Мысалы, пайғамбарды кедей деуге болмайды. Шопан деуге болмайды. «Расулуллаһ ана нәрсені жақсы көретін еді» делінген кезде «Ал мен оны ұнатпаймын» деп айтпау да оған деген құрмет болып саналады. Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уәсәлләмнің: **«Мен сүйеніп отырып тамақ жемеймін»**- деген сөзіне қарата «Ал мен сүйеніп жеймін» дегеннен кейін қасарыса істегендей бір нәрсеге сүйеніп отырып немесе жанбастап тамақ жеу дұрыс болмайды. Бұларға мән беру де Расулуллаһқа деген құрмет болып саналады. Бұларды менсінбейтінін көрсету мақсатымен әдейі құрметсіздік ету күпірлікке жол ашады.

Құран кәрімнің және хадис кітаптарының үстіне басқа кез-келген кітап немесе басқа бір зат қоймау да Аллаһу та'ала мен Расулына тағзым болып саналады. Олардың үстіндегі шаңды сүрту, Аллаһу та'аланың есімі немесе Расулуллаһтың есімі жазылған парақты жерге тастамау да Аллаһу та'ала мен Расулына деген құрметті білдіреді.

Мұндай қағаздарды жыртуға болмайды. Ислам әріптерімен жазылған қағаздарға да көп құрмет көрсету керек. Егер ішінде Аллаһу та'аланың есімі мен аяттары бар кітаптар мен парақтар ескіріп жыртылса, оларды таза матаға орап, топыраққа көму қажет немесе сумен жуып, бетіндегі жазуларды өшіру керек немесе жағу керек. Жағылатын болса, күлін топыраққа көму керек. Жағу жазуды жуып кетіргеннен жақсырақ. Өйткені, жуғанда қолданылатын су аяқ асты болуы мүмкін.

Расулуллаһтың харемі (гаремі, ордасы) болған Мәдина-и мунауууәра қаласына тағзым мен құрмет көрсету ол жерде тыйым салынған нәрселерден (немесе күнә істеуден) тыйылу және Мәдина-и Мунауууәра халқына сый-сияпат көрсету Расулуллаһқа деген құрмет болып есептеледі.

ҮСТЕМДІКТЕРІ
Өнегелі мінез-құлқы

Аллаһу та'ала сүйікті пайғамбарына саллаллаһу алейһи уә сәлләм берген игіліктері мен ихсандарын айтқан кезде, оны ең жақсы, ең көркем мінездермен безегенін айтып, **«Сен жақсы мінезді болып жаратылдың»** деген. Хазреті Икримә былай дейді: «Абдуллаһ ибн Аббастан естідім. Бұл аят кәримәдағы «**хулуқы азим»,** яғни жақсы мінездер Құран кәрімнің білдірген мінездері болып табылады. Аят кәримәда **«Сен хулуқы азим бойынша жаратылдың»** (Қалам сүресі, 4) делінген. Хулуқы азим – Аллаһу та'аламен сырлас болу, ал адамдармен жақсы мінезді болу дегенді білдіреді. Көптеген адамның ислам дініне кіруіне Расулуллаһтың көркем мінезі себеп болған.

Сөздері жағымды, тәтті болатын, көңілдерді жаулап алып, рухтарды бағындыратын. Ақылдылығы соншалық, Араб түбегінде қатал, қыңыр адамдар арасында туылып, өте жақсы басқарып, олардың көрсеткен жәбірлеріне сабыр етіп, оларды жұмсартып, бағындырды. Көпшілігі діндерін тастап, мұсылман болды және ислам жолында өз әкелеріне, өз балаларына қарсы соғысты. Оның жолында мал-мүліктерін, отандарын құрбан етіп, қандарын төкті. Негізінде олар мұндай істерге әдеттенген емес-тін. Пайғамбарымыздың мінезі, жұмсақтығы, кешірімшілдігі, сабырлылығы, игілігі, ихсаны барлық адамды таң қалдыратын. Оны көріп, сөздерін естігендер өз еріктерімен қуана-қуана мұсылман болатын. Ешқандай әрекетінде, ешқандай ісінде, ешқандай сөзінде, ешқашан, ешқандай жаман нәрсе, ешқандай кемшілік байқалмаған. Өзіне қатысты мәселеде ешкімге ренжімейтін, бірақ дін дұшпандарына, дінге тіл мен қол тигізгендерге қарсы қатал болған.

Мұхаммед алейһиссаламның мыңдаған мұғжизасы көрілген, мұны дос та дұшпан да айтқан. Бұл мұғжизалардың ең құндысы - әдепті

және көркем мінезді болуы еді. Әбу Саид Худри хазреттері былай дейді: «Расулуллаһ саллаллаһу алейһи уә сәлләм малға шөп беретін. Түйені байлайтын. Үйін сыпыратын. Қойын сауатын. Аяқ киімінің жыртылған жерін өзі тігетін, киімін де өзі жамайтын. Қызметшісімен бірге отырып тамақтанатын. Қызметшісі диірмен тартып, шаршаған кезде оған көмектесетін. Базардан керекті заттарын алып, дорбаға салып, үйіне әкелетін. Кедей-бай, үлкен-кіші кезкелген адаммен кездесіп қалған кезде олардан бірінші болып сәлем беретін. Олармен амандасу үшін мүбәрәк қолын бірінші болып созатын. Құлға, беделді адамға, мырзаға, қара адамға, ақ адамға, барлығына тең қарайтын. Кім шақырса да шақырылған жерге баратын. Алдына қойылған нәрсені аз болса төмен санамайтын. Кештен азанға, азаннан кешке тамақ алып қоймайтын. Өте жақсы мінезді еді. Жақсылық жасағанды жақсы көретін, барлық адаммен жақсы байланыс жасайтын. Жылы жүзді, жылы сөзді болатын, сөйлеп тұрғанда күлмейтін. Мұңды сияқты болып көрінетін. Бірақ, қатал қабақты емес-тін. Кішіпейіл, қарапайым. Айбатты болатын, адамда құрмет пен қорқыныш ұялататын. Бірақ, дөрекі емес еді. Нәзік және жомарт еді. Ештеңені ысырап етпейтін, орынсыз жерге ештеңе бермейтін, барлық адамға жанашырлықпен қарайтын. Мүбәрәк басын алдына қарай иіп жүретін. Ешкімнен ештеңе күтпейтін, үміт етпейтін. Бақытты, тыныш өмір сүргісі келген адам ол сияқты болуы керек».

Әнәс бин Малик былай дейді: «Расулуллаһқа он жыл қызмет еттім, бір рет те «уф» деген емес. «Мынаны неге былай жасадың, мынаны неге жасамадың» деген емес.»

Әбу Хурайра: «Бір соғыста кәпірлердің жойылуы үшін дұға етуін сұрадық. **«Мен лағнет айту үшін, адамдардың азап шегуі үшін жіберілмедім. Мен барлық адамға жақсылық жасау және адамдардың бақытқа қауышуы үшін жіберілдім»**,- деді. Аллаһу та'ала «Әнбия» сүресінің 107-ші аятында: **«Сені әлемдерге рақымдылық, жақсылық үшін жібердік»** делінген.

Әбу Саид Худри былай дейді: «Расулуллаһтың ұяты – абыройлы мұсылман қыздарының ұятынан да көп болатын».

Әнәс бин Малик былай дейді: «Расулуллаһ біреумен амандасқан кезде ол адам қолын тартпайынша мүбәрәк қолын одан бұрын тартпайтын. Ол адам бетін теріс бұрмайынша мүбәрәк жүзін одан теріс бұрмайтын. Біреудің қасында отырған кезде тізерлеп отыратын, оған құрмет көрсету үшін аяғын созып отырмайтын».

Жабир бин Сумурә былай дейді: «Расулуллаһ аз сөйлейтін. Керек кезде немесе біреу бір нәрсе сұрағанда ғана сөйлейтін. Бұдан әрбір мұсылманның пайдасыз, бос сөздер айтпауы керек екендігі аңғарылады. Сөйлегенде анық, түсінуге оңай түрде, жеңіл және орнымен сөйлейтін.

Әнәс бин Малик былай дейді: «Расулуллаһ ауырған адамның көңілін сұрауға баратын. Жаназаның артынан жүретін. Шақырылған жерге баратын. Есекке де мінетін. Расулуллаһты Хайбәр соғысында көрдім. Жүндері төгілген бір есекке мінген еді. Расулуллаһ бамдат намазынан шыққан кезде Мәдинаның балалары мен жұмысшылары су толы ыдыстарын оған алып барып, одан мүбәрәк саусақтарын суға батыруын сұрайтын, қыста су суық болса да олардың көңілін қайтармай, қолын батыратын». (Мәдиналықтар оның мүбәрәк қолы тиген суды ішіп берекеттенетін.)

Тағы да Әнәс хазреттері айтады: «Бір кішкентай қыз Расулуллаһтың қолынан ұстап, бір іске алып барса, сонымен еріп барып ісін оңғарып беретін».

Жабир хазреттері былай дейді: «Расулуллаһ алейһиссаламнан бір нәрсе сұралғанда «жоқ» дегені есітілмеді».

Пайғамбарымыз ұяттылық, инабаттылық тұрғысынан да барлық жаратылғандардың үстемі болатын. Орынсыз нәрселерге қарамайтын. Ешкімді ол адам жақтырмайтын сөзбен шақырмайтын.

Хазреті Айша анамыз айтады: «Расулуллаһқа біреудің бір жағымсыз ісі туралы айтылғанда ол адамның атын айтпастан жалпылама мағынада, **«Адамдар неге олай жасайды?»** дейтін. Осылайша ол адамның атын атамастан-ақ ондай істерден алыстататын».

Әнәс бин Малик айтып берген: «Бір күні пайғамбарымыздың алдына бетіне сары бірдеңе жағылған бір адам келді. Оған еш нәрсе демеді. Оны ренжітетіндей ештеңе айтпады. Ол шыққаннан кейін **«Бетіндегісін сүртуді айтқандарыңда болар еді»,**- деді.»

Расулуллаһ алейһиссалам қауымдарды біріктіруші еді. Оларды бір-біріне айдап салмайтын. Әр қауымның үлкеніне сый-сияпат көрсетіп, оны төрге отырғызатын.

Ешкімді өзінің мүбәрәк дидарынан махрұм етпейтін. Сахабаларын іздеп, келмегендерді сұрап отыратын. Қасында отырғандарға насихат айтып, олардың нәсібін беретін.

Әрекетінен бірін басқасынан артық көреді деген ой ешкімде туындамайтын. Шағым айтып келген адамды сабыр етіп, тыңдайтын.

Келген адам өзі кетпейінше оны тастап кетіп қалмайтын. Көркем мінезі мен ахлағын барлық адамға бірдей етіп ұсынатын. Ол үшін құқық пен әділдік тұрғысынан барлық адам тең еді. Ешкімнің ешкімнен артықтығы, айырмасы жоқ еді.

Хазреті Айша анамыз айтады: «Расулуллаһ алейһиссалам сияқты көркем мінезге ие адамды көрмедім. Сахабаларының немесе әһли бәйтінен бірі оны шақырса «Ләббәйк» (құлағым сізде, тыңдап тұрмын) деп тұратын.

Пайғамбарымыз сахабаларын ең жақсы есімдерімен шақыратын, ешкімнің сөзін бөлмейтін. Сөйлесіп оотырған адамы сөзін аяқтамастан бұрын немесе кетуге деп орнынан тұрмаса, оның сөзін бөлмейтін.

Оның жақсы мәмілесі, шапағаты, мейірімділігі туралы Аллаһу та'ала «Тәубе» сүресінің, 128-ші аятында: **«Сендердің қиналуларың оны ренжітеді және қайғыртады.** (Ол) **Сендерді қия алмайды, мүминдерге өте мейірімді, оларға көп жақсылық тілейді»** деген.

Және «Әнбия» сүресінің 107-ші аятында: **«**(Ей хабибім!) **Сені әлемдерге тек рақымдылық үшін жібердік»** деген. Пайғамбарымыз үмметіне қатысты біраз нәрселерді қиын болады деп жеңілдететін. **«Егер үмметіме қиындық келтірмейтін болсам, әр дәрет алғанда мисуак қолдануды бұйырар едім»** деген.

Сөзінде тұру мәселесінде де адамдар арасында пайғамбарымыздан асқан адам жоқ.

Абдуллаһ бин Әбил-Хамса айтып берген: «Пайғамбарымызбен оған әлі пайғамбарлығы білдірілмей тұрғанда сауда жасасқан едім. Өз есебінде бір қалдық қалған болатын. Оған пәлен уақытта кездесуге уәде беріп, кейін ұмытып кетіппін. Үш күннен кейін берген уәдем есіме түсіп сол жерге жүгірдім. Оның үш күннен бері сол жерде күтіп тұрғанын көріп, таң қалдым. Маған **«Жігіт! Мені шаршаттың. Мен сені осы жерде үш күннен бері күтіп тұрмын»**,- деді.

Пайғамбарымыздың саллаллаһу алейһи уә сәлләм кішіпейілділік қасиеті ешкімде, тіпті ешқандай пайғамбарлардың (алейһимуссәләм) өзінде болмайтындай дәрежеде теңдессіз еді.

Тәкаппарлық сезім онда ешқашан болмаған. Пайғамбарымызға «қожайын (билеуші) пайғамбар» немесе «құл пайғамбар» болуды таңдауда еркіндік берілгенде құл пайғамбар болуды таңдаған.

Осыған орай, Исрафил алейһиссалам пайғамбарымызға «Күмәнсіз, Аллаһу та’ала кішіпейілділік көрсеткен сол қасиетті де сізге берген. Өйткені, қияметте сіз Адам ұрпағының ең ұлысысыз. Қабірден тұратын алғашқы адам сізсіз. Алғашқы болып шапағат ететін де сізсіз»- деді.

Пайғамбарымыз хазреті Айша анамызға былай деді: **«Маған Меккенің тасының, топырағының алтын болуы ұсынылды. Жоқ, йа Раббым дедім. Бір күн аш, бір күн тоқ болайын. Аш қалған күні саған жалбарынып дұға етемін. Тоқ болған күні саған мадақ айтамын»,- дедім»**.

Жәбрейіл алейһиссалам пайғамбарымызға келіп, «Аллаһу та’аланың сізге сәлемі бар. «Қаласа мына тауларды оған алтын етейін. Қайда барса да сол алтын таулары онымен бірге болады»- деді. Пайғамбарымыз: **«Ей, Жәбрейіл! Дүние – үйі жоқтың үйі. Және** (ол) **– мүлкі жоқтың мүлкі. Оларды ақылсыз адам ғана жинайды»**- деді. Содан соң Жәбрейіл алейһиссалам «Йа Мұхаммед (алейһиссалам)! Аллаһу та’ала сізді сөзінде тұрақты, берік еткен»- деді.

Хазреті Айша анамыз: «Бір ай үйімізде тамақ пісіру үшін от жақпаған күндер болды. Тек құрма мен су болатын»- деген.

Ибни Аббас хазретері: «Расулуллаһ пен әһли бәйті бірнеше түн кешкі ас ішпестен жататын. Кешке жейтін ештеңе таппайтын»- деген.

Айша анамыз айтады: «Расулуллаһ алейһиссалам ешқашан тамақты тойып жемеген. Бұл туралы ешкімге шағым да жасамаған. Қажеттілік ол үшін байлықтан артық болатын. Түні бойы аштықтан азаптануы, таңертең тұрып ораза тұтуына кедергі болмайтын.

Ол қаласа, Раббысынан жер бетінің барлық қазыналарын, тағамдары мен рахат өмірді сұрар еді. Ант етемін, оның бұл жағдайын көргенде жаным ашып жылайтынмын. Қолыммен мүбәрәк қарнын сипап, «Жаным сізге құрбан болсын, сізге қиындық әкелетін мына дүниеден біраз нәрсе алсаңыз болмай ма?» дейтінмін. Ол: **«Ей, Айша! Мен дүниені не істеймін? Улул азмнан болған пайғамбар бауырларым, бұдан да ауыр азаптарға шыдады. Бірақ, сол халдерімен өмір сүрулерін жалғастырды. Раббыларына қауышты.**

Сол себептен Раббылары олардың Өзіне қайтуын керемет түрде жүзеге асырды, сауаптарын арттырды. Мен сәулетті өмір сүруге ұяламын. Өйткені, ондай өмір мені олардан кері қалдырады.

Мен үшін ең жақсы және тамаша нәрсе – бауырларыма, достарыма қауышу және олардың қатарына қосылу»- деді. Расулуллаһ осы сөзінен бір айдан кейін қайтыс болды.»

Пайғамбарымыздың жомарттығы да дастанға айналған. Бұл тұрғыда да ешкім онымен теңесе алмайды.

Ибни Аббас былай дейді: «Расулуллаһ алейһиссалам жақсылық жасау тұрғысынан адамдардың ішіндегі ең жомарты болатын. Рамазан айында және Жәбрейіл алейһиссаламмен кездескен кезде үлкен жомарттық танытатын»- деген.

Әнәс бин Малик айтады: «Расулуллаһпен бірге келе жатқан болатынмын. Үстінде Йемендік шапан (Бүрди Нәжрани) бар болатын. Артынан бір адам келіп, жағасынан тартқаны соншалық шапанының жағасы мүбәрәк мойнын жырып, із қалдырды. Расулуллаһ бұл адамға жайғана күліп, оған бір нәрсе берілуін бұйырды».

Расулуллаһтың бір кәрі әйел көршісі бар болатын. Ол қызын Расулуллаһқа жіберіп «Намаз оқығанда киетін киімім жоқ. Маған намазда жамылатын бір киім жіберіңіз»,- деп жалбарынды. Расулуллаһ алейһиссаламның дәл сол уақытта артық киімі жоқ еді. Үстіндегі «әнтари»-ды (ұзын көйлек) шешіп, сол әйелге жіберді. Намаз уақыты келген кезде киімсіз болғандықтан мешітке бара алмады. Сахабалар мұны естіп, «Расулуллаһ соншалықты жомарт, киімсіз қалып мешітке келе алмай отыр. Біз де барлық нәрсемізді кедейлерге таратайық»,- деді. Аллаһу та’ала «Исра» сүресінің 29-шы аятын жіберді. Алдымен хабибіне **«Сараңдық жасама, ештеңе бермей тұрма»** деп, одан соң **«Қиналатындай және намаздан қалатындай, өзің ренжітіндей деңгейде де барлық затыңды таратпа! Садақада орта жолды ұстан»** деп бұйырды.

Сол күні намаздан кейін хазреті Әли Расулуллаһтың қасына келіп, «Йа Расулаллаһ! Бүгін бала-шағам үшін сегіз дирхам күміс қарыз алған едім. Оның жартысын сізге берейін. Өзіңізге әнтари (киім) алыңыз»,- деді. Расулуллаһ базарға барып, екі дирхамға бір әнтари сатып алды. Қалған екі дирхамға азық-түлік алуға бара жатқанда бір соқыр адамның отырғанын көрді. Ол «Аллаһ ризалығы үшін және жаннат киіміне қол жеткізу үшін кім маған көйлек береді?» деп отырды. Алған киімін соған берді. Соқыр адам киімді қолына алған кезде хош иісті сезінді. Мұның Расулуллаһ алейһиссаламның мүбәрәк қолынан келгенін түсінді. Өйткені, Расулуллаһтың бір рет киген нәрсесі ескіріп, сетінесе де хош иіс аңқып тұратын.

Соқыр адам «Йа Раббым! Осы көйлектің құрметіне менің көздерімді аша гөр» деп дұға етті. Сол сәтте екі көзі ашылды. Расулуллаһ ол жерден кетті. Бір дирхамға бір киім сатып алды. Қалған бір дирхамға азық-түлік алуға бара жатқанда бір қызметші қыздың жылап тұрғанын көріп, **«Қызым, неге жылайсың?»-** деп сұрады. Ол «Бір яһудидің қызметшісімін. Қожайыным маған бір дирхам беріп, жарты дирхамға шыны, жарты дирхамға май сатып алуымды бұйырды. Соларды алып бара жатқан болатынмын. Қолымнан түсіп, шыны сынды, май да кетті. Енді не істейтінімді білмеймін»,- деді. Расулуллаһ соңғы дирхамын қызға беріп **«Мынаған шынымен май ал»,**- деді. Қыз «Үйге кеш барғаным үшін яһуди мені ұрады деп қорқамын»,- деді. Пайғамбарымыз **«Қорықпа, сенімен бірге барып, саған тиіспеуін сұраймын»**,- деді.

Яһудидің үйіне барып, есікті қақты. Яһуди есікті ашып, Расулуллаһты көріп таң қалды. Расулуллаһ яһудиге болған жағдайды айтып, қызға ашуланбауын сұрады. Яһуди Расулуллаһтың аяғына жығылып, «Мыңдаған адамның бас тәжі болған, мыңдаған арыстан орындау үшін бұйрығыңызды күткен ей ұлы пайғамбар! Бір қызметші қыз үшін мен сияқты бір міскіннің үйінің есігін абыройландырдыңыз. Йа Расулаллаһ! Бұл қызды сіздің құрметіңізге азат еттім. Маған иманды, исламды үйретіңіз. Сіздің алдыңызда мұсылман болайын»- деді. Расулуллаһ алейһиссалам оған мұсылмандықты үйретті. Ол мұсылман болды. Үйіне кірді. Бала-шағасына болған жәйтті айтты. Барлығы мұсылман болды. Бұлардың барлығы Расулуллаһтың көркем мінезінің берекесімен жүзеге асты.

Расулуллаһтың жақсы қасиеттері өте көп. Әрбір мұсылманның оларды үйреніп, содан үлгі алуы керек. Осылайша, дүниеде және ахиретте пәлекеттерден, қиыншылықтардан құтылу, пайғамбарымыздың шапағатына қауышу нәсіп болады.

Оның көркем мінездерінің кейбірі мыналар:

1- Расулуллаһтың көрегендік ілімі, түсінігі, ақылы, зейіні, жомарттығы, қарапайымдылығы, шапағаты, сабыры, табандылығы, азаматтығы, турашылдығы, сенімділігі, батылдығы, ұлылығы, шешендігі, салмақтылығы, арлылығы, кемелдігі, ынсаптылығы, ұяттылығы, тақуалығы барлық пайғамбарлардан артық болатын. Досынан, дұшпанынан көрген зияндарын, азаптарын кешіретін. Ешқайсысына жамандық қайтармайтын. Ухуд соғысында кәпірлер

оның жағын қанатып, мүбәрәк тісін сындырған кезде мұны істегендер үшін **«Йа Раббым! Оларды кешір. Надандықтарын ескеріп, кешіре гөр»** деген.

2- Өзін ешкімнен жоғары ұстамайтын. Бір сапарда қой етінен кәуәп жасалатын кезде бірі «Мен сояйын»,- деді. Тағы бірі «Мен терісін ажыратайын»,- деді. Енді біреуі «Мен пісірейін»,- деді. Расулуллаһ **«Мен отын жинаймын»** дегенде сахабалар «Йа Расулаллаһ! Сіз демалыңыз, біз жинаймыз»,- деді. **«Иә, сендердің барлық нәрсені жасайтындарыңды білемін. Бірақ, жұмыс істеп жатқандардан бөлектеніп, бос отырғым келмейді. Аллаһу та'ала достарынан бөлініп отырғандарды ұнатпайды»** деп, отын жинауға кетті.

3- Сахабалар отырған жерге келген кезде төр жаққа өтпейтін. Қай жер бос болса, сол жерге отыратын. Қолына таяғын алып бір күні көшеге шыққанында оны көргендер орнынан тұрды. **«Өзгелердің бір-біріне құрмет көрсеткені сияқты, мен үшін орындарыңнан тұрмаңдар! Мен де сендер сияқты адаммын. Барлық адам сияқты ішіп-жеймін. Шаршағанда отырамын»**,- деді.

4- Көбіне тізерлеп отыратын. Тізелерін көтеріп екі қолымен құшып отырған кездері де болған. Тамақ жеуде, киінуде және барлық нәрседе қызметшілерін өзінен бөлектемейтін. Оларға жұмыстарында көмектесетін. Ешқашан біреуді ұрып, жаман сөз айтқаны көрілмеген. Оған әруақыт қызмет жасаған Әнәс бин Малик: «Расулуллаһқа он жыл қызмет еттім. Бірақ Ол кісінің маған жасаған қызметі менің оған жасаған қызметімнен артық болды. Маған ренжігенін, қатты сөйлегенін ешқашан көрген емеспін» деген.

5- Бамдат намазын оқып болғаннан кейін бұрылып жамағатқа қарап **«Ауырып қалған бауырымыз бар ма? Барып көңілін сұрайық»** дейтін. Ауру адам жоқ болса **«Жаназа шығаратын үй бар ма, барып көмектесейік»** дейтін. Қайтыс болған адам бар болса оны жууға, кебіндеуге көмектесіп, жаназасын оқып, қабірге жерлеуге дейін баратын. Қайтыс болған адам жоқ болса, **«Түс көрген адам бар болса айтсын, тыңдап, жориық»** дейтін.

6- Қонақтарына, сахабаларына қызмет етіп, **«Бір қауымның ең үстемі – сол қауымға қызметі сіңгендер»** дейтін.

7- Ешқашан қарқылдап күлгені көрілмеген. Жәй күлімсірейтін. Кейде күлген кезде мүбәрәк алдыңғы тістері көрінетін.

8- Қажетсіз, пайдасыз сөздер айтпайтын. Керек кезде қысқа, пайдалы, мағынасы ашық сөздер айтатын. Түсінікті болу үшін кейде бір сөзін үш рет қайталап айтатын.

9- Айбаттылығынан ешкім оның жүзіне қарай алмайтын. Біреу келіп мүбәрәк жүзіне қараған кезде, қобалжудан өзін тер басатын. Сонда пайғамбарымыз: **«Қысылма! Мен патша емеспін, залым емеспін. Ет сорпасымен күнелтетін жай бір әйелдің ұлымын»** дейтін. Осыдан кейін ол адамның қорқынышы басылып, дертін айтатын.

10- **«Іштеріңде Аллаһу та'аланы ең жақсы танитын және одан ең көп қорқатын менмін», «Менің көргенімді көрсеңдер аз күліп, көп жылайтын едіңдер»** дейтін. Аспаннан бұлт көрсе **«Йа Раббым! Бұл бұлтпен бізге азап жіберме»,** жел тұрса **«Йа Раббым! Бізге қайырлы жел жібер»**, көк күркірегенде **«Йа Раббым! Бізге ренжіп, өлтірме. Азабыңды жіберме. Кешіре гөр»** деп дұға ететін. Намазда тұрғанда көкірегінен жылаған адамның өксігі сияқты бір дыбыс шығатын. Құран кәрім оқығанда да солай болатын.

11- Жүрегінің қуаты, батылдығы адамды таң қалдыратын. Хунәйн соғысында мұсылмандар таралып, үш-төрт-ақ адаммен қалған еді. Бірнеше рет кәпірлердің шабуылына жалғыз қарсы шықты және шегінбеді.

12- Өте жомарт еді. Жүздеген түйе мен қойды таратып, өзіне ешнәрсе қалдырмайтын. Қаншама қатты жүректі кәпірлер оның бұл ізгіліктерін көріп, иман келтірген.

13- Әйелдеріне және бірнеше қызметшісіне кейде бір жылдық арпа мен құрма бөліп қойып, ол жерден кедейлерге де садақа беретін.

14- Қойдың етін, еттің сорпасын, асқабақты, тәттілерді, балды, құрманы, сүтті, қаймақты, қарбызды, қауынды, жүзім мен қиярды жақсы көретін.

15- Суды ақырын, бисмилләһпен бастап, үш жұтымнан ішетін. Соңында «әлһәмдулиллаһ» деп, дұға ететін.

16- Кию жаиз болған нәрселерден тапқанының барлығын кие беретін. Қалың матадан ихрам сияқты тігілмеген нәрселерді жамылып, жапқыш оранып, көйлек пен шапан да киетін. Бұлар мақтадан, жүннен немесе қылдан тоқылатын. Көбінесе ақ киетін, кейде жасыл түстісін де киетін. Тігілген киім киген кезі де болған. Жұма және айт күндері және шет мемлекеттерден елшілер келгенде және соғыс уақытында бағалы көйлектер, жасыл, қызыл, қара киімдер

де киетін. Қолын білектеріне дейін, мүбәрәк аяғын балтырының жартысына дейін жабатын.

17- Арабстандағы әдет бойынша шашын құлағының жартысына дейін өсіретін, артығын кесіп қысқартатын. Шашына арнайы дайындалған хош иісті май жағатын.

18- Қолына, басына, бетіне хош иістер себінетін.

19- Төсегі іші құрма талшықтарына толтырылған теріден жасалған болатын. Жүн толтырылған бір төсек әкелінгенде оны қабылдамай **«Йа, Айша! Аллаһу та'алаға ант етемін, егер қаласам Аллаһу та'ала мені барлық жерде алтын мен күміске бөлер еді»** деген. Кейде (қамыстан тоқылған) төсеніш, тақтай, жүннен тоқылған киіз немесе құрғақ топырақ үстіне жататын.

20- Әр түн сайын көзіне үш рет сүрме жағатын.

21- Үйінде айна, тарақ, сүрме ыдысы, мисуак, қайшы, ине, жіп әрдайым болатын. Жолға шыққанда оларды да алып жүретін.

22- Құптаннан кейін түннің ортасына дейін ұйықтап, сосын тұрып бамдат намазына дейін ғибадат жасайтын. Оң жағына қарап жатып, оң қолын жағының астына қойып, кейбір сүрелерді оқып жататын.

23- Тәфәул ететін. Яғни, алғаш көрген нәрсесін, кездейсоқ көрген нәрсесін жақсылыққа жоритын. Ешнәрсені жамандыққа жорымайтын.

24- Қайғылы уақыттарда сақалын ұстап, ойланатын.

25- Ренжіген кезде дереу намаз оқитын. Намаздың ләззатымен қайғыдан арылатын.

Пайғамбарымыз Аллаһу та'аладан қатты қорқып, Оған көп құлшылық жасайтыны соншалық, оның бұл халіне ешкім шыдай алмайтын. Мүбәрәк аяқтары ісігенше намаз оқитын. «Йа Расулаллаһ! Сіздің өткен-кеткен барлық күнәларыңыз кешірілсе де неге өзіңізді осыншама қинайсыз?» дегендерге **«Мен Аллаһу та'аланың ең көп шүкір ететін құлы болмайын ба?»** деп жауап беретін.

Фазилеті (Ізгіліктері)

Мұхаммед алейһиссаламның ізгіліктерін білдіретін жүздеген кітап бар. Фазилет – үстемдік деген сөз. Олардың біразы төменде көрсетілген:

1- Жаратылғандардың (махлұқтардың) ішінде ең бірінші болып Мұхаммед алейһиссаламның нұры мен рухы жаратылған.

2- Аллаһу та'ала оның есімін Аршқа, жаннаттарға және жеті қабат көкке жазған.

3- Үндістанда өсетін бір гүлдің жапырақтарында «Лә илаһә иллаллаһ Мұхаммәдун расулуллаһ» деп жазылған.

4- Басра қаласына жақын бір өзеннен ұсталған балықтың оң жағына «Аллаһ», сол жағына «Мұхаммед» деп жазылғаны көрілген.

5- Мұхаммед алейһиссаламның есімін айтудан басқа міндеті болмаған періштелер бар.

6- Періштелерге хазреті Адамға сәжде етіңдер деп бұйырылуының себебі – оның маңдайында Мұхаммед алейһиссаламның нұры болғандықтан еді.

7- Аллаһу та'ала барлық пайғамбарларға Мұхаммед алейһиссаламның келетінін, сондай-ақ олардың үмметтеріне оның заманына жететіндерінің оған сенуін бұйыруды тапсырды.

8- Дүниеге келетін кезінде үлкен белгілер байқалған. Олар туралы тарих және мәуліт кітаптарында жазылған.

9- Дүниеге келгенінде кіндігі кесілген, сүндеттелген болып көрінді.

10- Дүниеге келгенінен бастап енді шайтандар көкке шыға аймайтын, періштелерден хабар ұрлай алмайтын болды.

11- Дүниеге келген кезінде жер бетіндегі барлық пұттар, мүсіндер құлады.

12- Бесігін періштелер тербететін.

13- Бесікте жатып көктегі аймен сөйлесетін. Ай оның мүбәрәк саусағымен белгі берген жағына қарай иілетін.

14- Бесікте жатып сөйлей бастады.

15- Бала кезінде ашық жерде жүрген кезінде төбесінде бір бұлт оған көлеңке түсіріп жүретін. Бұл жағдай пайғамбарлығы басталғанға дейін жалғасты.

16- Барлық пайғамбардың оң қолының үстінде пайғамбарлық мөрі болған. Ал Мұхаммед алейһиссаламның болса арқасында, сол жауырынына жақын жүрегінің үстінде болған.

17- Алдындағыны көргені сияқты арқасындағыларды да көретін.

18- Жарықта көретіні сияқты қараңғыда да көре беретін.

19- Түкірігі ащы суларды тұщыға айналдырды. Ауруларға шипа болды. Сәбилерге сүт сияқты азық болды.

20- Көзі ұйқыда болған кезде жүрегі ояу болатын. Барлық пайғамбарлар да сондай болған.

21- Өмірінде еш есінемеген. (Барлық пайғамбарлар да сондай болған).

22- Мүбәрәк терісінен гүлдің хош иісіндей иіс шығатын. Бір кедей адам қызын тұрмысқа берерде одан көмек сұрайды. Оның сол сәтте беретін ештеңесі жоқ еді. Кішкентай шыны ыдысқа тер тамшыларын жинап берді. Ол қыз оны бетіне, басына жаққанда үйіне хош иіс тарайтын. Ол қыздың үйі «хош иісті үй» деп аталды.

23- Орта бойлы болса да, ұзын адамдардың қасында олардан биік болып көрінетін.

24- Күн мен айдың жарығында жүргенде көлеңкесі жерге түспейтін.

25- Денесі мен киіміне маса, шыбын және басқа жәндіктер қонбайтын.

26- Киімдері қанша кисе де кірлемейтін.

27- Жүрген кезде артынан періштелер еріп жүретін. Сондықтан да сахабаларды алдына шығарып **«Арқамды періштелерге қалдырыңдар»** дейтін.

28- Тастың үстінен басқанда таста аяғының ізі қалатын. Құмның үстінде жүргенде ешқандай із қалмайтын. Дәрет сындырған кезде жер жарылып, дәреті соған түсетін. (Барлық пайғамбарлар да солай болған).

29- Адамдар мен періштелердің ішінде ең көп ілім оған берілді. Умми болса да, яғни ешкімнен ештеңе үйренбесе де Аллаһу та'ала оған барлық нәрсені білдірген. Адам алейһиссаламға барлық нәрсенің атауы білдірілгені сияқты оған барлық нәрсенің атауы мен ілімі білдірілген.

30- Үмметінің есімдері, жыныстары және араларында болатын барлық нәрселер оған білдірілді.

31- Ақылы барлық адамдардың ақылынан да көп.

32- Адамдарда болуы мүмкін болған барлық жақсы қасиеттер оған берілген. Ұлы ақын Омар Ибн Фаридқа «Расулуллаһты неге мадақтамадың?» делінгенде «Оны мадақтауға күшім жетпейтінін түсіндім. Оны мадақтайтын сөз таба алмадым» деген.

33- Шаһадат кәлимасында, азанда, қаматта, намаздағы ташаһудта, көптеген дұғаларда, кейбір ғибадаттар мен хұтбаларда, насихат айтуда, қиын кезеңдерде, қабірде, махшарда, жұмақта және барлық жаратылыстың тілінде Аллаһу та'ала оның есімін өзінің есімімен бірге қатар қойған.

34- Ең үлкен үстемдігі – оның хабибуллаһ болуы. Аллаһу та'ала оны Өзінің сүйікті досы еткен. Оны барлық адамнан, барлық періштеден артық жақсы көрген, **«Ибраһимді халил етсем, сені өзіме хабиб еттім»** деген.

35- **«Саған разы болғанынша (жетеді дегенге дейін) барлық тілегеніңді беремін»** «Духа» сүресі, 5-ші аят, Аллаһу та'аланың пайғамбарына барлық ілімдерді, барлық үстемдіктерді, ислам үкімдерін, дұшпандарына қарсы көмек және жеңіс, үмметіне жеңістер және қияметке дейін әр түрлі шапағат ихсан ететінін уәде етеді. Осы аят кәримә келген кезде Жәбрейіл алейһиссаламға қарап, **«Үмметімнің бірінің тозақта қалуына разы болмаймын»** деген.

36- Аллаһу та'ала Құран кәрімде әр пайғамбарды өз есімімен, ал Мұхаммед алейһиссаламды **«Ей Расулым! Ей пайғамбарым»** деп атаған.

37- Өте анық, түсінікті түрде араб тілінің барлық диалектісінде сөйлей беретін. Әр түрлі жерлерден келгендерге солардың тілімен жауап беретін. Естігендер таң қалатын. **«Аллаһу та'ала мені өте жақсы жетілдірді»** дейтін.

38- Аз сөзбен көп нәрсені түсіндіретін. Жүз мыңнан аса хадис шәрифі оның «жәуами-ул кәлим» екенін көрсетеді. Кейбір ғұламалар былай дейді: «Мұхаммед алейһиссалам ислам дінінің төрт негізін төрт хадиспен көрсеткен. **«Әрекеттер ниетке қарай бағаландырылады»** және **«Халалда білдірілді, харамда білдірілді»**, **«Шағымданушының куәгер көрсетуі және айыпталушының ант етуі керек»** және **«Бір адам өзі үшін қалаған нәрсені діндес бауыры үшін де қаламайынша иманы толық болмайды».** Бұл төрт хадис шәрифтің біріншісі ғибадат, екіншісі іс-әрекет, үшіншісі әділет істері мен саясат, төртіншісі әдеп пен мінез-құлық ілімдерінің негізі болып табылады».

39- Мұхаммед алейһиссалам масун (қорғалған) және масум (күнәсіз) болатын. Біліп және білмей, үлкен және кіші, қырық жасынан бұрын және одан кейін ешқандай күнә істемеген. Ешқандай жаман әрекеті байқалмаған.

40- Мұсылмандарға намазда отырғанда «ассаламу аләйкә әййуһәннәбиййу уә рахмәтуллаһи» деп оқып, Мұхаммед алейһиссаламға сәлем беру бұйырылды. Намазда басқа пайғамбарға және періштелерге сәлем беруге болмайды.

41- Аллаһу та'ала оған: **«Сен болмағанда ешнәрсені жаратпас едім»**,- деді.

42- Басқа пайғамбарлар кәпірлердің жалаларына өздері жауап берген. Мұхаммед алейһиссаламға жабылған жалаларға Аллаһу та'ала жауап беріп, оны қорғаған.

43- Мұхаммед алейһиссаламның үмметінің саны басқа пайғамбарлардың барлығының үмметін қосқандағыдан да көп. Олардан үстем және абыройлы. Жаннатқа баратындардың үштен екісі осы үмметтен болатындығы хадис шәрифте білдірілген.

44- Расулуллаһқа берілетін сауаптар басқа пайғамбарларға берілетін сауаптардан қаншама есе артық.

45- Оны атын атап шақыру, оның қасында жоғары дауыспен сөйлеу, алыстан оған айқайлап сөйлеу, жолда алдына шығып алу харам етілген. Басқа пайғамбарлардың үмметтері оларды есімдерімен шақыратын.

46- Жәбрейіл алейһиссаламды періште кейпінде екі рет көрген. Басқа ешқандай пайғамбар оны періште кейпінде көрмеген.

Оған Жәбрейіл алейһиссалам жиырма төрт мың рет келген. Басқа пайғамбарлардан ең көп Мұса алейһиссаламға келген. Оған да төрт жүз рет келген.

47- Аллаһу та'алаға Мұхаммед алейһиссаламның атымен ант беруге болады, басқа пайғамбарлар мен періштелердің атымен беруге болмайды.

48- Мұхаммед алейһиссаламнан кейін оның әйелдерімен басқалардың некелесуі харам етілген, бұл тұрғыда олардың мүминдердің аналары екендігі айтылған.

49- Қан мен неке тұрғысынан болған туыстықтың қияметте пайдасы жоқ. Расулуллаһтың туыстары бұдан тыс.

50- Расулуллаһтың есімін алу дүние мен ахиретте пайдалы. Оның есімі қойылған шынайы мұсылмандар тозаққа кірмейді.

51- Оның барлық сөзі, барлық ісі дұрыс. Барлық үкімі Аллаһу та’ала тарапынан расталады.

52- Оны жақсы көру барлық адамға парыз. **«Аллаһу та’аланы сүйген адам мені сүйеді»** деген. Оны жақсы көрудің белгісі: оның дініне, жолына, сүннетіне бағыну. Құран кәрімде: **«Маған бағынсаңдар Аллаһу та’ала сендерді сүйеді»** деуі бұйырылды.

53- Оның әһли бәйтін (туыстарын) жақсы көру уәжіп болып табылады. **«Әһли бәйтіме дұшпандық жасаған адам – мүнафық»** деген. Әһли бәйт – зекет алуы харам болған туыстары. Олар әйелдері және атасы Хашимнің тегінен шыққан мүминдер, Әлидің, Уқайлдың, Жафәр Таййардың және Аббастың (радиаллаһу анһум) тегінен шыққандар.

54- Сахабаларының барлығын жақсы көру – уәжіп. Расулуллаһ: **«Менен кейін сахабаларыма дұшпандық жасамаңдар! Оларды жақсы көру – мені жақсы көру. Оларға дұшпан болу – маған дұшпан болу. Оларды ренжіткен адам мені ренжіткен болып саналады. Ал мені ренжіткен адам Аллаһу та’аланы ренжітеді. Аллаһу та’ала Өзін ренжіткен адамды азаптайды»** деген.

55- Аллаһу та’ала Мұхаммед алейһиссаламға көкте екі және жерде екі көмекші жаратқан. Олар Жәбрейіл, Микаил, Әбу Бәкір және Омар «радиаллаһу та’ала анһум әжмаин».

56- Әйел-еркек, ересек қайтыс болған барлық адамнан қабірінде Мұхаммед алейһиссалам туралы сұралады. «Раббың кім?» деп сұралғаны сияқты «Пайғамбарың кім?» деп те сұралады.

57- Мұхаммед алейһиссаламның хадис шәрифтерін оқу – ғибадат. Оқыған адамға сауап беріледі.

58- Оның мүбәрәк рухын алу үшін Әзірейіл алейһиссалам адам кейпінде келіп, ішке кіруге рұқсат сұрады.

59- Қабірінің ішіндегі топырақ барлық жерден және Қағбадан және жаннаттардан да артық.

60- Ол қабірде біз білмейтін өмірде тірі. Қабірде Құран кәрім, намаз оқиды. Барлық пайғамбарлар да сондай.

61- Әлемнің барлық жерінде Расулуллаһқа салауат оқыған мұсылмандардың сәлемдерін естіген періштелер қабіріне барып хабарлайды. Қабірін күніне мыңдаған періште зиярат етеді.

62- Үмметінің амалдары мен ғибадаттары күн сайын таңертең және кешке оған көрсетіледі, оларды жасаған адамдарды да көреді. Күнә істегендердің кешірілуі үшін дұға етеді.

63- Қабірін зиярат ету - әйелдерге де мұстаһаб. Ал басқа қабірлерді тек адамдар аз кезде және мұсылманға жарасатын киіммен зиярат етулеріне болады.

64- Тірі кезіндегі сияқты қайтыс болғаннан кейін де дүниенің барлық жерінде, әрдайым оны тәуәссул (арашы) еткен, яғни оның құрметі үшін тілек тілегендердің дұғасын Аллаһу та’ала қабыл етеді.

65- Қиямет күні қабірден бірінші болып Расулуллаһ тұрады. Үстінде жаннат киімі болады. Бураққа (жануар) мініп махшар алаңына барады. Қолында **Лиуа-ул-хамд** деген байрақ болады. Пайғамбарлар мен барлық адамдар осы байрақтың астында тұрады. Барлығы мың жыл күтуден әбден шаршайды. Адамдар кезекпен Адам, Нұх, Ибраһим, Мұса және Иса пайғамбарларға (алейһимуссәлам) барып, есепке тартудың басталуы үшін шапағат етулерін тілейді. Олардың әрбірі кешірім сұрап, Аллаһу та’аладан ұялып, қорқатындықтарын айтады, шапағат етуден тартынады. Сосын Расулуллаһқа барып жалынған кездерінде ол сәжде жасап, дұға етеді және шапағаты қабыл болады. Алдымен оның үмметінің есебі қаралады, ең бірінші болып Сырат көпірінен солар өтеді, ең бірінші болып жаннатқа солар кіреді. Барған жерлерінің барлығын нұрландырады. Хазреті Фатима Сырат көпірінен өтіп бара жатқанда «Барлығы көздерін жұмсын! Мұхаммед алейһиссаламның қызы келе жатыр» делінеді.

66- Алты жерде шапағат етеді. Біріншісі, «Мақам-ы Махмуд» деп аталатын шапағатымен барлық адамдарды махшарда күтіп тұру азабынан құтқарады. Екіншісі, шапағаты көп адамды жаннатқа кіргізеді. Үшіншісі, азапқа тартылуы тиіс адамдарды азаптан құтқарады. Төртіншісі, сауабы мен күнәсі тең болып, Араф деп аталатын жерде күтіп тұрғандардың жаннатқа баруларына шапағат етеді. Алтыншысы, жаннаттағылардың дәрежелерінің көтерілуіне шапағат етеді.

67- Расулуллаһтың жаннаттағы мақамы **Уәсилә** деп аталады. Бұл жер жаннаттың ең жоғарғы дәрежесі. Жаннаттағы барлық адамға бір-бір бұтағы жететін **Сидрәт-ул мүнтәха** ағашының тамыры сол жерде. Жаннаттағыларға нығметтер осы бұтақтардан келеді.

Истиғфары

Пайғамбарымыз алейһиссалам жаратылғандардың ең үстемі болумен қатар Аллаһу та’аланы ең жақсы танығаң және Одан ең қатты қорқатын. Хақ та’ала оны күнә істеуден сақтаса да ол әрдайым үздіксіз ғибадат етіп, Аллаһу та’алаға дұға етіп, истиғфар айтатын. Түннің алғашқы уақытында (құптаннан кейін) ұйықтап, соңғы уақытында ғибадат жасайтын.

Ибн Аббас (радиаллаһу анһ) айтады: «Бір түні мүминдердің анасы хазреті Мәймунәнің (радиаллаһу анһа) үйінде қонақта болдым. Расулуллаһ түннің ортасына дейін немесе біраз бұрын немесе кейінгі уақытқа дейін ұйықтады. Сосын оянып отырды, қолымен бетін сипап ұйқысын ашты. Тұрып, ілініп тұрған құманды алып, дәрет алды. «Али Имран» сүресінің соңғы он аятын оқып, намазға тұрды. Мен де тұрып, Расулуллаһ сияқты дәрет алып, оның қасына барып намазға тұрдым. Расулуллаһ екі рәкат намаз оқыды. Сосын тағы екі рәкат оқыды. Содан кейін тағы екі рәкат оқыды. Сосын үтір намазына тұрды. Содан кейін, бамдат намазының азаны шақырылғанға дейін жатты. Сосын тұрып, тағы екі рәкат намаз оқыды да мешітке барып, бамдат намазының парызын оқыды.»

Хазреті Айша (радиаллаһу анһа) анамыз айтады: «Расулуллаһ алейһиссалам бір түні ұйқыға жатқан болатын. Оянып, **«Йа, Айша! Рұқсат етсең бұл түні Раббыма ғибадат жасайын»,**- деді. Сосын тұрды. Құран кәрім оқып, жылады. Тіпті, аққан көз жасынан екі тізесі су болып кетті. Ол оқуын жалғастыра берді, оқыған сайын мүбәрәк көз жасы денесінің барлығын сулады. Бұл жағдай таңға дейін жалғасты.

Таңертең Біләл Хабәши (радиаллаһу анһ) келіп жағдайды көріп, «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Аллаһу та’ала сіздің өткен және болашақтағы қателеріңізді кешірмеді ме?» дегенінде Расулуллаһ: **«Ей, Біләл! Мен шүкір етуші құл болмайын ба, Аллаһу та’ала бұл түні «Көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күндіздің бір-бірінен кейін келуінде ақыл иелері үшін әрине көптеген белгілер, ишаралар бар» деген** («Али Имран» сүресі, 189) **аят кәримәсын түсірді**»,- деді».

«Мүслім»-де білдірілген хадис шәрифте болса: **«Жүрегіме сондай нәрселер келеді, әр күн мен түн сайын бұлардан Аллаһу та'алаға жетпіс рет истиғфар етемін»** және **«Жүрегімде** (илаһи нұрдың келуіне кедергі болатын) **перде пайда болады. Сондықтан күніне 70 рет истиғфар етемін»** және **«Аллаһу та’алаға күніне 100 рет истиғфар айтамын»** деген.

Пайғамбарымыздың алейһиссалам Аллаһу та’аладан қорқатындығы соншалық, қарқылдап күлгені көрілмеген.

Имам Тирмизидің Әбу Зәрден (радиаллаһу анһ) алған хадис шәрифінде **«Күмәнсіз, сендердің көрмегендеріңді мен көремін. Естімегендеріңді естимін. Көкте періштелер сәжде етпейтін төрт елі де бос орын жоқ. Уаллаһи, менің білгенімді білсеңдер аз күліп, көп жылар едіңдер. Жолға түсіп, бар дауыстарыңмен Аллаһу та’алаға жалбарынар едіңдер»** делінген.

Әбу Хурайраның (радиаллаһу анһ) риуаят еткен хадис шәрифінде Расулуллаһ **«Ешкімді амалы жаннатқа апармайды»** деген. «Сізді де ме, йа Расулаллаһ?» деп сұралғанда **«Иә, мені де амалым жаннатқа апармайды. Тек Аллаһу та’аланың мейірімі мен рақымдылығы мені бүркейді»** деген.

Ибн Омар (радиаллаһу анһ) айтады: «Расулуллаһпен бірге жиналып отырғанымызда **«Йа Раббым! Мені кешір және тәубемді қабыл ет. Сен тәубелерді қабыл етушісің және рақымдысың»** деп жүз рет айтқанын санап отыратынбыз»

Әнәс бин Малик (радиаллаһу анһ) «Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үнемі **«Аллаһуммә йа муқаллиб-әл-қулуб, сәббит қалби ала диник»** деп айтып жүретін» дейді.

Тирмизидің Әбу Саид-ил Худриден (радиаллаһу анһ) жеткізген хадис шәрифінде пайғамбарымыз алейһиссалам былай деген: **«Төсекке жатқан кезінде үш рет «Әстағфируллаһ-әл азыйм әлләзи лә илаһә иллә һуәл-хаййул-қаййум уә әтубу иләйһ» деп айтқан адамның күнәлары теңіздің көбігіндей немесе Тәмим аймағының құмындай немесе ағаш жапырақтарының санындай немесе дүниенің күндеріндей көп болса да Аллаһу та’ала оның күнәларын кешіреді».**

Бұхари мен Мүслим хазреттерінің нақл еткендері бойынша Расулуллаһ былай истиғфар айтатын: **«Аллаһуммағфирли хатиәти уә жәхли, уә исрафи фи әмри уә мә әнтә аләму биһи минни».**

(Аллаһым! Сен білетін және менің біліп немесе білмей, шектен шыққан қателерімді кешір).

«Аллаһуммағфирли хәзли уә жидди уә хатаи уә амди уә куллу заликә инди. Аллаһуммағфирли мә қаддамту уәмә аххарту уәмә әсрарту уәмә аләнту уәмә әнтә аләму минни әнтәл муқәддәму уә әнтәл муаххару уә әнтә ала кулли шәйин қадир».

(Аллаһым! Әзіл, шын, ұмытып және біліп жасауым мүмкін болған барлық кемшіліктерімді кешір. Аллаһым! Бұрын және кейін, жасырын және ашық істеген, Сен білетін барлық кемшіліктерімді кешір. Ең әуелгі мен ең соңғы болған - Сенсің. Барлық нәрсеге күші жететін – Сенсің).

Шапағаты

Пайғамбарымыз алейһиссалам қиямет күні үмметіне шапағат етеді, оларды қиындық пен қайғыдан құтқарады. Бір хадис шәрифінде: **«Маған үмметімнің жартысының жаннатқа кіруі мен шапағаттың екеуінің бірін таңдау ұсынылды. Мен шапағатты таңдадым. Өйткені, ол ауқымдырақ. Оны тек тақуалықты ұстанғандар үшін деп ойламаңдар, ол сонымен қатар қателік жасаған күнәһарлар үшін де...»** дейді.

Әбу Хурайраның (радиаллаһу анһ) жеткізген хадис шәрифінде пайғамбарымыз: **«Шапағатым, жүрегі тілін растайтындай түрде, ықыласпен «Лә илаһә иллаллаһ» деп шаһадат кәлимасын айтқан адамға болады»** деген.

Кейбір хадис шәрифтерде де былай делінген:

«Үмметімнің ішінде әһли бәйтімді жақсы көргендерге шапағат етемін».

«Үмметімнің үлкен күнә істегендеріне шапағат етемін».

«Сахабаларыма тіл тигізгендерден басқа барлық мұсылмандарға шапағат ете аламын».

«Үмметімнен өз нәпсіне зұлымдық жасағандарға, нәпсілеріне алданғандарға шапағат етемін».

«Қиямет күні ең бірінші мен шапағат етемін».

«Шапағатыма сенбеген адам оған қауыша алмайды».

Қиямет күні сурдың үрленгенінен туындаған қорқыныштан адамдар үрейленіп, қайда қарауларын білмей абдырайды. Мүминдер мен кәпірлер махшар алаңына жөнелтіледі. Бұл қиямет күнінің қатаңдығын арттыратын азап болып табылады.

Бұл кезде Аршты сегіз періште көтеріп келеді. Бір періште бір аттағанда жиырма мың жылдық дүниенің жолын жүреді.

Періштелер мен бұлттар Арш-аъла орналасқанға дейін адам ақылы жетпейтін түрде тәсбих айтады. Осылайша, Арш-аъла Аллаһу та'аланың сол үшін жаратқан «ақ жер»-ге орналасады. Бұл кезде Аллаһу та'аланың ешкім шыдап тұра алмайтындай азабынан бастар төмен иіледі. Барлық адам қиналып, шапағат іздейді.

Пайғамбарлар мен ғұламаларды қорқыныш билейді. Әулиелер мен шәһидтер Аллаһу та'аланың адам төзгісіз азабынан айқайлайды. Олар осындай жағдайда тұрғанда күннің сәулесінен де өткір сәуле оларды орап алады. Онсыз да күннің ыстықтығына шыдай алмай тұрғандар одан сайын қиналады. Мың жыл осылай тұрады. Аллаһу та'ала тарапынан оларға ешнәрсе айтылмайды.

Осы уақытта адамдар алғашқы пайғамбар болған Адам алейһиссаламға барады, «Йа Адам алейһиссалам! Сіз қадірлі және абыройлы пайғамбарсыз. Аллаһу та'ала сізді жаратып, періштелерді сізге сәжде еткізді. Сізге өз рухынан үрледі. Есепті бастауы үшін бізге шапағат етіңіз, Аллаһу та'аланың қандай үкіміне болса да разымыз. Және қайда баруды бұйырса сонда барайық. Барлық нәрсенің иесі және қожайыны болған Аллаһу та'ала махлұқтарына қалағанын істесін» деп жалынады.

Адам алейһиссалам былай дейді: «Мен Аллаһу та'аланың тыйым салған ағашының жемісін жедім. Сондықтан Аллаһу та'аладан ұяламын. Бірақ, сендер Нұх алейһиссаламға барыңдар». Осылайша мың жыл кеңесіп тұрады.

Сосын Нұх алейһиссаламға барып, «Шыдай алмайтын жағдайдамыз. Біздің үкіміміздің тезірек шығарылуы үшін шапағат етіңіз. Мына махшар жазасынан құтылайық»- деп жалынады. Нұх алейһиссалам оларға: «Мен Аллаһу та'алаға дұға еттім. Жер бетінде қанша адам бар болса, солардың барлығы дұғамның себебінен суға батты. Сондықтан Аллаһу та'аладан ұяламын. Бірақ, сендер Халилуллаһ болған Ибраһим алейһиссаламға барыңдар. Аллаһу та'ала «Хаж» сүресінің соңғы аятында **«Ибраһим** (алейһиссалам) **сендер дүниеге келместен бұрын сендерге мұсылман деген атты қойды»** деген. Мүмкін, сендерге сол шапағат етер»- дейді.

Тағы да өз араларында мың жыл ақылдасады. Сосын Ибраһим алейһиссаламға барады. «Ей, мұсылмандардың әкесі! Сіз Аллаһу та'аланың өзіне халил еткен адамысыз. Бізге шапағат етіңіз. Аллаһу

та’ала жаратылғандарға үкімін берсін»- дейді. Ибраһим алейһиссалам оларға: «Мен дүниеде үш рет астарлы сөз айттым. Соларды айтып, дін жолында күрестім. Енді Аллаһу та’аладан бұл мақамда шапағат етуіме рұқсат сұраудан ұяламын. Сендер Мұса алейһиссаламға барыңдар. Өйткені, Аллаһу та’ала онымен сөйлесті және оған рухани жақындық танытты. Ол сендер үшін шапағат етеді»- дейді.

Осы мәселе бойынша тағы мың жыл кеңеседі. Бірақ, осы уақытта жағдайлары одан да қиындай түседі. Махшар алаңы қатты тарылып кетеді. Сосын Мұса алейһиссаламға барып, «Йа, Ибни Имран! Сіз Аллаһу та’аланың өзімен сөйлескен, Таурат түсірілген пайғамбарсыз. Есепке тартуды бастауы үшін бізге шапағат етіңіз. Өйткені, бұл жерде тұрғанымызға көп болды. Бұл жердегі сығылыстан аяқ-аяқтың үстіне шықты»- дейді.

Мұса алейһиссалам оларға: «Мен Аллаһу та’аладан Перғауын әулетіне олар ұнатпайтын жаза беруін жылдар бойы тіледім. Кейіннен келгендерге ғибрат болуларын сұрадым. Енді шапағат етуге ұяламын. Бірақ, Хақ та’ала рақым, мейірім иесі. Сендер Иса алейһиссаламға барыңдар. Өйткені, нақты білім тұрғысынан расулдардың ең сахихы, марифат пен тақуалық тұрғысынан ең күштісі және даналық тұрғысынан ең үстемі сол. Сендерге сол шапағат етеді»- дейді.

Адамдар махшар азабынан құтылу үшін Иса алейһиссаламға барады. «Сіз Аллаһу та’аланың рухы мен сөзісіз. Аллаһу та’ала сіз үшін «Али Имран» сүресінің 45-ші аятында: **«Дүниеде және ахиретте уәжих, яғни өте қадірлі»**,- деді. Бізге шапағат етіңіз»- дейді.

Иса алейһиссалам: «Менің қауымым мені және анамды Аллаһтан басқа илаһ деп қабылдады. Бұл жағдайда мен қалай шапағат етемін. Олар маған да табынды, мені ұл, Аллаһу та’аланы әке деді. Бірақ, сендер біріңнің ыдысы болып, ішінде напақасы болмағанын және аузының мөрлі емес екенін көрдіңдер ме? Ол мөрді бұзбастан ол напақаны алуға бола ма? Пайғамбарлардың ең үстемі және соңғысы Мұхаммедке саллаллаһу алейһи уә сәлләм барыңдар. Өйткені, ол дағуаты мен шапағатын ұмметі үшін дайындады. Өйткені, қауымы оған көп рет азап көрсетті. Мүбәрәк маңдайын жарды, мүбәрәк тісін сындырды. Оны жынды деп айыптады. Алайда, ол ұлы пайғамбар олардың абырой жөнінен ең абыройлысы, қадір жөнінен ең қадірлісі еді. Олардың көрсеткен аяусыз азаптарына Юсуф алейһиссаламның бауырларына айтқан **«Енді сендердің бастарыңнан қағу жоқ. Әрхамуррахимин болған Хақ та’ала сендерді кешіреді»** деген

аятпен жауап беретін»- дейді. Иса алейһиссалам пайғамбарымыздың саллаллаһу алейһи уәсәлләм ізгіліктерін айтқан кезде, адамдардың барлығының оған тезірек жеткісі келеді.

Дереу Мұхаммед алейһиссаламның мінберіне барады. Оған «Сіз хабибуллаһсыз. Хабиб – арашылардың ішінде Аллаһқа ең жақыны. Бізге шапағат етіңіз! Өйткені, пайғамбарлардың ең алғашқысы болған Адам алейһиссаламға бардық. Бізді Нұх алейһиссаламға жіберді. Нұх алейһиссаламға бардық. Ол Ибраһим алейһиссаламға жіберді. Ибраһим алейһиссалам Мұса алейһиссаламға жіберді. Мұса алейһиссаламға бардық. Ол Иса алейһиссаламға, ал ол бізді сізге жіберді. Йа Расулаллаһ саллаллаһу алейһи уә сәлләм! Сізден кейін баратын басқа жер жоқ»- дейді.

Расулуллаһ алейһиссалам: **«Аллаһу та’ала рұқсат беріп, разы болса шапағат етемін»-** дейді.

Сурадиқат-и жәлалға, яғни жәлал пердесіне барады. Аллаһу та’аладан шапағат етуге рұқсат сұрайды. Оған рұқсат беріледі. Перделер алынады. Арш-аълаға кіреді. Сәжде жасайды. Мың жыл сәждеде болады. Содан соң Хақ та’алаға соншалықты мадақ айтады, әлем жаратылғалы бері мұндай мадақты ешкім айтқан емес. Кейбір арифтер Аллаһу та’ала әлемдерді жаратқан кезде олардың осындай мадақтар айтуын бұйырғанын білдірген.

Махшарда адамдардың жағдайлары бара-бара қиындай береді. Машаққаттары мен қиындықтары арта түседі. Адамдардың әрбірі дүниеде сақтаған мал-мүліктерін мойындарына артып алады. Түйенің зекетін бермеген адамдардың мойнына түйе артылады. Айқайлап, ауырлағаны соншалық үлкен таулардай болады. Сиыр, қой зекетін бермегендер де осылай болады. Олардың айқайлаған дауыстары көктің күркіреуіне ұқсайды.

Егін зекетін, яғни ұшырын бермегендердің мойнына соншалық егін артылады. Егіннің қандай түрінен бермеген болса, сол түрдегі егін жүктеледі. Ауыр салмақтың астында «уа уәйла, уа сәбура» деп айқайлайды (уәйл – азап сөзі. Адам азапқа шыдамаған кезде осылай айқайлайды. Сәбур сөзі құрығын уақытта қолданылады).

Алтын, күміс және (қағаз) ақша және басқа сауда мүлкінің зекетін бермегендерге қорқынышты жылан жіберіледі. Олар айқайлап «Бұл не?» деп сұрағанда періштелер: «Бұл дүниеде зекетін бермеген мүліктерің»- деп жауап береді. Міне, бұл қорқынышты жағдай «Али

Имран» сүресінің 180-ші аятында: **«Дүниеде қимаған заттары, қиямет күні мойындарына тағылады»** деп көрсетілген.

Тағы бір топ адамдардың әурет жерлері жарақат болып, ірің ағады. Олардан шыққан жаман иіс айналасындағылардың мазасын алады. Бұлар – зинақорлық жасағандар және харам іс істегендер.

Тағы бір топ адамдар ағаш бұтақтарына ілініп тұрады. Олар дүниеде ливата (гомосексуализм) жасағандар.

Бір топ адамдардың тілдері ауыздарынан шығып, кеуделеріне жетіп өте нашар халде болады. Адамдар оларды көргісі келмейді. Олар – өтірік айтып, жала жапқандар.

Тағы бір топ адамдардың қарны таудай болып үлкейіп кетеді. Бұлар дүниеде заруретсіз және мәміле жасамай пайызға ақша мен зат алғандар және бергендер. Осы сияқты харам іс істегендердің күнәлары өте жаман түрде ашылады.

Аллаһу та’ала: **«Йа Мұхаммед, басыңды сәждеден көтер! Айт, тыңдалады. Шапағат ет, қабыл болады»** деп бұйырады. Расулуллаһ алейһиссалам: **«Йа Раббым! Құлдарыңның арасынан жаман мен жақсыларды ажырат. Уақыттары ұзаққа созылды. Әрқайсысы күнәларымен Арасат жерінде масқара болды»-** дейді.

«Иә, Мұхаммед!» деген дауыс келеді. Хақ та’ала жаннатқа әмір береді, ол барлық түрлі әшекейлерімен безенеді. Арасат алаңына әкелінеді. Оның иісінің хоштығы соншалық, бес жүз жылдық жолдан сезіледі. Бұдан көңілдер жайланады. Рухтар тіріледі. (Бірақ, кәпірлер, мүртәдтер және мұсылмандарды мазақ еткендер, жастарды алдап, имандарынан тайдырғандар) және жаман іс-әрекет жасағандар жаннаттың иісін сезбейді.

Махшарда Хақ та’ала жаннат пен жаһаннамды әкелуді бұйырады. Сол кезде тозақтың қорқынышты даусы шығып, күркіреп, от шашып, одан бүкіл аспанды қап-қараңғы ететін түтін шығады. Гүрілдеген дауысы мен ыстықтығы адам төзгісіз болады. Адамдардың барлығы аяқтарын басып тұра алмай, тізерлеп отыра қалады.

Тіпті пайғамбарлар мен расулдар да өздерін ұстай алмайды. Хазреті Ибраһим, хазреті Мұса, хазреті Иса Арш-аълаға асылады. Ибраһим алейһиссалам өзі құрбан еткен Исмаил алейһиссаламды ұмытады. Мұса алейһиссалам ағасы Харун алейһиссаламды, Иса алейһиссалам анасы хазреті Мәриямды ұмытады. Барлығы: «Йа Раббым! Бүгін нәпсімнен (өзімнен) басқа ештеңені қаламаймын» дейді.

Мұхаммед алейһиссалам болса **«Үмметіме саламаттық бер, құтқара көр, йа Раббым!»-** дейді. Ол жерде бұған ешкім шыдап тұра алмайды. Өйткені, Аллаһу та’ала бұл туралы «Жасиә» сүресінің 28-ші аят кәримәсында: **«Барлық үмметтің Хақ та’аланың қорқынышынан тізерлеп отырғанын көресің. Әрқайсысы дүниеде істеген істерінің кітабына** (есебіне) **шақырылады»** деп бұйырған.

Аллаһу та'ала Мүлк сүресінің сегізінші аятында: **«Ашуы мен қаталдығынан от екіге бөлінетіндей болады»** деген.

Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уә сәлләм ортаға шығып, жаһаннамды тоқтатады. **«Қор болып, мүсәпірленіп кері қайт! Саған түсетіндер топ-топ болып келгенге дейін»** дейді.

Жаһаннам: «Йа Мұхаммед! Маған рұқсат бер. Өйткені, сен маған харамсың» дейді. Арштан бір дауыс «Ей жаһаннам! Мұхаммед алейһиссаламның сөзін тыңда. Оған бағын» дейді. Сосын Расулуллаһ жаһаннамды Аршы-аъланың сол жағындағы бір жерге орналастырады. Махшардағылар пайғамбарымыздың осы мейірбан әрекеті мен шапағатын бір-біріне сүйінші етіп хабарлайды. Қорқыныштары біраз басылады. «Әнбия» сүресіндегі 107-ші аяттың **«Сені әлемдерге рақымдылық ретінде жібердік»** деген мағынасы осы жерде айқындалады.

Қорыта айтқанда, Расулуллаһ алейһиссалам алты жерде шапағат етеді. Біріншісі, **Мақамы Махмуд** деген шапағатымен барлық адамды махшарда күтіп тұру азабынан құтқарады. Екіншісі, көп адамды жаннатқа кіргізеді. Үшіншісі, азап тартуы керек болған адамдарды азаптан құтқарады. Төртіншісі, күнәсі көп болған мұсылмандарды жаһаннамнан шығарады. Бесіншісі, сауабы мен күнәсі тең болып, Араф деген жерде күтіп тұрғандарды жаннатқа кіргізеді. Алтыншысы, жаннаттағылардың дәрежелерінің көтерілуі үшін шапағат етеді.

МҰҒЖИЗАЛАРЫ

Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның хақ пайғамбар екенін көрсететін куәгерлер өте көп. Аллаһу та'ала **«Сен болмағанда әлемдерді жаратпас едім»** деген. Барлық болмыстар Аллаһу та'аланың бар екенін, бір екенін көрсетумен қатар, Мұхаммед алейһиссаламның хақ пайғамбар екенін және оның үстемдігін көрсетуде. Үмметінің әулиелерінде пайда болатын кереметтердің барлығы оның мұғжизалары болып табылады. Өйткені, кереметтер оған бағынатындарда, оның жолымен жүрген адамдарда пайда болады. Тіпті, барлық пайғамбарлар оның үмметінен болуды қалағандықтан, барлығы оның нұрынан жаратылғандықтан олардың мұғжизалары да Мұхаммед алейһиссаламның мұғжизалары болып саналады. Бұл сөзімізді Имам Бусайридің «Қасидә-и Бурдә» шығармасы тамаша бейнелейді.

Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның мұғжизалары заманға байланысты үшке бөлінеді: Біріншісі – мүбәрәк рухы жаратылғаннан бастап, пайғамбарлығы білдірілгенге (бисәтқа) дейінгілер. Екіншісі – бисәттен бастап қайтыс болғанға дейінгі уақыттағылар. Үшіншісі – қайтыс болғаннан бастап қияметке дейін болған және болатын нәрселер. Бұлардан біріншілері **ирхас** деп аталады. Бұның әрқайсысы көріп немесе көрмей ақылмен түсінілетін мұғжизалар болып екіге бөлінеді. Бұл мұғжизалардың санының көптігі соншалық, есебін білу мүмкін емес. Екінші бөлімдегі мұғжизалардың саны үш мыңдай болғаны білдірілген. Бұлардан мәшһүр болғандарының бірнешесі төменде берілді.

1- Мұхаммед алейһиссаламның мұғжизаларының ең үлкені - Құран кәрім. Қазірге дейін келген ақындар мен әдебиетшілер Құран кәрімнің жүйелілігімен мағынасына таң қалған. Оның бірде-бір аятына ұқсайтын нәрсе жаза алмаған. Шешендік ерекшелігі, жазылу тәсілі адам сөзіне ұқсамайды. Яғни, бір сөзі алынып тасталса немесе бір сөз қосылса мағынасындағы әсемдік бұзылады. Бір сөзінің орнына қоятын басқа сөз іздегендер ондай сөзді таппаған. Тәртібі араб ақындарының өлеңдеріне ұқсамайды. Өткен және келешекте болатын көптеген нәрселер туралы хабар береді. Оны оқығандар мен тыңдағандар жалықпайды, шаршаса да жалықпайды. Оны оқып тыңдаған кезде адамның дерттерін кетіретіні көптеген тәжірибелермен

анықталған. Тыңдаған кезде жүректерінде қорқыныш сезімі пайда болып, осыдан қайтыс болып кеткендер де кездескен. Қаншама ислам дұшпандары Құран кәрімді тыңдау арқылы жүректері жұмсарып, иман келтірген.

2- Бір күні Пайғамбарымыз көкесі Аббастың үйіне барып, Аббас пен оның балаларын қасына отырғызды. Олардың үстін жамылғысымен жауып, **«Йа, Раббым! Бұл көкем мен әһли бәйтімді жапқаным сияқты Сен де оларды жаһаннам отынан қорға»**,- деді. Қабырғадан үш рет «әмин» деген дауыс естілді.

3- Бір күні қолына пұт ұстап тұрған бір адамнан **«Мына пұт маған сөйлесе иман келтіресің бе?»**- деп сұрады. Ол адам «Мен бұл пұтқа елу жылдан бері ғибадат жасап келемін. Ешқашан маған сөйлегенін көрмедім. Саған қалай сөйлейді?»- деді. Мұхаммед алейһиссалам **«Ей, пұт! Мен кіммін?»** деген кезде «Сен Аллаһтың пайғамбарысың» деген дауыс естілді. Пұттың иесі дереу иман келтірді.

4- Расулуллаһ саллаллаһу алейһи уәсәлләм бір өрістік далада кетіп бара жатқанда үш рет «Йа, Расулаллаһ» деген дауысты естиді. Дауыс шыққан жаққа қараса байлаулы киікті көреді. Оның жанында бір адам ұйықтап жатыр екен. Киіктен не қалайтынын сұрағанында «Мына аңшы мені аулап алды. Қарсыдағы тауда екі елігім бар. Мені босатыңыз, барып оларды емізіп келейін»,- деді. Расулуллаһ **«Сөзіңде тұрып, қайтып келесің бе?»**,- деді. «Аллаһ үшін сөз беремін, келмесем Аллаһу та'ала мені азаптасын»,- деді киік. Расулуллаһ киікті босатты. Киік біраздан соң қайтып келді. Расулуллаһ оны байлады. Ұйықтап жатқан адам оянып, «Йа, Расулаллаһ бір бұйырғаныңыз бар ма?»,- деді. «**Мына киікті босат**»,- деді Расулуллаһ. Адам киікті босатты. Киік «Әшһәду ан лә илаһә иллаллаһ уә әннәкә Расулуллаһ» деп, кетіп қалды.

5- Тирмизи мен Нәсаи хазреттерінің «Сүнен» атты кітаптарында былай делінеді: «Екі көзі де көрмейтін соқыр адам келіп, Йа, Расулаллаһ, Аллаһу та'алаға дұға етіңіз! Көзім ашылсын» дейді. Расулуллаһ ол адамға жақсылап дәрет алуын, сосын **«Йа Раббым, саған жалбарынамын. Сүйікті пайғамбарың Мұхаммед алейһиссаламды арашы қойып сенен тілеймін. Ең қатты жақсы көретін пайғамбарым Мұхаммед алейһиссалам! Сізді уәсилә (арашы) етіп Раббыма жалбарынамын. Тілегімді сіздің құрметіңіз үшін қабылдауын сұраймын. Йа, Раббым! Осы ұлы**

пайғамбардың шапағатын тигізе көр. Оның құрметіне дұғамды қабыл ет» деген дұғаны оқуын айтты. Ол адам дәрет алып, дұғаны оқыған кезде көздері ашылды. Бұл дұғаны мұсылмандар әрқашан оқып, тілектеріне қол жеткізіп отырған.

6- Бір әйел сый ретінде Расулуллаһ алейһиссаламға бір ыдыс бал жіберді. Расулуллаһ балды қабыл алып, бос ыдысты қайтарды. Аллаһу та'аланың құдіретімен ыдыс балға толы болып қайтып келді. Әйел келіп, «Йа, Расулаллаһ! Не күнәм бар?»- деп сұрады. «Сенің сыйлығыңды қабылдадық. Сағаң қайтып келген бал Аллаһу та'аланың сенің сыйлығыңа берген берекесі»,- деді. Әйел қуанып балды үйіне апарды. Бала-шағасымен ол балды айлар бойы жеді. Еш азаймады. Бір күні қателесіп, балды басқа ыдысқа салып қойды. Сол ыдыстан жеп тауысты. Бұл жағдай пайғамбарымызға айтылғанда **«Жіберлген ыдыста тұра бергенде, дүние тоқтағанша жейтін еді, еш азаймайтын еді»,**- деді.

7- Үмметінен көп адамның теңіз арқылы соғысқа баратынын және Умму Хирам (радиаллаһу анһа) деген сахаба әйелдің сол соғыста болатынын хабарлаған. Хазреті Османның халифалық кезеңінде мұсылмандар кемелермен Кипр аралына барып соғысты. Ол әйел де барды. Сол жерде шәһид болды.

8- Хазреті Муауияға **«Бір күні үмметіме басшы болатын болсаң, жақсылық жасағандарға сияпат көрсет! Жамандық жасағандарды кешір!»**,- деді. Муауия Осман (радиаллаһу анһ) кезінде Шамда жиырма жыл билеуші, сосын жиырма жыл халифа болды.

9- Абдуллаһ ибн Аббастың анасына қарап, **«Сенің бір ұлың болады. Туылған кезде маған әкел»**,- деді. Баланы әкелген кезде құлағына азан мен қамат оқып, мүбәрәк аузының суынан баланың аузына жақты. Атын Абдуллаһ деп қойып, анасына берді. **«Халифалардың әкесін ал, апар»**,- деді. Баланың әкесі хазреті Аббас мұны естіп, себебін сұрағанда **«Иә, солай айттым. Бұл бала халифалардың әкесі. Олардың ішінде Сәффах, Мәһди және Иса алейһиссаламмен намаз оқыған бір адам болады»**,- деді. Аббаси мемлекетін көптеген халифалар басқарды. Олардың барлығы Абдуллаһ бин Аббастың тегінен болды.

10- Көкесінің баласы Абдуллаһ бин Аббастың маңдайына мүбәрәк қолын қойып, **«Йа, Раббым! Мұны дінде терең ғалым ет, даналық иесі ет! Құран кәрім ілімдерін оған ихсан ет!»**,- деді. Осыдан кейін

хазреті Абдуллаһ бин Аббас барлық ілімде, әсіресе тәфсир, хадис және фиқһ ілімдерінде өз дәуірінің ғұламасы болды. Сахабалар мен табииндер барлық нәрсені содан үйренетін. **«Тәржуман-ул-Құран»**, **«Бахрул-илм»** және **«Рәис-ул-мүфәссирин»** деген аттармен танымал болды. Ислам мемлекеттері оның шәкірттерімен толды.

11- Қызметшілерінен болған Әнәс бин Маликке **«Йа, Раббым! Бұның мал-мүлкі мен балаларын көп, өмірін ұзақ ет. Күнәларын кешір»** деп дұға етті. Уақыт өткен сайын мал-мүлкі көбейе берді. Талдары, бақшалары жыл сайын жеміс берді. Көп баласы болды. 110 жыл өмір сүрді. Өмірінің соңында «Йа, Раббым! Хабибіңнің мен үшін жасаған дұғаларының үшеуін қабыл еттің, ихсан еттің. Төртіншісі не болады?» дегенде «Төртіншісі де қабыл болды, уайымдама» деген дауысты естіді.

12- Хижреттің үшінші жылында Расулуллаһ алейһиссалам Қаттан соғысында бір талдың түбінде жалғыз өзі жатқанда, Дасур деген бір күшті, алып кәпір қылышпен келіп, «Сені менен кім құтқарады»,- деді. Расулуллаһ **«Аллаһу та'ала құтқарады»** деген кезде Жәбрейіл алейһиссалам адам кейпінде келіп, кәпірдің кеудесінен ұрды. Ол құлап, қылышы қолынан түсіп қалды. Расулуллаһ қылышты қолына алып, **«Сені менен кім құтқарады»**,- деді. «Мені құтқаратын сенен асқан қайырлы адам жоқ» деп жалбарынды. Оны кешіріп, босатып жіберді. Ол иман келтіріп, басқа да көптеген адамдардың иманға келуіне себепші болды.

13- Расулуллаһ алейһиссалам бір күні дәрет алып, мәсісінің бірін киіп, екіншісіне қолын созған кезде бір құс келіп, мәсісін алып, ауаға көтеріліп сілкіді. Ішінен бір жылан түсті. Сосын құс мәсіні жерге тастады. Осы куннен бастап аяқ киімді киер кезде алдымен сілку сүннет болды.

14- Хазреті Әнәс айтады: «Расулуллаһтың мүбәрәк жүзін сүртіп жүретін бір беторамалы бар болатын. Сонымен бетін сүртетін, кірлеген кезде отқа тастайтын. Кірі жанып, орамал жанбайтын. Таптаза болып шығатын».

15- Ухуд соғысында Әбу Қатадәнің (радиаллаһу анһ) бір көзі ағып түсті. Ағып түскен көзін Расулуллаһқа алып барды. Расулуллаһ алып келген көзді мүбәрәк қолымен орнына қойып, **«Йа, Раббым! Көзін жақсарта гөр»**,- деді. Бұл көзі екіншісінен де жақсы көретін болды. Әбу Қатадәнің (радиаллаһу анһ) немерелерінің бірі халифа Омар бин Абдулазиздың (радиаллаһу анһ) жанына барады. Одан «Сен кімсің?»

деп сұрайды. Ол бір өлең оқып, Расулуллаһ мүбәрәк қолымен көзін салып берген адамның немересі екенін жеткізеді. Халифа бұл өлеңді тыңдағаннан кейін оған ілтипат көрсетті.

16- Расулуллаһ алейһиссалам бір күні қызы хазреті Фатиманың үйіне соғып, жағдайларын сұрады. Хазреті Фатима «Әкешім! Үш күннен бері балаларыммен бірге еш нәрсе жеген жоқпыз. Аштыққа сабыр етудеміз. Менікі маңызды емес. Бірақ, Хасан мен Хусейннің жағдайына қиналамын»,- деді.

Пайғамбарымыз **«Ей, Фатима! Жаным қызым! Сен үш күннен бері ашсың. Мен болсам төрт күннен бері ашпын»**,- деді. Немерелері хазреті Хасан мен Хусейннің аш екендігіне қатты қайғырды.

Хазреті Әли еңбектеніп, табыс тауып мүбәрәк балаларына жейтін нәрселер әкелу үшін жолға шықты. Мәдинадан шыққан кезде бір құдықтың басына түйелерін суаруға келген бір шаруаны көреді.

Оның қасына барып, **«Ей араб! Ақыға түйелеріңді суартқың келе ме?»**- деп сұрады. Шаруа «Иә, мен де сондай адам іздеп жүрген едім. Қаласаң кел, түйелерімді суар. Тартқан әр шелегіңе үш құрма беремін»,- деді. Хазреті Әли келісіп су тарта бастады. Тоғыз шелек тартқаннан кейін шелектің жібі үзіліп, шелек құдыққа түсіп кетті. Мұны көрген шаруа орнынан ұшып тұрып, хазреті Әлидің бетінен ұрды.

Сосын тартқан сегіз шелек суы үшін жиырма төрт құрма берді. Бұл жағдайға қатты ренжіген хазреті Әли қолын құдыққа созып, шелекті алып құдықтың басына қойды да ол жерден кетіп қалды.

Шаруа таң қалып қарап қалды. Қолы осыншама терең құдықтың түбіне қалай жетті?.. Әлде бұл адам келетіндігі білдірілген діннің өкілі ме екен? Осындай ойларға салынған шаруа «Оның пайғамбары – хақ пайғамбар. Сендім»,- деді.

Бұдан бұрын жасаған қызбалығына, істеген үлкен қылмысына өкініп, «Мұндай адамға көтерілген қол кесіліп, сүйегі сындырылуы керек» деп, қолына қылышын сермеп, қолын шауып тастады. Қолы қатты ауырғанмен көңілі орныққан еді. Кесілген қолын екінші қолына алып, Нәби мешітіне барды. Сахабалардан пайғамбардың қайда екенін сұрады. Қызының үйіне кеткенін білді. Хазреті Фатиманың үйін сұрап, сол жаққа бет алды.

Ол кезде пайғамбарымыз немерелері хазреті Хасан мен хазреті Хусейнді мүбәрәк тізесіне отырғызып, әкелінген құрмаларды жегізіп отыр еді.

Шаруа жасаған қателігін ойлаған кезде жынданып кетердей болып, көз жасын төге бастаған еді.

Сөйтіп, хазреті Фатиманың үйіне келіп, есігін қақты. Іштен әлемдердің мырзасы жүзінен нұр шашып күндей болып сыртқа шықты. Шаруа Расулуллаһты көрер-көрмес «Сендім, сіз Аллаһу та'аланың Расулысыз. Жасаған ісіме өкінемін, мені кешіріңіз, йа Расулаллаһ» деп жалынды.

Сүйікті пайғамбарымыз **«Қолыңды неге кестің?»** деп сұрағанда «Сізге сенген мүбәрәк жүзге ұрған бұл қолмен жүруге ұялғандығымнан... Жаным сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ»,- деді.

Мейірімділік дариясы болған сүйікті пайғамбарымыз шаруадан кесілген қолды алып **«Бисмиллаһиррахманиррахим»** деп, қан сорғалаған білегімен біріктірді. Қол Аллаһу та'аланың рұқсатымен пайғамбарымыздың мұғжизасы ретінде бұрынғы қалпына келді. Аллаһу та'аланың барлық нәрсеге күші жетеді.

ӘҺЛИ БӘЙТ
Мүбәрәк үй халқы

Расулуллаһ саллаллаһу алейһи уә сәлләм хазреті Хадиша анамыз қайтыс болғаннан кейін екінші рет елу бес жасында хазреті Әбу Бәкірдің қызы хазреті Айша анамызға үйленді. Аллаһу та'аланың бұйрығымен некеге тұрған болатын. Хазреті Айша анамызбен бақилық болғанға дейін, яғни соңғы сегіз жыл өмірін бірге өткізді.

Қалған әйелдеріне діни, саяси себептермен немесе мейірімділік таныту, жақсылық жасау ниетімен үйленген. Олардың барлығы жесір болып, көпшілігі егде жаста болатын. Мысалы, Меккедегі кәпірлердің мұсылмандарға көрсеткен азаптары мен жәбірлері адам төзгісіз жағдайға жеткен кезде сахабалардың бір бөлігі Хабәшстанға хижрет еткен еді. Хабәш патшасы Нәжаши христиан болатын. Мұсылмандарға әр түрлі сұрақтар қойып, алған кемел жауаптарына таң қалып, иман келтірген. Мұсылмандарға көптеген жақсылықтар жасады. Иманы әлсіз болған Убайдуллаһ бин Жахш кедейліктен құтылу үшін поптарға алданып, мүртәд болған, дінін дүниеге ауыстырып жіберген болатын. Расулуллаһтың әпкесінің баласы болған ол малұғын, әйелі Умми Хабибаны да (радиаллаһу анһа)

діннен шығып, бай болуға күштеп, зорлады. Алайда әйелі кедейлік пен өлімге риза екенін, бірақ Мұхаммед алейһиссаламның дінінен шықпайтынын айтқандықтан, онымен ажырасып кетті. Кедейшіліктен қиналып өлгенін күтіп отырған еді. Бірақ, аз уақыттан соң өзі өлді. Умми Хабиба (радиаллаһу анһа) Меккедегі Құрайыштың сол кездегі бас қолбасшысы Әбу Суфйанның қызы болатын. Расулуллаһ алейһиссалам ол кездері Құрайыш әскерімен қақтығыста болатын. Әбу Суфйан Ислам дінін жою үшін бар күшін салып, күресуде еді.

Расулуллаһ Умми Хабибаның иманының күштілігін және басына түскен ауыр қайғысын естіді. Нәжашиге **«Сол жердегі Умми Хабибаға үйленемін. Некемді қи. Сосын оны осында жібер»** деп хат жазды. Нәжаши одан бұрын мұсылман болған болатын. Хатта жазылғандарға құрмет көрсетіп, сол жердегі мұсылмандарды сарайына шақырып, дастархан жайды. Хижреттің жетінші жылы неке қиылып, сыйлықтар берілді. Осылайша, Үмми Хабиба (радиаллаһу анһа) иманының сыйына қауышты, бай болып, рахат өмір сүрді. Оның арқасында басқа да мұсылмандар рахаттыққа қауышты. Жаннатта әйелдер күйеулерінің қасында болатындықтан оған жұмақтың ең биік дәрежесі сүйіншіленді, дүниенің барлық ләззаттары мен ниғметтері бұл сүйіншінің қасында кішкентай болып қалды. Бұл неке Әбу Суфйанның алдағы уақытта мұсылман болу абыройына қауышуына себеп болатындай етіп дайындалған еді. Бұдан көріліп тұрғанындай, бұл неке Расулуллаһтың ақылының, зейінінің, даналығының, жақсылығының және мейірімділігінің деңгейін де көрсетеді.

Екінші мысал: Хазреті Омардың қызы хазреті Хафса (радиаллаһу анһа) жесір қалған болатын. Хижреттің үшінші жылында хазреті Омар хазреті Әбу Бәкірден және хазреті Османнан «Қызымды аласың ба?» деп сұрағанында олар ойланатындықтарын айтқан еді. Бір күні Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сол үшеуі және басқалардың қасында тұрғанда **«Йа Омар! Сен бір нәрсеге ренжулі сияқтысың. Себебі не?»-** деп сұрады. Шыны ыдыстағы сияның түсі оңай көрінетіні сияқты Расулуллаһ алейһиссалам да барлық адамның ойын бір қарағанда түсінетін. Керек деп тапса сұрайтын. Оған, тіпті барлық адамға шындықты айтуымыз парыз болғандықтан хазреті Омар: «Йа Расулаллаһ! Қызымды Әбу Бәкірге және Османға ұсындым, олар алмады»,- деді. Расулуллаһ ең қатты жақсы көретін бұл үш сахабасының ренжігенін қаламай, оларды қуанту үшін **«Йа Омар! Қызыңды Әбу Бәкірден және Османнан да қайырлы**

адамға бергің келе ме?»- деп сұрады. Хазреті Омар аң-таң болып қалды. Өйткені, хазреті Әбу Бәкір мен хазреті Османнан артық адамның жоқ екенін білетін. «Иә, йа Расулаллаһ»,- деді**.** Расулуллаһ алейһиссалам **«Йа Омар, қызыңды маған бер»**,- деді. Осылайша, хазреті Хафса (радиаллаһу анһа) хазреті Әбу Бәкірдің және хазреті Османның және барлық мүминдердің анасы болды және бұлар оған қызмет жасады. Хазреті Әбу Бәкір, хазреті Омар және хазреті Осман бір-біріне жақындаса түсті.

Үшінші мысал: Хижреттің бесінші немесе алтыншы жылында Бәни Мусталақ тайпасынан алынған жүздеген тұтқынның арасында болған Жуәйрийя (радиаллаһу анһа) деген қыз, сол тайпаның басшысы болған Харистің қызы болатын. Расулуллаһ оны сатып алып, азат етіп, өзімен некесін қидырғанда сахабалардың (алейһимурридуан) барлығы «Біз Расулуллаһ алейһиссаламның отбасының, анамыздың туыстарын күң ретінде, қызметші ретінде қолдануға ұяламыз» деп, барлығы тұтқындарын азат етті. Бұл неке жүздеген тұтқынның азат етілуіне себеп болды. Хазреті Жуәйрийя (радиаллаһу анһа) бұл жағдайды әрдайым айтып, мақтанып отыратын. Хазреті Айша (радиаллаһу анһа) «Жүуәйриядан асқан қайырлы, берекелі әйел көрмедім» дейтін.

Мүбәрәк әйелдері

Хадижа-тул-Кубра (радиаллаһу анһа): Ол – Хуәйлид бин Әсад бин Абдил-Узза бин Қусайдың қызы. Расулуллаһтың алғашқы әйелі. Өте бай, білімді және өте ақылды болатын. Бар мүлкін расулуллаһқа арнады. 24 жыл жақсы қызмет жасады. Хижрадан үш жыл бұрын 65 жасында Меккеде қайтыс болды. Алғаш иман келтірген әйел. Расулуллаһтың барлық қыздары мен екі ұлының анасы.

Айша (радиаллаһу анһа) айтады: “Пайғамбарды өзге әйелдерінен Хадишаны қызғанғаным секілді қызғанып көрген емеспін. Оны өзім көрген жоқпын. Бірақ, расулуллаһ оны көп айтатын. Қөбінесе, қой сойған кезде оның етінен Хадишаның жақындарына беріп жіберетін. Хадишаның атын айта бастаса: “Дүниеде одан өзге әйел жоқ па?” дейтінмін. Расулуллаһ болса оның ұнамды істерін айтып: **«Ол менің балаларымның анасы»** дейтін”.

Хазреті Айша (радиаллаһу анһа): Расулуллаһтың екінші сүйікті әйелі. Әбу Бәкір Сыддықтың (радиаллаһу анһ) қызы. Өте ақылды, зерек, білімді, әдепті, таза және салиха еді. Есте сақтау қабілеті күшті болғандықтан сахабалар көптеген нәрселерді содан сұрап білетін. Аят кәримәмен мадақталды. Ижтиһады хазреті Әлиге сай келмегендіктен Түйе оқиғасында хазреті Әлиге қарсы соғысқан сахабалармен бірге болды. Хазреті Әли шәһид етілгенде қатты қайғырды. Хуруфилер оған көп жала жабуда. Хазреті Әлиді жақсы көрмеген деуде. Алайда, **«Әлиді жақсы көру – иманнан»** деген хадис шәрифті хазреті Айша хабарлаған. Осылайша, оны жақсы көретінін және барлық адамның оны жақсы көруі тиіс екенін білдірді. Хижреттен сегіз жыл бұрын дүниеге келіп, елу жетінші жылы алпыс бес жасында Мәдинада қайтыс болды.

Сәудә бинти Зәма (радиаллаһу анһа): Расулуллаһтың үшінші әйелі. Күйеуімен бірге иман келтіріп, Хабәшстанға хижрет еткен болатын. Меккеге қайтып оралған кезде күйеуі қайтыс болды. Расулуллаһ бірінші хазреті Айшаны, сосын хазреті Сәудәні некеледі. Хазреті Сәудәні Меккедегі, хазреті Айшаны Мәдинадағы үйіне алды. Өте мейірімді және арлы әйел болған. Хазреті Омар заманында қайтыс болды.

Зейнеп бинти Хузәймә (радиаллаһу анһа): Өте көп ғибадат жасайтын, көп садақа беретін әйел болған. Бұрын Абдуллаһ бин Жахштың (радиаллаһу анһ) әйелі болған. Абдуллаһ (радиаллаһу анһ) Расулуллаһтың әпкесі Үмәймәнің ұлы болатын. Ол Ухуд соғысында қайтыс болды. Хазреті Зейнеп Расулуллаһпен некесі қиылғаннан кейін сегіз айдан соң қайтыс болды.

Умму Сәләмә (радиаллаһу анһа): Аты Хинди болатын. Күйеуі Әбу Сәләмәмен бірге Хабәшстанға алғаш көшкендердің арасында болды. Әбу Сәләмә (радиаллаһу анһ) Расулуллаһтың әпкесі Бәррәның ұлы Убәйдуллаһ бин Жахштың бауыры болатын. Мәдинада хижреттің төртінші жылы Ухуд соғысында жараланып, қайтыс болды. Хазреті Умму Сәләмә Әбу Бәкір мен Омардың (радиаллаһу анһума) неке туралы ұсыныстарын қабылдамады. Расулуллаһпен некелесу бақытына қауышты. Елу тоғызыншы жылы Мәдинада сексен төрт жасында қайтыс болды. Расулуллаһтың ең соңғы қайтыс болған жұбайы осы болатын.

Зейнеп бинти Жахш (радиаллаһу анһа): Ол - Расулуллаһтың әпкесі Үмәймәнің қызы, Абдуллаһ бин Жахштың (радиаллаһу анһ) қарындасы еді. Әкесінің аты Бәррә болатын. Иман келтірмегендіктен Жахш деп аталды. Зейнеп (радиаллаһу анһа) – алғаш иман келтіргендердің бірі болған. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бірінші оны баласы болып кеткен Зәйд бин Харисаға (радиаллаһу анһ) қосады. Зәйд (радиаллаһу анһ) Зейнептің (радиаллаһу анһа) құқықтарына немқұрайлы қарағандықтан олар хижреттің үшінші жылы ажырасты. Расулуллаһ алейһиссалам онымен өзі некелескісі келді. Зейнеп (радиаллаһу анһа) бұл туралы естігенде қуанғанынан екі рәкат намаз оқып, «Йа Раббым! Сенің Расулың мені қалауда. Егер оған тұрмысқа шығу менің тағдырыма жазылса, мені оған Сен бер» деп дұға етті. Дұғасы қабыл болып, «Ахзаб» сүресінің **«Зәйд оған қатысты талабын орындағаннан кейін** (яғни Зейнептен ажырасқаннан соң) **біз оны саған жұбай еттік»** деген 37-ші аяты түсті. Зейнептің (радиаллаһу анһа) некесін Аллаһу та'ала қиғаннан кейін Расулуллаһ саллаллаһу алейһи уәсәлләм тағы да неке қидырмады. Зейнеп (радиаллаһу анһа) мұны әрқашан мақтан тұтатын және «Әр әйелді әкесі тұрмысқа береді. Ал, мені Аллаһу та'ала некеледі» дейтін. Ол кезде отыз сегіз жаста болатын. Хижреттің жиырмасыншы жылы елу үш жасында қайтыс болды. Өте қайырымды адам болатын, садақа бергенді өте жақсы көретін. Қолөнерге де шебер еді. Жасаған нәрселерін және қолына түскеннің барлығын туыстары мен кедейлерге беретін. Тіпті, халифа Омар (радиаллаһу анһ) Расулуллаһтың әйелдерінің бәріне он екі мың дирхамнан беретін. Ол ала сала барлығын садақа етіп тарататын. Расулуллаһтан кейін әйелдерінің ішінде бірінші қайтыс болған осы еді. Хазреті Айша оны көп мақтап, мадақтады. **«Әйелдерімнің арасынан маған ең бірінші қауышатыны - қолы ашық болғаны»** деген хадис шәриф оның алғаш болып қайтыс болатынын хабарлаған. Өйткені, ең көп садақа беретін сол болатын. (Француздың әдепсіз, жалақор ақыны Вольтер Расулуллаһтың Зейнепті (радиаллаһу анһа) әйелдікке алуын тарихқа, оқиғаларға теріс, негізсіз жалалар жазылған өлеңмен пьеса жазған. Әдебиетші және ойшыл деген атқа жараспайтын осы бір нашар шығармасы өзін шіркеуден қуған үлкен дұшпаны папаның көңілінен шығып, оған мақтау мазмұнындағы хат жазған. Мұсылмандардың халифасы Сұлтан II.Абдулхамит хан

бұл пьесаның сахнаға қойылатынын естіп, Франция мен Англия үкіметтеріне ультиматум қойып, дереу жағдайдың алдын алып, бүкіл адамзат баласын адамгершіліксіз масқаралық пен сұмдықтан құтқарып қалған).

Хазреті Сафийә (радиаллаһу анһа): Ол Хайбәр яһудилерінің басшысы болған Хуей ибни Ахтабтың қызы еді. Хайбәрдегі бір яһудимен атастырылған болатын. Кейіннен өте бай болған Кәнанә бин Хақиқпен тұрмыс құрды. Хижреттің жетінші жылы Хайбәр алынған кезде Сафийә (радиаллаһу анһа) да тұтқынға түсті. Расулуллаһтың үлесіне тиіп, азат болып, иман келтірді. Пайғамбарымызбен некелесу абыройына қауышты. Хижреттің елуінші жылы Мәдинада қайтыс болды.

Хазреті Мәймунә (радиаллаһу анһа): Есімі Бәррә болатын, Расулуллаһ Мәймунә деп атады. Хайбәр алынғаннан кейін пайғамбарымыз Меккеге умраға барған кезінде Мәймунәнің (радиаллаһу анһа) күйеуі қайтыс болған екен. Расулуллаһтың некесімен абыройланды. Хижреттің елу үшінші жылы Меккеде науқастанып қалды. «Мені Меккеден шығарыңдар. Өйткені, Расулуллаһ менің Меккенің сыртында қайтыс болатынымды хабарлады»,- деді. Оны Меккеден шығарған кезде Расулуллаһпен некесі қиылған жерде қайтыс болды.

Хазреті Марийә (радиаллаһу анһа): Пайғамбарымыздың алейһиссалам күңі болған. Иман келтіріп, пайғамбарымызбен некесі қиылды. Марийә (радиаллаһу анһа) Мысырдағы Александрияның билеушісі Муқауқыстан сыйлық ретінде жіберілгендіктен оның тегі және туылған жылы нақты белгілі емес. Расулуллаһтың хазреті Марийәдан Ибраһим деген ұлы болған. Хазреті Марийә өте салмақты, тыныш және өзімен-өзі жүретін адам еді. Хазреті Омардың халифалығының соңғы жылдарында 637 (х.16) жылы қайтыс болған. Бақи мазаратына жерленген.

Хазреті Райханә (радиаллаһу анһа): Пайғамбарымыздың күңі болып жүріп мұсылмандықты қабылдаған. Мәдинадағы яһудилердің Бәни Құрәйза тайпасынан шыққан. Толық есімі – Райханә бинти Шәмъун ибни Йәзид немесе Райханә бинти Зәйд ибни Амр ибни

Ханифә бин Шәмъун бин Йәзид. Туған жылы нақты белгілі емес. Пайғамбарымыздан бұрын 631 (х.10) жылы Мәдинада қайтыс болды. Бақи мазаратына жерленген.

Хадис шәрифте: **«Барлық әйелдеріммен үйленуім және қыздарымды тұрмысқа беруімнің барлығы Жәбрейілдің** (алейһиссалам) **Аллаһу та'аладан әкелген рұқсатымен жүзеге асты»** делінген.

Расулуллаһ алейһиссаламның көп әйелге үйленуінің маңызды бір себебі ислам дінін тарату үшін болатын. Хиджаб аяты келместен бұрын, яғни әйелдердің жабық жүруі бұйырылмастан бұрын әйелдер де Расулуллаһқа барып, білмегендерін сұрап білетін. Расулуллаһ біреудің үйіне барса, әйелдер де келіп отырып, тыңдайтын және пайдаланатын. Хиджаб аяты келіп, әйелдердің бөтен еркекпен отыруларына, сөйлесулеріне тыйым салынғаннан кейін бөтен әйелдерді қабылдамады. Олардың білмеген нәрселерін жұбайы хазреті Айшадан сұрап білулерін бұйырды. Келіп сұрайтын адамдардың көптігінен оларға жауап беруге хазреті Айша үлгере алмайтын. Осындай маңызды қызметті жеңілдету және Айша анамыздың (радиаллаһу анһа) ісін оңайлату үшін, қажетінше әйелді некеледі. Әйелдерге қатысты жүздеген нәзік мәселелерді мұсылман әйелдерге өзінің мүбәрәк әйелдері арқылы білдірді. Жұбайы біреу ғана болғанда, барлық әйелдердің одан сұрап білулері қиын, тіпті мүмкін емес болатын еді. Аллаһу та'аланың дінін толық түрде жариялап, тарату үшін көп әйелге үйлену жүгін мойнына алды.

Балалары

Пайғамбарымыздың үш ер бала, төрт қыз бала, барлығы жеті перзенті болған. Хазреті Фатимадан басқасының барлығы Расулуллаһтан бұрын қайтыс болған. Сүйікті пайғамбарымыздың тегі хазреті Фатима анамызбен жалғасқан. Немерелері хазреті Хусейннің ұрпағы «сәййид», хазреті Хасанның ұрпағы «шәриф» деп аталады. Сәййидтер мен шәрифтерге көрсетілген құрмет – пайғамбарымызға құрмет болып саналады. Оларды жақсы көру соңғы демде иманмен кетуге себеп болады.

Қасым (радиаллаһу анһ): Расулуллаһтың үш ұлының тұңғышы. Сондықтан Расулуллаһ Әбул Қасым деп аталды. Пайғамбарлығынан

бұрын Меккеде дүниеге келген. Анасы – Хадиша (радиаллаһу анһа). Он жеті айлық кезінде шетінеген (қайтыс болған).

Зейнеп (радиаллаһу анһа): Расулуллаһтың қыздарының тұңғышы. Пайғамбарымыз отыз жасында болғанда дүниеге келді. Пайғамбарлықтан бұрын анасы Хадишаның немере інісі Әбу Ас бин Рәбимен тұрмыс құрды. Әбул Ас әуелгіде иман келтірмеді. Бәдір соғысында тұтқынға түсіп, әйелін Мәдинаға жіберу шартымен босатылды. Өз бауырымен бірге жіберсе де кәпірлер Зейнепті (радиаллаһу анһа) жолда кері қайтарды. Расулуллаһ алейһиссалам Зәйд бин Харисаны (радиаллаһу анһ) Меккеге жіберіп, Зейнепті (радиаллаһу анһа) түнде Мәдинаға қашырып жіберді. Әбул Ас Худәйбийа соғысынан кейін иман келтірді. Зейнеп (радиаллаһу анһа) оған қайтадан берілді. Хижреттің сегізінші жылы отыз бір жасында қайтыс болды. Баласы Әли Мекке алынған кезде Расулуллаһтың түйесіне мінгесіп отырған еді. Зейнептің (радиаллаһу анһа) қызы Уммамәні хазреті Әли өзіне некеледі.

Руқаййә (радиаллаһу анһа): Расулуллаһтың екінші қызы. Пайғамбарымыз отыз үш жасында дүниеге келді. Өте реңді болатын. Әбу Ләхәбтің баласы Утбәмен атастырылды. «Тәббәт» сүресі келген соң Утбә тойдан бұрын ажырасты. Уаһи келіп, хазреті Османмен некесі қиылды. Екеуі бірге екі рет Хабәшстанға хижрет етті. Жиырма екі жасында Бәдір соғысынан бұрын ауырып қалды. Хазреті Османға Бәдірге бармай, әйеліне қызмет ету бұйырылды. Бәдір соғысының сүйінші хабары Мәдинаға жеткен күні жерленді.

Умму Гүлсім (радиаллаһу анһа): Расулуллаһтың үшінші қызы. Әбу Ләхәбтың екінші баласы Утәйбәмен атастырылғанымен «Тәббат» сүресі келгеннен кейін тойлары болмастан бұрын ажырасты. Утәйбә Расулуллаһқа жаман сөздер айтты. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) **«Йа Раббым! Оған жыртқыштарыңның бірін жібер»** деп бетдұға айтты. Шамға бара жатқан жолында Утәйбәні арыстан жарып өлтірді. Руқаййә (радиаллаһу анһа) қайтыс болғаннан кейін уаһи келіп, Умму Гүлсім (радиаллаһу анһа) хазреті Османмен некеленді. Хижреттің тоғызыншы жылы қайтыс болды. Жаназа намазын Расулуллаһ оқып, жерлеген кезде қабірінің қасында тұрып мүбәрәк көзінен жас ақты.

Фатима (радиаллаһу анһа): Расулуллаһтың төртінші қызы, хазреті Әлидің жұбайы және хазреті Омардың қайынанасы. Некесі қиылғанда он бес жаста болатын. Мәһірі төрт жүз мысқал күміс болғандығы туралы **«Мәуахиб-и ләдунние»** атты кітапта Сәуиқ соғысында жазылған. Бұл 57,14 мысқал алтын мөлшерінде дегенді білдіреді. Әли (радиаллаһу анһ) жиырма бір жаста болатын. Олар Әһли бәйт атанды. Аққұба, өте көрікті еді. Хасан, Хусейн және Мухсин деген үш ұл баласы, Умму Гүлсім және Зейнеп деген екі қызы болған. Расулуллаһтың тегі Фатимадан (радиаллаһу анһа) тарады. Зейнеп Абдуллаһ бин Жафәр Таййармен некелесіп, олардың Әли және Умму Гүлсім деген балалары болды. Олар **шәриф-и Жафәри** деп аталады.

Абдуллаһ (радиаллаһу анһ): Расулуллаһтың Хадиша анамыздан туылған соңғы ұлы. Расулуллаһқа пайғамбарлық келгеннен кейін туылып, әлі анасының омырауын еміп жүргенде шетінеген. Таййиб және Тахир деп те аталған. Абдуллаһ қайтыс болғанда Ас бин Уаил «Мұхаммед әбтәр болды», яғни тегі кесілді деді. Аллаһу та’ала Асқа **«Иннә атайнә»** сүресі арқылы жауап берді.

Ибраһим (радиаллаһу анһ): Расулуллаһтың ұл балаларының үшіншісі және барлық балаларының ең соңғысы. Гераклиус Мысыр билеушісі болған Муқауқыс сыйға жіберген хазреті Марийәдан туған бала. Хижреттің сегізінші жылы дүниеге келіп, бір жарым жасында шетінеді. Ол ауырып жатқанда Расулуллаһ оны құшағына алып, мүбәрәк көздерінен жас ағатын. Қайтыс болғанында күн тұтылды деді. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мұны естігенде **«Ай мен күн Аллаһу та’аланың бар және бір екенін көрсететін екі махлұғы. Біреудің өлуіне, тірі қалуына байланысты тұтылмайды. Оларды көргенде Аллаһу та’аланы ойлаңдар»** деген. Ибраһим қайтыс болғанда **«Йа Ибраһим! Өліміңе қатты қайғырдық. Көзіміз жылап, жүрегіміз сыздайды. Бірақ, Раббымызды ашуландыратын ешнәрсе айта алмаймыз»**,- деді.

Әһли бәйті

Сүйікті пайғамбарымыздың барлық жанұя мүшелері әһли бәйт деп аталады. Мүбәрәк жұбайлары, қызы хазреті Фатима мен күйеуі хазреті Әли және олардың мүбәрәк балалары Хасан мен Хусейн (радиаллаһу аһһума) және олардың да балаларының барлығы, сондай-ақ пайғамбарымыздың таза тегіне тән болған Хашимұлдары әһли бәйт болып саналады.

Аллаһу та'ала Құран кәрімде әһли бәйт туралы былай дейді: **«Аллаһу та'ала сендерден барлық кемшілік пен кірлерді кетіргісі келеді және сендерді толық таза етіп тазалағысы келеді»** («Ахзаб» сүресі, 33).

Сахабалар «Йа Расулаллаһ! Әһли бәйт кімдер?»- деп сұрады. Сол кезде Имам Әли келді. Расулуллаһ оны шапанының астына алды. Кезекпен Фатима-туз-зәхра, Имам Хасан және Имам Хусейн келді. Бұлардың әр қайсысын жанына алып, **«Міне, бұлар менің әһли бәйтім»,**- деді. Бұл адамдар **Ал-и Аба** және **Ал-и Расул** деп те аталады.

Пайғамбарымыздың әһли бәйтін жақсы көру ахиретке иманмен кетуге, соңғы демде саламатқа қауышуға себеп болады. Әһли бәйтті жақсы көру – барлық мүминге парыз. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадис шәрифінде: **«Әһли бәйтім Нұх алейһиссаламның кемесі сияқты. Оларға бағынғандар амандыққа қауышады. Қалғандары құриды»** деген.

Әһли бәйти нәбәуидің ізгілігі мен кемелдігі өте көп. Санап тауысу мүмкін емес. Оларды айтып жеткізуге, мадақтауға адамның күші жетпейді. Олардың құндылығы мен ұлылықтары тек аяттармен түсініледі.

Имам Шафии хазреттері «Ей, әһли бәйти Расул! Сіздерді жақсы көруді Аллаһу та'ала Құран кәрімде бұйыруда. Намаздарында сіздерге дұға етпегендердің намаздарының қабыл болмауы сіздердің құндылықтарыңыз бен жоғары дәрежелеріңізді көрсетеді. Дәрежелеріңіздің ұлылығы соншалық, Аллаһу та'ала Құран кәрімде сіздерге сәлем айтуда» деп, мұны ең әдемі түрде білдірген.

Хазреті Әнәс былай дейді «Расулуллаһтан «Әһли бәйтіңізден ең қатты кімді жақсы көресіз?» деп сұралғанда **«Хасан мен Хусейнді»**- деп жауап берді».

Хазреті Әбу Хурайра айтады: «Расулуллаһтың қасында болатынмын. Хасан (радиаллаһу аһһ) келді. **«Йа Раббым! Мұны жақсы көремін. Сен де оны жақсы көр және мұны жақсы көретіндерді де жақсы көр»**,- деді. Тағы бірде **«Хасан мен Хусейн дүниедегі менің хош иістерім»,**- деді»

Пайғамбарымыз алейһиссалам тағы былай деді:

«Өзімнен кейін сендерге екі нәрсе қалдырамын. Бұларға жабыссаңдар жолдан шықпайсыңдар. Біріншісі екіншісінен үлкен. Біріншісі – Аллаһу та'аланы кітабы болған Құран кәрім, көктен жерге дейін созылған мықты бір жіп. Екіншісі - Әһли бәйтім. Бұлардың екеуі бір-бірінен ажырамайды. Бұларға бағынбағандар менің жолымнан ажырайды.»

Хазреті Хасан мен хазреті Хусейн ауырып қалған болатын. Пайғамбарымыз хазреті Әли мен хазреті Фатимаға **«Мына сүйіктілерің үшін бір нәзір атаңдар»**,- деді. Хазреті Әли мен хазреті Фатима анамыз және Фыдда деген күндері үш күннен ораза тұтуды атады. Хасан мен Хусейн хазреттері ауруларына шипа тапты. Бірақ, үйлерінде жейтін ешнәрсе жоқ еді. Хазреті Әли бір яһудиден қарызға арпа алды. Үшеуі де уәде еткен оразаларын тұтуға ниеттенді. Арпаның бір бөлігін хазреті Фатима үгітіп, бес нан пісірді. Өздері бес адам болатын. Ауыз ашатын уақыт болған еді. Әрқайсысының алдына бір-бір наннан қойып, ауыз ашқалы отырды. Бір кедей келіп, «Йа әһли бәйти Расулуллаһ! Міскін, кедей мұсылмандардың бірімін. Маған жейтін нәрсе беріңдер. Аллаһу та'ала сендерге жұмақтың сыйын берсін»,- деді. Олар қолдарындағы нанды оған садақа етіп беріп, өздері сумен ауыздарын ашты. Ертеңіне тағы да ораза тұтты. Қызметші тағы біраз арпа үгітіп, тағы да бес нан пісірді. Ауыз ашатын уақытта, нандарын алдарына алып ауыздарын ашайын деп жатқанда бір жетім келді. Бесеуі де нандарын сол жетімге беріп, оны қуандырып, өздері ауыздарын сумен ашып, ұйқыға жатты. Ертеңіне тағы да ораза тұтты. Қалған арпаны да үгітіп бес нан пісірді. Ауыз ашатын кезде бір тұтқын адам келіп «Үш күннен бері ашпын. Мені залымдар байлап, тамақ бермеді. Аллаһу та'ала үшін маған көмектесіңдер»,- деді. Бесеуі де нандарын соған беріп, тағы да сумен ауыздарын ашты. Осыдан соң бір аят келіп, Аллаһу та'ала былай деді: **«Олар атағандарын орындады. Ұзақ және үздіксіз қиямет күнінен қорыққандықтан қатты қалап тұрған тамақтарын да міскін, жетім, тұтқындарға берді. Оларға біз бұларды Аллаһу**

та’аланың разылығы үшін жегіздік. Сендерден қайтарым ретінде бір рахмет те, ешнәрсе күтпедік, ешнәрсе тілемейміз де, деді. Сондықтан Хақ та’ала оларға шарабы тахур ішкізді...» («Инсан» сүресі, 7-9, 21)

Әбу Хурайра (радиаллаһу анһ) айтады: «Пайғамбарымыз **«Сендердің жақсыларың - менен кейін әһли бәйтіме жақсылық жасайтындарың»-** деген».

Хазреті Әли айтады: «Пайғамбарымыз **«Әһли бәйтіме жақсылық жасағандарға қиямет күні шапағат етемін». «Сырат көпірінен аяқтары таймай өтетіндер - әһли бәйтімді және сахабаларымды жақсы көргендер»-** деген.»

Имам Раббани хазреттерінің білдірген бір хадис шәрифінде: **«Әлиді жақсы көрген адам мені жақсы көрген, оған дұшпандық жасаған адам шынында маған дұшпандық еткен болады. Оны ренжіткен мені ренжітеді. Мені ренжіткен Аллаһу та’аланы ренжіткен болады»** делінген.

Расулуллаһ алейһиссалам былай деп бұйырды: **«Аллаһу та'ала маған төрт адамды жақсы көр деп бұйырды. Оларды өзінің де жақсы көретінін білдірді»**. «Олар кім? Есімдерін айтасыз ба?»- деп сұралған кезде «**Әли солардан, Әли солардан, Әли солардан, Әбу Зәрр, Микдад және Салман»-** деп жауап берді.

«Отбасыма байланысты мені ренжіткендерге ауыр азап бар».

Бір хадис шәрифте де: **«Фатима - менің бір бөлшегім. Оны ренжіткен адам мені ренжітеді»** деген. Хазреті Әбу Хурайра айтады: «Пайғамбарымыз хазреті Әлиге **«Фатима маған сенен де сүйкімді. Сен маған одан да азизсің** (яғни қадірлісің)**»-** деді».

Тағы бір хадис шәрифте былай делінген:

«Сендерге Ислам дінін әкелгенімнің есесіне сендерден ешнәрсе талап етпеймін. Тек маған жақын болған әһли бәйтімді жақсы көрулеріңді қалаймын».

Ислам ғұламалары әһли бәйтті жақсы көруді ахиретке иманмен кетудің шарты деп санаған. Оларда Расулуллаһтың кішкентай бөлшектері бар. Әһли бәйтті қадірлеу, құрметтеу әр мұсылманның міндеті.

Ұлы ислам ғұламасы Имам Раббани (рахметуллаһи алейһ) айтады: «Әкем захир және батын ілімдерінде, яғни фиқһ және көңіл ілімдерінде үлкен ғалым болған. Әрдайым әһли бәйтті жақсы көруді насихат ететін. Бұл сүйіспеншілік адамның ахиретке иманмен кетуіне

көп көмектеседі дейтін. Ол қайтыс боларда қасында болдым. Соңғы сәтінде оның есіне осы насихатын түсіріп, бұл сүйіспеншіліктің қалай әсер еткенін сұрадым. Қиналып жатса да «Әһли бәйттің сүйіспеншілігінің дариясында жүзіп жүрмін»,- деді. Дереу Аллаһу та’алаға шүкіршілік етіп, мадақ айттым. Әһли бәйтке деген сүйіспеншілік әһли сүннеттің қазынасы болып табылады. Ахирет табыстарын осы қазына әкеледі.»

Расулуллаһтың әһли бәйті үшке бөлінеді: Несеб, тегі арқылы туыс болғандар. Оған әпкелері жатады. Екіншісі – таза жұбайлары. Үшіншісі, жұбайларының шашын тарау, тамақтарын пісіру, бөлмесін жинау, кір жуу және сол сияқты үй шаруасымен айналысатын - қызметші әйелдер. Сырттағы істерді атқаратын, мешітте азан оқитын Біләл, Салман, Сухәйб (радиаллаһу анһум) да Оның үйінен ішіп-жейтін.

Хазреті Фатима мен қияметке дейінгі балалары - әһли бәйт болып табылады. Оларды күнәһар болса да жақсы көру керек. Оларды жақсы көру, оларға көңілмен, дене және мүлікпен көмектесу, оларды құрметтеп қадірлеу иманмен жан тапсыруға себеп болады. (Сирияның Хама қаласында сәйидтер үшін сот мекемесі бар болатын. Бұл мүбәрәк әулеттен туылған балалар екі куәгер арқылы қазының алдында тіркеуге алынатын. Бұл іс ағылшындардың адал досы Мұстафа Рәшит Паша тарапынан тоқтатылды).

Расулуллаһтың сахабалары

Пайғамбарымыздың достары, әйел немесе еркек, бала немесе ержеткен мұсылман Расулуллаһты бір рет те болса көрсе, соқыр адам бір рет сөйлессе және иманмен қайтыс болса олар «сахиб» немесе «сахаби» деп аталады. Көпше түрі «әсхаб» немесе «сахабә» немесе «сахб» деп аталады. Пайғамбарымызды кәпір кезінде көріп, пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін иманға келген немесе мұсылман болып кейіннен мүртәд болған (діннен шыққан) адам сахаби болып саналмайды. Сахаби болғаннан кейін мүртәд болып, Расулуллаһ қайтыс болғаннан кейін қайтадан иман келтірген адам сахаби болады. Пайғамбарымыз алейһиссалам жындардың да пайғамбары болғандықтан жын сахабалар да болады. Әсхаби кирам діни үкімдер мәселесінде ең құрметті, абыройлы адамдар болып саналады. Өйткені, олар Құран кәрімді пайғамбарымыздан үйреніп,

өздерінен кейінгілерге үйретіп түсіндірген. Пайғамбарымыздың жасаған және айтқандары туралы мәліметтер олардың өз көздерімен көріп, естіп жеткізген нәрселеріне сүйенеді.

Міне, осылардың толық түрде жеткізген үкімдері хадис шәрифтердің негізін қалаған. Исламда ижма-и үммет, яғни ғұламалардың сөз бірлігі тек сахабалардың дәуірінде ғана толық түрде жүзеге асқан. Сондай-ақ сахабалардың барлығы дінде сөзі дәлел болатын, мүжтәһид ғалымдар болып табылады. Барлығы кейінгі келген мүжтәһидтерден үстем болып табылады.

Әһли сүннет ғалымдары сахабалардың дәрежесіне қарай оларды үшке бөлген:

1- Мұхажирлер: Мекке қаласы алынбастан бұрын Меккеден немесе басқа жерлерден отандарын, жақындарын тастап, Мәдина қаласына хижрет еткендер. Олар Расулуллаһтың қасына иманмен келген немесе келгеннен кейін иман келтірген. Хазреті Амр бин Ас – солардың қатарында.

2- Ансар: Мәдина қаласындағы немесе осы қалаға жақын жерлердегі және Әус, Хазрәж деген екі араб тайпасының мұсылмандары ансар деп аталады. Өйткені, олар пайғамбарымызға және меккелік мұсылмандарға әртүрлі көмек беретіндіктерін уәде еткен және уәделерін орындаған.

3- Басқа сахабалар: Мекке қаласы алынған кезде және кейіннен Меккеде немесе басқа жерлерде иман келтіргендер. Олар мұхажир немесе ансар деп аталмайды, тек сахаба деп аталады.

Сахабалардың ең үстемдері – Расулуллаһтың төрт халифасы. Олардың бір-бірлерінен үстемдіктері халифа болу кезегімен былай: хазреті Әбу Бәкір, хазреті Омар, хазреті Осман және хазреті Әли (радиаллаһу анһум). Олардан кейінгі үстемдері Ашәрә-и мубашшәрадан, яғни жаннатпен сүйіншіленген он адамнан, қалған алтауы (Талха, Зубәйр бин Ауам, Абдуррахман бин Ауф, Са'д бин Әби Уаққас, Саид бин Зәйд, Әбу Убайда бин Жәррах (радиаллаһу анһум) және хазреті Хасан мен хазреті Хусейн.

Төрт халифа мен жаннатпен сүйіншіленгендерден кейін сахабалардың ең үстемдері алғаш мұсылман болған қырық адам. Олардан кейінгі үстемдері – Бәдір соғысына қатысқан 313 сахаба. Олардан кейін Ухуд соғысында болған 700 қаһарман. Олардан кейінгі үстемдері – хижреттің алтыншы жылы ағаш астында Расулуллаһқа «Өлу бар, бірақ қайту жоқ» деп сөз берген 1400 адам. Бұл келісім **«Биат-и Ридуан»** деп аталады.

Сахабалардың саны: Мекке алынғанда он мың, Тәбүк соғысында жетпіс мың, Уәда қажылығында тоқсан мың және Расулуллаһ қайтыс болған кезде жер бетінде жүз жиырма төрт мыңнан астам сахаба болған. Бұл мәселе бойынша басқа риуаяттар да бар.

Сахабалардың соңғы қайтыс болғандары мыналар: Абдуллаһ бин Әуфа (радиаллаһу анһ), ол 705 (х.86) жылы Куфада қайтыс болды. Абдуллаһ бин Йәср (радиаллаһу анһ), ол 706 (х.88) жылы Шамда, Сәхл бин Са'д (радиаллаһу анһ) 709 (х.91) жылы 100 жасында Мәдинада, Әнәс бин Малик (радиаллаһу анһ) 711 (х.93) жылы Басрада, Әбут Туфәйл Амир бин Уәсилә (радиаллаһу анһ) 718 (х.100) жылы Меккеде қайтыс болған.

Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін төрт халифа дәуірінде де сахабалар Ислам дінін тарату, жиһад жасау мәселесінде сөздерінде тұрды. Барлығы бірігіп, жерлерін, отандарын тастап, Арабстаннан шығып, жан-жаққа тарады. Кеткендердің көпшілігі қайтып оралмай, барған жерлерінде өмірінің соңдарына дейін жиһад етті және Ислам дінін жайды. Осылайша, аз уақыттың ішінде көптеген мемлекет алынды. Алынған жерлерде Ислам тез тарады. Сахабалардың барлығы әділ еді. Исламды таратуда барлығы ортақ болған. Құран кәрімді солар жинады. Хадис шәрифтерді пайғамбарымыздан солар жеткізді.

(Сахабалардың Ислам дініне жасаған қызметтерін, үлгі боларлық өмірлерін, ізгіліктерін, барлығының есімдерін көрсететін көптеген кітаптар жазылып, басып шығарылған.)

Пайғамбарлардан және періштелердің үстемдерінен кейін барлық жаратылған нәрселердің ең үстемі – сахабалар. Олардың әрқайсысының есімін айтқанда құрметпен айту керек.

Сахабалардың әрбірі осы үмметтің барлығынан үстем. Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбар екеніне сенетін барлық адам, яғни әрбір мұсылман қай тектен, қай елден шықса да Мұхаммед алейһиссаламның үмметі деп аталады.

Сахабалардың үстемдігі мен ізгілігіне қатысты аяттарда былай делінеді:

«Сендер – үмметтердің қайырлысысыңдар» («Али Имран» сүресі, 110)

«Алғаш мұсылман болғандарға, мұхажирлер мен ансардың алдыңғы қатарлыларына және солардың жолындағыларға Аллаһу та'ала разы және олар да Аллаһу та'алаға разы. Аллаһу

та’ала олар үшін жаннаттар дайындады. Бұл жаннаттардың астынан өзендер ағады. Олар жаннатта мәңгі қалады» («Тәубе» сүресі, 100).

«Мұхаммед (алейһиссалам) **– Аллаһу та’аланың пайғамбары. Және оның қасында болғандардың** (яғни, сахабалардың) **барлығы кәпірлерге қарсы қатал. Бірақ, бір-бірлеріне қарсы мейірімді. Оларды көбінесе руку мен сәждеден көресің. Олар бүкіл адамзатқа** (дүние мен ахиретте) **барлық жақсылықты, үстемдікті Аллаһу та’аладан тілейді. Ридуанды** (яғни Аллаһу та’аланың өздерін ұнатуын) **да қалайды. Көп сәжде жасағандары жүздерінен белгілі болады. Олардың жағдайлары, қадірлері осылайша Тауратта** (және Інжілде) **білдірілген. Інжілде де көрсетілгеніндей, олар егінге ұқсайды. Жіңішке бір өскін жерден өсіп шығып, қалыңдап, көтерілгені сияқты, олар аз және әлсіз бола тұра аз уақыттың ішінде айналаға тарады. Жан-жақты иман нұрына бөледі. Барлық адам өскіннің жағдайын көріп, аз уақытта қалай өсіп кетті деп таң қалғаны сияқты, хал мен атақтары таралып, көргендер таңырқап, кәпірлер ашуланды»** («Фәтих» сүресі, 29).

Сахабалар туралы кейбір хадис шәрифтер:

«Сахабаларымды жамандамаңдар. Сахабаларымнан кейін келгендердің бірі таудай үлкен алтын садақа берсе де сахабамның бірінің бір арпа беріп алған сауабына немесе оның жартысына да қол жеткізе алмайды.

Сахабаларым көктегі жұлдыздар сияқты. Қайсысына бағынсаңдар да тура жолды табасыңдар.

Сахабаларыма дұшпандық жасаудан сақтаныңдар. Аллаһтан қорқыңдар! Оларды жақсы көрген адам мені жақсы көргендіктен жақсы көреді. Оларға дұшпандық жасаған адам маған дұшпандық жасаған болады. Оларды ренжіткен мені ренжіткен болады. Мені ренжіткен әрине Аллаһу та’аланы ренжітеді.

Үмметімнің ең жақсысы менің заманымда болғандар. Олардан кейінгі ең жақсылары - олардан кейін келгендер. Ал олардан кейінгі жақсысы – солардан кейін келгендер. Мені көрген және мені көрген адамды көрген мұсылманды тозақтың оты өртемейді».

Бұл аят кәримәлар мен хадис шәрифтер сахабалардың үстемдігі мен ізгілігін айқын көрсетуде.

РАСУЛУЛЛАҺТЫҢ КЕЙБІР ЗӘУАИД СҮННЕТТЕРІ

Мүбәрәк сақалы мен шаштары

Пайғамбарымыздың мүбәрәк шашы туралы хазреті Әнәс бин Маликтен (радиаллаһу анһ) сұралды:

- Расулуллаһ алейһиссаламның мүбәрәк шашы қандай еді?

Хазреті Әнәс былай деп жауап берді:

- Екі түрдің ортасында еді. Өте бұйра да, өте тік те емес еді. Екеуінің ортасында, орташа деңгейде болатын. Ұзындығы құлағы мен иығының үстінің арасында болатын.

Ибн Аббас хазреттері: «Пайғамбарымыз алейһиссалам мүбәрәк шашын маңдайының үстіне түсіретін. Кейіннен екіге айыратын болды» деген.

Ғұламалар: «Шашты екі жаққа бөлу пайғамбарымыздың сүннеті. Өйткені, ол кейіннен осылай жасайтын болған. Маңдайдың үстіне түсіруге де, екі жаққа бөлуге де болады. Бірақ, екі жаққа бөлу үстемірек» дейді.

Хазреті Айша Сыддықа анамыз айтады: «Пайғамбарымыздың шашы жүммәдан жоғары және уәфрәдан төмен болатын».

Жүммә деп иыққа дейін жететін шашты айтады. Уәфрә деп құлақ астына дейін түсетін шашты айтады. Сонда хазреті Айшаның айтуы бойынша Расулуллаһтың шашының ұзындығы құлағынан төмен, бірақ иығына жетпейтін болған. Екеуінің ортасында болған.

Қазы Ияз хазреттері айтады: «Бұл айтылғандарды қорытындылағанда былай болады: мүбәрәк құлағы жағындағы шашы құлағының жұмсағына дейін түсетін. Артқы жақтағы шашы иығына жететін».

Былай деп те айтқан: «Кейбір риуаяттарда құлағына дейін түскен, кей риуаяттарда иығына дейін түскен деулерінің себебі – бір кезде анадай еді, басқа кезде мынадай еді дегенді білдіреді. Риуаяттардың барлығы дұрыс. Пайғамбарымыз алейһиссалам мүбәрәк шашын кейде өсіретін, иығына дейін жететін. Кейде қырқатын, құлағының жұмсағына немесе құлағының орталарына дейін жететін.»

Умму Хани айтады: «Пайғамбарымыз бір кезде Меккеде бізге келген еді. Ол кезде төрт ғадирәсі бар болатын».

Ғадирә «шаш бөлігі» дегенді білдіреді. Яғни, мүбәрәк шашын төрт бөлік еткен еді дегенді білдіреді.

Қорыта айтқанда, пайғамбарымыздың шашы мен сақалы өте бұйра да, тіке де емес, толқынды болған. Мүбәрәк шашы ұзын болған. Алғашында кекіл қойып, кейіннен екіге бөлетін болған. Мүбәрәк шашын кейде өсіретін, кейде қырқып, қысқартатын.

Ер адамдардың шаштарын тақырлап алулары немесе шаштарын өсіріп, тарап, екіге бөлулері сүннет. Жағдайға, әдетке, уақытқа қарай әрекет жасау керек. Шашты орау, өру мәкрух болады.

Пайғамбарымыз алейһиссаламның мүбәрәк сақалы туралы хазреті Әнәс былай білдірген: «Пайғамбарымыздың мүбәрәк сақалында ағарғандары өте сирек еді. Мүбәрәк шашы мен мүбәрәк сақалындағы ағарғандарының саны 17 немесе 18-ден аспайтын».

Хазреті Әбу Бәкір Сыддық бір күні:

- Шашыңызға ақ түсіпті, йа Расулаллаһ,- деді. Сонда пайғамбарымыз:

- Мені Худ, Уақиа, Мүрсәлат, Аммә йәтәсаәлуна және Изә-шшәмсу кууират (Нәбә және Тәкуир) **сүрелері ағартты**,- деген.

Яғни, бұл сүрелерде жаһаннам мен жаннат халдері көп айтылған. Үмметімнің жағдайының қандай болатынын ойлап, шашым мен сақалымды ағарттым деген.

Амр бин Шуайб «Расулуллаһ алейһиссалам сақалының шет-шетінен және ұзындығынан қысқартатын. Тирмизидің білдірген хадис шәрифінде пайғамбарымыз **«Мұртын алмаған, қысқартпаған адам бізден емес»** деген» дейді. Тағы бір хадис шәрифте **«Сақал қойыңдар және мұртты жақсылап қысқартыңдар»** делінген.

Ибн Абдул-Хаким былай дейді «Мұртты жақсылап алу керек және сақалды алмау керек. Мұртты жақсылап қысқарту деген бәрін тықырлап алып тастау деген сөз емес».

Имам Нәбәуи хазреттері «Мұртты қырққанда еріннің шеті көрінетіндей етіп қырқу керек, түбінен алып тастамау керек» деген.

Ғұламалар мұрттың үстін алып, екі ұшын шығарып өсіруді дұрыс деп санамаған. Ибн Омар былай айтып береді:

«Расулуллаһқа мәжусилер қауымы туралы айтылды. Сонда пайғамбарымыз **«Олар мұрттарының ұшын өсіреді және сақалдарын қырып тастайды. Олай болса, сендер оларға керісінше жасаңдар»**,- деді».

Әбу Умамә «Йа Расулаллаһ! Әһли кітап (кітапты кәпірлер) сақалдарын қырқады және мұрттарын өсіреді» дегенде пайғамбарымыз:

- Сендер мұрттарыңның ұшын қырқып, сақалдарыңды өсіріңдер, - деп бұйырды.

Ғалымдардың білдіргендері бойынша мұртты қастың ұзындығындай етіп қысқарту сүннет болып табылады. Сақалды самайдағысымен қосып бір тұтам (ұстам) етіп өсіру және одан артығын қырқу сүннет.

Сақалды бір тұтам өсіріп, бір тұтамнан артығын қырқу сүннет. Бір тұтамнан қысқа етіп қырқу сүннетке сай келмейді. Сүннетті орындаймын деп (бір тұтамнан) қысқа сақал қою бидғат болады. Харам болады. Сақал қою зәуаид сүннет болып табылады. Әмри маруф жасау үшін, напақа табу үшін, фитнаның шығуының алдын алу үшін сақалды толығымен алып тастау жаиз болады және қажет болады. Бұлар сүннетті тәрк ету үшін үзір болады, бірақ, бидғат жасау үшін үзір болмайды.

***Сүннети зәуаид** – Пайғамбарымыздың ғибадат ретінде емес, әдет ретінде жасаған нәрселері. Зәуаид сүннеттерді тәрк ету мәкрух емес. Пайғамбарымыз алейһиссаламның киіну тәрізі, жақсы нәрселерді істеуді оң жақтан бастауы сияқты нәрселер зәуаид сүннетке жатады.

Расулуллаһтың жатуы, ұйықтауы

Пайғамбарымыз алейһиссалам төсегіне жатқан кезде оң жағына қарап жатып, оң қолын оң жақ бетінің астына қоятын. Сосын:

«Аллаһым! Өзімді саған тапсырдым. Жүзімді саған бұрдым. Ісімді саған тапсырдым. Арқамды саған сүйедім. Мен сенің азабыңнан қорқып, рахметіңнен үміт күтемін. Сенің рақымдылығыңнан басқа паналайтын жер жоқ, сенің азабыңнан басқа сақтанатын нәрсе жоқ.

Тек, сенің ғана рақымдылығыңа сыйынамыз, сенің рақымдылығыңмен азаптан құтыламыз.

Мен сенің түсірген кітабыңа және жіберген пайғамбарыңа сендім.

Ей Раббым! Бір жағымды сенің атыңмен жерге қойдым. Егер рухымды ұстап, алатын болсаң, оған рахметіңмен мәміле жаса.

Егер оны бос жіберетін болсаң, салих құлдарыңды қорғағаның сияқты оны да қорға!

Аллаһым! Мен сенің есіміңмен өліп, сенің есіміңмен тірілемін. Бізге ішкізген, жегізген, барлық қажеттілігімізді өтеп, бізді паналатқан Аллаһқа хамд болсын! Қаншама адамдар бар, олардың қажеттіліктерін өтейтіндері де, паналататындары да жоқ. Аллаһым! Құлдарыңды алдыңа жинаған күні азабыңнан мені сақта» деп дұға етіп, ұйқыдан тұрып жатқанда да: **«Бізді өлгеннен кейін тірілткен, ол Аллаһқа хамд болсын. Қиямет күні оған қайтамыз»** дейтін.

Пайғамбарымыз төсегіне жатқан кезде: **«Көктер мен жердің Раббысы, барлық нәрсенің Раббысы болған, дән мен тұқымды жарғызып өркендеткен, Тәуратты, Інжілді және Құранды түсірген Аллаһым! Мен, барлық жамандық иесінің жамандығынан саған сиынамын! Өйткені оны тұлымынан ұстап тұрған сенсің».**

Аллаһым! Ең алғашқы – сенсің. Сенен бұрын ешнәрсе болмаған. Ақырғы да – сенсің. Сенен кейін келетін ешнәрсе жоқ. Захир – сенсің. Сенен басқа ештеңе жоқ!» деп дұға ететін.

Ұйқыдан оянған кезде: **«Басқа илаһ жоқ, тек сен барсың. Сені тәсбих және тәнзих етемін. Аллаһым! Күнәларымды жарылқауыңды және рақымдылығыңды тілеймін.**

Аллаһым! Ілімімді арттыр. Маған тура жолды көрсеткеннен кейін жүрегімді тайдырма. Ұлы дәрежеңнен маған бір рақымдылық ихсан ет. Өйткені, кешірімі ең көп болған сенсің, сен!» деп те дұға еткені болған.

Бәра бин Азиб айтады: «Пайғамбарымыз маған **«Жататын жеріңе барар кезде намазға дәрет алғандай дәрет ал. Сосын оң жағыңа қарап жат, сосын «Аллаһым! Өзімді саған тапсырдым. Жүзімді саған бұрдым. Ісімді саған тапсырдым. Арқамды саған сүйедім. Мен сенің азабыңнан қорқып, мейірімділігіңнен үміт күтемін. Сенен, сенің рахметіңнен басқа паналайтын жер жоқ, сенің азабыңнан басқа сақтанатын нәрсе жоқ. Тек сенің ғана рақымдылығыңа сиынамыз, сенің ғана рақымдылығыңмен азаптан құтыламыз. Мен сенің түсірген кітабыңа және жіберген пайғамбарыңа сендім» де!**

Сол түні қайтыс болсаң Ислам бойынша қайтыс боласың. Кімде-кім осыны айтып, сол түні қайтыс болса Ислам бойынша қайтыс болған болып саналады»,- деді.

Пайғамбарымыз алейһиссалам **«Сендердің бірің түнде төсегінен тұрып, қайтып кеп жатқан кезде төсегін үш рет сілкісін. Өйткені, өзінен кейін не болғанын, нелердің келіп төсектің үстінен орын алғанын білмейді.**

Төсегіне жатарда оңға қарап жатсын. Оң жағымен жатқан кезде «Аллаһым! Сені тәсбих және тәнзих етемін. Йа Раббым! Бір жағымды сенің атыңмен төсекке қойдым. Сенің атыңмен көтеремін. Егер рухымды ұстап, алатын болсаң оған рақымдылық жаса. Егер кері жіберетін болсаң, салих құлдарыңды қорғағаныңдай оны қорға.»

Оянған кезде де «Аллаһқа хамд болсын. Менің денеме саулық берді, рухымды маған кері қайтарды және зікір ету үшін маған рұқсат берді» десін.» деген.

Пайғамбарымыз етпетінен жатқан адам көрсе **«Міне, бұл – Аллаһ еш ұнатпайтын жатыс»** дейтін.

Шәрид бин Сууәйдтің білдіргені бойынша пайғамбарымыз етпетінен жатқан адамды көріп, оны аяғының ұшымен түртіп, **«Бұл – ұлы Аллаһ ұнатпайтын ұйықтау»** деген.

Ұйықтап жатқан адам асхабы суффадан Абдуллаһ бин Тахфә деген адам болатын. Ол «Мен таңсәріде мешітте етпетімнен ұйықтап жатқанда біреу мені аяғымен түртті.

- Бұл кім?– деп сұрады.

- Мен Абдуллаһ бин Тахфәмін, - дедім. Қарасам пайғамбарымыз екен.

- Бұл жатыс – Аллаһтың ең ұнатпайтын жатысы,- деп бұйырды.

Пайғамбарымыз алейһиссалам дәретсіз жүрмейтін. Расулуллаһтың дәретханаға барып, дәрет алмағаны көрілмеген.

Расулуллаһтың отырысы

Ханзала бин Хызйәм «Пайғамбарымызға барғанда оның малдас құрып отырғанын көрдім» деген.

Жабир бин Сәмурә пайғамбарымыздың бамдат намазын оқыған кезде күн шыққанға дейін намаз орнында малдас құрып отыратынын айтады.

Пайғамбарымыздың аяғын жиналған адамдарға қарай созып отырғаны ешқашан көрілмеген.

Шәрид бин Сууәйд «Пайғамбарымыз алейһиссалам маған келген еді. Ол кезде мен сол қолымды артыма қойып, қолыма сүйеніп отырған

едім. Пайғамбарымыз **«Сен азапқа ұшырағандардың отырысымен отырсың ба?»,**- деді. (Азапқа ұшырағандар - яһудилер).

Қаилә бинти Махрәмә айтады: «Пайғамбарымыз алейһиссаламды курфуса отырғанын көрдім. Оның осылай хушу (ықыласпен, кемшіліксіз, басқа нәрсе ойламай, беріліп) отырғанын көрдім».

(Курфуса – санды жерге қойып, тізені тік көтеріп, қарынға жабыстырып, қолды аяқтың үстінде байлап, айқастырып отыру).

Пайғамбарымыз алейһиссалам тамақ жеп отырған кезде қарапайым түрде отыратын. Ішке кіріп жабынып алмайтын, перденің артында отырып та жемейтін. Алдына табақпен де апарылмайтын.

Пайғамбарымыз алейһиссалам топырақтың үстіне отырып, тамағын жерде де жейтін. **«Мен құлдың отыратыны сияқты отырып, құлдың жейтіні сияқты жеймін. Мен бар болғаны бір құл ғанамын. Сүннетімнен теріс айналған адам менен емес»-** деген.

Пайғамбарымыз алейһиссалам Меккенің жоғары жағындағы бір жерге сүйеніп, тамақ жеп тұрғанда Жәбрейіл алейһиссалам келіп, «Йа Мұхаммед! Демек, сіз патшалар сияқты жейсіз?» дегенде Расулуллаһ алейһиссалам жерге отыра қалған.

Пайғамбарымыз алейһиссаламға бір күні Жәбрейіл алейһиссаламмен бірге бұрын еш келмеген бір періште келді.

Періште Расулуллаһ алейһиссаламға «Раббыңыз сізге сәлем айтты және сізге сұлтан-пайғамбар мен құл-пайғамбар арасында бірін таңдауға ерік берді. «Қаласаң сен үшін пайғамбар-сұлтан, қаласаң пайғамбар-құл болу бар.» деп бұйыруда.»- деді.

Жәбрейіл алейһиссалам «Тәуазу көрсетіңіз» (тәуазу - қарапайымдылық) деп белгі берген кезде Расулуллаһ **«Пайғамбар-құл болайын»** деп жауап берген. Осыдан кейін пайғамбарымыз ешқашан тұрып және бір нәрсеге сүйеніп, жастанып тамақ жемеген.

Расулуллаһтың тамақтануы

Әбу Жухайфә айтады: «Пайғамбарымыз **«Мен бір нәрсеге сүйеніп отырып тамақ жемеймін»**,- деді. Сүйенудің үш түрі бар: Бір жағына сүйену, малдас құру, бір қолын таянып, екіншісімен тамақ жеу. Бұл үшінші түрі бұрыс әрекет деп саналады.

Пайғамбарымыз тамақты үш саусақпен, сұқ саусақ және оның екі жағындағы саусақтарымен жейтін.

Пайғамбарымыз айтады:

«Тамақтың берекесі: Тамақтан бұрын дәрет алуда, тамақтан кейін де дәрет алып, қол жууда».

«Кімде-кім қолындағы ет, май иісін, ыдыс-аяқтарын жумай ұйқыға жатып, басына бір нәрсе келетін болса өзінен басқаны айыптамасын!»

Пайғамбарымыздың Ғарра деп аталатын бір ыдысы бар болатын. Сәске уақытында Духа намазын оқыған соң кейін ішіне тирид тамағы салынған осы ыдыс әкелініп ортаға қойылатын. (Тирид – майда-майда нан мен көп ет араластырылып жасалатын тамақтың атауы).

Мұсылмандар тирид салынған ыдыстың басына жиналған кезде, пайғамбарымыздың екі тізесіне шөгіп отырғанын көрген бір бәдәуи (шөлдегі ауыл адамы) «Бұл қандай отырыс?»,- деді.

Пайғамбарымыз **«Күмәнсіз, Аллаһу та'ала мені кең пейілді құл етті. Қинаушы және қыңыр етпеді. Қане, шетінен тамақты бастаңдар! Төбесінен, ортасынан жеуді тастаңдар.**

Тамақтың берекесі төбесінде, ортасында. Бірілерің тамақ жер кезде табақтың орта жағынан жемесін. Бірақ, шет айналасынан жесін. Өйткені, береке оның орта жағынан түседі» деген.

Омар бин Әбу Сәләмә айтады: «Мен пайғамбарымыздың тәрбиесінде болған бала едім. Тамақ жегенде қолым табақтың ішін аралап кететін. Пайғамбарымыз алейһиссалам маған **«Ей бала! Бисмиллəһ айт! Оң қолыңмен же! Алдыңнан же»,**- деді. Содан кейін солай жейтін болдым.

Пайғамбарымыз алейһиссалам **«Біреуіңнің қызметшің, тамағын дайындап әкелген кезде, ол қызметші тамақтың ыстығына, түтініне шыдаған. Оны да дастарханға бірге отырғызсын, ол да жесін. Егер тартынып, бұлай істемесе немесе тамақ аз болса қолына бір-екі үзім салсын»** деген.

Пайғамбарымыз ешқандай тамақты жаман деп санамаған, жиренбеген.

Бір тамақты қаласа жейтін, қаламаса жемейтін, бірақ ешнәрсе айтпайтын.

Ең ұсақ нығметтің өзіне құрмет көрсететін. Ешқандай нығметке жақтырмаушылық жасамайтын.

Ешқандай нығметті ұнатса мақтамайтын, ұнатпаса жамандамайтын.

Тамақ ортаға қойылғанда пайғамбарымыз:

«Аллаһуммә барик ләна фимә рәзақтәна уәқина азабәннәр. Бисмилләһ» деп дұға еткеннен кейін тамақ жеуді бастайтын.

Хазреті Айша анамыз айтады: «Расулуллаһ алейһиссалам **«Сендерден бірің тамақ жер кезде «Бисмилләһ» десін, ұлы Аллаһтың есімін айтсын. Тамақтан бұрын мұны айтуды ұмытса** «Тамақтың әуелі мен ахыры үшін бисмилләһ» **десін»** деп бұйырды».

Үмәййә бин Махшидың білдіргені бойынша, бір адам бисмилләһты айтпастан тамақ жеп отырды, пайғамбарымыз оған қарап тұрды. Тамақтан бір үзім қалып, оны да аузына салған кезде әлгі адам **«Бисмиллаһи әууәлиһи уә ахириһи»**,- деді.

Пайғамбарымыз алейһиссалам күлді. Сосын **«Шайтан онымен бірге тамақ жеп отыр еді. Адам Аллаһу та'аланың атын айтқан кезде шайтан қарнында ешнәрсе қалдырмай жегенінің бәрін құсып тастады»**,- деді.

Пайғамбарымыз алейһиссалам дәрет пен ғұсылда, аяқ киімін киюде және тарануда мүмкіндігінше оң жақтан бастағанды жақсы көретін, бір нәрсе алатын кезде оң қолымен алатын, бір нәрсе беретін кезде оң қолымен беретін және бастайтын нәрсесінің барлығын оң жақтан бастайтын.

«Сендердің бірің аяқ киімін киетін кезде, киюді оң жақтан бастасын. Аяқ киімін шешерде де, шешуді сол жақтан бастасын.

Аяқ киім киерде оң аяқ аяқтардың біріншісі, шешерде оң аяқ аяқтардың соңы болсын» деген.

Абдуллаһ бин Омардың білдіруі бойынша: пайғамбарымыз алейһиссалам **«Сендерден бірің тамақ жейтін кезде оң қолымен жесін. Бір нәрсе ішетін кезде де оң қолымен ішсін. Өйткені, шайтан сол қолымен жеп, сол қолымен ішеді»** деген.

Сәләмә бин Әкуа әкесінен естіп білдіргені бойынша: «Пайғамбарымыз алейһиссалам Әшжаъ тайпасынан Буср бин Раийул'ир деген адамның сол қолмен тамақ жегенін көріп, оған **«Оң қолыңмен же!»** деп бұйырды».

Әлгі адам «Бұған күшім жетпейді, оң қолыммен жей алмаймын» деп өтірік айтты.

Пайғамбарымыз **«Күшің жетпей қалсын! Мынаған оң қолмен жеуге тек тәкаппарлығы мен мақтаншақтығы ғана жол бермеуде»,**- деді. Осыдан кейін ол адам оң қолын аузына апара алмайтын болып қалды.

Пайғамбарымыз **«Азиз және Жәлил болған Аллаһ, желінетін нәрсені жеп немесе ішілетін нәрсені ішіп, осы үшін Оған шүкіршілік еткен құлына, шынымен разы болады»** деген.

Әбу Саид-ул Худри айтады: Пайғамбарымыз ішіп-жегенде былай дұға ететін:

«Әлхамду лилләхилләзи әт'аманә уә сәқанә уә жаалнә Муслимин» (Бізді ішіп-жегізіп және мұсылмандардан еткен Аллаһқа хамд болсын).

Әбу Умамәт-ул-бахилидің білдіргені бойынша: Пайғамбарымыз алейһиссалам тамағын жеп, дастархан жиналар кезде былай дұға ететін:

«Әлхәмду лилләһи кәсирән тайибән мубәрәкән фиһи ғайрә мәкфиин уәлә мууәддаин уәлә мустағнән анһу Раббәнә» (Хамд Аллаһқа тән)».

Ей Раббымыз! Біз саған өте көп, барлық кемшіліктен пәк, іші берекеге толы, кері қайтарылмайтын, тәрк етілмейтін хамдпен хамд етеміз.

«Әлхәмду лилләһилләзи кәфана уә әруана ғайрә мәкфиин уәлә мәкфурин» (Бізге жеткілікті мөлшерде жегізген, ішкізген, бізді кері қайтармаған және ашкөз етпеген Аллаһқа хамд етеміз).

Әбу Хурайраның білдіргені бойынша пайғамбарымыз тамақ жеп болғаннан кейін қолын жуатын.

Пайғамбарымыз дүниеге және дүниелік нәрселерге мән бермейтін.

Абдуллаһ бин Мәсуд айтады: «Пайғамбарымыз алейһиссалам бір қамыстан өрілген төсеніштің үстіне жатып ұйықтап қалғанда, бүйіріне ізі түсіп қалған болатын. Оянған соң бүйірін уқаладым. «Ата-анам сізге құрбан болсын, йа Расулаллаһ! Бізге айтқаныңызда ғой, төсеніштің үстіне бір нәрсе салар едік»,- дедім.

«Сізге бір жұмсақ төсек дайындасақ»,- дедік.

Пайғамбарымыз **«Дүниеге тән нәрселер маған не үшін керек? Менің дүниемен байланысым бір ағаштың астында біраз көлеңкелеп, оны тастап жолын жалғастырған адамның жағдайына ұқсайды»**,- деді.

Әбу Умамет-ул-бахилидің білдіргені бойынша пайғамбарымыз **«Азиз және жәлал болған Раббым маған Меккенің жерін алтын етуге ұсыныс жасады. «Жоқ, йа Раббым! Мен бір күн тоқ болайын, бір күн аш болайын. Аш болған кезімде саған құлшылық жасап,**

сені зікір етейін. Тоқ кезімде саған шүкіршілік етейін»,- дедім» деген.

ХазретіАйшаанамызайтады:«Пайғамбарымызалейһиссаламның Мәдинаға келгеннен қайтыс болғанға дейін үй-іші үш түн қатарынан бидай нанымен қарындарын тойдырмаған. Пайғамбарымыз және үй-іші көбінесе арпа наны мен құрма жейтін және мұның өзі аса көп болмайтын.»

Расулуллаһ алейһиссалам қайтыс болардан бұрын сауыт көйлегін үйіндегілердің тамағы үшін Әбу Шахма деген яһудиден алған бір «уәск» немесе отыз «Са» мөлшердегі арпаға кепілге қойған.

Хазреті Айша анамыз: «Мұхаммед алейһиссаламды хақ дін және кітаппен пайғамбар етіп жіберген Аллаһқа ант ете отырып айтамын: Ұлы Аллаһтың пайғамбар етіп жіберген кезінен бастап рухын алған кезге дейін өзі елек көрмеген, елекке еленген ұннан жасалған нан да жемеген» деген. «Олай болса арпаны қалай жейтін едіңіздер?» деп сұралғанда «Кебегін (Уф!) деп үрлейтінбіз. Пайғамбарымыз алейһиссалам қайтыс болғанға дейін өзі де, үй-іші де екі күн қатарынан арпа нанына қарындарын тойдырмаған. Уаллаһи, пайғамбарымыздың үйінде қырық түн күтетінбіз, не шырақ, не бір от жағылмайтын. Айлар өтетін, Мұхаммед алейһиссаламның үйлерінің ешқайсысында от жанып, түтін көрілген емес.

Екі ай өтіп кететін. Мұхаммед алейһиссаламның үй іші үшін нан пісірілмейтін, қазанда тамақ пісірілмейтін.

Біз Әсуәдәйнге, яғни құрма мен суға тойған кезімізде Расулуллаһ алейһиссалам қайтыс болды. Пайғамбарымыздың қарнына бір күнде екі түрлі тағам кірген емес, құрмаға тойған кезінде нанға тоймайтын, нанға тойған кезде де құрмаға тоймайтын. Міне, мені жылататын да осы» деген.

Әнәс бин Малик: «Пайғамбарымыз Аллаһқа қауышқанға дейін хиуанның үстінде отырып бір нәрсе жегенін, не таза бидай ұнынан жасалған нан, не қуырылған қозы қәуәбін алдына қойып отырғанын көрмедім»- деген.

(Хиуан – тамақ қоятын үстел сияқты нәрсе.)

Әбу Хурайра хазреттері пайғамбарымыздың «Аллаһым! Мұхаммедтің үй халқын өлмейтіндей ризықтандыр! Мұхаммедтің үй-ішінің ризығын өлмейтіндей ет» деп дұға еткенін білдірген.

Расулуллаһ алейһиссалам жейтін нәрсесін дастарханда жейтін.

Расулуллаһ алейһиссалам ешқашан «ананы пісіріңдер, мынаны

пісіріңдер» демейтін. Не бар болса соны жейтін. Хазреті Айша анамыз айтады: Пайғамбарымыз алейһиссалам қасыма келіп **«Жейтін нәрсе бар ма?»** деп сұрайтын. «Жоқ» десем, **«Олай болса мен оразамын»** дейтін.

Пайғамбарымыз алейһиссалам бір күні бізге келген еді. «Йа Расулаллаһ! Бізге бір сыйлық келді»,- дедім. **«Ол не?»**- деп сұрады. «Хайс»,- дедім. **«Бірақ, мен ораза болып тұрдым»**,- деді. (Хайс – құрма, май және ірімшік араластырып жасалатын тағам)

Пайғамбарымыз халуа мен балды, нан сорпасын, құрма тиридін, көкөніс тағамдарын жақсы көретін. Оған сүт әкелінген кезде **«Сүтте екі береке бар»** дейтін.

Абдуллаһ бин Аббас айтады: «Халид бин Уәлид екеуміз пайғамбарымыз алейһиссаламмен бірге нағашы әпкем Мәймунә бинти Харистің үйіне бардық. Умму Хуфәйд пайғамбарымызға сиыр майы мен сүт сыйлады.

Әпкем «Сыйланған сүттен берейін бе?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Жарайды»**,- деді. Әпкем барып, бір ыдыспен сүт әкелді.

Пайғамбарымыз алып ішті. Мен пайғамбардың оң жағында едім. Халид бин Уәлид сол жағында еді. Расулуллаһ сүттен артылғанын маған беріп, **«Сен іш. Қаласаң Халидке бер»**,- деді.

«Мен сізден артылғанын ішуде ешқашан, ешкімді өзімнен артық көрмеймін»,- дедім.

Сосын пайғамбарымыз: «**Аллаһ бір тағам жеуді нәсіп еткен адам «Аллаһуммә бәрик ләнә фиһи уә атамна хайран миһу - Аллаһым! Сен бұл тағамда бізге береке ихсан ет. Бізге одан қайырлысын да жегіз» десін.**

Аллаһтың сүт ішкізген адамы да «Аллаһуммә бәрик ләнә фиһи уә зиднә миһу – Аллаһым! Сен бұл сүтпен бізге береке бер» десін. Өйткені, тағам мен сусынның орнын сүттен басқа ештеңе баса алмайды» деген.

Мәдиналық мұсылмандар құрмаларының алғашқы піскендерін жинап оны пайғамбарымызға әкелетін. Пайғамбарымыз ол құрманы қолына алып, береке дұғасын оқығаннан кейін балалардың ең кішкентайларын шақырып, соған беретін. **«Бір үйде құрма болмаса ол үйдің адамдары аш»** дейтін.

Әнәс бин Маликтің білдіргені бойынша пайғамбарымыз алейһиссалам асқабақ тағамдарын жақсы көретін. Ішіне асқабақ

қосылған тамақ әкелінгенде асқабағы алынып пайғамбарымыздың алдына қойылатын. Пайғамбарымыз қойдың етінің ең дәмді жері арқасының еті екенін айтатын.

Умму Әйубтан «Расулуллаһ алейһиссалам сіздің үйіңізде жеті ай тұрды. Ол қандай тамақты жақсы көретін еді?» деп сұралды.

Умму Әйуб «Оның өзі үшін белгілі бір тамақты пісіруді сұрағанын, не ұнатпайтын тамағын жамандағанын көрмедім. Оған хәрисә, кешкек жасап, оған ұнағанын көрдік те, бұл тамақты бес күнде, алты күнде, он күнде бір дайындайтынбыз»,- деді.

Әбу Мусал-Әшаридің «Пайғамбарымыздың тауық етін жегенін көрдім» дегені білдірілген.

Пайғамбарымыз алейһиссалам тамақтың түбінде қалғанын жегенді ұнататын. **«Кімде-кім табақта, ыдыста тамақ жегеннен кейін оны тазалап қойса, ол сол адам үшін истиғфар етеді»** деген.

Пайғамбарымыз жасыл құрмамен бірге қауын, қияр жейтін. **«Мұның ыстықтығын оның суықтығымен, оның суықтығын мұның ыстықтығымен ауыстырамыз»** дейтін.

Пайғамбарымыздың былай дегендігі де білдірілген: «**Ей Әбу Зәр! Ет пісірген кезде суын көбейт те көршілеріңді де ескер, одан көршілеріңе де бөліп бер».**

«Көршісі аш отырып, өз қарнын тойдырған адам, кәміл мұсылман емес».

«Аллаһқа ғибадат етіңдер. Тамақ беріңдер. Сәлемдесуді жайыңдар, жаннаттарға барасыңдар».

«Бір адамның тамағы екі адамға жетеді. Үш адамның тамағы төрт адамға жетеді. Төрт адамның тамағы сегіз адамға жетеді».

Әсма бинти Әби Бәкір піскен тамақ қайнап біткенше және буы кеткенге дейін жабық тұруына кеңес беретін және пайғамбарымыздың «Оның берекесі осында» дегенін есіттім дейтін.

Расулуллаһ Мекке алынған кезде көкесі Әбу Тәліптің қызы хазреті Уммуханидің үйіне барған болатын. Одан **«Жейтін бір нәрсеңіз бар ма?»**- деп сұрады. Хазреті Уммухани «Жоқ, тек қатқан нан ұсақтарымен сірке суы бар. Бірақ, оларды сізге беруге ұяламын»,- деді.

Пайғамбарымыз **«Оларды әкел. Судың ішіне ұнтақта. Тұз да ала кел»**,- деді. Сірке суын соның үстіне құйып жегеннен кейін Аллаһқа шүкіршілік етті.

«Ей Уммухани! Сірке суы қандай жақсы қоспа. Сірке суы бар үй қоспадан махрұм саналмайды»,- деді.

«Сусындардың қайсысы дәмді» деп сұралған кезде Расулуллаһ **«Таза, салқын су»** деген.

Пайғамбарымыз алейһиссалам Буют-ус-суқиядан әкелінген бұлақ суынан ішетін. Буют-ус-суқиядағы бұлақ Мәдинадан екі күндік жерде болатын.

Пайғамбарымыз: **«Сендерден бірің бір нәрсе жеген кезде оң қолымен жесін. Бір нәрсе ішкенде де оң қолымен ішсін. Өйткені, шайтан сол қолымен жеп, сол қолымен ішеді»** деген.

«Сендерден бірің бір нәрсе ішкен кезде ыдыстың ішіне үрлемесін» деген, желінетін және ішілетін нәрселердің ішіне үрлеуге тыйым салғаны сияқты алтын, күміс ыдыстармен ішіп жеуге де тыйым салған.

Пайғамбарымыз алейһиссалам су ішкенде бір кесе суды екі-үш рет дем алып ішетін және **«Бұл пайдалы және шөлді тез қандырады»** дейтін.

«Сендерден бірің бір нәрсе ішкенде арасын үзбей бір деммен ішпесін».

«Түйелер сияқты бір деммен ішпеңдер. Екі немесе үш рет дем алып ішіңдер. Сосын, ішетін кезде «Бисмилләһ» және ауыздарыңды ыдыстан алған кезде «Әлһәмдулилләһ» деңдер» деген.

Нәуфәл бин Муауиә: «Пайғамбарымыз алейһиссалам бір нәрсе ішкенде үш рет дем алатын. Біріншісінде бисмилләһ деп Аллаһу та'аланың есімін айтатын, соңында әлһәмдулилләһ деп шүкіршілік ететін» дейді.

Хазреті Айшаның білдіргені бойынша: Пайғамбарымыз өзіне арнап таңертең кесеге құйылған жүзім шырынын кешке ішетін. Кешке құйылған жүзім шырынын таңертең ішетін.

Тамақтан бұрын және тамақтан кейін қол жуу және оң қолмен жеу және оң қолмен ішу Расулуллаһтың әдеті болатын. Тамақтан бұрын қол жуғанда алдымен жастар, тамақтан кейін алдымен қарттар жуатын.

Табақтың шетінен жеу, өз алдынан жеу, сол тізесін жерге қойып оң тізесін көтеріп отыру – Расулуллаһтың сүннеті. Өте ыстық нәрсені жемеу керек және иіскемеу керек. Тамақ жеп отырғанда еш сөйлемеуді пайғамбарымыз жөн санамайтын. Ол отқа табынатындардың әдеті

болатын. Жақсы нәрселер айту керек. Тұзбен бастап, тұзбен аяқтау Расулуллаһтың сүннеті және шипалы іс.

Ішіп-жеу ілімін үйрену ғибадат ілімін үйренуден бұрын тұрады. Исламда алғаш шыққан бидғаттардың бірі – тойғанша жеу. Күнде ет жеу жүрекке ауырлық түсіреді. Оны періштелер жақсы көрмейді. Етті аз жеу болса ахлақты бұзады. Дастарханның, яғни жайылған нәрсенің үстінде жеу және мұны жерге жайған жақсы. Дастархан теріден жасалатын. Көкөністерді тамаққа қосып жеген өте жақсы. Өсімдік қосылған тамағы жоқ дастархан ақылсыз қарияға ұқсатылған.

Имам Жафәр Садық «Малы мен баласы көп болғанын қалаған адам көкөністі тамақты көп жесін» деген. Алдымен дастарханға отыру керек, тамақты сосын әкелу керек. Пайғамбарымыз «Мен құлмын. Құлдар сияқты жерге отырып жеймін» деген.

Ашықпай тұрып жемеу керек, көп жемеу және дастарханнан тоймай тұрып кету керек, таң қалатын нәрсе болмаса, күлмеу керек. Пайғамбарымыз **«Жақсылықтардың басы - аштық. Жамандықтардың басы - тоқтық»** деген. Тамақтың дәмі аштық артқан сайын арта түседі. Тоқтық адамды ұмытшақ етеді. Көңілді көр етеді, алкогольді ішімдіктер сияқты қанды бұзады. Аштық ақылды тазалайды, жүректі нұрландырады.

Пасық, жаман адамдармен бірге отырып ішіп-жемеу керек. Қайнап пісетін тамақтардың бетін жауып суыту керек. Пайғамбарымыз **«Оң қолмен жеп, оң қолмен ішіңдер»** деген. Пайғамбарымыз нанды оң қолымен алып, қарбызды сол қолымен жейтін. Нанды бір қолмен емес, екі қолмен бөлу керек.

Жейтін бір үзімі, бір тістемі шағын болуы керек, жақсы шайналуы тиіс. Жан-жағына, аспанға қарамай, тамағына, алдына қарап жеу керек. Ауызды қатты ашпау керек. Дастарханда қолын басына, үстіне сүртпеу керек. Жөтеліп, түшкіретін кезде теріс қарау керек.

Шақырылмаған дастарханға отырмау керек. Дастарханда бәрінен көп жемеу керек. Қарны тойған соң оны күнә істеуге қолданбау үшін дұға ету керек. Мұның қияметтегі есебін ойлау керек. Ғибадат жасауға күш жинау ниетімен жеу керек. Қарын қатты аш болса да ақырын жеу керек. Алдымен үлкендер бастауы керек. «Ал, же» деп үш реттен артық айтып адамды қинамау керек. Бірге жеген кезде қонақтары тоймастан бұрын тамақтан қолын тартпау керек.

Расулуллаһ аз жеу, көп жемеу мәселесіне көп тоқталды.

«Адамның жүрегі егістегі егін сияқты. Тамақ жаңбыр сияқты.

Артық су, егінді шірітетіні секілді артық тамақ та жүректі өлтіреді. **«Көп жегенді, көп ішкенді Аллаһу та'ала ұнатпайды»** дейтін.

Расулуллаһ асқазанның үште бірін тамаққа, үште бірін сусындарға бөлуге кеңес берді. Үште бірінің ауаның үлесінде, яғни бос болуы ең төменгі дәреже болып табылады. Ең жақсы дәреже аз жеу және аз ұйықтау. Көп жеу – аурудың басы, аз жеу – дауаның басы. Бір адамның тамағы екі адамға жетеді. Қонақ үй иесінен тұз бен наннан басқа ешнәрсе күтпеуі керек. Үй иесі қонаққа нан ұсынып, қолына су құюы керек.

Халифа Харунуррашид қонағының қолына құманмен өзі су құятын. Қонаққа оның жақсы көретін нәрсесін ұсыну керек. Таза жерге түсіріп алғанын алып оған беру керек. Ластанса мысыққа немесе басқа жануарға беру керек. Осылайша үйдің берекесі артады. Бұл береке немерелеріне дейін жетеді. Жерге түскендер жиналмайтын болса шайтан жейді. Ыдыста түбінде қалған тамақты жинап, жалап жеп қою сүннет болады. Компот, айран сияқты нәрселердің қалдығына су құйып, шайқап ішу де үлкен сауап. Табақта, кеседе ішілген нәрсенің артығын қалдыруға болады. Расулуллаһ мүминнен қалған нәрсені жеуді ұнататын.

Тамақтан кейін тісті мисуакпен және тіс тазалағышпен тазалау – Расулуллаһтың сүннеті. Тазалық болып табылады. Тазалық иманды күшейтеді. Тамақтан кейін үй иесіне береке, рахмет пен мағфирет тілеп дұға етіледі. Сосын кетуге рұқсат сұралады. Шығып бара жатқанда үй иелерін қонаққа шақыруды ұмытпау керек.

Тамақ жеп отырғанда қорқынышты, жиренішті нәрселер айтпау керек. Өлім, ауру туралы айтпау керек. Дастарханға келген тамақтарға қарамау керек. Бір үзімді жұтпай тұрып, екіншісін алмау керек. Тамақ жеп отырғанда бір нәрсе үшін, тіпті намаз үшін де дастарханнан тұрмау керек. Намазды одан бұрын оқу керек.

Егер дайын болған тамақтар суитындай немесе бұзылатындай болса және намаз уақыты тамақтан кейін оқуға ыңғайлы болса, тамақты намаздан бұрын жеу керек. Дастарханнан тамақ алынғаннан кейін тұру керек. Жол үстінде, түрегеп тұрып, жүріп бара жатып жемеу керек.

Аузынан, қолынан еттің, тамақтың иісі шығып тұрғанда жатпау керек. Балалардың да қолын жуу керек. Тойып тұрып жатпау керек. Азық-түлікті дүкеннен өлшеп алу керек. Есепсіз көп алмау керек, ысырап болады. Тамақтың ыдыстарының беті жабық тұруы

керек. Өзеннен, хауыздан еңкейіп ауызбен су ішпеу керек. Құман, құмыраның аузынан да ішпеу керек. Кесенің сынық шетінен де ішпеу керек.

Жазда салқын сусын ішу керек. Расулуллаһ салқын шәрбат ішкенді ұнататын. Зәмзәм суын түрегеп тұрып ішуге болады. Жолаушы барлық суды түрегеп тұрып іше алады делінді. Аш қарынға су ішпеу керек. Суды ақырын, ұрттап ішу керек.

Расулуллаһ алейһиссалам кешкек (пісіріліп құрғатылған бидай) тамағын жақсы көретін. Оны жасауды пайғамбарымызға Жәбрейіл алейһиссалам үйретті. Ол адамға күш береді. Барлық пайғамбарлар арпа нанын жеген. Расулуллаһ асқабақтан жасалатын дәмді тағамды, жасымық (мержімек) сорпасын, аң және қой етін жақсы көретін. Қойдың аяқ, көкірек және жауырын жағын жақсы көретін. Лақтың жауырын етін ұнататын. Лақ етінің сіңуі оңай. Барлық адамға жеуге болады.

Еркек малдың еті ұрғашы малдан және қара түсті малдың еті ақ түсті малдың етінен оңай қорытылады. Оңай сіңірілуі және ләззаты тұрғысынан еттің жақсысы қой еті, сүттің жақсысы сиыр сүті. Аң еттерінің ішіндегі ең жақсысы киіктің еті. Қоянның еті де халал, пайғамбарымыз жеген. Қоян еті зәр шығарады, артығы ұйқыны қашырады. Құс, балапан еті барлық адамға жақсы. Үй құстарының ішіндегі ең жақсысы тауықтың еті.

Пайғамбарымыз **«Сірке суы қандай жақсы тағам»** деген. Сірке суы ең пайдалы тамақ. Құрма да тамақ. Яғни нанмен желінеді. Жүзім әрі тамақ, әрі жеміс. Жүзімді нан қосып жеу сүннет. Құрманың құр өзін жеу сүннет.

Мейіз, жаңғақ, бадам жеу сүннет. Балда шипа бар. Жетпіс пайғамбар балға береке тілеп, дұға еткен. Расулуллаһ алейһиссалам құрманы өте жақсы көретін. Құрмаға қауын, қарбыз қосып жейтін. Қауын, қарбыз бүйректі тазалайды, бас ауруын кетіреді. Асқазан-ішек құрттарын түсіреді. Көзге қуат береді. Расулуллаһ салқын шәрбаттарды жақсы көретін. Палау жеген кезде салауат оқу керек.

Пайғамбарымыз бұршақты (бобовый) қабығымен жеуді мақтады. Хаббәтуссәуда, яғни содана дерттерге дауа болады деді. Жаңғақты ірімшікпен жеу шипа болады. Бұл екеуін ешнәрсе қоспай жалғыз жеу зиян болады. Бір нәрсеге қосып жеу керек. Жүзімнің сүйегі зиян. Пайғамбарымыз жүзімді қолына алып, оң қолымен үзіп жейтін. Айва жүректен ауыртпалықты кетіреді. Әр қауын, қарбыз,

анарда бір тамшы жаннаттың суы бар. Бір анарды жалғыз жеу керек. Бір тамшысы да бос кетпеуі керек. Анар жүрек соғысына пайдалы. Асқазанды күшейтеді. Сығып ішілсе өтті айдайды, іш қатқанды кетіреді. Әнжір жүрекке шаттық береді. Шаншуды, ас қорыту органдарының ауруларын кетіреді.

Жасыл қиярды тұзбен жеу, жаңғақты құрма және балмен жеу – Расулуллаһтың сүннеті. Пайғамбарымыз баклажанды мақтаған және зәйтүн майын қосып пісіріңдер деген. Қараотты да мақтаған. Балдыркөк ұмытшақтықты кетіреді, зәрді айдайды. Қан мен сүт жасайды. Бөрікгүл өттің тасын ерітеді, қанды тазалайды, тамырдың қатаюына пайдалы. Тердің иісін де кетіреді.

Бір елге барған адамның алдымен біраз пияз жегені денсаулыққа жақсы. Пияз ағзаның микроптарға қарсы тұру күшін арттырады. Пияздан кейін балдыркөк жесе жаман иісті кетіреді. Андыз да иіс кетіреді делінген. Расулуллаһтың соңғы жеген тамағында пияз бар болатын. **«Пияз бен сарымсақты пісіріп жеңдер»** деген. Бұлардың иісінен періштелер мазасызданады. Тұрып зәр айдайды. Ас қорытылуын жеңілдетеді.

Расулуллаһтың үй ішіндегі және сырттағы жағдайлары

Хазреті Хусейн айтады: «Пайғамбарымыздың үй ішіндегі жағдайы туралы әкемнен сұрадым. Әкем былай айтып берді:

«Пайғамбарымыз алейһиссалам үйіне кіргеннен бастап уақытын Аллаһқа ғибадат ету, үй ішіндегілердің жұмыстары және өзінің істері деп үшке бөлетін.

Өзіне бөлген уақытын өзі мен адамдар арасында бөлетін. Ол уақытта оның қасына тек таңдаулы сахабалары келетін. Халыққа дін мәселелері солар арқылы түсіндіріліп, халықты қызықтыратын барлық нәрсені айтатын, ешнәрсені өзінде сақтамайтын.

Пайғамбарымыздың үмметіне тиісті уақытты парасатты адамдарға, діндегі дәрежелеріне қарай бөліп, оларды соған қарай шақыру әдеті болатын.

Пайғамбарымыз олардың діни қажеттіліктерімен айналысып, сұрақтарына керекті жауапты беретін, сосын **«Бұларды осы жердегілер бұл жерде болмағандарға жеткізсін. Маған өзі келіп, керек нәрсесін айта алмаған адамның қажеттілігін сендер маған**

айтыңдар. Шындығында, қажеттілігін айта алмаған адамның қажеттілігін айтқан адамның аяғын қиямет күні Аллаһу та'ала Сырат үстінде берік (тұрақты) **етеді»** деген.

Пайғамбарымыздың қасында бұдан басқа ешнәрсе айтылмайтын, ауызға алынбайтын. Өзі де ешкімнен бұдан басқа нәрсені қабылдамайтын.

Пайғамбарымыздың алдына барғандар шәкірт болып кіріп, ең ұлы ғылымның дәмін татқан адам болып шығатын».

Хазреті Хусейн әкесінен пайғамбарымыздың үйден шыққанда не істейтінін сұрады. Оларды былай айтып берді:

«Пайғамбарымыз алейһиссалам сыртта сөйлеспейтін. Тек, сөзі мұсылмандарға пайдалы болатын болса, олардың арасын жақындастыратын болса, араларындағы суықтықты жоятындай болса ғана сөйлейтін.

Әр қауымның жақсы мінезді адамын сыйлап, оны қауымына басшы ететін. Халықты сақтандыратын және олардан сақтанатын. Ешкімнен жылы қабағы мен жақсы мінезін аямайтын.

Сахабаларын көрмей қалса іздеп, халықтан сұрайтын. Жақсылықты мақтап, жамандықты даттайтын. Өзінің барлық ісі тұрақты, шиеленіссіз болатын. Мұсылмандардың адаспаулары үшін ескертіп отыратын. Әр жағдайы белгілі, ашық еді.

Расулуллаһта ғибадат пен мойынсұнуға деген бейімділік, қабілет бар еді. Ешкімнің ақысын жемейтін. Оған жақын адамдар – адамдардың ең қайырлылары болатын.

Оның көзінде сахабалардың ең үстемі – мұқтаж жандарға көмек беріп, жақсылық жасағандар болатын. Пайғамбарымыз Аллаһты есіне алмайынша отырмайтын да, тұрмайтын да.

Мәжілісте бір орынды өзі үшін белгілемейтін, бұлай жасауға тыйым салатын. Қай жерде болса да жиналып отырған адамдардың қасына барған кезде төр жаққа өтпейтін, соңғы жағына отырып, осылай жасауды мұсылмандарға да бұйыратын.

Өзімен бірге отырғандардың барлығына нәсібінен беретін. Оның сый-сияпат көрсететіні соншалық, барлығы Расулуллаһтың алдында өзінен қадірлі адам жоқ деп ойлап қалатын. Өзімен бірге отырған немесе келіп жағдайын айтқан адамның барлық нәрсесіне, мазалағанына ол кеткенге дейін сабыр ететін.

Біреу одан бір нәрсе сұраса оны қайтармайтын, сұрағанын беретін немесе жылы сөздермен кері қайтаратын. Оның көркем мінезі барлық адамды құшағына сыйдыратындай дәрежеде кең еді.

Барлық адамға мейірімді әке болды. Хақ (ақы) мәселесінде барлық адам оның алдында тең болатын. Пайғамбарымыздың мәжілісі – ғылымның, ұяттың, сабырдың және аманаттың мәжілісі болатын.

Оның мәжілісінде дауыс көтерілмейтін, ешкім айыпталмайтын, істелген кемшілік пен қателік айтылмайтын. Пайғамбарымыздың мәжілісіне қатысқандардың барлығы тең болатын, олардың бір-бірінен үстемдігі тек тақуалықтарында ғана болатын. Барлығы кішіпейіл еді.

Үлкендерді қадірлеп, кішілерге ізет, мейірімділік көрсететін. Мұқтаж адамдарға көмектесуге тырысып, ғаріп, жат елдік адамдарды қорғап, қолдайтын.

Пайғамбарымыз алейһиссалам жылы жүзді, жұмсақ мінезді болған. Өте кешірімшіл еді. Қатал жүректі емес еді.

Ешкіммен ұрыспайтын, ешқашан айқайламайтын, жаман сөз айтпайтын. Ешкімді айыптамайтын. Сараң емес еді. Ұнатпаған нәрсесіне көз жұмып қарайтын. Үміт күткен адамның үмітін үзбейтін, бір нәрсені ұнатпайтындығын ашып айтпайтын.

Пайғамбарымыз үш нәрседен аулақ болды:

Адамдармен дауласудан,

Көп сөйлеуден,

Пайдасыз, бос нәрселермен айналысудан.

Адамдарға үш нәрседе ерік беретін:

Ешкімді бетіне басып немесе сыртынан айыптамайтын.

Ешкімнің айыбын, кемшілігін іздемейтін.

Ешкімге ол туралы сауапты және қайырлы болмаған сөзді айтпайтын.

Пайғамбарымыз алейһиссалам сөйлеген кезде қасындағылар бастарына құс қонғандай тыныш, қимылсыз отырып тыңдайтын. Ол сөзін бітіргеннен кейін айтатындарын айтатын, бірақ оның қасында дауласып, тартыспайтын.

Пайғамбарымыздың қасында біреу сөйлеген кезде ол сөзін бітіргенше қалғандары үнсіз тыңдайтын. Пайғамбарымыздың қасында алғаш сөйлеген адаммен соңынан сөйлеген адамның сөзінің айырмашылығы жоқ еді.

Мәжілісіне қатысқандар бір нәрсеге күлсе Расулуллаһ та олармен қосылып күлетін, бір нәрсеге таңданса, ол да оларға қосылып таңданатын.

Алдына келген ғаріптердің айтқан дөрекі, жаман сөздеріне сахабалары да өзі сияқты істесін, үлгі алсын деп төзетін.

«Бір мұқтаж адамның бір шаруасына көмек сұрағанын көрген кездеріңде оның қажетін шығарып көмектесіңдер» дейтін.

Расулуллаһ алейһиссалам шындыққа жанаспайтын мақтауды қабылдамайтын. Ғайбат, жала, өтірік сияқты өзгелердің ақысы тапталып, әділетсіздікке жол берілмесе ешкімнің сөзін бөлмейтін. Өзгелердің құқығына қастандық еткен адамның сөзін бөлетін не болмаса мәжілістен тұрып кетіп қалатын. Пайғамбарымыздың үнсіздігі төрт нәрсеге байланысты болатын: хилм (шыдамдылық), сақтанушылық, тақдир (растау, қадірлеу), тәфәккур (ойлау).

Тақдирі адамдарға тең қарауы мен тыңдауында, тәфәккур дүние мен ахирет істерін ойлауында байқалатын. Шыдамдылық пен сабырлылық қасиеттерді бойына сіңірген еді. Дүниеге қатысты нәрсеге ренжімейтін.

Сақтанушылықта төрт қасиеті бар еді:

Ең жақсы нәрсені Аллаһу та'алаға бағыну үшін алатын.

Жаман нәрсені аулақ тұру үшін тастайтын.

Түсінігін үмметіне пайдалы нәрсеге жұмсайтын.

Мейірімділігін үмметінің дүние мен ахирет бақытын қамтамасыз ететін нәрселерге төгетін.

Пайғамбарымыз ешқандай нәрсе үшін «жоқ» демеген. Істегісі келетін бір нәрсе өзінен сұралған кезде «жарайды» дейтін, істегісі келмейтін нәрсені сұрағанда үндемейтін, оны жасағысы келмейтіні оның осы үнсіздігінен белгілі болатын.

Барлық адамның дүние мен ахирет бақыты үшін бар күшін салатын. Бір соғыста одан барлық кәпірлердің жоқ болуы үшін дұға етуі сұралғанда **«Мен лағнет ету, адамдардың азап шегуі үшін жіберілмедім. Мен бәріне жақсылық жасау үшін, адамдардың бақытқа қауышуы үшін жіберілдім»**,- деді.

«Әнбия» сүресінің 107-ші аятында **«Сені әлемдерге рақымдылық, жақсылық үшін жібердік»** деп бұйырылған. Сондықтан барлық адамға жақсылық жасау үшін бар күшін сарп ететін.

Хинд бин Әби Халә пайғамбарымыздың жүрісін былай айтады:

Пайғамбарымыз жүрген кезде аяғын жерден ширақ көтеретін. Екі жағына теңселмейтін, адымын кең ататын. Биік жерден түсіп келе жатқандай алдына қарай иіліп, байсалды, еркін түрде жүретін.

Қарағысы келген, қарайтын жағына толық бұрылып қарайтын.

Айналасына қалай болса солай қарамайтын.

Жер бетіне (төменге) қарауы аспанға қарағанынан ұзақ еді.

Жүргенде сахабалардың артында жүретін.

Біреумен жолыққан кезде алдымен өзі сәлем беретін.

Әбу Хурайра хазреттері былай айтып берген:

Пайғамбарымыздан тез жүретін адам көрмедім. Жүргенде жер жүзі оның аяғының астында оралғандай болатын.

Біз оның артында жүріп, оған жету үшін қиналатынбыз. Пайғамбарымыз болса жүріп бара жатқанда өзін еш қинамайтын.

Әнәс бин Маликтің (радиаллаһу анһ) білдіруі бойынша Расулуллаһ алейһиссалам біреумен кездескен кезде мусафаха ететін, ол адам қолын тартпайынша пайғамбарымыз қолын тартпайтын, ол адам бетін теріс айналдырмайынша пайғамбарымыз одан теріс айналмайтын. (Мусафаха – екі адамның кездескен кезде қолдарымен амандасып, бір-біріне қарауы деген сөз.)

Әнәс бин Малик (радиаллаһу анһ) айтады: Пайғамбарымыздан «Йа Расулаллаһ! Кейбіріміз кейбірімізге иілейік пе?»- деп сұрадық**. «Жоқ»**,- деді. «Құшақтасайық па?»- деп сұрадық. **«Жоқ, тек мусафаха етіңдер!»**,- деді.

Бәра бин Азиб те пайғамбарымыздың **«Екі мұсылман кездесіп сәлемдесіп, мусафаха ететін болса, олар бір-бірінен ажырамастан бұрын күнәлары кешіріледі»** дегенін білдіреді.

Пайғамбарымыз үнемі ой үстінде жүретін. Сөйлегенінен үнсіз жүргені көп еді. Расулуллаһ орынсыз жерде сөйлемейтін. Сөзін бастағанда да, аяқтағанда да Аллаһтың есімін айтатын.

Сөйлескенде қысқа және мәнді сөздермен сөйлесетін. Оның сөздері әрдайым шын және орынды болатын. Пайғамбарымыз сөйлегенде артық та, кем де сөз айтпайтын.

Ешкімнің көңілін қалдырмайтын, ешкімді төмен санамайтын. Ең ұсақ нығметтің өзін құрметтейтін. Ешқандай нығметті ұнатқанда көкке көтеріп мақтамайтын, ұнатпаса жиренбейтін.

Расулуллаһ алейһиссалам дүние үшін, дүниелік істер үшін ашуланбайтын. Бірақ, біреудің ақысы желінетін болса оның ақысын алмайынша ешнәрсе оның ашуынан асып түсе алмайтын.

Өзі үшін ашуланып, өш алмайтын. Бір нәрсеге белгі беретін кезде саусағымен емес, қолымен белгі беретін. Қайран қалып, таңданған кезде қолын теріс қарататын, яғни алақаны жоғары қарап тұрса төмен, төмен қарап тұрса жоғары қарататын. Сөйлеген кезде қолын

қимылдатып, оң қолының алақанымен сол қолының бас бармағының ішкі жағына бір екі рет ұратын. Ашуланған кезде тез ашуын басып, білдірмейтін.

Қуанып, шаттанған кезде көзін жұматын. Ең қатты күлгені күлімсірегені еді. Күлімсірегенде тістері маржандай тізіліп көрінетін.

Әбу Саид Худри хазреттері айтады: Расулуллаһ алейһиссалам малға шөп беретін. Түйені байлайтын. Үйін сыпыратын. Қой сауатын. Аяқ киімінің жыртылған жерін тігетін. Киімін жамайтын. Қызметшісімен бірге тамақтанатын. Қызметшісі қол диірмен тартып шаршаған кезде оған көмектесетін. Базардан үй қажеттіліктерін алып, дорбаға салып үйіне әкелетін. Кедеймен, баймен, үлкенмен, кішімен кездескенде бірінші болып сәлемдесетін. Олармен мусафаха ету (қол алысу) үшін қолын алдымен созатын.

Құлды, мырзаны, ақты, қараны бір көретін. Кім шақырса шақырсын, шақырылған жерге баратын. Алдына қойылған нәрсені аз да болса жеңіл, төмен санамайтын. Жақсылық жасағанды жақсы көретін. Барлық адаммен жақсы қатынаста болатын. Жылы қабақты, жылы сөзді еді. Сөйлегенде күлмейтін.

Мұңлы болып көрінетін. Бірақ, қабағы қатулы емес болатын. Кішіпейіл болатын. Айбатты болатын, қараған адамда құрмет пен қорқыныш ұялататын. Бірақ, дөрекі емес-тін. Нәзік еді. Жомарт еді, бірақ ысырап етпейтін, пайдасыз жерге ешнәрсе бермейтін. Барлық адамға жанашырлық танытатын. Ешкімнен ештеңе күтпейтін. Бақытты, тыныштықты қалаған адам сол сияқты болуы керек.

Әрбір мұсылман Расулуллаһтың осы қасиеттерін өзіне үлгі етуі керек. Аллаһу та'аланың ахлақымен ахлақтану әр мұсылманға керекті. Өйткені Расулуллаһ алейһиссалам **«Аллаһу та'аланың ахлақымен мінезденіңдер!»** деп бұйырған.

Мысалы, Аллаһу та'аланың сипаттарының бірі – Сәттар. Яғни, күнәларды жабушы. Мұсылман адам да діндес бауырының айыбын, кемшілігін жабуға тырысуы тиіс. Аллаһу та'ала құлдарының күнәсін кешіруші. Мұсылмандар да бір-бірінің кемшіліктері мен айыптарын кешіруі керек. Аллаһу та'ала – кәрим, рахим. Яғни, ілтипаты мен ихсаны көп, мейірімі мол. Мұсылман адамның мейірімді және жомарт болуы тиіс. Барлық жақсы мінездер осылай болады.

Расулуллаһ алейһиссаламның көркем мінездері өте көп. Әрбір мұсылман оларды үйреніп, сол сияқты мінезденуі керек. Осылайша, дүние мен ахиретте пәлекеттерден, қиыншылықтардан құтылу және екі дүние мырзасының шапағатына қауышу нәсіп болады.

Пайғамбарымыздың киген киімдері

Пайғамбарымыздың бір дана хибәрәдан тігілген киімі бар болатын. Хибәрә – мақта мен зығыр жібінен тоқылған, жолақты Йемен матасы. Пайғамбарымыз алейһиссалам хибәрә киімін кигенді жақсы көретін.

Сонымен қатар пайғамбарымыздың Оманнан әкелінген екі изары бар болатын. Белден төменгі жаққа тағылатын, балтырға дейін аяқты жабатын жапқыш «изар» деп аталады. Пайғамбарымыздың қылдан тоқылған, түйенің артпа еріне ұқсайтын жапқышы да бар болатын. Оны киіп сыртқа шыққан кездері болған.

Әбу Бурде айтады: «Біз барғанда хазреті Айша бізге мүләббәдә деп аталатын бір киім мен Йеменде жасалған қалың изарды көрсетіп, ант етіп: «Расулуллаһ алейһиссаламның рухы, міне осылардың ішінде алынды»,- деді».

Пайғамбарымыз суық қыс түндерінде намаздарын өте қатты да, өте жұмсақ та етіп тоқылмаған жүн мата оранып оқитын.

Пайғамбарымыз еркек мүминдердің белдеріне тағатын изарын тек балтырларына дейін және одан сәл төмен түсіріп тағуларына болатынын, бірақ тобықтарына дейін жеткізбеу керектігін айтқан.

Өздерін абыройлы, бай етіп көрсету мақсатымен изарларын жерге тигізіп сүйретіп жүретін еркектерге қиямет күні Аллаһу та'аланың рахмет назарымен қарамайтынын айтып, Жабир бин Суләймге **«Изарыңды аяғыңның жартысына, балтырыңа дейін көтер. Олай етпесең тобықтарыңа дейін жеткіз. Жерге тиетіндей етіп ұзатудан сақтан. Өйткені, бұл тәкаппарлықтың белгісі. Аллаһ тәкаппарланғанды ұнатпайды»** деп бұйырған.

Сондықтан Абдуллаһ бин Омар изарын аяқтарының жартысына дейін, яғни балтырына дейін жеткізіп, оның үстінен көйлек және рида киетін (Рида – үстіне жамылатын жамылғы, шәлі.)

Пайғамбарымыздың шеттен келгендердің қастарына киіп шығатын Хадрами шәлісінің ұзындығы төрт аршын, ені екі аршын, бір қарыс, құны бір динар болатын. Жасыл түсті болатын.

Пайғамбарымыздың бұл шәлісі халифалардың дәуірінде түйіліп, төртбұрышты кездеменің ішінде сақталып тұратын. Халифалар оны айт мейрамдарында киетін.

Пайғамбарымыздың Сухарда тігілген екі киімі бар еді. Сухар - Оманның бір ауылы. Пайғамбарымыздың сухарша тігілген бір көйлегі

де болған. Сухар ауылында тігілген көйлек «Сухари» деп аталады. Пайғамбарымыздың ең жақсы көретін киімі қамис (көйлек) болатын. Қамис - таза мақта жібінен тігілген көйлек. Пайғамбарымыздың көйлегінің жеңінің ұзындығы білекке дейін болатын. Эфиопия патшасы Нәжашидің пайғамбарымызға жіберген сыйлықтарының арасында көйлек те бар болатын.

Пайғамбарымыздың екі қабат мақта жібінен тоқылған көйлегі бар еді. Сухул – Йеменнің бір аймағы. Ол жерде бір қабат мақта жібінен тоқылған матадан тігілген киімдер «Сухулия» деп аталады. Нәжашидің пайғамбарымызға жіберген сыйлықтарының арасында іш киім де бар болатын.

Пайғамбарымыздың ақ киімі де бар болатын. Ол: **«Киімдеріңнің ағын киіңдер. Тірілерің ақ киім кисін. Өлілеріңді ақ кебінге орандар. Өйткені ол – киімдердің қайырлысы және жақсысы»** деген.

Пайғамбарымыздың жасыл киім кигені де көрілген. Әбу Римсе пайғамбарымыздың екі қабат жасыл киім кигенін көргенін айтады.

Пайғамбарымыз қызыл-ала хуллә да киетін. Бәра бин Азиб: «Қызыл-ала хуллә киген, шашы құлағының астына дейін жететіндердің ішінде Расулуллаһ алейһиссаламнан асқан көркемін көрмедім» деген. Пайғамбарымыздың жұма мен айттарда киетін қызыл шапаны да болған. Сондай-ақ, Йеменше тігілген жуббәсі (шапаны) де бар еді. Пайғамбарымыз жеңінің аузы тар болып келетін Шамда тігілген жуббәсін сапарға киетін.

Пайғамбарымыз Иран патшалары киген «Тайлесан» матасынан тігілген, жағасы атлас, етегінің алдыңғы және артқы екі ашық жағына және жеңдеріне атластан бедер салынған жуббәсін соғыстарда, жаумен қарсыласқанда киетін.

Хазреті Айша қайтыс болғанға дейін соның қасында болған бұл шапанды кейіннен Әсма бинти Әбу Бәкір алған. Пайғамбарымыз киген бұл шапан жуылған суға ауру адамдар жуынып, шипа табатын.

Думәтулжәндәл тайпасының басшысы Уқәйдирдің өлтірілген бауыры Хасанның атлас матадан тігілген, безендірілген жерлеріне алтын сырма мен құрма жапырақтары қадалған шапаны пайғамбарымызға сыйға жіберілген болатын.

Пайғамбарымыз бұл шапанды киіп, мінберге шығып біраз отырады да, еш сөйлеместен мінберден түседі. Мұсылмандар қолдарымен шапанды сипап көріп, әдемілігіне қайран қалады.

Пайғамбарымыз: **«Сендер мұның әдемілігіне қайран қалып тұрсыңдар ма? Бұл сендерге қатты ұнады ма?»** деп сұрайды. Олар «Біз бұдан да жақсы, әдемі киім көрмедік» дейді.

Пайғамбарымыз **«Бар болуым құдіретті қолында болған Аллаһқа ант етемін, Са'д бин Муаздың жаннаттағы беторамалдары көрген нәрселеріңнен де әдемі және жағымды»** деген.

Пайғамбарымыз өзіне сыйға тартылған бір атлас кафтан киіп, намаз оқыды. Намаздан келе сала оны тез шешіп тастады.

«Бұл тақуаларға жараспайды»,- деді. Оны хазреті Омарға жіберді. «Йа Расулаллаһ! Оны шешуге неге асықтыңыз?» деп сұрғандарға пайғамбарымыз **«Жәбрейіл маған мұны киюге тыйым салды»**,- деді. Хазреті Омар жылап келіп «Йа Расулаллаһ! Сіз кигіңіз келмеген нәрсеңізді маған бердіңіз. Оны не істеймін?»,- деді. Пайғамбарымыз **«Мен оны саған кисін деп бермедім. Тек сатсын деп бердім»**,- деді. Хазреті Омар оны екі мың дирхамға сатты.

Византия патшасы пайғамбарымызға атластан, алтын сырмалы, ұзын жеңді бір тері киім сыйлаған. Пайғамбарымыз оны кигенде халық «Йа Расулаллаһ! Бұл сізге аспаннан түсірілді ме?» деп сұраған.

Пайғамбарымыз **«Сендерге қатты ұнады ма? Бар болуым құдіретінде болған Аллаһқа ант етемін, Са'д бин Муаздың жаннаттағы орамалдарынан бір орамалының өзі бұдан қайырлы, әдемі»** деген.

Сосын ол киімді хазреті Жафәр бин Әбу Тәліпке жіберді. Хазреті Жафәр оны кигенде пайғамбарымыз **«Мен оны саған кисін деп жіберген жоқ едім»**,- деді. Хазреті Жафәр: «Оны кимегенде не істеймін?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз: **«Нәжашиге жібер»**,- деді.

Пайғамбарымызға Сиера деп аталатын жібек матадан сары жолақтары бар астары бар киім сыйға тартылған еді. Пайғамбарымыз оны хазреті Әлиге жіберді. Хазреті Әлидің оны кигенін көргенде пайғамбарымыздың жүзінен ашудың ізі байқалды. **«Мен оны саған кию үшін жіберген жоқпын. Орамал үшін әйелдерге үлестірсін деп жібердім»** деп бұйырды. Осыдан соң хазреті Әли оны бөлшектеп әһли бәйт әйелдеріне үлестірді.

Эфиопия патшасы Нәжашидің пайғамбарымызға жіберген сыйлықтарының ішінде мысырда тігілген қалың шапан да бар болатын.

Пайғамбарымыздың қара жүннен тоқылған киім кигені де көрілген.

Хазреті Айша: «Расулуллаһ алейһиссаламға арналып қара жүннен бір киім тігілген болатын. Оны киіп терлегеннен кейін жүннің иісі шыққанын байқады. Дереу оны шешіп тастады. Өйткені пайғамбарымыз тек хош иістерді жақсы көретін» деген.

Хазреті Омар базарда, мешіттің алдына сатуға шығарылған Сиера, Истебрак жібегінен тігілген асты-үсті әдемі бір киімді көріп, оны пайғамбарымызға алып келді. «Йа Расулаллаһ! Мынаны сатып алып, жұма күндері, айттарда, шеттен адамдар келгенде кисеңіз»,- деді. Пайғамбарымыз **«Бұл - тек ахиреттен нәсібі жоқтардың киімі. Мұны тек ахиретте нәсібі болмағандар киеді»**,- деді. Сосын өзіндегі бір атлас шапанды хазреті Омарға жіберді. Хазреті Омар оны алып, пайғамбарымызға келді. «Йа Расулаллаһ! Сіздің «Бұл тек ахиреттен нәсібі жоқтардың киімі. Оны тек ахиретте нәсібі болмағандар киеді» дегеніңізді естідім. Оны маған жіберіпсіз?»,- деді. Пайғамбарымыз **«Сен оны сатып ақшасын қажеттілігіңе жұмсарсың, оны пайдаланарсың деп жібердім. Киюің үшін жібермедім»**,- деді.

Пайғамбарымыз **«Атаққұмарлық пен мақтау сүйерлік үшін киім киген адамға, Аллаһ ол киімін шешкенге дейін қарамайды». «Қиямет күні оған зилләт** (қорланатын) **киімін кигізеді».**

«Атақ пен мақтаныш үшін киім киген адамға қиямет күні Аллаһ сол киімін кигізеді». «Сосын оған от қояды» деген.

Бүрдә – Йемендік жолақты мата, ихрам сияқты денеге оралады.

Қалың жүн мата мен шапан да бүрдә деп аталады. Сәһл бин Са’д айтады: «Расулуллаһқа бір әйел өзі тоқыған бүрдәсін әкелді. «Йа Расулаллаһ! Мынаны өз қолыммен тоқыдым. Сізге әкелдім»,- деді. Расулуллаһ керек болғандықтан оны қабылдады.

Осы бүрдәні оранып қасымызға келді. Жамағаттан біреу бүрдәге қолын тигізіп «Йа Расулаллаһ! Қандай керемет киім. Мұны маған беріңізші»,- деді. Расулуллаһ **«Жарайды»**,- деді.

Біраз отырғаннан кейін үйіне қайтты. Бүрдәні шешіп, жаңағы адамға жіберді. Жамағат: «Бұл тірлігің мүлдем дұрыс болмады. Сен Расулуллаһтың киіп жүрген, өзіне қажет нәрсесін сұрап алдың. Расулуллаһтың ешкімнің қолын бос қайтармайтынын білесің» деп оны айыптады.

Ол адам «Уаллаһи, мен оны кию үшін сұрамадым. Өлгенде кебінім болсын деп сұрадым»,- деді.

Шынында да ол өлген кезде сол бүрдәні кебін етті.

Ка’б бин Зухәйрге берген бешпенті

Расулуллаһ Тәбүкте Әйлә халқына бір сенімділік, қауіпсіздік бұйрығын жазып берген кезде оның белгісі ретінде бір бүрдәсін (бешпент) де берген болатын.

Әбул Аббас Абдуллаһ бин Мұхаммед бұл бүрдені олардан үш жүз динарға сатып алды. Аббас ұлдары оны атадан балаға мұра етіп қалдырды.

Халифалар мереке күндерінде оны киіп, пайғамбарымыздан қалған аса таяқты қолдарына алып сыртқа шыққандарында, елдің жүректерін үрей билейтін.

Атақты араб ақыны Ка’б бин Зухәйр кешірім сұрау және мұсылман болу үшін пайғамбарымызға барып, ішінде «Күмән жоқ, Расулуллаһ тура жолды көрсететін бір нұр, жамандықтарды жою үшін суырылған Аллаһтың өткір қылыштарының бірі» деген шумақтары бар «Банәт суад» қасидасын (мадақ өлең) оқыған кезде Расулуллаһ үстіндегі бешпентін шешіп оған кигізді.

Хазреті Муауия өзінің халифалығы кезінде Ка’б бин Зухәйрге «Расулуллаһтың бүрдесін бізге сат» деген хабар мен он мың дирхам жіберді. Ка’б бин Зухәйр «Мен Расулуллаһтың бүрдесін киюде өзімнен басқаны артық санамаймын» деп хазреті Муауияның ұсынысын кері қайтарды. Ка’б бин Зухәйр қайтыс болғаннан кейін хазреті Муауия оны Ка’бтың ұлдарынан жиырма мың дирхамға сатып алды.

Пайғамбарымыздың Ка’б бин Зухәйрге берген бұл мүбәрәк бүрдесі халифадан халифаға мұра болып өтіп отырған.

Әмәуи сұлтандығы ыдырағаннан кейін алғашқы Аббаси халифасы Әбул Аббас Сәффах бин Абдуллаһ бин Мұхаммед оны үш жүз динарға сатып алды.

Оны халифалар мерекелерде киетін. Халифа Мұқтәдир өлтірілгенде қаны тиіп кірленді. Аббасилер Мысырға барғанда оны да алып барды. Османдық Сұлтан Сәлим Мысырды бағындырып, халифа болған кезде Мысырдағы «Қасиетті аманаттар»дың арасында бұл бүрде де Стамбулға әкелінді.

Стамбулда Топқапы Сарайында «Хырқа-и сәадет» бөлімінде көрмеге қойылған бұл бүрденің ұзындығы 1,24 см, кең жеңді, қара жүн матадан тігілген.

Бүрденің іші ірі тоқылған жүн матамен қапталған. Алдының оң жағында 0,23х0,30 см мөлшерінде жыртылған жері бар. Оң жеңінің де кем жерлері бар. Әр жері жыртылған.

Көптеген маталарға оралып, 0,57х0,45х0,21 көлеміндегі үстінен ашылатын қақпағы бар алтын жәшіктің ішіне қойылған. Мүбәрәк бүрденің осы көлемде III. Сұлтан Мұрат тарапынан жасатылған алтын қорабы да бар. Ол үлкен өнермен жасалып, асыл тастармен әшекейленген.

Пайғамбарымыздың запран гүлімен боялған бір жамылғысы бар болатын. Оны әйелдерінің үйінде жамылатын. Хамиса – төрт бұрышты, екі жағы өрнектелген қара қалың мата. Пайғамбарымыз ауырмай тұрғанда хамисаның үстінде намаз оқитын.

Хазреті Айшаның айтуынша, пайғамбарымыз бір күні хамисаның үстінде намаз оқып отырғанда көзі өрнекке түседі. Сәлем бергеннен кейін **«Бұл хамисаны Әбу Жәһмге апарыңдар. Өйткені, жаңа бұл намазымда менің көңілімді бөлді. Маған Адый бин Ка'бтардан Әбу Жәһм бин Хузәйфә бин Ғанимның Әнбижаниесін әкеліңдер»**,- деді.

Әбу Жәһм: «Йа Расулаллаһ! Мұны неге жібердіңіз?» деп сұрағанда Расулуллаһ: **«Намазда көзім оның өрнектеріне түсті»,**- деді. Бұл хамисаны пайғамбарымызға Әбу Жәһм сыйлаған болатын.

Әнбижан деп аталатын қалада жүннен, өрнексіз тоқылатын жамылғыны «Әнбижание» деп атайды. Пайғамбарымызға Хайбар олжасынан үлес ретінде бір хамиса түскен болатын.

Пайғамбарымыз ескіре бастаған бұл хамисаның үстінде намаз оқитын. Пайғамбарымыз соңғы ауырғанында қиналған кезде осы хамисаны жиі-жиі үстіне жабатын. Қысылғанда оны алып тастап, жүзін ашатын.

Мәдинаның топырағы ылғалды, құнарсыз болғандықтан бұл хамиса Расулуллаһ қайтыс болған соң, қабірінің астына төселді.

Бәни Дар алқасынан Хани бин Хабиб хижреттің тоғызыншы жылы Мәдинаға келген кезінде Расулуллаһқа сырмалы киім сыйлаған.

Пайғамбарымыз бұл киімді көкесі хазреті Аббасқа берді. Хазреті Аббас «Мұны не істеймін?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз **«Алтынын сөгіп ал, әйеліңе әшекей ет немесе сатып күнелт, атласын да сат,**

ақшасын ал»,- деді. Хазреті Аббас бұл киімді бір яһудиге сегіз мың дирхамға сатты.

Әнәс бин Малик айтады: «Король Зиязен отыз үш кәрі ұрғашы түйеге сатып алған бір хулләні (асты-үсті киім) пайғамбарымызға сыйлаған, Расулуллаһ алейһиссалам оны қабылдаған».

Исхақ бин Абдуллаһ бин Харис: «Расулуллаһ алейһиссалам жиырма тоғыз шақты жас түйе беріп сатып алынған бір хулләні Зиязенге сыйлады» деген.

Хуллә деп Йемен матасынан немесе басқа матадан асты-үсті бар, екі жұп киімге айтылады. Жалғыз киім хуллә деп саналмайды.

Нәжаши жіберген алтын жүзік

Хабәш (Эфиопия) билеушісі Асхаманың пайғамбарымызға жіберген сыйлықтарының ішінде көзі хабәш тасынан жасалған алтын жүзік те бар болатын. Пайғамбарымыз Әбул Астың қызының қызы Умамәні шақырып, **«Ей, қызым! Мынаны сен тақ!»**,- деді.

Еркектерге тек күміс жүзіктің халал екенін, алтын, темір және сары латуннан жасалған жүзіктерді тағудың харам екенін Расулуллаһ білдірген. Өзі де қайтыс болғанға дейін, тек күміс жүзік таққан.

Расулуллаһ жүзігін оң қолына тағатын. Сол қолына таққан кездері де көрілген. Сол қолға да, оң қолға да тағу жаиз болады. Кішкентай саусаққа немесе соның қасындағы саусаққа тағылады. Мейрамдарда барлық адамның жүзік тағуы - мүстаһаб болады. Елге көрсету үшін, мақтану үшін тағу – харам болады.

Бір күні Нуман бин Бәшир Расулуллаһтың қасына келді. Саусағында алтын жүзік бар еді. Расулуллаһ оған: **«Жаннатқа кірмей тұрып неге жаннаттың әшекейін тақтың?»**,- деді. Ол сосын темір жүзік таға бастады. Мұны көрген пайғамбарымыз: **«Неге жаһаннамның затын тағып жүрсің?»,**- деді. Нуман бин Бәшир темір жүзікті шешіп, қола жүзік тақты. Мұны көрген Расулуллаһ **«Неге сенен пұттың иісін сезіп тұрмын?»**,- деді. Ол «Қандай жүзік тағайын, йа Расулаллаһ?»- деп сұрады. **«Күміс жүзік тағуына болады. Салмағы бір мысқалдан** (4,8 гр) **аспасын және оң қолыңа тақ»**,- деді.

Амр ибни Шуайб айтады: «Расулуллаһ алтын және темір жүзіктерді шешкізетін. Күміс жүзіктерге қарсы болмайтын».

Пайғамбарымыз Парсы патшасына, Византия цезарына және Эфиопия билеушісіне хат жаздырғысы келгенде оған адамдар:

- Йа Расулаллаh! Олар хатты мөрі болмаса оқымайды,- деді.

Осыған байланысты Расулуллаh бір күміс жүзік жасатып, көзіне үш қатар етіп, «Мухаммәдур Расулуллаh» деп жаздыртты. Мөр-жүзіктегі әр жазу төменнен жоғары қарай:

«Мухаммәд» бір қатар,

«Расул» бір қатар,

«Аллаh» бір қатар, барлығы үш қатар болып жазылды.

Пайғамбарымыздың күміс жүзігіндегі тас, хабәш тасы болатын. Бұл күміс жүзіктің көзінің де күміс болғандығы риуаят етіледі.

Амр бин Саид пайғамбарымыздың қасына келген болатын. Пайғамбарымыз оның саусағындағы жүзікті көріп: **«Бұл қолыңдағы жүзік не?»-** деп сұрады. Амр бин Саид: «Йа Расулаллаh, бұл бір сақина! Мұны мен жасадым»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Нақышы** (оюы) **қандай?»**- деп сұрады. Амр бин Саид: «Мухаммәдур Расулуллаh»,- деді. Пайғамбарымыз: **«Қане, көрейін»,**- деді. Расулуллаh ол жүзікті алып Жеке мөрі ретінде қолданды және басқа адамдардың жүзіктеріне «Мухаммәдур Расулуллаh» деп жазуларына тиым салды.

Пайғамбарымыз қайтыс болғанда саусағында осы мөр-жүзік болған. Пайғамбарымыз мөр-жүзігін сол қолының шынашағына тағатын. Кейде оң қолына да тағатын. Пайғамбарымыз жүзіктің көзін алақанына қарай аударып қоятын. Ол әжетханаға кірерде жүзікті шешіп қоятын.

Пайғамбарымыздың мөр-жүзігін ол қайтыс болғаннан кейін хазреті Әбу Бәкір, одан кейін хазреті Омар, хазреті Омардан кейін хазреті Осман таққан.

Хазреті Осман халифа кезінде бір күні Әрис құдығының басында отырған кезінде жүзікті саусағынан шығарып, қолында айналдырып отырып, жүзікті құдыққа түсіріп алған.

Құдықтың барлық суын тартса да, үш күн бойы ізделсе де бұл мүбәрәк жүзік табылмай, құдықтың ішінде жоқ болып кеткен.

Жүзік тасына жазу жазу пайғамбарымыздан кейін де жалғасын тапты. Хазреті Әбу Бәкірдің жүзігінде «Нимәл қадир Аллаh» (Аллаhтың барлық нәрсеге күші қандай керемет жетеді), хазреті Омардың жүзігінде «Кәфә бил-мәут уа изан йа Омар» (Насихат ретінде өлім жетеді), хазреті Османның жүзігінде «Лә-насбирәннә»

(Әлбетте сабыр етеміз), хазреті Әлидің жүзігінде «Әл-мулку лилләh» (Мүлік тек Аллаhтікі), хазреті Хасанның жүзігінде «Әл иззәту лилләh» (Ұлылық Аллаhқа тән), хазреті Муауияның жүзігінде «Раббиғфирли» (Раббым кешіре гөр), Ибни Әбу Ләйланың жүзігінде «Әд-дуния ғарурун» (Дүние алдамшы), Имам Ағзам Әбу Ханифаның жүзігінде «Қул-ил хайру уә иллә фәскут» (Не жақсы сөз айт, не сөйлеме), Имам Әбу Юсуфтың жүзігінде «Мән амилә би-рәйихи нәдимә» (өз райы бойынша әрекет жасаған адам өкінеді), Имам Мұхаммедтің жүзігінде «Мән сабәрә зафәрә» (Сабыр еткен жеңіске жетеді), Имам Шафиидің жүзігінде «Әл-бәрәкәту фил қанаа» (Береке қанағатта) деп жазылған болатын. Олар жүзіктерін мөр ретінде қолданатын.

Пайғамбарымыздың төсегі

Пайғамбарымыздың төсегінің сырты теріден жасалып, іші құрма талшығына толтырылған болатын. Өзі де, әйелі де соған жататын. Басына қоятын жастығының да сырты теріден жасалып, іші құрма талшығымен толтырылған болатын.

Хазреті Айша анамыз айтады: «Жаныма Ансар қауымынан бір әйел келді. Расулуллаhтың төсегін көріп, кейін ішіне жүн салынған төсек беріп жіберді. Расулуллаh қасыма келіп, **«Бұл не?»**- деп сұрады. «Йа Расулаллаh! Ансардан пәленше деген әйел келген еді. Төсегіңізді көріп, осыны сізге жіберіпті»,- дедім. **«Мұны дереу оған қайтарып бер»** деп бұйырды.

Бірақ, мен оны қайтарып бермедім. Ол төсектің үйде тұрғанын қаладым. Расулуллаh алейһиссалам бұл сөзін үш рет қайталады. Сосын **«Уаллаһи, ей Айша! Қаласам Аллаh алтын мен күміс тауларын менің қасымда жүргізер еді»**,- деді. Пайғамбарымыз алейһиссаламның көпшігі де қалың жүннен жасалған болатын.

Бір түні қасыма келген кезде осы көрпешесін екі бүктеп салған болатынмын. Соның үстінде ұйықтады. Сосын **«Ей, Айша! Бұл түнгі төсегім неге бұрынғыдай емес»**- деп сұрады. «Йа Расулаллаh! Оны қабаттап салдым»,- дедім. **«Сен оны бұрынғыдай етіп сал»**,- деді.

Тағы да хазреті Айша айтады: «Құрайыштықтар үшін Меккеде биіктеу төсек үстінде жатудан артық нәрсе жоқ еді. Расулуллаh Мәдинаға келіп, Әбу Әйубтің үйіне түскен кезде оған **«Ей Әбу Әйуб! Сендерде бір биіктеу төсек жоқ па?»**- деп сұрады. Әбу Әйуб

оған «Жоқ, уаллаһи»,- деді. Ансардан Са'д бин Зурарә мұны естіп, Расулуллаһқа тіректері ағаштан жасалған, беті зығыр талшығынан тоқылған, өрмемен қапталған төсек жіберді.

Расулуллаһ өз үйіне көшкенге дейін соған жатып жүрді. Қайтыс болғанға дейін соның үстінде ұйықтап жүрді.

Расулуллаһ алейһиссалам қайтыс болғанда жуылып кебінделгеннен кейін осы төсектің үстіне жатқызылып жаназа намазы оқылған болатын. Халық мәйіттерін тасуға соны бізден сұрап алатын. Әбу Бәкір мен Омардың да жаназалары сонымен апарылды.»

Хазреті Айша айтады: «Расулуллаһтың бір өрілген төсеніші бар болатын, түнде соның үстінде намаз оқып, күндіз төсеп халықпен бірге отыратын».

Расулуллаһтың аса таяғы

Пайғамбарымыз жұма күндері хұтба оқығанда таяққа немесе садаққа, жорықта садаққа сүйенетін.

Пайғамбарымыз таяққа сүйенудің пайғамбарға тән ахлақтан екенін айтып, өзі таяққа сүйеніп, таяққа сүйенуге кеңес беретін.

Муауия бин Әби Суфйанның халифалығы кезінде Расулуллаһтың аса таяғы Садул Каразиде болған.

Муауия бин Әбу Суфйан хижреттің елуінші жылы қажылыққа барады. Пайғамбарымыздың мешітіндегі мінберді құлатып, Шамға алып кеткісі келеді.

Садул Каразидегі аса таяқты сұратады. Жабир бин Абдуллаһ пен Әбу Хурайра барып оған: «Ей мүминдердің әмірі! Расулуллаһтың мінберінің қойылған жерінен алынуы да, аса таяқтың Шамға апарылуы да дұрыс болмайды»,- деді. Содан соң хазреті Муауия оларды тастап, кешірім сұрады.

Абдуллаһ бин Үнәйсті пайғамбарымыз мешіттен үйіне апарып оған бір аса таяқ беріп: «**Бұл таяқты өзіңде сақта, ей Абдуллаһ бин Унәйс**»,- деді.

Абдуллаһ бин Унәйс сол таяқпен халықтың алдына барған кезде, адамдар одан: «Бұл қандай таяқ?»- деп сұрады. Ол: «Мұны маған Расулуллаһ алейһиссалам берді және өзімде сақтауымды бұйырды»,- деді. Абдуллаһ бин Унәйске: «Расулуллаһтың қасына барсаң мұны саған не үшін бергенін сұра»,- деді.

Абдуллаһ бин Унәйс пайғамбарымызға барып: «Йа Расулаллаһ! Бұл таяқты маған не үшін бердіңіз?»- деп сұрады. Пайғамбарымыз:

«Бұл қиямет күні арамызда бір белгі болады. Ол кезде жаннатта адамдардың таяққа сүйенетіндері өте аз болады. Сен бұған жаннатта сүйенесің»,- деді.

Абдуллаһ бин Унәйс оны қылышымен бірге ұстап, қасынан тастамайтын. Өлгелі жатқанда ол таяқты денесі мен кебінінің арасына салуды өсиет етті. Өсиеті орындалды.

Пайғамбарымыздың алып жүрген жеті нәрсесі

Пайғамбарымыздың алейһиссалам бір аршын ұзындықта немесе одан да біраз ұзын бір михжәні бар болатын. Михжән деп ұшы иілген таяқты айтады. Пайғамбарымыз Хажәрул әсуадті алыстан сонымен ишарат етіп көрсететін.

Пайғамбарымыз түйеге мінген кезде оны алдына асып алатын. Пайғамбарымыздың «Уржун» деп аталатын бір мыхсаррасы (асасы) да бар болатын. Пайғамбарымыз Бақиулғарқадқа барғанда оны алып жүретін, оған сүйеніп отыратын, қолында айналдырып жүретін. Пайғамбарымыздың осы мыхсарраны ұстап тұрып хұтба айтқан кездері де болған.

Пайғамбарымыздың тау ағашынан жасалған Мәмшук деп аталған шыбығы да бар еді.

Хазреті Осман пайғамбарымыздың шыбығын алып, мінберде хұтба айтқан кезде Жахжах бин Саид немесе Жахжах бин Қайс хазреті Османның қолынан шыбықты алып, тізесімен бүгіп, сындырады. Халық Жахжахқа айқайлайды. Хазреті Осман мінберден түсіп, үйіне кетеді.

Осыдан кейін Аллаһ Жахжахтың қолына немесе тізесіне қышыма ауруын жібереді. Жахжах хазреті Осман шәһид болғаннан кейін бір жылға жетпестен қышымадан өледі.

Пайғамбарымыз өзімен бірге тарақ, айна, мисуак, гүл майы, сүрме және қайшы алып жүретін, оларды сапарда, қауіпті жерлерде де үнемі алып жүрді.

Хазреті Айша: «Соғыстарға Расулуллаһтың гүл майын, тарағын, айнасын, екі қайшысын, сүрме салғышын және мисуагын дайындайтынмын» деген.

Сондай-ақ, хазреті Айша: «Сапарда және қауіпті жағдайда Расулуллаһ жеті нәрсені: 1. Гүл майы шынысы, 2. тарағы, 3. айнасы, 4. сүрме салғыш, 5. мисуагы, 6. екі қайшысы, 7. шаш бөлетін сүйегін қасынан тастамайтын» деген.

Пайғамбарымыз күніне сақалын екі рет тарайтын.

Әнәс бин Малик: «Расулуллаһ жиі-жиі шашына гүл майын жағатын, сақалын сумен тарайтын» дейді.

Тәртіпке, реттілікке үлкен мән беретін

Пайғамбарымыз тазалыққа, тәртіпке үлкен мән беретін. **«Кімнің шашы бар болса, оған жақсы қарасын»** дейтін. Пайғамбарымыз мешітте отырған кезде шашы жалбыраған біреу ішке кіреді. Пайғамбарымыз: **«Мына адамның шашын жатқызатын гүл майы да жоқ па?»** деп, оны дереу сыртқа шығарып, шаш-сақалын реттеуді қолымен ымдайды. Ол адам шашын жатқызып, қайтып келгенде пайғамбарымыз: **«Сендердің бірілеріңнің осылай келгені жақсы ма, әлде шаш-сақалы шайтан сияқты жалбырап келгені жақсы ма?»** дейді.

Пайғамбарымыз сақалының шетін және ұзындығынан біраз қысқартатын (қидыратын). Жұма намазына шығарда мұртын қысқартып, тырнағы өссе алатын. Мұсылмандарға да мұрттарын қысқартуды бұйыратын.

Пайғамбарымыз айнаға қараған сайын Аллаһқа шүкіршілік етіп, **«Аллаһым! Келбетімді әдемі етіп жаратқаның сияқты мінез-құлқымды да көркем ет»** деп дұға ететін.

Пайғамбарымыз әр кеш сайын ұйықтамастан бұрын көзіне үш рет сүрме жағатын. Сүрмені оң көзіне үш рет, сол көзіне үш рет жағатын. **«Сүрме жағыңдар. Өйткені, ол көзді нұрландырады, кірпікті өсіреді»** дейтін.

Ислам ғалымдары ер адамның сүрмені ем үшін жағуына болатынын, сән үшін жағуына болмайтынын айтады. Жамал (көркемдік) және зинет (сән) сөздерін бір-бірімен шатастырмау керек. Жамал – көріксіздікті кетіру, салиқалы болу және шүкіршілік ету үшін нығметті көрсету дегенді білдіреді. Көрсету үшін, мақтану үшін нығметті көрсету жамал болмайды, тәкаппарлық болады.

Расулуллаһ мисуак қолдануға қатты мән беретін. Оны үнемі өзімен алып жүретін. Пайғамбарымыз **«Әрак ағашының шыбығын мисуак етіңдер»** деп бұйыратын. Мисуак ауызға жақсы иіс береді. Расулуллаһ: **«Ол менің және менен бұрынғы пайғамбарлардың мисуагы»** деген.

Пайғамбарымыз алейһиссалам: **«Егер үмметіме қиындық келтірмесем әр намаз үшін мисуак қолдануды оларға бұйырар едім»** деген.

«Мисуак қолдануларыңа қатты кеңес беремін».

«Мисуак – ауыздың тазалығы және Раббымның разылығы» деген.

Пайғамбарымыздың үйге кіргендегі алғашқы ісі – тісін мисуактау болатын.

Пайғамбарымыз мисуаксыз ұйықтамайтын, оянған кезде алғаш істейтін ісі – тісін мисуактау болатын. Пайғамбарымыз түнде тәһәжжүд намазына тұрған кезде де тісін мисуактайтын.

Хазреті Айша: «Пайғамбарымыз алейһиссалам оянған кезде дәреттен бұрын мисуак қолданбаған кезі болған емес» деген.

Пайғамбарымыздың қылыштары

Пайғамбарымыздың тоғыз қылышы бар болатын: Әкесінен қалған, Мәсур деп аталатын қылышты пайғамбарымыз Мәдинаға хижреті кезінде алып жүрген.

Абд деп аталатын қылыш: Бұл қылышты пайғамбарымызға Са'д бин Убадә сыйлаған. Пайғамбарымыз бұл қылышты Бәдір соғысына апарған.

Зулфиқар: Құрайыш мүшріктерінен Мүнәббих бин Хажжаждың немесе Ас бин Мүнәббихтің қылышы, Бәдір соғысында олжа ретінде алынған. Сыртында бірнеше кертілген жерлері болғандықтан Зулфиқар деп аталған. Пайғамбарымыз Зулфиқарды хазреті Әлиге сыйлаған. Сабының басы, бауының алқалары және шынжырлары күмістен болатын.

Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін хазреті Аббас хазреті Әбу Бәкірге өтініш білдіріп, Зулфиқарды хазреті Әлиден алғысы келгенде хазреті Әбу Бәкір: «Мен бұл қылышты әрдайым соның қолынан көрдім. Оны тартып алуды дұрыс деп санамаймын»,- деді. Хазреті Аббас оны хазреті Әлиде қалдырды.

Расулуллаһтың найзалары мыналар: Пайғамбарымыз Бәни Қайнуқа яһудилерінен үш найза олжа алған болатын.

Расулуллаһтың найзаларының бірі Мусуи, екіншісі Мусна деп аталатын. Сонымен қатар пайғамбарымыздың Бәйза деп аталатын үлкен харбесі және Анәзә деп аталатын найзадан кіші бір харбесі бар

болатын. (Харбе – найзадан кіші қарудың аты) Наба деп те аталатын бұл харбені Хабәш билеушісі Зубәйр бин Аууамға берген болатын. Пайғамбарымыз Хайбәр соғысынан қайтып келе жатқанда оны Зубәйр бин Аууамнан алды.

Хабәш билеушісі Асхама пайғамбарымызға үш найза жіберген. Пайғамбарымыз олардың бірін өзі алып, екіншісін хазреті Әлиге, үшіншісін хазреті Омарға берген.

Біләл Хабәши пайғамбарымыздың найзасын ораза айт пен құрбан айтта намаз оқитын жерге дейін апарып, Расулуллаһтың алдына қадап қоятын.

Пайғамбарымыз айт намазын соған бет бұрып оқытатын.

Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін Біләл Хабәши осы найзаны айттарда хазреті Әбу Бәкірдің алдында ұстап жүріп, намаз оқитын жердің алдына қадайтын.

Хазреті Әбу Бәкірден кейін хазреті Омар, одан кейін хазреті Осман дәуірінде бұл міндетті азаншы Са’дул Караз дәл солай қайталады. Мәдина билеушілерінің кезінде де осылай жалғасты.

Пайғамбарымыздың садақтары, қалқандары

Пайғамбарымыздың алты садағы болған. Олардың ішіндегі Рәуха, Бәйза, Шафра деп аталған үшеуі Бәни Қайнуқа яһудилерінен олжа болып түскен болатын. Сафра садағы Нәб ағашынан жасалған болатын. Кәтум деген садақ та Нәб ағашынан жасалған және Ухуд соғысында сынған, сынық түрінде Қатадә бин Нуман алған. Сонымен қатар Сәдәд, Зәура деген садақтары да болған.

Пайғамбарымыздың үш қалқаны бар болатын. Зәлук – үст жағында қошқардың басы бейнеленген қалқан. Бұл қалқан пайғамбарымызға сыйға тартылған болатын. Бірақ, пайғамбарымыз оның суреті болғандықтан онша ұнатпаған. Таңға шыққан кезде Аллаһ ол суретті қалқаннан өшірген еді.

Пайғамбарымыздың жеті сауыты болған.

Затулфудул деп аталатын сауытын Са’д бин Убадә пайғамбарымызға Бәдір соғысына шығарда сыйлаған. Сағдие, Фыдда деген сауыттар пайғамбарымыз Бәни Қайнуқа яһудилерінен олжаға алған қарулардың арасында болған.

Пайғамбарымыз Ухуд соғысында Фудул мен Фыдданы қабаттап киген.

Пайғамбарымыздың сауытының кеудесінде және арқасында күміс екі алқасы болған. Сағдие деп аталатын сауыт хазреті Дәуіт алейһиссаламның Жалутпен соғысқанда киген тарихи мәнге ие сауыт болатын.

Пайғамбарымыз қайтыс болған кезде сауыттарының бірі Бәни Зафәрлерден Әбушшахм деген яһудиден отыз са’ арпаға кепілге қалдырылған болатын. Ол сауыт Затулфудул болатын.

Қалған сауыттары болса Затулуишан, Затулхауаши, Бәтраа. Хырнык деп аталады.

Пайғамбарымыз Затулфудул мен Сағдиені Хунәйн соғысында киген болатын.

Пайғамбарымыздың дулығаларының біріншісі Мууашшах деп аталады. Ол Бәни Қайнуқа яһудилерінен олжа болып түскен еді.

Зуссубуғ немесе Зуссусуб немесе Мәшбуғ деп аталатын дулығалар, пайғамбарымыздың Ухуд соғысында киген дулығасы сынып, екі шығыры бетіне батқан болатын. Пайғамбарымыз Меккені алған кезде де басында дулығасы болған.

Расулуллаһтың тулары мен байрақтары

Пайғамбарымыздың байрағы қара, туы ақ түсті еді. Мұхаммед бин Қасымның азат еткен құлы Юнус бин Убәйд: «Мұхаммед бин Қасым Расулуллаһ алейһиссаламның байрағын сұрау үшін мені Бәра бин Азибке жіберді» деген.

Бәра бин Азиб қара және төрт бұрыш ақ-қара сызықты жүн матадан болғанын білдірген.

Бұл байрақ хазреті Айшанікі, үсті түйе артпасы сияқты, кестелі жүннен тоқылған, қара түсті еді. Уқаб деп аталатын.

Пайғамбарымыздың байрағы хазреті Әлиде болатын. Пайғамбарымыз Хайбәр соғысында: **«Байрақты сондай бір ер адамға беремін, ол Аллаһ пен Расулын жақсы көреді. Аллаһ пен Расулы да оны жақсы көреді»** деген және хазреті Әлиді шақырып байрағын береді.

Аллаһу та'ала Хайбәр жеңісін хазреті Әлиге нәсіп еткен. Пайғамбарымыздың туында **«Лә иләһә иллаллаһ Мухаммәдур расулуллаһ»** деген жазуы бар болатын.

Расулуллаһ Харрар сапарында Са’д бин Әби Уаққасқа ақ түсті ту байлаған еді.

Хазреті Әлиді Йеменге жіберіп жатып, найзаның ұшына сәлде байлап **«Ту осындай болады!»** деп бұйырған. Туды тек әскер қолбасшысы ғана ұстайтын және өзімен алып жүретін. Әбуа, Уәддан соғыстарында Расулуллаһтың ақ туын хазреті Хамза, Буат соғысында Са'д бин Әби Уаққас, Курз бин Жабир'ул'Фиһрдің бақылауында хазреті Әли, Зул'усәйрә соғысында хазреті Хамза алып жүрген.

Расулуллаһ Бәдір соғысына шығарда ақ туын Мус'аб бин Умәйрге берген, хазреті Әли Расулуллаһтың алдында жүріп, қара туын (Уқабты) алып жүрген болатын.

Пайғамбарымыздың ақ туын Бәни Қайнуқа соғысында хазреті Хамза, Қарқаратулқудр, Ухуд, Бәдрулмәу'ид соғыстарында хазреті Әли, Хендек соғысында Зәйд бин Харисә алып жүрген.

Расулуллаһ алейһиссалам Меккені де ақ туымен барып басып алған.

Тәбук жорығында ең үлкен туын хазреті Әбу Бәкірге және ең үлкен байрағын Зубәйр бин Аууамға беріп, алып жүргізген.

Пайғамбарымыздың мінген аттары

Пайғамбарымыздың Мәдинада Бәни Фәзаралардан бір бәдәуиден он уқйә (1283 грамдық көне өлшем бірлігі) күміске сатып алған, шөл халқы Дарис деп, пайғамбарымыздың өзі Сәкб деп атаған алғашқы аты болды. Ухуд соғысында соған мінген.

Сәкбтің ернінде ақ таңбасы бар болатын. Алдыңғы оң аяғынан басқа аяқтары тізеге дейін ақ түсті еді. Сәкб жақсы жүретін, жорға болған. Жүргенде судай ағатын. Пайғамбарымыз Мүртәжиз деген атын Бәни Мүррелерден бір бәдәуиден сатып алған. Муртәжиз өте көрікті ат еді және ол өлең айтқандай кісінейтін.

Лизаз деген жылқысын пайғамбарымызға Александрия патшасы Муқауқыс сыйлаған. Лизаз жылдам жүретін ат болған. Зариб деген атты пайғамбарымызға Фәруә бин Умәйр-ул-Жузами сыйлаған. Зариб өте күшті және мықты ат болған.

Лахифті (немесе Лухайф) пайғамбарымызға Рәбиа бин Әбу Бәрәул-Кәлби сыйлаған. Лахифтың құйрығы жерге тиетіндей ұзын болған. Ясуб – пайғамбарымыздың аттарының ішіндегі ең жақсы аты болған. Мурауих – бәйгеге шабатын ат болған, Убәйд бин Ясир оны пайғамбарымызға Тәбүкте сыйға тартқан. Мурауих шапқанда желдей есетін.

Мируах – хижреттің оныншы жылында Мәдинаға келген Бәни Рәха өкілдері пайғамбарымызға сыйға тартқан ат. Оны пайғамбарымыздың алдында жүргізген кезде пайғамбарымызға қатты ұнаған болатын.

Уәрд деген атты пайғамбарымызға Тәмими Дәри сыйлаған. Уәрдтің түсі торы болатын. Пайғамбарымыз оны хазреті Омарға сыйға берген. Хазреті Омар Уәрдке мініп, Аллаһтың жолында соғысты.

Пайғамбарымыз үш атын ат жарысына шығаратын. Зарибтің шабарманы Сәхл бин Са'д, Лизаздың шабарманы Әбу Усәйд Саиди болатын. Лизаз ең алдында, одан кейін Зариб, оның артынан Сәкб жүретін.

Расулуллаһтың есегі мен қашыры да болған. Александрия патшасы Муқауқыс пайғамбарымызға бір боз қашыр мен есек сыйлаған. Қашыр Дүлдүл, есек Яфур немесе Уфәйр деп аталған. Исламда алғаш кездескен ақ қашыр Дүлдүл болған. Пайғамбарымыз Хайбәр соғысында осы боз қашырды, Хунәйн соғысында басқа боз қашырды мінген. Пайғамбарымыз қашырын тебініп Хәуазиндерге шабуылдамақшы болғанда хазреті Аббас қашырдың тізгінінен, Әбу Суфйан бин Харис болса үзеңгісінен ұстап, пайғамбарымыздың жаудың арасына кіруіне тосқауыл болуға тырысқан. Хайбәр соғысында Яфурдың үстіне ер салынып, басына құрма талшығынан ноқта салынып, пайғамбарымыздың оған да мінгендігі айтылады.

Пайғамбарымыз уәда қажылығынан қайтып келгенде Яфур өліп, Дүлдүл пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін хазреті Әлиге қалған. Дүлдүлге хазреті Әли шәһид болғанға дейін мінді, сосын хазреті Хасан, сосын хазреті Хусейн, одан кейін хазреті Мұхаммед бин Ханәфие мінген. Дүлдүл хазреті Муауия кезеңіне дейін өмір сүрген.

Расулуллаһтың түйелері

Қусуа: Пайғамбарымыздың Жәда және Адба деп те аталған бұл түйесі Бәни Кушайр Ка'б бин Рәбиа бин Амирлердің немесе Хурәйш бин Ка'бтардың жануарларынан болған, хазреті Әбу Бәкір оны төрт жүз дирхамға сатып алып, сол бағаға Расулуллаһқа өткізген. Хазреті Әбу Бәкірдің оны пайғамбарымызға сый ретінде бергендігі туралы да айтылады.

Пайғамбарымыз Мәдинаға Қусуамен хижрет еткен. Худәйбийа умрасына да сонымен барды. Меккені де сонымен барып басып алды. Пайғамбарымыз Қусуаны жарысқа салатын, ешқандай түйе одан оза алмайтын. Дегенмен, бір бәдәуи екі жасар түйемен жарысқа қатысып, одан озып кетеді.

Пайғамбарымыз Уәда қажылығында Арафат хұтбасын Қусуаның үстінде отырып айтқан. Қусуа хазреті Әбу Бәкірдің халифалығы кезінде Бақи мазаратына бос жіберіледі. Сол жерде жайылып жүріп, өзі өліп қалған.

Әбу Жәһлден олжа ретінде алынған түйе:

Пайғамбарымыз Бәдірде Әбу Жәһлдің атақты түйесін бас қолбасшының ақысы ретінде алған болатын. Худәйбийа умрасына дейін осы түйемен де соғысқа шығатын. Ол түйеге умра үшін құрбандық белгісін салды. Мүшріктер жүз түйе беріп, оны алғылары келді. Пайғамбарымыз **«Егер құрбандық мал деп белгілемегенімізде тілектеріңді орындар едім»,**- деді.

Сауын түйелер:

Пайғамбарымыздың Зулжәдр және Жәмма деген жайылымдарында жайылатын Ханна, Сәмра, Урәйс, Садие, Бәғум, Йәсирә, Дәбба деген жеті сауын түйесі болған. Пайғамбарымыздың отбасы солардың күнде кешке сауылатын екі ыдыс сүтімен күнелтетін. Бірақ, пайғамбарымыз қайтыс болған кезде олардың ешқайсысы қалмаған еді.

Пайғамбарымыздың тәбәрік үйі

Пайғамбарымыз Мәдинада мешітін салдырған кезде мешіттің жанына кірпіштен екі бөлме салдырған, оның үстін құрма ағашы және бұтақтарымен жаптырған.

Хазреті Айшаның бөлмесінің есігі мешітке баратын жолға қарайтын. Хазреті Сәудә үшін салынған бөлменің есігі мешіттің үшінші есігі болып табылатын Ал-и Осман есігіне қарайтын.

Пайғамбарымыз басқа әйелдер алғаннан кейін бөлмелердің саны артты және олар хазреті Айшаның бөлмесі мен қыбла арасында, яғни мешіттің шығыс тарапында салынды. Бөлмелердің біразы кірпіштен, біразы тастан салынды.

Кейбірлері құрма бұтақтарынан (Бағдат тәсілімен) жасалып, балшықпен сыланған және төбесі құрма бұтақтарымен жабылды.

Хасан бин Әбулхасан айтады: «Мен ержеткен шағымда Расулуллаһтың үйіне кіріп, қолымды созғанда қолым төбесіне жеткен болатын. Расулуллаһтың бөлмесінің бастырмасы сауыр ағашы немесе арша ағашының үстіне керілген қыл тоқымадан тұратын».

Имам Бухаридің білдіргені бойынша: «Расулуллаһтың үйінің есігі қалқасыз болып, есікті қағатын адам садақтың ұшымен қағатын».

Мұхаммед бин Хилал мен Атаул-Хорасани да пайғамбарымыздың әйелдерінің бөлмелерін көрген, олардың құрма бұтақтарынан жасалғанын және есік ретінде қара қылдан перделері болғанын айтқан.

Дәуіт бин Қайстың көріп, айтуы бойынша бөлмелердің есіктен-есікке дейінгі әр қайсысының ені 6-7 зира (бір зира 48 см) көлемінде, іштен тереңдігі он зира болатын.

Хазреті Сәудә бөлмесін хазреті Айшаға өсиет еткен. Хазреті Сафийәнің бөлмесін қайтыс болғанға дейін тұру шартымен уәлилері жүз сексен немесе екі жүз мың дирхамға Муауия бин Әбу Суфйанға сатқан.

Халифа Абдулмәліктің пайғамбарымыздың әйелдеріне тән бөлмелерінің тәркіленіп, мешітке қосылуы туралы бұйрығы Мәдинада оқылған күні адамдар көз жастарын төгіп, Мәдиналықтар пайғамбарымыз қайтыс болған күнгідей көз жастарына ерік берген еді.

Саид бин Мусәййәб та: «Уаллаһи, олардың сол қалпында қалғандарын қатты қалар едім. Мәдина халқының жеткіншектері және Мәдинаға сырттан келгендер Расулуллаһтың қандай нәрселермен күнелткенін көріп, адамдар мал-мүліктерін көбейтуге және соларға мақтануға әуес болмас еді» деп осы мәселедегі ренішін білдірген.

Расулуллаһтың қорға салған мүліктері

Исламдағы алғашқы қор Ухудта шәһид болған яһуди ғалымы, әрі бай адам болған Мухайрықтың пайғамбарымызға тапсырылуын өсиет еткен, пайғамбарымыз қабылдап алып, қорға салған 1- Мисәб, 2- Сафийә, 3- Дәлал, 4- Хусна, 4- Бурқа, 5- Ауаф, 7- Мәшрабә деген жеті бақша болып табылады.

Пайғамбарымыздың Мәдинадағы қорлары жалпы Мухайрықтың заттарынан құралады. Ибн Хумәйд айтады: «Халифа Омар бин Абдулазиз Мухайрықтың қорға салған құрма бауларынан құрманың әкелінуін сұраған еді. Бір табақ құрма әкелінді.

Омар бин Абдулазиз: «Әбу Бәкір бин Хазм маған былай деп жазды: Бұл құрма Расулуллаһтың кезеңінен қалған құрма ағашынан және Расулуллаһ одан жейтін»,- деді дегенде «Ей мүминдердің әмірі! Мұны біздің арамызда үлестір»,- дедім. Үлестірді. Әрқайсымызға тоғыздан тиді.

Омар бин Абдулазиз: «Мен Мәдина басшысы ретінде сол құрма бағына барған кезімде сол құрма ағашының құрмасынан жедім. Ол сияқты дәмді құрма жеген емеспін»,- деді.

Амр бин Мұхажир айтады: «Расулуллаһтың заттары Омар бин Абдулазиздің қасындағы бір бөлмеде тұратын, өзі күнде барып көріп тұратын. Құрайыштықтардан келіп, жиналғандарды да сол бөлмеге қойып, оларға қарап: «Міне, Аллаһтың сендерді өзі арқылы қадірлі еткен адамның мирасы» дейтін. Олар:

1. Бір дана құрма жапырақтарынан өрілген төсек,
2. Бір дана беті теріден жасалған, іші құрма талшықтарымен толтырылған жастық,
3. Бір дана үлкендеу қыш табақ,
4. Бір дана су кесесі,
5. Бір дана киім,
6. Бір дана қол диірмен,
7. Бір дана жебе сауыты,
8. Бір дана көрпе.

Бұл көрпеге Расулуллаһтың басының мүбәрәк тері сіңген, одан керемет хош иіс шығатын.

Омар бин Абдулазиз ауырған кезде соның суымен жуынып, шипа табатын. Омар бин Абдулазиз Мәдиналық табиин ғалымы, имам, фақиһ, мүжтәһид және сүннетті жақсы білетін адам болған. Анасы - Умму Асым бинти Асым бин Омар бин Хаттаб еді. Ол әділдік пен тақуалықта үлгі адам болған.

Имам Шафии: «Хуләфа-и рашидин бесеу: 1) Әбу Бәкір, 2) Омар, 3) Осман, 4) Әли, 5) Омар бин Абдулазиз» (радиаллаһу анһум) дейтін. Омар бин Абдулазиз әділдікте хазреті Омардың, тақуалықта Хасан-ул Басридің, ілімде имам Зухридің жолын ұстанған.

ИСЛАМ ДІНІ

Ислам – Аллаһу та'аланың Жәбрейіл деген періштесі арқылы сүйікті пайғамбары Мұхаммед алейһиссаламға жіберген, адамдардың дүниеде және ахиретте шаттық пен бақытқа бөленулерін қамтамасыз ететін усул және қағидалар. Барлық үстемдіктер мен пайдалы нәрселер исламның ішінде. Ескі діндердің барлық игі жақтарын Ислам өз бойына жинаған. Барлық бақыт, сый исламның ішінде. Жаңылмайтын, адаспайтын ақылдардың қабыл ететін негіздер мен ахлақтардан тұрады.

Табиғаттары, рухтары пәк етіп жаратылғандар оны теріске шығармайды, оған дұшпан болмайды. Исламның ішінде ешқандай зиян, зарар жоқ, сыртында ешқандай пайда жоқ, болмайды да. Исламның сыртында бір пайда таба алатынын ойлау, сағымнан су күткенмен бірдей. Ислам елдерді көркейтіп, адамдардың жағдайын, ауқаттылығын көтеруді бұйырады, Аллаһу та'аланың әмірлеріне құрмет көрсетуді және барлық жаратылысқа рақымды болуды талап етеді.

Ислам егін-шаруашылығын, сауда мен өнерді қатаң түрде әмір етеді. Ғылымға, техникаға, өнеркәсіпке үлкен мән береді. Адамдардың бір-біріне көмектесіп, қол ұшын созғанын қалайды. Өз қол астындағы адамдардың, балаларының, отбасының және халықтың құқықтары мен басқару жүйесін үйретеді, өмір сүріп жатқан адамдардың, өмірден өтіп кеткен адамдардың, дүниеге енді келетін жандардың ақылары мен жауапкершілігін белгілейді. Ол өз бойына дүние мен ахирет бақытын жинаған.

Ислам адамдардың рухани және материалдық деңгейін ең толық түрде қамтамасыз ететін қағидаларды әкелген. Адам құқықтары мен міндеттерін кең көлемде тәртіптеген. Қысқаша айтқанда, Ислам дінінің иман, ғибадат, мунакәхат (неке, отбасы), муамәлат (қарым-қатынас), уқубат (жаза) негіздері бар.

Иман

Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһу та'аланың пайғамбары екенін және Оның тарапынан таңдалған, хабар беруші нәби екенін дұрыс деп білу, сеніп айту, Расулуллаһтың Аллаһу та'ала тарапынан қысқаша білдіргендеріне қысқаша, толық жеткізгендеріне толық сену және күші жететін болса шахадат кәлимасын ауызбен айту.

Күшті, қуатты иман былай болады: оттың күйдіретініне, жыланның шағып өлтіретініне қалайша күмәнсіз сенілетін болса, Аллаһу та'алаға және оның сипаттарына да дәл солай күмәнсіз сеніп, Оның ризалығы мен дидарына ұмтылу, азабынан қашу және иманды мәрмәрдің бетіне жазылған жазу сияқты көңілге нық орнықтыру керек.

Міндетті түрде сенуіміз керек болған иманның алты шарты бар: Біріншісі, Аллаһу та'аланың уажибул-ужуд және хақиқи мабуд (шынайы табынуға лайық) және барлық нәрселердің жаратушысы екеніне сену. Дүние мен ахирет әлеміндегі барлық нәрсені материясыз, уақыттан тәуелсіз және теңдессіз етіп жоқтан бар еткен – тек қана Аллаһу та'ала деп нақты сену. Барлық болмыстың жаратушысы, иесі, үстемі – Ол. Оның иесі, қожайыны, Одан үстем нәрсе жоқ деп сену керек. Барлық үстемдік, барлық кемел сипат Оған ғана тән. Онда ешқандай кемшілік, ешқандай нұқсан сипат жоқ. Ол қалағанын жасай алады. Жасаған істері өзіне немесе басқаға пайдалы болу үшін емес. Қандайда бір пайда көру үшін жасамайды. Сонымен қатар, барлық ісінде даналық, пайдалар, игіліктер, жақсылықтар бар.

Құлдарына жақсы нәрсені, пайдалы нәрсені беруге, кейбіріне сауап жазып, кейбірін азаптауға мәжбүр емес. Өзіне қарсы шыққандардың барлығын жаннатқа жіберсе, бұл Оның жомарттығына жарасады. Мойынсұнып, ғибадат жасағандардың барлығын жаһаннамға жіберсе әділетіне қарсы болмайды. Бірақ, мұсылмандарды, ғибадат жасағандарды жаннатқа жіберетінін, оларға шексіз нығметтер, игіліктер беретінін, ал кәпірлерге жаһаннамда шексіз азап беретінін уәде еткен. Ол уәдесінен қайтпайды. Барлық жандылар иман келтіріп, құлшылық жасаса да Оған ешқандай пайдасы тимейді. Бүкіл әлем кәпір болып, азғындап қарсы келсе де Оған ешқандай зияны жоқ. Ширктен, күпірліктен басқа кез-келген бір

күнә істеп, тәубесіз өлген адамды қаласа кешіреді. Қаласа кішкентай бір күнә үшін де азап береді. Кәпір және мүртәд болып өлгендерді еш кешірмейтінін, оларға шексіз азап беретінін білдірген.

Мұсылман және әһли қибла (Қағбаны қыбла деп білетін адам) болып бірақ, сенімі әһли сүннет сеніміне сай келмейтін және тәубе етпей өлген адамдар тозаққа тасталып азапталса да, мұндай бидғатшылар жаһаннамда мәңгі қалмайды.

Аллаһу та'аланы дүниеде көзбен көру жаиз. Бірақ, ешкім көрмеген. Қиямет күні махшар алаңында кәпірлерге және күнәсі көп болған мұсылмандарға азабымен және ашуымен; салих мұсылмандарға игілігімен және көріктілігімен көрінеді. Мұсылмандар Аллаһты жаннатта жамал сипатымен көреді. Кәпірлер бұдан махрұм қалады. Жындардың да махрұм қалатыны туралы хабар бар.

Аллаһу та'ала үшін күндіз-түн және уақыт деген мәселе жоқ. Аллаһу та'алада ешқандай тұрғыдан ешқандай өзгеріс болмайтындықтан бұрын мынадай болған, келешекте мынандай болады деп айтуға болмайды. Аллаһу та'ала ешнәрсенің кейпіне кірмейді. Ешнәрсемен бірікпейді. Аллаһу та'аланың қарама-қайшысы, ұқсасы, ортағы, көмекшісі, қорғаушысы жоқ. Анасы, әкесі, баласы, жұбайы жоқ. Барлық адамға олардың күре тамырынан да жақын. Бірақ, оның әзір болуы, барлық әлемді қоршап тұруы, бірге және жақын болуы біздің түсінігіміздегідей емес. Оның жақындығы ғұламалардың ілімі, ғалымдардың зейіні және әулиелердің кәшф және шухудымен түсініле алмайды. Мұның сырын адамның ақылы ұғына алмайды. Аллаһу та'ала заты мен сипаттарында бір, ешқайсысында өзгеру, басқа нәрсеге ауысу болмайды.

Аллаһу та'аланың есімдері шексіз. Мың бір есімі бар делінеді. Яғни, есімдерінің мың бірін адамдарға білдірген. Мұхаммед алейһиссаламның дінінде олардың тоқсан тоғызы білдірілген. Олар **«әсма-и хусна»** деп аталады.

Иманның алты негізінің екіншісі – періштелерге сену. Періштелер – дене, материя болып табылады. Жеңіл, нәзік, газ күйінен де жеңіл. Нұрдан жаратылған, тірі, ақылды. Адамдардағы жамандықтар періштелерде жоқ. Олар барлық пішінге ене алады. Газдар сұйыққа және қатты затқа айнала алатыны, қатты затқа айналғанда бір пішінге, формаға енетіні секілді періштелер де әдемі кейіптерге ене алады. Періштелер ұлы адамдардың денелерінен шыққан рухтар емес. Христиандар періштелерді осындай рухтар деп ойлайды. Энергия,

күш сияқты материясыз да емес. Көне философтардың біразы осындай пікірді ұстанған.

Періште (мәләк) – елші, хабар беруші немесе күш, қуат дегенді білдіреді. Көпше түрі «мәлаикә» деп айтылады. Періштелер барлық жандылардан бұрын жаратылды. Сондықтан, кітаптарға иман келтіруден бұрын періштелерге иман келтіру керектігі білдірілді. Кітаптарға сену пайғамбарларға сенуден бұрын келеді. Құран кәрімде де сенілуі керек нәрселердің есімдері осы ретпен білдірілген.

Періштелерге иман былай келтіріледі: Періштелер - Аллаһу та'аланың құлдары. Аллаһтың ортағы, серігі емес. Періштелер Аллаһтың қыздары емес. Кәпірлер мен мүшріктер солай ойлаған. Аллаһу та'ала періштелердің барлығынан разы. Олар Аллаһу та'аланың әмірлеріне мойынсұнады. Күнә істемейді. Аллаһтың әміріне қарсы шықпайды. Еркек және ұрғашы болып бөлінбейді. Үйленбейді. Балалары болмайды. Өмір сүреді, яғни тірі. Аллаһу та'ала адамдарды жарататынын айтқан кезде: **«Йа Рабби! Жер бетінде бүлік, тәртіпсіздік орнататын және қан төгетін махлұқтарды жаратасың ба?»** деген сияқты періштелердің зәллә деген сұрақтары олардың масум, кінәсіз болуларына зиян тигізбейді.

Жаратылғандардың ішінде саны ең көбі - періштелер. Олардың санын Аллаһу та'аладан басқа ешкім білмейді. Көктерде періштелер ғибадат жасамайтын бос орын жоқ. Көктердің барлық жері руку мен сәждедегі періштелерге толы. Көктерде, жерде, өсімдіктерде, жұлдыздарда, жандыларда, жансыздарда, жаңбыр тамшыларында, ағаштардың жапырақтарында, әрбір молекулада, әрбір атомда, әрбір реакцияда, әрбір әрекетте, барлық нәрседе періштелердің атқаратын міндеттері бар. Барлық жерде олар Аллаһу та'аланың бұйрықтарын орындайды. Олар Аллаһу та'ала мен жаратқандарының арасындағы арашы болып табылады. Кейбірлері басқа періштелердің басшысы болуы мүмкін. Кейбірлері адамдардың пайғамбарларына хабар әкеледі. Кейбірлері адамдардың көңіліне (жүрегіне) жақсы ой салады, ондай ой **«илхам»** деп аталады. Кейбірлерінің адамдардан, басқа жаратылғандардан хабарлары жоқ, олар Аллаһу та'аланың дидары алдында естерінен айрылған. Әрқайсысының белгілі орны бар. Сол орындарынан кетпейді. Жаннат періштелері жаннатта. Олардың үлкендерінің аты – **Ридуан**. Жаһаннам періштелері **Зәбани** деп аталады. Олар бұйырылған міндеттерді жаһаннамда атқарады. Теңіздің балыққа зияны болмайтыны секілді, жаһаннамның оты

оларға зиянын тигізбейді. Жаһаннам зәбанилерінің үлкендері он тоғыз дана. Ең үлкенінің аты **Малик**.

Әр адамның жақсылығы мен жамандығын, барлық істерін жазатын, екеуі түнде, екеуі күндіз келетін төрт періште **Кирамән катибин** немесе **Хафаза** періштелері деп аталады. Хафаза періштелерінің бұлардан бөлек екендігі туралы да білдірілген. Оң жақтағы періште сол жақтағының басшысы және жақсы істерді жазады. Сол жақтағы періште жамандықтарды жазады.

Қабірлерде кәпірлер мен күнәһар мұсылмандарды азаптайтын періштелер және сұрақ қоятын періштелер бар. Сұрақ қоятын періштелер **«Мүнкәр** және **Нәкир»** деп аталады. Мұсылмандардан сұрайтындар **«Мүбәшшир** және **Бәшир»** деп те аталады.

Періштелердің бір-бірінен үстемдіктері бар. Ең үстемі төртеу. Олардың біріншісі – **Жәбрейіл** алейһиссалам. Оның міндеті – пайғамбарларға уахи әкелу, әмірлер мен тыйымдарды білдіру. Екіншісі «Сур» деген кернейді үрлейтін **Исрафил** алейһиссалам. Сурды екі рет үрлейді. Біріншісінде Аллаһу та'аладан басқа барлық тірі нәрсе өледі. Екіншісінде барлығы қайтадан тіріледі. Үшіншісі **Микаил** алейһиссалам. Оның міндеті – арзаншылық, қымбатшылық, жұт, молшылық жасау және барлық нәрсені әрекет еттіру. Төртіншісі **Әзрейіл** алейһиссалам. Адамдардың рухын алатын осы періште. Осы төрт періштеден кейін тұратын періштелер төрт топқа бөлінеді. **Хамәлә-и Арш** деп аталатын періштелер төртеу. Қияметте сегіз болады. Илахи құзырда (Аллаһтың дәргейінде) болатын періштелер **Мукаррәбин** деп аталады. Азап періштелерінің үлкендері **Кәрубиян** деп аталады. Рақымдылық періштелері **Руханиян** деп аталады. Бұлардың барлығы періштелердің үстемдері болып табылады. Мұсылмандардың салихтері мен әулиелері періштелерден абзал және үстем болып табылады. Періштелер күнәһар және пасық мұсылмандардан абзал болып табылады.

Иманның алты негізінің үшіншісі - Аллаһу та'аланың түсірген кітаптарына сену. Аллаһу та'ала бұл кітаптарды кейбір пайғамбарларға періште арқылы оқытып, кейбіріне жазулы күйінде, ал кейбірлеріне періштесіз есіттіру арқылы түсірді. Бұл кітаптардың барлығы Аллаһу та'аланың сөзі болып табылады. Бұл сөздер бастаусыз және мәңгі, махлұқ емес. Бұл сөздер періштелердің немесе пайғамбарлардың өз сөздері емес. Аллаһу та'ала түсірген кітаптарының барлығы хақ және дұрыс.

Құран кәрім барлық кітаптарды нәсх еткен, олардың үкімдерін жойған. Құран кәрімде қияметке дейін ешқашан қате, ұмытылу, көбею, нұқсан деген нәрселер болмайды. Құран кәрімде өткендегі және болашақтағы барлық ілімдер бар. Сондықтан ол барлық кітаптардың ішіндегі ең құндысы және ең үстемі. Расулуллаһ алейһиссаламның ең үлкен мұғжизасы – Құран кәрім болып табылады. Барлық адамдар мен жындар жиналып, Құран кәрімнің ең қысқа сүресіндей бір сөз айтуға тырысса да, ондай сөзді ешқашан айта алмайды.

Сәмәуи (аспаннан түсірілген) кітаптардың бізге білдірілгенінің саны жүз төрт. Бұлардан он сухуф Адам алейһиссаламға, елу сухуф Шис (Шит) алейһиссаламға, отыз сухуф Идрис алейһиссаламға, он сухуф Ибраһим алейһиссаламға түсірілгендігі белгілі. Тәурат Мұса алейһиссаламға, Зәбур Дәуіт алейһиссаламға, Інжіл Иса алейһиссаламға және Құран кәрім Мұхаммед алейһиссаламға түсірілген.

Сену керек болған шарттардың төртіншісі - Аллаһу та'аланың пайғамбарларына сену. Пайғамбарлар адамдарды Аллаһу та'аланың қалаған жолына қауыштыру, тура жолды көрсету үшін жіберілген. Жаратылысы, мінез, ілім және ақыл тұрғысынан пайғамбарлар өз дәуірлеріндегі барлық адамнан үстем, құрметті, қадірлі болған. Олардың ешқандай жаман мінез-құлқы, ұнамсыз қылықтары болмаған. Пайғамбарларда исмет деген қасиет болады. Яғни, олар пайғамбар екендігі білдірілместен бұрын және білдірілгеннен кейін де ешқандай үлкен немесе кішкентай күнә істемейді. Пайғамбар екендігі білдірілгеннен кейін, пайғамбар екендігі жайылып, жан-жаққа белгілі болғанға дейін оларда соқыр, керең және сол сияқты басқа кемшіліктер болмайды. Әр пайғамбарда мына жеті сипаттың болатындығына сену керек: **Аманат** (аманатқа қиянат жасамау), **сыдқ** (шыншыл болу), **таблиғ** (уағыздаушы), **адалет** (әділдік), **исмет** (күнәсіз), **фәтанат** (ақылдылық) және **әмнул-азл** (пайғамбарлықтан босатылмайды).

Жаңа дін әкелген пайғамбар **Расул** деп аталады. Жаңа дін әкелмей, адамдарды алдындағы дінге шақыратын пайғамбар **Нәби** деп аталады. Бұйрықтарды уағыздауда және адамдарды Аллаһу та'аланың дініне шақыруда расул мен нәбидің арасында айырмашылық болмайды. Пайғамбарларға сену – оларды бір-бірінен ажыратып отырмай барлығының сенімді, шыншыл екендігіне сену дегенді білдіреді. Олардың біріне сенбеген адам барлығына сенбеген болады.

Пайғамбарлыққа еңбектену, ашығу, қиыншылық көру және көп ғибадат жасау арқылы қол жеткізілмейді. Тек Аллаһу та'аланың ихсанымен, таңдауымен болады. Адамдардың дүние мен ахиреттегі істерінің жүйелі және пайдалы болуы үшін және оларды зиянды істерден қорғап, саламатқа (тура жолға), хидаятқа, бақытқа қауыштыру үшін пайғамбарлар арқылы діндер жіберілген. Пайғамбарлар дұшпандарының көп болғанына, айтқандарына сенбей оларды мазақ еткендеріне, ренжіткендеріне қарамай, Аллаһу та'аланың бұйрықтарын адамдарға білдіруде, уағыздауда дұшпандарынан қорықпаған. Аллаһу та'ала пайғамбарлардың сыдқ иесі екендіктерін, айтқандарының дұрыс екендігін көрсету үшін оларды мұғжизалармен қуаттандырған. Ешкім бұл мұғжизаларға қарсы келе алмады. Пайғамбарды қабылдап, оған сенген адам сол пайғамбардың үмметі деп аталады. Қиямет күні пайғамбарларға өз үмметтерінен күнәсі көп болғандарға шапағат етулеріне рұқсат беріледі және шапағаттары қабыл болады. Үмметтерінен ғұлама, салих, әулие болғандарына да шапағат етуге Аллаһу та'ала рұқсат береді және олардың шапағатын Аллаһу та'ала қабыл етеді. Пайғамбарлар алейһимуссалауату уәттаслимат қабірлерінде біз білмейтін тәрізде өмір сүруде. Мүбәрәк денелерін топырақ шіритпейді. Сондықтан да хадис шәрифте "**Пайғамбарлар қабірлерінде намаз оқиды"** делінген.

Пайғамбарлардың алейһимуссалам мүбәрәк көздері ұйқыда болғанда, олардың көңіл көздері ұйықтамайды. Пайғамбарлық міндеттерін атқаруда, пайғамбарлық үстемдікті алып жүруде барлық пайғамбарлар бірдей. Жоғарыда айтылған жеті сипат олардың барлығында бар. Пайғамбарлар пайғамбарлық міндетінен ешқашан босатылмайды. Әулиелер әулиелігін жоғалтуы мүмкін. Пайғамбарлар алеһимуссалауату уәттаслимат адамдардан болады. Жындардан, періштелерден және әйелдерден адамдарға пайғамбар болмайды. Жын мен періштелер пайғамбарлардың дәрежесіне дейін көтеріле алмайды. Пайғамбарлардың бір-бірінен ерекшеліктері, үстемдіктері бар. Мысалы, үмметтерінің көп болуы, жіберілген елінің үлкен болуы, ілімінің көп болуы, ілімінің кең аймаққа таралуы, мұғжизаларының көп және үздіксіз болуы және өзіне берілген ихсандардың көп болуы тұрғысынан ақыр заман пайғамбары Мұхаммед алейһиссалам барлық пайғамбарлардан жоғары тұрады. Улул-азм пайғамбарлар басқа пайғамбарлардан, расулдар нәбилерден жоғары тұрады.

Пайғамбарлардың алейһимуссалам саны белгісіз. Жүз жиырма төрт мыңнан көп екендігі айтылады. Олардың үш жүз он үш немесе үш жүз он бесі расул. Олардың ішінде алтауы қалғандарынан жоғары тұрады. Олар **Улул-азм** пайғамбарлар деп аталады. Улул-азм пайғамбарлар: Адам, Нұх, Ибраһим, Мұса, Иса және Мұхаммед Мұстафа «алейһимуссалауату уәссәлләм».

Ибраһим алейһиссалам Халилуллаһ болып саналады. Өйткені, оның жүрегінде Аллаһу та'аланың сүйіспеншілігінен басқа ешқандай махлұқтың сүйіспеншілігі жоқ. Мұса алейһиссалам Кәлимуллаһ болып табылады. Өйткені, ол Аллаһу та'аламен сөйлесті. Иса алейһиссалам Рухуллаһ және Кәлиметуллаһ болып табылады. Өйткені, оның әкесі жоқ. Тек **«Бол»** деген Аллаһу та'аланың сөзі арқылы анасынан дүниеге келді. Бұдан басқа Аллаһу та'аланың даналыққа толы сөздерін уағыздап, оларды адамдарға жеткізді.

Барлық жаратылыстың жаратылуына себеп болған және адамзат баласының ең үстемі, ең құрметтісі, ең құндысы болған Мұхаммед алейһиссалам Хабибуллаһ болып табылады. Оның Хабибуллаһ екенін және үстемдігін көрсететін нәрселер өте көп. Сондықтан да оған «Жеңіліске ұшырау», «Күйреу» деген сияқты сөздер қолданылмайды. Мұхаммед алейһиссалам қияметте ең бірінші болып қабірден тұрады (тіріледі). Жаннатқа барлығынан бұрын кіреді. Көркем мінезін, ахлағын айтып тауысу мүмкін емес және оны айтып жеткізуге адамның тіл байлығы жетпейді.

Қиямет күні барлық пайғамбарлар оның туының астын көлеңкелейді. Аллаһу та'ала әрбір пайғамбарға «Жаратқандарымның ішіндегі жақсы көріп, таңдаған, хабибім Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбар болған кезеңіне жетсеңдер оған иман келтіріп, көмек беріңдер» деп бұйырды. Барлық пайғамбарлар да үмметтеріне осыны өсиет етіп, бұйырды. Мұхаммед алейһиссалам **Хатәм-ул әнбия**, яғни одан кейін ешқандай пайғамбар келмейді.

Иман етілуі керек болған шарттардың бесіншісі – ахирет күніне сену. Ахирет адамның өлген күнінен басталады. Қияметтің соңына дейін жалғасады. Қияметтің қашан болатыны білдірілген жоқ, оның уақытын ешкім біле алмады. Бірақ, пайғамбарымыз қияметтің біраз белгілерін былай хабарлады: Хазреті Мәхди келеді, Иса алейһиссалам көктен Шамға түседі, Дәжжал шығады, Йәжуж Мәжуж дегендер барлық нәрсені астан-кестің етеді. Күн батыстан шығады. Үлкен зілзалалар болады. Дін ілімдері ұмытылады. Жамандық көбейеді.

Дінсіз, ахлақсыз, намыссыз адамдар ел басқарады. Олар Аллаһу та'аланың бұйрықтарына тыйым салады. Барлық жерді харам істер қаптайды. Йеменнен бір от шығады, көктер мен таулар бөлшектенеді, күн мен ай тұтылады. Теңіздер араласып, қайнап, кеуіп кетеді.

Күнә істейтін мұсылмандар фасық деп аталады. Фасықтар мен барлық кәпірлер қабірде азапқа тартылады. Бұларға сену қажет. Мәйіт қабірге қойылғаннан кейін біз білмейтін түрде тіріліп, рахаттық немесе азап шегеді. Мүнкәр және Нәкир деген екі періштенің беймәлім қорқынышты түрде қабірге келіп, сұрақ сұрайтынын хадис шәрифтер айқын көрсетеді. Қабір сұрақтары кейбір ғалымдардың айтуынша кейбір сенім мәселелерінен болады, ендігі бір ғұламалардың айтуынша тұтас сенімнен болады. Сондықтан балаларға «Раббың кім? Дінің не? Кімнің үмметісің? Кітабың не? Қыблаң қайда? Сенім мен амалдағы мазһабың қандай?» деген сұрақтардың жауабын үйретуіміз керек. Әһли сүннет болмаған адамның дұрыс жауап бере алмайтындығы **«Тәзкирә-и Қуртуби»** кітабында жазылған. Жақсы жауап бергендердің қабірі кеңейіп, оған жаннаттан бір терезе ашылады. Таңертең және кешке жаннаттағы орнын көріп, періштелер тарапынан жақсы нәрселерге ие болады, сүйіншілер беріледі. Дұрыс жауап бере алмаса темір тоқпақтармен қатты ұрылатындығы соншалық, оның бақырған даусын адам мен жыннан басқа барлық нәрсе естиді. Қабірі тарылатындығы соншалық сүйектері сығылады. Оған жаһаннамнан бір терезе ашылып, тозақтағы орнын көріп, қабірден махшарға дейін ащы азап тартады.

Өлгеннен кейін қайтадан тірілуге сену керек. Сүйек пен ет шіріп, топырақ пен газға айналғаннан кейін барлығы қайтадан жиналып, рух тәнге кіріп, барлық адам қабірлерінен тұрады. Сондықтан, ол уақыт **қиямет күні** деп аталады.

Барлық жанды болмыстар **Махшар алаңына** жиналады. Әрбір адамның амал дәптері өздеріне ұшып келеді. Бұларды жер мен көкті жаратқан құдіреті шексіз Аллаһу та'ала жүзеге асырады. Бұлардың болатынын Аллаһу та'аланың Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хабарлаған. Оның айтқандары әрине дұрыс. Олардың барлығы орындалады.

Салих, жақсы адамдардың амал дәптерлері оң жағынан, фасықтардың, жаман адамдардың дәптерлері сол жағынан немесе арқасынан беріледі. Жақсы, жаман, үлкен, кіші, ашық, жасырын жасалған барлық нәрсе дәптерде жазулы болады. Кирамән катибин

періштелері білмеген нәрселері ағзаның көрсетуімен немесе Аллаһу та'аланың білдіруімен белгілі болады, барлық нәрседен сұрақ-жауап болады. Махшарда Аллаһу та'аланың қалаған әрбір жасырын нәрсе айқындалады. Періштелерден: **«Жерде, көкте не істедіңдер?»,** пайғамбарлардан: **«Аллаһу та'аланың үкімдерін құлдарға қалай жеткіздіңдер?»**, адамдардан: **«Пайғамбарларға қалай бағындыңдар, сендерге білдірілген міндеттеріңді қалай орындадыңдар? Бір-біріңнің құқықтарыңды қалай қорғадыңдар?»** деп сұралады. Махшарда иманы болып, амалы мен мінезі жақсы адамдар сыйға бөленеді, жаман мінезді, бұзық амалды адамдарға ауыр жазалар беріледі.

Аллаһу та'ала әділдігімен кейбір кіші күнәлар үшін де ауыр азаптар береді, қалаған мүминдерінің үлкен және кіші барлық күнәларын ихсанымен кешіреді. Ширктен, күпірліктен басқа барлық күнәні қаласа кешіреді, қаласа кіші күнәларға да ауыр азаптар береді. Мүшрік және кәпір болып өлгендерді еш кешірмейтінін білдірген. Кітабы бар және кітапсыз кәпірлер, яғни Мұхаммед алейһиссаламның барлық адамдардың пайғамбары екендігіне сенбеген, оның білдірген үкімдерін, яғни бұйрықтар мен тыйымдарды елемегендер сол қалпында өлетін болса, әрине жаһаннамға барып, мәңгі азап тартады.

Қиямет күнінде істерді, амалдарды өлшеу үшін біз білмейтін бір **мизан**, өлшем құралы, таразы болады. Ол таразының бір бетіне жер мен көк сияды. Сауап беті жарық болады, ол Арштың оң жағында, жаннат жақта болады. Күнә тарапы Арштың сол жағында, жаһаннам жақта, қараңғыда болады. Ол кезде дүниеде жасалған істер, айтылған сөздер, пікірлер, көзқарастар бір пішін алып, жақсылықтар жарқырап, жамандықтар қараңғы және жиіркенішті болып, осы таразыда тартылады. Бұл таразы дүниедегі таразыларға ұқсамайды. Ауыр жағы жоғары шығады, жеңіл жағы төмен түседі делінген. Ғұламалардың біразының айтуы бойынша әр түрлі таразылар болады.

Сырат көпірі болады. Сырат көпірі Аллаһу та'аланың бұйрығымен жаһаннамның үстіне құрылады. Барлық адамға осы көпірден өту бұйырылады. Ол күні барлық пайғамбарлар: «Йа, Раббым! Саламат бере-гөр» деп жалбарынады. Жаннаттықтар көпірден оңай өтіп, жаннатқа кіреді. Бұлардан біразы найзағай сияқты, ендігі біразы жаңбыр сияқты, тағы бір бөлігі шапқыр ат сияқты өтеді. Сырат көпірі қылдан жіңішке, қылыштан өткір болады. Дүниеде Исламға мойынсұну да осындай, сырат көпірінен өту

сияқты. Ислам дініне толық мойынсұнуға тырысу – сырат көпірінен өту сияқты. Дүниеде нәпсімен күрескендер ол жерде сыраттан оңай өтеді. Сол үшін де Аллаһу та'ала Ислам дінінің көрсеткен тура жолын **«Сират-ы мустақим»** деп атады. Бұл атаудың ұқсастығы да Исламның жолында болудың сырат көпірінен өту сияқты екендігін көрсетеді. Жаһаннамдықтар сыраттан өте алмай, жаһаннамға түседі.

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тән **Кәусар** деген хауыз бар. Үлкендігі бір айлық жол шамасында. Суы сүттен ақ, иісі хош иісті. Айналасындағы кеселердің саны жұлдыздардан көп. Одан бір рет ішкен адам жаһаннамда болса да ешқашан шөлдемейді.

Шапағат - хақ. Тәубесіз өлген мұсылмандардың кіші және үлкен күнәларының кешірілуі үшін пайғамбарлар, әулиелер, салих адамдар, періштелер және Аллаһу та'ала рұқсат берген адамдар шапағат етеді және шапағаттары қабыл болады.

Жаннат пен жаһаннам қазір бар. Жаннат жеті қабат көктің үстінде. Жаһаннам барлық болмыстың астында. Сегіз жаннат, жеті жаһаннам бар. Жаннат жер шарынан, күннен және көктерден үлкен. Жаһаннам да күннен үлкен.

Иман етілуі қажет болған алтыншы шарт – тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһу та'аладан екеніне сену. Адамдарға келетін жақсылық пен жамандық, пайда мен зиян, табыс пен шығындардың барлығы Аллаһу та'аланың жазмышымен жүзеге асады. Аллаһу та'аланың бір нәрсенің болмысын қалауы **тағдыр** деп аталады. Тағдырдың, яғни болмысы қаланған нәрсенің бар болуы **қаза** деп аталады. Тағдыр мен қаза сөздері бір-бірінің орнына қолданыла береді.

Барлық жануарлардың, өсімдіктердің, жансыз нәрселердің, қатты заттардың сұйықтықтардың, газдардың, жұлдыздардың, молекулалардың, атомдардың, электрондардың, электро-магниттік толқындардың, қысқасы, барлық нәрсенің әрекеті, физикалық құбылыстар, химиялық реакциялар, энергиялардың алмасуы, жандылардағы физиологиялық іс-әрекет, барлық нәрсенің болып-болмауы, құлдардың жақсы және жаман әрекеттері, дүние мен ахиретте олардың жазаларын тартуы және барлық нәрсе Аллаһу та'аланың ілімінде әзелден (басы жоқ ежелден) бар еді. Әзелден мәңгіге дейін болатын заттарды, қасиеттерді, әрекеттерді, оқиғаларды әзелде білгені бойынша жаратуда. Адамдардың жақсы, жаман барлық

істерін, мұсылман болуларын, күпірліктерін, қалап, қаламай істеген барлық істерін Аллаһу та’ала жаратуда. Жаратушы тек қана Ол. Себептер туындатқан нәрселерді жарататын Ол. Ол барлық нәрсені бір себеппен жаратуда.

Мысалы, от жандырады. Бірақ, жануды жарататын Аллаһу та’ала болып табылады. Оттың жанумен еш қатысы жоқ. Алайда, Аллаһу та'ала әдеті бойынша бір нәрсеге от тимейінше жануды жаратпайды. От тұтану температурасына дейін ысытудан басқа ешнәрсе істемейді. Органикалық денелердің құрамындағы көміртегі, сутегі, оттегіні біріктіріп, электрондарды алмастыратын от емес. Ақиқатты көре алмайтындар бұларды от атқарады деп санайды. Өртейтін, жану реакциясын жүзеге асыратын от емес. Оттегі де емес. Жылу да емес, электрондардың алмасуы да емес, өртейтін тек - Аллаһу та’ала. Бұлардың бәрін өртеудің себептері етіп жаратқан. Ілімі болмаған адам от өртеп жатыр деп ойлайды. Бастауыш мектепті бітірген адам «От өртейді» деген сөзді қабылдамайды, «Ауа өртейді» деп айтады. Орта мектепті бітірген адам мұны қабылдамайды, «Ауадағы оттегі өртейді» дейді. Колледж бітірген адам «Жану оттегіге тән емес. Әр электронды тартқан элемент өртейді» дейді. Университет бітірген адам болса материямен бірге энергияны да есепке алады. Ғылым ілгерілеген сайын себеп деп есептелген нәрселердің арғы жағында басқа қаншама себептердің бар екендігі аңғарылуда, ғылымның шырқау шегіне шыққан, ақиқатты толық көрген пайғамбарлар мен оның жолымен жүрген, ғылым дариясынан сусындаған ислам ғұламалары (рахметуллаһи та’ала алейһ) қазіргі таңдағы жағушы, жасаушы деп саналатын нәрселердің тек арашы құрал екенін және бұлардың өзі жаратылған нәрсе екенін, нағыз жасаушының, жаратушының араға қойған себептері ғана екенін білдіруде. Өртейтін – Аллаһу та’ала. Ол отсыз да өртейді. Бірақ, от арқылы өртеу, жағу – әдеті болып табылады. Өртеуді қаламаса от болса да өртемейді. Ибраһим алейһиссаламды отта да өртеген жоқ. Оны қатты жақсы көргендіктен әдетін бұзды.

Аллаһу та’ала қаласа барлық нәрсені себепсіз, құралсыз жаратар еді. Отсыз өртер еді, жеместен тойдырар еді. Алайда, құлдарына жақсылық жасап, барлық нәрсені жаратуды бір себепке байлады. Белгілі нәрселерді белгілі құралдармен жаратуды қалады. Істерді, жұмыстарды себептермен орады. Осылайша құдіретін себептердің артына жасырды. Аллаһтың бір нәрсені жаратуын қалаған адам әуелі сол нәрсенің себебін орындайды, сосын барып қалаған нәрсесіне

қауышады. Мысалы, шырағданды жаққысы келген адам сіріңке қолданады. Зәйтун майын жасағысы келген адам сығу құралын қолданады. Басы ауырған адам дәрі қолданады. Жаннатқа барып, шексіз нығметтерге қауышқысы келген адам, Исламға мойынсұнады. Өзін тапаншамен атқан немесе у ішкен адам өледі. Терлеп тұрып су ішкен адам ауырады. Күнә істеп күпірлікке түскен адам жаһаннамға барады. Кім қандай себепті қолданса, сол себеп құрал етілген нәрсеге қол жеткізеді. Мұсылман кітаптарын оқыған адам исламды үйреніп, мұсылмандықты қабылдайды. Дінсіздердің арасында өскен, олардың сөзін тыңдаған адам дінде надан болады. Дін надандарының көпшілігі имансыз болады. Адам қай жақтың көлігіне мінсе сол жерге барады.

Аллаһу та’ала өз істерін құралдармен жаратпағанда ешкім ешкімге мұқтаж болмас еді. Барлық адам барлық нәрсені Аллаһтан сұрап, басқа ешнәрсе істемейтін еді. Ол кезде адамдар арасында басшы, қызметкер, жұмысшы, қолөнерші, шәкірт, ұстаз сияқты адам қатынастары жойылып, дүние мен ахиреттің тәртібі бұзылар еді. Әдемі мен көріксіз, жақсы мен жаман, күнәсіз бен күнәһар арасында айырмашылық қалмас еді.

Ислам мұсылмандардан пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сенген және көрсеткені сияқты иман келтірулерін қалайды. Пайғамбарымыз бір ғана иманды білдірген. Сахабалардың барлығы оның білдіргені бойынша сенген, сенімде айырмашылықтары болмаған. Пайғамбарымыз алейһиссалам қайтыс болғаннан кейін адамдар Ислам дінін сахабалардан естіп, сұрап үйренді. Барлығы бірдей иманды үйретті. Олардың пайғамбарымыздан жеткізген бұл иманы **әһли сүннет ақидасы** деп аталды. Сахабалар (радиаллаһу анһум) бұл иман ілімдеріне өз пікірлерін, философтардың сөздерін, жеке қалауларын, саяси көзқарастарын және сол сияқты басқа да нәрселерді еш араластырмаған.

Сахабалар барлық нәрседе кемел дәрежеде болған Аллаһу та'аланы барлық кемшіліктен пәк көру, Оның білдіргендерін қарсы келместен қабыл етіп сену, мутәшабих (мағынасы ашық болмаған) аяттардың тәуиліне берілмеу... сияқты қасиеттері мен имандарын пайғамбарымыздан есіткеніндей сақтаған. Исламдағы иман негіздерін сұраған адамдарға таза, анық және негізгі қалпында уағыздап, насихаттады.

Сахабалардың Расулуллаһтан жеткізген бұл уағызды сол қалпында, еш нәрсе қоспастан және алмастан қабылдап, солайша сеніп, олардың жолында болғандар **әһли сүннет уәл жамағат тобы**,

ал осы тура және ақиқат Ислам жолынан тайғандар **бидғат топтары** (адасқан, бұзылған топтар) деп аталды.

Сахабалардың барлығы мүжтәһид болған. Олар дін білімдерін тікелей Расулуллаһтан алды. Оны тікелей көрудің, сұхбатына қатысудың арқасында туындаған рухани кемелдікке, үстемдіктерге қол жеткізді. Нәпістері мутмәиннә (тәрбиеленген) болып, әрбірі ықылас, әдеп және ғылымда, сахабалардан болмаған ғалым мен әулиелер қол жеткізе алмайтын дәрежелерге қол жеткізді. Әрқайсысының тура жолдың жұлдыздары екендігі хадис шәрифтермен білдірілді. Барлығының иманы, ақидасы бір болды. Олар аят кәримә мен хадис шәрифте көрсетілмеген мәселелер бойынша ижтиһад етті, үкімдер шығарды. Әрқайсысы амалда жеке мазһаб иесі еді. Көбісінің ижтиһадтарынан шығарған үкімдері бір-біріне ұқсайтын. Ижтиһадтары жиналып, кітапқа жазылмағандықтан мазһаптары заман өтуімен ұмытылып кеткен. Сондықтан да қазіргі уақытта сахабалардың кез-келген бірінің мазһабына бағыну мүмкін емес.

Исламды сахабалардан үйренген табиин (екінші ұрпақ) және табииндерден үйренген тәбә-и табииндерден (үшінші ұрпақ) де дін ілімдерінде көтеріліп, мутлақ мүжтәһидтік дәрежесіне қауышқан ұлы имамдар жетілді. Бұлар да амалда мазһаб иелері еді, әрқайсысының ижтиһадтарынан пайда болған үкімдер сол ғалымның мазһабы деп аталды. Бұл ғұламалардың да көпшілігінің мазһабы кітапқа түспегендіктен ұмыт болды. Тек төрт имамның ижтиһадтары шәкірттері тарапынан кітаптарға жазылып, сақталды және мұсылмандар арасына таралды. Жер бетіндегі барлық мұсылмандарға тура жолды көрсететін және Ислам дінін өзгеруден, бұзылудан сақтап қалған осы төрт имамның біріншісі Имам Ағзам Әбу Ханифа, екіншісі Имам Малик бин Әнәс, үшіншісі Имам Мұхаммед бин Идрис Шафии, төртіншісі Ахмед бин Ханбал (рахметуллаһи таала алейһим ажмаин).

Әһли сүннет ақидасында болған осы төрт имамнан Имам Ағзамның жолы Ханафи мазһабы, Имам Маликтің жолы Малики мазһабы, Имам Шафиидің жолы Шафии мазһабы, Имам Ахмед бин Ханбалдың жолы Ханбали мазһабы деп аталған. Қазіргі таңда бір мұсылманның Аллаһу та'аланың разылығына сай іс пен ғибадат жасай алуы тек осы төрт мазһаптың біріне бағынуы арқылы ғана жүзеге асады.

Ғибадаттар

Біріншісі – шарттары мен парыздарына сай, күн сайын бес мәрте, уақыты кірген кезде намаз оқу. Намаздарды парыздарына, уәжіптеріне және сүннеттеріне мән бере отырып, көңілді Хаққа аударып, уақытын өткізіп алмастан оқу керек. Құран кәрімде намазға **«Салат»** делінген. Салат сөзі сөздікте адамның дұға етуі, періштелердің истиғфар етуі, Аллаһу та'аланың мейірімділік танытуы, аяныш білдіруі дегенді білдіреді. Исламда салат деген – илмихал кітаптарында көрсетілгеніндей, белгілі әрекеттерді жасау және белгілі нәрселерді оқу деген сөз. Намаз оқу ифтитах тәкбірімен басталады. Яғни, ер адамдар қолдарын құлақтарына көтеріп, кіндік астына түсіріп жатқанда «Аллаһу әкбар» деп айтады. Соңғы отырыста басты оң және сол иыққа бұрып, сәлем берумен бітіріледі.

Екіншісі – мүліктің зекетін беру. Зекеттің мағынасы тазалық, мақтау және жақсы, әдемі халге жету дегенді білдіреді. Исламда зекет деген сөз - өз қажеттілігінен артық және нисаб деген белгілі бір мөлшерде зекет мүлкі бар болған адамның мүлкінің белгілі бір мөлшерін Құран кәрімде сипаттары көрсетілген мұсылмандарға беру дегенді білдіреді. Зекет сегіз түрлі адамға беріледі. Төрт мазһабта да төрт түрлі зекет мүлкі бар. Алтын және күміс зекеті, сауда мүлкінің зекеті, жылдың жартысынан көбінде жайылымда болған төрт аяқты қасап малдарының зекеті және жерде өсетін нәрсенің зекеті. Бұл төртінші зекет «ушр» деп аталады. Жерден өнім алына сала ушр беріледі. Қалған үш зекет нисаб мөлшеріне жеткеннен кейін бір жылдан кейін беріледі.

Үшіншісі – рамазан айында күн сайын ораза тұту. Ораза тұту «саум» деп аталады. Саум сөздікте бір нәрсені бір нәрседен қорғау дегенді білдіреді. Исламда шарттарын орындай отырып, рамазан айында күн сайын үш нәрседен өзін қорғау дегенді білдіреді. Бұл үш нәрсе: жеу, ішу және жыныстық қатынас. Рамазан айы көкте хилалды (жаңа айды) көрумен басталады. Күнтізбемен алдын ала есептеумен басталмайды.

Төртіншісі – күші жеткен адамның өмірінде бір рет қажылыққа баруы. Жол сенімді және дені сау болып, Мекке-и мукәррәмә қаласына барып келгенге дейін артында қалған балаларының күн көруіне жететін мүліктен артық ақшамен сол жерге барып келетін адамның, өмірінде бір рет ихраммен Қағба Муаззаманы тауап етуі

және Арафат алаңында тұруы – парыз болып табылады.

Бесіншісі – Аллаһу та'аланың дінін таратуға күш салу, яғни жиһад ету. Жиһадқа дайындалу – ғибадат.

Мүнакәхат: Үйлену, ажырасу, напақа... сияқты бөлімдері бар.

Муамәлат: Сауда-саттық, жалдау, шаруашылықтар, өсім, мұрагерлік... сияқты бөлімдері бар.

Уқубат: Жазалар. Беске бөлінеді. Қысас, ұрлық, зинақорлық, қазф, мүртәд болу жазалары.

Ахлақ

Ислам діні жақсы мінезді, жақсы ахлақты болуды, нәпісті жаман қылықтардан тазалауды, көркем мінезді болуды, арлы, ұятты болуды бұйырады. Бұл ілімдер мен жолдарды үйрететін ғылым **тасауф** деп аталады.

Денсаулыққа қатысты білімді медицина ғылымы үйрететін болса, жүректің, рухтың жаман қасиеттерден арылуын тасауф ғылымы үйретеді. Жүрек (көңіл) ауруының белгілері болып табылатын жаман істерден алыстатып, Аллаһ разылығы үшін жақсы іс пен ғибадат жасауды қамтамасыз етеді.

Ислам діні әуелі ғылым үйренуді, сосын үйренгендеріне сай іс пен ғибадаттың жасалуын және бұлардың барлығының Аллаһ разылығы үшін жасалуы керектігін, қысқаша айтқанда ілім, амал және ықыласты бұйырады. Адамның рухани жоғарылауы, дүние мен ахирет бақытына қауышуы бір ұшақтың ұшқанына ұқсатылатын болса, иман мен ғибадат оның денесі және қозғалтқышы (моторы) сияқты болады. Тасауф жолында ілгерілеу де мұның энергия көзі, яғни бензині. Мақсатқа жету үшін ұшақ керек болады. Яғни иман мен ғибадатқа қол жеткізіледі. Әрекетке көшу үшін, яғни ұшу үшін де күш яғни тасауф жолында ілгерілеу керек.

Тасауфтың екі мақсаты бар: Біріншісі – иманның жүрекке орнығуы және күмән әкелетін нәсерлерге әсерленбеуіне қол жеткізу. Ақылмен, дәлел-дәйектермен күшейтілген иман мұндай мықты болмайды. Аллаһу та'ала Құран кәрімнің «Рад» сүресінің 28-ші аятында былай деген: **«Жүректерге иманның сіңуі, орнығуы тек қана зікір арқылы болады».** Зікір әр істе және әрбір әрекетте Аллаһу та'аланы еске алу деген сөз.

Тасауфтың екінші мақсаты - фиқһ ілімдерімен білдірілген ғибадаттардың көңіл хошымен (қалауымен) жасалуы және нәпсі әммарадан (тәрбиеленбеген нәпсіден) туған еріншектіктердің, қиыншылықтардың кетірілуіне қол жеткізу. Ғибадаттарды оңай, шын көңілмен жасау және күнә істерден жиреніп, аулақ болу тек тасауф ғылымын үйреніп, сол жолда ілгерілеу арқылы жүзеге асады. Тасауфтың мақсаты әр адам біле бермейтін нәрселерді көру, ғайыптан хабар беру, нұрлар, рухтар және құнды түстер көру емес. Тасауф арқылы қол жеткізілетін марифеттерге, ілімге және халдерге қауышу үшін алдымен иманды түзету, Исламның бұйрықтары мен тыйымдарын үйреніп, соларға сай іс пен ғибадат жасау керек. Онсыз да, бұл үшеуін жасамайынша жүректің тазаруы, жаман қасиеттерден арылуы, нәпсінің жақсаруы, тәрбиеленуі мүмкін емес.

Мұхаммед алейһиссаламға бағыну

Мұхаммед алейһиссаламға мойынсұну – оның жүрген жолымен жүру деген сөз. Оның жолы – Құран кәрім көрсеткен жол болып табылады. Бұл жол **Ислам діні** деп аталады. Оған мойынсұну үшін алдымен иман келтіру керек, мұсылмандықты жақсылап үйрену керек, сосын парыздарды орындап, харамдардан сақтану керек, одан кейін сүннеттерді орындап, мәкрухтерден сақтану керек. Осылардан кейін мубах нәрселерде де оған бағынуға тырысу керек.

Иман келтіру – оған мойынсұнуды бастау және бақыт есігінен ішке кіру деген сөз. Аллаһу та'ала оны дүниедегі барлық адамдарды бақытқа шақыруы үшін жіберді және «Сәбә» сүресінің 28-ші аят кәримәсында: **«Ей сүйікті пайғамбарым! Сені дүниедегі барлық адамдарға, мәңгілік бақытты сүйіншілеу және сол бақыт жолын көрсету үшін жіберемін»** деген.

Мысалы, оған мойынсұнған бір адамның күндіз бір мезгіл ұйықтауы оған бағынбай бірнеше түнді ғибадатпен өткізгеннен қаншама есе құнды болады. Өйткені, «қайлулә» ету, яғни түстен бұрын біраз жату – Расулуллаһтың әдеті болатын. Мысалы, оның діні бұйырғандықтан айт күні ораза тұтпау және жеп-ішу – дінге мойынсұнбай, жылдар бойы тұтылған оразалардан құнды. Оның дінінің бұйыруымен кедейге берілген зекет - өз қалауымен таудай алтын садақа бергеннен артық.

Бір күні хазреті Омар (радиаллаһу анһ) бамдат намазын жамағатпен оқығаннан кейін жамағатқа қарап, жамағаттан бір кісіні

көре алмағаннан кейін, ол адамның қайда екенін сұрайды. Сахабалар: «Ол түнімен таңға дейін ғибадат етеді. Енді ұйықтап қалған шығар» дейді. Хазреті Омар: «Әттең, түні бойы ұйықтап, бамдат намазын жамағатпен оқығаны жақсырақ болар еді» дейді.

Исламға мойынсұнбай қиындық шегіп, нәпсілерімен күрескен адамдар нәпсілерін қорласа да, Исламға сай жасамағандықтан оның құны жоқ. Егер бұл істеріне ақы алатын болғанда, дүниеде біршама табыстан басқа ештеңеге қол жеткізбейді. Алайда, бұл біршама табыстың беделі болатындай дүниенің өзінің құны мен беделі жоқ. Бұлар мысалы қарапайым жұмыс істейтін жұмысшыларға ұқсайды, барлық адамнан көп жұмыс істейді және шаршайды, бірақ, айлықтары істеген жұмыстарына татымайды, өте аз. Исламға бағынғандар болса, асыл тастар мен құнды алмастармен айналысатын зергерлер сияқты. Олардың жұмысы аз, табыстары көп. Кейде бір сағаттық жұмыстары жүз мыңдаған жылдың табысын құрайды. Мұның себебі мынада: Исламға сай жасалған амалды Аллаһу та'ала қабыл етеді, разы болады, қатты ұнатады.

Мұны кітабының бірнеше жерінде білдірген. Мысалы, «Имран» сүресінің 31-ші аятында: **«Ей сүйікті пайғамбарым! Оларға айт, егер Аллаһу та'аланы жақсы көрсеңдер және Аллаһу та'аланың да сендерді жақсы көргенін қаласаңдар маған мойынсұныңдар. Аллаһу та'ала маған мойынсұнғандарды жақсы көреді»** делінген.

Мұхаммед алейһиссаламға мойынсұну – Исламның үкімдерін ұнатып, қуана-қуана орындау және оның бұйрықтарын және Исламның қадірлеген, құнды нәрселерін, ғұламаларын, салихтарын үстем деп біліп, құрметтеу және оның дінін таратуға тырысу деген сөз. Дініне бағынғысы келмегендерді, ұнатпағандарды, мән бермегендерді төмен санау деген сөз.

Исламға сай болмаған нәрселердің ешқайсысын Аллаһу та'ала ұнатпайды. Ұнатылмаған нәрсеге сауап беріле ме? Керісінше, жазаға себеп болады.

Екі дүниенің бақытына қауышу – тек екі дүниенің мырзасы болған Мұхаммед алейһиссаламға бағынуға байланысты. Оған бағыну үшін иман келтіру және Ислам үкімдерін үйреніп, дұрыс орындау керек.

Ахиретте тозақтан құтылу – тек Мұхаммед алейһиссаламға бағынатындарға нәсіп болады. Дүниеде жасалған барлық жақсылықтар, барлық кәшфтер, барлық халдер мен ілімдер Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жолында болу

шартымен ғана ахиретте пайдаға жарайды. Аллаһу та'аланың пайғамбарына бағынбағандардың жасаған барлық жақсылығы дүниеде қалады және ахиретінің күйреуіне себеп болады. Яғни, жақсылық сияқты көрінген, сағымнан басқа ешнәрсе болмайды.

Мұхаммед алейһиссаламға толық және кемшіліксіз бағыну үшін оны толық және кемшіліксіз жақсы көру керек. Толық және жетілген сүйіспеншіліктің белгісі – оның дұшпандарынан аулақ болу және оны ұнатпайтындарды жақсы көрмеу. Ғашықтар сүйіктілері үшін есін жоғалтып, бұйрықтарынан бір сәт те шықпайды. Басқа бағыттағылармен бір жерде бола алмайды. Екі қарама-қарсы нәрсенің сүйіспеншілігі бір жүректе бола алмайды.

Бұл дүниенің нығметтері өткінші және алдамшы. Бүгін қолда бар нәрсе ертең басқалардың қолында болады. Ахиретте қолға келетіндер болса, шексіз және ол табыстар осы дүниеде жиналады. Мына бірнеше күндік өмірді егер дүние мен ахиреттің ең қадірлі адамы болған Мұхаммед алейһиссаламға бағынумен өткізсек, мәңгілік бақыт пен құтылудан үміт күтіледі. Оған бағынбайынша барлық нәрсе бос. Оған бағынбай жасалған барлық жақсылық, қайыр осы дүниеде қалады, ахиретте ешнәрсеге қол жеткізілмеген болады.

Оған мойынсұнудың ең ұсақ бөлшегі барлық дүние нығметтері мен ахирет бақыттарынан қаншама есе артық. Адамзаттың ерекшелігі мен абыройы – оған бағынуында. Расулуллаһқа бағыну үшін мұсылмандардың әһли сүннеттің төрт мазһабының бірінде болулары негізгі шарт. Пайғамбарымызға иман келтіріп, әкелген нәрселерін растау, оны жақсы көріп мойынсұну, насихаттарын қабыл ету, оған құрмет көрсету парыз болып табылады. Бұл мәселе бойынша Аллаһу та'ала: **«Олай болса Аллаһу та'алаға және оның умми нәбиі болған Расулына иман келтіріңдер, оған бағыныңдар, сонда тура жолды тапқан боласыңдар»** («Араф» сүресі, 158).

«Кім Аллаһу та'алаға және пайғамбарына иман келтірмесе, ақиқатында (білсін)**, біз ол кәпірлер үшін күшті от дайындадық»** деп бұйырған.

Расулуллаһ алейһиссалам да былай деген: **«Аллаһу та'аладан басқа илаһ жоқ екеніне куәлік етіп, маған және менің әкелгендеріме иман келтіргенге дейін адамдармен** (кәпірлермен) **соғысу маған бұйырылды. Олар бұларды істеген кезде мұсылмандық ақысының жазасы** (тысында)**, мал-мүліктері мен жандарын менен құтқарады.** (Іштеріндегі жасырын жағдайлардың) **есебін Аллаһу та'ала көреді».**

«Маған кім бағынса Аллаһу та’алаға бағынған болып саналады. Кім маған қарсы шықса Аллаһу та’алаға қарсы шыққан болады. Менің бұйрығыма бағынған адам маған бағынған, бұйрықтарыма қарсы шыққан адам маған қарсы шыққан болады».

«Маған бағынған және менің әкелгендеріме мойынсұнған адамның жағдайы мен маған қарсы болып, менің әкелгендерімді теріске шығарған адамның жағдайы мына адамның жағдайына ұқсайды: (ол адам) **бір үй салдырған,** (адамдарға сияпат ретінде) **әдемі, әртүрлі тағамдар дайындаған, адамдарды тамаққа шақыруға біреуді міндеттеген. Тамаққа шақыруды қабылдаған адам үйге кіреді және дайындалған тағамдардан қалағанынша жейді. Шақыруын қабылдамаған адам болса үйге кіре алмайды және дайындалған тағамдардан жей алмайды. Үй –** (Расулуллаһтың дағуатын қабылдаған тақуалар үшін дайындалған) **жаннат.** (Аллаһу та'алаға және Оның нығметтерімен толған жаннатқа) **шақырған адам – Мұхаммед** (алейһиссалам)**. Кім Мұхаммедке** (алейһиссалам) **қарсы келсе Аллаһу та’алаға қарсы келген болып саналады. Мұхаммед** (алейһиссалам)**, өзін қабылдаған, растаған мүминдер және өзін теріске шығарған кәпірлер етіп адамдардың арасын ажыратушы».**

«Менің сүннетіме және менен кейін Хуләфа-и рашидиннің (төрт халифаның) **сүннетіне жабысыңдар. Оған бар күштеріңмен және мұқият жабысыңдар.** (Дінде, Құран кәрімде, ижмаи үмметте және қиясы фуқаһада болмай) **кейіннен шығарылған нәрселерден қашыңдар. Өйткені,** (дінде) **кейіннен шығарылған нәрсе – бидғат болып табылады. Ал әр бидғат – адасу болып табылады».**

Әнәс бин Маликтің (радиаллаһу анһ) Расулуллаһқа бағынуға қатысты жеткізген бір хадис шәрифінде Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай деп бұйырған: **«Кім менің сүннетімді орындаса** (онымен амал ету арқылы жайса)**, мені танытқан болады** (менің қадірімді арттырған, бұйрығымды орындаған болып саналады)**. Мені осылайша қуантқан адам жаннатта менімен бірге».**

Пайғамбарымыз Біләл бин Хариске (радиаллаһу анһ) былай деген: **«Бір адам Исламда сүннети хасәнә** (жақсы бір әдет шығарса) **жасаса, оның сауабына және оны жасағандардың сауаптарына қауышады. Бір адам Исламда сүннети сәйиә** (жаман бір әдет)

жолын ашса, оның күнәсі және оны жасағандардың күнәлары оған беріледі».

Омар бин Абдулазиз (рахметулаһи алейһ) айтады: «Расулуллаһ жақсы жол салды. Одан кейін халифалары жолдар ашты. Расулуллаһтың сүннетімен және одан кейінгі халифаларының сүннеттерімен амал ету – Аллаһу та’аланың кітабына сай амал ету болып табылады. Аллаһу та’алаға және пайғамбарымызға бағыну – Аллаһу та’аланың дінін күшейту. Исламды бұзуға және өзгертуге ешкімнің ақысы жоқ. Сүннетке қарсы шыққан адамдардың сөздерімен амал ету жаиз емес.

Пайғамбарымыздың және сахабаларының сүннеттеріне бағынғандар – тура жолды тапқандар. Бұлардан қайсыбірі көмек сұраған болса, көмекке қауышты. Кімде-кім сүннетке қарсы шығып, онымен амал етпесе, мұсылмандардың жүретін жолынан басқа жолға түскен болып саналады. Аллаһу та’ала ол адамға жаман істер жасатып, жаһаннамға тастайды. Жаһаннам – ең жаман жер».

Пайғамбарымыздың және сахабаларының сүннеттерімен жүргісі келген адамның, олардың жолдарын тікелей өздерін көріп үйренген Имам Ағзамға және Имам Ағзамды көрген қалған үш мазһаб имамдарына (рахметуллаһи алейһи әжмаин) бағынуы керек.

Ахмед бин Ханбал (рахметулаһи алейһ) айтады: «Бір күні бір жиында болып едім. Олар шешініп, суға түсті. Мен **«Кім Аллаһу та’алаға және ахирет күніне иман келтірсе моншаға** (әурет жерлерін жаппай) **кірмесін»** деген хадис шәрифке бағынып, шешінбедім. Сол түні түсімде бір адам: «Ей Ахмед! Саған сүйінші! Өйткені, Аллаһу та’ала сені Расулуллаһтың сүннетіне бағынғаның үшін кешірді. Сені имам етті. Адамдар саған бағынады»,- деді. «Сіз кімсіз?» деп сұрағанымда «Жәбрейілмін»- деп жауап берді».

Адам әрбір ісінде Расулуллаһқа саллаллаһу алейһи уәсәлләм бағынбаса мұсылман бола алмайды. Оны өз жанынан артық жақсы көрмесе иманы толық болмайды. Ол – барлық адамдардың және жындардың пайғамбары.

Әр ғасырда өмір сүрген, барлық халықтың оған бағынуы – уәжіп. Әр мұсылманның оның дініне көмектесуі, оның мінезіндей мінезге ие болуы, оның мүбәрәк есімін көп айтуы, есімін айтқанда және естігенде құрмет танытып, салауат айтуы, мүбәрәк дидарын көруге ынтық болуы, әкелген Құран кәрімі мен дінін жақсы көріп, құрметтеуі керек.

Хронология

571 Хазреті Мұхаммед алейһиссаламның туылуы. (12 рабиул әууәл – 20 сәуір 571)
Сүт анасы Халима ханымға берілуі.

574 Сүт анасы тарапынан Меккеге әкелініп анасы Әмина ханымға тапсырылуы.

575 Анасының қайтыс болуы.
Атасы Абдулмутталибке берілуі.

577 Атасы Абдулмутталибтің қайтыс болуы және көкесі Әбу Тәліпке аманат етілуі.

578 Көкесі Әбу Тәліппен Сирияға сапары.

583 Көкесі Әбу Тәліппен Сирияға сапары және Бусрада дінбасы Бахираның оның соңғы пайғамбар екенін түсінуі.

588 Көкесі Зубәйрмен Йеменге баруы.

595 Хазреті Хадишаның сауда керуенін басқарып Шамға баруы.

596 Хазреті Хадишамен үйленуі.

606 Қағба шәрифтің жөндеу жұмыстарында Хажәр-и Әсуәдті орнына қоюы.

610 Хира үңгірінде алғашқы уахидың келуі.

613 Үш жыл бойы жасырын түрде дінге шақырғаннан кейін, Сафа төбесіне шығып ашық түрде Исламға шақыруды бастауы.

615 Мұсылмандардың Хабәшстанға хижрет етуі.

616 Хазреті Хамзаның мұсылман болуы.
Хазреті Омардың мұсылман болуы.

619 Хазреті Хадиша мен Әбу Тәліптің қайтыс болуы.

620 Миғражға шығуы.
Бірінші Ақаба анты.

621 Екінші Ақаба анты.

622 Меккеден Мәдинаға хижрет.

623 Бәдір соғысы және жеңісі.
Құбыланың Мәсжиди Ақсадан Қағба муаззамаға ауыстырылуы.
Мешіттің алдына кедейлерді паналату үшін «Суффаның» жасалуы.
Хазреті Айшамен үйленуі.

624 Қызы хазреті Руқаййәның қайтыс болуы.
Хазреті Фатима мен хазреті Әлидің үйленуі.

625 Уһуд соғысы.
Хазреті Хамзаның шәһид болуы.
Хазреті Хасанның туылуы. (Рамазан айында)
Хазреті Хусейннің туылуы. (Шабан айында)
Хазреті Омардың қызы хазреті Хафсаға үйленуі.

627 Хандек соғысы.

628 Худәйбийа келісімі.
Патшалар мен билеушілерге Исламға шақыру хаттарының жіберілуі.
Хайбәрдің алынуы.

629 Мутә соғысы және жеңісі.

630 Меккенің алынуы.
Қызы хазреті Зейнептің қайтыс болуы.
Баласы хазреті Ибраһимның туылуы.
Баласы хазреті Ибраһимның қайтыс болуы.

632 Уәда (қоштасу) хұтбасымен жүз мыңнан астам сахабаларына үндеуі.
Жаннат-ул Бақи мазарын зиярат етуі.
Қайтыс болуы. (8 маусым, сейсенбі)

Пайдаланылған әдебиеттер

- **Құран кәрім**
- **Тәфсири Мазхари** – Сәнауллаһи Панипути
- **Тәфсири Куртуби** – Имам Қуртуби
- **Тәфсири Бәйдауи** – Қади Бәйдауи
- **Тәфсири Кәбир** – Фаһруддин Рази
- **Тәфсири Хазин** – Алауддин Бағдади
- **Рухул Бәйан** – Исмаил Хакки Бурсәуи
- **Сахих Бұхари** – Имам Бұхари
- **Сахих Мүслим** – Имам Мүслим
- **Сунәни Тирмизи** – Имам Тирмизи
- **Муатта** – Имам Малик
- **Муснәд** – Имам Ахмед бин Ханбал
- **Әл-Мужәмуссағир** – Имам Табарани
- **Әл-Мусаннәф** – Имам Абдурразақ
- **Әл-Мусаннәф** – Имам ибн Әби Шәйбә
- **Әссиратун-Нәбәуийә** – Ибн Хишам
- **Сиратун-Нәби** – Ахмед бин Зәйни Дахлан
- **Әс-Сийәрул-Кәбир** – Имам Мұхаммед
- **Шәрхус-Сийәрул-кәбир** – Имам Сәрахси
- **Шифаи Шәриф** – Кади Иад
- **Шәмаили шәрифә** – Имам Тирмизи
- **Дәлаилун-Нубууә** – Әбу Нуаим Исфахани
- **Шәуаһидун-Нубууә** – Мәулана Абдуррахман Жами
- **Мәарижун-Нубууә аудармасы** – Алтыпармак Мұхаммед Ефенди
- **Қисаси Әнбиа** – Ахмед Жәудәт Паша
- **Мирати Каинат** – Нишанжызада Мұхаммед Ефенди
- **Мәулиди Шәриф (Уәсиләтун-нәжат)** – Сулейман Челеби
- **Исбатун-Нубууә** – Имам Раббани
- **Мәктубати Имам Раббани** – Имам Раббани
- **Мәктубати Масумийә** – Мұхаммед Масум Фаруқи
- **Итиқаднама** – Мәулана Халид Бағдади
- **Ихйа-у улумид-дин** – Имам Ғазали
- **Кимйа-и Сәадәт** – Имам Ғазали
- **Әт-Табақатул-Кубра** – Абдулуаххаб Шарани
- **Тарихул-Ислам** – Имам Зәһәби

Басуға 20.07.2012 қол қойылды.
Пішімі 60x84 $^{1}/_{16}$. Қарып әріпі «Times New Roman»
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 07

ЖШС «EuroPrint» орталығында басылды
Тел: +7 (727) 380 03 12